

ДАЙ СОБЫТИЯ открытыми



ЖЫЛДЫҚ
ЕСЕП

2021

Басымдықты дамыта отырып...

ҚМГ – Қазақстанның тігінен интеграцияланған жетекші мұнай-газ компаниясы. Біз барлық өндірістік циклдің – көмірсугекті барлау мен өндіруден бастап, оны тасымалдау, өндеу және сервистік қызметтерді көрсетуге дейінгі активтерді басқарамыз. Қосылған құнды қалыптастыру тізбегінің барлық кезеңдеріндегі толық интеграция – ұзақ мерзімді тұрақты дамуымыздың берік негізі.

Бірегей география

Заманауи МӘЗ-дер

□
барлау

△
өндіру

○
өндеу

ТОЛЫҚ

#И

өндіруші активтердің әлеуеті


тасымалдау куатын

**...көшбасшылықты
сақтап келеміз...**

#1

ҚАЗАҚСТАНДА

мұнай өндіру бойынша
мұнай тасымалдау бойынша
мұнай өндеу бойынша





Тиімді басқару



Тұрақты даму

Интеграция

н арттыру

тасымалдау

маркетинг

ESG қафидаттарының үстануы

**...болашағымызды
ойлаймыз**

Біз болашаққа нық сеніммен қараймыз: жаңа мақсат-міндеттер қоя білеміз, басқару жүйесін заманға сай жетілдіреміз, қаржы тұрақтылығымызды сақтаймыз және құнды қалыптастырудың әрбір кезеңінде тұрақты даму қафидаттарын ескереміз.



ҚазМұнайГаздың тартымды өсу әлеуетіне ие мұнай мен газ өндіретін әртараптандырылған активтер портфелі бар.



перспективт

енеркесіптік технологиялық органикалық өсім бірегей шикізат

ҚАЗАҚСТАН
МҮНАЙ МЕН
КОНДЕНСАТТЫҢ



ҚАЗАҚСТАН
ГАЗДЫҢ



Өндіру
тасымалдау

маркетинг барлау өндіру



2031 МАҚСАТЫ

Мұнайдың жынытықты
өндірілуі

240 млн тонна



терен #

тігінен интеграцияланған
жаңғыртылған
ЭКОЛОГИЯЛЫҚ

ірі МӘЗ-дер

Компания ауқымды жаңғыртудан
өткен Қазақстанда төрт ірі мұнай
өндеу зауытын және Румынияда
екі зауытты басқарады.



82%

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫң
БАРЛЫҚ ИРІ ЗАМАНАУИ
МҰНАЙ ӨҢДЕУ
ЗАУЫТТАРЫНДАҒЫ ҚМГ
НАРЫҒЫНЫң ҮЛЕСІ

тасымалдау
маркетинг
барлау
өндіру
өндеу

2031 МАҚСАТЫ

Қазақстандық МӘЗ-дерде
мұнай өндеу тереңдігін
89%-ға ұлғайту



Компанияның мұнай тасымалдау
жүйесі әртараптандырылған
және жоғары транзиттік,
экспорттық әлеуетке ие



ауқымды бәсекеге қабілетті тиімді тұрақты

Экспорттық әлеует

#





МУНАЙ ТАСЫМАЛДАУ
НАРЫНЫНДА

маркетинг
барлау
өндіру
өндіеу
тасымалдау

«ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰҚ АҚ 2021 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ

МАЗМҰНЫ

12 СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЕСЕП

14 КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

- 22 ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫң ҮНДЕУІ
- 26 БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫң ҮНДЕУІ
- 30 СТРАТЕГИЯ

- 30 Нарыққа шолу
- 50 Стратегиялық басымдықтар
- 54 Тиімділік көрсеткіштерінің жүйесі
- 55 Инвестициялық жобалардың іске асырылуына шолу
- 58 Трансформация және цифрландыру

62 ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕ ШОЛУ

- 63 Қорлар
- 63 Геологиялық барлау
- 68 Өндіру
- 82 Мұнай тасымалдау
- 87 Газ тасымалдау және маркетинг
- 91 Мұнай өндеу және маркетинг
- 96 Мұнай химиясы
- 98 Сервистік жобалар
- 100 Инновациялық-технологиялық даму

104 ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ

113 ТҮРАҚТЫ ДАМУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

- 114 Тұрақты даму саласындағы басымдықтар
- 121 Төмен көміртекті дамыту бағдарламасы
- 124 Денсаулық сақтау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау (ДС, ӨК, және ҚОҚ)
- 142 Персоналды дамыту
- 151 Өнім берушілермен өзара іс-қимыл

158 КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

161	КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН ДАМЫТУ
163	ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ
176	ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ КОМИТЕТТЕР
186	БАСҚАРМАНЫҢ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП
193	СЫЙЛЫҚАҚЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП
194	ЖАУАПКЕРШІЛІК ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕ
195	КОРПОРАТИВТІК БАҚЫЛАУ
195	Ішкі аудит
196	Комплаенс қызметі
197	Омбудсмен қызметі
197	Тәуекел-менеджмент және ішкі бақылау
211	МУДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА IC-ҚИМЫЛ
212	АКЦИОНЕРЛЕР ЖӘНЕ ИНВЕСТОРЛАРМЕН ӨЗАРА IC-ҚИМЫЛ


216 ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІ

308 ҚОСЫМШАЛАР

308	2021 жылға арналған КБК сақтау туралы есеп
311	Ірі мәмілелер және мұдделілік бар мәмілелер туралы мәліметтер

СТИЛЕТЫЛЫК ШАГ





ҚМГ ДАМУ
СТРАТЕГИЯСЫ
КОМПАНИЯНЫҢ
АҒЫМДАҒЫ
СТЕЙХОЛДЕРЛЕРІ
МЕН КЕЛЕШЕК
ҰРПАҚ АЛДЫНДАҒЫ
ЖАУАПКЕРШІЛІГІН
ЕСКЕРЕ ОТЫРЫП ІСКЕ
АСЫРЫЛАДЫ

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

ҚЫЗМЕТ АЯСЫ

"ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" АҚ (бұдан әрі — «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ, ҚМГ, Компания) Қазақстанның тігінен интеграцияланған жетекші мұнай-газ компаниясы болып табылады. ҚМГ активтердің көмірсүтектерді барлау мен өндіруден бастап, тасымалдау, өндеу және сервистік қызмет көрсетуге дейінгі барлық циклін басқарады. Компания 2002 жылы құрылып, еліміздің мұнай-газ саласындағы Қазақстан Республикасының мүддесін қорғайды.

КАПИТАЛ ҚҰРЫЛЫМЫ

ҚМГ акционерлері – «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Самұрық-Қазына» АҚ, Қор) (90,42%) және Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі (бұдан әрі - ҚР Ұлттық Банкі, ҚҰБ) (9,58%), оның акциялары 2015 жылғы 12 қазаннан бастап Қорға сенімгерлік басқаруға берілген.

«Самұрық-Қазына» АҚ – жалғыз акционері Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылатын дербес қор. Оның миссиясы Қазақстан Республикасының ұлттық әл-ауқатын арттыру және болашақ үрпақ үшін ұзақ мерзімді тұрақтылықты қамтамасыз ету болып табылады. Қордың портфеліне мұнай-газ және көлік-логистика секторларының, химия және атом өнеркәсібінің, тау-кен металлургия кешенінің, энергетика және жылжымайтын мүлік компаниялары кіреді.



ҚазМұнайГаз
NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҮКІМЕТІ

9,58%

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ

90,42%


«САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ

ГЕОГРАФИЯСЫ



- ① «МұнайТас» ЖШС
- ② «Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС
- ③ Каспий құбыр консорциумы
- ④ «ҚазТрансОйл» АҚ

НЕГІЗГІ ДЕРЕКТЕР



● ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ӨНДІРУШІ АКТИВТЕР

○ МЕГАЖОБАЛАР

● MAC
Мұнай айдау станциясы

● BMAC
Бас мұнай айдау станциясы

— ҚОЛДАНЫСТАФЫ МҰНАЙ ҚҰБЫРЫ

● БАРЛАУ ЖӘНЕ ӨНДІРУ

● ӨНДЕУ

645

М.Э. МЛН ТОННАСЫ
КӨМІРСҮТЕК ҚОРЛАРЫ
(2Р)

21,7

МЛН ТОННА
МҰНАЙ МЕН
КОНДЕНСАТ
ӨНДІРУ

8,1

МЛРД М³
ГАЗ
ӨНДІРУ

74,6

МЛН ТОННА
МҰНАЙ
ТАСЫМАЛДАУ

18,9

МЛН ТОННА
МҰНАЙ ӨНДЕУ

АКТИВТЕР ҚҰРЫЛЫМЫ

ҚМГ негізгі активтері



БАРЛАУ ЖӘНЕ ӨНДІРУ

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ АКТИВТЕР:



Өзенмұнайгаз (ӨМГ)
Ембімұнайгаз (ЕМГ)
Қазақтүрікмұнай (ҚТМ)
ҚазМұнайТеніз
Өріктай Оперейтинг (ӨО)



Маңғыстаумұнайгаз (ММГ)
Қазгермұнай (ҚГМ)
Қаражанбасмұнай (ҚБМ)
Қазақойл Ақтөбе (ҚOA)



ПетроҚазақстан Инк (ПҚИ)

МЕГАЖОБАЛАР:




Теңішевройл (ТШО)



Қарашибанак (ҚПО)



Қашаған (НКОК)¹



МҰНАЙ ТАСЫМАЛДАУ



Қазақтеңізкөлікфлоты (ҚТКФ)



ҚазТрансОйл (ҚТО)

100%
Батуми мұнай терминалы



Мұнай Тас



Қазақстан-Қытай құбыры (ҚҚҚ)



ҚазРосГаз



Каспий құбыр желісі
консорциумы (ҚҚҚ)²



ӨНДЕУ



ПМХЗ
KMG International

54,63%

Петромидия

54,63%

Вега



АМӘЗ



ПҚОП




Caspi Bitum


¹ 2015 жылғы көзанды «Самурық-Қазына» АҚ опцияндық келісімге сәйкес 2020 және 2022 жылдар ішінде акцияларды сатып алу құқығымен Қашағандығы үлестің 50%-ын сатып алды. ҚМГ мен «Самурық-Қазына» АҚ-та жалпы Қашағандығы үлестің 16,88%-ы тиесілі.

² ҚМГ арқылы 19% және Kazakhstan Pipeline Ventures (KPV) арқылы 1,75%.

НЕГІЗГІ НАРЫҚТАРЫ



ішкі нарық 37%
экспорт



80%
(ішкі нарық)
20%
(Еуропа, Қытай,
Ресей, және т.б.)



БИЗНЕС ҮЛГІСІ

БӘСЕКЕЛЕСТІК БАСЫМДЫҚТАРЫ

Бірегей географиялық орналасуы

Қазақстан — елеулі қор базасы бар, тиімді орналасқан мемлекет. Еуропаға және қарқынды дамып келе жатқан Азия нарықтарына өнім жеткізудің бірегей мүмкіндігі бар ел

Құнды қалыптастыру тізбегінің барлық кезеңдеріндегі толық интеграция

ҚМГ құнды қалыптастыру тізбегінің барлық кезеңдерін толық интеграциялаған Қазақстанның мұнай-газ саласының үлттық, көшбасшысы болып табылады

Қаржылық тұрақтылық

Компания өзінің қаржылық тұрақтылығын сақтауда және ұзақ мерзімді перспективада дамуы үшін жеткілікті жағдайды қамтамасыз етуде

Өндіруші активтердің әртараптандырылған портфелі

ҚМГ тартымды өсім әлеуеті бар мұнай-газ өндірү бойынша әртараптандырылған активтер портфелін басқарады

Қазақстанның мұнай тасымалдау секторындағы жетекші позициясы

ҚМГ нарықтағы 56% үлесімен Қазақстанның мұнай тасымалдау бойынша барлық жобаларға қатысады

Заманауи мұнай өндеу зауыттары

Компания Қазақстанда төрт ең ірі мұнай өндеу зауытын және Румынияда екі мұнай өндеу зауытын бақылайды

Корпоративтік басқарудың заманауи жүйесі және тұрақты даму қағидаттарына адалдығы

Орнықты даму ҚМГ-нің стратегиялық басымдықтарының бірі болып табылады

ҚОСЫЛҒАН ҚҰННЫҢ



КӨМІРСУТЕКТЕРДІ БАРЛАУ
ЖӘНЕ ӨНДІРУ

ДӘЛЕЛДЕНГЕН ЖӘНЕ ҮКТИМАЛ
ҚОРЛАР (2Р)

645 МЛН ТОННАСЫ
м.э. 4 983 МЛН БАРРЕЛІ

МҰНАЙ ЖӘНЕ КОНДЕНСАТ ӨНДІРУ

21,7 МЛН ТОННА
тәуелігіне 444 мың баррель

ГАЗ ӨНДІРУ

8,1 МЛРД М³

EBITDA

2 445 МЛН АҚШ
ДОЛЛАРЫ


65%

2031 ЖЫЛҒА ДЕЙИНГІ СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАКСАТТАР

ҚОРЛАРДЫҢ ӨСІМІ
+299 МЛН ТОННА

10 жыл ішіндеғі жиынтықты мұнай өндірү
240 МЛН ТОННА

БІРІКТІРІЛГЕН ТІЗБЕГІ



МУНАЙ ТАСЫМАЛДАУ

ШІКІ МУНАЙ МЕН
МУНАЙ ӨНІМДЕРІН
ӨНДЕУ МЕН САТУМУНАЙ
ТАСЫМАЛДАУ**74,6** МЛН ТОННАМУНАЙ
ӨНДЕУ**18,9** МЛН ТОННАКүбірмен
тасымалдау**64,7**
МЛН ТОННАТеңіз арқылы
тасымалдау**9,9**
МЛН ТОННАҚазақстандағы
мез**13,9**
МЛН ТОННА

Румыниядағы

4,9
МЛН ТОННАМАГИСТРАЛДЫ МУНАЙ
ҚҰРЫЛЛАРЫНЫҢ ЖАЛПЫ ҰЗЫНДЫГЫ**5 372** КМ**496** МЛН АҚШ
ДОЛЛАРЫ**679** МЛН АҚШ
ДОЛЛАРЫ

13%

18%

ҚҰРЫЛҒАН ҚУАТТАРДЫҢ
ЖҮКТЕМЕСІН АРТТЫРУЖОСПАРЛАНГАН
МУНАЙ-ХИМИЯ
ЖОБАЛАРЫН ІЖЕЗЕГЕ
АСЫРУТЕҢІЗБЕН ТАСЫМАЛДАУ
БОЙЫНША СИНЕРГИЯҚАЗАҚСТАНДЫҚ МӘЗ-
ДЕРДЕ МУНАЙ ӨНДЕУ
ТЕРЕНДІГІН
89%-ға
ДЕЙІН ҮЛГАЙТУ

МУДДЕЛІ

ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

Еліміздің мұнай-газ саласының геологиялық барлаудан бастап мұнай өнімдерін сатуға дейінгі әрбір сегментінде қатысу мен көшбасшылық Компанияға мұдделі тараптар үшін құндылықтар қалыптастыруға мүмкіндік береді.

ҚМГ акционерлерге уақытылы төлемін жүргізеді, инвесторлар мен кредиторлар алдында өз міндеттерін лайықты орындаиды, ірі жұмыс беруші мен салық төлеуші болып табылады, өзара тиімді серіктестермен ынтымақтастық аясын кеңейтеді, әлеуметтік жобаларға инвестиция салады және экологиялық қауіпсіздітің жоғары стандарттарын қамтамасыз етеді:

АКЦИОНЕРЛЕРГЕ ТӨЛЕНГЕН
ДИВИДЕНД**56** МЛРД ТЕНГЕМЕМЛЕКЕТ БЮДЖЕТИНЕ
ТӨЛЕНГЕН САЛЫҚТАР МЕН
БАСҚА Да МІНДЕТТІ ТӨЛЕМДЕР**787** МЛРД ТЕНГЕТҮРАҚТЫ ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫ
>47 мың орынҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ КӨРСЕТИЛГЕН
ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК**22** МЛРД ТЕНГЕЖЕР ҚОЙНАУЫН ПАЙДАЛАНУ
КЕЛІСІМШАРТАРЫ АСЫНДА
ӘЛЕУМЕТТІК ИНВЕСТИЦИЯЛАР**5** МЛРД ТЕНГЕ


САТЫП АЛУ ҚӨЛЕМІ

1216 МЛРД ТЕНГЕСАТЫП АЛУДАҒЫ ЖЕРГІЛІКТІ
ҚАМТУ ҮЛЕСІ**78%**


НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР

Қаржы көрсеткіштері¹

EBITDA, млн АҚШ долл.



Түсім, млн АҚШ долл.




Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдастырылған компаниялар кірістеріндегі үлес, млн АҚШ долл.




Таза пайда, млн АҚШ долл.



Есептегендегі бойынша күрделі салымдар, млн АҚШ долл.




Кассалық әдіс бойынша күрделі салымдар, млн АҚШ долл.



Таза қарыз, млн АҚШ долл.



Еркін ақша ағыны, млн АҚШ долл.



Таза қарыз / EBITDA, коэффициент, млн АҚШ долл.




Операциялық көрсеткіштер


Көміртек қорлары (2Р), М.Э. МЛН. ТОННАСЫ



Мұнай және газ конденсатын өндіру, мың тонна




Табиғи және ілеспегазды өндіру, МЛН М³




Мұнай тасымалдау, мың тонна



Газ тасымалдау, МЛН М³




Мұнай өндіреу, мың тонна




¹ 2021 және 2020 жылдардағы деректер 2021 жылғы 9 қарашада «ҚазТрансГаз» АҚ («QazagGaz» ҰК АҚ) акцияларының 100%-ы «Самұрық-Қазына» АҚ пайдасына берілген ескеріліп көрсетілген.

² 2020 жылғы Компанияның қызметкерлердің нақты санын есептегендегі бойынша күрделі салымдар (есепке 51% және одан да көп қатысу үлесі бар шоғырландырылатын компаниялардың қызметкерлері алғынды). Сондай-ақ 2019 жылғы деректерде қайта есептелді.

Әлеуметтік көрсеткіштер



Экологиялық көрсеткіштер



³ 2021 жылдың мәліметтерін 2019 және 2020 жылдардың көрсеткіштерімен дұрыс салыстыру мақсатында LTIR және FAR коэффициенттері «КазТрансГаз» АҚ («QazagGaz» ҰК АҚ) есепке алынбай көрсетіліп отыр. Бұл ретте «КазТрансГаз» АҚ есепке алсақ, LTIR және FAR көрсеткіштері 2019 жылы, тиісінше, 0,31 және 1,28, ал 2020 жылы 0,25 және 0,0 құрады.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫң ҮНДЕУІ



Құрметті инвесторлар, акционерлер, әріптестер мен серіктестер!

2021 жыл Компания ішінде, сондай-ақ ел ауқымындағы және жаһандық деңгейдегі оқиғаларға толы болды. Пандемия шектеулері жеңілдетіліп, біз жаһандық экономика мен мұнай-газ саласының әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштеріне он әсер еткен әлемдік іскерлік белсенділіктің қайта қалпына келуінің күндері болдық, 2021 жылы ҚМГ көрсеткіштері бірқатар бағыттар бойынша жақсарды. Сонымен қатар, COVID-19-дан вакцина алған адамдар санының өсуіне байланысты инфекцияны жұқтыру жағдайлары азайып, індепттен көз жұмғандардың саны да күрт төмөнделгінін атап өткен жөн. Дегенмен, пандемиямен күрес әлі де жалғасуда.

ҚМГ жаңа стратегиясы

Пандемия, әлемдегі сын-қатерлер мен елдегі өзгерістер Компанияның қызметін, оның негізгі басымдықтары мен адамдардың өміріне қосатын үлесін жаңадан қайта қарастыруға ықпал етті. Біз мұнай-газ саладасында мемлекеттің мұддесін қорғайтын Қазақстанның мұнай-газ өнеркәсібінің көшбашшысы ретінде ҚМГ жауапкершілігі барлық ағымдағы стейкхолдерлер алдында, сондай-ақ болашақ үрпактар алдында арта тусетінін жете түсінеміз. Есепті жылы біз даму стратегиямызды жаңандырып, алдағы 10 жылға арналған стратегиялық міндеттерді жаңарттық. Компанияның стратегиялық мақсаттары ресурстық базаны ұлғайтуды, операциялық тиімділікті арттыруды, өндірілетін өнімдер портфелін кеңейтуді, тұрақты дамуды қамтамасыз етіп және өндірістің көміртек сыйымдылығын үдемелі төмөндетуді қамтиды. Бұл ретте 2021 жылғы қарашада ҚМГ-ның газ тасымалдау және маркетингі жөніндегі бизнес бағыты еліміздің газ саласын жан-жақты дамыту үшін негізгі акционер «Самұрық-Қазына» АҚ-ға берілді. Бизнесті әртаратандыру аясында Компания өз қызметінің перспективалық бағыты ретінде мұнай-химияны дамытуды жалғастыруда.

Компания көмірсутекті өндіру жөніндегі дәстүрлі қызметін сақтай отырып, жұмыс істеп тұрған кен орындарында жете барлау және жаңа алаңдарда барлау арқылы органикалық және бейорганикалық өсу жолымен корлардың өсімін қамтамасыз етуді жоспарлап отыр. Бұл ретте, ҚМГ серіктестік шарттармен ірі халықаралық мұнай-газ компанияларымен белсене ынтымақтасуда.

ҚМГ операциялық тиімділігін арттыру мақсатында операциялық активтердегі өндіру деңгейін тұрактандыруға, жаңа кен орындарында өнеркәсіптік игеруді бастауға, сондай-ақ ірі мұнай-газ жобаларында өндіру деңгейлерін кеңейту және ұзарту жобаларын іске асыруға назар аударады. Тасымалдау саласында мұнайдың транзиттік ағындарын сақтау, Павлодар мен Шымкент мұнай өндеу зауыттарына мұнай жеткізуі жүзеге асыру, сондай-ақ Қытай бағытына экспортты ұлғайту есебінен жұмыс істеп тұрған өндірістік қуаттардың жүктемесін арттыру жоспарлануда. Жаңғырылған мұнай өндеу зауыттарының басты міндеті - Қазақстанда мұнай өндеу төрөндігінің көрсеткішін арттыру және жоғары маржиналды мұнай химиясы өнімін шығару көлемін ұлғайту, сондай-ақ KMG International активтерінде тігінен интеграциялауды күшейту

болов табылады. Сонымен қатар алдағы уақытқа маркетинг, сатып алу және қаржы саласында қызметті оңтайландыру бойынша маңызды жұмыс көзделген.

ҚМГ өз қызметін әртараптан-дыру және болашақ ақша ағындарын тұрақтандыру үшін мұнай химиясы бағытын қарқынды дамытуды жалғастыруда. Бұл өз кезе-гінде, Компанияның құнын арттыруға ықпал ететін болады. 2022 жылы полипропилен өндіретін КРІ зауытын іске қосу және одан әрі халықаралық мұнай-газ компанияларымен стратегиялық әріптестік орната отырып, бутадиен мен полиэтилен шығару жөніндегі жобаларды іске асыру жоспарлануда.

Біз тұрақты дамуға ерекше назар аударамыз, сондықтан да жаңартылған стратегияда ҚМГ өндірісінің көміртек сыйымдылығын біртіндеп төмендету мақсаттары белгіленген. Бірқатар нақты міндеттер қойылды, олардың орындалуын Директорлар кеңесі жауапты қызметкерлермен тұрақты кездесулерде, сондай-ақ тиісті міндеттерді қызметтің түйінді көрсеткіштеріне (ҚТК) атқарушылық, деңгейде енгізу есебінен тұрақты негізде бақылайтын болады.

Директорлар кеңесі деңгейінде біз Компания мен қофам мүдделері үшін уақытылы шаралар қабылдауға бағытталған қажетті тәсілдер мен жаңа міндеттерді әзірлеу үшін Басқарма мүшелерінен және басқа да орындаушылардан келіп түсетін көрі байланысқа міндетті түрде құлак асамыз..

Жаһандық іскерлік белсенділікті қалпына келтіру

Мұнайға деген әлемдік сұраныстың қалпына келуі және ОПЕК+ тарапынан салынған күш-жігер 2021 жылы көмірсутек бағасы өсінің негізгі драйверлеріне айналды. Brent маркалы мұнайдың орташа жылдық бағасы 2021 жылы бір баррельге 71 АҚШ долларын құрады. Бұл өткен жылғы көрсеткіштен 70%-ға артық, және соңғы үш жылдағы рекорд болып табылады. Нәтижесінде 2021 жылы ҚМГ таза пайдасы 1197 млрд теңгеге дейін өсті, ал еркін ақша ағыны 669 млрд теңгеге жетті. Қаржы көрсеткіштерінің өсінің маңызды факторы 2020 жылы дағдарысқа қарсы шаралар аясында басталған Компанияның шығындарын кешенді оңтайландыру болды.

Тұрақты даму

Компанияның тұрақты дамуы мақсатында Директорлар кеңесі ҚМГ-ның негізгі бизнес-процессерін ESG қағидаттарымен барынша біріктіруге бастамашылық етеді және бақылауды қамтамасыз етеді. Бұл қызметкерлер өз қызметтің тұрақты дамудың жоғары стандарттарына сай болуын жете түсініп, басшылықта алғып, жүзеге асыру үшін қажет. 2020 жылы алғаш рет ESG-рейтингі бойынша Басқарма мүшелерінің корпоративтік ҚТК көрсеткіші енгізілді. Есепті жылы осы көрсеткіштің мақсатты индикаторы артты, ал корпоративтік ҚТК арасында тұрақты даму саласындағы нақты

жобаларды іске асыру жөніндегі міндеттер белгіленді. Компаниядағы ESG рөлін күштейту жұмысын жалғастыра отырып, 2022 жылы ҚТК-да еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғалар коэффициентін (LTIR) төмендету бойынша көрсеткіш қосымша белгіленді. Sustainalytics халықаралық рейтингтік агенттігі Компанияның тұрақты даму саласындағы рейтингінің тәуекел көрсеткішін 34,5-тен 28,4 балға дейін жақсартты, бұл ҚМГ-ның Халықаралық мұнай-газ нарығындағы елеулі ESG тәуекелдерін басқарудағы мықты позициясын көрсетіп отыр.

Есепті жылы Директорлар кеңесі төмен көміртекті дамыту бағдарламасын бекітті. Құжат энергия тиімділігі мен ресурс үнемдеуді арттыру есебінен көміртек ізін төмендетудің ағымдағы мүмкіндіктерін, сондай-ақ жаңартылатын энергия көздері (ЖЭК) негізінде декарбонизациялау, CO₂ ұстаяу, пайдалану және сақтау, орман көміртегі жобалары, сутегі өндірісі үшін қызметтің қосымша бағыттарын қамтиды. ҚМГ парниктік газдар шығындыларын 2019 жылғы деңгейден 2031 жылға дейін 15%-ға төмендету бойынша алдын ала мақсаттарын айқындады, бұл CO₂ 1,6 млн тонна-сына сәйкес келеді. Бағдарламаның міндеттерін тиімді іске асыру мақсатында Компанияда білікті мамандар командасын тарта отырып, төмен көміртекті дамыту жөніндегі жобалар оффисі құрылды.

2021 жылы негізгі акционер «Самұрық-Қазына» АҚ бастамасымен корпоративтік басқарудың диагностикасы жүргізілді. BBB рейтингісі бар осы

диагностиканың нәтижесі «ВВ» рейтингі берілген 2018 жылмен салыстырғанда, Компанияның корпоративтік басқару жүйесінің айтарлықтай жақсарғанын көрсетті. Диагностика оң трендтердің ішінде Директорлар кеңесі мен атқарушы органның тиімділігі, тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және аудит, тұрақты даму саласындағы айтарлықтай жақсарғанын көруге болады. Бұл корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі жоспарлы жұмыстың жоғары нәтижелігін раставды және тандалған бағыттың дұрыстығын айқындаиды.

Адамдарға қамқорлық

ҚМГ еңбек қызметі аясында қызметкерлер арасындағы жазатайым оқиғаларға катысты мұлдем төзбеушілік қағидатын ұстана отырып, өндірістік нәтижелерден гөрі қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына үлкен басымдық береді. Өткен жылмен салыстырғанда есепті жылы еңбек қызметімен байланысты жазатайым оқиғалар саны 30-дан 28 жағдайға дейін азайды.

Өкінішке қарай, есепті жылы Румыниядағы Петромидия МӘЗ-де өрт шығып, салдарынан үш адам қайтыс болды. Қаза болғандардың жақындары мен туыстарына қайғырып көңіл айтамын.

Адамдарға қамқорлық тек Компания қызметкерлерімен ғана шектелмейді. ҚМГ өз қызметін жүргізетін өнірлердің дамуына белсене қатысып,

халықтың мұқтаж топтарына әлеуметтік көмек көрсетеді. 2021 жылы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық объектілерін, әмбебап спорт кешендерін, медициналық пункттерді және тағы басқаларын қоса алғанда, әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуға 5 млрд теңgedен астам қаржат бөлінді.

Қорытынды

2021 жылы іскерлік белсенділік көрсеткіштерін қалпына келтірумен катарап, біз жаһандық бизнеске елеулі әсер ететін 2022 жылы басталған әлемдік қауымдастықтағы геосаяси өзгерістердің күесі болдық. Өнірдегі мұнай-газ саласына және соның ішінде Компания қызметіне теріс әсер ету тәуекелдері бар. Прагматикалық тәсілді ұстана отырып, біз ұзақ мерзімді дамуды қамтамасыз ету бойынша жоспарлы жұмысты мақсатты түрде жүргіздік, борышты қыскарттық, өнеркәсіптік активтерді жаңарттық, инфрақұрылымды жақсарттық және қызметімізді әртаратандырыдық. ҚМГ-ның қындықтарды жеңуде оң тәжірибесі бар және оны қазіргі кезде тұрақтылықты сактау үшін барынша қолданады. Біз жарқын болашағымызға сенеміз және мұнай-газ бизнесіндегі жаңа жағдайларға бейімделуге дайынбыз.

Кристофер Уолтон,

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫң ҮНДЕУІ



Құрметті акционерлер, инвесторлар мен серіктестер!

Еліміздің әлеуметтік-экономикалық өміріне елеулі ықпал ететін Қазақстанның мұнай-газ саласының көшбасшысы ретінде ҚМГ адамдарға, қоршаған ортаға және өнірлердің дамуына белсene қамқорлық жасай отырып, өз алдына үзак мерзімді даму міндеттерін қояды.

Компания көрсеткіштерін біртіндеп қалпына келтіру

Әлемдік іскерлік белсенділіктің қалпына келуі Компанияның пандемияға дейінгі көрсеткіштеріне жетуге мүмкіндік берді. ОПЕК+ шектеулерінің біртіндеп жеңілдегуі 2021 жылы Компанияға мұнай және газ конденсатын өндіру көлемін 21,7 млн тоннаға немесе 444 мың баррельге дейін жеткізуге мүмкіндік берді, бұл 2020 жылдың көлемімен бірдей болып отыр. Ол жылы ОПЕК+ шектеулері тек екінші тоқсаннан бастап енгізілген болатын.

Мұнайды магистраль және теңіз арқылы тасымалдаудың жалпы көлемі жиынтықта 1,9%-ға 74,6 млн тоннаға дейін өсті. Бұл ішкі нарықта өндеу үшін қазақстандық мұнай өндеу зауыттарына қарай магистральмен тасымалдау көлемінің үлғаюына байланысты болды. Сонымен қатар негізінен Жерорта теңізіндегі тасымалдау көлемі де оң әсер етті. Мұнай кеме қатынасы нарығының қалпына келуі Компанияның кемелері үшін де барынша тиімді болды.

Қазақстандық МӨЗ-дерде мұнай өндеу көлемі 8,4%-ға үлғайып, 13,9 млн тоннаны құрады. Бұл көрсеткіш ішкі нарықтағы мұнай өнімдеріне деген сұраныстың артуына байланысты пандемияға дейінгі деңгейге оралды. Алайда 2021 жылғы шілдеде дизель отынын гидротазарту қондырығысында өрттің, шығу салдарынан, Петромуидия зауытының үш айға толық тоқтап қалуына байланысты Румыниядағы МӨЗ-дерде көмірсүтек шикізатын өндеу 6,1%-ға 4,9 млн тоннаға дейін азайды.

Есепті жылы қаржы көрсеткіштері, негізінен, мұнайдың орташа бағасының өсуі және бірлескен кәсіпорындар мен қауымдастан компаниялардың пайдалындағы үлеске жататын кірістердің өсу есебінен едәуір жақсарды. EBITDA көрсеткіші 2020 жылғы 810 млрд теңгеге қарағанда 1 609 млрд теңгені құрады. Компанияның таза пайдасы 1 197 млрд теңгеге дейін өсті, ал еркін ақша ағыны 669 млрд теңгені құрады. Компанияның таза борышы жыл соңында 2 204 млрд теңге деңгейінде қалыптасқанын атап өткен жән. Ол 2020 жылдың соңындағы 2 594 млрд теңге көрсеткішімен салыстырғанда 15%-ға төмендеді.

Стратегиялық бастамаларды іске асыру

2021 жылы жаңартылған Даму стратегиясы аясында Компания жана және жете барлауды қоса алғанда, перспективалы геологи-ялық-барлау жобаларын іске асyrу есебінен көмірсүтек қорларының, үдемелі өssіне бағытталды. ҚМГ өзінің геологиялық-барлау бастамаларын іске асyrуда елеулі прогресске қол жеткізді. Шығыс Жетібай кен орнында юра көкжиегінен тәулігіне 38 тоннаға дейінгі дебитпен мұнай ағыны алынды. Оңтүстік Жетібай кен орнында тәулігіне 36 тоннаға дейінгі мұнай ағыны алынды. Маңғыстау облысындағы Өзен кен орнында қосымша барлау жолымен жана мұнай шоғыры табылды. Нәтижесінде алынатын мұнай қорының өсімі 39,9 млн тоннаны құрады. Каспий теңізінің қазақстандық бөлігінде орналасқан және көрри қаржыландыру шарттарында бірлесіп іске асyrылатын жаңа Әл-Фараби жобасы бойынша жер қойнауын пайдалану құқығы алынды.

Бизнесті әртаратандыру аясында Компания өз қызметінің перспекти- валық бағыты ретінде мұнайхимиясы саласын дамытуды жалғастыратын болады. 2021 жылдың сонында поли- пропилен өндіретін KPI газ-химия кешенінде қуаты 500 мың тоннаға дейінгі зауыттың негізгі құрылышы аяқталып, Төңіз кен орнынан пропанның бірінші партиясы қабыл- данды. Қуаты 1 250 мың тонна полиз- тилен өндірү жөніндегі жоба жобалау жұмыстары жүріп жатыр. Сонымен қатар, Атырау облысында 700-ден астам жаңа жұмыс орнын ашуға

мүмкіндік беретін, қуаты жылына 180 мың тоннаға дейін бутадиен каучук-терін шығару бойынша инвести-циялышқа жоба бойынша да жұмыс жүргізілуде,

2021 жылғы қарашада газ жобаларын дербес іске асыру үшін кейіннен «Qazaq Gaz» ҰҚ АҚ деп атаяны өзгерктен, ҚМГ еншілес компаниясы «КазТрансГаз» АҚ-ны «Самұрық-Қазына» АҚ-ға беру жөніндегі мәміле аяқталды. «КазТрансГаз» АҚ-ны беру нәтижесінде Компания өзінің кредиттік рейтингтерін инвестици-ялық деңгейде сақтап қалғанын атап еткен жөн.

Экологиялық қауіпсіздікке үлес қосу

Компания атмосфералық ауаға ластаушы заттардың шығарылуын қысқарты алды. 2017 жылмен салыстырғанда ҚМГ шығарындыларының 19%-ға төмөндегені байқалады. Мұнай қалдықтарын кәдеге жарату және мұнаймен ластанған, оның ішінде тарихи ластанған жерлерді тазарту жөніндегі іс-шаралар жан-жақты орындалып жатыр.

КМГ біркетар әлеуметтік бағдар үстанған және экологиялық жобаларды іске асыруды жалғастыруда. Компания Қаражанбас кен орнында су тұщыту зауытын салып жатыр. Аталмыш зауыт іске қосылғаннан кейін жергілікті тұрғындарға тәулігіне қосымша 17 мың текше метр суды қамтамасыз етеді. 2023 жылы Кендірлі кентінде қуаты тәулігіне 50 мың текше метр болатын су тұщыту зауытының құрылышын аяқтау

жоспарлануда, ол Жанаәзендердегі су тұтыну тапшылығын жоямақ «Астрахань-Маңғышлак» су құбырын қайта жаңарту туралы да айта кеткен жөн, бұл су өткізу қабілетін тәулігіне 110 мыңдан 170 мың текше метрге дейін арттыруға мүмкіндік береді. Атырау және Маңғыстау облыстарының өнеркәсіптік кәсіпорындары мен түрғындарының тұщы суға деген қазіргі жөнө болашақтағы қажеттіліктерін өтейді. Жайық өзенінен су алуды 10%-ға төмендету есебінен Атыраудың коршаған ортасының жағдайын жақсартуға септігін тигізетін TAZALYQ жобасы бойынша құрылым-монтаждау жұмыстары жүргізілуде. Бұл ретте Атырау МӘЗ-нің тазартылған ағындарының бір бөлігі қайта пайдалануушын зауытқажіберлітін болады.

«Жасыл» технологияларды дамыту саласында ҚМГ 2021 жылы ірі халықаралық компаниялармен бірқатар келісім жасасты. ҚМГ Ені компаниясымен ЖЭК-тен электр энергиясын өндіру және сату үшін энергетикалық ауысу жобаларын өзірлеу саласында ынтымақтастық орнатуға иисетті. Shell компаниясымен бірге көміртекті ұстай, көдеге жарату және сақтау (ағылш. Carbon Capture Utilization & Storage, CCUS) жөніндегі pilotтық жобаны іске асыру мүмкіндігі зерттелуде. Бұл технологияның маңыздылығы - оның бүкіл энергетикалық жүйеде шығарындыларды азайту қабілетінде. ҚМГ Linde компаниясымен бірлесіп, табиғи газды шикізат ретінде пайдалана отырып, сутегі мен аммиак өндіру перспективаларын зерттеуге кіресті.

Әлеуметтік жауапкершілік

Компанияның дамуы қызметкерлерге лайықты еңбек жағдайларын қамтамасыз етумен тығыз байланысты. Қызметкерлерді дамытуда біз меритократия, әділдік қағидаттарын ұстанамыз, тең мүмкіндіктер үсінамыз және әрбір қызметкердің ортақ мақсаттарға қол жеткізу деге үлесін бағалаймыз. Жалақы жыл сайын инфляциялық көрсеткіштер ескеріле отырып индекстеледі.

Ұжымдық шарттар аясында ҚМГ қызметкерлері мен олардың отбасы мүшелеріне, сондай-ақ жұмыс іste-мейтін зейнеткерлерге әлеуметтік қолдаудың 35 түрін көрсетеді. Өткен жылмен салыстырғанда 2021 жылы ҚМГ компаниялар тобының қызметкерлерін әлеуметтік қолдау шығындары 21 млрд теңгеден 22 млрд теңгеге дейін өсті.

Компания ҚМГ мен мердігерлік үйімдардың қызметкерлері арасындағы жалақы айырмашылығын қысқарту бойынша шаралар кешенін қабылдады. Мердігерлік үйімдарда сыйлықақы беру жүйесін енгізілді, сондай-ақ кепілдендірлген әлеуметтік пакет ұснылды. Нәтижесінде мердігерлік үйімдар қызметкерлерінің жалақысы айтарлықтай өсті. Сонымен қатар 2022 жылдың басында Компания ҚМГ қызметкерлерінің жалақысын Корпоративтік орталықта 10%-ға және қызметін жүзеге асыратын өнірлерде 30%-ға дейін ұлғайтты.

Қызметкерлерге қолайлы жағдай жасау еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік мәселелеріне қатысты жоғары стандарттардың

сақталуын да білдіреді, бұл Компания қызметінің басымдығы болып қала береді. Еншілес компаниялардың бірінші басшылары жергілікті жерлердегі өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін жеке жауапкершілік көтереді. Өтті қауіпсіздігі талаптарының сақталуына бақылауды қүшешу мақсатында 2021 жылы 2022-2024 жылдарға арналған кешенді жоспар әзірленді. Көлік қауіпсіздігінің деңгейін арттыру, қауіпсіз жүргізу мәдениетін қалыптастыру және бірыңғай орталықтандырылған цифрлық платформаны үзүн «Ембімұнайгаз» АҚ-да «Сапарларды басқару» атты pilotтық жоба іске асырылды, оны 2022 жылдан бастап басқа еншілес және тәуелді үйімдарға тарату жоспарланып отыр. Сондай-ақ ҚМГ-ның COVID-19 індегін таратпау бойынша қабылдаған алдын алу шараларын атқен өткім келеді. 2021 жылдың соңында ҚМГ компаниялар тобында 50 мыңнан астам қызметкер вакциналанды, қызметкерлердің 73% -ы вакциналаудың толық курсын алды.

Ірі салық төлеуші ретінде ҚМГ 2021 жылы 787 млрд теңге мөлшерінде салықтар мен ел бюджетіне төленетін басқа да міндетті төлемдерді төледі. Акционерлерге төленген дивидендердің мөлшері 56 млрд теңгені құрады.

Қорытынды

2021 жылдың қорытындысы Компанияның адамдарға және коршаған ортаға деген жауапкершілігімен қатар, өзінің орнықтылғы мен қызметтің жаңа салаларын дамыту қабілеті арасындағы балансты сақтай алатынын көрсетеді.

Алик Айдарбаев,
«ҚазМұнайГаз» ҮК АҚ
Басқарма тұрағасы

СТРАТЕГИЯ НАРЫҚҚА ШОЛУ

Макроэкономика және жаһандық трендтер

Жаһандық үрдістер және олардың ҚМГ стратегиясын іске асыруға әсері

Сала сын-қатерлері

ЖАҢДЫҚ ТРЕНДТЕР

Компанияның стратегиясына тренд қоятын талаптар

- Мұнайға деген өлемдік сұраныс пен бағаның қалпына келуі.
- Отын-энергетика балансында жаңартылатын энергия көздері кеңеюінің баяулаусы.
- Газдың рекордтық жоғары бағасы Қытайдағы жоғары сұраныс пен Еуропадағы энергетикалық дағдарыс.
- Мұнай-газ химиясы өніміне сұраныстың ұзак мерзімді өсуі.

Әлемдік отын-энергетикалық баланс құрылымының өзгеруі

- ОПЕК+ шараларын қолдау, өндірістік активтердің тиімділігін арттыру
- «ҚазТрансГаз» АҚ-ны «Самұрық-Казына»АҚ пайдасына беру
- Қолданыстағы бизнес ішіндеңі құн тізбегін кеңейту және мұнай-газ химиясының бизнес-сегментін дамыту.

- Цифрлық технологиялардың жедел дамуы мен қолданылуы.
- Бизнес-процесстерді цифрандыру және автоматтандыру.
- Инвестициялық қоғамдастықта ESG тұрақты дамуы мен қаржы құралдарының маңыздылығы артуда.
- Мұнай-газ саласындағы «көміртекті бейтараптыққа» көшу тренді.



Цифрандыру



Тұрақты даму және ESG-факторлары



Баламалы энергия көздері, көміртекті бейтараптық



- Цифрандыру «Барлау және өндіру» және «Өңдеу» бағыттарына басымдық бере отырып, өндірістегі нақты бизнес-проблемаларды шешуге, сондай-ақ ҚМГ компанияларының тобында нақты шешімдерді қалыптастыруға бағыттау.



- Тұрақты даму қафидаттарын негізгі бизнес-процестермен біріктіру.



- Төменкөміртекті бағытты дамыту.


1. Мұнайға әлемдік сұраныс пен бағаның қалпына келуі

2021 жылы сұйық отынды өндіру және тұтыну балансының қарқыны сұраныстың ұсыныстан артық болуымен сипатталды. Бұл туризм мен әуе қатынастарының салыстырмалы түрде қалпына келуіне, сондай-ақ бір жыл бұрынғыданайәлемдік экономика үшін қатаң шектеулердің болмауына байланысты.

АҚШ-тың Энергетикалық ақпарат басқармасының (ағылш. The U. S. Energy Information Administration, EIA) мәліметтері бойынша, 2021 жылы сұйық отынды әлемдік тұтыну орташа есеппен тәулігіне 96,9 млн баррельді құрады, бұл COVID-19 пандемиясы салдарынан тұтыну көлемі айтартытай тәмен болған 2020 жылмен салыстырғанда тәулігіне 5,0 млн баррельге артық.

Бір жылдан артық уақыт ішінде мұнай тұтыну деңгейін оның өндірісінен асып келеді, бұған ОПЕК+ мүшелерінің шикі мұнай өндірүшілер тарапынан инвестициялардың шектелуі және мұнай жеткізу дегі басқа да іркілістер ықпалын тигізді. Бұл да әлемдік корлардан мұнайдың тұрақты алынуына және мұнай бағасының едәүір өсуіне алып келді.

Әлем бойынша сұйық отын түрлерін өндіру және тұтынудың динамикасы



Дереккөз: АҚШ-тың энергетикалық ақпарат басқармасы, қысқа мерзімді энергетикалық болжам, 2022 жыл қантар


2021 жылы Brent маркалы мұнай бағасы орташа есеппен бір баррельге 70,86 АҚШ доллары деңгейінде саудаланып, 2020 жылмен салыстырғанда 70%-ға артып, пандемияға байланысты шектеулердің женілдегенін көрсетеді. EIA деректеріне сәйкес, 2021 жылы Brent маркалы мұнайдың орташа жылдық бағасы соңғы үш жылдағы ең жоғары болып табылады.

Жылдың басында Brent маркалы мұнайдың бағасы бір баррельге 50 АҚШ доллары деңгейінде болды және қазан айының соңында бір баррельге 86 АҚШ долл. ең жоғары бағаға жетті. Бұл ОПЕК+ мүшелерінің барынша жоғары бағаны ұстап тұру үшін 2021 жылы өндіру қарқының шектеу туралы 2020 жылғы желтоқсандағы шешімін көрсетеді. Жылдың соңынан қарай баға нарыққа қатысушылардың омикрон штаммының

мұнай тұтынудың төмендеуіне көрі әсері туралы аландашылығына байланысты ішінана өсті және төмendetid, себебі штамм қатты қаупіті болмаса да, аса жұқпалы болып шықты.

West Texas Intermediate (WTI) маркалы мұнай бағасы Brent маркалы мұнай бағасы сияқты құбылып отырды, орташа есеппен бір баррельге 3 АҚШ долларына төмен болды.

Шикі мұнайдың құнделікті споттық бағалары (2020 жылғы 2 қаңтар мен 2021 жылғы 30 желтоқсан) баррельге доллармен



Дереккөз: Кестені АҚШ-тың энергетикалық акпарат базасында дайындаған

ҚМГ дамуының басымдықтары

ҚМГ жалпы өндірістік активтердің тиімділігін арттыру бойынша іс-шаралар өткізеді, ОПЕК+ үйімінің мұнайды деген сұранысты қалпына келтіру шараларын қолдайды, сондай-ақ мұнай бағасының тәмен болу және әлемдік экономиканың даму деңгейінің тәмендеу жағдайларына дайындық бойынша шаралар қабылдайды.

2. Отын-энергетика балансында жаңартылатын энергия көздері кеңеюінің баяулауы

Жаңартылатын энергия көздері (ЖЭК) саласында жеткен жетістіктерге қарамастан 2021 жылы көмір мен мұнайды пайдалану көлемі едәүір ескені байқалды. COVID-19 рецессиясынан кейін экономиканың жылдам әрі әркелкі қалпына келуі энергия жүйесіне үлкен ауыртпалық түсіреді, бұл табиғи газ, көмір және электр энергиясы нарықтарында бағаның күрт өсуіне әкеп соғады. Осы себепті тарихта CO₂ шығарындыларының жыл сайынғы көлемі бойынша да екінші өсімі байқалады (2020 жылы 31,5 мың тоннадан 2021 жылы 33 мың тоннаға дейін).

Бұл тренд 2021 жылғы мамырда жарияланған ЕІА басқармасының «2021 жылғы әлемдік энергетиканың даму перспективалары (WEO-2021)» туралы есебінде сипатталған «2050 жылға қарай нәлдік шығарындылар» сценариінен туысپейді. Сценарий энергетикамен байланысты көмірқышқыл газының жаһандық шығарындыларын 2050 жылға қарай нәлдік деңгейге дейін азайту және жаһандық температураларын 1,5°C деңгейіне көтерілуін тұрақтандыру мақсатын көздейді. ЕІА есебі 2050 жылға қарай ЖЭК басым болатын таза және тұрақты энергетикалық экономикаға қалай көшуге болатындығы туралы әлемдегі алғашқы жан-жакты зерттеу болып табылады.


Есепте әлемдік экономиканың дамуына байланысты түрлі сценарий сипатталған:

- 2050 жылға қарай таза нәлдік шығарындылар сценариі – 2050 жылға қарай CO₂ шығарындыларының нәлдік деңгейіне жету үшін ЕІА нормативтік сценарийі, ал дамыған елдер басқаларға қарағанда шығарындылардың нәлдік деңгейіне ертерек жетеді.

Сондай-ақ, бұл сценарий Біріккен Ұлттар Ұйымының энергетика саласындағы тұрақты дамуының негізгі мақсаттарына (ТДМ) сәйкес келеді.

- Мәлімделген саясаттар сценарийі тек үкіметтер қабылдаған немесе жариялаған нақты саясатты ескереді. Сценарий бойынша, егер CO₂ жылдық шығарындылары ағымдағы траекторияны сақтап қалса, бұл 2100 жылға қарай температураларын шамамен 2,7°C көтерілуіне әкеледі (50% ықтималдылықпен).
- Жарияланған міндеттемелер сценарийі шығарындылардың нәлдік деңгейі бойынша барлық жарияланған ұлттық міндеттемелер қазіргі уақытта белгілі бір саясатпен бекітілетініне қарамастан, толық және уақытылы орындалуын көздейді.. Сценарий бойынша, егер CO₂ жылдық шығарындылары ағымдағы траекторияны сақтап қалса, бұл 2100 жылға қарай температураларын шамамен 2,1°C көтерілуіне әкеледі (50% ықтималдылықпен).
- Тұрақты даму сценарийі Париж келісімінде белгіленген нәтижелерге «2°C деңгейінен айтарлықтай тәмен» жолмен келетінін білдіреді.

«Мұнай-2021», «Тұрақты даму», және «2050 жылға қарай шығарындылардың нөлдік деңгейі» сценарилеріндегі мұнайға әлемдік сұраныстың болжамы



Дереккөз: АҚШ-тың энергетикалық ақларат базасы

Ғаламдық энергетикалық қауіпсіздіктің шығарындылардың нөлдік деңгейі бағдарындағы көрсеткіші



Ескертпе: т/мб = тәулігіне миллион баррель; Мт = миллион тонна.

ҚМГ дамуының басымдықтары


2021 жылы ҚМГ 2022-2031 жылдарға арналған Тәменкөміртекті дамыту бағдарламасын қабылдады, ол Компанияның көміртек ізін тәмендету бойынша негізгі бағыттарын белгілейді. Көміртек ізін қысқарту жөніндегі мақсаттарға қол жеткізуге мониторинг жүргізу және парник газдарының шығарындылары туралы ақпаратты ашу мақсатында Компания парник газдарының шығарындылары бойынша мониторинг және есептілік әдістемесін өзірлеуді жоспарлап отыр.

3. Газдың рекордтық жоғары бағасы - Қытайдағы жоғары сұраныс пен Еуропадағы энергетикалық дағдарыс

2021 жылды табиғи газды әлемдік тұтыну көлемі 4,6 %-ға өсті, бұл 2020 жылды байқалған тәмендеуден екі есе көп. Сұраныстың өсуі экономиканың қалпына келуімен және ауа-райының бірқатар құбылыстарымен байланысты болып отыр. Жыл Азия мен Солтүстік Америкада бағаның өсуіне әкеліп соқтырган суық ауа-райынан басталып, Еуропа


мен Азияның негізгі импорт нарықта-рындағы табиғи газдың рекордты қымбаттауымен аяқталды. Құтпеген үзілістермен қатар ұсыныстардың артта қалуы нарықтағы тапшылыққа және бағаның күрт өсуіне әкеп соқты, бұл 2021 жылдың екінші жартысында сұраныстың өсуіне кедергі келтірді.

1991-2021 жылдары газдың өнірлік бағалары, млн Btu (БТЕ)




2021 жылы Азияда газға сұраныс 7%-ға артты. Солтүстік-Шығыс Азияға Азиядағы таза өсудің 82%-нан астамы тиесілі, , бұл сүйк қыс пен ыстық жаздың және ара-тұра болған құрғақшылыққа байланысты орын алды. 2021 жылы Азиядағы тұтынудың жалпы өсуінің 69%-ы Қытайға тиесілі болды.

2020-2022 жылдары Азия елдерінің, оның ішінде Қытайдың газға сұранысы, %



2021 жыл бойы Еуропада газ тұтыну шамамен 5,5%-ға (немесе 30 млрд текше метрге) өсті. 2021 жылдың бірінші жартысында әдәуір өсімінен кейін (2020 жылдың үкісінен салыстырғанда 13%-ға) Еуропада газға сұраныс бағаның өсуіне байланысты 3-ші тоқсанда шамамен 5%-ға төмендеді және 4-ші тоқсанда солай болып қалды, бұл энергетикалық секторда газдан көмірге көшүге әкелді.

2020-2022 жылдары Еуропада табиғи газға сұраныстың өзгеруі, % және млрд м³



Дереккөз: АҚШ-тың энергетикалық ақпарат басқармасы

ҚМГ дамуының басымдықтары

2021 жылғы 9 қарашада «ҚазТрансГаз» АҚ (кейіннен «QazaqGaz» АҚ) акцияларының 100%-ы ҚМГ-ден «Самұрық-Қазына» АҚ пайдасына берілді. Осылайша, «ҚазТрансГаз» АҚ үлттық компания мәртебесін алды, сонымен қатар газ және газ конденсатын көн орында-рында барлау мен өндіру бойынша басым құқыққа ие болды. ҚМГ Қазақстанның газ саласын жаңғы-рутуда және әртараптандыруға жәрдемдесуге ниетті және осы бағыт бойынша «ҚазТрансГаз» АҚ-мен ынтымақтастықты жалғастырады.

4. Мұнай-газ химиясы өніміне сұраныстың ұзақ мерзімді өсуі

Салыстырмалы қысқа тарихи кезеңде мұнай-газ химиясы барлық дерлік континенттерде берік позицияға ие болды және оның үлесі көптеген ел экономикасы құрылымында 10%-ға дейін құрайды. Research and Markets деректеріне сәйкес, әлемдік мұнай-химия нарығы 2020 жылы 365,0 млрд. АҚШ долларынан 2021 жылы 429,1 млрд АҚШ долларына дейін өсті, бұл ретте орташа жылдық өсу қарқыны 17,6% болды. 2028 жылға қарай әлемдік мұнай-химия нарығының көлемі 860,8 млрд АҚШ долларына жетеді деп күтілуде..

Әлемдік мұнай-химия нарығы, млн АҚШ долларымен

Нарық болжамына сәйкес өсімнің жиынтық орташа жылдық қарқыны 3%




Дереккөз: <https://www.researchandmarkets.com/reports/5240326>

Соңғы онжылдықта жаңа химиялық активтерге инвестициялар, негізінен, Қытайда, Солтүстік Америкада және Таяу Шығыста салынды, олардың әрқайсысында тез дамып келе жатқан нарықтар мен ішкі энергетикалық

және шикізаттық артықшылықтарды қоса алғанда, инвестиция салу үшін бірегей қозғаушы күш бар. Материктік Қытайдың инвестициялары көмірден химиялық заттарды өндіруге және пропилиен өндірудің

арнайы процестеріне бағытталған, бірақ жақында экологиялық бақылау шараларын, әсіресе көмірге негізделген химикаттарды енгізу салдарынан өсу баяулады.

2021 жылды бастапқы мұнай-химия өнімдерінің әлемдік тұтынуы, %




Дереккөз: HS Markit

Азия-Тынық мұхиты өңірі әлемдік мұнай-химия нарығындағы ең үлкен аймақ болған, ол 2021 жылы нарықтың 48%-ын алғып жатты. Солтүстік Америка екінші ірі аймақ (15%), ал Үнді субконтиненті әлемдік

мұнай-химия нарығындағы ең кіші аймақ болды. Болжам бойынша Азия-Тынық мұхиты өңірінде таяу болашақта ең жоғары орташа жылдық өсу қарқыны болады, оған шикі мұнайды өңдеу қуаттарының үлғаюы, халықтың

өсуі және қалың бұқараның өмір сүру деңгейінің артуы сияқты факторлар оң әсер етеді.

2021 жылды өнірлер бөлінісіндегі бастапқы мұнай-химия өнімдерін әлемдік тұтыну, %



Дереккөз: HS Markit

ҚМГ дамуының басымдықтары
ҚМГ полипропилен және полиэтилен өндіру бойынша мұнай-газ химиясы жобаларын дамытуда, сондай-ақ бутадиен өндіру жөнінде гибридные технологииның қолданылуы жаңа мүнай-газ нарығындағы өнімдердің өнімдік мөндерін арттыруға мүмкіндік береді. 2021 жылдың соңында Атырау облысындағы КРГ газ-химия кешенінде қуаты жылына 500 мың тоннаға жететін, 65-тен астам түрлі маркалы полипропилен өндіретін зауыттың негізгі құрылышы аяқталды. Жоба ішкі нарықтың полипропиленге сұранысын толығымен өтеуге

және өнімді халықаралық нарықтарға экспорттауға мүмкіндік береді.

5. Цифрлық технологиялардың жедел дамуы мен қолданылуы. Бизнес-процестерді цифрландыру және автоматтандыру

Соңғы жылдарды мұнай-газ үйімдарындағы технологиялық инновациялардың қарқыны едәуір ілгеріледі. Әлеуметтік, мобильдік, талда-малық және «бұлтты» технологиялар

компаниялардың технологиялық дамуының негізіне айналуда.

Жаһандық зерттеулер таяу жылдары мұнай-газ саласына барынша зор әсер ететін негізгі трендтерді атап көрсетеді: DARQ¹ технологияларын пайдалану, технологиялық бірегейлік, қызмет-керлердің кәсіби дағдыларын жаңа технологиялық шешімдермен қүшету, киберқауіпсіздік тәуекелдерін басқару және «шүғыл нарықта» жұмыс істеуге дайын болу және т.б.

¹ DARQ технологиялары тобына кіретіндер: (D - Distributed ledger technologies), жасанды интеллект (A - Artificial intelligence), кеңейтілген шынайылық (R - Extended reality), кванттық есептеу (Q - Quantum).

Мұнай-газ саласына технологиялар мен қосымшалар бойынша цифрлық технологияларды енгізу




COVID-19 пандемиясы мұнай ұнғымалары мен мұнай өндеу зауыттарын қашықтан бакылауды колдана үшін датчиктерді, заттар интернетін және «бұлтты» есептеулерді қолдануды

тездедti. Бұл үрдіс бүгінгі күні де сақталып отыр. Есептеу технологияларын, ауқымды деректерді, «бұлтты» технологияларды және машиналық оқытуды колдану активтердің

өнімділігін оңтайландыруды және қашықтағы операциялардың орындалуын қамтамасыз етеді.

COVID-19 пандемиясынан туындаған цифрлық трансформацияның дамуындағы жедел өсім, млрд АҚШ доллары



ҚМГ дамуының басымдықтары

ҚМГ-ның негізгі процестері автоматтандырылған, жекелеген процестер мен жүйелер бір-бірімен ішінәра біріктірілген. Цифрлық бастамалардың іске асырудың әртүрлі кезеңдерінде белгілі бір саны болады, бұл дегеніміз қазіргі уақытта ҚМГ бизнес қойған міндеттерді шешетінін, яғни қандай да бір болмасын реактивті цифрландыруды ұстанатынын көрсетеді.

Кемелденудің ағымдағы деңгейін ескере отырып, цифрландыру өндірістің нақты бизнес-проблемаларын шешетін және тікелей қаржылық пайда әкелетін нақты бастамаларды енгізуге назар аудара отырып, идеяларды іздеу кезеңінде бизнесті міндетті түрде тарта отырып, жекелеген ЕТҰ қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін бастамаларды іске асыруға бағытталатын болады. Түптеп келгенде бұлнегізгі қызметтің түйінді көрсеткіштерінің


тиімділігін арттыруға, жетуге және арттыруға бағытталған корпоративтік бизнес-процестерді автоматтандыру мен цифрландыру деңгейін арттыруды қамтамасыз етеді.

Компанияның цифрландыру жөніндеңі іс-шараларының бірі ҚМГ-ның экологиялық мониторингінің автоматтандырылған ақпараттық жүйесін (ЭМААЖ) әзірлеу және енгізу жөніндеңі жобасы болып табылады. Жүйе қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызметті кешенді автоматтандыруға, атап айтқанда, оның жай-күйі туралы ақпаратты жинауға, сақтауға, өңдеуге, талдауға арналған. Оны пайдалануға ҚМГ компаниялар тобының мүдделі қызметкерлері рұқсат ала алады.

6. Инвестициялық қауымдастықта ESG тұрақты дамуы мен қаржы құралдарының маңыздылығы артуда. Мұнай-газ саласында көміртекті бейтараптықта көшу тренди

2021 жылы Глазго қаласында 2020 жылы мерзімі ауыстырылған БҰҰ-ның Климаттың өзгеруі туралы негіз-демелік конвенциясы таралтарты конференциясының 26-шы сессиясы өтті. 2015 жылы Париж келісіміне қол қойылғаннан кейін әр 5 жыл сайын әрбір ел шығарындыларды азайту жоспарларын ұсынады немесе жаңартады, бұл үлттық деңгейде анықталған салымдар деп аталады. Экологиялық таза энергетикаға көшу туралы қол қойылған мәлімдеме аясында 40-тан астам ел 2030 жылға қарай – Экономикалық ынтымақтастық және даму үйіміна (ЭЫДҰ) мүше елдер үшін және 2040 жылға қарай бүкіл әлемде көмірден бас тартуға, сондай-ақ көмірмен жұмыс істейтін жаңа электр станцияларын мемлекеттік қаржыландыруды тоқтатуға міндеттенді. Сондай-ақ мәлімдемеге сәйкес, 2030 жылға қарай ЖЭК-ке салынатын жыл сайынғы халықаралық инвестициялар үш есе өсуі туіс.

2017-2025 жылдардағы жасыл бондтар эмиссиясының әлемдік көлемі, трлн АҚШ доллары




Казіргі уақытта жасыл облигацийлар үлттық деңгейде анықталған салымдарда (ОНУВ) баяндалған жеңілдегу және бейімдеу мақсаттарына қол жеткізу үшін капиталды тарту құралы ретінде қарастырылады.

2016 жылы БҰҰ-ның Климаттың өзгері туралы негіздемелік конвенциясы тараптары конференциясының 22-шы сессиясында аталған басты мақсаттардың бірі – «жасыл» қаржыландыруға салынатын инвестициялардың мөлшерін 1 трлн АҚШ долларына жеткізу болды. Climate Bonds Initiative бағалауы бойынша «жасыл» инвестициялардың ағымдағы өсу траекториясы 2022 жылы осы салым деңгейнінде және 2025 жылға қарай 5 трлн АҚШ долларына қол жеткізуге мүмкіндік береді. Осы онжылдықта аталған көрсеткіштерге жету капиталдың климаттық шешімдерге жаппай көшуінің негізгі көрсеткіші болып табылады.

2021 жылы «жасыл» инвестиациялардың әлемдік көлемінің ең көп үлесі ЖЭК секторына, одан кейін тәменкөміртекті құрылыш пен көлік секторына тиесілі болды.


АҚШ пен Германия жетекші позициярын, бірінші және екінші орындарды сақтап қалды. Франция, 2020 жылы жасыл инвестиациялардың көлемі бойынша үшінші ірі эмитент елі, 2021 жылы бір позицияға көтерілген Қытайға жол берді. Қазақстан көмірсүткөн энергетикасынан ЖЭК-ке енді кеше бастады. «Астана» халықаралық қаржы орталығының (AIFC) жасыл қаржы орталығының (GFC) деректерінен сәйкес, Қазақстандағы «жасыл» бондардың жалпы шығару көлемі 250 млн АҚШ долларынан асады. Сондай-ақ ҚМГ ұзақ мерзімді перспективада 2022-2031 жылдары ҚМГ-ның тәменкөміртекті дамыту бағдарламасын іске ассыру үшін инвестиациялардың қосымша көзі ретінде «жасыл» бондарды шығару мүмкіндігін қарастыруы ықтимал.

2021 жылы жасыл инвестиациялардың мақсатты пайдалануы, %



Дереккөз: Climate Bonds Initiative 2022

2021 жылы жасыл инвестиация бойынша 20 үздік ел, млрд АҚШ долларымен



¹ DARQ технологиялары тобына кіретіндер: үлестірілген тізілім (D - Distributed ledger technologies), жасанды интеллект (A - Artificial intelligence), кенейтілген шынайылық (R - Extended reality), кванттық есептеу (Q - Quantum).

ҚМГ дамуының басымдықтары

ҚМГ әлеуметтік-жауапты бизнес жолымен жүруді жалғастырады, қоршаған ортаны қорғауды басқару жүйесін жетілдіреді, тұрақты даму мәселелері бойынша барлық мұдделі тараптармен тұрақты диалог жүргізеді, қызметін жүзеге асыратын өнірлерде қоршаған ортаны сақтау және әлеуметтік тұрақтылық мәселелеріне елеулі назар аударады. Осылайша, Компания қызметінің маңызды ESG аспекттері туралы мұдделі тараптар алдында ашық коммуникацияларды, хабардар ету және тұрақты есептілікті қамтамасыз ету бойынша өз міндеттемелерін орындаиды.

Дүниежүзілік жабайы табиғат коры (WWF), Creon Group және Сараптамалық кредиттік рейтинг агенттігі өткізген еуразиялық «"Мұнай-газ компанияларының экологиялық акпаратының ашықтығы рейтингі» - 2021 қорытындысы бойынша «КазМұнайГаз» ҰК АҚ қазақстандық компаниялар арасында бесінші жыл қатарынан бірінші орын алып отыр.

Сондай-ақ «КазМұнайГаз» ҰК АҚ еki жыл қатарынан 96 үйім арасында PwC Kazakhstan өткізетін корпоративтік есептердегі қаржылық емес акпаратты ашу бойынша 50 үздік компания рейтингісінде бірінші орынды иеленді. Зерттеу шеңберінде қазақстандық компаниялардың 2021 жылы жарияланған жылдық есептерінде және тұрақты дамуы туралы есептеріндегі ESG-акпараттың сапасы мен қолжетімділігі бағаланды.

Рейтингтің мақсаты - компаниялардың ESG-акпаратты қалай ашатыны бағалау, үздік тәжірибелерді анықтау және одан әрі даму үшін ұсыныстар беру

Ішкі драйверлер және олардың стратегияның іске асырылуына әсері

1. 2021 жылғы Қазақстанның мұнай-газ саласының дамуы

EIA деректері бойынша, Қазақстан 1911 жылдан бері мұнай өндіріп келеді, бұрынғы кеңестік республикалар арасында Ресей Федерациясынан кейін екінші мұнай қорының көлемі бойынша екінші және мұнай өндіру бойынша да екінші орында тұр.

Мұнай-газ индустриясы көмірсүтек шикізатының (КСШ) едәуір қорының арқасында Қазақстан экономикасының негізгі секторы болып табылады. 2021 жылғы қазанда жарияланған бесінші Үлттық энергетикалық баяндамасында «KAZENERGY» қазақстандық мұнай-газ және энергетика кешені ұйымдары қауымдастырының бағалауы бойынша басқада іргелес (тасымалдау, өндіру нысандарының құрылышы және геология сияқты) секторламен бірге бұл сала Қазақстанның жалпы ішкі өнімінің (ЖІӨ) шамамен 17%-ын құрайды. Шикі мұнай және табиғи газ өндіру секторы 2021 жылы тікелей шетелдік инвестициялардың жалпы ағынының 28%-ын тартты. Шикі мұнай, табиғи газ және мұнай өнімдері экспорттының үлесі 2021 жылы Қазақстанның барлық экспорттының 57%-ын құрайды.

Соңғы онжылдықтарда өндірістің кеңеюі елдің әлемдік көмірсүткөтер нарығындағы орнын едәуір нығайтты. ВР деректеріне сәйкес Әлемдік энергетиканың статистикалық шолуында (2021 жылғы шілде) Қазақстан дәлелденген қорлар бойынша өлемде 12-ші орын алады.

Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Мұнай және газ акпараттық-талдау орталығының деректері мен талдауына сәйкес, Қазақстанда 2021 жылды 85,9 млн тонна шикі мұнай және газ конденсаты (тиісінше, 83,3 млн тонна және 2,5 млн тонна) өндірілді, бұл көрсеткіш 2020 жылмен салыстырғанда 0,3%-ға артты. Энергетика министрлігінің деректеріне сәйкес, мұнай экспортты 67,6 млн тоннаны құрады. Газ өндіру 2020 жылмен салыстырғанда 2,4%-ға төмендей, 2021 жылды 53,8 млрд м3 құрады. Энергетика министрлігінің деректеріне сәйкес, газ экспортты 7,7 млрд м3 құрады.

Энергетика министрлігінің 2021 жылғы желтоқсан айының соңындағы жоспарына сәйкес, Қазақстанда 2022 жылы мұнай өндіріу 87,5 млн тонна деңгейінде қутіледі. Сонымен қатар 28,73 млн тонна «Тенгішшевройл» ЖШС (ТШО), 14,9 млн тонна Қашағанжәне 10,87 млн тонна Қарашиғанак қүшімен өндіріледі деп жоспарлануда. 2022 жылы экспортқа жөнелтілетін мұнайдың болжамды көлемі 67,5 млн тоннаны құрайды.


2021 жылды Қазақстандағы газ балансы, млрд м³

■ Импорт
■ Газ өндіру

2021 жылды Қазақстандағы газ балансы, млрд м³

■ Технологиялық қажеттілікке
■ Газ сату
■ Қабатқа қайта айдау
■ Экспорт (тасымалдау)

2021 жылды Қазақстанда мұнай және газ конденсатының өндіру күрылымы, %



■ «Тенізшевройл» ЖШС
■ «Норт Каспий Оперейтинг Компани Б.В.»
■ «Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг Б.В.»
■ «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ
■ «Өзенмұнайгаз» АҚ
■ «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ
■ «Ембімұнайгаз» АҚ
■ «Қаражанбасмұнай» АҚ
■ «Қазгермұнай» БҚ» ЖШС
■ Фәзелері

Дереккөз: Энергетика министрлігінің Мұнай және газ ақпараттық-талдамалық орталығы

Мұнай және газ тасымалдау

Қазақстанда мұнай мен газды тасымалдау және өндіре бойынша заманауи және әртараптандырылған инфрақұрылым құрылған. Дамыған мұнай және газ тасымалдау инфрақұрылымының болуы әлемдік у нарықтарға шығу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Мұнай және газ өндіреу

Энергетика министрлігінің Мұнай және газ ақпараттық-талдау орталығының деректеріне сәйкес, 2021 жылдың қорытындысы бойынша мұнай өндіре зауыттарында мұнай өндіре көлемі 17,03 млн тоннаны құрап, алдыңғы кезеңге қарағанда

7,7%-ға артты. Барлық маркалы бензин өндірісі 4,81 млн тоннаны құрап, 2020 жылмен салыстырғанда 7,3%-ға үлғайды. Авиаотын өндірісі 0,587 млн тоннаға дейін үлғайды, бұл 2020 жылмен салыстырғанда 34%-ға көп. Ал дизель отынның өндіру 4,87 млн тоннаны құрап, 2020 жылмен салыстырғанда 7%-ға үлғайғанын көрсетti.

Қазақстанның мұнай-газ индустриясындағы ҚМГ позициясы
ҚМГ – қосылған құнды қалыптастыру тізбегінің барлық кезеңдерінде толық интеграцияланған Қазақстанның мұнай-газ саласының үлттық көшбасшысы.

2021 жылдың өндіру деңгейі ескеріле отырып, дәлелденген мұнай және конденсат қорларының (1Р) еселігі 16,5 жылды құрады, бұл әлемдегі ең ірі халықаралық мұнай компаниялары арасындағы орташа көрсеткіштен айтарлықтай жоғары – шамамен 11 жыл (2020 жылдың нәтижелері бойынша). 2021 жылдың өндіру деңгейі ескеріле отырып, ҚМГ-ның дәлелденген және ықтимал мұнай және конденсат қорларының еселігі (2Р) 23,7 жылды құрады.

Компанияның ішкі бағалаудына сәйкес ҚМГ 2021 жылдың операциялық нәтижелері бойынша Қазақстанда мұнай және конденсат

өндіруде көшбасшы орынға ие.
2021 жылы Қазақстанда мұнай және
конденсат өндіру сегментінде
ҚМГ үлесі 25%-ды, ал газ өндіру
сегментінде - 15%-ды қурады.

Компания 2021 жылы мұнай өндөу бойынша 82%-денгейінде нарық үлесімен Қазақстандағы төрт ірі мұнай өндөу зауытын бақылайды. ҚМГ Қазақстанның үш негізгі мұнай өндөу зауытын жаңғыру бойынша ірі инвестициялық бағдарламаны іске асырды, бұл мұнай өндөу қуаттарын ұлғайтуға және мұнай өнімдерінің сапасын жақсартуға, ішкі нарықтың

қажеттіліктерін өтеу үшін мұнай өнімдерінен толық қамтамасыз етуге, сондай-ақ өнірлік нарықтарға мұнай өнімдерінің экспортын кеңейтуге ықпал етті.

ҚМГ басқаруындағы мұнай-көлік инфрақұрылымы әртаратаптандырылған болып табылады және жоғары транзиттік және экспорттық әлеуетке ие. Мұнайды магистральмен және төңізбен тасымалын қоса алғанда, ҚМГ мұнай тасымалдау сегментіндегі нарық үлесі 2021 жылдың көршілдіктерінде 56%- курады.

2021 жылғы 9 қарашада
«ҚазТрансГаз» АҚ («QazaqGaz» АҚ)
акцияларының 100%-ы ҚМГ-ден
«Самұрық-Казына» АҚ пайdasына
берілді. Осылайша, «ҚазТрансГаз»
АҚ («QazaqGaz» АҚ) үлттық компания
мәртебесін алды және газ бен газ
конденсатын кен орындарында
барлау мен өндіру бойынша басым
құқыққа ие болды. ҚМГ Қазақстанның
газ саласын жаңғыруға және
әртараптандыруға жәрдемдесуге
ниетті және осы бағыт бойынша
«ҚазТрансГаз» АҚ-мен («QazaqGaz»
АҚ) ынтымақтастырын жалғастырады.

2021 жылы Қазақстандағы сегменттер бойынша ҚМГ нарығының үлесі, %



Дереккөз: Компанияның бағалаулары, Энергетика министрлігінің Мунай және газ ақпараттық-талдамалық орталығы

Бәсекелестік талдау

Көмірсүтекті барлау

2020-2021 жылдардағы мұнай мен конденсаттың дәлелденген қорының (1Р) еселігі



ҚМГ дамуының басымдықтары


ҚМГ бар күш-жігерін елдің мұнай-газ саласын одан әрі дамытуға шоғырландырады және Үкіметке Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму міндеттерін шешуге жөрдемдеседі. Компания мұнай-газ саласында мемлекет мұддесін қорғайды және жоғары әлеуметтік жауапкершілік көтереді. Бизнестің тиімді және орнықты дамуы үлттық экономикалық бәсекеге қабілеттілікпен, әлеуметтік әл-ауқатпен, табиғи байлықтарды сақтаумен және тиімді пайдаланумен тығыз байланысты. ҚМГ энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, Қазақстанның дамуы мен өркендеуі үшін болашақ үрпаққа қамқорлық жасай отырып, табиғи ресурстарды тиімді және үтімді игеру жөніндегі өз миссиясын ұстады. ҚМГ миссиясына сәйкес төрт стратегиялық мақсат айқындалды:

1. Компанияның өсуін қамтамасыз етуге арналған жеткілікті ресурстық база,
2. Компанияның құны тізбегінің тиімділігін арттыру,
3. бизнесті әртаратандыру және өнімдер портфелін кеңейту,
4. Тұрақты даму және өндірістің көміртек сыйымдылығын үдемелі төмendetу.

2. Қазақстанда мұнай-газ химиясы саласын дамыту

Қазақстан мұнай-газ химиясы өнеркәсібін белсенді дамытуда. Соңғы он жылда жаңа кәсіпорындардың іске қосылуына байланысты мұнай-газ химиясы өнімдері өндірісінің өсуі байқалады. 2021 жылдың қорытындысы бойынша мұнай-газ химиясы өнімдерін өндіру көлемі 185 мың тонна деңгейінде күтіледі және 2022 жылдың

Қазақстанда 2021 жылы мұнай мен конденсат өндіруді бағалау, млн тонна



Дереккөз: Компанияның бағалаулары, Энергетика министрлігінің Мұнай және газ ақпараттық-талдамалық орталығы

жоспарларға сәйкес 560 мың тоннаға дейін өседі.

2021 жылдың соңында Атырау облысындағы KPI газ-химия кешенінде қуаты жылына 500 мың тоннаға жететін, 65-тен астам түрлі маркалы полипропилен өндіретін зауыттың негізгі құрылышы аяқталды. Сондай-ақ, 2021 жылы Шымкент каласында қуаты 57 мың тонна бензинге арналған октан көтеретін қоспа шығаратын және Атырау қаласында қуаты 57 млн м³ азот және 34 млн м³ құрғақ сығылған ауа шығаратын зауыттар пайдалануға берілді.

Бірқатар ірі жобаларды атап айтқанда полиэтилен (1,25 млн. тонна), терефталь қышқылы, полиэтилентерефталат (1,25 млн. тонна) және бутадиен (189 мың тонна) өндіру жобаларын іске ассыру жоспарлануда,

ҚМГ дамуының басымдықтары

ҚМГ Қазақстан Республикасы Үкіметінің қолдауымен отандық мұнай-газ химиясы саласын дамыту процесіне жан-жақты тартылатын болады. Мұнай-газ химиясы үлттық экономика өсүінің тағы бір қозғаушы күшіне айналады, себебі бұл сала еліміз бойынша мультиплікативтік әсерге ие.

3. Қазақстанның ОПЕК+ келісіміне қатысы


ОПЕК+ елдері 2020 жылдың сәуірінде кейіннен өндірісті біртінде үлгайта отырып, мұнай өндіруді қыскарту туралы шешім қабылдады. Қазақстан Үкіметі ОПЕК+ қатысуышы ретінде 2020 жылғы 1 мамырдан бастап мұнай өндіруге уақытша шектеулер енгізді. «Барлау және өндіру жөніндегі операцияларды және көмірсүткөрді өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу үшін жер қойнауы учаскелерін пайдалануға уақытша шектеулер енгізу туралы» ҚР Үкіметінің қаулысына сәйкес 2020 жылдың соңына дейін ҚМГ-ның белгілі бір көң орындары бойынша шектеулер енгізілді. ҚМГ өзіне алған міндеттемелерді толық орындауда.

ОПЕК+ елдері келісім қатысуышылары шектеулерді алып тастағанға дейін 2021 жылғы тамыздан бастап бір айда тәулігіне 400 мың баррельге мұнай өндіру қарқының ай сайын қалпына келтіру туралы шешім қабылдады. Бұл жоспар негізгі болып табылады. Оны 2022 жылдың көктеміне дейін сақтау жоспарланған. Алайда ОПЕК+ белгісіздігінің жоғары болуына байланысты ай сайын алдағы кезеңге раставу немесе кайта қарау үшін онлайн конференциялар өткізеді.

ҚМГ дамуының басымдықтары

Компания қызметіне COVID-19 пандемиясының және ОПЕК+ келісіміне байланысты шектеулердің теріс әсеріне қарамастан, қабылданған дағдарысқа қарсы шаралар Компанияға жаңа жағдайларға жылдам бейімделуге және қаржылық тұрақтылықты сақтауға мүмкіндік берді.

2017-2021 жылдары Қазақстанда сұйық көмірсүткөр (мұнай және конденсат) өндірісі



4. Жаңа Экологиялық кодекс

2021 жылғы 1 шілдеден бастап Қазақстан Республикасының жаңа Экологиялық кодексінің нормалары қолданылады. Кодекс ластанудың алдын алу және ірі өнеркәсіптік кәсіпорындардың ең озық қолжетімді техникаларды енгізу жөніндегі шараларды қөздейтін «ластаушы төлейді және түзетеді» қафидатына негізделді. Экологиялық кодекс қоршаған ортаға әсерді бағалаудың жаңа тәсілдерін, қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақыны және өндіріс пен тұтыну қалдықтарын басқаруды жетілдіруді, сондай-ақ, айыппұл санкцияларының айтарлықтай ұлғаюын қөздейді. Бұл қоршаған ортаның жағдайын едөүр жаксартуға ықпал етеді. Алғашқы кезеңде мұнай-газ саласын қоса алғанда, ауаны ластаудың 80%-ы тиесілі 50 ірі кәсіпорын жоспарлы түрде озық қолжетімді техникаларға (ОҚТ) көше бастайды.

Жаңа экологиялық кодексті енгізу аясында ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Экологиялық ақпараттың барлық мемлекеттік корын біркітпетін және . ел операторларының қызметін қолдау мен дамытудың маңызды платформасы болып табылатын Бірыңғай экологиялық порталды¹ іске кости. Қоршаған ортаны қорғау және тұрақты даму саласындағы процестерді цифрландыру үшін осы порталдың қызметтерін пайдалануда үлкен әлеует бар. Портал қалдықтар мен шығарындылар бойынша есептілікті тапсыру, кәсіпорындардың санаттарын айқындау сияқты бизнес-процестерді автоматтандыруға мүмкіндік береді.

ҚМГ дамуының басымдықтары

ҚМГ өз қызметінің қоршаған ортаға әсерін барынша азайту жөніндегі шараларға жіті назар аударады. ҚМГ еншілес кәсіпорындарда экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және табиғи ортаға әсерді кешенді бағалау мақсатында бірқатар шараларды орындаады. Компанияның цифрландыру жөніндегі іс-шараларының бірі ҚМГ-ның экологиялық мониторингінің автоматтандырылған

ақпараттық жүйесін өзірлеу және енгізу жөніндегі жоба болып табылады. Жүйе қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызметті кешенді автоматтандыруға, атап айтқанда, оның жай-куйі туралы ақпаратты жинауға, сақтауға, өндеуге, талдауға арналған.

2021 жыл ҚМГ компаниялары тобы бойынша Экология жылы болып жарияланды. Мақсаты – табиғатты қорғау қызметіне назар аударуды арттыру, қоршаған ортаға көрінісін төмендету, сондай-ақ жаңа экологиялық талаптар мен жаһандық үрдістерге сай болу үшін шаралар қабылдау.

5. Қазақстан Республикасының 2060 жылға дейін көміртек бейтараптығына қол жеткізу доктринасы (стратегиясы)

Қазақстан Республикасында қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының 2060 жылға дейін көміртек бейтараптығына қол жеткізу доктринасы (стратегиясы) өзірленуде. Стратегия 2060 жылға дейінгі болашақта экономикадамуының екі түрлі сценарийі туралы түсінік береді. Көміртекті бейтараптыққа көшу үшін қажетті инвестицияларды сценарлық талдау және бағалау технологиялық шешімдерді, жүйелі қарқынды және макроэкономикалық әсерлерді кешенді модельдеу негізінде жүргізіледі.

Климаттың өзгеруіне қарсы құрес шараларының нұсқаларын талдаудан басқа, стратегияда жергілікті экономикалық, әлеуметтік және экологиялық артықшылықтарға қол жеткізуде маңызды рөл атқаратын ПГ шығарындыларын азайту мен көміртек сіңірілуін арттырудың ілеспе пайдасын бағалау мазмұндалған.

Бұдан басқа, стратегияда инвестициялық қызмет пен нарықты дамыту үшін ынталандыруды қамтамасыз ететін реттеуші шаралар, сондай-ақ халықтың хабар болуын арттыру сияқты саясаттың қазіргі кедергілері мен мүмкіндіктері талқылады. Декарбонизация саясатының макроэкономикалық әсері өткен

жылдардағы саясатты жалғастырудың эталонымен салыстырғанда өршіл Климаттық мақсаттары азырақ, деп бағаланады.

Климаттың өзгеруіне қарсы құрес жөніндегі шаралардан басқа, климаттың өзгеруіне бейімделу Қазақстан үшін үлкен сын-тегеуін болып табылады. Стратегияда климаттың өзгеруіне және оның салдарына, мемлекеттің үшін бейімдеу мақсаттары мен шараларына шолу ұсынылған. Жерді пайдалану және ауыл шаруашылығы, су ресурстарын басқару және таза энергия саласындағы жобалар сияқты ерекше ұлттық басымдықтарды коса алғанда, бейімделу және климаттың өзгеруіне қарсы құрес жөніндегі іс-қимылдардың зара байланысы талданады.

ҚМГ дамуының басымдықтары

Климаттық жай-куйіді және көміртекті реттеудің күшеттідің маңыздылығын ескере отырып, Компания 2022-2031 жылдарға арналған Төменкөміртекті дамыту бағдарламасын бекітті.

Бағдарлама төменкөміртекті дамытудың бірыңғай негізін корпоративтік басқарудың ажырамас құрамдас бөлігі ретінде айқындауды және Компанияның көміртек ізін азайту саласындағы қызметтің жүйелейді. Негізгі мақсат – ҚМГ-ның климаттық амбицияларын айқындау, қолда бар әлеуетті талдау, дамудың негізгі бағыттарын айқындау және дайындық деңгейін арттыру арқылы көміртек ізін азайту саласындағы негізгі тәсілдер мен шараларды жүйелеу болып табылады. Елдік амбициялар мен үміттерді ескере отырып, ҚМГ өз алдына 2031 жылға қарай көмірқышыл газының шығарындыларын 2019 жылғы шығарындылар деңгейінен 15%-ға немесе 1,6 млн тоннаға қысқарту мақсатын қояды. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін ҚМГ энергия тиімділігі және энергия үнемдеу жөніндегі қызметті күшетті, сондай-ақ, ЖЭК-ты өзінің технологиялық мақсаттарында пайдалану әлеуеттін арттыруды жоспарлап отыр.

¹ Бірыңғай экологиялық портал – <https://ecoportal.kz/Home/Contact>



6. Геология саласының 2021-2025 жылдарға арналған үлттық жобасы

2021 жылы Геологиялық-барлаудың 2021-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы Геология саласын дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған үлттық жобасы болып қайта жасалды.

Соңғы онжылдықта Қазақстан Республикасында көптеген полиметалл рудаларының кеніштері игеріліп, кейбір облыстарда жыл сайын мұнай өндіру көлемі төмендеуде. Дегенмен елімізде көмір-сұтектер мен қатты пайдалы қазбалардың жаңа кен орындарын ашу перспективалары бар.

Сондықтан үлттық жобаға сәйкес мейлінше аз зерттелген шөгінді бассейндердің мұнай-газ әлеуетін анықтау және тау-кен аудандарындағы «терең горизонттарды» зерттеу көзделіп отыр.

Үлттық жобаны іске асыру аумақтың зерттелу көлемін арттыруға, пайдалы қазбалардың болжамды ресурстарын бағалауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, жоба геологиялық-барлау жұмыстары кезінде халықтың жұмыспен қамту үлесін арттыруға, инвестициялар тартуға және тау-кен байыту комбинаттарын салу мен пайдалану кезінде жаңа жұмыс орындарын құруға мүмкіндік береді.

ҚМГ дамуының басымдықтары

Қазақстан Республикасында жаңа қорларды барлау мен әзірлеуді ҚМГ, оның ішінде халықаралық мұнай-газ компанияларымен стратегиялық серіктестік негізінде іске асыратын болады. Қорлар өсімінің тиімділігін арттыру үшін геологиялық-барлау өңдеудің жаңа әдістерін, геологиялық-геофизикалық материалдарға қайта сапалы түсінік беруді және жаңа буын технологияларымен сейсмикалық-барлау жүргізуіді қоса алғанда, заманауи технологиялар мен әдістерді қолдана отырып жүргізілетін болады.

7. Қазақстан экономикасы

Пандемия кезінде төтенше жағдай режимі мен шектеу шаралары қолданылған жағдайда өткен жылы әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты сақтау үшін дағдарысқа қарсы шаралардың үш пакеті - халық пен бизнесті қолдау жөніндегі шұғыл шаралар, әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты сақтау жөніндегі жедел шаралар, экономикалық өсуді қалпына келтіру жөніндегі кешенді жоспар қабылданып, іске асырылды.

Карантиндік шаралардың әлсіреуі және әлемдік экономиканың біртіндеп қалпына келуі салдарынан шикізат тауарларына бағаның, сауда және экономикалық белсенділіктің қалпына келуін көрсете отырып, Қазақстанның нақты ЖІӨ өсүі 4,0%-ды құрады. ЖІӨ-нің өсүіне көлік саласы, құрылыш және өнеркәсіп негізгі оң үлесін қосты. Көлік саласының өсүіне жұк айналымы мен жолаушылар айналымы көлемінің үлғаюы ықпал етті. ЖІӨ-нің өсүіне қарамастан, сауда-саттық саласында құлдырау байқалды. Сауда-саттықтың баяулауына карантиндік шектеулердің алынбауы және сұраныстың төмендеуі көрі әсерін тигізді.

Дамыған елдерде монетарлық саясаттың күшіне тусуі, басталуы АҚШ долларының нығаюы және дамушы нарықтардан капиталдың жылыстауы тенге қысымына себеп болды. 2021 жылы тенге бағамы 2,6%-ға әлсіреді. Тенге үшін айқындауышы ішкі фактор салындарды долларсыздандыру/долларлан-дыру карқыны және төлем балансының жай-күйі болып табылады. Қазақстанның экспорт көлемінің үлғаюына ықпал ететін мұнай бағасының өсүіне қарамастан, импорт өсуді жалғастырып, тенгеге қысымын


көрсетті. Импортқа тәуелділік халық пен бизнестің долларсыздандыруын шектейтін себептердің бірі болып табылады.

2021 жылдың қорытындысы бойынша инфляция 8,4%-ды құрады. Бұл деңгей Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес 8,5% шегінде, бірақ инфляция бойынша 2021 жылға арналған мақсатты бағдардан жоғары болып тұр. Инфляция бойынша 2022 жылға арналған мақсатты бағдар – 4-6%, 2023 жылдан бастап 4-5%-ға дейін төмендейді. Орта мерзімді перспективада инфляция 2025 жылы 3-4%-ға дейін төмендейді деп күтілуде.

Халықтың шектеу шараларына бейімделуіне байланысты тұтынушы сұранысының біртіндеп қалпына келуі, сондай-ақ өндірушілер шығындарының артуы, бұкіл әлемде жеткізілім тізбегінің бұзылуы және серікtes елдердегі инфляцияның өсүі бағаның қымбаттауына әсер етті. Инфляцияның монетарлық емес факторларын тұрақтандыру мақсатында 2021 жылғы қыркүйекте ҚР Үкіметі ҚР Ұлттық Банкімен бірлесіп, «2021-2024 жылдарға арналған инфляцияға қарсы ден кою шараларының кешенін» іске асыруды бастады. Бұл бағаның жалпы өсүіне негізгі үлес қосқан азық-түлік инфляциясын 9,9% деңгейінде тұрақтандыруға мүмкіндік берді.

Өз тарапынан ҚР Ұлттық банкі инфляцияны төмөндету және инфляциялық болжамдарды тежеу үшін дезинфляциялық ақша-кредит саясатын жүргізуі жалғастырды. Осылайша, 2021 жылғы шілдеден бастап базалық мөлшерлеме жиынтығында үш рет 0,75 т.т. – 9,0-дан 9,75%-ға дейін көтерілді.

2020 жылмен салыстырғанда 2021 жылы экономика секторлары бойынша өсу, %




ҚМГ дамуының басымдықтары

Қалыптасқан дағдарысқа жауап ретінде ҚМГ 2020-2021 жылдарға арналған дағдарысқа қарсы шараларды әзірледі және толық көлемде табысты іске асырды, бұл дағдарыстың Компанияға әсерін айтартытай жұмсартуға мүмкіндік берді. Дағдарысқа қарсы шаралардың негізгі мақсаты өндірістік және адами әлеуетті барынша сақтай отырып, Компанияны мұнайдың төмен бағасына бейімдеу болды.


ҚМГ өз қызметінде мұнай-газ саласын дамыту бойынша мемлекеттің негізгі стратегиялық мүдделерін іске асыруға бағдарланады. Компания еліміздің стратегиялық құжаттарын басшылыққа алады және Қазақстан Республикасының экономикасы мен әлеуметтік бастамаларын қолдауға бағытталған даму бағдарламаларын жүзеге асырады.

Инфляция және құтілетін инфляция, %



Дереккөз: Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы, FusionLab

2021 жылғы теңгенің АҚШ долларына шаққандағы айырбастау бағамының динамикасы





ҚМГ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ

ҚМГ 2022-2031 жылдарға арналған жаңа даму стратегиясын бекіту

Тігінен интеграцияланған ұлттық мұнай-газ компаниясы ретінде ҚМГ өзінің алдына қойылған міндеттерді ойдағыдан орындауды, күш-жігерін елдің мұнай-газ саласын одан әрі дамытуға шоғырландырады және Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму міндеттерін шешуде Үкіметке жәрдемдеседі.

2017 жылға дейін Компания инвестициялар мен сатып алу есебінен қарқынды өсу стратегиясын іске асырды, оларды қаржыландыру қарыз капиталы жолымен жүргізілді, ғұл ҚМГ борышының жоғары деңгейінің негізгі себеби болды. Компания ірі активтерді сатып алуды жүзеге асыра алды, көмірсутек қорларын арттырды, мұнай өндөу қуаттарын жаңғыртуды жүргізді, ел ішінде және Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде мұнай мен газды тасымалдау және экспорттау үшін жаңа инфрақұрылымды кеңейтіп құрды. Ғұл экономиканың дәйекті дамуын қамтамасыз етті және елдің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге үлес қости.

Компанияның 2018 жылы қабылдаған Даму стратегиясы біртінде органикалық өсуге бағытталған және ең бастысы қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуге негізделген. Компания негізінен осы жылдар ішінде өзінің алдында тұрған орта мерзімді міндеттерді шешті.

2020 жылы әлемдік дағдарыстың жағымсыз салдарын еңсеру мақсатында ҚМГ 2020-2021 жылдарға арналған дағдарыска қарынша шараларды өзірледі. ҚМГ ОПЕК + келісімі аясында мұнай мен конденсат өндіруді қыскарту бойынша өзіне алған міндеттемелерін орындады, қызметтің барлық бағыттарында өндірістік процестің үздіксіздігін қамтамасыз етті, қаржылық тұрақтылығын сақтады, даму жобаларына инвестицияларды іске асыруды жалғастырды және болашақ өсу үшін әлеуетін сақтап қалды.

Әлемдік трендтердің өзгеруі, стейкхолдерлердің мұддесіндейгі жаңа стратегиялық міндеттер, сондай-ақ Компанияның жаңа мүмкіндіктері ҚМГ 2021 жылы өзінің даму стратегиясын өзектендіру бойынша ауқымды жұмыс жүргізуіне себеп болды, оның барысында 2031 жылға дейінгі алдағы 10 жылдық кезеңге арналған басым мақсаттарын айқындаады.

Компанияның бүгінгі күннің сын-тегеуріндерге қарынша алатын және ҚМГ-ның одан әрі ұзақ мерзімді дамуына ықпал ететін жаңа пайымы, миссиясы және стратегиялық мақсаттары тұжырымдалды.



ҚМГ дамуының негізгі бағыттары

2031 жылға дейінгі жаңа Даму стратегиясының аясында ҚМГ негізгі қызметіне баса назар аударады және барлық негізгі сегменттерде органикалық өсуді және операциялық қызметті жақсартуды қамтамасыз етуге үмтүлады.

ПАЙЫМЫ

Қауіпсіздіктің жоғары стандарттарына және тұрақты даму қафидаттарына жауп беретін, қаржылық нәтижені барынша арттыруға бағдарланған тігінен интеграцияланған ұлттық мұнай-газ компаниясы.


МАҚСАТТЫ КӨРСЕТКІШТЕР – 2031	
СО ₂ ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫН 2031 ЖЫЛҒА ҚАРАЙ 15%-ға ТӨМЕНДЕТУ	ЭЛЕКТР ТҮТІНУ БАЛАНСЫНДАҒЫ ЖӘК УЛЕСІН 15%-ға ДЕЙІН ҰЛҒАЙТУ
	2031 ЖЫЛҒА ҚАРАЙ Өндірістің көміртекі мен энергия сыйымдылығын кемінде 10%-ға ТӨМЕНДЕТУ
ESG-тәуекел-рейтингінің орташа деңгейі	

МИССИЯСЫ

Біз энергетикалық қауіпсіздікти қамтамасыз ету, Қазақстанның дамуы мен өркендеуі үшін болашақ үрпаққа деген қамқорлықпен табиғи ресурстарды тиімді және ұтымды игереміз.

АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ НЕГІЗГІ БАСЫМДЫҚТАРЫ

- Портфельді тиімді басқару
- Жауапты инвестициялар
- Тұрақты даму



МАҚСАТТЫ КӨРСЕТКІШТЕР – 2031		
ҚОРЛАРДЫҢ ӨСҮІ +299 млн тонна	МУНАЙДЫ ЖИЫНТЫҚТЫ ӨНДІРУ 240 млн тонна ҚАЗАҚСТАНДЫҚ МӘЗДЕРДЕ МУНАЙ ӨНДЕУ ТЕРЕНДІГІН 89%-ға ҰЛҒАЙТУ	ПОЛИЭТИЛЕН, ПОЛИПРОПИЛЕН ЖӘНЕ БУТАДИЕН ӨНДІРУ БОЙЫНША БЕЛГЛЕНГЕН МУНАЙ-ХИМИЯ ЖОБАЛАРЫН ІСКЕ АСЫРУ
Стратегиялық мақсаттары		Стратегиялық мақсатты іске асыру нәтижесінде шешілетін міндеттер

ҚМГ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ

№1 стратегиялық мақсат «Компанияның өсуін қамтамасыз ету үшін жеткілікті ресурстық қор»

Компания 2045 жылға қарай мұнай әлемдік сұраныстың 28,1% үлесімен басымдықты отын түрі болып қала беретіні жөніндегі әлемдік мұнай нарығының талдамалық зерттеулерін ескере отырып, көмірсутектерді өндіру бойынша дәстүрлі қызметін сақтап қалды.

Осы стратегиялық мақсат аясында ҚМГ органикалық және бейорганикалық өсу арқылы дәстүрлі қызмет үшін, сондай-ақ перспективалы бағыттар үшін де жеткілікті корлардың өсуін қамтамасыз етуді жоспарлап отыр.

Қазақстан Республикасында жаңа корларды барлау мен өзірлеуді ҚМГ, оның ішінде халықаралық мұнай-газ компанияларымен стратегиялық серікестік арқылы іске асырады.

Қосымша жаңа активтерді іздеу мен сатып алуды ҚМГ M&A мәмілелері, олардың құны және нарықтың жалпы конъюнктурасы бойынша ұсынystар болған кезде жүзеге асыратын болады.

ҚМГ ABC1 мұнайының жиынтық қорын 299 млн тоннаға, оның ішінде органикалық өсу есебінен 253 млн тоннаға арттыруға үмтүлады.

ҚМГ ABC1 МҰНАЙДЫҢ ЖИЫНТЫҚТЫ ҚОРЫН
299
МОН ТОННАҒА
ЖЕТКІЗУГЕ ҮМТҮЛАДЫ

1 Дереккөз: OPEC's World Oil Outlook 2045, 2021

№2 стратегиялық мақсат «Компания құны тізбегінің тиімділігін арттыру»

Осы мақсат шеңберінде ҚМГ мұнай өндіру, өңдеу, тасымалдау және маркетинг бойынша қызметтөн түсетін пайданы барынша арттыру және барлық басты сегменттердегі операциялық қызметті жақсарту мақсатында негізгі қызметке назар аударады.

Операциялық активтердегі өндіру деңгейінің табиги төмендеуін орнын толтыру мақсатында Компания мұнайды алу коэффициентін және жөндеуаралық кезеңнің көрсеткіштерін ұлғайту, сондай-ақ ұнғымалардың ең жоғары өнімділігіне кол жеткізу үшін өндірістік қызметтің тиімділігін арттыру жөніндегі басқа да шараларды іске асыру бойынша жұмысты жалғастырады. Сондай-ақ Компания бірқатар жаңа кен орындарын іске қосуды жоспарлап отыр. ҚМГ алдағы 10 жыlda 240 млн тонна мұнай өндіруді қамтамасыз етуді көзделеп отыр.

Теңіз, Қарашиғанақ және Қашаған ірі жобалары бойынша Компания өндіру деңгейлерін кеңейту, ұзарту және қолдау жобаларын табысты іске асыруға назар аударады.

Компания экспорттық және транзиттік бағыттарды ұлғайту үшін құрылған мұнай-көлік инфрақұрылымын тиімді пайдалануға бағытталған.

ҚМГ маңызды міндеті - МӘЗ-дердің үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету және ішкі нарықтың мұнай өнімдеріне қажеттілігін қамтамасыз ету. Бүгінгі танда мемлекет аумағында МӘЗ-дерді жаңғыру арқылы Компания еліміз үшін осы стратегиялық мақсатты орындейды және мұнай өнімдерінің бір бөлігін экспортқа шығарады. Бұл ретте



ҚМГ өз МӘЗ-дерінде мұнай өндіреу төрөндігін 89%-ға дейін ұлғайтуға бағытталған.

Компания ақша ағынын ұлғайту мақсатында тұрақты негізде барлық бизнес бағыттар бойынша операциялық шығындарды оңтайландыруға және жеткізу тізбегінің тиімділігін арттыруға шоғырланған.

Холдингтің тиімді жұмысы істегі үшін Компания бейінді емес және стратегиялық емес бизнестен шығу үшін жекешелендіру және дивестициялар бағдарламаларын іске асырады.

№3 стратегиялық мақсат «Бизнесі әртараптандыру және өнімдер портфелін кеңейту»

Арзан шикізатқа колжетімділіктің болуы мұнай-газ химиясы саласын жаңа мұнай-газ-химия өндірістерін құру арқылы ҚМГ-ның жаңа өсу кезеңін айқындайды.

ҚМГ ҚР Үкіметінің қолдауын ескере отырып, отандық мұнай-газ химиясы саласын дамыту процесіне белсенді түрде тартылатын болады.

Компания мұнай-газ химиясы жобаларын қамтамасыз ету және ұзак мерзімді перспективада мұнайға әлемдік сұранысты қайта бөлу жағдайында жаңа беліністер өнімін шығару үшін қолда бар қосымша қемірсүтек ресурстарын пайдаланатын және тартатын болады.

2022 жылы полипропилен өндіретін KPI зауытының құрылышын аяқтау және іске қосу және орта мерзімді перспективада халықаралық мұнай-газ компанияларымен стратегиялық серіктестік арқылы бутадиен мен полиэтилен өндіру жөніндегі жобаларды іске асыру жоспарлануда.

№4 стратегиялық мақсат «Өндірістің көміртек сыйымдылығын тұрақты дамыту және үдемелі төмендету»

ҚМГ өзінің экономикаға, экологияға және қоғамға әсерінің маңыздылығын сезінеді және экономикалық, экологиялық және әлеуметтік басымдықтардың, сондай-ақ корпоративтік басқару саласындағы міндеттердің келісімділігін қамтамасыз ету мақсатында Компанияның негізгі бизнес-процессерін тұрақты даму қағидаттарымен біріктіруді жалғастырады.

Компания барлық ESG көрсеткіштері мен ESG-дің стратегиялық және орта мерзімді тиімділік жүйесіндегі интеграцияланған мақсаттары үшін жоғарғы квартильде болуға тырысады. ҚМГ қызыметкерлермен және кәсіподактармен әріптестік қағидаттарына негізделген жоғары әлеуметтік бағдарлау нормаларына үмтүлады.

2021 жылы ҚМГ Sustainalytics халықаралық рейтингтік агенттігінің бағалаудынан сәтті етті. Компанияның ESG-тәуекел-рейтингі 28,4 балл деңгейінде бағаланды. ҚМГ тәуекелдің орташа деңгейінің диапазонағына ауысты.

ҚМГ үшін негізгі ESG-сын-тегеуріндер операциялық қызыметтегі қеміртегі шығарындылары және Компания өнімін пайдаланудан шығарындылар, сондай-ақ қызыметтің жүргізетін өңірлеріндегі жергілікті қоғамдастықтармен өзара қарым-қатынастар болып табылады. ҚМГ мақсаты - 2031 жылға қарай ESG-тәуекел-рейтингінің орташа деңгейі диапазонындағы позицияларды нығайту.

Пандемия салдарынан туындаған соңғы жаһандық қындықтарды, Компанияның халықтың әл-ауқатын арттыруға үлес қосу басымдылығын ескере отырып, Компанияның жеке бағыты қызыметкерлердің денсаулығын қорғауға бағытталған.

ҚМГ климаттық жай-құйінің стратегиялық маңыздылығын ескере отырып, 2022-2031 жылдарға арналған Төменкөміртекті дамыту бағдарламасын әзірледі. Бұл құжат Компанияның климаттық амбисияларын, қеміртек ізін төмендету бойынша негізгі тәсілдер мен шараларын айқындайды.

ҚМГ 2031 жылға қарай CO2 тікелей және жанама шығарындыларын 2019 жылғы деңгейден 15%-ға төмендету бойынша нысаналы бағдармен өндірістің қеміртек сыйымдылығын төмендетуге саралған тәсілді таңдайды. Сонымен қатар, Компанияда жалпы қуаты кемінде 300 МВт ЖЭК жобаларын, сондай-ақ, өндірістің қеміртегі мен энергия сыйымдылығын 10%-дан да көп төмендету жөніндегі шараларды іске асыру жоспарланып отыр.

Стратегиялық мақсаттарды іске асыру активтерді басқарудың холдингтің моделін ескере отырып, бизнес-процесстерді оңтайландыру, жобалық басқару, технологиялық даму, цифрландыру, IT, HR және тәуекелдерді басқару саласындағы толассыз міндеттерді шешүге негізделеді.

Компания инвестициялық жобаларды мұқият іріктеуді және басымдық береді және тек жоғары тиімді және стратегиялық маңызды жобаларға инвестицияларды жүзеге асырады.

ҚМГ акционерлер үшін барынша көп пайданы қамтамасыз етуге және мұнай-газ секторында мемлекеттің мұдделерін сақтауға назар аудара отырып, капиталды бөлудің орынды саясатына адалдығын сақтайды.

Компания қарыздың тенгерімді деңгейін ұстап тұру және өтімділіктің мықты позициясын қамтамасыз ету мақсатында консервативті қаржы саясатын ұстануға тырысады.

Белгіленген төрт стратегиялық мақсатты іске асыру нәтижесінде ҚМГ үлттық экономиканы әртараптандыруға және ҚР қеміртегі ізін азайтуға үлес қосады, осылайша Компанияның өсуіне және қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыруға, сондай-ақ болашақ үрпақ үшін экологияның сақталуына ықпал етеді.

ТИІМДІЛІК КӨРСЕТКІШТЕРІНІҢ ЖҮЙЕСІ

Қызметтің тиімділігін бағалау жүйесі Компания қызметінің оның стратегиялық мақсаттарымен үйлесімділігін қамтамасыз ететін Компанияны стратегиялық және жедел басқару құралдарының бірі болып табылады.

Тиімділік көрсеткіштерінің жүйесі келесі қағидаттарды сақтауға негізделеді:

- қызметтің өндірістік және қаржы-экономикалық түйінді көрсеткіштерінің (ҚТК) тұрақты даму, Корпоративтік басқару, дамудың әлеуметтік және экологиялық салаларындағы көрсеткіштермен тәнгерімді үйлесу;
- стратегиялық ҚТК-ны операциялық ҚТК-ға декомпозициялау, сондай-ақ оларды үйімдік құрылымы мен қызмет түрлері бойынша жоғарыдан тәмен жіктеу.

ҚТК сондай-ақ басшы қызметкерлерді ынталандыру жүйесінің бір бөлігі болып табылады, онда есепті жылдың қорытындысы бойынша сыйақы төлеу мотивациялық ҚТК-ның орындалуына байланысты.

Басқарма мүшелерінің қорытынды нәтижелігінде корпоративтік және функционалдық ҚТК үлестерін бөлу, %:

Басшылар	Корпоративтік	Функционалдық
Басқарма тәрағасы	100	0
Басқарма мүшелері (Басқарма тәрағасын қоспағанда)	70	30

Мотивациялық тиімділік мыналарды камтиды:

- тізбесі стратегиялық көрсеткіштерге сүйене отырып және Компанияның есепті кезеңдегі басымдықтарын ескере отырып қалыптастырылатын ҚМГ департаменттері басқарма-сының барлық мүшелері мен директорларына ортақ болып табылатын корпоративтік ҚТК;
- Компанияның нақты басшысының маңызды міндеттеріне негізделген ҚМГ Басқарма мүшелері мен департаменттері директорларының жеке ҚТК болып табылатын функционалдық ҚТК.

ҚМГ Басқарма мүшелерінің ҚТК тізбелері мен мақсатты мәндерін жыл

сайын Компанияның Директорлар кеңесі бекітеді. Сыйақы беру максатында ҚТК орындалуын бағалау Компания қызметтің есепті жылдағы қаржылық-экономикалық қорытындысы шығарылғаннан кейін жүзеге асырылады.

2021 жылға арналған ынталандыру ҚТК менеджментті операциялық тиімділікті арттыруға, сондай-ақ ҚМГ қызметтің экологиялық, әлеуметтік аспекттері мен корпоративтік басқаруға шоғырландыру қажеттілігін ескере отырып әзірленді.

Тәменде 2021 жылы корпоративтік қызмет көрсеткіштерінің орындалуы көлтірілген.

№	Атауы	Өлшем бірлігі	2021		2021 жылы орындалу барысына түсініктеме
			Жоспар	Факт ¹	
1	Дамытуға арналған еркін ақша қарожаты мен дивиденд ²	млрд теңге	-176	360	Жоспар орындалды
2	NAV (Таза активтердің құны)	млрд теңге	9 005	8 506	Жоспарды асыра орындау ³
3	Қарызы/EBITDA ⁴	коэф.	4	2,4	Жоспарды асыра орындау
4	Инвестициялық жобаларды іске асыру	%	90	44	Жоспарды орындаамау
5	Операциялық тиімділікті арттыру	%	94	98	Жоспар орындалды
6	ESG-рейтинг	рейтинг	65	72	Жоспарды асыра орындау
7	ҚМГ компаниялар тобының тауарлардағы, жұмыстар мен қызметтердегі жергілікті үлес ⁵	%	71	77	Жоспарды асыра орындау

¹ ҚМГ Директорлар кеңесінің 2021 жылға арналған көрсеткіштердің нақты мәндерін түпкілікті бекітілуі 2022 жылдың маусым айында күтілуде, сондықтан кестеде көрсетілген мәндер аздан түзетілуі мүмкін

² Операциялық қызметтің түсетін ақша ағыны (бірлескен кәсіпорындар мен қауымдастан компанияларды есепке алмағанда) – өндірісті колдауға арналған курделі салындар

³ 2021 жылғы 9 қарашада ҚМГ «ҚазТрансГаз» АҚ акцияларының 100%-ын «Самұрық-Қазына» АҚ пайдасына берді және тиісінше «ҚазТрансГаз» АҚ шоғырландырып периметрінен шығарылды. Жоспарланған NAV көрсеткішін қалыптастыру кезінде бул фактор ескерілмеді. «ҚазТрансГаз» АҚ-ны есепке алғанда нақты көрсеткіш жоспардан жоғары болып 10 255 млрд теңгеге күрады

⁴ «Самұрық-Қазына» АҚ бекітілген әдістемесіне сәйкес

⁵ ҚМГ компаниялар тобының тауарларын, жұмыстары мен қызметтерін сатып алуша жергілікті қамту үлесі бойынша индикаторлардың орындалуын көрсететін композиттік көрсеткіш

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫҢ ІСКЕ АСЫРЫЛУЫНА ШОЛУ

Инвестициялық портфельге шолу

Бүгінгі таңда ҚМГ инвестициялық портфелі ресурстық базаны ұлғайту және Компания құны тізбегінің тиімділігін арттыру мақсатында қызыметтің барлық бағыттары бойынша жобаларды қамтиды. 2021 жылға арналған инвестициялық портфельдің жалпы құны 58 890,5 млрд теңгені құрайды, оның ішінде ҚМГ үлесіне -14 872,7 млрд теңге тиесілі. Портфельді басқару шенберінде Компанияда басым жобаларды айқындаі бойынша жұмыс жалғасуда: жаңа инвестициялық жобалар бойынша шешімдер, оның ішінде олардың орындылығы, стратегиялық басымдылығы, тәуекелдері мен капиталдың қажетсіні ескеріле отырып қабылданады.

ҚМГ инвестициялық портфелі ҚМГ үшін дәстүрлі (геологиялық-барлау, мұнай тасымалдау және өндіре), сондай-ақ жаңа бағыттардағы: мұнай-газ химиясы және тұрақты даму саласындағы жобаларда бірқатар жобаларда тұрады. Жақын арада «жасыл» жобаларды қосу көзделіп отыр.

2021 жыл жер койнауын пайдалану жобаларының инвестициялық тартымдылығын жақсартуда елеулі прогрессе қол жеткізу жылы болды. ҚМГ бастамасы бойынша ҚР Үкіметі теніз жобалары бойынша экспорттық-кедендейк бажды (ЭКБ) алып тастау мәселесін қарады және макұллады. Бұл жұмыс «Шетелдік инвесторлардың қазақстандық кенесі» қауымдастырымен және ҚР мемлекеттік органдарымен бірлесіп мұнай-газ саласының инвестиациялық тартымдылығының бәсекеге қабілеттілігін арттыру бойынша жұмыс шенберінде жүргізілді. ЭКБ-ны алып тастау мәселесін іске асыру теніздегі жаңа және ағымдағы мұнай-газ жобаларына қолданылады және саладағы инвестициялық ахуалдың тартымдылығын

Жобаның бағыты	2021 жылғы инвестициялық портфельді ҚМГ үлесіне бөлү, млрд теңге	2021 жылғы инвестициялық портфельді ҚМГ үлесіне бөлү, %
Мұнай мен газды геологиялық-барлау және өндіру ¹	13 918,2	93,6
Инфраструктура жобалары	618	4,11
Мұнай тасымалдау	143,5	1
Мұнай өндеу и мұнай өнімдерінің маркетингі	95,2	0,64
Мұнай химиясы	94,2	0,63
Өзгелері	3,6	0,02
Барлығы	14 872,7	100

жақсарту бойынша жылдам нәтижелерге қол жеткізуге, кен орындарын игеруді бастауға және Қазақстан Республикасының пайдасына салықтардың елеулі ағынын қамтамасыз етуге, сондай-ақ қосымша жұмыс орындарын құруға және қазақстандық қамтудың тауарларын, жұмыстарын және көрсетілетін қызыметтерін сатып алуға мүмкіндік береді.

Бұдан басқа, қазіргі уақытта ҚМГ, Энергетика министрлігі және «Шетелдік инвесторлардың қазақстандық кенесі» қауымдастырының қатысуымен мұнай-газ саласындағы бәсекеге қабілеттілікіті арттыру мақсатында мұнай-газ саласындағы жер койнауын пайдалану жобалары үшін жақсартылған үлгілік келісімшартты әзірлеу талқылануда.

Инвестициялық ахуалды тұжырымда-малық жақсартумен қатар, ҚМГ алға койылған ағымдағы міндеттерді орындауды қамтамасыз етеді. 2021 жылды Компания түрлі қызмет бағыттарындағы бес инвестициялық жобаны іске асыруды сәтті аяқтады:

- Қараышынақ, өндеу кешенінде (ҚӘК) (KGDBN) газ бойынша өндірістік шектеулерді алып тастау жобасы;
- Газды кері айдаудың 4-ші компрессорын орнату;
- Өздігінен көтерілетін қалқымағы бұрғылау қондырғысын салу және модификациялау;

- Қара теңіз аймағында бөлшек сауда желісін дамыту. Бірінші кезең - 2018-2020 жылдардағы Румынияда 25 жанаармай құю станциясының құрылышы (KMC International);
- КРІ қажеттіліктері үшін сыйылған ауа мен азот өндіру қондырғысын салу.

Мұнай мен газды геологиялық-барлау және өндіру

Инвестициялық портфельде құрылыта, сондай-ақ теңізде іске асырылатын мұнай мен газды барлау және өндіру жобалары елеулі бөлігін алады. 2021 жылды ҚМГ үлесіндегі мұнай мен газды геологиялық-барлау және өндіру жобаларының жалпы құны 13 918 млрд теңгени (93,6%) құрайды. ЭКБ жою мәселесі «Абай», «Исатай», «Женіс» және «Әл-Фараби» сияқты қолданыстағы теңіз жобаларының, сондай-ақ «Қаламқас теңіз - Хазар» сияқты перспективалы жобалардың рентабельділік көрсеткіштерін айтартытай жақсартуға мүмкіндік береді.

2020 жылғы есепте көрсетілгендей, 2020 жылғы қазанды ҚМГ мен «ЛУКОЙЛ» ЖАҚ (ЛУКОЙЛ) Каспий тенізінің қазақстандық секторында орналасқан «Әл-Фараби» жобасы бойынша келісімге қол қойды, оған сәйкес ҚМГ мен ЛУКОЙЛ жоба бойынша болашақ, жер койнауын пайдаланушының қызыметі бойынша құқықтары мен міндеттері айқындалды. 2021 жылғы мамырда «Әл-Фараби» жер койнауы

¹ ірі мұнай-газ активтерінде іске асырылатын жобаларды қоса алғанда

учаскесінде көмірсүткөрді барлауға және өндірге келісімшарт жасалды. «Әл-Фараби Оперейтинг» ЖШС келісімшарт бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын алды және жер қойнауын пайдаланушы болды. Қазіргі уақытта ЛУКОЙЛ-дың жобаса кіруі туралы барлық тиісті шешімдер қабылданды.

Сондай-ақ ҚМГ мен ЛУКОЙЛ арасында 2021 жылғы қарашада «Қаламқас теңіз-Хазар» перспектиналық теңіз жобасын іске асыру шенберінде қағидаттар туралы келісімге қол қойылды. Кен орнын бірлесіп игеру тұжырымдамасын, егжей-тегжейін және шарттарын айқындау туралы одан әрі келісіздер жүргізу болжанып отыр. Бұл жоба жана кен орныдарын өндірге келісімшарттар алу арқылы бейорганикалық өсу жолымен қорлардың өсімін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Теңіз жобаларын ойдағыдай іске асыру үшін ҚМГ теңіз кен орндарын игеру қызметтерін көрсету үшін инфрақұрылымды дамытады. Осылайша, 2021 жылды алғашқы қазақстандық өздігінен көтерілетін қалқымағы Satti бұрғылау қондырғысын (ӨКБК) жаңғыру тәтті аяқталды. Жоба Caspian Drilling Company Ltd және British Petroleum компанияларымен бірлесіп жүзеге асырылды.

Құрлықтағы жұмыс істеп тұрған кен орндарын жете барлау есебінен қорларды арттыру бойынша жұмыс жалғасуда. Атап айтқанда, көмірсүткөрді шикізаты қорын ұлғайтуға бағытталған «С. Нұржанов» және «Батыс Қарасор» геологиялық-барлау жобалары бойынша жұмыс жалғасуда. «Шығыс Өріктау» және «Рожковское кен орнын дамыту» жобалары бойынша тәжірибелік-өнеркәсіптік пайдалану бойынша жұмыстар жүргізілуде, өндіруу 2023-2024 жылдары басталады деп жоспарлануда.

2021 жылды Компания портфелі тағы бір «Торғай Палеозой» жобасымен толықты, оның аясында 5,5 мың метр

теренждікегі іздестіру ұнғымасын бұрғылау жоспарлануда. Учаске Қызылорда облысында орналасқан. 2021 жылғы тамызда көмірсүткөрді шикізатын барлауға және өндірге арналған келісімшарт алынды. Барлау ұнғымасын бұрғылауға дайындық жұмыстары жүргізілуде.

ҚМГ стратегиялық инвесторлармен бірлесіп Теніз (20%), Қашаған (16,88 %) және Қарашиғанақ (10%) ірі кен орндарындағы жобаларға қатысады жалғастыруда.

Теңізде «Болашақ қенейту жобасы / Сағалық қысымды басқару жобасы» іске асырылуда.

Бекітілген кестеге сәйкес Қарашиғанақ кен орндарындағы өндіру деңгейін қолдау жобалары іске асырылуда. 2021 жылды Қарашиғанақ өндеу кешенінде газ бойынша өндірістік шектеулерді (KGDBN) алып тастау жобасы сәтті аяқталды. Газды кері айдаудың 4-ші компрессорын (4IC) орнату жобасы аяқталуға жақын.

Мұнай тасымалдау

2021 жылды ҚМГ үлесіндегі мұнай тасымалдау жобаларының жалпы құны 143,5 млрд теңгені (1%) құрайды.

2021 жылды «Мұнай өнімділігін жылына 20 млн тоннаға дейін ұлғайту». «Қазақстан-Қытай» мұнай құбыры құрылышының екінші кезеңінің екінші кезегі жобасын іске асыру мақсатына кол жеткізілді. Оның аясында мұнайды реверсивті режимде тасымалдау мүмкіндігімен «Өнімділігі жылына 6 млн. тоннаға дейін «Кенкияқ – Атырау» мұнай құбыры участекінде реверсінің бірінші кезеңі» іске қосылды.

Осы бағыт бойынша негізгі жоба «"КҚК СС тар жерлерін жою жобасы» болып табылады, ол КҚК құбырының өткізу қабілетін жылына 72,5 млн тоннаға дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Мұнай өндеу және мұнай өнімдерінің маркетингі

KMG International N. V. Қазақстан-Румын инвестициялық коры

шенберінде мұнай өнімдерінің бөлшек сауда желісін дамыту мақсатында 25 жана май құю станциясының (АҚС) құрылышы (бірінші кезен) жобасын іске асыру аяқталуда.


ҚР Солтүстік және Шығыс өңірлерінің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында техникалық-экономикалық негізdemeni (ТЭН) қарau қорытындысы бойынша 2021 жылды ҚМГ СКГ тазарту және Павлодар химия-мұнай зауытында (ПМХЗ) қысқы дизель отынын өндіру бойынша жобаларды іске асыруды бастады. Бұл жобалар қоршаған ортаға зиянды заттардың шығарылуын азайтуға, ашық түсті мұнай өнімдерін өндіруді арттыруға және ПМХЗ мұнай өнімдерінің қоржының жақсартуға бағытталған. Қондырғыларды іске қосу тиісінше 2023 және 2024 жылдарға жоспарланып отыр.

2021 жылды ҚМГ үлесіндегі мұнай өндеу және мұнай өнімдерінің маркетингі жөніндегі жобалардың жалпы құны 95,2 млрд теңгені (0,64%) құрайды.

Мұнай химиясы

ҚМГ отандық мұнай-газ химиясы саласын құру бойынша белсенді жұмыс істеуде, бұл үлттық компанияны дамытудағы жаңа кезеңге көшү болып табылады. Бүгінгі таңда 2021 жылды ҚМГ үлесіне мұнай-химия жобаларының жалпы құны 94,2 млрд теңгені (0,63 %) құрайды. 2022 жылдың 1-ші тоқсанында ҚМГ полипропилен өндіретін зауыттың құрылышын аяқтайды, ол жыл сайын 500 мың тонна өнім өндіруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, осы бағытта тиісті тәжірибесі бар серіктестерді тарта отырып, полиэтилен мен бутадиен өндіру бойынша жобалар бойынша жұмыстар жүргізілуде.

2021 жылды «Үлттық индустріялық мұнай-химия технопаркі» арнағы экономикалық аймақ аумағында «KPI қажеттіліктері үшін сырғын салу» инфрақұрылымдық жобасын іске асыру аяқталды.



Инфрақұрылымдық жобалар

ҚМГ үлттүк компания ретінде мынадай бағыттағы жобаларды іске асырады:

- өнірлерді сүмен қамту мәселелерін шешу, олар «Астрахань-Манғышлақ су құбырын қайта жаңарту» және «Кендірлі кентінде қуаты тәулігіне 50 000 м³ теңіз суын тұщыту зауытын салу».
- «Астрахань-Манғышлақ су құбырын қайта құру» жобасы бойынша жобалық-сметалық құжаттаманы (ЖСҚ) өзірлеу жалғасуда және қаржыландыруды тарту бойынша жұмыстар жүргізілуде.
- «Кендірлі кентінде қуаты тәулігіне 50 000 м³ теңіз суын тұщыту зауытын салу» жобасы бойынша

оны техникалық сүйемелдеу үшін жобаны басқару мердігерін (Project Management Consulting) тандау жөніндегі тендерлік рәсімдер аяқталуда.
 • газды үздіксіз өндеуді қамтамасыз ету, оның ішінде өнір халқының қажеттілігін өтеу үшін. Жаңаөзен қаласында жаңа газ өндеу зауытын (ГӨЗ) салу жобасы бойынша Pre-FEED және ТЭН әзірленді. Қазіргі уақытта коршаған ортаға көрі өсерді бағалау және белгіленген қызметтің өсерін скрининг жүзеге асырылуда. Жобаны қаржыландыруды ұйымдастыру бойынша жұмыстар жүргізілуде. Жобаны 2024 жылдың басында аяқтау жоспарлануда.

- коршаған ортаны жақсарту – АМӘЗ-дегі «Tazalyq» жобасы. 2021 жылы бірінші және үшінші кезеңдер бойынша құрылыс жүргізу, жобаны басқару, техникалық және авторлық қадағалау бойынша шарттар жасалды. Құрылыс-монтаж жұмыстары жүріп жатыр.

2021 жылы ҚМГ үлесіндегі инфрақұрылымдық жобалардың жалпы құны 618 млрд теңгені (3,7%) құрайды.

ТРАНСФОРМАЦИЯ ЖӘНЕ ЦИФРЛАНДЫРУ

ҚМГ-ның 2022-2031 жылдарға арналған жаңа даму стратегиясында цифрлық трансформацияға ерекше назар аударылады.

Цифрлық трансформация - қазіргі әлем жағдайында Компанияның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізудің басым құралы. ҚМГ трансформациялау бағдарламасын іске қосқан сәттен бастап 2015 жылы өндірістік және қосалқы бизнес-процестердің реинжинирингінде маңызды нәтижелерге қол жеткізілді:

1. Субхолдингтерді тарату есебінен компанияда басқару деңгейлерінің саны қысқартылды. Бұл шаралар бюджет шығындарын оңтайландыруға және ағымдағы мәселелерді шешуге кететін уақытты қысқартуға мүмкіндік берді.
2. Сатып алу, IT және HR, өндірістік және киберқауіпсіздік жүйелерін айтарлықтай трансформациялау жүзеге асырылды. Операциялық жетістіктерден басқа, қаржылық пайда да алынды. Мысалы, 2016 жылдан бастап 2020 жылға дейін сатып алушарды санаттық басқаруды өнгізуін пайдасы шамамен 10 млрд теңгені құрады.
3. IT және адам ресурстарын басқару бойынша жалпы қызмет көрсету орталықтары құрылды.

2015 жылдан бастап 2021 жылға дейін трансформация бағдарламасын іске асырудан түсken пайда 115 млрд теңгеге жетті.

Қазіргі заманғы трендтерге сүйене отырып және одан әрі даму үшін цифрландырудың маңыздылығын түсіне отырып, ҚМГ цифрлық жобаларды іске асыруға кірісті.

**2015 ЖЫЛДАН 2021 ЖЫЛҒА
ДЕЙІН ТРАНСФОРМАЦИЯ
БАҒДАРЛАМАСЫН ИСКЕ
АСЫРУДАН ТҮСКЕН ПАЙДА
КӨЛӨМІ**

115
МЛРД ТЕҢГЕ

Алғашқы жобалар «Қазгермұнай» БК ЖШС (ҚГМ) және «Ембімұнайгаз» АҚ (ЕМГ) еншілес компанияларында «Интеллектуалды кен орны» тұжырымдамасын енгізу болып табылады. ҚГМ-де ұнғымалардың негізгі қоры телемеханикаландырылды, орталықтандырылған басқару жүйелерін енгізілді, екі ахуалдық орталық жұмыс істейді (бас оғисте және кен орнында). Мұның бәрі нақты уақыт режимінде өндірісті оңтайландыруға, шығындарды анықтауға, жабдықтың жұмысын жақсартуға және қауіпсіздіктің жоғары деңгейін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

ЕМГ-де 7 кен орны үшін цифрлық үлгі қалыптастырылды. Интеллектуалды басқару станциялары орнатылды, олар онлайн-режимде әрбір ұнғымадағы көрсеткіштердің ауытқуларын тіркейді, сондай-ақ жөндеу бригадаларының жұмысына мониторинг жүргізуге мүмкіндік береді.

Мұнайды барлау мен өндіруде цифрландыру ABAI ақпараттық жүйесі негізінде жүзеге асырылады. Ол ҚГМ компаниялары тобының өндірістік ақпаратын жасанды интеллект пен машиналық оқыту құралдарын қолдана отырып, верификациялау және талдау, жедел визуализация мүмкіндігімен бірыңғай дерекқорға шоғырландырады.

2021 жылы жүйенің бес пилоттық модулі пайдалануға берілді.

1. «ABAI деректер базасы» модулі - бұл деректерді жүктеу және сақтау жүйесі. Ол сондай-ақ, өндірістік есептерді қалыптастыруды және ҚГМ Барлау және өндіру жөніндегі барлық ақпаратқа жедел қол жеткізуі қамтамасыз етеді.
2. «Визуалдау орталығы» модулі үш дэшбордтан тұрады және өндірістік және стратегиялық тиімділік көрсеткіштерін (мысалы, еншілес кәсіпорындар қимасында тәуліктік өндіру көлемі) көрнекі түрде көрсетуге және оларға мониторинг жүргізуге арналған.
3. «Технологиялық режим» модулінің алгоритмдері ұнғымалардың көрсеткіштерін талдайды және олардың әлеуетін есептейді, бұл ай сайын ұнғымалар мен қабаттар арасында жоспарланған мұнай өндіруді тиімді бөлуге және сол арқылы кен орындарын игеруді ұтымды етуге мүмкіндік береді. Модульдің жұмысы КГМ ішкі базасынан алынған нақты деректерге негізделеді, ағымдағы және ықтимал кенжарлық қысым, сондай-ақ, өнімділік коэффициенті ескеріледі. Осы мәндердің негізінде қолда бар геологиялық-техникалық жағдайларда мұнайдың барынша мүмкін болатын көлемі есептеледі. Алгоритмді тестілеу кезеңінде ғана 2021 жылдың мамыр-қазаны аралығында КГМ-нің 13 ұнғымасында 560 тонна өндіру өсімі алынды.
4. «Қыындықтарды мониторинглеу» модулі тотығуды болдырмайтын ингибиторларды айдауға адресті тәсілді қолдануға және «Өзенмұнайгаз» АҚ (ӨМГ) кен орындарындағы коррозияның нақты жылдамдығын ескере отырып, олардың нақты мөлшерін анықтауға мүмкіндік береді. Осылайша, жабдықтың сенімділігі артады (ингибитор тиімділігінің артуына байланысты) және химреагенттерге шығындар азаяды. Тестілеу қорытындылары бойынша барлығы үш қондырғыда бір жарым айда 5 млн теңге үнемделді.
5. «Терендік-сорғы жабдығын таңдау» модулі (ТСЖ) есептеу үшін деректерді автоматты өндеу есебінен сорғыларды іріктеу жылдамдығы мен сапасын арттыруға мүмкіндік береді. ТСЖ тиімділігін, жұмыс істеп тұрған ұнғымалардың жұмыс режимін оңтайландыру және жаңа (бұрғылаудан) ұнғымалардың әлеуетін жедел режимде бағалау қамтамасыз етіледі. Осылайша, ТСЖ құрастыруды дұрыс таңдау жабдықтың істен шығу жиілігін және «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ (ММГ) ұнғымаларындағы жөндеусанын 4%-ға төмендетуге мүмкіндік береді.

Жобаның екінші кезеңінде мұнай өндірудің негізгі процестерін - барлау мен бұрғылаудан бастап пайдалану мен экономикалық әсерді бағалауға дейін цифрландыру үшін

**«ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ РЕЖИМ» МОДУЛІНІҢ
АЛГОРИТМІН 2021 ЖЫЛҒЫ МАМЫР МЕН
ҚАЗАН АРАЛЫҒЫНДА ҚГМ-НЫҢ**

13 ұнғымасында
560 млн тонна өндіру
өсімі алынды

**«ҚЫЫНДЫҚТАРДЫ МОНИТОРИНГЛЕУ»
МОДУЛІН ТЕСТИЛЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ БОЙЫНША
БІР ЖАРЫМ АЙДА УШ ҚОНДЫРҒЫДА**

5 млн теңгеден астам
қаржы үнемделді



ABAI ақпараттық жүйесінің тағы 12 модулі әзірленеді.

Трансформация аясында цифрлық және жобалық дағдыларды дамытуға, сондай-ақ қызметкерлерді ынталандыруға көп көңіл бөлінеді. Осылайша, Lean 6 Sigma (LSS) бағдарламасын енгізу жобасында ҚМГ компаниялары тобының өндіруші көсіпорындарының қызметкерлерін одан әрі сертифиқаттаумен оқытады. 2021 жылы мұнай өндіруде барлығы 13 LSS жобасы іске асрылды, олар 72 млн теңге көлемінде пайда әкелді.

Бұрын LSS жобасы МӘЗ-дерде сәтті жүзеге асрырлды. 2016 жылдан бастап МӘЗ-дерде реагенттер мен бу шығының қысқарту, электр энергиясын тұтынуды азайту және жабдықтарды жөндеу шығындарын азайту есебінен жалпы тікелей экономикалық тиімділігі 1,247 млрд теңге болатын бағдарламаның 156 жобасы енгізілді. Кесіпорындардың 89 қызметкері оқытылды және сертификатталды. «Qazaqstan Project Management Awards» үлттых байқауының қорытындысы бойынша «Мұнай өндеу және мұнай-химия» бизнес-бағытында Lean 6 Sigma бағдарламасын енгізу жобасы 2021

жылдың Қазақстандағы ең үздік жобасы болып танылды.

Болашақта цифрландыруға (Lean Digital) баса назар аудара отырып, бағдарламаны дамыту жоспарланып отыр, яғни LSS әдіснамасының құралдары жеке цифрлық шешімдерді пайдалану есебінен өндірістік процестердегі шығындарды азайтуға бағытталған бизнес-бастамаларды әзірлеу үшін қолданылатын болады.

ММГ-де «Идеялар банкі» жүйелік платформасын енгізу өндірісте инновациялық мәдениетті дамытуға

2021 ЖЫЛЫ МУНАЙ ӨНДІРУДЕ 13 LEAN 6 SIGMA ЖОБАСЫ ИСКЕ АСЫРЫЛДЫ, ОЛАРДАН ТҮСКЕН ПАЙДА

72 **млн теңге**

және ҚМГ еншілес үйымдарының өзекті өндірістік мәселелерін шешуге ықпал етеді, бұл процеске күн сайын жұмыс істейтін қызметкерлер тартылады.

ҚМГ-ның қазақстандық зауыттарында компьютерлік тренажер кешендерін енгізілуде. Цифрлық егіздердің көмегімен МӘЗ қондырғыларының операторлары имитацияланған жағдайларда апаптық және штаттық жағдайларды пысықтайды, бұл адами факторға байланысты өндірістегі іркілістерді барынша азайтады, сондай-ақ еңбек қауіпсіздігін күшетеді.

Бүгінгі таңда баяу кокстеу, изомерлеу және нафта сплиттері, дизель отынын гидротазарту және керосинді гидротазарту қондырғыларында, ПМХЗ каталитикалық риформинг қондырғысында, каталитикалық крекинг, каталитикалық риформинг қондырғыларында және АМӘЗ хош істі кемірсүткөтерін өндіру кешенінде тренажерлер іске қосылды. Олар зауыттардың барлығы 21 қондырғысында орнатылатын болады.

2021 жылы «Мұнай өндеу және мұнай химиясы» бизнес-бағытында МӘЗ-дердің цифрлық бас жоспары мен 3D үлгісін құру жобасы аяқталды. Кәсіпорындардың барлық объектілерін лазерлік сканерлеу жүргізілді, екі МӘЗ-дің жұмыс және жобалық сызбаларының дереккоры цифрландырылды (600 мыңнан астам құжат). Барлық көрсетілген ақпарат «3D Бас жоспары»

2016 ЖЫЛДАН БЕРІ МӘЗ-ДЕРДЕ 156 LEAN 6 SIGMA ЖОБАСЫ ЕҢГІЗІЛДІ, ОЛАРДЫҢ ТІКЕЛЕЙ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТИМДІЛІГІ

1,2 **млрд теңге**

инженерлік деректерді басқарудың жаңа жүйесінде біріктілген, ол өзекті және жан-жақты ақпаратқа цифрлық түрде қол жеткізуі қамтамасыз етеді. Ол жаңа обьектілердің жөндеу, қайта құру және жобалау кезінде пайдаланылады, бұл уақыт пен шығындарды азайтады, сондай-ақ атальған жұмыстардың саласын арттырады.

Жалпы қызмет көрсету орталығы (ЖҚҚО) – тек өндірістік обьектілердің ана емес, сонымен қатар бек-офістің операциялық қызметінде де трансформация қажеттілігін көрсеттін жоба. ЖҚҚО базасында бухгалтерлік және салықтық есепке алу, қазынашылық, адам ресурстарын басқару, әкімшілік және құжаттамалық қамтамасыз ету процестері трансформацияланатын болады.

Күнделікті процестерді автоматтандыру қызметкерлерді босатып, олардың әлеуетін тиімдірек пайдалануға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, ЖҚҚО өтімділік, қызметкерлердің қозғалысы және т.б. сияқты ақпаратқа жылдам қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

Жыл бойы ҚМГ мен еншілес үйымдарда жобаларды басқару жүйесін енгізу жалғастырылды. Атап айтқанда, Stage Gate Process жобаларын іске асырудың кезең-кеzenмен процесі және жобаларды кешенді техникалық-экономикалық бағалау процесі іске қосылды.

Жобалық басқару басым тәртіппен енгізілетін компаниялардың

периметрі 6-дан 20-ға дейін кеңейтілді. Негізгі жобалар тізімі де кеңейтілді. Негізгі жобалар үшін жобалық топтарды қалыптастыру процесі енгізілді.

ҚМГ жобаларын корпоративтік басқару жүйесі бойынша әдіснамалық құжаттар, сараптама жүргізу және тәуекелдерді басқару жөніндегі нұсқаулықтар бекітілді. Сонында, басшылықты оқыту, жоба жетекшілерін сертификаттау, Корпоративтік орталық пен ЕТҰ қызметкерлері жобаларды басқару бойынша базалық курсты оқыды..

Алдағы кезеңде трансформация машинамен оқыту мен жасанды интеллектіні қолдана отырып, геологиялық-барлауда цифрлық технологияларды ілгерілетуге (сейсмикалық-барлау және үнғы-маларды зерттеу), сондай-ақ жаңа активтерде цифрландыру бойынша корпоративтік шаблон жасауға («Цифрлық егіз») шоғырланады.

Цифрлық трансформацияның басымдықтары арасында экология, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы, өндірістің сенімділігі, шығындарды азайту бар. «Жас Өркен» және «Цифрлық жаз» тағылымдама бағдарламалары аясында ҚМГ қызметкерлерінің де, жас мамандардың да цифрлық сауаттылық деңгейін арттыруға көп көңіл белгінетін болады.

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕ ШОЛУ

ҚМГ қосылған
құнның тізбегін
барлық кезеңде
толық интеграциялай
алған Қазақстандағы
мұнайгаз сала-
сындағы үлттық
көшбасшы болып
табылады

Дәлелденген қордың
еселік мөлшері (1Р)
16 жылды құрайды.
Бұл әлемдегі халықа-
ралық ірі мұнай
компанияларының
орташа көрсеткішінен
әлдеқайда жоғары
және ол шамамен 11
жыл



ҚОРЛАР

PRMS халықаралық стандарттарына сәйкес дайындалған DeGolyer&MacNaughton халықаралық тәуелсіз консалтингтік компаниясының аудитіне сәйкес 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ҚМГ көмірсүтектерінің, дәлелденген және ықтимал қорлары (2Р) м.э. 645 млн.тоннаны . (м.э. 4 983

млн барр.) құрады. 2020 жылмен салыстырғанда 2Р қорларының деңгейі 1,8%-ға есті. Көрсеткіштердің артуы негізінен Өзен, Қашаған кен орындарының КСШ қорларын қайта есептеуін қоса алғанда, көмірсүтектер қорларын басқару бойынша орындалған кешенді іс-шараларына, сондай-ақ макроэкономикалық

өлшемдердің жақсаруына (мұнай бағасының өсуі) байланысты болды.

Дәлелденген қорлардың (1Р) еселігі 16,5 жылды құрайды, бұл өлемдегі ең ірі халықаралық мұнай компаниялары арасындағы орташа көрсеткіш - 11 жылға жуық мерзімнен айтартылған жоғары.

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша PRMS бойынша таза қорлар¹

Көміртектер, [м.э. млн баррелі](#)

Дәлелденген (1Р)

'21	3 694
'20	3 550
'19	3 860

Дәлелденген плюс ықтимал (2Р)

'21	4 983
'20	4 894
'19	5 220

Дәлелденген плюс ықтимал плюс кисынды (3Р)

'21	5 869
'20	5 832
'19	6 089

Көміртектер, [м.э. млн тоннасы](#)

Дәлелденген (1Р)

'21	477
'20	459
'19	499

Дәлелденген плюс ықтимал (2Р)

'21	645
'20	635
'19	676

Дәлелденген плюс ықтимал плюс кисынды (3Р)

'21	761
'20	757
'19	790

ГЕОЛОГИЯЛЫҚ-БАРЛАУ

ҚМГ геологиялық-барлау және қорлардың өсімін қамтамасыз ету бойынша бұрын әзірленген стратегияны ұстанады.

2021 жылы геологиялық-барлау жұмыстарына арналған шығындар 20,7 млрд теңгені (үлестерді есепке алмағанда) құрады, бұл 2020 жылғы шығындардан 2,7 млрд теңгеге жоғары. Шығындардың үлғауы негізінен жаңа перспективалы кен орындарын игеруге, сондай-ақ өндірудің ағымдағы деңгейін ұстап тұруға және орта мерзімді перспективада қорлардың орнын толтыруға күрделі салымдармен байланысты болды.

Органикалық

және бейорганикалық
өсу есебінен қорларды
толықтыру

- Қолданыстағы келісімшарттық участеклерде геологиялық-барлау жүргізу
- Өндіруші активтерге қосымша барлау жүргізу
- Перспективалық жобаларды бағалау және сатып алу

Геологиялық-барлау

жобаларын бірлесіп іске асыру үшін стратегиялық серіктестерді тарту

- Шетелдік инвестицияларды тарту
- Білім және технологиялар трансфері
- Тәуекелдерді оңтайландыру

Жүргізілетін

геологиялық-барлау
жұмыстарының тиімділігін арттыру

- Ағымдағы технологияларды жетілдіру және жаңа технологияларды енгізу
- Процестерді цифрандыру
- Барлау процестерін жобалық басқару жүйесін енгізу

¹ Нетто қорлар басқа тараптарға тиесілі барлық үлестерді шегергеннен кейін (1) ҚМГ қатысу үлесіне, сондай-ақ (2) ҚМГ-ге тиесілі емес, бірақ ҚМГ бакылайтын үлестерге жататын қорлардың бір бөлігі ретінде айқындалады.



2021 жылғы негізгі оқиғалар


- Жоғары көрсеткішті сейсмо-барлау (ЖКС) 3D нәтижелеріне сәйкес Шығыс Жетібай кен орнындағы №8 бағалау үнғымасын бұрғылау және игеру қорытындысы бойынша юра көкжиенін тәулігіне 38 тоннаға дейінгі дебитпен мұнай бұрқағы алынды. Бұрын игеруге тартылмаған кен орнының батыс блогында мұнай бар екені дәлелденді.
- ЖКС 3D нәтижелеріне сәйкес Оңтүстік Жетібай кен орнындағы №42 бағалау үнғымасын бұрғылау және игеру қорытындылары бойынша юра көкжиенін тәулігіне 36 тоннаға дейінгі дебитпен мұнай ағыны алынды. Бұрын барланбаған мұнай горизонтының мұнайлайтындығы дәлелденді.
- ЖКС 3D нәтижелеріне сәйкес Қаламқас кен орнының өлкелік бөліктерінде бұрғылау және үш бағалау үнғымасын игеру қорытындысы бойынша юра көкжиенін

тәулігіне 30 тоннаға дейінгі дебитпен мұнай ағыны алынды. Бұрын өткізіл алғынған көкжиектер анықталды және шеткі аймақтардың өнімді горизонттарының құрылымы нақтыланды. • Инженерлік-іздестіру жұмыстарының нәтижелері бойынша Женіс участкесінде алғашқы теңіз барлау үнғымасын салу орны түзетілді және бекітілді. Бұрғылау жұмыстары 2022 жылға жоспарланған. • 2021 жылдың желтоқсан айының соңында Шығыс Бектүрлұ участкесінде іздеу үнғымасын бұрғылау басталды. • ҚМГИ-мен барлау және жете барлау үшін жаңа алаңдарды іздеу бойынша бірлескен жұмыс аясында қысқа мерзімді және ұзак мерзімді перспективада іске асыру үшін 10 перспективалы объект анықталды. • Маңғыстау облысындағы Өзен кен орнында қосымша барлау жолымен жаңа мұнай шоғырлары табылды. Нәтижесінде алынатын мұнай қорының өсімі 39,9 млн тоннаны құрады.

Геологиялық-барлау бойынша жаңа жобалар

2021 жылы Мемлекеттік жер койнауы қорын басқару бағдарламасының (МЖҚББ) тізімінде компанияға екі жаңа жоба бекітілді («Әл-Фараби», «Торғай Палеозой»). Жақын арада МЖҚББ тізбесіне үш қосымша жобаны қосу жоспарлануда, «Қаратон-Сарықамыс», «Тайсойған» және «Өзен-Қарамандыбас».

Оңтүстік Торғай бассейні шегінде палеозой шәгінділерін барлаудың жаңа жобасы бассейндік модельдеуді пайдалану және өнірдің терен геологиялық құрылымының жалпы қабылданған тұжырымдамасын өзгерту арқылы кешенді тәсілдің нәтижесі болып табылады. Бүгінгі таңда Торғай палеозой жобасы ҚМГ



инвестициялық комитеттімен (ҚМГ ИК) мақұлданды және барлау үнғымасын бүрғылауды келісідің корпоративтік рәсімдерінен өтуде.

«Өзен-Қарамандыбас», «Тайсойған», «Қаратон-Сарықамыс» учаскелерінде бірлескен геологиялық-барлау жұмыстарын жүргізу үшін стратегиялық әріптестерді тарту бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Виртуалды датарум (Virtual Data Room) шенберінде шөгінді бассейндерді бірлесіп зерделеу, қолданыстағы активтерді бірлесіп барлау және әзірлеу үшін серіктестерді тарту және МЖКБ жобаларына тарту жүргізіледі. Әлеуетті серіктестер үшін 10-нан астам датарум еткізділі, олардың нәтижелері бойынша «Татнефть» ЖАҚ, China National Petroleum Corp. (CNPC), «Зарубежнефть» АҚ және басқалармен ықтимал ынтымақтастық бойынша келіссөздер жүргізілуде. «ЛУКОЙЛ» ЖАҚ-пен бірлесіп зерттеу келісімі аясында жұмыстар жалғасуда.

Жаңа технологияларды енгізу, геологиялық-барлауды оңтайландыру, тиімділікті арттыру

2017 жылдан бастап Қаламқас, Өзен, Жетібай ірі кен орындарында, сондай-ақ Асар, Бұрмаша, Оңтүстік Жетібай, Шығыс Жетібай және т.б. кен орындарында ЖКБ 3D технологиясы сөтті енгізілді.

Қолданыстағы активтер бойынша геологиялық міндеттерді шешу үшін 2D және 3D (3D Multiple, SWIM, FWI және басқалары) сейсмикалық деректерді өндөу саласындағы ең жаңа әлемдік геофизикалық технологияларды тарту жоспарлануда. Сондай-ақ, сейсмикалық деректерді интерпретациялау технологиясы енгізілуде (ResOP, нейрондық желілерді пайдалану болжамы, сейсмикалық деректерді инверсилялық талдау).

Геологиялық-барлау жұмыстары	2019	2020	2021
2D-сейсмикалық-барлау, қума км	240	—	1 099
3D- сейсмикалық-барлау, км ²	6 928	347	2 982
Бүрғыланған үнғымалар саны, бірл.	39	19	15

Серіктестік жобаларды кеңейту

«Әл-Фараби» жобасы,

келісімшарт бойынша жер қойнауын пайдалануышы «Әл-Фараби Оперейтинг» ЖШС болып табылады:

- «ҚазМұнайГаз» ҮК АҚ – «Әл-Фараби Оперейтинг» ЖШС БК-дегі үлесі 50,01%;
- «ЛУКОЙЛ» ЖАҚ – «Әл-Фараби Оперейтинг» ЖШС БК-дегі үлесі 49,99%.

Кен орнын игеру жобасы бекітілгенге дейін барлау кезеңінде қаржыландаруды «ЛУКОЙЛ» ЖАҚ «ҚазМұнайГаз» ҮК АҚ мен «Эни Исадай Б. В.» компаниясы арасындағы 2021 жылғы 11 карашадағы қаржыландаруды туралы келісімнің шарттарына сәйкес көрри-қаржыландаруды қағидаты бойынша жоба бойынша шығыстардың 100%-ы мөлшерінде жүзеге асырады.

«Женіс» жобасы,

жобаға қатысуышылар:

- «ҚазМұнайГаз» ҮК АҚ – жер қойнауын пайдалану құқығы 50%;
- «ЛУКОЙЛ Қазақстан Апстрим» ЖШС – жер қойнауын пайдалану құқығы 50%.

Жоба операторы «Женіс Оперейтинг» ЖШС болып табылады.

Барлау кезеңінде қаржыландаруды «ЛУКОЙЛ Қазақстан Апстрим» ЖШС «ҚазМұнайГаз» ҮК АҚ және «ЛУКОЙЛ Қазақстан Апстрим» ЖШС арасындағы қаржыландаруды туралы келісімнің шарттарына сәйкес көрри-қаржыландаруды қағидаты бойынша жоба бойынша шығыстардың 100%-ы мөлшерінде жүзеге асырады.

«Исадай» жобасы,

жобаға қатысуышылар:

- «ҚазМұнайГаз» ҮК АҚ – жер қойнауын пайдалану құқығы 50%;
- «Эни Исадай Б.В.» – жер қойнауын пайдалану құқығы 50%.

Жобаның операторы «Исадай Оперейтинг Компани» ЖШС болып табылады.

Барлау кезеңінде қаржыландаруды «Эни Исадай Б.В.» компаниясы

«ҚазМұнайГаз» ҮК АҚ мен «Эни Исадай Б. В.» компаниясы арасындағы қаржыландаруды туралы келісімнің шарттарына сәйкес көрри-қаржыландаруды қағидаты бойынша жоба бойынша шығыстардың 100%-ы мөлшерінде жүзеге асырады.

«Абай» жобасы,

жобаға қатысуышылар

- «ҚазМұнайГаз» ҮК АҚ – жер қойнауын пайдалану құқығы 50%;
- «Эни Исадай Б.В.» – жер қойнауын пайдалану құқығы 50%.

Жобаның операторы «Исадай Оперейтинг Компани» ЖШС болып табылады.

Кен орнын игеру жобасы бекітілгенге дейін барлау кезеңінде қаржыландаруды «Эни Исадай Б. В.» компаниясы «ҚазМұнайГаз» ҮК АҚ мен «Эни Исадай Б. В.» компаниясы арасындағы қаржыландаруды туралы келісімнің шарттарына сәйкес көрри-қаржыландаруды қағидаты бойынша жоба бойынша шығыстардың 100%-ы мөлшерінде жүзеге асырады.

«Шығыс Бектұрлы» жобасы,

жобаға қатысуышылар:

- «ҚазМұнайГаз» ҮК АҚ - жер қойнауын пайдалану құқығы 50%;
- «Көкел Мұнай» ЖШС - жер қойнауын пайдалану құқығы 50%.

Жобаның операторы «Becturly Energy Operating» ЖШС болып табылады.

Барлау кезеңінде қаржыландаруды «Көкел Мұнай» ЖШС көрри-қаржыландаруды қағидаты бойынша жоба бойынша шығыстардан 100% мөлшерінде жүзеге асырады.

«Торғай» жобасы,

жобаға қатысуышылар:

- «ҚазМұнайГаз» ҮК АҚ – 100%.

Осы кезеңде «Торғай» жобасы ҚМГ-ның өз күшімен және ҚМГеке қаражаты есебінен іске асырылады деп болжанып отыр.

«Хвалынское» жобасы,

2005 жылы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының уәкілетті үйымдары - «ҚазМұнайГаз» ҮК АҚ және «ЛУКОЙЛ» ЖАҚ өнімді бөлу туралы келісімге кол қойылғаннан кейін «Хвалынское» жобасы бойынша жер қойнауын пайдалану құқығы ресімделетін «Каспий мұнай-газ компаниясы» ЖШҚ-ның 50%/50% бірлескен кәсіпорнын құрды.

Жобаны қаржыландаруды «ҚазМұнайГаз» ҮК АҚ және «ЛУКОЙЛ» ЖАҚ тепе-тендік негізде проценттік карыздар беру арқылы жүзеге асырады

«Орталық» жобасы,

жобаға қатысуышылары:

- «ҚазМұнайГаз» ҮК АҚ - 50%;
- «ЦентрКаспнефтегаз» ЖШҚ) – 50% (50%/50% «Лукойл» ЖАҚ және «Газпром» ЖАҚ-ның бірлескен кәсіпорны.

Оператор және жер қойнауын пайдалануыш Ресей Федерациясында тіркелген «Центральная мұнай-газ компаниясы» ЖШҚ болып табылады.

Барлау кезеңінде қаржыландаруды «ЦентрКаспнефтегаз» ЖШҚ көрри-қаржыландаруды қағидаты бойынша жоба бойынша шығыстардың 100% мөлшерінде жүзеге асырады.

«Құрманғазы» жобасы,

жобаға қатысуышылар:

- «ҚазМұнайГаз» ТМК АҚ - ӨБК-дегі үлесі 50%;
- «РН-Эксплорейшн» ЖШҚ («Роснефть» ЖАҚ-ның 100% еншілес үйымы) - ӨБК-дегі үлесі 50%.


Жобаның операторы «Құрманғазы Петролеум» ЖШС болып табылады – «Құрманғазы Петролеум» ЖШС жарғылық капиталындағы 100% үлес «ҚазМұнайГаз» ҮК АҚ-ға тиесілі.

Жобаны қаржыландаруды «ҚазМұнайГаз» ҮК АҚ және «РН-Эксплорейшн» ЖШҚ тепе-тен негізде - шығыстардың 50%-нан жүзеге асырады.

Халықаралық компаниялармен ғылыми-техникалық ынтымақтастық

Қорларды барлау бойынша
активтерді бағалауды бірлесіп
жүргізу

Білім мен технологиялар
алмасу



Өндіру

2021 жылы ҚМГ әлемдік сұраныс пен мұнай бағасын тұрақтандыру шарасы ретінде ОПЕК+ келісімі шенбөрінде өндіруді шектеу бойынша Қазақстанның міндеттемелерін сақтауды жалғастырды.

Әлеуметтік тұрақтылықты сақтау мақсатында және қатысудың жекелеген өңірлерінде қаржы орнықтылығын қамтамасыз ету үшін КР Энергетика министрлігімен ҚМГ компаниялар тобының ішінде мұнай өндіруді шектеуді қайта бөлу бойынша жұмыстар жүргізілді.

Мұнай мен газ өндіруді ҚМГ-ның операциялық активтері, сондай-ақ

ҚМГ-ның қатысу үлесі бар, бірақ өндірістік процеске тартылмаған мегажобалар жүзеге асырады.

ҚМГ мұнай және конденсат өндіру бойынша Қазақстандағы ең ірі үш жобаға: Теніз, Қарашиғанақ және Қашаған, тиісінше, 20, 10 және 8,44% үлестерімен қатысады.

ҚМГ әлемдегі ең ірі мұнай алыптарымен: Chevron Corp, Exxon Mobil Corp, Royal Dutch Shell PLC, Eni SpA, TOTAL SA, Inpex Corp, CNPC, ЛУКОЙЛ-мен бірге мегажобаларда мұнай өндіру бойынша әріптестік ынтымактастықты жүзеге асырады.

Өндіруші активтер

Операциялық активтер	ҚМГ үлесі, %
«Өзенмұнайгаз» АҚ ¹	100
«Ембімұнайгаз» АҚ	100
«Манғыстаумұнайгаз» АҚ	50
«Қаражанбасмұнай» АҚ	50
«Қазгермұнай» БҚ ЖШС	50
«ПетроҚазақстан Инк.» АҚ	33
«Қазақтұрекмұнай» ЖШС	100
«Қазақойл Ақтөбе» ЖШС	50
«Амангелді Газ» ЖШС (конденсат)	100
«Өріктау Оперейтинг» ЖШС	100

Операциялық емес активтер (мегажобалар)	ҚМГ үлесі, %
«Тенішшевройл» ЖШС	20
«Норт Каспий Оперейтинг Компани Н.В.»	8,44
«Қарашиғанақ Петролиум Оперейтинг Б.В.»	10





Мұнай өндіру

ҚМГ 2021 жылы ОПЕК+ форматында мұнай өндіруді қысқарту бойынша Қазақстан Республикасы қол жеткізген уағдаластықтар шеңберінде Мұнай және конденсат өндіру көлемін бір жылға бұрын жоспарланған көлемдермен салыстырғанда 900 мың тоннаға қысқартты. Өндірудің жалпы деңгейі 21,6 млн тоннаны немесе 444 мың баррельді құрады. Тәулігіне, бұл өткен жылғы көрсеткіштерден

0,5%-ға төмен. Соған қарамастан, ҚМГ Қазақстанның мұнай-газ саласында үлттық қөшбасшы болып қала береді, оның үлесіне елде өндірілетін барлық мұнай мен конденсаттың үштен бір бөлігі тиесілі.

ҚМГ-ның едәуір өсу әлеуетіне ие өндіру активтерінің тенденцияларынан портфелі бар.. Мұнай және конденсат өндіру бойынша операциялық және мегажобалардың үлесі, тиісінше, 64% (14 млн тонна) және 36% (7,7 млн тонна) құрады.

Мұнай және газ конденсатын өндіру, мың тонна

Көрсеткіш	2019	2020	2021
Мұнай және газ конденсатын өндіру көлемі	23 618	21 752	21 654
Операциялық активтер	15 476	14 113	13 965
«Әзенмұнайгаз» АҚ	5 586	5 347	5 332
«Ембімұнайгаз» АҚ	2 900	2 601	2 522
«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ	3 204	2 977	2 944
«Қазгермұнай» БҚ» ЖШС	1114	778	727
«Қаражанбасмұнай» АҚ	1 082	1 001	1 048
«ПетроҚазақстан Инк.» АҚ	844	661	600
«Қазакойл Ақтөбе» ЖШС	320	295	298
«Қазактүрікмұнай» ЖШС	409	432	434
«Амангелді Газ» ЖШС (ҚТГ)	17	15	14
«Әріктау Оперейтинг» ЖШС	0	6	47
Мегажобалар	8 142	7 639	7 654
«Тенізшевройл» ЖШС	5 958	5 292	5 311
«ҚМГ Қашаған Б.В.» ЖШЖК	1 169	1 253	1 344
«ҚМГ Қараышығанақ» ЖШС	1 015	1 094	1 034

Мұнай және газ конденсатын өндіру, тәулігіне мың барр.

Көрсеткіш	2019	2020	2021
Мұнай және газ конденсатын өндіру көлемі	485	445	444
Операциялық активтер	307	279	277
«Әзенмұнайгаз» АҚ	111	106	106
«Ембімұнайгаз» АҚ	58	52	50
«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ	63	59	58
«Қазгермұнай» БҚ» ЖШС	23	16	15
«Қаражанбасмұнай» АҚ	20	18	19
«ПетроҚазақстан Инк.» АҚ	18	14	16
«Қазакойл Ақтөбе» ЖШС	7	6	6
«Қазактүрікмұнай» ЖШС	8	9	9
Мегажобалар	178	166	168
«Тенізшевройл» ЖШС	130	115	116
«ҚМГ Қашаған Б.В.» ЖШЖК	25	27	29
«ҚМГ Қараышығанақ» ЖШС	22	23	22

¹ Әрбір актив бойынша баррельденудің орташа өлшемді жеке коэффициенттерімен санаған кезде.

ОПЕК+ қысқартуларын ескере отырып, өндірудің жоспарлы және нақты деңгейі, мың тонна

Көрсеткіш	2021		
	Өндіру жоспары	ОПЕК+ аясындағы қысқартулар ескерілген нақты көлемі	Алшақтық
Мұнай және газ конденсатын өндіру көлемі	22 588	21 654	-934
Операциялық активтер	14 471	13 965	-506
Мегажобалар	8 117	7 688	-429

ҚМГ-ның өндіруші бағыттары активтерінің өлшемшарттары

Активтер	Кеуектілігі	API градусы бойынша тығыздығы	Күкірттің мөлшері, %	Кен орын саны	Жаңа ұнғымалардың орташа дебиті, тәуелігіне/ тонна	Ұнғымалардың аудыспалы корындағы ұнғымалардың орташа дебиті, тәуелігіне/тонна	Мұнайды баррельдеу коэффициенті, баррель/ тонна
«Фәзенмұнайгаз» АҚ	0,19	36,51	0,14	2	11,2	4,2	7,23
«Ембімұнайгаз»	0,27	32,03	0,62	33	12,2	3,7	7,3
«Қаражанбасмұнай» АҚ	0,32	19,81	2,00	1	2,13	2,13	6,68
«Қазгермұнай» БҚ» ЖШС	0,26	39,95	0,1	5	19,5	28,3	7,38
«ПетроҚазакстан Инк.» АҚ	0,09–0,30	51,25	0,03–0,08	19	11–18,2	0,9–30,4	7,75
«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ	0,14	30,77	0,2	15	9,7	5	7,23
«Қазақойл Ақтөбе» ЖШС	0,085	38,89	1,12	2	45,3	16,3	7,516
«Қазақтурікмұнай» ЖШС	0,14	36,12	3,17	6	-	39,4	7,21
«Әріктау Оперейтинг» ЖШС	0,1	41,7	0,7	3	46,5	75,1	7,717



ҚМГ өндіретін мұнайдың техникалық сипаттамалары өнірлер бойынша бір-бірінен едәуір ерекшеленеді. Операциялық активтер арасында ең ауыр мұнай Қаражанбасмұнайды өндіріледі, оның баррельдеу коэффициенті бір тоннаға 7,75 баррельді құрайды.

ПетроҚазақстан Инк. Өндіреді, оның баррельдеу коэффициенті бір тоннаға 7,75 баррельді құрайды.

Шикі мұнайды сапасы екі негізгі өлшемшарт бойынша анықтау болады: API градусы бойынша тығыздығы және құрамындағы күкірттің

мөлшері. CPC Blend маркасында (негізінен ҚМГ мегажобалары өндіреді) күкірттің мөлшері 0,56%, API градусы бойынша тығыздығы 45.3 тең, ол сапасы бойынша әлемдегі ең жақсы мұнайдың біріне жатады.

Маркасы	API градусы бойынша тығыздығы	Күкірттің мөлшері, %
CPC Blend (Қазақстан, Новороссийск)	45,3	0,56
West Texas Int. (АҚШ, Күшин)	40,0	0,42
Arab Extra Light (Сауд Арабиясы)	39,4	1,09
Brent (Ұлыбритания)	37,5	0,40
Urals (Ресей, Новороссийск)	31,3	1,36

Деректер S&P Global Platts ашық акпарат көздерінің алынды.



Мегажобалар

ҚМГ әлемдік ауқымдағы жобаларды халықаралық мұнай-газ компанияларымен бірлесіп игереді.

Теңіз

Қазақстанның мұнай-газ саласының маржаны, әлемде теңдесі жок алпауыт мұнай кен орны.

Қазақстан Республикасы мен Chevron Corp компаниясы арасында 1993 жылдың 2 сәуірінде «Теңізшевройл» ЖШС (ТШО, Теңіз) жобасы бойынша келісімге қол қойылды. Көмірсутектерді барлауға

және өндіруге арналған лицензияны ТШО 1993 жылы 40 жыл мерзімге берді. ТШО қызметінің негізгі түрі - Атырау облысындағы Теңіз және Королевское кен орындарынан көмірсутектерін барлау, өндіру және сату.

ТШО операторы қоры бойынша бірегей алып Теңіз кен орны мен ірі

Королевское кен орнын қамтитын лицензиялық участкенің аумағында жұмыс істейді. Теңіз мұнай кен орны 1979 жылдың ашылған және әлемдегі ең терен мұнай кен орны болып табылады.

Қазіргі уақытта мұнай өндіру және дайындау сенімділік көрсеткіштері жоғары қазіргі заманғы өндірістік



Мұнай өндіру (барлығы)	26 480 мың тонна (тәулігіне 580 мың барр.) ²
ҚМГ үлесіне мұнай өндіру (20%)	5 311 мың тонна (тәулігіне 116мың барр.)
Даму перспективалары	Күны 45,2 млрд АҚШ долларын құрайтын ЖБЖ/СҚБЖ іске асыру Теніз көн орнында мұнай өндіру көлемін жылына 12 млн тоннаға арттыруға мүмкіндік береді
2Р мұнай қорларының еселігі	20 жылдан астам
Ілеспе газ өндіру (барлығы). Осы көлемге Компанияның жеке қажеттіліктері үшін газ және газды көрі айдау кіреді	14,8 млрд м ³
Иелік ету үлесі	ҚМГ (20%), Chevron (50%), Exxon Mobil (25%), ЛУКОЙЛ (5%)
Оператор	«Тенішевройл» ЖШС

объектілерде жүзеге асырылады: кешенді технологиялық желілер (КТЛ — 2021 жылы қайта өндөлген мұнайдың 13,48 млн тоннасы), екінші бұындағы зауыт (ЕБЗ — 2021 жылы өндөлген мұнай 13,07 млн тонна) және шикі газды айдау (ШГА — 2021 жылы 2,98 млрд м³). Бүгінгі таңда ұнғымалар қорына 200 пайдалану

ұнғымалары мен 8 газ айдау ұнғымалары кіреді.

2020 жылғы көрсеткіштермен салыстырғанда мұнай өндіру 0,4%-ға — 26 553 мың тоннаға дейін (ҚМГ үлесін қоса алғанда — 5 311 мың тонна) өсті, бұл ретте газ өндіру 0,1%-ға - 14,8 млрд м³ дейін (ҚМГ

үлесін қоса алғанда - 2,95 млрд м³) өсті. Өндірудің үлғауы 2021 жылдың екінші жартысында ОПЕК+ шектеулерінің жойылуымен, сондай-ақ ЕБЗ/ШГА-да ірі ауқымды құрделі жөндеудің мерзімінен бұрын аяқталуымен (мерзімінен 4 күн бұрын) байланысты, бұл қосымша 238 мың тонна мұнай өндіруге мүмкіндік берді. (ҚМГ үлесін қоса алғанда 47,6 мың тонна).

«Тенішевройл» ЖШС өндірістік қызметі

Жыл	Мұнай өндіру, мың тонна	Ілеспе газ өндіру, млн м ³	Құрғак газ өндіру, млн м ³	Сұйытылған кемірсүтек газын (СҚГ) өндіру, мың тонна	Күкірт өндіру, мың тонна	Газ айдау, млн м ³
2019	29 791	16 290	9 471	1 348	2 589	3 655
2020	26 457	14 748	8 674	1 482	2 451	3 069
2021	26 480	14 767	8 717	1 449	2 493	2 982

«Болашақ кеңейту жобасы» мен «Сағалық қысымды басқару жобасын» іске асыру барысы

ТШО екі интеграцияланған жобаны — «Болашақ кеңейту жобасын» (БҚЖ) және «Сағалық қысымды басқару жобасын» (СҚБЖ) іске асырады. Жобаны іске асыру Қазақстан экономикасына елеулі үлес косуда. БҚЖ/СҚБЖ іске асыру шенберінде Қазақстанда 48 мыңға жуық жұмыс орны құрылды, сондай-ақ БҚЖ/СҚБЖ объектілерін пайдалану үшін 1 мыңға жуық тұракты жұмыс орны үйімдастырылады. Жобаны іске асыру Теніз көн орнында мұнай өндіру көлемін

жылына 12 млн тоннаға арттыруға мүмкіндік береді.

2021 жылдың корытындысыры бойынша БҚЖ/СҚБЖ жобасы бойынша жиынтық шығындар 38,3 млрд АҚШ долларын құрады. Жоба бойынша жұмыстардың жалпы ілгерілеуі - 89%. 2021 жылдың жаңартылған кестесіне сәйкес СҚБЖ обьектілерін іске қосудың болжамды уақыты – 2023 жылғы наурыз, БҚЖ - 2023 жылғы караша

2022 1 қантардағы жағдай бойынша жалпы құрылых жұмыстары бойынша орындалу барысы 82,6% (жоспар – 81,9%), инженерлік жобалау бойынша 100,0% (жоспар – 100,0%), электрмен

жабдықтау және басқару жүйелері бойынша 97,1% (жоспар - 99,5%), Ұнғымаларды бұрғылау бойынша 94,6% (жоспар – 94,2%), логистика бойынша сатып алу бойынша 100% (жоспар – 100%), модульдерді дайындау бойынша 100%, жүйені аяқтау бойынша 12,5% (жоспар – 17,7%) құрайды.

Барлық технологиялық модульдер іргетастарға орнатылды, ДБО (процессі басқарудың бірлескен орталығы) обьектісінің құрылыш-монтаждау жұмыстары аяқталды, кезекті топтық өлшеу қондырғылары қосылды және пайдалануға берілді (сәйкесінше акланда және қыркүйекте ТӘҚ-53 және ТӘҚ-54).

² 1 тонна = 7,98 баррель

2022 жылдың 1-тоқсанында ТШО серіктестерімен бірлесіп, 2021 жылы орындалған жұмыс прогресін ескере отырып, жобаның кестесі мен құнын бағалау бойынша жұмыс жүргізуді жоспарлап отыр, БКЖ объектілерін пайдалануға берудің нақты мерзімі 2022 жылдың екінші тоқсанында жарияланатын болады.

2022 жылға келесі іс-шаралар жоспарланған:

- Көші-қон және ӨББО-ны іске қосу;
- 55 ТӘҚ пайдалануға беру;
- БКЖ энергия құралдары обьектілерінде іске қосу-реттеу жұмыстарын жүргізу үшін отын газын беру;
- Ушінші буындағы шикі газды айдаудың (ҰБШГА) электр станцияларында құрылым-монтаждау жұмыстарын аяқтау;
- ҰБШГА электр станцияларына электр кернеуін беру;

- Қысымды ұстап тұру жүйесінің (ҚҰЖ) құбырларын салу бойынша механикалық жұмыстарды аяқтау;
- ҚҰЖ кабельдерін салу бойынша жұмыстарды аяқтау;
- Шикі газды айдаудың бұрғылау алаңдарында құрылым-монтаждау жұмыстарын аяқтау;
- Ұшінші буын зауытында (ҰБЗ) суды минералсыздандыру кондырғысындағы және жылуды кәдеге жаратушы қазандарда механикалық жұмыстарды аяқтау.

COVID-19

Теңіз аумағында коронавирус инфекциясының (КВИ) таралуының басталуына және 2020 жылғы маусымнан бастап 2021 жылғы тамызға дейін қайта таралуына байланысты, кен орнынан, атап айтқанда, БКЖ/СҚБЖ құрылым алаңдарынан саны 35 мыңға жуық адамды демобилизациялау және кері жұмылдыру бірнеше

рет мәжбурлі түрде жүргізілді. 2021 жылғы қыркүйектен бастап қазіргі уақытта КВИ жағдайының тұрақтануына байланысты БКЖ/СҚБЖ құрылышындағы қызметкерлер саны шамамен 32 мың адамды құрайды.

Қазіргі уақытта барлығы 100 мыңдан астам адам вакциналанды, олардың 4300-і ТШО қызметкерлері, қалғаны - мердігерлік ұйымдардың қызметкерлері. Қызметкерлердің кайта вакциналау бағдарламасы басталды, 1,8 мыңнан астам адам бустерлік вакцинаны алды.

2021 жылдың сонындағы жағдай бойынша Теңіздеңі қызметкерлер саны 49 мың адамды құрады

Құлсары қаласында 200 орынға арналған модульді аурухана пайдалануға берілді.

Қашаған

Қашаған алып кен орны соғыға төрт онжылдықтағы ең ірі кен орны болып табылады. Қашаған - әлемдегі ең күрделі салалық жобалардың бірі.

Солтүстік Каспий бойынша өнімді бөлу туралы келісімге (СҚӘБК) Қазақстан Республикасы мен Халықаралық консорциум арасында 1997 жылғы қарашада кол қойылды. Жобаны басқару мердігер компаниюлардың атынан әрекет ететін «Норт Каспий Оперейтинг Компани Н.В.» (NCOC) операциялық компаниясы арқылы жузеге асырылады.

Солтүстік Каспий жобасы - Қазақстандағы теңіз мұнай-газ кен орындарын итерудің алғашқы ірі ауқымды жобасы. Ол бес кен орнын қамтиды: Қашаған, Қаламқас-теңіз, Қайран, Ақтоты және Өңтүстік Батыс Қашаған.

Қашаған кен орны Атырау қаласынан 75 км жерде Қайран аймағында

орналасқан, мұнда судың терендігі 3-4 м құрайды, кен орнының коллекторы 4 км астам терендікте жатыр және жоғары қысым (700 бар. астам) мен құйкіртсүтегінің (H2S) жоғары концентрациясымен сипатталады. Бұл жағдайда құйкіртті газды жоғары қысыммен кері айдау мұнай берудің артуына әкеледі.

Қашаған теңіздеңі қатал экологиялық жағдайларға және жобалau, логистика және қауіпсіздік мәселелеріне байланысты әлемдегі ең күрделі салалық жобалардың бірі болып табылады. Солтүстік Каспийді субарктикалық климат аясында жылына шамамен бес ай мұз басады. Бұл өз кезегінде инновациялық техникалық шешімдерді колдануды талап етеді. ҚМГ шетелдік әріптестермен бірге жобаны табысты іске асырып, одан әрі өсу әлеуетімен өндірудің тұрақты деңгейіне көл жеткізді.

Қашаған кен орнының орналасу схемасы жерусті және теңіз

объектілерінен тұрады. Жерусті құрылыштарына: «Болашақ» мұнай мен газды кешенді дайындау қондырғысы (МГҚДК) жатады. Теңіз обьектілерінің арасында жасанды құрылыштар салынды: «Д» аралындағы пайдалану - технологиялық кешен, «А» аралы, EPC-2, EPC-3 және EPC-4 аралының өртө өндіріу орталықтары. Қашаған кен орнында барлығы 40 ұнғыма бұрғыланды, оның 6-ы айдау, ал 34-і өндіруші ұнғымалар.

Қазіргі уақытта ҚМГ («ҚазМұнайГаз» Кооператив U. A. арқылы¹) «ҚМГ Қашаған Б.В.» ЖШС-сын «Самұрық-Қазына» АҚ-мен бірге тепе-тендік негізде (50%/50%) иеленеді, ал ол өз кезегінде Солтүстік Каспий жобасына қатысу үлесінің 16,88%-ын иелеңді. Осылайша, ҚМГ-ның жобадағы жанама иелігі 8,44%-ды құрайды. Бұл ретте ҚМГ 2020 жылдан бастап 2022 жылға дейінгі кезеңде «ҚМГ Қашаған Б.В.» ЖШС-ның 50% үлесін сатып алу опционына ие.

¹ 100%-ы ҚМГ-ге тиесілі, тікелей иелік ету — 99,7440256%, «ҚМГ Құмкөл» ЖШС арқылы жанама иелік ету - 0,2559744%.

² 1 тонна = 7,9272 баррель.

³ Өндірудің ағымдағы салыстырмалы тәмен деңгейін, бірақ өсу әлеуетімен көрсетеді.



Негізгі индикаторлар

2021 жылы мұнай және конденсат өндіру (барлығы)	16,2 млн тонна (тәулігіне 353 мың барр.) ²
ҚМГ үлесіне мұнай және конденсат өндіру (8,44%)	1 344 мың тонна (тәулігіне 29 мың барр.)
Мұнай және конденсат бойынша 2Р көрларының еселігі ³	120 жылдан астам
Газ өндіру (барлығы)	9,9 млрд м ³
Иелік ету үлестері	«ҚМГ Кашаган Б.В.» (16,88%), Eni (16,81%), Exxon Mobil (16,81%), Shell (16,81%), TOTAL SA (16,81%), CNPC (8,33%), INPEX North Caspian Sea (7,56%)
Оператор	«Норт Каспий Оперейтинг Компани Н.В.» (NCOC)

«Норт Каспий Оперейтинг Компани Н.В.» өндірістік қызметі

Жыл	Мұнай өндіру, мың тонна	Табиғи және ілеспе газды өндіру, млн м ³	Күкірт өндіру, мың тонна	Газ айдау, млн м ³
2019	14 127	8 453	1 323	3 148
2020	15 141	9 152	1 228	3 807
2021	16 236	9 878	1 372	4 315

Солтүстік Каспий жобасы аясында 2021 жылы мұнай өндірудің нақты көлемі 16,2 млн тоннаны, газ - 9,9 млрд м³ құрады. Қашаған кен орнында мұнай өндіру көлемі 2020 жылмен салыстырғанда 7,2%-ға - 1 094 мың тонна мұнай мен 726 млн м³ газға дейін өсті. 2021 жылы өндірудің айтарлықтай өсуі ОПЕК+ келісімі шенберінде тамыз айынан бастап Қазақстан үшін квотаның ұлғаюына байланысты. 2021 жылдың 4-ші тоқсанында ШГА компрессорларының өнімділігіне сынақтар ойдағыдан жүргізілді, бұл газды айдау деңгейін тәулігіне 15 млн м³ дейін арттыруға және өндірудің орташа тәуліктік деңгейін тәулігіне ~ 410 мың барр арттыруға мүмкіндік берді.

ӨБК шарттарына сәйкес Қашаған кен орнында өндірілген барлық мұнай, соның ішінде ҚМГ мұнайының үлесі де экспортқа жіберіледі. Өндірілген мұнай негізінен Еуропаға, Шығыс Азияға және Үндістанға Новороссийск порты арқылы экспортталауды, онда мұнай КҚҚ мұнай құбыры арқылы жеткізіледі.

Қашаған кен орнын дамыту перспективалары

1-ші кезең шенберінде өндірудің тұрақты деңгейіне жеткеннен кейін орта мерзімді перспективада мұнай мен конденсат өндірудің тәулігіне 450 мың баррель (тәулігіне 57 мың тонна) әлеуетімен мұнай өндіру деңгейін ұлғайту мақсатында екі жоба қаралып жатыр:

- 1-ші пакет 1 (Bundle 1);
- Шикі газды үшінші тараپқа жеткізу жобасы. (Куаты жылына 1 млрд м³ газ өндеу зауыты (ГӨЗ)).

2-ші кезең аясында алдағы 10 жыл ішінде мұнай мен конденсатты өндіру деңгейін 700 мың баррельге (тәулігіне 88 мың тонна) дейін арттыруға бағытталған жеке-жеке екі «А» және «Б» жобалары қаралуда.

- 2А фазасы;
- 2Б фазасы.

1-ші пакет (Bundle 1)

Жоба мұнай өндіру көлемін 15-20 мың баррельге дейін ұлғайту мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Қолданыстағы айдау компрессорларын жаңғыру және олардың өнімділігін арттыру есебінен (тәулігіне 1,9-2,5 мың тонна). 1-Пакет екі кезеңге бөлінді: ШГА компрессорларын жаңарту (2022 жылы іске асырылады) және ұнғымаларды конверсиялау арқылы ультра жоғары қысымды құбыр (2026 жыл). Жобаның құны шамамен 207 млн АҚШ долларын құрайды, оны аяқтау 2022 жылдың екінші жартысына жоспарланып отыр.

Шикі газды үшінші тараپқа жеткізу жобасы (куаты жылына 1 млрд м³ ГӨЗ)

Жоба мұнай өндіру көлемін қуаты жылына 1 млрд м³ болатын «QazaqGaz» ҮК АҚ-ның (ҚТГ) жаңа ГӨЗ-не ілеспе шикі газдың қосымша көлемін жеткізу есебінен 17-20 мың баррельге дейін ұлғайту мүмкіндігін қамтамасыз етеді (тәулігіне 2,1-2,5 мың тонна) Жоба 2024 жылы аяқталады деп жоспарланып отыр.

2А фазасы

Жоба «QazaqGaz» ҮК АҚ-ға жылына ~ 2 млрд м³ көлемінде шикі газды қосымша жеткізу есебінен қолданыстағы қондырғыларда мұнай өндіруді

тәулігіне 500 мың баррельге (тәулігіне 63 мың тонна) дейін арттыруға бағытталған. Қазіргі уақытта жоба базалық жобалau кезеңіне өтті. Соңғы инвестициялық шешімді 2026 жылы жобаны іске қосу арқылы 2023 жылы қабылдау жоспарлануда.

2Б фазасы

Жоба мұнай өндіру деңгейін 700 мың баррельге дейін (тәулігіне 88 мың тонна) арттыруға бағытталған. Откен жылы ТШО немесе ҚТГ жылына 6 млрд м³ шікі газ жеткізумен құрлықта жаңа зауыт, мультифа-залы құбыр салу тұжырымдамасы таңдалды. Қазіргі уақытта базаға дейінгі жобалau шенберінде тұжырымдаманы одан әрі техникалық және коммерциялық зерделеу және оңтайландыру бойынша жұмыстар жүргізілуде. Соңғы инвестиациялық шешімді 2030 жылы жобаны іске қосу арқылы 2024 жылы қабылдау жоспарлануда.

COVID-19

COVID-19 пандемиясымен көрес шенберінде Солтүстік Каспий жобасының операторы өндірістік персоналды корғау мақсатында вирустың таралуының алдын алу мен бақылаудың тиімді бағдарламасын іске асыруда және бір мезгілде өндірістік операцияларға әсер етуді азайту және инфекцияның одан әрі таралуы бойынша шаралар қабылдауда. Бұғынгі таңда кәсіпорында 2838 адам вакцина алды.

Қараышығанақ

Әлемдегі ең ірі мұнай-газ конденсатты кен орындарының бірі.

Қараышығанақ мұнай-газ конденсаты кен орны бойынша өнімді бөлу туралы түпкілікті келісім (ӨБТК) Қазақстан Республикасы мен Халықаралық консорциум арасында 1997 жылғы 18 қарашада жасалды.Royal Dutch Shell және Eni компаниялары Қараышығанақ жобасының бірлескен операторлары болып табылады, оның іске асырылуы «Қараышығанақ, Петролиум Оперейтинг Б.В.» (ҚПО) арқылы жүзеге асырылады.

Негізгі индикаторлар

Сұйық көміртек өндіру (тұрақты ¹) (барлығы)	10,3 млн тонна (250 тәулігіне мың барр. ²)
КМГ үлесіне (10%) тиесілі сұйық көміртек өндіру (тұрақты)	1 034 мың тонна (25 тәулігіне мың барр.)
Даму перспективалары	Қол жеткізілген деңгейде сұйық көмірсутектерді өндіру деңгейлерін қолдау мақсатында инвестициялық жобаларды іске асыру
Мұнай және конденсат бойынша қорлардың 2Р еселігі	20 жылдан астам
Газ өндіру (барлығы)	18,9 млрд м ³
Иелік ету үлестері	КМГ (10%), Eni (29,25%), Shell (29,25%), Chevron (18,00%), ЛУКОЙЛ (13,5%)
Оператор	Royal Dutch Shell мен Eni компаниялары Қараышығанақ кен орнының бірлескен операторлары болып табылады («Қараышығанақ Петролеум Оперейтинг Б.В.»)

¹ Сұйық көмірсутектерді тұрақты баламада бағалау үшін мұнай мен конденсаттың жалпы көлеміне 0,9 аудару коэффициенті пайдаланылады.

² 1 тонна = 7,86 баррель



Қарашиғанақ мұнай-газ конденсаты кен орны - Батыс Қазақстан облысында орналасқан және 280 км² астам аумақты алып жатқан әлемдегі ең ірі мұнай-газ конденсаттың кен орындарының бірі. Кен орны 1979 жылды ашылды, ал кен орнын тәжірибелік-өнеркәсіптік игеру 1984 жылды басталды.

Қарашиғанақ кен орнында өндіру процесінде өзара байланысты және өзара тәуелді технологиялық қондырғылардың бірыңғай жүйесі болып табылатын үш негізгі технологиялық объект бар:

- ҚӨК - кен орнының солтустік-батыс бөлігінде орналасқан Қарашиғанақ өндіреу кешені үңғы-малардан түсетін сұйық қемірсүтектерді, сондай-ақ ГКДҚ 2-ден тасымалданатын бастапқы шикізатты өндеді;
- ГКДҚ 2 - кен орнының оңтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан газды кешенді дайындау қондырғысы шикі газды жоғары қысыммен бөледі және қайта айдауды, сондай-ақ экспортқа жіберер алдында тұрақтандыру үшін сұйық қемірсүтектерді ҚКП-ға жібереді;
- ГКДҚ 3 - кен орнының солтустік-шығыс бөлігінде орналасқан газды кешенді дайындау қондырғысы экспортқа жіберер алдында сұйық қемірсүтектер мен газды бөледі және ішінара тұрақтандырады.

2021 жыл ішінде үңғымалардың пайдалану қоры 158 өндіруші үңғыманы және 19 айдау үңғымасын құрады.

2021 жылды Қарашиғанақ кен орнында 10 338 мың тонна сұйық қемірсүтек (КМГ — 1 034 мың тонна үлесін қоса алғанда) және 18 980 млн м³ газ (КМГ — 1 898 млн м³ үлесін қоса алғанда) өндірілді, бұл бір жыл бұрынғы өндіру деңгейімен салыстырғанда тиисінше 5,5%-ға және 6,1%-ға аз. Төмендеу негізінен газды сатып алу-сатудың ұзақ мерзімді шартты аясында жеткізілетін Орынбор ГӘЗ тарапынан шикі газды қабылдаудың қысқаруына және жоспардан тыс ұзақ жөндеу жұмыстарының жүргізуіне байланысты.

«Қарашиғанақ Петролиум Оперейтинг Б.В.» компаниясының өндірістік қызметі

Жыл	Газ өндіру, млн м ³	Сұйық қеміртек өндіру, мың тонна	Газ айдау, млн м ³
2019	18 615	10 147	8 711
2020	20 214	10 941	10 362
2021	18 980	10 338	9 998

Қарашиғанақ кен орнының даму перспективалары

Қарашиғанақ мұнай-газ конденсат кен орны өнеркәсіптік игерудің екінші кезеңінде (2М фазасы) орналасқан, оның шенберінде қол жеткізілген деңгейде сұйық қемірсүтектерді өндіру сөресін ұзарту мақсатында шикі газды дайындау және кері айдау жөніндегі өндірістік қуаттарды ұлғайтуға бағытталған бірқатар ірі инвестициялық жобалар (өндіру деңгейін ұзарту жобалары және Қарашиғанақты кеңейту жобасы) іске асрылады.

Өндіру деңгейін ұзарту жобалары (2М фаза)


- Қосымша бесінші айдау құбырын төсеу (5TL) — қабаттағы қысымды ұстап тұру және ӨБТК қолданылу мерзімінің соңына дейін сұйық қемірсүтектердің қосымша өсімін 2,6 млн тонна қөлемінде қамтамасыз ету мақсатында газды айдаудың жылдық қөлемін жылына 10 млрд м³ дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді. 2019 жылдың желтоқсан айында пайдалануға берілді.
- ҚӨК-дегі газ бойынша өндірістік шектеулерді алып тастау (KCDBN) — жоба қабатқа айдау және (немесе) Орынбор ГӘЗ-не экспорттау үшін газды дайындау қөлемін ұлғайту, сондай-ақ сұйық газдың қосымша өсімін қамтамасыз ету мақсатында газды гликольмен кептірудің және жалпы өнімділігі жылына 4,0 млрд м³ болатын газды төмен температурада сепарациялаудың жаңа қондырғыларын енгізуі көздейді. ӨБТК қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін 9,1 млн тонна қөлемінде қемірсүтектер.
- 2021 жылдың сәуірінде пайдалануға берілді.

- ГКДҚ 2 (4ICP) газды кері айдаудың төртінші компрессорын орнату — газды айдаудың жылдық қөлемін жылына 10 млрд-тан 13 млрд м³ дейін ұлғайту және ӨБТК қолданылу мерзімінің соңына дейін сұйық қемірсүтектердің 6,8 млн тонна қөлеміндегі қосымша өсімін қамтамасыз ету арқылы қабат қысымын ұстап тұру және сұйық қемірсүтектерді өндіру деңгейлерін ұстап тұру үшін технологиялық құбырлар желісін төсеу. Нысанның пайдалануға берілуі 2022 жылдың наурызына белгіленген.

- Қосымша алтыншы айдау құбырын төсеу (6TL) — кен орнының жаңа участекелеріне газды қайта бағыттау арқылы айдау жүйесін оңтайландыруға мүмкіндік береді, бұл ӨБТК қолданылу мерзімінің соңына дейін сұйық қемірсүтектердің 2,2 млн тонна қөлемінде қосымша өсуін қамтамасыз етеді. Пайдалануға беру 2024 жылдың наурызына белгіленген.

Өндіру деңгейін ұзарту жобаларын іске асрыру пайдалы әсерді барынша арттыруға мүмкіндік береді:

- газ дайындау бойынша өндірістік қуаттарды ұлғайту;
- сұйық қемірсүтектердің қосымша қөлемін алу;
- сұйық қемірсүтектерді дайындау бойынша қолданыстағы технологиялық қондырғыларды жаңғыру;
- резервуардағы қойнауқаттық қысымның төмендеу карқынының азауы.



Қараышғанақты кеңейту жобасы

2M фазасын іске асырғаннан кейін мұнай өндіру сөрсесін одан әрі кеңейту өндірістік нысандарды кеңейту арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл кеңейтуді 2025 және 2026 жылдары кезең-кезеңмен жүзеге асыру жоспарланып отыр. Қараышғанақты кеңейту жобасы мұнайды өндіру деңгейін жылына 10-11 млнтонна ұстап тұру мақсатында газды қабатқа дайындау және кері айдау қуаттарын одан әрі ұлғайтуды, яғни газды қабатқа айдаудың бесінші және алтыншы компрессорларын кезең-кезеңімен енгізуі көздейді. Жобаның құны 1,8 млрд АҚШ долларына бағаланып отыр. 2020 жылдың желтоқсанында бесінші компрессор (5ICP) жобасын қаржыландыру туралы түпкілікті инвестициялық шешім қабылданды, алтыншы компрессор (6ICP) жобасы бойынша түпкілікті инвестициялық шешімді 2022 жылдың 3-ші тоқсанында қабылдау жоспарлануда.

Операциялық қызметті цифрландыру жобалары

«Цифрлық Қазақстан» инновациялық даму бағдарламасы аясында КПО цифрландыру және технологиялық инновация жөніндегі жол картасын әзірледі. Ағымдағы іс-шаралар өндірісті оңтайландыру, ұңғымалар жұмысының өлшемдерін бақылау, «ақылды» зауыт және жобаларды іске асыру көзіндегі цифрлық модификациялар, қағазды көп қажет ететін процестерді барынша азайту және жұмыс процестерін барынша автоматтандыру, қоймалық есепке алу, мониторингті жетілдіру және жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары сияқты салаларды қамтиды.

Кен орнының негізгі параметрлерін цифрландыру КПО-ға деректерді кешенді талдаудың автоматтандырылған жүйелерін пайдалана отырып, өнімділікті ұлғайту бойынша уақытылы шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта жұмыстардың 65% орындалды, жоспарлы аяқталу мерзімі — 2022 жыл.

COVID-19

COVID-19 пандемиясы басталғаннан бері Қараышғанақ кен орнында дағдарыска карсы мынадай шаралар қабылданды:

- бұрғылауды 2021 жылдың қыркүйегінде дейін тоқтату;
- станокты пайдаланбай ұңғымалық операциялардың көлемін қысқарту және сынни емес ұңғымалық операцияларды 2020 жылдан 2021 жылға ауыстыру;
- жоспарлы-алдын алу жұмыстарының бір бөлігін 2020 жылдан 2021 жылға ауыстыру;
- қызметкерлерді қашықтан жұмыс режиміне ауыстыру;
- КПО және мердігерлік үйымдар қызметкерлері үшін вахтаның ұзактығын ұлғайту;
- КПО қызметкерлері мен мердігер үйымдар үшін ПТР-тесттерді тұрақты өткізу;
- үнемі санитариялық өндөу жүргізу және т.б.

2022 жылдың басында КПО-да вакциналанған қызметкерлер саны шамамен 3,5 мың адамды немесе 92%-ті құрады.

Операциялық активтерде мұнай өндіру

ҚМГ мұнай-газ саласында ғасырдан астам тарихы мен мұрасы бар, өндірілтін активтер портфеліне негізінен жетілген кен орындары кіреді. Осыған байланысты ҚМГ-ның негізгі басымдығы өндіру тиімділігін арттыру болып табылады. ҚМГ өз қызметінде энергия үнемдеу саясатын ұстанады, өндірістік процестерді оңтайландыруға және жақсартуға, сондай-ақ мұнай өндіру коэффициентін арттыруға үздіксіз үмтүлады.

Бүгінгі таңда Компанияның операциялық активтерінде мұнай өндірудің 85%-ға жуығы жеті негізгі кен орындарына тиесілі: Өзен және Қарамандыбас («Өзенмұнайгаз» АҚ), Қаламқас және Жетібай («Маңғыстаумұнайгаз» АҚ), С.Нұржанов және Шығыс Молдабек («Ембімұнайгаз» АҚ), Қаражанбас («Қаражанбасмұнай» АҚ).

2021 жылы Шығыс Әріктау кен орнында 1 фазасының екінші кезектегі обьектілері бойынша ұзындығы 29 км «Қожасай ГКДК - Сыгу сорғы станциясының (ССС) газ құбырының құрылышы» және газды кептіру қондырғысының алаңын салу мен монтаждау – «ССС кенеиту» жобалағының құрылым монтаждау жұмыстары жалғасты. Әріктау кен орнын өнеркәсіптік пайдалануға енгізу 2023 жылдың ортасына жоспарланған, жыл сайын 1,5 млрд м³ газ беріледі деп күтіледі.

2021 жылы операциялық активтерде мұнай өндіру көлеміндегі ҚМГ үлесі 152 мың тоннаға азайып, 13 961 мың тоннаны (немесе тәулігіне 277 мың баррель) құрады. Бұл жетілген кен орындарындағы өндіріс деңгейінің табиғи төмендеуін және ОПЕК+ келісімі бойынша қол жеткізілген келісімдердің орындалуын көрсетеді.

2021 жылы операциялық басқарумен ұғымалардың жалпы қоры 15 081 бірлікті құрады, оның 11 206 бірлігі аудиспалы ұғымалар қорына келеді. Мұнай мен конденсатты өндіру көлемінің көп бөлігі ұғымалардың аудиспалы қорынан өндіруге келеді.

Ұғымда саны, ҚМГ операциялық активтері, бірлік

Көрсеткіш	2019	2020	2021
Жаңа ұғымалар	581	518	475
Ұғымалардың аудиспалы қоры, оның ішінде тоқтап тұрған	12 235 462	11 961 616	11 206 781
Айдау	3 748	3 338	3 400
ҚМГ-ның операциялық активтері бойынша жиыны	16 564	15 817	15 081

Шығындар лифтингі

Өлшем бірлігі	Бір тоннаға теңге	Бір баррельге АҚШ долл.
«Өзенмұнайгаз» АҚ	38 508	12,5
«Ембімұнайгаз» АҚ	31 694	10,34
«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ	23 696	7,69
«Қазгермұнай» БҚ» ЖШС	11 869	3,62
«Қазактурікмұнай» ЖШС	19 212	6,26
«Қазақойл Ақтөбе» ЖШС	13 986	4,26
«Қаражанбасмұнай» АҚ	39 651	13,3

Нетбэктер

Экспортқа	Ішкі нарыққа	
Өлшем бірлігі	Бір баррельге АҚШ долл.	Бір баррельге АҚШ долл.
«Өзенмұнайгаз» АҚ	36,3	16,95
«Ембімұнайгаз» АҚ	37,65	16,87
«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ	32,56	16,29
«Қазгермұнай» БҚ» ЖШС	38,55	19,07
«Қазактурікмұнай» ЖШС	39,25	8,1
«Қазақойл Ақтөбе» ЖШС	38,9	18
«Қаражанбасмұнай» АҚ	39,22	12,91

Газ өндіру және өндірісі

Табиғи және ілеспе газды өндіру көлемі 2021 жылы 0,7%-ға 8 135 млн м³ дейін азайды. Бұл ретте 2 466 млн м³ (30%) операциялық активтердің үлесіне, 5 669 млн м³ (70%) мегажобалардың үлесіне тиесілі. Көлем құрылымындағы негізгі үлес.

Газ өндіру көрсеткіштері өндірілген газдың нақты көлемін құрайды, оның ішінде резервуарға және өз қажеттіліктеріне қайта айдау. Газды кері айдау мұнай өндірудің жоғары деңгейін қамтамасыз ететін қойнауқаттық қысымды ұстап тұру үшін колданылады.

Тауарлық газ өндірісінің көлемі 2021 жылы 4 625 млн м³ құрады, оның ішінде операциялық активтер есебінен 1 760 млн м³ және мегажобалар есебінен 2 865 млн м³. 2020 жылмен салыстырғанда ҚМГ тауарлық газ өндірісі күмулятивті түрде 173 млн м³ немесе 3,6%-ға азайды.

ҚазГӨЗ зауыты өзі өндірген шикізатты қайта өндеумен қатар тауарлық газды өздері өндірмейтін ҚМГ-ның басқа операциялық активтерінен алынған шикізат негізінде тауарлық газды өндіреді.

Табиғи және ілеспе газды өндіру

Көрсеткіш	2019	2020	2021
ҚМГ үлесіндегі активтер бойынша табиғи және ілеспе газды өндіру, млн м³	8 455	8 191	8 135
Операциялық активтер	2 636	2 463	2 466
«Өзенмұнайгаз» АҚ	709	726	665
«Ембімұнайгаз» АҚ	260	217	202
«Манғыстаумұнайгаз» АҚ	394	334	376
«Қазгермұнай» БҚ» ЖШС	224	188	185
«Қаражанбасмұнай» АҚ	27	27	31
«ПетроҚазақстан Инк.» АҚ	181	142	125
«Қазақойл Ақтөбе» ЖШС	348	361	412
«Қазақтүрікмұнай» ЖШС	143	140	167
«Амангелді Газ» ЖШС	350	326	278
«Өріктау Оперейтинг» ЖШС	0	2	24
Мегажобалар	5 819	5 729	5 617
«Тенізшевройл» ЖШС	3 258	2 950	2 953
«ҚМГ Қашаған Б.В.» ЖШЖК	700	758	818
«ҚМГ Қараышығанақ» ЖШС	1 861	2 021	1 898

ҚМГ операциялық активтері бойынша тауарлық газ өндіру, млн м³

Көрсеткіш	2019	2020	2021
«Өзенмұнайгаз» АҚ + ҚазГӨЗ ¹	680	751	636
«Манғыстаумұнайгаз» АҚ («Жетібаймұнайгаз» ӨБ)	116	161	172
«Қазгермұнай» БҚ» ЖШС	184	150	303
«Амангелді Газ» ЖШС	346	326	
«Қазақойл Ақтөбе» ЖШС	157	185	383
«Ембімұнайгаз» АҚ	135	152	145
«Қазақтүрікмұнай» ЖШС	163	103	121
«ПетроҚазақстан Инк.» АҚ	43	49,5	0
«Қаражанбасмұнай» АҚ	0	0	0
Операциялық активтер бойынша барлығы	1 823	1 877	1 760

Мегажобалар бойынша тауарлық газ өндіру (ҚМГ үлесіне), млн м³

Көрсеткіш	2019	2020	2021
Теніз	1 894	1 735	1 743
Қараышығанақ ²	911	899	818
Қашаған	293	287	304
Мегажобалар бойынша барлығы	3 099	2 921	2 865

¹ «Өзенмұнайгаз» АҚ-дан және «Манғыстаумұнайгаз» АҚ-ның «Жетібаймұнайгаз» ӨБ-ден алынатын шикі газ ҚазГӨЗ-ге жеткізіледі.

² Орынбор газ өндеу зауытына шикі газды жеткізу көлемі.



МҰНАЙ ТАСЫМАЛДАУ

ҚМГ көмірсүткөтерді экспорттық нарықтарға жеткізу бойынша мұнай тасымалдау инфрақұрылымының құрылышын аяқтады. Орта мерзімді перспективада мыналар басымдықта болады:

- ҚМГ мұнай тасымалдау жүйелері бойынша мұнай тасымалдау маршруттарының тартымдылығы мен

бәсекеге қабілеттілігін арттыру арқылы құрылған қуаттардың жүктемесін арттыру;

- операциялық шығындарды бақылау.

ҚМГ-ның мұнай тасымалының екі түрі бар - магистральды құбырлар және теңіз флоты.

Құбыр инфрақұрылымы

Қазақстанның құбыр инфрақұрылымы магистральдық мұнай құбыры жөніндегі ұлттық оператор — «ҚазТрансОйл» АҚ-ға, оның екі бірлескен кәсіпорнына («Қазақстан-Қытай құбыры» ЖШС және «МұнайТас» СБТК ЖШС), сондай-ақ «Каспий құбыр консорциумына» тиесілі. Қазақстанның колданыстағы құбыр инфрақұрылымы перспективалы жобалардан мұнай тасымалдау көлемін ұлғайту үшін жеткілікті әлеуетке ие.

«ҚазТрансОйл» АҚ (ҚТО) – Қазақстан Республикасының магистральдық мұнай құбыры жөніндегі ұлттық оператор. Компания жалпы ұзындығы 5 372 км магистральдық мұнай құбырларының тармақталған желісіне ие, оған еліміздің барлық дерлік мұнай кен орындары қосылған. Компания мұнайды Қазақстанның төрт ірі МӘЗ-ге тасымалдауды қамтамасыз етеді, сондай-ақ мұнайды «Атырау-Самара» мұнай құбыры арқылы экспортқа тасымалдайды, мұнайды ҚБК және «Атыса-Алашанькоу» экспорттық, мұнай құбырларына ауыстырып тиеді, мұнайды Ақтау портындағы танкерлерге және теміржол көлігіне тиеді жүзеге асырады. Мұнай тасымалдау магистральды мұнай құбырлары арқылы 36 мұнай айдау станцияларымен, 67 мұнай жыльту пештерімен, жалпы көлемі 1,4 млн м³ мұнай сақтауға арналған резервuarлық паркпен қамтамасыз етіледі. ҚТО сондай-ақ «Қазақстан-Қытай құбыры» ЖШС, «МұнайТас» СБТК» ЖШС, «Қарашығанак Петролиум

Оперейтинг Б.В.», «Каспий құбыр арнасы консорциумы-К» АҚ, «Торғай Петролеум» АҚ және «Магистральдық су құбыры» ЖШС магистральды мұнай құбырларын пайдалану және оларға техникалық қызмет көрсету қызметтерін көрсетеді.

«Қазақстан-Қытай құбыры» ЖШС

Атасу-Алашанькоу (ұзындығы 965 км) және Кенқияқ-Құмкөл (ұзындығы 794 км) мұнай құбырларының иесі болып табылады. ҚҚҚ қазақстандық және транзиттік ресейлік мұнайды Қытайға, сондай-ақ Қазақстанның ішкі нарығына тасымалдауды жүзеге асырады.

«МұнайТас» СБТК» ЖШС 449 км созылған Кенқияқ-Атырау магистральды құбырын иеленеді. 2018 жылы Компания Кенқияқ-Атырау мұнай құбырларының реверсі жобасын іске асыруға кірісті. Мақсаты – Батыс Қазақстан мұнайды Қазақстан Республикасының МӘЗ-деріне жеткізуі қамтамасыз ету және Ақтөбе мен Қызылорда облыстарында мұнай өндіру көлемінің төмендеуін тенденстіру, сондай-ақ Қытайға экспорт көлемін жылына 6 млн тоннаға дейін қамтамасыз ету. Жоба құны - 30,9 млрд теңге. 2021 жылғы 1 шілдеден бастап «Аман» МАС арқылы жылына 6 млн тоннаға дейінгі көлемде көрі бағытта мұнай айдау мүмкіндігі қамтамасыз етілді.

«Каспий құбыр желісі консорциумы» (ҚҚҚ) – Ресей, Қазақстан, сондай-ақ саланың жетекші

Көрсеткіш	Магистралды құбырлармен тасымалдау				Теніз флотымен тасымалдау
Басқарушы компания	ҚазТрансОйл (ҚТО)	Қазақстан-Қытай құбыры (ҚҚҚ)	МұнайТас (МТ)	Каспий құбыр арнасы консорциумы (КҚҚ)	Қазақтенізкөлік-флоты (ҚТКФ)
ҚМГ үлесі	ҚМГ: 90% ¹	ҚТО: 50%	ҚТО: 51%	ҚМГ: 20,75%	ҚМГ: 100%
Негізгі бағыттар	Еуропа мен Қытайға экспорт, ішкі нарық	Қытайға экспорт, ішкі нарық	Қытайға экспорт, ішкі нарық	Еуропаға экспорт	Еуропаға экспорт
Негізгі маршруттар	Қазақстанның Мәздері; Өзен-Атырау-Самара; Ақтау порты; ҚҚҚ және Атасу-Алашанькоу жүйелеріне мұнайды аудыстырып тиесі	Атасу — Алашанькоу; Қенқияқ — Құмкөл	Кенқияқ — Атырау	Теніз — Новороссийск	Қара теңіз; Жерорта теңізі; Каспий теңізі
Жалпы ұзындығы, км	5 372	1 759	449	1 510	н/п
Куаты, жылына млн тонн	17,5 ² 5,2 ³	20	6	67	н/п

ҚМГ мұнай құбырлары желісі



¹ Акциялардың 10%-ы «Халықтық IPO» бағдарламасы аясында сатып алған миноритарлық акционерлерге тиесілі

² Атырау — Самара участкесінің қуаты

³ Ақтау портының қуаты (ҚТО айлактары, қую терминалдары)

ойыншыларының емес жетекші компанияларының дәп жазыңызы қатысумен ұзындығы 1 510 км магистральдық құбыр салу және пайдалану үшін құрылған халықаралық мұнай тасымалдау жобасы (оның ішінде 452 км - қазақстандық участке). ККК мұнай құбыры қазақстандық мұнайды экспорттық жеткізудің басым бағыттарының бірі болып табылады және Қазақстандық Теніз мұнай кен орнын Қара теңізденгі (Новороссийск портына жақын) «Южная Озереевка» мұнай терминалымен байланыстырады. Мұнай тасымалдау ККК мұнай құбыры бойынша 15 мұнай айдау станцияларымен, жалпы көлемі 1,3 млн м³ мұнай сақтауға арналған резервuarлық паркпен және шығарылатын үш айлақтық құрылыммен қамтамасыз етіледі.

2019 жылы Теніз бен Қашаған кен орындарында мұнай өндірудің алдағы ұлғаюына байланысты ККК акционерлері қазақстандық мұнайды тасымалдау көлемін жылына 72,5 млн тоннаға дейін ұлғайту үшін құбыр жүйесінің тар жерлерін жою жобасын іске асыру туралы шешім қабылдады. Жобаны іске асыру мерзімі 2019-2023 жылдар, жобаның құны — 600 млн АҚШ доллары. Қаржыландыру ККК-ның өз қаражаты есебінен көзделеді.

Магистральдық құбырлармен мұнай тасымалдау

2021 жылы ҚМГ үлесіне магистральдық құбырлар арқылы мұнай тасымалдаудың шоғырландырылған көлемі 0,8%-ға аздал ұлғайды және 64 710 мың тоннаны құрады. Өсім ішкі нарықта қажетті өңдеу көлемін қамтамасыз ету үшін қазақстандық МӘӘ бағытында ішкі тасымалдау көлемінің ұлғаюына байланысты. Бұл ретте, ОПЕК+ көлісімі шеңберінде өндіруді шектеу бойынша жер койнауын пайдаланушылар қабылдаған міндеттемелерге және жетілген кен орындарында өндіру деңгейінің табиғи төмендеуіне байланысты мұнайды экспорттық тасымалдау көлемі төмендеді.

Мұнай тасымалдау көлемі, мың тонна¹

Компания	2019	2020	2021
ҚазТрансОйл (100%)	44 463	42 298	41 224
экспорт	17 567	16 699	14 296
транзит	9 979	9 989	9 989
ішкі нарық	16 917	15 610	16 939
Қазақстан-Қытай құбыры (100%)	16 200	15 883	17 412
экспорт	859	571	967
транзит	9 979	9 979	9 979
ішкі нарық	5 362	5 333	6 465
МұнайТас (100%)	3 232	3 321	4 273
экспорт	1 998	1 595	1 572
ішкі нарық	1 234	1 726	2 701
Каспий құбыр желісі консорциумы (100%), экспорт	63 256	59 027	60 728

2021 жылы бағыттар бойынша мұнай тасымалдау құрылымы, %

Компания	Экспорт	Транзит	Ішкі нарық
ҚазТрансОйл	35	24	41
Қазақстан-Қытай құбыры	6	57	37
МұнайТас	37	н/п	63
Каспий құбыр арнасы консорциумы	100	н/п	н/п

Мұнай жүк айналымының көлемі, млн тонна * км

Компания	2019	2020	2021
ҚазТрансОйл (100%)	37 658	35 899	35 162
Қазақстан-Қытай құбыры (100%)	14 590	14 368	15 592
МұнайТас (100%)	1 232	1 322	1 725
Каспий құбыр арнасы консорциумы (100%)	82 997	77 207	79 446

ҚМГ үлесіне мұнай жүк айналымының көлемі, млн тонна * км

Компания	2019	2020	2021
ҚазТрансОйл (100%)	37 658	35 899	35 162
Қазақстан-Қытай құбыры (50%)	7 296	7 185	7 796
МұнайТас (51%)	628	674	879
Каспий құбыр арнасы консорциумы (20,75%)	17 222	16 020	16 485

¹ Мұнай тасымалдаудың шоғырландырылған көлемі ҚМГ операциялық үлесін (ҚТО-ны қоспағанда) ескере отырып, әрбір жеке құбыр компаниясының тасымалдау көлемін ескереді. Мұнай көлемінің бір белгілін екі немесе үш құбыр компаниясы тасымалдай алады және, тиісінше, бұл көлемдер мұнай тасымалдаудың шоғырландырылған көлемінде кем дегендे бір рет есепке алынады.

ҚМГ үлесіне мұнай тасымалдау көлемі, мың тонна²

Компания	2019	2020	2021
ҚазТрансОйл (100%) ³	44 463	42 298	41 224
Қазақстан-Қытай құбыры (50%)	8 100	7 942	8 706
МұнайТас (51%)	1 648	1 694	2 179
Каспий құбыр арнасы консорциумы (20,75%)	13 126	12 248	12 601
Барлығы	67 337	64 181	64 710

Ішкі нарыққа мұнай тасымалдау тарифтері, 1 мың қм-ге шаққанда бір тоннаға теңге

Компания	2019	2020	2021
ҚазТрансОйл	4 722 (01.09.2019ж. бастап - 4 717)	4 110 (01.12.2021ж. бастап - 4 328)	4 356 (01.12.2021ж. бастап - 4 328)
Қазақстан-Қытай құбыры	7 158	6 456 (01.02.2020ж. бастап - 7 158)	4 323,7
МұнайТас	5 724 (01.07.2019ж. бастап - 5 912)	5 457,3 (25.12.2020ж. бастап - 5 912)	5 912

Мұнайды экспортқа тасымалдау тарифтері

Компания	2019	2020	2021
ҚазТрансОйл, 1 мың қм-ге шаққанда бір тоннаға теңге	6 399	6 399 (01.03.2020ж. бастап - 7 359)	7 359
Қазақстан-Қытай құбыры, 1 мың қм-ге шаққанда бір тоннаға теңге	6 799	6 799	6 799
МұнайТас, 1 мың қм-ге шаққанда бір тоннаға теңге	5 912	5 912	5 912
Каспий құбыр желісі консорциумы, бір тоннаға АҚШ доллары.	38	38	38

Қытайға мұнай транзитінің тарифтері, бір тоннаға АҚШ доллары

Компания	2019	2020	2021
ҚазТрансОйл	4,23	4,23	4,23
Қазақстан-Қытай құбыры	10,77	10,77	10,77

Мұнайды магистралдық тасымалдау тарифтері

Қазақстанның ішкі нарығына мұнай тасымалдау тарифтері мемлекеттік реттегу жатады.

«Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 27 желтоқсандағы №204-VI Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзит және Қазақстан Республикасынан тыс жерге экспорттау мақсатында мұнай тасымалдау жөніндегі қызметтер табиғи монополиялар саласына кірмейді.

Теңізben мұнай тасымалдау тарифтері

«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК

ЖШС (ҚТКФ) Ұлттық теңіз тасымалдаушысы болып табылады. ҚТКФ активтерінің құрамына кіретіндер:

- сауда флоты: жеке мұнай құю танкерлері — «Астана», «Алматы» және «Ақтау» (әрбір дедвейт 12 мың тонна); соңдай-ақ, «Афрамакс» - «Алатау» және «Алтай» үлгісінде мұнай құю танкерлері (әрбір дедвейт 115 мың тонна);
- теңіз операцияларын қолдау флоты — жүк көтергіштігі 3,6 мың тонна ҚМГ сериясының сегіз баржа-алаңы;
- «Тенізшевройл» ЖШС болашақ кенеиту жобасына қатысатын флот: MCV класты үш кеме - «Барыс», «Бұркіт» және «Сұнқар», жүк көтергіштігі 5,2 мың тонна, үш буксир — «Талас», «Ембі» және «Үргізы» (гактағы тартым 40 тонна).

Мұнайды теңіз арқылы тасымалдаудың негізгі бағыттары

- Каспий теңізі акваториясындағы бағыттар
- Қара және Жерорта теңіздеріндегі бағыттар

Тасымалдау көлемі

2021 жылды теңіз арқылы мұнай тасымалдаудың жалпы көлемі 2020 жылмен салыстырғанда 865 мың тоннаға сәл үлгайып, 9 855 мың тоннаны құрады. Мұнайды теңіз арқылы тасымалдау көлемінің үлғаюы әлемдегі мұнай тасымалы нарығын қалпына келтірудің

² Мұнай тасымалдаудың шоғырландырылған көлемі ҚМГ операциялық үлесін (ҚТО-ны қоспағанда) ескере отырын, әрбір жеке құбыр компаниясының тасымалдау көлемін ескереді. Мұнай көлемінің бір бөлігін екі немесе үш құбыр компаниясы тасымалдай алады және тиесінше бұл көлемдер мұнай тасымалдаудың шоғырландырылған көлемінде кем дегендеге бір рет есепке алынады.

³ ҚМГ активтің операциялық қызметін толық бақылайтындықтан, ҚТО тасымалдауы 100% көлемінде ұсынылған.

арқасында Жерорта теңізінде тасымалының артуына байланысты болды.

2021 жылғы наурызда «Барыс» көпфункционалды қосалқы кемесін контейнер тасушы етіп жаңғырту және қайта жабдықтау аяқталды. Контеинерлік жүктөрді тасымалдау Ақтау-Баку-Ақтау фидерлік желісінде жүзеге асырылады. Сонымен қатар, ҚТКФ құрғақ жүктөрді ҚТКФ меншігіне беру туралы «KTZ Express Shipping» ЖШС-мен келісім жасасты.

Есепті жылдың мамырында ҚТКФ меншігіне құрғақ жүк тасымалдайтын екі кеме алынды : «Бекет-Ата» және «Түркістан». 2021 жылдың 3-тоқсанында Muwsufa Thima Иджар келісімі аясында «Al Hilal «Ислам Банкі» АҚ

Тасымалдау көлемі, мың тонна

Теңіз	2019	2020	2021
Қара және Жерорта	10 186	8 361	9 318
Каспий	543	629	537
Барлығы	10 729	8 990	9 855

Мұнай жүк айналымының көлемі, млн тонна · км

Теңіз	2019	2020	2021
Қара және Жерорта	9 676	7 942	8 852
Каспий	165	197	167
Барлығы	9 841	8 139	9 019

алдындағы барлық міндеттемелер орындалды. Сондай-ақ, ҚТЖ мен «ADY Container» ЖШҚ арасында «Баку-Түркменбашы-Баку» бағыты

бойынша контейнерлерді тасымалдау туралы бас келісімге қол қойылды.



ГАЗ ТАСЫМАЛДАУ ЖӘНЕ МАРКЕТИНГ

9 қарашада «ҚазТрансГаз» АҚ-ның 100% акциясы «Самұрық-Қазына» АҚ пайдасына толық берілді. Бұған дейін ҚазМұнайГаз ҚазТрансГаздың бенефициарлық меншік иесі болып қала берді. ҚТГ акцияларын Қорға беру Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың тәрағалығымен өткен «Самұрық-Қазына» Қорын басқару жөніндегі кеңестің 2020 жылғы 3 маусымдағы тапсырмасын, сондай-ақ Мемлекет басшысы Қ.Қ.Тоқаевтың 2021 жылғы 26 қантарда кеңейтілген отырыста берілген газды барлау, өндіру және тасымалдау жөніндегі үлттық операторды құру туралы тапсырмасын орындау мақсатында жүзеге асырылды. Естерінгэе сала кетейік, ҚТГ 2002 жылы Үлттық компания құрылған сәттен бастап ҚМГ құрамына кірді. Осы уақыт ішінде ҚМГ капиталына ақша мен мұлік түрінде 143 млрд теңгеге жуық қаржы салынды. Бул ретте, ҚТГ активтері 125 млрд теңгеден 2,5 трлн теңгеге дейін, капиталы – 61 млрд теңгеден 1,6 трлн теңгеге дейін, түсімі – 85 млрд теңгеден 900 млрд теңгеге дейін 20 еседен астам өсті. ҚТГ құрылған сәттен бастап Қазақстанда 10 мың км астам магистральдық газ құбырлары салынды және пайдаланауға берілді. Бүгінгі күні ҚТГ 20,6 мың км астам магистральдық газ құбырларын және 59 мың км астам магистральдық газ тарату желілерін басқарады.

2021 жылғы газ тасымалдау көрсеткіштері 2021 жылғы 1 қантар мен 8 қараша аралығындағы кезең үшін ғана көрсетілгенін қарастырылады.

Газ құбыры инфрақұрылымы

«ҚазТрансГаз» АҚ (2022 жылдан бастап «QazaqGaz « ҰҚ АҚ) Қазақстан Республикасын газ және газбен жабдықтау саласындағы үлттық оператор болып табылады. ҚТГ тауарлық газды магистральдық газ құбырлары және газ тарату желілері арқылы тасымалдау жөніндегі орталықтандырылған инфрақұрылымды басқарады, халықаралық транзитті қамтамасыз етеді және ішкі және сыртқы нарықтарда газ сатумен айналысады, газ құбырлары мен газ қоймаларын әзірлейді, қаржыландырады, салады және пайдаланады.

ҚТГ Қазақстандағы жалпы ұзындығы 20,6 мың км астам магистральдық газ құбырларының ірі желісін, оның ішінде 2,728 мың км газ бұру құбырларын және ұзындығы 59 мың км астам газ тарату желілерін пайдалануды жүзеге асырады, тасымалдау газын 42 компрессорлық станция және 238 газ айдау агрегаты қамтамасыз етеді.

«Интергаз Орталық Азия» АҚ магистральдық газ құбыры бойынша үлттық оператор және ҚТГ-ның 100% еншілес кәсіпорны болып табылады.

Бүгінгі таңда ИОА жалпы ұзындығы 12 532 км және қуаты жылына 185,5 млрд м³ магистральды газ құбырлары арқылы Қазақстан аумағы бойынша табиғи газды экспорттауды, ішкі тасымалдауды және транзиттеуді жүзеге асырады.

ИОА үш жерасты газ қоймаларын (ЖГК) пайдаланады:

- Ақтөбе облысындағы Бозой ЖГК;
- Оңтүстік Қазақстан облысындағы Полторацкое ЖГК;
- Жамбыл облысындағы Ақыртөбе ЖГК,

«Азия газ құбыры» ЖШС

«ҚазТрансГаз» АҚ және Trans-Asia Gas Pipeline Company Ltd. тере-тәң бірле-скен кәсіпорны болып табылады. (акционер - CNODC компаниясы, CNPC еншілес кәсіпорны). Бірлескен кәсіпорын «Қазақстан-Қытай» газ құбырын қаржыландыру, салу және пайдалану мақсатында құрылды. Жобаның мақсаты - ҚХР бағытында түркімен және өзбек газының транзиттің қамтамасыз ету, қазақстандық газдың ҚХР-ға экспорттың жүзеге асыру, сондай-ақ Қазақстанның оңтүстік өнірлерін газбен үздіксіз қамтамасыз ету. Газ құбыры үш тармақтан тұрады:

«А», «Б» — жалпы ұзындығы 2 612 км және қуаты жылына 30 млрд м³, «С» — ұзындығы 1 304 км және қуаты жылына 25 млрд м³.

«Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС «ҚазТрансГаз» АҚ және Trans-Asia Gas Pipeline Company Ltd тере-тәң бірле-скен кәсіпорны болып табылады (акционер - CNODC компаниясы, CNPC еншілес кәсіпорны). Жобаның Қазақстан үшін аса маңызды стратегиялық мәні бар, ол Қазақстан Республикасының оңтүстік өнірлерін

Басқарушы компания	«Интергаз Орталық Азия» АҚ (ИОА)	«Азия газ құбыры» ЖШС (АГК)	«Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС (БШГ)	«ҚазТрансГаз АЙМАҚ» АҚ (ҚТГА)
ҚМГ үлесі	ҚТГ: 100%	ҚТГ: 50%	ҚТГ: 50%	ҚТГ: 100%
Негізгі бағыттар	Экспорт, ішкі нарық және транзит	Қытайға экспорт пен транзит, ішкі нарық	Қытайға экспорт, ішкі нарық	Ішкі нарыққа магистралды тасымалдау (МГ), газ тарату жүйелерін бойынша тасымалдау (РС)
Негізгі маршруттар	Қазақстан, Ресей, Өзбекстан мен Түркіменстан	Қазақстан — Қытай	Бейнеу — Бозой — Шымкент	к/ж
Жалпы ұзындығы, км	15 260	3 916	1454	59 182
Қуаты, жылына млрд м³	198	55	15	-



табиғи газбен қамтамасыз етеді, қазақстандық газдың экспорттық жеткілімдерін әртараптандыруға мүмкіндік береді, еліміздің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етеді, бірыңғай газ тасымалдау жүйесін құрады.

«Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистральдық газ құбыры «Қазақстан-Қытай» газ құбырының екінші участкесі болып табылады. Газ құбыры Батыс мұнай және табиғи газ кен орындарын елдің онтүстік өнірлерімен, сондай-ақ «Бұхара газды өнірі-Ташкент-Бішкек-Алматы» және «Газли-Шымкент» магистральдық газ құбырларымен және «Орталық Азия-Қытай» газ құбырының «С» желісімен байланыстырады. БШГ нақты ұзындығы — 1 454 км, ал өткізу қабілеті - жылына 15 млрд м³.

«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ — бұл газдандырылған барлық он облыста және республикалық маңызы бар үш қалада 59 мың км астам тарату және 2,728 мың км магистральдық газ құбырларын пайдаланатын Қазақстан Республикасының газбен жабдықтаушы ірі компаниясы. ҚТГА негізгі міндеттері:

- тауарлық газ жеткізууді үйімдастыру;
- газды тарату желілері арқылы тасымалдау;
- өнірлердегі газ тасымалдау активтерін басқару.

Компания	МГК/газ құбыры	Ұзындығы, км	Куаты, жылына млрд м ³
ИОА	«Союз» МГК, Орынбор-Новопсков	805	40,4
	«Орта Азия-Орталық» МГК	4 149,2	47,2
	«Бұхара-Орал» МГК	1 567,8	44,6
	«БГТ-ТБА» МГК ¹ , «Газли — Шымкент»	1 903,4	24,4
	«Ақшабұлақ — Қызылорда» МГК	123	0,42
	«Сарыарқа» МГК ²	1 061,3	2,7 ³
	«Қазақстан — Қытай» МГК	3 916	55
АГК	«Бейнеу — Бозой — Шымкент» МГК	1 454	15
БШГ			

¹ «Бұхара газды өнірі — Ташкент — Бішкек — Алматы».

² «Сарыарқа» МГ ИОА-ға жалға берілді, бірақ акционерлері «Самұрық-Қазына» АҚ (50%) және «Baiterek Venture Fund» АҚ (50%) болып табылатын «Астана Газ ҚМГ» АҚ мешігінде.

³ Газ құбырының бірінші кезеңі үшін жобалық және нақты қуаты жылына 2,2 млрд м³ құрайды.

Газды магистралды тасымалдау

2021 жылғы 1 қаңтардан бастап 8 қарашаға дейін ҚМГ магистральдық газ құбырлары бойынша газ тасымалдау көлемі 81 851 млн м³ құрады. 2020 және 2021 жылдардағы толық жылдық көлемдерді салыстырсақ, магистральдық газ құбырлары бойынша газ тасымалдау 10,2%-ға үлгайды және 95 422 млн м³ құрады. Көрсеткіштердің өсүі негізінен Орта Азия газының Ресей мен Қытайға транзиттік ағындарының үлғаюымен, сондай-ақ Қазақстанның ішкі нарығында газ тұтынудың өсімем байланысты. Сонымен қатар, ішкі нарықтың қажеттіліктерін канаттандыру үшін газ көлемінің бір бөлігін қайта бөлу салдарынан, сондай-ақ ірі өнім берушілердің тауарлық газ өндірісін азайтуынан экспортқа газ тасымалдау көлемінің төмендеуі байқалады.

Өнірлерге газ тарату және газдандыру

2021 жылы екі жобаның іске асырылуы сәтті аяқталды:

Алматы қаласын газдандыру, Алматы қаласындағы газ тарату желілерін жаңырту, қайта жаңарту

Жоба 4,1 мың жаңа абонентті газбен қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. 266 километр жаңа газ құбырлары салынды, 95,6 километр қолданыстағы газ құбырлары қайта жаңартылды, 36 газ реттегіш шкаф пункттері орнатылды.

Нұр-Сұлтан қаласында екінші кезектегі 1-ші және 2-ші іске қосу кешендерінің газ тарату желілерін салу

Ұзындығы 100,581 км газ тарату желілері «Интернациональный», «Мичурин», «Күйгенжар» үш түрғын алаптарында жүргізілген. Бес газ реттегіш блок пункті, бес газ реттегіш шкаф пункті орнатылды. 2021 жылдың соңында «Интернациональный», «Мичурин», «Күйгенжар» түрғын үй алаптарында 71 абонент және 1

Газ тасымалдау көлемі, млн м³

Компания атаяуы	2019	2020	2021
ИОА (100%)	72 961	57 753	54 874
экспорт	19 069	12 687	7 606
транзит	40 229	30 788	34 940
ішкі нарық	13 663	14 278	12 329
АГҚ (100%)	45 870	39 776	41 611
экспорт	7 090	7 011	4 938
транзит	38 280	31 878	35 294
ішкі нарық	500	886	1 379
БШГ (100%)	10 087	12 694	10 709
экспорт	7 091	7 011	4 907
ішкі нарық	2 996	5 682	5 802
ҚТГА (100%), ішкі нарық	2 554	2 603	816

ҚМГ үлесінеге газ тасымалдау көлемі, млн м³

Газды магистралды тасымалдау	2019	2020	2021
ИОА (100%)	72 961	57 753	54 874
АГҚ (50%)	22 935	19 888	20 805
БШГ (50%)	5 044	6 347	5 354
ҚТГА (100%)	2 554	2 603	816
Жиынты	103 494	86 590	81 851

2021 жылы бағыттар бойынша газ тасымалдау құрылымы, %

Компания	Экспорт	Транзит	Ішкі нарық
ИОА	14	64	22
АГҚ	12	85	3
БШГ	46	н/п	54
ҚТГА	к/ж	к/ж	100

Газдың жүк айналымының көлемі (тауар-көлік жұмыстары), млн м³×км

Компания	2019	2020	2021
ИОА (100%)	22 325	16 302	16 227
АГҚ (100%)	57 470	49 337	51 711
БШГ (100%)	14 669	17 831	14 064

ҚМГ үлесінеге газдың жүк айналымының (тауар-көлік жұмыстары) көлемі, млн м³×км

Компания	2019	2020	2021
ИОА (100%)	22 325	16 302	16 277
АГҚ (50%)	28 735	24 668	25 855
БШГ (50%)	7 334	8 915	7 032

коммуналдық-тұрмыстық кәсіпорын қосылды. Жоспарланған абонент саны – 1 644.

Газ маркетингі

ҚТГ газ және газбен жабдықтау саласындағы ұлттық оператор ретінде мемлекеттің жер қойнауын пайдаланушылардан/жеткізушілерден шикі және (немесе) тауарлық газды сатып алуға басым құқығын жүзеге асырады.

Заңнамаға сәйкес жер қойнауын пайдаланушылар шикі және (немесе) тауарлық газдың көлемін, бағасын және жеткізу пунктін көрсете отырып, ұлттық операторға коммерциялық ұсыныс жібереді. Ұлттық оператор мемлекеттің басым құқығын іске асыру немесе одан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Қазіргі уақытта ұлттық оператор ҚМГ-ның қатысу үлесі бар мынадай компаниялардан газ сатып алуға қатысты мемлекеттің басым құқығын іске асыруда:

- «Ембімұнайгаз» АҚ (100%);
- «Қазгермұнай» БҚ ЖШС (50%);
- «Қазакойл Ақтөбе» ЖШС (50%);
- «Қазактурікмұнай» ЖШС (100%);
- «ҚазМұнайГаз» ЖШС (100%).

Аталған компаниялардың газын ішкі нарықта сату жүзеге асырылады.

Қатысу үлестері ҚМГ тиесілі және оларға қатысты газ сатып алу бойынша мемлекеттің басым құқығын іске асырылмайтын компаниялар:

Газ ресурстары, млн м³

Көрсеткіш	2019	2020	2021
Газды сатып алу көлемдері	24 200	23 313	19 087
Қазақстандық жер қойнауын пайдаланушылар/өнім берушілер	16 435	19 879	17 431
ҚМГ қатысатын компаниялар	9 537	14 113	13 011
Ушінші таралтар	6 898	5 766	4 330
Газ импорты	7 765	3 434	1 746
Ресей	5 055	3 434	1 746
Өзбекстан	2 710	0	0

Көрсеткіш	2019	2020	2021
Экспорт	8 806	7 852	5 188
Ресей	1 000	560	0
Қырғызстан	264	281	250
Өзбекстан	452	0	0
ҚХР	7 091	7 011	4 938
Ішкі нарық	14 028	14 811	12 830
Барлығы	22 834	22 663	18 019

- «Амангелді Газ» ЖШС (100%);
- «ҚазГӨЗ» ЖШС (100%);
- «Тенізшевройл» ЖШС (20%);
- «Қараашығанақ Петролеум Оперейтинг Б. В.» (10%);
- «Норт Каспиан Оперейтинг Компани Н. В.» (8,44%).

Бұл компаниялардың газын ішкі нарық пен экспортқа сату жүзеге асырылады.

Тауарлық газды өткізу көлемі 2021 жылғы 1 қантардан бастап 8 қарашаға дейін 18 019 млн м³ құрады, бұл ретте, 2020 және 2021 жылдардағы толық жылдық көлемдерді салыстыратын болсақ, көлемдердің 0,8%-ға 22 473 млн м³ дейін шамалы төмендеуі байқалады. Тауарлық газды өткізудің басым үлесі 73,1% мөлшерінде ішкі нарықтан келеді, онда тұтыну 10,9%-ға өсті. Ресей мен Қытайға газ жеткізуідің қысқаруына байланысты экспорт көлемі 23,0%-ға азайып, 6 044 млн м³ құрады.

МҰНАЙ ӨҢДЕУ ЖӘНЕ МАРКЕТИНГ

Бұгінгі таңда Компанияның Қазақстан Республикасы мен Румыниядағы МӘЗ-дерін жаңырыту бойынша ірі жобалары аяқталды. Орта мерзімді перспективада Компания келесі бағыттарға назар аударуды жоспарлап отыр:

- Қазақстан Республикасындағы МӘЗ-дер бойынша - шығындарды төмендету, бизнес-процесстерді трансформациялау және МӘЗ-дерді цифрландыру арқылы операциялық тиімділікті арттыру, сондай-ақ технологиялық қажеттіліктерге арналған шығындар мен отынды төмендету есебінен мұнай өнімдерін шығару көлемін ұлғайту;
- Румыниядағы МӘЗ-дер бойынша - өндірістік процесстерді оңтайландыру және цифрландыру және мұнай өнімдерін өткізу маржасын арттыру мақсатында мұнай өнімдерінің оңтайлы себетін қамтамасыз ету есебінен қайта өңдеуге арналған шығындарды бір мезгілде азайта отырып, анағұрлым бағалы мұнай өнімдерінің шығуын ұлғайту арқылы тиімділікті арттыру, сондай-ақ ҚМГ Корпоративтік орталығына дивидендер төлеу;
- мұнай-химия кешенін дамыту - ҚМГ сенімгерлік басқару шарттарында екі ірі инвестициялық жобаны іске асыруды:
 - 2021 жылы іске қосу жоспарланып отырған, қуаты жылына 500 мың тонна полипропилен өндіру жөніндегі алғашқы интеграцияланған газ-химия кешенін салу;
 - қуаттылығы жылына 1,25 млн тонна полиэтилен өндіру зауытын салу жобалау сатысында тұр.



Мұнай және конденсат маркетингі

2021 жылы ҚМГ өзі өндірген мұнай мен конденсатты өткізу көлемі 21 661

мың тоннаны құрады, оның ішінде мұнай экспорты — 13 745 мың тонна, ішкі мұнай жеткізу көлемі — 7 916 мың тонна. Ішкі жеткізілім көлемі Қазақстандағы ҚМГ-ның МӘЗ-деріне жеткізуді толығымен қамтиды: 3 549 мың тонна — АМӘЗ-де, 3 028 мың

тонна — ПМХЗ-да, 875 мың тонна - ПҚОП-та және 464 мың тонна - Caspi Bitum-да. Көрсеткіштердің төмендеуі негізінен коронавирустық инфекцияның таралуына және ОПЕК+ шенбөріндегі келісімге сәйкес мұнай өндіру мен тұтынудың төмендеуіне байланысты.

Мұнай және конденсатты сату, мың тонна

Активтер	2019			2020			2021		
	Экспорт	Ішкі нарық	Барлығы	Экспорт	Ішкі нарық	Барлығы	Экспорт	Ішкі нарық	Барлығы
Операциялық активтер ¹	8 472	7 137	15 609	7 524	6 849	14 373	6 126	7 916	14 042
Оның ішінде ЕТҮ ²	5 325	3 453	8 778	4 911	3 517	8 428	3 805	4 458	8 262
Мегажобалар ³	8 215	1	8 216	7 637	2	7 639	7 619	0	7 619
Жиыны	16 688	7 138	23 826	15 161	6 851	22 012	13 745	7 916	21 661

Өндеуші активтер

ҚМГ активтерінің құрылымында СКШ, негізінен, мұнай өндеуді Қазақстанда төрт МӘЗ және Румынияда екі МӘЗ жүзеге асырады.

Перспективалық жобалар мен жаңа технологиялар

2021 жылы «Цифрлық егіз» үшін АМӘЗ және ПМХЗ базасын – «3D бас жоспар» инженерлік деректерді басқару жүйесін енгізу аяқталды.

Бұл зауыттарға 3D технологияларын пайдалану арқылы өзгертілген процесстерге көшуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ цифрлық трансформация бағдарламасы аясында АМӘЗ және ПМХЗ технологиялық қондырғылардың нақты инженерлік модельдері енгізілуде. HYSYS арнағы бағдарламасында технологиялық процестердің «Цифрлық егіз» әзірленеді. Нақты есептеулер қондырғылардың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

ПМХЗ-да қуаты жылына 100 мың тонна «СКГ тазарту қондырғысын салу» жобасын іске асыру үшін мердігермен ЕРС-келісімшартқа (жобалау, сатып алу, құрылышын жүргізу) қол қойылды, іске асыру мерзімі 2023 жыл. Сондай-ақ МӘЗ-де қуаттылығы жылына 160 000 қысқы дизельдік отынын құрайтын «Парафинсіздендіру блогын интеграциялай отырып, дизельдік отынын гидротазарту қондырғысын қайта жаңарту» жобасын іске асыру жоспарлануда, іске асыру

ҚМГ мұнай өндеу зауыттары

Көрсеткіш	Қазақстан					Румыния	
	Атырау мұнай өндеу зауыты (АМӘЗ)	Павлодар мұнай-химия зауыты (ПМХЗ)	Шымкент мұнай өндеу зауыты (ПҚОП)	Caspi Bitum	Петромидия	Вега	
Орналасқан жері	Атырау	Павлодар	Шымкент	Ақтау	Нэводарь	Плойешть	
Пайдалануға беру жылы	1945	1978	1985	2013	1979	1905	
Өндеудің жобалық қуаты, млн тонна	5,5	6,0	6,0	1,0	6,0 ⁴	0,5	
2021 жылы КСШ өндеу көлемі, млн тонна	5,5	5,4	5,1	0,92	4,6 ⁵	0,3	
2021 жылғы жүктеме, %	100	90	85	92	77 ⁶	60	
ҚМГ иелік ету үлесі, %	99,53	100	49,72	50	54,63	54,63	
Нельсон индексі	13,9	10,5	8,2	–	10,5	–	
2021 жылы ашық мұнай өнімдерін шығару, %	63	69	80	–	80	–	
МӘЗ-дің тәң иелері	–	–	CNPC	CITIC	Румыния Үкіметі	Румыния Үкіметі	

¹ «Өзенмұнайгаз» АҚ, «Ембімұнайгаз» АҚ, «Каражанбасмұнай» АҚ, «Казгермұнай» БҚ ЖШС, «ПетроҚазақстан Инк.» АҚ, «Қазактурікмұнай» ЖШС, «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС, «Манғыстаумұнайгаз» АҚ, «Амангелді Газ» ЖШС, «Әріктау Оперейтинг» ЖШС.

² «Өзенмұнайгаз» АҚ, «Ембімұнайгаз» АҚ, «Казактурікмұнай» ЖШС, «Әріктау Оперейтинг» ЖШС

³ «ҚМГ Қашаған Б.В.», «ҚМГ Қарашибанак», «Тенізшевройл» ЖШС.

⁴ Жобалық қуатка жылына 5 млн тоннан көлемінде мұнай өндеу және жылына 1 млн тоннан көлемінде өзге де КСШ кіреді.

⁵ 4,86 млн тонна — жалпы өндеу көлемі, оған шикі мұнай (3,98 млн тонна), өзге де баламалы шикізатты (0,88 млн тонна) өндеу көлемі кіреді.

⁶ «Петромидия» МӘЗ жүктемесі — Соломон өдісі бойынша 97,5% (Solomon Associates).

мерзімі 2024 жылға дейін. Қазіргі уақытта базалық жобалар, ТЭН өзірленді және ЕРС – мердігерді тандау бойынша тендерлік ресімдерді өткізу жоспарлануда.

2021 жылы Атырау қаласында Air Liquide Advanced Technology компаниясымен бірлесіп «Сутегі отынында сутегі құю станциясын салумен автомобиль паркін құру» пилоттық жобасын іске асрыу басталды. 2022 жылдың 4-ші тоқсанында іске асрыу мерзімімен бір мобильді және бір стационарлық сутегі құю станциясын салу жоспарлануда. Air Liquide Advanced Technology мобильді станциясы жүк көтергіштігі 7,5 тонна шасси бар жүк автомобиліне орнатылады, екі тарату желісі бар - 35 және ИК байланысы бар 70 МПа, 76,5 Мпа қысыммен толтырылған тасымалдау модулінен тұрады. Мобильді станцияның сыйымдылығы 12,8 кг, жанаармай құю уақыты автомобиль түрі байланысты 5-тен 20 минутқа дейін созылады. Стационарлық сутегі құю станциясын құрылышы екі кезеңнен тұрады. Біріншікезеңде Air Liquide компаниясы АМӘЗ-дің 2-ші сутегіні өндіру және тазарту қондырғысында сутегі өндіру блогына кірістіру және жеке өндеді кайта тазарту блогын монтаждау арқылы көміркышыл газының құрамы бойынша талап етілетін сапаға дейін сутегінің тазалығын қамтамасыз етеді. Екінші кезеңде АМӘЗ компаниясы «Air Liquide Ресеймен» стационарлық сутегі құю станциясын салу бойынша ЕРС-көлісімшарт жасасады. Бұдан кейін Air Liquide жанаармай құю станциясын сатып алууды қарастырады.

Тарифтік саясат

Қазақстанның МӘЗ-дер белгіленген тарифтер бойынша (бизнестің процес-сингтік схемасы) мұнайды қайта өндеді жөніндегі қызметтерді ғана көрсетеді, мұнайды қайта өндеді үшін сатып алмайды және алынған мұнай өнімдерін сатпайды. Мұнай жеткізушилер дайын мұнай өнімдерін өздері сатады. МӘЗ-дер тек өндірістік мәселелермен айналысады, нәтижесінде өндеді

Бір тонна алыс-беріс шикізатын өңдеуге және тиісті шығындарға арналған орташа өлшемді тарифтер, бір тоннаға теңгемен

Зауыт	2019	2020	2021
АМӘЗ	37 436	41 168	42 434
ПМХЗ	19 805	20 904	23 033
ПКОП	24 485	30 783	35 191
Caspi Bitum	18 010	18 003	18 472

ҚМГ үлесіне көмірсүтек шикізатын өңдеу көлемі, мың тонна

Зауыт	2019	2020	2021
АМӘЗ	5 388	5 016	5 473
ПМХЗ	5 290	5 004	5 407
ПКОП (50%)	2 701	2 397	2 582
Caspi Bitum (50%)	443	433	464
Жиыны	13 822	12 849	13 927

ҚМГ үлесіне мұнай өнімдерін өндіру көлемі, мың тонна

Мұнай өнімдері	2019	2020	2021
АМӘЗ	4 892 (100 %)	4 525 (100 %)	4 867 (100 %)
• Ашық түсті ¹	2 998 (61 %)	2 737 (60 %)	3 169 (65 %)
• Қара түсті ²	1 590 (33 %)	1 383 (31 %)	1 499 (31 %)
• Мұнай химиясы ³	166 (3 %)	250 (6 %)	52 (1 %)
• Өзгелері	138 (3 %)	155 (3 %)	147 (3 %)
ПМХЗ	4 794 (100 %)	4 609 (100 %)	4 935 (100 %)
• Ашық түсті	3 600 (75 %)	3 438 (75 %)	3 736 (76 %)
• Қара түсті	894 (19 %)	896 (19 %)	862 (18 %)
• Өзгелері	300 (6 %)	275 (6 %)	337 (7 %)
ПКОП (50 %)	2 477 (100 %)	2 145 (100 %)	2 352 (100 %)
• Ашық түсті	2 028 (82 %)	1 970 (92 %)	2 035 (87 %)
• Қара түсті	447 (18 %)	172 (8 %)	313 (13 %)
• Өзгелері	2	3	4
Caspi Bitum (50 %)	439 (100 %)	428 (100 %)	460 (100 %)
• Қара түсті	185 (42 %)	185 (43 %)	203 (44 %)
• Өзгелері	254 (58 %)	243 (57 %)	257 (56 %)
Жиыны	12 602	11 707	12 614

қызметі оңтайландырылады және шығындар азаяды.

жаңғыруға тартылған қарыздарды төлеу) түзіледі.

Қазақстан Республикасының МӘЗ-дерінің мұнайды өндеді қызметінің тарифтері өндіріске арналған нақты операциялық шығындардан және инвестициялық құрамадас бөліктен (өндірістің ағымдағы деңгейін қолдауға арналған қурделі салындар,

Қазақстанда мұнай өндеді
Көмірсүтек шикізатын өндеді және мұнай өнімдерін өндіру
2021 жылы Қазақстанның МӘЗ-дерінде КСШ өндеді көлемі 13 927 мың тоннаны, ал мұнай өнімдерін өндіру — 12 614 мың тонна

¹ Бензин, дизель отыны, әуе отыны және сүйіттылған газ.

² Мазут, вакуумдық газойль және битум.

³ Бензин мен параксиол.

(ҚМГ үлесіне) дайын өнімді құрады. 2020 жылмен салыстырғанда есепті кезеңде КСШ өндіреу және мұнай өнімдерін өндіру көрсеткіштері тиисінше 8,4%-ға және 7,7%-ға өсті. Өсімге өндедеудің пандемияға дейінгі көрсеткіштеріне жету және орташа жылдық көрсеткіштерге оралу он ықпал етті.

ҚМГ-ның өз мұнайынан мұнай өнімдерін өндіру және маркетинг

ҚМГ өз мұнайынан мұнай өнімдерін өндіруге арналған шикізат АМӘЗ, ПМХЗ және ПКОП-қа ӨМГ, ЕМГ, ҚТМ және ӨО компанияларынан жеткізіледі. Өндедеуден кейін мұнай өнімдері көтерме нарық бағаларымен ішкі нарыққа және экспортқа сатылады.

2021 жылы ӨМГ, ЕМГ, ҚТМ және ӨО өндедеу үшін 4 458 мың тонна мұнай, оның ішінде 2 781 мың тонна АМӘЗ, 1 527 мың тонна ПМХЗ және 150 мың тонна ПКОП жеткізді. МӘЗ-дер 4 419 мың тонна мұнай өнімдерін өндірді, бұл ретте ашық түсті мұнай өнімдерін өндіру 59%, қара түсті мұнай өнімдерін өндіру — 23%, мұнай-химия өнімдерін өндіру - 0,6% және өзге де мұнай өнімдерін өндіру 17%-ды құрады.

ӨМГ, ЕМГ, ҚТМ және ӨО-дан сатып алынған мұнайды өндегеннен кейін өндірілген мұнай өнімдері ҚР МӘЗ-нен көтерме саудада өткізіледі. 2021 жылы 4 454 мың тонна мұнай өнімдері сатылды, олардың негізгі бөлігін ақшыл мұнай өнімдері мен мазут (77%) құрады.

Мұнай өнімдерінің басым бөлігі ішкі нарықта сатылды (4 454 мың тоннаның 3 577 мыны немесе 80%-ы), ал қалған бөлігі экспортқа жөнелтіледі (877 мың тонна). 2020 жылмен салыстырсақ, ашық түсті мұнай өнімдерін экспорттауға тыйым салуына байланысты мұнай өнімдерін

2021 жылы МӘЗ-де өз мұнайынан мұнай өнімдерін өндіру, мың тонна

Мұнай өнімдері	АМӘЗ	ПМХЗ	ПКОП	Барлығы	2021 жылғы 12 айдағы мұнай өнімдерінің орташа көтерме бағалары, бір тоннага теңгемен
Ашық түсті	1 538	964	105	2 606	165 873,50
Қара түсті	764	248	20	1 032	122 543,60
Мұнайхимиясы	27	0	0	27	253 532,90
Өзгелері	416	318	21	755	33 628,95
Барлығы	2 744	1 530	146	4 419	134 191,43

ҚМГ үлесіне КСШ өндіреу көлемі, мың тонна

Зауыт	2019	2020	2021
Петромидия	6 331	4 864	4 586
Вега	436	364	321
Жиыны	6 767	5 228	4 907

ҚМГ үлесіндегі мұнай өнімдерін өндіру көлемі, мың тонна

Зауыт	2019	2020	2021
Петромидия	6 172	4 749	4 470
• Ашық түсті ¹	5 225	4 009	3 590
• Қара түсті ²	736	575	530
• Өзгелері	211	165	152
Вега	442	361	320
• Қара түсті	120	123	93
• Өзгелері	321	238	226
Жиыны	6 614	5 110	4 790

экспортқа жеткізу үлесі - 12%-ға төменdedі.

Рұмынияда мұнай өндіреу

ҚМГИ негізгі қызметі КСШ өндіреу және мұнай өнімдерін көтерме және бөлшек саудада өткізу болып табылады. Шикізатты бастапқы өндірмен ҚМГИ жеке «Петромидия» МӘЗ-і, ал қайталама өндірмен — «Вега» МӘЗ-і айналысады. «Петромидия» және «Вега» зауыттары мына схема бойынша жұмыс істейді: зауыт өзінің балансына КСШ сатып алады, оны өндейді, содан кейін өзінің ЖМКС

бөлшек желісі арқылы көтерме немесе бөлшек саудада өткізеді.

Сондай-ақ ҚМГИ тығыздығы жоғары және төмен полипропилен мен полиэтилен (LDPE және HDPE) өндіретін ірі мұнай-химия кешеніне тиесілі. Аталған ҚМГИ ЕТҰ-дан басқа - «ҚМГ Трейдинг АГ» ҚМГИ МӘЗ-дерінде өндірілген, сондай-ақ үшінші тараптар өндірген шикі мұнай мен мұнай өнімдерінің трейдингімен айналысады.

¹ Бензин, дизель отыны, әуе отыны және сүйітшылған газ.

² Мазут, вакуумдық газойль және битум.

2021 жылы Румыниядағы МӘЗ-дерде көмірсүтек және өзге де шикізатты өндіу көлемі 4 907 мың тоннаны, ал мұнай өнімдерін өндіру 4 790 мың тоннаны құрады. Көрсеткіштер 2020 жылмен салыстырғанда орта есеппен 6%-ға тәмендеді, әтken жылмен салыстырғанда шикі мұнайды өндіу көлемінің тәмендеуі 2021 жылғы шілде айының басында Петромуидия МӘЗ-де болған оқиғамен байланысты, ол дизельдік отынын гидротазарту қондырығысының жаңуына әкеп соқты. Жедел шаралар қабылданып, барлық қондырылар токтатылды. МӘЗ 24 қыркүйекте шектеулі режимде іске қосылды.

2021 жылы URALS сұрпының шикі мұнайдына бағаның белгіленуі және өндірілген мұнай өнімдеріне (бензин, дизель, нафта, сұйытылған газ, авиаотын, мазут, пропилен, құқырт және мұнай коксы) бағаның белгіленуі арасындағы айырма ретінде есептелген «Петромидия» МӘЗ-ның өндіу маржасы бір баррельге 1 АҚШ долларын құрады, әтken жылғы минус көрсеткіштермен салыстырылып беріліп отыр. (жүріп-тұруға карантиндік шектеулерді алып тастағаннан кейін мұнай өнімдеріне деген сұраныстың біртіндеп қалпына келуіне байланысты).

ҚМГИ трейдингтік операциялары аясында 2021 жылы қайта сатуға арналған шикі мұнай көлемі 8,3 млн тоннаны құрады. Көрсеткіштердің 2,4%-ға тәмендеуі негізінен COVID-19 пандемиясы салдарынан сұраныстың азаюмен байланысты.

«Петромидия» МӘЗ-нің өндіу маржасы

Өлшем бірлігі	2019	2020	2021
Бір тоннаға АҚШ долларымен	31,7	-5	7,2
Бір баррель үшін АҚШ долларымен ¹	4,2	-0,7	1

Қайта сатылатын шикі мұнай, мың тонна

	2019	2020	2021
Қайта сатуға арналған шикі мұнай	10 911	8 522	8 342

ҚМГИ бөлшек сауда желісі

Румынияның ритейл нарығы - бұл ҚМГИ мұнай өнімдерін өткізуудің ең табисты нарығы. 2021 жылы Румынияның бөлшек сауда желісін дамыту мақсатында Қазақстан - Румын инвестициялық коры аясында 25 жаңа ЖМКС салу бағдарламасы аяқталды.

2021 жылы Румыниядағы ҚМГИ бөлшек сауда нарығының үлесі 16,3%-ды құрайды, бұл 2020 жылмен салыстырғанда 0,6%-ға жоғары (2020 жылғы 15,7%-ға қарсы 2021 жылғы 16,3%) және 2019 жылғы деңгейден жоғары (14,8%).

2021 жылдың сонында ҚМГИ бөлшек желісіне мыналар кірді:

- Румыния: 295 ЖМКС және 918 сату пункттері (DOEX, RBI және Cuves). Келесі станциялар ашылды: 3 CODO, 8 DODO, 10 DOEX, 45 шағын резервуар (RBI) және 86 CUVE;
- жақын шетел елдері: 280 ЖМКС және сату пункттері, оның ішінде Болгарияда — 60 ЖМКС, Грузияда — 121 ЖМКС (негізгі өнірлерде 13 станция ашылды), Молдовада — 99 ЖМКС (бөлшек сауда желісін 2020 жылмен салыстырғанда 7 жаңа DOCO станцияларына ұлғайты, бірақ сату бойынша 6 станцияға тәмендегу 2022 жылғы жоспармен салыстырғанда ауылдық аудандардағы кейбір станциялардың шығындылығына байланысты).

¹ Тоннаны баррельмен есептеу үшін 7,6 коэффициенті пайдаланылды.



МҰНАЙ ХИМИЯСЫ

Полипропилен

2021 жылғы желтоқсанда Атырау облысындағы КРІ газ-химия кешенінде полипропиленнің 65-тен астам түрлі маркаларын өндіретін зауыттың негізгі құрылышы аяқталды. Зауытты 2022 жылдың наурызында пайдалануға беру жоспарланып отыр. Жобаны іске асрудың арқасында «ҚазМұнайГаз» ҰҚ АҚ өз қызметінде көмірсутектерді неғұрлым терең өндеуді жана бағытты игеруде. Осылайша, Қазақстанда жана сала - мұнай-газ химиясы пайда болуда, оның ел мен Атырау облысы үшін, атап айтқанда, жоғары экономикалық және әлеуметтік әсері бар. Кешеннің құаттылығы - жылына 500 мың тонна полипропилен, ол машина жасауда, медицинада және электротехникада базалық шикізат болып табылады, ыстық сумен жабдықтауға, кеңе техникасына және тұрмыстық электроникаға, халық тұтынатын тауарларға, бақша және кеңе жиназына арналған буып-тую материялдарын, ыдыстарды, талшықтарды, құбырлар мен фитингтерді өндіру үшін қолданылады.

КРІ жобасында заманауи технологиялар қолданылады - бұл кәсіпорынға толығымен цифрлық болуға мүмкіндік береді. Өнімдерді буып-тую, авто және теміржол көлігіне қоймалау және тиеу сияқты қойма операцияларын адамдардың катысуынсыз арнайы робототехника жүзеге асрырады. Ал мамандандырылған IT-шешімдер мен корпоративтік есепке алу жүйелері операцияларды жоспарлаудан бастап дайын өнімді түпкілікті тұтынушыға өткізуге дейінгі барлық деректердің жоғары дәлдікті есебін жүргізуге мүмкіндік береді.

Кәсіпорындағы өндіріс барлық экологиялық талаптарға толық сәйкес келеді. Шикізат - зиянды қостаптардан тазартылған пропан, ол өндіріс тізбегі арқылы пропиленге, содан кейін полипропиленге айналады. Осы процестер барысында құкіртті сутек, құкіртті ангидрид және хош иісті көмірсүткөтер сияқты қауіпті зиянды заттардың түзілуі жоққа шығарылады.

Кешен суды тұтыну тұрғысынан да экологиялық таза - оның технологиялық процестер үшін айналмалы сумен жабдықтаудың тұйық циклі бар. «Karabatan Utility Solutions» ЖШС тазарту құрылғылары кешенімен кіріктіру арқасында ағын суларды толықтай көдеге жарату және оларды қайта пайдалану есебінен су тұтынуды төмөндөту бойынша міндет шешілуде.

Полиэтилен

Полиэтилен өндірісі бойынша интеграцияланған газ-химия кешені құрылышының екінші кезеңі шенберінде 2021 жылғы 7 қазанды ҚМГ мен «СИБУР» ЖАҚ арасында «Полиэтилен» (ПЭ) жобасы бойынша ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды. Осылайша, әлемдік полимер өндірушілерінің ТОП-5 құрамына кіретін және осындау ауқымды жобаларды сәтті жүзеге асыруда айтарлықтай тәжірибесі бар стратегиялық серіктес анықталды. 2022 жылдың сәуіріне дейін «СИБУР» ЖАҚ-ның «ПЭ жобасына кіруі жөнін-дегі міндетті құжаттамаға қол қою жөніндегі іс-шараларды одан әрі FEED сатысына көшіру жоспарланып отыр. Жобаның жобалық қуаты: жылына 1 250 мың тонна полиэтиленді құрайды. Жобаны іске асырудың болжамды мерзімі - 2027 жыл.

Сонымен бірге, жобаны шикізатпен (этан) қамтамасыз ету стратегиялық әріптестің басты шарттары болып табылады. Осыған байланысты «Тенішшеройл» ЖШС-мен бірлесіп қуаты 9,7 млрд м³ газ бөлү кондырғысын - құрғак газдан этан алу үшін қажетті инфрақұрылымды салу мәселесі пысықталуда.

Полиэтилен және этиленнің сополимерлері құбырларды, фитингтерді, табақтарды, жендік үлдірді, жалпақ желілі үлдірді, талшықты, тоқылмаған материалдарды, моножіптерді, үлдір жіптерді, орау материалдарын, техникалық, тұрмыстық, медициналық мақсаттағы бұйымдарды, тамак өнімдерімен жанасуға арналған бұйымдарды, ойыншықтарды және т.б. дайындауға арналған.

Қасиеттері мен мақсатына байланысты полиэтилен келесі түрлерге бөлінеді:

- тығыздығы бойынша: тығыздығы төмен сызықтық, полиэтиленге (ЭБЖ), тығыздығы орташа полиэтиленге (ЭБЖ) және тығыздығы жоғары полиэтиленге (ЭБЖ / МЭНД);
- құрамы бойынша: этилен гомополимерлеріне және бутен, гексен немесе октен сияқты альфа-олефиндері бар этилен сополимерлеріне;
- құрылымы бойынша: бимодальдық және мономодальдық сорттарға (кен, орташа және тар молекулалық-массалық таралуымен).

Өндіріс технологиясына байланысты жоғары, төмен және орташа қысымды полиэтилен ерекшеленеді. Осы түрлерінің әрқайсысы қолдану аясын анықтайтын өзіндік қасиеттер кешенімен сипатталады.

Полиэтиленнің химиялық қасиеттері

Түйіршіктелген полиэтилен қауіпті емес, улы емес өнімдерге жатады. Бөлме температурасында ол коршаған ортаға улы заттар шығармайды және тікелей байланыс арқылы адам ағзасына зиянды әсері жоқ. Онымен жұмыс істеу арнайы сақтық шараларын қажет етпейді.

Деммен жұту және өкпеге ену кезінде полимердің ұсақ шаңы олардағы базая талшықты өзгерістерге әкелуі мүмкін.

Полиэтиленнің төмен электр өткізгіштігіне байланысты статикалық, электр зарядтары пайда болуы мүмкін.

Тұрақты құйдегі полиэтилен коршаған ортаға қауіп төндірмейді, өйткені ол коршаған орта температурасында басқа заттар немесе факторлар болған кезде ауа мен ағынды суларда улы қосылыстар түзе алмайды. Полиэтилен және оған кіретін қоспалар озонды бұзатын заттар емес.

Каучук, изобутан

2021 жылғы 30 қарашада «Бутадиен және оның туындыларын өндіру» жобасы бойынша «ҚазМұнайГаз» ҰҚ АҚ мен «Татнефть» ЖАҚ арасында бірлескен қызмет туралы келісімге қол қойылды. Жобаға сәйкес болашақ кәсіпорынның болжамды қуаты - жылына 186 мың тоннаға дейін бутадиен каучуктері: жылына 96 мың тоннаға дейін ДССК (дивинил стирольді синтетикалық каучук) және жылына 90 мың тоннаға дейін СБС (стирол-бутадиен-стирол), сондай-ақ жылына 170 мың тоннаға дейін изобутан. Жобаны іске асырудың алдын ала мерзімі - 2026 ж.

DSSK (дивинил стироль синтетикалық каучук) - жақсы тозуға, аязға және динамикалық тәзімділікке ие экологиялық таза жасыл шиналар өндірісінде қолданылады. DSSK сонымен қатар жендер, таспалар, аяқ қиім және басқа резенке бұйымдарды өндіруде қолданылады.

SBS (стирол-бутадиен-стирол) – битумды модификациялау үшін, адгезивтер, желімдер мен резенке өндірісінде қолданылады. Ол өте берік (оның ішінде созылғанда) және тұтқыр болып келеді.

Изобутан - изобутилен алуға арналған шикізат, өз кезегінде, бутилкаучук алуға арналған шикізат. Сондай-ақ алкилдеу процесі және метил-трет-бутил-эфирінің өндірісі үшін шикізат ретінде пайдаланылады. Жоғары октандық санына байланысты изобутан ішкі жану қозғалтқыштары үшін жанаармай компоненті ретінде қолданылады. Сондай-ақ, изобутан көбінесе аэрозольді баллондарда толтырыш ретінде қолданылады.

СЕРВИСТІК ЖОБАЛАР

ҚМГ өндірістің ағымдағы деңгейін қолдау, жаңа жобаларды дамыту және бәсекеге қабілеттілікті арттыру арқылы сервистік бағыттарды үйлестіреді, сондай-ақ қызметтің жүзеге асыратын өнірлерде әлеуметтік тұрақтылықты сақтаудағы өзінің жетекші рөлін ескереді. Мұнай сервисі әлеуметтік сезімтал бағыт болып табылатынын, сондай-ақ жекелеген бағыттар тиімсіз болып табылатынын атап өту қажет. Сондықтан олар ағымдағы өндірістік қажеттілікке қарамастан қызметкерлер санын сақтай отырып және ұжымдық шарт шеңберіндегі барлық міндеттемелерді: төлемдер, медициналық сақтандыру және біліктілікті арттыру шығындарын жүзеге асыра отырып, қосымша шығындарға ұшырайды.

СЕРВИСТІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

ҚМГ сервистік қызметтің 11 негізгі компания қамтамасыз етеді.

Сервистік қызметтің бағыттары

- Мұнай және газ ұнғымаларын бұрғылау және игеру.
- Ұнғымаларды жерасты және күрделі жөндеу.
- Жұк және жолаушыларды тасымалдау, кен орындарына Көліктік технологиялық қызмет көрсету.
- Электр қондырғылары мен катодтық қорғаныс құралдарына техникалық қызмет көрсету, жөндеу, баптау және сынау, Электр жабдықтарын іске қосу-жөндеу жұмыстары және ағымдағы жөндеу.
- Жерусті және теңіз бұрғылау қондырғыларын пайдалану, Мұнай және газ өндіруді жобалау, бұрғылау қызметтері.
- Өлшеу құралдарына, автоматика және телемеханика жүйелеріне техникалық қызмет көрсету, мұнай кәсіпшіліктерінде телекоммуникация, радиобайланыс, кабельдік, спутниктік теледидар қызметтерін ұсыну; өлшеу құралдарын тексеру және жөндеу; күзет сигналізациясына техникалық қызмет көрсету.
- Көліктің GPS мониторингіне қызмет көрсету.
- Мұнай тасымалдау үшін болат және шыны-пластикалық құбырларды салу, газ құбырларын салу және мұнай және айдау ұнғымаларын жайластыру.
- Мұнай құбырларын, су тартқыштар мен автожолдарды қайта жаңарту.
- Ауыз суды өндіру және тасымалдау, теңіз суын тасымалдауды қамтамасыз етү.

- Әлеуметтік обьектілерді тамақтандыруды, қызмет көрсетуді үйымдастыру және т. б.

Өндірістің ағымдағы деңгейін қолдау мақсатында ҚМГ жыл сайын тиімді өндірістік процесті қамтамасыз етү, қызметкерлердің еңбек жағдайларын жақсарту, негізгі құралдарды жаңарту бойынша іс-шаралар өткізеді. 2021 жыл ішінде жекелеген мұнай сервистік ЕТҰ көрсететін қызметтерге тарифтерді ұлғайту бойынша жұмыстар жүргізілді, атап айтқанда «Oil Services Company» ЖШС Қаламқас және Жетібай кен орындарында бұрғылау бойынша ұнғымаларды күрделі жөндеу (ҰЖЖ) және ұнғымаларды жоспарлау жөндеу (ҰЖЖ) бойынша, соның ішінде «Ойл Транспорт Корпорейшэн» ЖШС автокөлік және арнайы техниканы ұсыну бойынша қызметтерге тарифтер ұлғайды.

Даму жобалары

«Маңғыстау облысының Жаңаөзен қаласын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2019-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарын бекіту туралы» Үкімет қаулысын іске асыру шеңберінде ҚМГ Жаңаөзен қаласында ГФЗ салу жобасын іске асыру бойынша жұмыстар жүргізуде. Жобаны іске асыру ҚМГ үшін манызды мәнгө ие, ейткені қазіргі уақытта технологиялық жабдықтың жоғары деңгейде тозуы және нормативтен тыс пайдаланылуы салдарынан жұмыс істеп тұрған ҚазГФЗ-ін толық тоқтату қауіпі бар, бұл

газды қайта өндеуге жеткізетін жер қойнауын пайдаланушылардың мұнай және газ өндіру обьектілерін толық тоқтату түріндегі салдарға әкеп соғады, тауарлық (құрғақ) газ және сұйытылған мұнай газы тапшылығына әкеледі. Жаңа ГФЗ құрылышын аяқтау 2024 жылға жоспарланып отыр.

2021 жылғы 12 тамызда Caspian Drilling Company Ltd теңіз және логистикалық базасында. Каспий теңізінің, Әзіrbайжан секторында бұрғылау жұмыстарын жүргізу үшін сәтті модификациядан кейін ӘКБҚ-ның теңізге шығуына арналған салтанатты рәсім өтті. 15 жылдың 2021 тамызында SPBU бұрғылау жұмыстарын сәтті жүргізетін SWAP құрылымы NKX-01 алғашқы ұнғымасына орнатылды.

«Сәтті» өздігінен көтерілетін қалқымағы бұрғылау қондырғысы (ӘКБҚ) - әлемдік стандарттарға сәйкес Қазақстанда тұластай салынған алғашқы бұрғылау қондырғысы. Бұған дейін 2019 жылғы 25 қантарда ҚМГ мен Әзіrbайжан Республикасының Мемлекеттік мұнай компаниясы (SOCAR) компаниялар арасындағы

**"СӘТТІ" ӨЗДІГІНЕҢ
КӨТЕРІЛЕТІН ҚАЛҚЫМАЛЫ
БҰРҒЫЛАУ ҚОНДЫРҒЫСЫН
МОДИФИКАЦИЯЛАУ ОНЫң
ЖҮК КӨТЕРІМДІЛІГІН**

453 ТОННАДАН
680 ТОННАҒА ДЕЙІН
АРТУҒА МУМКІНДІК БЕРЕДІ



өзара түсіністік туралы Меморандумға, сондай-ақ операторы British Petroleum компаниясы болып табылатын Каспий теңізінің Әзіrbайжан секторындағы Абшерон құрылымында бұрылау жөніндегі ББҚ-ны бірлесіп пайдалануды көздейтін бірлескен қызмет туралы келісімге қол қойды. ӘКБҚ, модификациясы оның жүк көтеріштігін 453-тен 680 тоннаға дейін арттыруға мүмкіндік берді.

Жобаны іске асыру ҚМГ бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік берді, теңіз бұрылау көшбасшыларының қатарына кіруге мүмкіндік

береді және әлемдік критерийлерге сәйкес өндірістік персоналдың кәсіби дайындық деңгейін арттырады.

Будан әрі, ҚМГ 2022 және одан кейінгі жылдарға арналған мұнай-сервистік бағытты қолдау және дамыту үшін мұнай өндіруді үлғайтуға ықпал ететін мұнай-сервистік қызметтердің сапасын арттыру мақсатында мынадай стратегиялық бастамаларды белгіледі:

- Мұнай-сервистік қызметтердің тиімді мақсатты портфелін қалыптастыру;
- Мұнай-сервис компанияларын шығынсыздық деңгейіне шығару.

Осы мақсаттарға қол жеткізу үшін бизнес-процестерді автоматтандыру, бөлек есепке алууды енгізу, өндірістік процестердің тиімділігін арттыру, API Q1 және Q2 сертификаттау сияқты түрлі іс-шаралар қажет.



ИННОВАЦИЯЛЫҚ-ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ДАМУ

КМГ Инжиниринг

«КМГ Инжиниринг» ЖШС (бұған дейін «ҚазМұнайГаз» өндіру және барлау технологияларының ғылыми зерттеу институты» ЖШС) «ҚазМұнайГаз» ҰҚАҚ ғылыми-зерттеу орталығы болып табылады. «КМГ Инжиниринг» ЖШС 2014 жылы ҚМГ көмірсүтек ресурстарын барлауды, әзірлеуді, өндіруді және бұрғылауды кешенді ғылыми-инжинирингтік сүйемелдеу үшін құрылған. Ұйымның бас кеңесі Нұр-Сұлтан қаласында орналаскан, екі филиалы бар: Атырау қаласында «Атырау филиалы» ЖШС және Ақтау қаласында «ҚазмұнайгазФЭЖИ» ЖШС. Филиалдар ҚМГ активтеріне нақты уақыт режимінде тікелей қолдау көрсетеді.

«КМГ Инжиниринг» ЖШС және оның филиалдарының мақсаттары:

- рентабельді өндіруді ұлғайту;
- қорлар мен ресурстық базаны ұлғайту;
- өндіру мен бағдарламалардың тиімділігін жақсарту.

Осы мақсаттарға қол жеткізу үшін «КМГ Инжиниринг» ЖШС жаһандық индустрія үшін бәсекеге қабілетті, стандартты технологиилар мен рәсімдерді айқындауды және енгізеді, сондай-ақ осы технологиилар мен рәсімдерді ҚМГ кен орындарының барлық порт-фелінде пайдалану үшін сараптамалық құзыреттер мен қолдауды қамтамасыз етеді.

2021 жылдың нәтижелері

ҚМГ балансында КСШ-ның 112 кен орны бар, оның 81-і белсенді игеру сатысында. Осы кен орындарды бойынша өндірістік міндеттерді шешу үшін «КМГ Инжиниринг» ЖШС бес негізгі бағыт бойынша жұмыс істейді:

- барлау;
- өндіру;
- ірі жобалар;
- жайғастыру;
- бұрғылау, ұңғымаларды ағымдағы және күрделі жөндеу.

Барлау

2021 жылдың ресурстық базаның өсу әлеуетін іздеу, өңірлік зерттеулер бағдарламаларын сүйемелдеу және сейсмикалық деректерді динамикалық талдау мақсатында барлау және өндіру жобалары бойынша геологиялық-геофизикалық деректерге кешенді

талдау жүргізілді. M&A шеңберінде мұнай-газ активтеріне бағалау жүргізілді.

Қаражанбас кен орнын («Қаражанбасмұнай» АҚ) жете барладың егжей-тегжейлі бағдарламасын өзірлеу, сондай-ақ «Фәзенмұнайгаз» АҚ, «Манғыстаумұнайгаз» АҚ, «Ембімұнайгаз» АҚ, «Қазактүрікмұнай» ЖШС кен орындары бойынша бағдарламада бекітілген іс-шаралардың орындалуына мониторингті өзекті тендіру жұмыстары орындалды. Бұл жұмыстар 2D/3D сейсмикалық деректерді өндөу мен түсіндіруді сүйемелдеуді, кернің іріктеу және бағалау ұнғымаларын сыйнау кезінде сүйемелдеуді қамтиды.

Барлау және игеру жобаларын табысты іске асыру үшін өзекті ақпаратты уақытылы алу және тарихи геологиялық, геофизикалық және кәсіпшілік деректердің үлкен көлемін көшенді пайдалану қажет. Деректердің үлкен көлемі бар ақпараттық жүйелерді тиімді орталықтандырылған басқару бойынша міндеттерді шешу үшін «ҚМГ Инжениринг» ЖШС орталықтандырылған деректер банкінің ақпараттық жүйесін (ОДБ) енгізді.

Өндіру

Інститут іс жүзінде бұрғылаудың алдыңғы қатарлы технологияларын — көлденен ұнғымаларды, көпсатылы гидравликалық үзілісі бар көлденен ұнғымаларды, бүйірлі окпандарды кесуді және терендетуді сыйнатқан өткізді. Бұл технологиялар аз шығынмен мұнайдың айтартылғай өсуіне қол жеткізуге мүмкіндік берді. Бұрғылау шығындарын оңтайландыру (тік ұнғымаларды бүйірлі окпандарды кесу мен терендетуге ауыстыру) бірдей тиімділікпен күрделі шығындарды үнемдеуге қол жеткізеді деп күтілуде.

Геологиялық-техникалық шараларды іріктеу сапасы рентабельділік бойынша көшенді рангтеумен жалпы стандартты іріктеу критерийлері көбірек пайдаланылғандытан, аз шығынмен өндірудің үлкен көлемін қамтамасыз ете отырып, артады.

Тоттануды бақылау және инфрақұрылымның тұтастырының қамтамасыз ету — ҚМГ жетілген кен орындары үшін негізгі проблемалардың бірі. Соңғы жылдардың енгізілген жаңа технологиялардың мысалдары қабаттардың биозақымдалумен куресу үшін бактерицидті айдау, коррозия ингибиторларын айдау және өндіруші ұнғымалардағы сорғыларды қабылдауға тұз салу, сондай-ақ сусты қозғалтқышы бар сорғыларды және қорғаныс жабыны бар сорғы-компрессорлардың құбырларды енгізу болып табылады. Бұл іс-шаралар он техникалық-экономикалық нәтиже берді және терең сорғы жабдықтарының әзірлеуаралық кезеңін үлғайтуға мүмкіндік берді, бұл аз шығынмен мұнайдың үлкен көлемін алууды білдіреді.

Өндіру блогы қызметтінің табысты нәтижелерінің жарқын мысалы - «Қазактүрікмұнай» ЖШС-да өндіруді үлғайту үшін оңтайлы геологиялық-техникалық іс-шараларды әзірлеу және қолдану. Ис-шаралардың өткізуге жұмысалған шығындар бес айда ақталды. Қазіргі заманғы технологияларды қолдану кол жеткізілген өндіру деңгейін бес жыл бойы ұстап тұруға мүмкіндік береді. Табысты тәжірибелі ҚМГ-ның басқа да кен орындарына тарату жоспарланып отыр.

Ірі жобалар

«ҚМГ Инжениринг» ЖШС қызметтінің саласына теңіз жобаларын (Қашаған, Қайран, Ақтоты), ТШО (Теніз, Королевское) және ҚПО (Қарашиғанақ) жерусті жобаларын ғылыми-техникалық сүйемелдеу кіреді.

Компанияның ірі жобалар блогының техникалық мамандарының жұмыс топтарына, СКЖ, ТШО және ҚПО жобаларының серіктестерімен техникалық кездесулерге қатысуы әзірлеу жобаларын сапалы қарастыру және шығындарды оңтайландыруды қамтамасыз етеді, бұл ҚМГ-ге осы стратегиялық активтерден түсетін қосымша құн береді.

- **Тенізшевройл:** БДЖ/СКБЖ жобасы аясында көлбеу бағыт, 55 ұнғыманы топтық бұрғылау қолданылады.

Королевское кен орнында қабат қысымын сақтау үшін резервуарға альб-сеноман суын айдау жобасы аяқталды. Тәулігіне 15 мың баррель көлемінде суды сынамалы айдау басталды. Этанды KLPE-ге беру мақсатында ТШО-ның тауарлық газынан бөлу жобасы бойынша жобалу аяқталды.

- **Қарашиғанақ:** төртінші компрессор іске қосу сатысында. КЕП-1А жобалары бойыша жұмыс журуде. Бұл жоба аясында 6-8 ұнғыманы қосымша бұрғылау өндіру деңгейінің сақталуын қамтамасыз етеді.
- **Қашаған:** 1 ВСМА жобасы - өнімділігі жылына 1 млрд. м³, «QazaqGaz» ҰҚ АҚ компаниясының газ зауытын сала отырып, өнімділігін тәулеңіне 400 мың баррельге дейін үлғайту. Тәулігіне 1 млн баррельге дейін үлғайту жобасы тұжырымдамалық тұрғыдан әзірленуде. Сонымен қатар ұнғымаларды бұрғылау үшін бұрын құмдалған аралдар пайдаланылады. «Болашақ» зауытының ағынды суларын тазарту жобасы іске асырылуда.

Ұнғымаларды бұрғылау және күрделі жөндеу

«ҚМГ Инжениринг»-те онлайн бұрғылау құзыреттілігі орталығы жұмыс істейді, оның міндеттері - шынайы уақыт режимінде бұрғылау процесін бақылау және геологиялық-техникалық сүйемелдеу. Сонымен бірге, бұрғылау бойынша есептіліктің бірыңғай жүйесін енгізу бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Жаңа ұнғымаларды бұрғылау ҚМГ ЕТҰ жетілген кен орындарында мұнай өндіру деңгейін ұстап тұрудың негізгі тәсілдерінің бірі болып табылады. Тік ұнғымаларды бұрғылау үмен қатар жыл сайын көлденен ұнғымаларды (ҚҰ) бұрғылау көлемі артып келеді. ҚҰ-ның негізгі артықшылықтары: кен орындарындағы ұнғымалардың жалпы санын азайту, мұнай алу деңгейінің өсуі, мұнай қабаттарының жаңа кен



орындарын және жоғары тұтқыр мұнайды игеруге тарту.

2021 жылы 16 КҰ бойынша коллекторды ашудың орташа үлесі 86%-ды құрады. Өндіру дебиттері ҚМГ ЕТҰ-ның ұқсас кен орындарындағы тік ұнғымалармен салыстырғанда орта есеппен үш-төрт есе жоғары.

Жүргізілген жұмыстардың корытындылары бойынша ҚМГ ЕТҰ бойынша құрылсыы аяқталған ұнғымалардың пайдалану бағаналарын цементтеу сапасы 2019-2021 жылдары «жаксы» тіркесу үлесінің бөлігінде 2017-2018 жылдардағы 67%-пен салыстырғанда 72%-ды құрады.

Ұнғымаларды құрделі жөндеу ұнғымалардың пайдалану қорының жұмысқа қабілеттілігін қамтамасыз етеді. Жөндеу түрлері бойынша ІҚМ тиімділігін талдау бойынша жұмыстар жүргізілуде. Бірынғай тәртіп пен технологиялық талаптарды белгілеу мақсатында ұнғыма ішіндеғі

жұмыстар саласында регламенттеуші құжаттар әзірленеді. Бағана аралық қысымды (БАҚ) жою бойынша озық технологияларды іздеу және енгізу және жөндеу-окшаулау жұмыстары бойынша жұмыстар жалғасуда.

2021 жылы ҚМГ ЕТҰ кен орында-рындағы ұнғымаларда БАҚ мониторингі, басқару және жою бойынша Регламент әзірленді. Aquascreen маркалы синтетикалық құрамды пайдалана отырып БАҚ жою технологиясына тәжірибелік-өнеркәсіптік сынақтар жүргізілді.

Жерүсті жайластыру және инфрақұрылым

Кен орындарын пайдаланудың рентабельді кезеңін ұлғайту және технологиялық жүйелердің өзектілігін қамтамасыз ету мақсатында «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС жайластыру блогын ашты, оның мамандары инфрақұрылымның тұтастығы мен беріктігін қамтамасыз етеді, сондай-ақ оның жұмысын онтайланырады.

Өндірісті автоматтандыру және көмірсүткөрді есепке алу жүйесін онтайланыру

«ҚазМұнайГаз» ҮК АҚ-ның өндіруші активтерінің кен орындарында өндірілетін мұнай мен газ конденсатын есепке алу жүйесін онтайланыру шенберінде заманауи автоматтандыру және цифрандыру жүйелерін енгізуге көп көңіл бөлінеді. Автоматтандырылған басқару жүйелерін кезең-кезеңімен жаңғыру, мұнай мен газды өндірудің барлық кезеңдерінде ұнғымадан бастап құбыр жүйесіне өткізуге дейін заманауи өлшеу құралдарын енгізу жүргізілуде. «Жер койнауынан алынатын мұнай мен мұнай газының көлемін өлшеу» КР СТ 2.151-2008 сәйкес көлтіру мақсатында, сұйықтықты екі фазалы есепке алу мүмкіндігімен мұнайдың көлемдік шығысын өлшеуіштерді кориолис шығысын өлшеуіштерге (массомерлерге) ауыстыру жолымен есепке алу жүйесін жақсарту бойынша іс-шаралар жүргізілуде.



Фылыми-әдістемелік сүйемелдеу «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС-ның маңызды бағыты болып табылады. «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС қызметкерлері БӘАЖА жарактандыру бөлігінде ЕТҰ өндірістік объектілерінің техникалық инспекцияларын жүргізеді. Инспекция деректері негізінде технологиялық процесті басқарудың автоматтандырылған жүйесі (ТПБАЖ) және мұнай, газ және суды есепке алу аспаптарының ағымдағы жай-күйіне талдау жүзеге асырылады. Өлшем бірлігін қамтамасыз ету салындағы КР заңнамасының нормаларына сәйкестігі анықталады және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның өндіруші активтеріндегі іс-шаралар жоспарларына енгізу үшін ұсынымдар әзірленеді.

Мысалы, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-да 2019 жылдан бастап өндірістік басқармалардың технологиялық объектілерінде телемеханика жүйелерін қайта құру бойынша жұмыстар

жүргізілуде, «Қазактурікмұнай» ЖШС-да 2021 жылдан бастап өндірістік объектілердің ТПБАЖ-ын енгізу және Оңтүстік Қаратөбе, Лактыйбай кен орындарының және Кеңкіяқ бас мұнай айдау станциясының ұнғымаларын телемеханизациялау бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Өлшеу сапасын арттыру және ескірген өлшеу қондырғыларын есепке алудың дұрыстығын жақсарту үшін, сондай-ақ жабдықтарды біріздендіру мақсатында, «Әзенмұнайгаз» АҚ, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, «Ембімұнайгаз» АҚ, «Қаражанбасмұнай» АҚ және «Қазакойл Ақтөбе» ЖШС-де Топтық қондырғы (ТҚ) және Автоматтандырылған топтық өлшеу құралы (АТӨҚ) есепке алу жүйесін кезең-кезеңімен жаңғырту және ауыстыру жүргізілуде.

«Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» КР Кодексі

«АВАІ ДЕРЕКТЕР БАЗАСЫ» МОДУЛІ ДЕРЕКТЕРДІ ЖҮКТЕУ МЕН САҚТАУДЫҢ ЖЕКЕ ЖҮЙЕСІ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. СОНДАЙ-АҚ ОЛ ӨНДІРІСТИК ЕСЕПТЕРДІҢ ҚАЛЫПТАСУЫН ЖӘНЕ ҚМГ-НЫҢ БАРЛАУ МЕН ӨНДІРУ ЖӨНІНДЕГІ БАРЛЫҚ АҚПАРАТҚА ШҰҒЫЛ ҚОЛЖЕТІМДІЛІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕДІ.

talapтарының шеңберінде, айналымдағы шикі мұнай мен газ конденсатының көлемі туралы деректерді автоматты түрде тәуліктік жинауға, өндеуге, сақтауға арналған «Шикі мұнай мен газ конденсатын есепке алудың ақпараттық жүйесі» (МЕАЖ) әзірленеді. 2021 жылы АВАІ ақпараттық жүйесі арқылы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның жеті операциялық өндіруші активін есепке алудың коммерциялық тораптарынан МЕАЖ-ға деректерді беру іске асырылды.

ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ



БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫң ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚАРЖЫ ЖӨНІНДЕГІ ОРЫНБАСАРЫНЫң ҮНДЕУІ

Құрметті инвесторлар, акционерлер, әріптестер мен серіктестер!

2021 жылы біз сыртқы факторлардың жиынтық әсері аясында Компанияның қаржы көрсеткіштерінің пандемияға дейінгі кезең деңгейіне біртіндеп қалпына келгенін байқадық. Мұнайға деген әлемдік сұраныстың қалпына келуі, сондай-ақ ОПЕК+ тарапынан мұнай нарығын реттеу 2021 жылы мұнай бағасының өсуінің негізгі факторларына айналды. 2021 жылы Brent маркалы мұнайдың орташа жылдық бағасы бір баррельге 71 АҚШ долларын құрады, бұл өткен жылғы көрсеткіштен 70%-ға артық.

ҚМГ қаржы тұрақтылығын сақтау Компанияның 2020 және 2021 жылдарға арналған дағдарысқа карсы әзірленген шараларының негізгі міндеттерінің бірі болды. Жыл нәтижелері экономикалық дағдарыстың Компанияның операциялық қызметіне тигізген әсердің салдарын едәүір жұмсартып, қаржы тұрақтылығын сақтап, ұзак мерзімді перспективада одан әрі даму үшін жеткілікті жағдайларды қамтамасыз ете алғанымызды көрсетті.

Компанияның қаржылық позициясын нығайтатын іс-шараларға ерекше назар аударылды. Бұл, өз кезеңінде, ықтимал экономикалық қындықтар жағдайында Компанияның практикалық базасын құрды. Пандемия кезінде дағдарысқа карсы дер кезінде қабылданған шаралар бізге алдын ала болжамнан

асатын қаржылық нәтижелерді көрсетуге мүмкіндік берді.

2021 жылдың соңында жалпы қарыз 8,7 млрд АҚШ долларын құрап, 1 млрд теңгеге азайды. ҚТГ бөлу нәтижесінде Компанияның борыштық жүктемесі 1,1 млрд АҚШ долларына қысқартылды. Соңғы үш жылда борышты басқару бойынша жүргізілген іс-шаралардың нәтижесінде Компанияның еврооблигациялары бойынша ірі төлемдер кестесі қайта қаралды және Компанияның ағымдағы қажеттіліктері мен стратегиялық шешімдеріне қатысты қайта бөлінді. Енді ауқымды төлем 2027 жылы ғана күтіледі. 2017 жылдан бастап борыш жүктемесі 16 млрд. доллардан 8,7 млрд. АҚШ долларына дейін төмендеді.

Жоспарлы құрделі және операциялық шығындарды оңтайландыру арқасында еркін ақша ағыны 1,6 млрд АҚШ долларына жетті. 2021 жылы біз еншілес компаниялардың қызметін кассалық алшақтықсыз қамтамасыз ете алдық.

Біз осы жылы Moody's, Fitch және S&P кредиттік рейтингтерін сақтап қалып, қаржы орнықтылығымызды растай алдық, 2022 жылы біз Компанияның стратегиялық басымдықтарына адальғымызды сақтай отырып, сыртқы әлеуметтік-экономикалық факторлар мен жаһандық басқару практикасының ықпалын назарға ала отырып, сонымен қатар Компаниядағы ESG

рөлін күшейтудің маңыздылығын да ескеріп, дағдарыска қарсы іс-шараларды іске асыруды жалғастырамыз.

Макроэкономикалық тұрақсыздыққа қарамастан, Компания инвестициялық қоғамдастық үшін ақпаратты ашу кезінде уақытылық, толықтық және қолжетімділік қағидаттарын ұстануды жалғастырады.

Дәурен Қарабаев,

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары

КРЕДИТТІК РЕЙТИНГТЕР

ҚМГ кредиттік рейтингтерді инвестициялық деңгейде қолдауға, жоғары кредиттік бейінді сақтауға және адал қарыз алушы ретінде Компанияның іскерлік имиджін қолдауды қамтамасыз етуге ниетті. 2021 жылы қаржы тұрақтылығы бойынша жүргізілген іс-шаралардың нәтижесінде және сыртқы жағымсыз факторларға қарамастан, ҚМГ кредиттік рейтингтердің сақталуын қамтамасыз ете алды.

ҚМГ рейтингтерінің динамикасы

- 2021 жылғы 28 қаңтарда мұнай мен газды барлау, өндіру және өндеу секторының тәуекелдерін бағалауды қайта қарағаннан кейін S&P рейтинг агенттігі ҚМГ кредиттік рейтингтерін «теріс» болжаммен «BB» деңгейінде раставды.

- 2021 жылдың 30 сәуірінде S&P Global Ratings халықаралық рейтингтік агенттігі ҚМГ-ның кредиттік рейтингін "BB" деңгейінде "теріс" болжаммен раставды.
- 2021 жылдың 12 тамызында Moody's халықаралық рейтинг агенттігі Қазақстанның тәуелсіз рейтингінің көтерілуіне байланысты ҚМГ кредиттік рейтингісін "Baa3"-тен

- "Baa2"-ге дейін көтерді. Рейтинг бойынша болжам "позитивтен" "тұрақтыға" өзгертілді.
- 2021 жылдың 20 қыркүйегінде Fitch Ratings халықаралық рейтингтік агенттігі КМН дефолтының ұзак мерзімді рейтингін "BBB -" деңгейінде раставды (егеменді рейтингтен бір тармақ тәмен), болжам "тұрақты".

ҚМГ кредиттік рейтингтері

Baa1
Baa2 (тұрақты)
 Baa3
 Ba1
 Ba2
 Ba3

BBB+
 BBB
 BBB-
 BB+
BB (теріс)
 BB-

BBB+
 BBB
BBB-(тұрақты)
 BB+
 BB
 BB-

MOODY'S

Baa2 (тұрақты)

S&P

BBB- (тұрақты)

FITCH

BBB (тұрақты)

Қазақстанның егеменді рейтингтері

Толық акпарат «Акционерлермен және инвесторлармен өзара іс-кимыл» бөлімінде берілген

2021 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ ҚАРЖЫ КӨРСЕТКІШТЕРІ¹

2021 жылды түсім 2020 жылдағы 3 526 млрд теңгемен (8 767 млн АҚШ долл.) салыстырғанда	EBITDA көрсеткіші 2020 жылғы 810 млрд теңгемен (1 960 млн АҚШ долл.) салыстырғанда	EBITDA түзетілген көрсеткіші 2020 жылғы 664 млрд теңгемен (1 607 млн АҚШ долл.) салыстырғанда	Есепті кезеңдегі Компанияның таза пайдасы 2020 жылғы 172 млрд теңгемен (416 млн. АҚШ долл.) салыстырғанда
5 839 МЛРД ТЕҢГЕНИ (13 704 млн АҚШ доллары) құрады	1 609 МЛРД ТЕҢГЕНИ (3 776 млн АҚШ доллары) құрады	1 256 МЛРД ТЕҢГЕНИ (2 947 млн АҚШ долл.) құрады	1 197 МЛРД ТЕҢГЕНИ (2 810 млн АҚШ доллары) құрады.
Еркін ақша ағыны 2020 жылғы 50 млрд теңгемен (121 млн. АҚШ долл.) салыстырғанда,	2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жалпы қарыз	2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның таза борышы 2020 жылдың соңындағы	Бас компанияның акционерлеріне тиесілі таза пайда кезең ішінде
669 МЛРД ТЕҢГЕНИ құрады (1 570 млн АҚШ доллары).	3 746 МЛРД ТЕҢГЕНИ (8 676 млн АҚШ долл.) құрады, 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 4 078 млрд теңге (9 690 млн АҚШ доллары) деңгейндегі көрсеткішпен салыстырғанда 8,1%-ға азайғанын көрсетті.	2 204 МЛРД ТЕҢГЕНИ (6 162) млн АҚШ долл. мөлшеріндегі көрсеткішпен салыстырғанда 15%-ға төмендей, 2 204 млрд теңгени (5 104 млн АҚШ доллары) құрады	1 216 МЛРД ТЕҢГЕНИ (2 853 млн АҚШ доллары) құрады

Толық акларат «Қаржы есептілігі» белгімінде берілген

ХҚЕС бойынша шоғырландырылған қаржы нәтижелері

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2021	2020
Мұнай	\$/барр.	70,91	41,84
Орташа бағам	теңге / АҚШ долл.	426,06	413,26
Кезең соңындағы бағам	теңге / АҚШ долл.	431,80	420,91
Түсім	млрд теңге	5 839	3 625
	млн АҚШ долл.	13 704	8 767
Бірлесіп бақыланатын кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы улесі	млрд теңге	769	281
	млн АҚШ долл.	1 804	679
Таза пайда ²	млрд теңге	1 197	172
	млн АҚШ долл.	2 810	416
Бас компанияның акционерлеріне тиесілі кезеңдегі таза пайда	млрд. теңге	1 216	273
	млн АҚШ долл.	2 853	661
EBITDA ³	млрд. теңге	1 609	810
	млн АҚШ долл.	3 776	1 960
Түзетілген EBITDA көрсеткіші ⁴	млрд. теңге	1 256	664
	млн АҚШ долл.	2 947	1 607
Еркін ақша ағыны ⁵	млрд. теңге	669	50
	млн АҚШ долл.	1 570	121
Жалпы қарыз ⁶	млрд. теңге	3 746	4 078
	млн АҚШ долл.	8 676	9 690
Таза қарыз ⁷	млрд. теңге	2 204	2 594
	млн АҚШ долл.	5 104	6 162

¹ Сомалар қолайлы болу үшін тиісті кезеңдегі орташа айырбас бағамы бойынша АҚШ долларында көрсетілген (2021 және 2020 жылдардағы орташа бағамдар, тиісінше, 426,06 және 413,46 теңге/АҚШ долларын құрады, 2021 жылғы 31 желтоқсанда және 2020 жылғы 31 желтоқсанға бағамдар, тиісінше, 431,80 және 420,91 теңге/АҚШ долларын құрады).

² Таза пайда «QazaqGaz» ҰК АҚ (бұрын – «ҚазТрансГаз» ҰК АҚ) тоқтатылған қызметтің салық салынғаннан кейінгі таза пайданы қамтиды.

³ EBITDA: түсім плус бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялар кірістеріндегі үлес, нетто, минус сатып алынатын мұнай, газ, мұнай өнімдері мен өзге де материалдардың өзіндік құны, минус өндірістік шығыстар, минус жалпы және әкімшілік шығыстар, минус тасымалдау және өткізу жөніндегі шығыстар, минус табыс салығынан басқа салықтарды шегергенде.

⁴ Түзетілген EBITDA көрсеткіші: түсім минус сатып алынатын мұнайдың, газдың, мұнай өнімдерінің және өзге де материалдардың өзіндік құны, минус өндірістік шығыстар, минус жалпы және әкімшілік шығыстар, минус тасымалдау және өткізу жөніндегі шығыстар, табыс салығы плус бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардан алынған дивидендтерді, минус салықтар.

⁵ Еркін ақша ағыны: негізгі құралдарды, материалдық емес активтерді, инвестициялық жылжымайтын мүлік пен барлау және бағалау активтерін сатып алушуды алғыстағанда, операциялық қызметтөн алынған ақша ағыны (бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардан алынған дивидендтерді, минус салықтар).

⁶ Жалпы борышқа облигациялар мен қарыздар кіреді (қысқа мерзімді және үзак мерзімді). Берілген кепілдіктер есепке енгізілмеген.

⁷ Таза қарыз: облигациялар плус қарыздар минус ақшалай қаражат пен оның баламалары, минус банк салымдары (қысқа мерзімді және үзак мерзімді). Берілген кепілдіктер есепке енгізілмеген.

Кіріс пен шығын туралы шоғырландырылған есеп

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2021	2020	Әзгеріс
Түсім және өзге де кіріс				
Түсім	млн теңге	5 838 793	3 624 964	2 213 829
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдақан компаниялардың пайдасындағы үлесі, нетто	млн теңге	768 733	280 815	487 918
Қаржылық кіріс	млн теңге	84 599	87 987	(3 388)
Бірлескен кәсіпорындардың шығуынан түсетін кіріс	млн теңге	19 835	0	19 835
Басқа операциялық кіріс	млн теңге	30 779	19 020	11 759
Түсімнің және өзге де кірістің жиыны	млн теңге	6 742 739	4 012 786	2 729 953
Шығыстар мен шығындар				
Сатып алғынатын мұнайдың, газдың, мұнай өнімдерінің және өзге де материалдардың өзіндік құны	млн теңге	(3 596 491)	(1 901 236)	(1 695 255)
Өндірістік шығындар	млн теңге	(693 031)	(656 178)	(36 853)
Табыс салығынан басқа салықтар	млн теңге	(428 639)	(254 322)	(174 317)
Тозу, сарқылу және амортизация	млн теңге	(322 068)	(317 427)	(4 641)
Тасымалдау және өткізу бойынша шығыстар	млн теңге	(131 912)	(137 144)	5 232
Жалпы және әкімшілік шығыстар	млн теңге	(148 478)	(146 625)	(1 853)
Негізгі құралдардың, барлау және бағалау жөніндегі активтердің, материалдық емес активтер мен сатуға арналған деп жіктелген активтердің құнсыздануы	млн теңге	(20 724)	(243 893)	223 169
Барлау бойынша шығыстар	млн теңге	(79 083)	(19 807)	(59 276)
Бірлескен кәсіпорынға және қауымдақан компанияға салынған инвестициялардың құнсыздануы	млн теңге	(64)	(30 654)	30 590
Қаржылық шығындар	млн теңге	(249 265)	(265 372)	16 107
Он/(теріс) бағамдық айырма, нетто	млн теңге	17 781	(16 189)	33 970
Өзге де шығыстар	млн теңге	(24 510)	(28 094)	3 584
Шығыстар мен шығындар жиыны	млн теңге	(5 676 484)	(4 016 941)	(1 659 543)
Табыс салығын есепке алғанға дейінгі пайда/(шығын)	млн теңге	1 066 255	(4 155)	1 070 410
Табыс салығы бойынша шығыстар	млн теңге	(221 393)	(85 276)	(136 117)
Жалғасып жатқан қызметтен бір жыл ішіндегі пайда/(залал)	млн теңге	844 862	(89 431)	934 293
Тоқтатылған қызмет				
Салық салынғаннан кейін тоқтатылған қызметтөн түскен пайда	млн теңге	352 478	261 328	91 150
Бір жыл ішіндегі таза пайда	млн теңге	1 197 340	171 897	1 025 443
Бір жылдағы таза пайда/(шығын):				
Бас компанияның акционерлеріне тиесілі	млн теңге	1 215 561	273 237	942 324
Бақыланбайтын қатысу үлесіне тиесілі	млн теңге	(18 221)	(101 340)	83 119
	млн теңге	1 197 340	171 897	1 025 443

Түсім

2021 жылғы түсім 5 839 млрд теңгені (13 704 млн АҚШ доллары) құрады.), бұл 2020 жылғы көрсеткіштен 61,1%-ға жоғары. Brent маркалы мұнай бағасының жылдан жылға 69,5%-ға өсуі, АҚШ долларына шаққанда, орташа айырбас теңгенің жылдан жылға 3,0%-ға әлсіреуі және KMG International N. V. (KMGI) мұнай және мұнай өнімдері трейдинг көлемдерінің ұлғаюы түсім қарқыныңа негізгі оң әсерін тигізді. Түсімнің өсуі ОРЕС+ келісіміне сәйкес жекелеген кен орындарында өндірудің, сондай-ақ газ бен мұнай өнімдерін сату көлемдері азайғандықтан, түсімнің төмендеуімен шектелді.

Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдастырылған компаниялардың пайдасындағы үлесі

2021 жылы бірлескен кәсіпорындар мен қауымдастырылған компаниялардың пайдасындағы үлес кем дегенде екі есе өсіп, 769 млрд теңгені (1 804 млн АҚШ долл.) құрады, бұл, негізінен, «Тенізшевройл» ЖШС пайдасының 268 млрд теңгеге (617 млн АҚШ долл.), «ҚМГ Қашаган Б.В.» ЖШҚ 95 млрд. теңгеге (224 млн. АҚШ долл.), «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ 63 млрд теңгеге (148 млн АҚШ долл.) және "ҚазРосГаз" ЖШС 20 млрд теңгеге (47 млн АҚШ долл.) өсуі нәтижесінде болды.

Өзіндік құн

2020 жылмен салыстырғанда, есепті кезеңде сатып алынатын мұнайдың, газдың, мұнай өнімдері мен өзге де материалдардың өзіндік құны 89,2%-ға артып, 3 596 млрд теңгені (8 441 млн АҚШ долл.) құрады. Өзіндік құнның ұлғаюы, негізінен, мұнайдың орташа бағасының өсуіне және АҚШ долларына шаққанда, теңгенің орташа айырбас бағамының әлсіреуіне байланысты.

Басқа да шығыстар

2020 жылмен салыстырғанда, 2021 жылы өндірістік шығындар аздал ұлғайып, 693 млрд теңгені (1 627 млн АҚШ доллары) құрады.

Тасымалдау және сату бойынша шығындар 132 млрд теңгені (310 млн АҚШ долл.) құрап, 2020 жылғы көрсеткіштен 3,8%-ға төмен болды. Жалпы және әкімшілік шығындар 1,3%-ға 148 млрд теңгеге дейін (348 млн АҚШ долл.) өсті.

2021 жылы табыс салығынан басқа салықтар, негізінен, мұнай бағасының өсуі салдарынан ренталық салық, экспорттық кедендей баж және пайдалы қазбалар өндіру салығы бойынша шығыстардың артуы нәтижесінде 68,5%-ға ұлғайып, 429 млрд теңгені (1 006 млн АҚШ доллары) құрады.

2021 жылы жалакы бойынша шығындар 386 млрд теңгені (907 млн АҚШ доллары) құрады және жылдан жылға 4,2%-ға ұлғайғанын көрсетіп, өндірістік шығыстардың, тасымалдау және өткізу жөніндегі шығыстардың, және жиынтық кіріс туралы шофирландырылған есепте жалпы және әкімшілік шығыстардың құрамында көрсетілді.

2021 жылғы қаржылық шығындар 249 млрд теңгені (585 млн АҚШ доллары) құрады, бұл 2020 жылмен салыстырғанда 2022 және 2023 жылдары өтеш мерзімімен облигациялардың мерзімінен бұрын толық өтелеуіне байланысты 6,1%-ға аз болды.

Активтердің құнсыздандынуы

2021 жылы жүргізілген бағалау нәтижесінде активтердің құнсыздандынуынан шығын 21 млрд теңгені (49 млн АҚШ долл.) құрады, бұл 2020 жылды танылған 244 млрд теңге (590 млн АҚШ доллары) сомасындағы құнсызданданудан 92%-ға төмен. Құнсыздандыну бойынша шығын сомасы KMG International активтерінің 8 млрд теңгеге (19 млн АҚШ долл.), «Сұнкар», «Барыс» және

«Бұркіт» өздігінен жүретін баржаларының 4,5 млрд теңгеге (10 млн АҚШ долл.) және өзгелердің 8 млрд теңгеге (19 млн АҚШ долл.) құнсыздандының қамтиды. 2021 жылы активтердің құнсыздандыну бойынша залал есепті кезеңде "Ембімұнайгаз" АҚ-ның материалдық емес активтері мен барлау және бағалау бойынша активтерінің негізгі құралдарының құнсыздандыну белгілерінің анықталмауына байланысты, айтартылған төмендегенін көрсетті.

Таза пайда

2020 жылғы 172 млрд теңге (416 млн. АҚШ долл.) мөлшеріндегі көрсеткішпен салыстырғанда Компанияның есепті кезеңдегі таза пайда 1 197 млрд теңгені (2 810 млн АҚШ долл.) құрап, орташа мұнай бағасының өсуі, бірлескен кәсіпорындар мен қауымдастырылған компаниялардың пайдасындағы үлеске жататын түсім мен кірістердің ұлғаюы, сондай-ақ 2021 жылғы негізгі құралдардың құнсыздандыбауы аясында елеулі ұлғаюды көрсетті.

Бас компанияның акционерлеріне тиесілі кезеңдегі таза пайда 1 216 млрд теңгені (2 853 млн АҚШ долл.) құрады.

Күрделі шығындар

2021 жылы Компанияның күрделі шығындары (есептеу әдісі бойынша, сегменттік есептілікте ашылған) 2020 жылмен салыстырғанда 8,8%-ға төмендеп, 414 млрд теңгені (972 млн АҚШ доллары) құрады.

EBITDA

2020 жылдағы 810 млрд теңгемен (1 960 млн АҚШ долл.) салыстырғанда EBITDA шоғырландырылған көрсеткіші жылдан жылға 98,6%-ға үлфайып, 1 609 млрд теңгені (3 776 млн АҚШ долл.) құрады.

EBITDA түзетілген көрсеткіші 2020 жылдағы 664 млрд теңгемен (1 607 млн АҚШ долл.) салыстырғанда 89%-ға үлфайып, 1 256 млрд теңгені (2 947 млн АҚШ долл.) құрады.

ҚМГ-ның тігінен интеграцияланған қызметтіне байланысты біз EBITDA көрсеткішін тәменде берілген сегменттерді бөліп талдаймыз. Біз сегменттік ақпаратты XKEC

негізінде талдаймыз және ашамыз. Сегменттердің пайдасы кіріс және таза пайда көрсеткіштері негізінде қарастырылады. ҚМГ компаниялары тобының операциялық сегменттері өндірілетін өнім мен көрсетілетін қызмет түрлеріне сәйкес келетін жеке құрылымға және басқаруға ие, ғұл ретте, барлық сегменттер әртүрлі өнім түрлерін ұсынатын және әртүрлі нарықтарға қызмет көрсеттін бизнестің стратегиялық бағыттарын білдіреді. ҚМГ қызметі мынадай операциялық сегменттерді қамтиды: мұнай мен газды барлау және өндіру, мұнай тасымалдау, газды өткізу және тасымалдау, шикі мұнай мен мұнай өнімдерін өндеу және өткізу, ҚМГ корпоративтік орталығының қызметі және т.б. (мұнай-сервис және өзге де


маңызды емес ұйымдар). Компания корпоративтік орталықтың қызметін ерекшелейді, өйткені ҚМГ бас компанияның функцияларын орындаиды, сонымен қатар операциялық (шикі мұнайды АМӘЗ және ПМХЗ-да өндеп, одан әрі алғынған мұнай өнімдерін ішкі және экспорттық нарықтарға өткізе отырып) қызметті жүзеге асырады.

2021 жыл ішінде сегменттер бойынша EBITDA үлғауының негізгі факторы «Мұнай мен газ барлау және өндіру» сегментінде EBITDA-ның мұнай бағасының өсуі аясында 652 млрд теңгеге (1 501 млн АҚШ долл.) үлғауы болып табылады.

Сегменттер бойынша 2020 және 2021 жылдардағы EBITDA көрсеткіші

Сегмент	Өлшем бірлігі	2021	2020	Δ
Мұнай және газ барлау және өндіру	млн теңге	1 041 811	390 221	651 590
	млн АҚШ долл.	2 445	944	1 519
	%	65	48	17 п.п.
Мұнай тасымалдау	млн теңге	211 356	226 838	-15 482
	млн АҚШ долл.	496	549	-53
	%	13	28	15 п.п.
Шикі мұнай мен мұнай өнімдерін өндеу және сату	млн теңге	289 422	214 839	74 583
	млн АҚШ долл.	679	520	160
	%	18	27	-9 п.п.
Корпоративтік орталық	млн теңге	71 449	(25 077)	96 526
	млн АҚШ долл.	168	(61)	228
	%	4	-3	8 п.п.
Өзгесі	млн теңге	13 359	(5 346)	18 705
	млн АҚШ долл.	31	(13)	44
	%	1	-1	2 п.п.
Элиминация	млн теңге	(18 422)	8 799	(27 221)
	млн АҚШ долл.	(43)	21	(65)
		-1	1	-2 п.п.
EBITDA	млн теңге	1 608 975	810 274	798 701
	млн АҚШ долл.	3 776	1 960	1 817

EBITDA-ның соңғы бес жылдағы динамикасы, **млн долл. США**



■ EBITDA
— Brent, кезеңдегі орташа баға

EBITDA түзетілген көрсеткішінің соңғы бес жылдағы динамикасы



■ EBITDA, түзетілген көрсеткіш
— Brent, кезеңдегі орташа баға

Соңғы бес жыл ішіндегі мұнай мен газ барлау және өндіру сегментіндегі түзетілген EBITDA көрсеткішінің динамикасы



■ Upstream EBITDA
— Brent, кезеңдегі орташа баға

Ақша қаражатының қозғалысы

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2021	2020	Өзгеріс
Операциялық қызметтөн түскен таза ақша ағындары	млн теңге	1 078 497	446 533	631 964
Инвестициялық қызметте пайдаланылған таза ақша ағындары	млн теңге	(988 694)	(205 611)	(783 083)
Қаржы қызметінде пайдаланылған таза ақша ағындары	млн теңге	(282 533)	(245 227)	(37 306)
Айырбастау бағамдарындағы өзгерістердің ақша қаражаты мен олардың баламаларына тигизетін әсері	млн теңге	22 851	85 341	(62 490)
Күтілетін кредиттік шығындарға арналған резервтегі өзгеріс	млн теңге	(136)	376	(512)
Ақша қаражаты мен оның баламаларындағы таза өзгеріс	млн теңге	(170 015)	81 412	(251 427)
Ақша қаражаты мен оның баламаларындағы таза өзгеріс	млн АҚШ долл.	(399)	197	(596)

Ақша қаражаты мен олардың баламалары

Шоғырландырылған ақша қаражаты мен олардың баламалары, оның ішінде депозиттер түріндегі ақша қаражаты 2020 жылғы 31 желтоқсандағы көрсеткішпен салыстырылғанда,

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 3,9%-ға өсіп, 1 542 млрд теңгені (3 572 млн АҚШ долл.) құрады. Ақша қаражаты мен оның баламаларынан үлғаюы, негізінен, операциялық қызметтөн алынған 1 078 млрд теңге (2 531 млн АҚШ доллары) сомасына оң көріністегі таза ақша ағыннымен байланысты. Бұл «ҚазТрансГаз» ҮК АҚ-ның 380

438 млн теңге мөлшерінде шоғырландырылуына байланысты ақшалай қаражаттың шығуымен ішінара тенденциялардан алынған дивиденд 975 млн АҚШ доллары

Ақша қаражатының қозғалысы, **млн АҚШ доллары**

31.12.2020 ж. ақша қаражаты мен депозиттер	3 528	БК мен қауымдастырылған компаниялардан алынған дивиденд
2021 жылдың еркін ақша ағыны:	2 531	975 млн АҚШ доллары
1 570 млн АҚШ доллары	(962)	
Карыздар бойынша қозғалыс	(424)	
Өзгесі	(219)	
31.12.2020 ж. еншілес үйымдар шыққанға дейін ақша қаражаты мен депозиттер	4 454	ҚТГ деконсолидацияланына байланысты есептен шыққан ақша қаражаты
Еншілес үйымдардың шығуына байланысты ақша қаражатының қозғалысы	(882)	893 млн АҚШ доллары
31.12.2021 ж. ақша қаражаты мен депозиттер	3 572	

Алынған дивиденд

ҚМГ компаниялар тобы үшін ҚМГ бас компания болып табылады және өзінің еншілес және тәуелді үйымдарынан, бірлескен кәсіпорындарынан және қауымдастырылған компанияларынан дивиденд алады. Компания 2021-2020 жылдары ішінде тиісінше 415 млрд теңге (976 млн АҚШ долл.) және 135 млрд теңге (326 млн АҚШ

доллары) мөлшерінде дивиденд алды. 2021 жылы «Теңізшевройл» ЖШС-нен тұскен дивиденд 177 млрд теңгені (416 млн АҚШ доллары), Каспий құбыр желісі консорциумынан 96 млрд теңгені (226 млн АҚШ доллары), «ҚазРосГаз» ЖШС-нен 46 млрд теңгені (107 млн АҚШ долл.) күрады.

Алынған дивиденд



Қаржылық жағдай туралы есеп

Баптың атаяу	Әлшем Бірлігі	2021	2020	Өзгеріс
Активтер				
Негізгі құралдар	млн теңге	3 405 980	4 369 745	(963 765)
Ұзақ мерзімді банктік салымдар	млн теңге	56 058	56 528	(470)
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдастырылған компанияларға инвестициялар	млн теңге	6 550 384	6 471 021	79 363
Басқа да ұзақ мерзімді активтер	млн теңге	533 303	1 279 570	(746 267)
Қысқа мерзімді банктік салымдар	млн теңге	510 513	282 472	228 041
Ақша қаржаты және оның баламалары	млн теңге	975 849	1 145 864	(170 015)
Өзге де қысқа мерзімді активтер	млн теңге	1 619 379	1 001 569	617 810
Сатуға арналған ретінде жіктелген активтер	млн теңге	795	46 518	(45 723)
Активтер жиыны	млн теңге	13 652 261	14 653 287	(1 001 026)
Активтер жиыны	млн АҚШ долл.	31 617	34 813	(3 196)
Капитал және міндеттемелер				
Капитал жиыны	млн теңге	8 158 681	8 636 679	(477 998)
Капитал жиыны	млн АҚШ долл.	18 895	20 519	(1 624)
Міндеттемелер				
Ұзақ мерзімді қарыздар	млн теңге	3 261 347	3 716 892	(455 545)
Басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелер	млн теңге	859 949	966 341	(106 392)
Қысқа мерзімді қарыздар	млн теңге	484 980	361 556	123 424
Өзге де қысқа мерзімді міндеттемелер	млн теңге	887 304	971 819	(84 515)
Міндеттемелер жиыны	млн теңге	5 493 580	6 016 608	(523 028)
Міндеттемелер жиыны	млн АҚШ долл.	12 723	14 294	(1 572)
Капитал мен міндеттемелер жиыны	млн теңге	13 652 261	14 653 287	(1 001 026)
Капитал мен міндеттемелер жиыны	млн АҚШ долл.	31 617	34 813	(3 196)

Төленген дивиденд

«Самұрық-Қазына» АҚ-ның 2021 жылғы 4 мамырдағы шешімінде сәйкес ҚМГ 56 млрд теңге (131 млн АҚШ долл.) сомасында дивиденд, оның ішінде «Самұрық-Қазына» АҚ, мен ҚР Үлттық банкіне 50 млрд теңге (117 млн АҚШ долл.) сомасында дивиденд төледі.

Борышты басқару

Компанияның қаржы міндеттемелері облигациялар мен қарыздардан тұрады. Борыштық портфель, негізінен басты кіріс валютасы – АҚШ долларымен жасалады. Сәйкесінше туынды қаржы құралдарын пайдаланбай валюталық тәуекелді органикалық хеджирлеу әсеріне қол жеткізіледі.

Жалпы борыш

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жалпы борыш¹ 3 746 млрд теңге (8 676 млн АҚШ доллары) болды. Бұл «ҚазТрансГаз» АҚ-ның деконсолидациялануы нәтижесінде 2020 жылғы 31 желтоқсандағы көрсеткішпен салыстырғанда теңгелік мәнде 8,1%-ға азайғанын (долларлық мәнде 10,5%-ға азайғанын) көрсетті. 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша кепілдік міндеттемелерді ескергенде, жалпы борыш 3 748 млрд теңге (8 680 млн АҚШ доллары) болды және 2020 жылғы 31 желтоқсандағы көрсеткішпен салыстырғанда, теңгелік мәнде 13,2%-ға төменекендігін (долларлық мәнде 15,4%-ға төмендей) көрсетті.

Компанияның борыш жүктемесіндегі валюталық тәуекелді азайту мақсатында қарызды қайта қаржыландыру бойынша бірқатар мәміле жасалды. Есепті кезең ішінде АМӘЗ шетел валютасында деноминалданған мынадай қарыздарды қайта қаржыландырды:

- 2021 жылғы қантарда АМӘЗ «Қазақстан Халық Банкі» АҚ 54 млрд теңгеге қарыз тарту арқылы «Қазақстанның Даму банкі» АҚ-дан 126 млн АҚШ доллары сомасындағы қарызды мерзімінен бұрын толық өтеуді жүргізді;
- 2021 жылғы қарашада АМӘЗ 38 млрд рубль сомасында ДСБ ЖАҚ қарыз алу арқылы 2022 жылғы қантарда 518 млн АҚШ долл. сомасындағы Export-Import Bank of China (Eximbank) қарызын мерзімінен бұрын толық өтеуді үшін соманы резервтеуді жүргізді;
- 2021 жылғы желтоқсандада АМӘЗ «Қазақстан Халық банкі» АҚ 56 млрд теңгеге қарыз тарту арқылы 119 млн АҚШ доллары сомасына Japan Bank for International Cooperation (JBIC) қарызын мерзімінен бұрын толық өтеуді жүргізді.

2022 жылғы қантарда Export-Import Bank of China (Eximbank) қарызын мерзімінен бұрын толық өтеуді есепке

алғандағы жалпы борыш 3 524 млрд теңгені (8 158 млн АҚШ долл.) құрады.

KMGI айналым капиталын қаржыландыру үшін Cargill-ден 50 млн. АҚШ доллары сомасына, Banque de Commerce et de Placements-тен 46 млн. АҚШ. долларына қысқа мерзімді қарыздар алды. Сондай-ақ KMGI, сыйакыны қоса алғанда, ING Bank NV-дан 71 млн. АҚШ долл. сомасындағы қысқа мерзімді қарызды ішінара өтеді.

Таза борыш

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша таза борыш 2 204 млрд теңгені (5 104 млн АҚШ долл.) құрады, бұл 2019 жылғы 31 желтоқсандағы көрсеткішпен салыстырғанда теңгелік мәнде 15%-ға төмен.

'21 8 676

'21 3 572

'21 5 104


'20 9 690

'20 3 528

'20 6 162

Gross Debt
Cash
Net debt

Қарызды номинал бойынша өтеу кестесі, млн АҚШ доллары



¹ Кепілдемелік міндеттемелерді коспағанда

ТҮРАҚТЫ ДАМУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

ҚМГ тұрақты даму аспектілерін басқару қағидаттары

ҚМГ өзінің 2022-2031 жылдарға арналған жаңа Даму стратегиясында тұрақты дамуды стратегиялық мақсаттардың бірі ретінде белгіледі. Оның негізінде барлық бизнес-процесс пен шешім қабылдау процестері тұрақты даму қағидаттарын біріктіруи тиіс.

ҚМГ тұрақты даму аспектілерін басқару қағидаттары тұрақты дамудың мынадай қағидаттарын енгізуге негізделеді:

- **машиқтық** - біз кездесулерге, талқылауларға және диалог жасауға ашықпыз; біз мүдделі тараптармен екіжақты мүдделерді ескеріп, үйим мен мүдделі тараптар арасындағы құқықтар мен балансты сақтауға негізделген ұзак мерзімді ынтымақтастық құруға ұмтыламыз;
- **есеп беру** - біз экономикаға, қоршаған ортага және қоғамға әсер ету үшін өзіміз есеп беру керектігін түсінеміз;
- **ашықтық** - біздің шешімдеріміз берін іс-әрекеттеріміз мүдделі тараптар үшін айқын және ашық болуы тиіс;
- **этикалық мінез-құлық** - біздің шешімдеріміз берін әрекеттеріміздің негізі құрмет, адалдық, ашықтық, командалық рух және сенім, адалдық және әділеттілік сияқты құндылықтарға негізделген;
- **құрмет** - біз заңнамадан, жасалған шарттар барысында туындайтын немесе жанама түрде іскеरлік өзара қарым-қатынастар аясындағы мүдделі тараптардың құқықтары мен мүдделерін құрметтейміз;
- **занылдылық** - біздің шешімдеріміз, әрекеттеріміз берін мінез-құлқымыз Қазақстан Республикасының заңнамасына және үйим органдарының шешімдеріне сәйкес келеді;
- **адам құқықтарын сақтау** - Біз Қазақстан Республикасының Конституциясында және халықаралық құжаттарда көзделген адам құқықтарын сақтаймыз және олардың сақталуына ықпал етеміз;
- **сыбайлас жемқорлықпен құрес** - біз барлық мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасай отырып, сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне қарсымыз ;
- **мүдделер қақтығысына жол бермеу** - лауазымды тұлғаның немесе қызметкердің жеке мүдделері олардың лауазымдық, функционалдық міндеттерін бейтарап орындаудына ықпал етпеуі тиіс;
- **жеке мисал** – біз әрқайсымыз құн сайын өз іс-әрекеттеріміз, мінез-құлқымыз және қабылданған шешіміміз арқылы орнықты даму қағидаттарын енгізуге ықпал етеміз; басқарушы позициялардағы лауазымды тұлғалар мен қызметкерлер өзінің жеке іс-әрекетімен орнықты даму қағидаттарын қалыптастыруды ынталандыруы тиіс




ҚМГ тұрақты дамуын қамтамасыз етудің кешенді тәсілі

ҚМГ Директорлар кеңесі тұрақты даму қағидаттарын енгізуге стратегиялық жетекшілік жасап, бақылауды жүзеге асырады. Компанияның Тұрақты даму туралы жыл сайынғы шоғырландырылған есебін бекітеді.

ҚМГ Директорлар кеңесі Қауіпсіздік, еңбекті, коршаған ортаны корғау және тұрақты даму комитеті (ҚЕҚОҚДК) тұрақты даму мәселелерін қарауды және ұйымдастыруды, тұрақты даму саласындағы саясатты бекіту жөніндегі ұснымдарды, ҚМГ-ның тұрақты даму туралы жыл сайынғы есебін, бекітілуі Директорлар кеңесі құзыретіне жататын тұрақты даму саласындағы іс-шаралар жоспарларын және өзге де ішкі құжаттарды дайындауды, оларды енгізуі, тұрақты дамудың әлеуметтік, экономикалық және экологиялық компоненттерін қалыптастыруды, тұрақты даму саласындағы басқару жүйесін жасауды, тұрақты даму саласындағы мақсаттар мен ҚТК айқындауды, ҚМГ-де тұрақты дамудың енгізілуін бақылауды жүзеге асыруды және оны ҚМГ-ның негізгі процестеріне интеграциялауды жүзеге асырады.

ҚМГ Басқармасы Компанияда тұрақты даму саласындағы қағидаттарды, саясаттарды, стандарттарды және іс-шаралар жоспарын лайықты түрде іске асыруды және енгізуі жүзеге асырады. Тұрақты даму саласындағы қызметтің мониторингін, орнықты даму саласындағы мақсаттар мен ҚТК орындалуын бақылауды жүзеге асырады.

ҚМГ Басқармасы төрағасының тұрақты даму мәселелеріне жетекшілік ететін орынбасары тұрақты даму саласындағы бастамалар бойынша мақсаттар мен ҚТК-ға



қол жеткізу жөніндегі тәсілдерді үйлестіруді және тұрақты даму саласындағы корпоративтік стандарттардың іске асырылуын бақылауды, тұрақты даму саласындағы есептің дайындалуын бақылауды жүзеге асырады.

ҚМГ инвестициялар портфелін басқару және стратегия департаментінің тұрақты даму секторы тұрақты дамуды басқару жүйесіне бастама жасау, үйлестірілуі және енгізілуі, оның Компанияның бизнес-қызметтіне интеграциялануына жәрдем көрсету, тұрақты даму мәселелері бойынша әдістемелік колдау, тұрақты даму саласындағы есепті жыл сайын дайындау және бекіту үшін жауап береді және тәуекелдерді сәйкестендіру және басқаруда жауапты құрылымдық бөлімшелерге жәредемдеседі. Сонымен кatar тұрақты даму саласында, мұдделі таралтардың

картасын және өзара іс-қымыл тетіктерін өзірлеу, тұрақты даму саласындағы оқыту мәселелерімен айналысады.

ҚМГ құрылымдық бөлімшелері тұрақты даму саласындағы жүйені енгізуі, ішкі және сыртқы ахуалды талдауды, орнықты даму саласындағы тәуекелдерді айқындауды, мұдделі таралтардың/стейхолдерлердің картасын және өзара іс-қымыл тетіктерін өзірлеуді, орнықты даму саласындағы бастамаларды іске асыруды, халықаралық стандарттарға сәйкес тұрақты даму саласындағы есеп үшін акларат дайындауды жүзеге асырады.

ҚМГ барлық қызметкерлері әркайысы өз деңгейінде жеке мінез-құлық және тиісті саясаттар мен стандарттарды сақтау жолымен тұрақты даму саласындағы қағидаттар мен іс-шараларды енгізеді.

ҚМГ компаниялар тобындағы тұрақты даму мәселелерін регламенттейтін негізгі құжаттар тізбесі

E

Экологиялық мәселелер

- Экологиялық саясат
- Зиянды шығарындыларды басқару саясаты
- ҚМГ-ның 2022-2031 жылдарға арналған төмөнкемректі дамыту бағдарламасы
- Су ресурстарын басқару жөніндегі корпоративтік стандарт
- Белгіленген қызметтің қоршаған ортаға тигізетін әсеріне бағалауды жүргізу жөніндегі корпоративтік стандарт
- Денсаулықты, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы менеджмент жүйесі жөніндегі нұсқаулық
- ҚМГ дағдарыстық жағдайларды басқару регламенті
- Сапа жөніндегі нұсқаулық

S

Әлеуметтік мәселелер

- 2018-2028 жылдарға арналған кадр саясаты
- Ішкі коммуникациялардың бірынғай жүйесінің үлгі регламенті
- Әлеуметтік қолдаудың үлгілік қағидалары
- ЕТҰ-ның «ҚазМұнайГаз» ҰҚ АҚ объектілерінде жұмысын жүргізетін мердігерлік үйымдармен өзара іс-қимылы кезіндегі қызмет жөніндегі үлгілік регламент
- Қызметкерлердің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы «Алтын қағидалар» кодексі
- Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы саясат
- Жерусті көлік құралдарын қауіпсіз пайдалану саласындағы саясат
- Денсаулық сақтау және еңбек гигиенасы бойынша корпоративтік стандарт
- Өндірістік процестердің қауіпсіздігін басқару бойынша корпоративтік стандарт
- Еңбекті, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы құзыреттерді қамтамасыз ету жөніндегі корпоративтік стандарт
- Еңбекті, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы мердігерлік үйымдармен өзара іс-қимыл жөніндегі корпоративтік стандарт
- Арнайы киіммен, арнайы аяқ киіммен, жеке қорғау құралдарымен қамтамасыз ету жөніндегі корпоративтік стандарт
- Еңбекті қорғауды басқарудың бірынғай жүйесі
- «Қорғау» картасын колдану регламенті
- Компаниялар тобында жерусті көлік құралдарын қауіпсіз пайдалану регламенті

G

Басқару мәселелері

- Корпоративтік басқару кодексі
- Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік кодексі
- Тұрақты даму саласындағы тұжырымдама
- Тұрақты даму саласындағы басқару жүйесінің нұсқаулығы
- Орнықты даму туралы есепті дайындау қағидалары
- Іскерлік этика кодексі
- Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар
- Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы саясат
- Ақпараттық қауіпсіздік саясаты
- Құпия ақпарат саясаты
- Қызметкерлер мен лауазымды тұлғалардың мүдделер қактығысын реттеу саясаты
- Ішкі бақылау жүйесінің саясаты
- Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі жөніндегі саясат
- ҚМГ-де сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингті және сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүргізу қағидалары
- ҚМГ физикалық қауіпсіздігі мен терроризмге қарсы қорғаудың корпоративтік регламенті
- Ішкі бақылау жүйесінің регламенті
- ҚМГ экономикалық қауіпсіздік регламенті

ESG рейтингтері

ҚМГ Директорлар кеңесі 2021 жылға арналған корпоративтік КТК - ESG-рейтингін шекті 65 балл мәнінің деңгейінде бекітті, бұл алдыңғы көрсеткіштен 5 балға жоғары. Сонымен қатар кейінгі жылдары корпоративтік КТК - ESG тәуекел рейтингінсі айқындалды, ол Компанияның орнықты даму саласындағы бастамаларын іске асыру бойынша бақылау мен жауапкершіліктің сөзсіз көрсеткіші болып табылады.



ESG-тәуекел рейтингі

28,4

ESG-рейтинг

72

2021 жылдың қазанында Sustainalytics ҚМГ рейтингін 69-дан 72 балға дейін көтерді. ESG деңгейін тәуекелі 34,5-тен 28,4 балға дейін жақсарды, осылайша ҚМГ жоғары деңгейдегі тәуекел диапазонынан тәуекелдің орташа деңгейінің диапазонына өтті, бұл ҚМГ-ның халықаралық мұнай-газ нарығында ESG елеулі тәуекелдерін басқарудағы күшті позицияларын көрсетеді.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ рейтингін «орташа тәуекел» деңгейіне дейін арттыру Компанияның орнықты даму саласындағы оң нәтижелерімен және оның стратегиясы мен ағымдағы қызметіне озық ESG-практикаларды белсенді түрде енгізумен байланысты.

Экологиялық саясат, су тәуекелдерін басқару, парниктік газдар (ПГ) шығарындыларын қысқарту бағдарламалары, қауымдастықтарды дамыту, қызметкерлердің өлім-жітім деңгейі, парапорлық және сыйбайлас жемқорлық қарсы іс-қимыл саясаты мен бағдарламалары және басқа да нәтижелер жақсарды.

ҚМГ үшін негізгі ESG-сын-тегеуіндер операциялық қызметтен шығатын көміртек шығарындылар және Компания, сондай-ақ қатысу өнірлеріндегі қоғамдастық өнімдерін пайдаланудан шыққан шығарындылар бұрынғысынша өзара байланыста болып қалуда.

ҚМГ-ның алдында 2031 жылға қарай ESG-тәуекел-рейтингінің орташа деңгейі диапазонындағы өз позицияларын нығайту бойынша маңызды мақсат түр. Бұл үшін Компания орнықты дамудың негізгі бағыттары: декарбонизация, шығарындылар, сарқынды сулар мен қалдықтар, қауымдастықтармен қыннастар, адами капитал, корпоративтік басқару бойынша ESG рейтингін жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірледі және мақұлдады.

Компанияда орнықты даму мәдениетін арттыруға ерекше көніл бөлінеді. Корпоративтік орталық пен ЕТҰ қызметкерлері үшін орнықты даму бойынша оқыту курстары тұрақты негізде өткізіледі.

БҮҮ ЖАҢАНДЫҚ ШАРТЫНЫҢ ҚАҒИДАТТАРЫН ЖӘНЕ ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫҢ 17 БАСТЫ МАҚСАТЫН ҰСТАНУ

WE SUPPORT



ҚМГ-ның тұрақты даму мәселелеріне деген көзқарасы Компанияның мүдделері мен жоспарларының БҮҮ-ның негізгі қағидаттарымен, жалпы адамзаттық құндылықтармен, жаһандық үрдістермен және Қазақстанның даму басымдықтарымен сәйкестігіне негізделген.

ҚМГ БҮҮ Жаһандық шартының барлық 10 қағидатын ұстанады.

- **№1-қағидат.** Іскерлік орта Халықаралық деңгейде жарияланған адам құқықтарын колдап, құрметтеуі тиіс.
- **№2-қағидат.** Іскерлік орта адам құқықтарының бұзылуына қатыспауы тиіс.
- **№3-қағидат.** Іскерлік орта бірлестік бостандығын және ұжымдық шарттар жасасу құқығын нақты мойындауды қолдауға міндettі.
- **№4-қағидат.** Іскерлік орта мәжбүрлі және міндettі еңбектің барлық нысандарын жоюды қолдауы тиіс.
- **№5-қағидат.** Іскерлік орта балалар еңбегін толығымен жоюды қолдауға міндettі..
- **№6-қағидат.** Іскерлік орта еңбек және жұмыспен қамту саласындағы кемсітүшілікті жоюды қолдауы тиіс.
- **№7-қағидат.** Іскерлік орта сактық қағидатына негізделген экологиялық мәселелерге көзқарасты сақтауы тиіс.
- **№8-қағидат.** Іскерлік орта қоршаған ортаның жай-күйі үшін жауапкершілікті арттыруға бағытталған бастамаларды қабылдауы тиіс.
- **№9-қағидат.** Іскерлік орта экологиялық қауіпсіз технологиялардың дамуы мен таралуына жәрдемдесіүі қажет.
- **№10-қағидат.** Іскерлік орта сыйбайлас жемқорлықтың барлық нысандарына, соның ішінде бопсалалу мен парапорлық қарсы тұруы тиіс.

ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНЫҢ МАҚСАТТАРЫ

Сонымен қатар, ҚМГ орнықты дамудың барлық 17 жаһандық мақсатын ұстанады. Бұл ретте Компания 2025 жылға дейін оның алты бағытына басымдық береді. ҚМГ-ның операциялық және құнделікті жұмысына енгізілген бастамалардың тізбесі 2021 жылы оларды іске асыру бойынша прогресс болып табылады.

ҚМГ-ның тұрақты даму мақсаттарын іске асыру

Тұрақты даму мақсаттары	Басым міндеттер	ҚМГ үлесі
Салаудатты өмір салтын қамтамасыз ету және кез келген жастағы барлық адамдар үшін әл-ауқатқа ықпал ету	3.6. 2020 жылға қарай бүкіл әлемде жол-көлік оқиғалары салдарынан болатын адам өлімі мен жаракат алу санын екі есе азайту	<p>«Сапарларды басқару» жобасы Көлік қауіпсіздігінің деңгейін арттыру, қауіпсіз жүргізу мәдениетін және бірыңғай орталықтандырылған цифрлық платформаны құру мақсатында, «Ембімұнайгаз» АҚ-та «Сапарларды басқару» пилоттық жобасы іске үйімдарында тарату жоспарланып отыр.</p> <p>Нәтижесі: «Ембімұнайгаз» АҚ-ның 418 көлік құралы GPS терминалдарынан жылдамдық режимі, жүргізушінің қауіпсіздік белдігін пайдалануы, фараларды косу, оқыс жеделдегу және тежеу бойынша бақылауға алынды.</p>
3 ЖАҚСЫ ДЕНСАУЛЫҚ ПЕН АМАНДЫҚ	3.8. Денсаулық сақтау қызметтерімен жаппай камтуды, оның ішінде каржылық тауекелдерден корғауды, сапалы негізгі медициналық-санитариялық қызметтерге қол жеткізуі және барлығына қауіпсіз, тиімді, сапалы және арзан негізгі дәрілік заттар мен вакциналарға қол жеткізуі қамтамасыз ету	<p>Персоналдың денсаулығын басқару ҚМГ-де қызметкерлердің денсаулығына қамқорлық жасау және өмір сүру сапасын арттыру мақсатында персоналдың денсаулығын басқару бағдарламасы құрылды, оның негізгі үш бағыты болады:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Пандемиямен және оның салдарымен күрес. • Кәсіби аурулардың алдын алу. • Қызметкерлердің салауды өмір салтына деген ынталысы мен хабардарлығын арттыру <p>«Сауықтыруға 10 қадам» бастамасы Бағдарлама ең алдымен физикалық белсенділікті арттыруға және дұрыс емес тамақтану әддтерін жоюға бағытталған.</p> <p>Нәтижесі: ҚМГ қызметкерлерінің 100%-ы денсаулықты сақтандыру бағдарламасымен және вакцина алу мүмкіндігімен қамтылған.</p>
	3.9. 2030 жылға қарай қауіпті химиялық заттардың, ауаның, судың және топырақтың ластануы мен улануның, салдарынан өлім мен аурудың санын едәуір қысқарту	<p>Өнеркәсіптік қауіпсіздік (ӨК), еңбекті және қоршаған ортанды қорғау (ЕжҚОК) талаптарын сақтау бойынша қызметкерлердің көшбасшылығы және бейілділігі жөніндегі кодекс енгізілуде және іске асырылада. «Қорғау» картасы қауіпті жағдайлары/ қауіпті мінез-құлықты/ қауіпті әрекетті/ қауіпті факторды анықтауға және хабардар етуге бағытталған.</p> <p>Нәтижесі: 2021 жылы қауіпті химиялық заттардың әсерінен және ауаның, судың және топырақтың ластануы мен улануның бірдегі-бір өлім мен ауру тіркелген жок. Толығырақ ақпарат «Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау» бөлімде көрсетілген.</p>
Барлық адамдар үшін арзан, сенімді, тұрақты және заманауи энергия көздеріне колжетімділікті қамтамасыз ету	7.1. 2030 жылға қарай арзан, сенімді және заманауи энергиямен жабдықтауға жалпыға бірдей колжетімділікті қамтамасыз ету	<p>Топтың энергия үнемдеу және энергия тиімділігін дамытудың негізгі стратегиялық бағыттары - технологиялық жабдықты жаңғыру, энергия үнемдеу технологияларын енгізу, жылу энергиясын өндіру мен тұтынуды оңтайландыру, сондай-ақ жеке генерациялау көздерін, оның ішінде ЖЭК пайдалана отырып дамыту.</p> <p>2031 жылға дейінгі Төменкөміртекті дамыту бағдарламасы бекітілген.</p> <p>ЖЭК жобаларын дамыту:</p> <ul style="list-style-type: none"> • мегаваттық класты ЖЭК жобалары; • коммуналдық-тұрмыстық секторда пайдалануға арналған ЖЭК жобалары; • өндірістің технологиялық цикліне енгізілетін ЖЭК жобалары; • «жасыл» электр энергиясын сатып алу. <p>Нәтижесі: 2031 жыл:</p> <ul style="list-style-type: none"> • энергетикалық менеджмент қызметтерімен ЕТҰ-ны 100% қамту • энергия сыйымдылығын 2019 жылғы деңгейден 10%-ға төмендету • 15% - ҚМГ электр тұтыну балансындағы ЖЭК үлесі <p>Толығырақ ақпарат «Төменкөміртекті дамыту бағдарламасы» бөлімде көрсетілген.</p>
7 ТАЗА ЖӘНЕ ҚЫМБАТ ЕМЕС ЭНЕРГИЯ	7.b. 2030 жылға қарай дамушы елдерде, атап айтқанда анағұрлым темен дамыған елдерде, шағын аралдық дамушы мемлекеттерде және теңізге шыға алмайтын дамушы елдерде олардың тиісті колдау бағдарламаларын ескере отырып, барлығын заманауи және орнықты энергиямен жабдықтау үшін инфрақұрылымды кеңейту және технологияларды жаңғыру	

Тұрақты даму мақсаттары	Басым міндеттер	ҚМГ үлесі
Тұрақты, жан-жакты және орнықты экономикалық өсуге, толық және өнімді жұмыспен қамтұға және барлығына лайықты жұмыс істеуге жәрдемдесу	8.5. 2030 жылға қарай барлық әйелдер мен ерлер, оның ішінде жастар мен мугедектер үшін толық және өнімді жұмыспен қамтуды және лайықты жұмысты және құндылығы бірдей енбек үшін тең ақы төлеуді қамтамасыз ету	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялары тобына көлфункционалды жалпы қызмет көрсету орталығын құру» жобасы ҚМГ компаниялары тобындағы жалпы қосалқы процестерді ҚМГ тобының жекелеген компанияларынан шығару және орындау үшін бірыңғай қызмет көрсету орталығына ауыстыру есебінен өнімділікті арттыруға (шығындарды азайту, клиенттердің қанағаттануы (сапа, мерзімдер), ашықтық, басқарулы, анық деректерді талдау) бағытталған. ҚМГ бизнесі қунделікті және қайталанатын функциялардан арылады, косылған құны жоғары негізгі процестерге шоғырланады.
8 Лайықты жұмыс пен экономикалық өсү 	8.6. 2020 жылға қарай жұмыс істемейтін, оқымаитын және кәсіби дағдыларға ие болмайтын жастардың үлесін едөүр қысқарту	Нәтижесі 2024 жыл: ҚМГ-ның 26 компаниясының функциялары ЖҚҚО-ға ауыстырылды
	8.8. Енбек құқыктарын корғау және енбекші кешіп-қонушыларды қоса алғанда, барлық енбекшілер, әсіресе кешіп-қонушы әйелдер мен тұрақты жұмыспен қамтываемаған адамдар үшін сенімді және қауіпсіз жұмыс жағдайларын қамтамасыз етуге жәрдемдесу	«Жас Өркен» ҚМГ компанияларының тобында жас мамандарды ротациялаудың «Жас Өркен» бағдарламасы қолданылуда. «Жас Өркен» бағдарламасының мақсаты - Қазақстанның дарынды жастарын дамыту. Нәтижесі «Жас Өркен» бағдарламасы бойынша 2021 жылы ҚМГ компанияларының тобы бойынша жобаға 17 қатысуышы тағылымдаға қабылданды
Тұрақты инфрақұрылым құру, барлығын қамтитын және тұрақты индустрияландыру мен инновацияларға жәрдемдесу	9.1. Экономикалық даму мен адамдардың әл-ауқатын қолдау мақсатында, баршага арналған арзан және тең құқылы кол jetтімділікті қамтамасыз етуге ерекше назар аудара отырып, өнірлік және трансшекаралық инфрақұрылымды қоса алғанда, сапалы, сенімді, орнықты және тұрақты инфрақұрылымды дамыту	Әлеуметтік қолдау көрсетудің үлгілік қағидалары ҚМГ ЕТҰ-ның қызметкерлерін әлеуметтік қолдау олардың ұжымдық шарттарында және әлеуметтік қолдау көрсету қағидаларында белгіленеді. ҚМГ компаниялар тобының барлық кәсіпорындары бойынша әлеуметтік қолдаудың түрлері мен нормаларын біріздендіру мақсатында, ҚМГ ЕТҰ-ның қызметкерлерін әлеуметтік қолдау көрсетудің үлгілік қағидалары қабылданды.
		Толығырақ ақпарат «Персоналды дамыту» бөлімде көрсетілген.
9 Индустрияландыру, инновациялар және инфрақұрылым 	9.4. 2030 жылға қарай инфрақұрылымды жаңғыру және өнеркәсіптік кәсіпорындарды ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыру және таза және экологиялық қауіпсіз технологиялар мен өнеркәсіптік процестерді анағұрлым кеңінен қолдану есебінен барлық елдердің жеке мүмкіндіктеріне сәйкес олардың қатысуымен орнықты ете отырып, қайта жабдықтау	«АВАІ АҚ ақпараттық жүйесін өзірлеу» жобасы ҚМГ тобының барлық өндірістік ақпараттың Big Data платформасындағы бірыңғай дереккөздөр орталықтандыруды, сондай-ақ жасанды интеллект пен машиналық оқытууды қолдана отырып, оны өндеуді және талдауды көздейді. Нәтижесі АВАІ 5 пилоттық модулі әзірленді және сыналды: <ul style="list-style-type: none">• «АВАІ деректер базасы»;• «Визуализация орталығы»;• «Қыншылғытар мониторингі»;• «Технологиялық режим»;• «Терен сорғы жабдықтарын таңдау». Толығырақ ақпаратты «Цифрландыру және трансформация» бөлімінен оқи аласыз.
		2031 жылға дейінгі Төменкөміртекті дамыт бағдарламасы бекітілген.
		Нәтижесі 2031 жыл: <ul style="list-style-type: none">• Энергетикалық менеджмент қызметтерімен ЕТҰ-ны 100% қамту• энергия сыйымдылығын 2019 жылғы деңгейден 10%-ға төмендету Толығырақ ақпарат «Төменкөміртекті дамыту бағдарламасы» бөлімінде көрсетілген.

Тұрақты даму мақсаттары	Басым міндеттер	ҚМГ үлесі
13 КЛИМАТЫН ӨЗГЕРУІМЕН КҮРЕС 	13.2. Климаттың өзгеруіне ден қою шараларын ұлттық деңгейдегі саясатқа, стратегияларға және жоспарлауға енгізу	<p>Төменкөміртекті дамыту Төменкөміртекті дамыту бойынша жобалау оффис құрылды. Сүтегі энергетикасы және CO₂ ұстасу, сактау және өндөу бойынша құзыреттілік орталығын құру пысықталуда.</p> <p>Жасыл кенсе Корпоративтік «жасыл» бағыт белсенді түрде дамып келеді және қалдықтарды бөлек жинауды енгізу, кенсе үй - жайларында суды және энергияны үнемдеу және т. б. сияқты «жасыл кенсе» қафидаттары кезең-кезеңімен енгізілуде.</p> <p>Нәтижесі К 2031 году:</p> <ul style="list-style-type: none"> • ПГ шығарындыларын 2019 жылғы деңгейден 15%-ға төмендету • көміртек сыйымдылығын 2019 жылғы деңгейден 10%-ға төмендету • шікі газды нөлдік тұрақты алау жағу
15 ҚҰРЛЫҚТЫҢ ЭКОЖҮЙЕСІН САҚТАУ 	13.3. Білім беруді, ақпаратты таратуды және адамдар мен мекемелердің климаттың өзгеру күшін жұмысарту және салдарын әлсірету, оларға бейімделу және ерте алдын алу бойынша мүмкіндіктерін жақсарту	<p>Шығарындыларды басқару саясаты Компанияция шығарындыларды басқару саясаты бекітілді. Бұл құжат негізгі сегіз қафидаттан тұратын саясат, олардың алтауы климаттың өзгеруіне тікелей қыттысты, тұрақты алауды толығымен тоқтатуға бағытталған.</p> <p>CDP Компания көміртек ізін есептейді және CDP (бұрын - Carbon Disclosure Project) ақпараттық алаңында климаттық сауламаны орналастырады.</p> <p>Task Force on Climate-related Financial Disclosures (TCFD) Климаттың өзгеруіне байланысты қаржылық ақпаратты ашу мәселелері жөніндегі жұмыс тобының CFD ұсынымдарына сәйкес климаттық тәуекелдерді ашу.</p> <p>Нәтижесі <ul style="list-style-type: none"> • Компанияның экологиялық саясаты бекітілді • ҚМГ CDP – «Сы климаттық рейтингіне ие болды <p>Толық ақпарат «Өндірістік қауіпсіздік және еңбекті, коршаған ортаны қорғау».бөлімінде көрсетілген.</p> </p>
Құрлықтың әкожүйелерін қорғау, қалпына келтіру және оларды ұтымды пайдалануға жәрдемдесу, ормандарды ұтымды басқару, шөлейттенуге қарсы қарес, жердің тозу процесін тоқтату және көрі қайтару және биологиялық әртүрлілікті жоғалту процесін тоқтату	15.3. 2030 жылға қарай шөлейттенуге қарсы қарес жүргізу, шөлейттену, құрғақшылық және су тасқыны әсер еткен жерлерді қоса алғанда, тозған жерлер мен топыракты қалпына келтіру және бүкіл әлемде жердің жағдайын нашарлатпауға үмтүлу	<p>ҚМГ ластаушы заттардың төгінділерін азайтуға және табиғи көздерден су аладу азайтуға бағытталған мынадай жобалар мен іс-шараларды іске асыруда:</p> <p>CDP Компания су ізін есептейді және CDP алаңында су қауіпсіздігі жөніндегі сауламаны орналастырады.</p> <p>TAZALYQ АМӘЗ Атыраудың коршаған ортасы жағдайын жақсартуға бағытталған TAZALYQ ауқымды экологиялық жобасын белсенді түрде жүзеге асыруда.</p> <p>Тұщыландыру зауыттарын салу Қабаттық суды тұщыландыру зауыты Манғыстау облысын сумен қамтамасыз ету мәселесін шешудегі бірегей жоба болып табылады. Зауыт өнірді дамыту үшін жылына кем дегенде 6,2 млн. м³ көлемінде Еділ сүйінің көлемін босатады. Маңғыстау облысының «Кендірлі» демалыс аймағы ауданындағы тұщыландыру зауыты. Болжамды қуаты тәуілігіне 50 мың м³ суды құрайды.</p> <p>Жерді қалпына келтіру Компанияда «Тарихи» мұнай қалдықтарын қалпына келтіру және мұнаймен ластанған жерлерді тазарту жұмыстары жүргізілуде.</p> <p>Нәтижесі TAZALYQ: Жайық өзенінен су аладу 10%-ға төмендету, зауытта тазартылған зауыт ағындарын қайта пайдалану – 15% 2024 жыл: «Тарихи» мұнай қалдықтарын толық жою, Компанияның мұнаймен ластанған аумақтарын тазарту және қалпына келтіру</p>
15 ҚҰРЛЫҚТЫҢ ЭКОЖҮЙЕСІН САҚТАУ 	15.5. Табиғи мекендеу ортасының деградациясын тежеу жөнінде маңызды шараларды дереу қабылдау, Биологиялық әртүрліліктің жоғалуын тоқтату және 2020 жылға қарай жойылуу каупі бар түрлердің сакталуын және жойылуын болдырмады қамтамасыз ету	<p>Орман-климаттық жобалар ҚМГ-ның 2031 жылға дейінгі төменкөміртекті дамыту бағдарламасының шенберінде құрлық экожүйелерін сақтауға қолайлы әсер ететін орман-климаттық жобаларды іске асыру жоспарлануда. «Ембімұнайгаз» АҚ пен «Атырау МӘЗ» ЖШС көгальдандыру жұмыстарын жүргізе бастады.</p> <p>Биоәртүрлілікке әсер ету салдарын жұмысарту жөніндегі шаралар иерархиясы Компанияда өндірістік қызметті жоспарлау және жүзеге асыру кезінде негізгі төрт іс-әрекетті ескере отырып, биоәртүрлілікке әсер ету салдарын жұмысарту жөніндегі шаралар иерархиясы қолданылады: әлеуетті елеулі тікелей әсер етудің алдын алу, азайту, қалпына келтіру және орнын толтыру.</p> <p>Нәтижесі 2031 жыл: 2 000 га аланда орман-климаттық жобаларды іске асыру.</p>

ҚМГ басшылығының тұрақты даму саласындағы ҚТК

Атқарушылық деңгейде орнықты даму жөніндегі стратегиялық міндеттердің іске асырылуын қамтамасыз ету мақсатында, Басқарма тәрағасының орнықты даму жүйесін енгізуге байланысты 2021 жылға арналған мынадай мотивациялық ҚТК (корпоративтік ҚТК) бекітілді:

- Инвестициялық жобаларды іске асыру, оның ішінде тұрақты даму жобалары Tazalyq және Кендірлі кентінде теніз суын тұщыландыру зауытын салу;
- ESG рейтингі бойынша көрсеткіш.

Бұл ретте, Басқарма тәрағасының орнықты дамуды енгізумен байланысты 2022 жылға арналған мотивациялық ҚТК (корпоративтік ҚТК) 2021 жылмен салыстырғанда, анағұрлым өршіл міндеттер белгіленді:

- Инвестициялық, оның ішінде Компанияның орнықты дамуына бағытталған жобаларды іске асыру;
- ESG рейтингі бойынша тәуекел көрсеткіші - 28,2;
- Еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғалар коэффициентін (LTIR) 5%-ға төмендеть;

Басқарма тәрағасының орынбасарлары деңгейіндегі функционалдық ҚТК ішінде 2022 жылға төмендегі ҚТК жоспарланған:

- ҚМГ-ның 2022-2031 жылдар кезеңіне арналған төменкеміртекті дамыту бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын өзірлеу және бекіту;
- «Жетекшілік ететін бизнес-бағыт бойынша ҚМГ 2022-2031 жылдар кезеңіне арналған төменкеміртекті дамыту бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын өзірлеу»;
- Тұрақты даму аспектілерінің енгізілуіне байланысты Инвестициялық жобаларды іске асыру:
 - Жанаөзен қаласында жаңа газ өндеу зауытын салу;

- Астрахань-Маңғышлақ су құбырын қайта жаңарту және кеңейту (I-ші кезек);
- «Кендірлідегі қуаты тәулігіне 50 000 м³ теңіз су тұщыту зауытын салу»;
- Tazalyq.

Төменкеміртекті дамыту бағдарламасы

Бұгінгі таңда климаттың өзгеруіне қарсы күрес аясында өнеркәсіпті декарбонизациялау әлемдік саяси, инвестициялық және сауда құн тәртібіне кіреді.

Көміртек ізін азайту жаһандық жылынуға қарсы қуресте маңызды фактор болып табылады.

Декарбонизацияның тұрақтылығы мен ұзақ мерзімділігі Париж климаттық келісімінде бекітілген, оның жаһандық мақсаты - климаттың өзгеруінің тежелуін 2100 жылға дейін 1,5 С-тан асырмай ұстап тұру және CO₂ өнеркәсіптік шығарындыларын 2030 жылға қарай 25%-ға, 2050 жылға қарай 70%-ға, ал 2070 жылға қарай 100%-ға қысқарту (толық декарбонизация).

Оз кезегінде, Қазақстан Париж келісімінің мақсаттарына қол жеткізу жолында күш-жігерді жандандыру және амбицияларды өсіру жөніндегі халықаралық бастамаларды қолдайды және 2030 жылға қарай парниктік газдар шығарындыларын 1990 жылғы деңгейден 15%-ға қысқарту бойынша ерікті үлес қости.

Өткен жылдың қарашасында Қазақстанның Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Климаттық амбицијалар жөніндегі саммитте сөз сейлеп, еліміздің 2060 жылға қарай климаттың өзгеруімен күресуге және көміртек бейтараптығына қол жеткізуге дайын екенін мәлімдеді. Осы мақсатты іске асыру үшін 2060 жылға қарай Қазақстан Республикасының көміртек бейтараптығына қол жеткізу жөніндегі Доктрина әзірленуде.

ҚМГ 2022-2031 жылдарға арналған төменкеміртекті дамыту бағдарламасын әзірледі. Бағдарлама ҚМГ-ның төменкеміртекті дамытудың бірыңғай негізін айқындауды және Компанияның көміртек ізін азайту саласындағы қызметін жүйелейді.

Негізгі мақсат – ҚМГ-ның климаттық амбицияларын айқындау, қолда бар әлеуетті талдау, дамудың негізгі бағыттарын айқындау және Компанияның дайындық деңгейін арттыру арқылы көміртек ізін азайту саласындағы негізгі тәсілдер мен шараларды жүйелуе болып табылады.

Бағдарламаның құрылымы бес негізгі бөлімнен тұрады:

1. көміртекті реттеуді талдау және негізгі трендтер;
2. ҚМГ-ның ПГ шығарындыларын түгендеу;
3. сценарийлік модельдеу,
4. Төмен көмірсутекті дамыту бағдарламасының стратегиялық бағыттары;
5. іске асыру тетігі.

Базалық болып 2019 жыл таңдалды.

Ағымдағы жағдайды талдау және Бағдарламаны одан әрі әзірлеу үшін базалық желіні айқындау мақсатында, ПГ шығарындыларына ежей-тегжейлі түгендеу жүргізілді.

Түгендеу тікелей (Scope 1) және жанама (Scope 2) шығарындылар бойынша жүргізілді.

- Тікелей - бұл ҚМГ-ның меншігіндегі көздердегі өндірістік процесстер кезінде көмірсутек отынын жағумен және еріксіз үшпа шығарындылармен байланысты ПГ¹ шығарындылары;
- сырттан жеткізілетін электр және жылу энергиясын, ыстық су мен буды тұтынуға байланысты жанама шығарындылар.

Деректерді түгендеу нәтижесінде жиналған деректер базасында ҚМГ дамуын сценарийлік модельдеу жүзеге асырылды. Модельде үш сценарий қарастырылды – базалық, жасыл даму сценарийі және төменкеміртекті дамыту сценарийі.

¹ Осы бағдарлама мақсаттары үшін тікелей шығарындыларда тек CO₂ ескеріледі.

Модель ҚМГ ЕТҰ «Business as usual» сценарийі жағдайында ПГ шығарындыларының 2030 жылға дейін әртүрлі өзгеру серпінін көрсетеді деп болжайды. Барлық активтер бойынша ПГ шығарындыларының жалпы өсімі, 2019 жылға қарағанда, шамамен 4%-ті құрайды.

Жасыл сценарийде энергия тиімділігі, электрлендіру, сондай-ақ жаңартылатын энергетиканы пайдалану жөніндегі шаралар арқылы активтердің ағымдағы операциялық құрылымын сақтай отырып, ПГ шығарындыларын азайту көзделеді.

Төменкөміртекті дамыту сценарийінде жоғарыда көрсетілген шараларға сутегі өндіру, көміртекті ұстая және сақтау технологияларын, белсенді оғсеттік саясатты (климаттық жобаларды дамыту) белсенді түрде енгізу жөніндегі жобалар қосылады.

Энергия тиімділігі шаралары мен ЖЭК-ке назар аудара отырып, жасыл даму сценарийі 2031 жылға дейін анағұрлым перспективалы сценарий болып таңдалды.

Сонымен қатар, перспективалы бағыттар қолайлы жағдайлар түндағанда, кейіннен масштабтау үшін құзыреттерді және өз әлеуетін

арптыру мақсатында пилоттық режимде тестілену тиіс. Жасыл даму сценарийі шенберінде, ҚМГ үшін қолжетімді мақсат - 2019 жылғы шығарындылар деңгейінен 2031 жылға қарай көміркышқыл газының шығарындыларын 15%-ға немесе 1,6 млн. тонна CO₂ қысқарту болып табылады.

ҚМГ Бағдарламаны іске асыруға жауапкершілікпен қарайды және оны тиімді орындау мақсатында Жобалау оғис құрылды және тікелей жұмыс тәжірибесі бар көсіпкөйлар тартылды. Бағдарламаның орындалуын бақылау және ҚМГ үшін маңыздылығын айқындау мақсатында, Компания мен ЕТҰ-ның әрбір басшысына төменкөміртекті дамыту индикаторларына байланысты ҚТК белгіленді.

Сонымен қатар, Бағдарлама қабылданған бірінші жылы төмендегі шаралар қабылданды және орындалды:

- ҚМГ жаңынан Сутегі энергетикасы жөніндегі құзыреттілік орталығы құрылды, оның мақсаты көгілдір және жасыл сутегін пайдалану перспективалары бойынша қолданбалы зерттеулер жүргізу болып табылады.
- ENI компаниясымен ЖЭК+газ гибридті жобаларын, сутегі

энергетикасы жобаларын және биоэтанол өндірісін бірлесіп іске асыру жөніндегі меморандумға қол қойылды.

- ЖЭК ірі ауқымды жобаларын бірлесіп іске асыру бойынша TotalEnergies компаниясымен меморандумға қол қойылды
- Shell компаниясымен көміртекті ұстая және сақтау (КҰС) технологиясын пайдалану перспективалары жөніндегі меморандумға қол қойылды
- ҚМГ, АМӘЗ және «Эр Ликид Мунай Тех газы» ЖШС арасында сутектік ұтқырылған бойынша пилоттық жобаны іске асыру жөніндегі меморандумға қол қойылды.
- ЖЭК шағын ауқымды генерацияладың және екіжақты ЖЭК келісім-шарттарының мәселелерін реттеу бөлігінде ЖЭК қолдау бойынша заңнамалық өзгерістер ұсынылды.


Төменкөміртекті дамыту бағдарламасына негізіне енген іс-шаралардан басқа, Компанияның төменкөміртекті дамытудың ұзақ мерзімді стратегиясында перспективалы болуы мүмкін декарбонизацияның қосымша шаралары әзірленді. Оларға мыналар жатады:

- көміртекті ұстая, сақтау және кәдеге жарату (CCUS) саласындағы жобаларды іске асыру;
- сутегі энергетикасын дамыту;
- орман-климаттық жобалар.

Мақсаты



Басты бағыттар



Қосымша шаралар

I. Су энергетикасын дамыту:

- ҚМГ әлеуетін көнегіту үшін Кұзыреттер орталығын құру
- Су мобильдігі бойынша пилоттық жоба

II. Сутекті ұстая және сақтау технологияларын енгізу (CCUS):

Жылына шамамен 20 мың тонна CO₂ ұстая әлеуеті бар пилоттық жоба

III. Орман-климаттық жобаларды іске асыру:

2000 га (жылына 10-16 мың тонна CO₂-экв.)

IV. Ескіше алаулатып жағу:

29,8 мың тонна CO₂-экв.

V. Метанның әғып кетуін алдын алу үшін LDAR енгізу

- ҚМГ-ның негізгі шығарындылары (2019)
- Зиянды заттарды ауға шығару мөлшері
- ҚМГ-ның мақсатты

- Midstream-Энергоэффективность
- Upstream-Энергоэффективность
- Downstream-Энергоэффективность
- Реализация проектов ВИЭ

Мақсатты көрсеткіштер:

ҚМГ-ның көміртек ізін азайту жөніндегі стратегиялық бағдарлары

№	Көрсеткіштің атауы	Негізгі жылдық көрсеткіші (2019)	Мақсатты көрсеткіш (2031)
Түпкілікті индикатор			
1.	Тікелей және жанама CO ₂ шығарындыларын азайту	10,7 млн т. CO ₂ -экв. ¹	-15 % (1,6 млн т. CO ₂ -экв. ²)
Мақсатты бағдарлар			
2.	Көміртек сыйымдылығын азайту:		-10 %
	• КСШ өндіру	147,6 т. CO ₂ -экв. /м.э. КСШ мың тоннасы	132,9 т. CO ₂ /м.э. КСШ мың тоннасы
	• ірі МӨЗ-дер	330,3 т CO ₂ -экв. /мың тонна мұнай	297,3 т. CO ₂ /мың тонна мұнай
	• битум өндіру	54,4 т CO ₂ -экв. /мың тонна мұнай	49 т. CO ₂ -экв /мың тонна мұнай
	• газ өндеу	1,1 т CO ₂ -экв./мың м ³ газ	1 т. CO ₂ -экв/мың м ³ газ
	• тасымалдау	9,3 т CO ₂ -экв./мың тонна мұнай	8,3 т. CO ₂ -экв/мың тонна мұнай
3.	Энергия сыйымдылығын азайту		-10 %
	• КСШ өндіру	2281,3 МДж/м.э. КСШ тоннасы	2053,2 МДж/ м.э. КСШ тоннасы
	• ірі МӨЗ-дер	3732,4 МДж/тонна мұнай	3359,2 МДж/тонна мұнай
	• битум өндіру	650,1 МДж/тонна мұнай	585,1 МДж/мұнай тонна
	• газ өндеу	3296,5 МДж/ мың м ³ газ	2966,7 МДж/мың м ³ газ
	• тасымалдау	120,9 МДж/тонна мұнай	108,9 МДж/тонна мұнай
4.	ҚМГ-ның электр энергиясын тұтыну балансындағы негізгі деңгейдің ЖЭК үлесі	0,005 % (211 МВт·сағ)	15 % (600 000 МВт·сағ.)
5.	Ескіше алаулатып жағу	0,43 %	0 % (29,8 тыс. т. CO ₂ -экв.)
6.	Метанның ағып кетуін қысқарту бойынша өлшеу, бақылау және әзірлеу шаралары жөніндегі бағдарламаны енгізу (LDAR)	0 %	Өндіруші ETY-ның 100% қамту
7.	Орман-климаттық жобалары іске асыру	0	2000га (жылына 10-16 мың т. CO ₂ -экв.)
8.	Энергия менеджменті қызметін енгізу	ETY-ны ішінара қамту	Өндіруші ETY-ның 100% қамту
9.	Carbon Disclosure Project климаттық рейтингі	C (климаттың әсері мен проблемалары туралы білім)	A/A- (заманауи озық тәжірибелерді енгізу)
10.	Төменкөміртекті жобаларды іске асыруға жыл сайын қаржы бөлу	0	Күрделі салымның 10%-нан кем емес (\$130–150 млн)

¹ Негізгі жылдың шығарындыларына ҚМГ-ның шетелдік операциялық активтерінің CO₂ эмиссиялары жатады

² Осы бағдарлама мақсаттары үшін Scopel және Scope2 шығарындылары ескеріледі, бұл ретте тікелей шығарындыларда CO₂ ғана ескеріледі.

³ Негізгі жылдың шығарындыларына ҚМГ-ның шетелдік операциялық активтерінің CO₂ эмиссиялары жатады

⁴ Осы бағдарлама мақсаттары үшін Scopel және Scope2 шығарындылары ескеріледі, бұл ретте тікелей шығарындыларда CO₂ ғана ескеріледі.

Денсаулық сақтау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау

Өндірістік қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау

Жаңа экологиялық талаптар мен жаһандық үрдістерге сәйкес шаралар кабылдау мақсатында Компания 2021 жылды Экология жылы деп жариялады. ҚМГ орнықты даму қафидаттарын қолдайтындығын және қатысатын өнірлерде қоршаған орта және әлеуметтік тұрақтылық мәселелері бойынша жаупаты.

Орнықты даму қафидаттары Компанияның экономикалық, экологиялық және әлеуметтік дамуына әсер етеді. ҚМГ үшін негізгі ESG-сын тегеуіндердің бірі - операциялық қызметтен көміртек шығарындылары және Компанияның өнімін пайдаланудан шығарындылар болып табылады.

2016 жылғы Париж келісіміне сәйкес, Қазақстан 1990 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда, парниктік газдар шығарындыларын 2030 жылы 15%-ға қысқарту бойынша өзіне ерікті әрі шартсыз міндеттемелерді алды. ҚР Президенті 2060 жылға қарай Қазақстанның көміртек бейтараптығына қол жеткізуі қажеттілігі туралы

айтты. 2021 жылды 2021 жылды Қазақстан Республикасының заңнамасына және ҚМГ-ның ішкі құжаттарына сәйкес келетін тәмен көміртекті даму бағдарламасын әзірледі. «Көміртекті бейтараптық» көшу корпоративтік басқарудың ажырамас құрамдас бөлігі болып табылады және Компанияның көміртек ізін азайту саласындағы қызметін жүйелейді. Компанияда шығарындыларды басқару саясаты бекітілді. Сегіз негізгі қафидаттан тұратын саясат, олардың алтауы климаттың өзгеруіне тікелей қатысты, тұрақты алауды толығымен тоқтатуға бағытталған. ПГ шығарындыларын қысқарту стратегиялық мақсаттардың бірінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Бастамалар мен бағдарламаларға қатысу



WORLD BANK GROUP

Дүниежүзілік банктің «2030 жылға қарай ілеспе мұнай газын тұрақты жағуды толық тоқтатқаны үшін» атты бастамасы»



SUSTAINABLE DEVELOPMENT GOALS

БҰҰ-ның орнықты даму саласындағы 17 мақсатының бастамасы



CDP
CDP Климаттық бағдарламасы



Global Methane Initiative
Метан деңгейін төмөндету бойынша жаһандық бастама



Caspian Environmental Protection Initiative – CEPI

Негізгі көрсеткіштер

Әлеуметтік көрсеткіштер

Көрсеткіш	2019	2020	2021
Жұмыс уақытын жоғалтумен жазатайым оқиғалар коэффициенті (LTIR)	0,34	0,29	0,31
Өлім жағдайларының коэффициенті (FAR)	1,48	0,00	2,93
Өлім жағдайларының саны	2	0	1

Экологиялық көрсеткіштер

Көрсеткіш	2019	2020	2021
NO _x шығарындылары, КСШ өндірудің 1 мың тоннасына шаққанда, тонна	0,21	0,22	0,24
SO _x шығарындылары, КСШ өндірудің 1 мың тоннасына шаққанда, тонна	0,20	0,23	0,22
ІМГ жағу қарқындылығы, КСШ өндірудің 1 мың тоннасына шаққанда, тонна	2,95	2,2	2,1

Денсаулық сақтау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау бойынша менеджмент жүйесі


Денсаулық сақтау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау бойынша менеджмент жүйесі (СМ) Қазақстан Республикасы заңна- масының ISO 14001 және ISO 45001 салалық және халықаралық стандарттардың талаптарына сәйкес, үздік әлемдік практикалар мен тәсілдерді, Мұнай және газ өндірушілердің халықаралық қауымдастырының

(IOGP) ұсынымдарын пайдалана отырып әзірленген, көшбасшылық, мақсатқа қол жеткізу, тәуекелдерді басқару және тұрақты жетілдіру сияқты іргелі қафидаттарға негізделетін 10 негізгі элементті қамтиды.

2006 жылдан бастап, ҚМГ-де ISO 9001, ISO 14001 және ISO 45001 талаптарына сәйкес сапа, қоршаған ортаны қорғау, денсаулықты сақтау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында біріктірлген басқару жүйесі енгізілді. Энергия тұтынудың

елеуіл деңгейі бар ETY ISO 50001 стандартына сәйкес келу мәніне сертификатталған. Басқарудың интеграциялық жүйесінің тиімділігін тәуелсіз аудиторлар үнемі растап отырады.

ҚМГ менеджмент жүйесін жетілдіру мақсатында Денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігі менеджмент жүйесі бойынша ISO 45001 халықаралық стандартының талаптарына сәйкес келу мәніне сертификатталды.



Экологиялық жауапкершілік және қауіпсіздік

2021 жылғы негізгі көрсеткіштер

SO_x
шығарындыларының
қарқындылығы
0,22
(IOGP — 0,19)

NO_x
шығарындылардың
қарқындылығы
0,24
(IOGP — 0,29)

CDP Климаттық
рейтингі
«C»

Су қауіпсіздігі рейтингі
CDP
«B-»

Ілеспе мұнай газын
жағу қарқындылығы
(ІМГ)
2,1
(IOGP — 8,0)

ІМГ пайдалану
коэффициенті
98 %

Тарихи қалдықтарды
және мұнаймен
ластанған жерлерді
қалпына келтіру
540,5
мың тонна
(2020 жылы
— 558,4 мың тонна)

Энергия тұтынудың
үлғауы (2020 жылмен
салыстырғанда)
6 %

ӘҚ, Ежқок мәселелерін басқару
жөніндегі мақсаттар ҚМГ компа-
ниялар тобының даму стратегия-
сымен тікелей байланысты. ҚМГ-ның
2031 жылға дейінгі Даму стратегиясы
экологиялық жауапкершілікті арттыру
жөніндегі стратегиялық бастамаларды
көздейді. ҚМГ компанияларының тобы
үшін қоршаған ортаны қорғау бөлігін-
дегі басым бағыттар парниктік газдар
шығарындыларын басқаруды және
газды алауда жағуды қыскартуды, су
ресурстарын, өндіріс қалдықтарын
басқаруды және жерді қалпына
кеleтіруді қамтиды.

«ҚазМұнайГаз» ҮК АҚ мен ЕТҰ-ның
басшылығы қоршаған ортаның ласта-
нуына байланысты шығындар мен
залалдарға қатысты нөлдік төзімділік
қағидатын ұстанады. Жаңа экологи-
ялық кодекстің талаптарына сәйкес
экологиялық ақпаратты жинауды,

жинақтауды, сақтауды, талдауды және
тарауды қамтамасыз ету мақсатында,
2021 жылы ҚМГ-ның экологиялық
саясаты жаңартылды. «ҚазМұнайГаз»
ҮК АҚ-ның табиғи ресурстарды ұтымды
пайдалану, биоалуантурлілікті сақтау
бойынша шараларды сақтау жөніндегі
міндеттемелері қосымша қүштейтілді.

Шикі газды жағу көлемін барынша
азайту мақсатында, Компания 2015
жылды Дүниежүзілік Банктың «2030
жылға қарай ілеспе мұнай газын
толық көдеге жарату» бастамасын
қолдады. Парниктік газдар шыға-
рындыларын азайту жөніндегі біздің
маңызды міндеттеріміздің бірі - ілеспе
мұнай газын пайдалы пайдала-
нуды және көдеге жаратуды арттыру,
алауда жағуды барынша азайту болып
табылады. Осы бастама шенберінде
шикі газды жағу көлемдері бойынша

есептілік жыл сайын Дүниежүзілік
банктің ҚР өкілдігіне тапсырылады.

Экологиялық көрсеткіштерді
жаксарту және осы саладағы
ашықтық пен айқындықты қамта-
масыз ету бойынша жүргізілген
жұмыстардың нәтижесінде ҚМГ
Дүниежүзілік жабайы табиғат
корының (WWF), Creon Group және
Сараптамалық кредиттік рейтинг
агенттігінің тәуелсіз сарапшыла-
рының бағалау нәтижелері бойынша



Экологиялық көрсеткіштер, КСШ өндірудің м. э. 1 мың тоннасына
шаққанда, тонна

Жыл	2017	2018	2019	2020	2021
SO_x шығарындыларының қарқындылығы	0,32	0,25	0,20	0,23	0,22
NO_x шығарындыларының қарқындылығы	0,25	0,20	0,21	0,22	0,24
Шикі газды жағу қарқындылығы	11	6	2,95	2,2	2,1
Шикі газды көдеге жарату деңгейі, %	85	93	97	98	98



Қазақстан Республикасының мұнай-газ компанияларының экологиялық ақпараттарының ашықтығы рейтингінде бесінші жыл қатарынан бірінші орын алады.

Компания экологиялық жауапты бизнес жолымен жүруді жалғастырады, коршаған ортандың қорғалуын басқару жүйесін дамытады, осы мәселе бойынша барлық мұдделі тараптармен диалог жүргізеді, сол арқылы Компанияның экологиялық саясатында көрсетілген өз міндеттемелерін орындайды.

КҚМГ өзінің экологияға әсерінің маңыздылығын түсінеді және коршаған ортаға әсерді барынша азайтуға ұмтылады.

Экология жылдының шеңберінде тарихи мұнай қалдықтарын кәдеге жарату және мұнаймен ластанған жерлерді тазарту жөніндегі жұмыстар

сияқты экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған бірқатар іс-шаралар іске асырылды. Қызыметкерлер арасында қоршаған ортандың мәселелерін насихаттау, ағаш отырғызу акцияларына қатысу, атмосфералық ауаға шығарындыларды азайту жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу, табиғатты қорғау бағдарламаларын іске асыру және басқа да іс-шаралар күшейтілді.

2021 жылдың 17 қыркүйегінде әлемнің 180 елінде «World Cleanup day 2021» Дүниежүзілік тазалық қүні өтті. Осы жаһандық қозғалыс және «Бірге - таза Қазақстан!», сондай-ақ КҚМГ Экология жылдының аясында Нұр-Султан қаласы Алматы ауданының әкімдігімен бірлесіп ағаш отырғызу бойынша іс-шара үйімдастырылды. Компания қызыметкерлері 18 қыркүйектегі жалпықалалық сенбілік барысында елордада 100-ге жуық қаралай отырғызды.

Экологиялық жауапкершілікке бейілділік ҚМГ ЕТҰ-дағы көгалдандыру жұмысында да көрініс тапқан. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым –Жомарт Тоқаевтың орман қорында 2 миллиардтан астам ағаш отырғызуға және Қазақстан халқына Жолдауында айтылған елді мекендердеге 15 миллион ағаш отырғызуға қатысты тапсырмасын, сондай-ақ Кешенді жоспарды орындау аясында Атырау қаласында орналасқан ҚМГ ЕТҰ-да 2021-2024 жылдарға арналған «Ірі мұнай компанияларының көгалдандыру жұмыстарын жүргізу» іс-шарасын іске асыру көзделген облыс. «ҚазМұнайГаз» ҰҚ АҚ-ның барлық ЕТҰ-да санитариялық-қорғау аймақтарының аумағында және орналасқан өңірлерде жасыл желеңтерді отырғызу бойынша жұмыстар жүргізілуде. Мысалы, «Қаражанбасмұнай» АҚ қызыметкерлері Қаражанбас кен орны мен

Маңғыстау облысының бірқатар әлеуметтік маңызы бар обьектілерінің аумағында санитариялық тазарту жұмыстарын жүргізіп, 3 000 түп көшет отырғызды. «ПМХЭ» ЖШС санитариялық-қорғау аймағының аумағында 21,5 гектар алаңда 6680 ағаш отырғызды. Өнеркәсіптік алаң аумағында кәсіпорын қызметкерлері 84 ағаш отырғызды.

Атырау облысы әкімдігі мен «Ембімұнайгаз» АҚ арасында 2021 жылдың сәуір айында жалпы ауданы 243,2 га болатын «Атырау облысы аумағында көгалдан-дыру жұмыстарын жүргізу туралы» Меморандумға қол қойылды. Көгалдандыру бағдарламасы аясында «Бөлінген жер участекінде топырақ-іздестіру жұмыстары жүргізу» іс-шарасы атқарылды. Осы жұмыстардың және отырғызуға жарамды участекдерді айқындау қорытындысы бойынша аумақты көгалдандыру жұмыстарын жүргізу жоспарлануда.

«АМӘЗ» ЖШС 2021 жылдың сәуір айында Атырау облысының әкімдігімен қол қойылған «Атырау қаласының аумағында көгалдандыру жұмыстарын жүргізу туралы» меморандумын шенбөрінде Атырау қаласының аумағында жалпы ауданы 1 420,9 га участекі, оның ішінде 860,9 га «Сасық сай» булану алқаптары бөлінді.

Меморандум шарттарын орындау мақсатында, зауыт 560 га алаңда орман өсіру саласында тәжірибесі мен ғылыми білімі бар ғылыми-зерттеу компаниясын тартты.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы басым жобалар «TAZALYQ» жобасы

«ТАЗАLYQ» жобасы «АМӘЗ» ЖШС-ның сарқынды суларды тазарту құрылыштарын жаңыртуды, сондай-ақ «Сасық сай» булану алаңдарын қалпына келтіруді көздейді.

«Қаражанбас кен орнында қабат сүйн тұщыту зауытын салу» жобасы

Қаражанбас кен орнында қабатты суды тазарту зауытын салу кен орнындағы су қорының жетіспеушілігі проблемасын шешуге мүмкіндік береді.

«Экологиялық мониторингтің автоматтандырылған ақпараттық жүйесі» жобасы

Ол әртүрлі экологиялық есептерді қалыптастыру және тапсыру, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау саласындағы іс-шараларды жоспарлау кезеңінде қолданылады.

Мақсаты нақты және сенімді деректер алу, тиімді экологиялық саясат жүргізу, сондай-ақ даму бағдарламаларын өзірлеу үшін қажетті толық және өзекті экологиялық ақпаратты қалыптастыру болып табылады.

«Тарихи» мұнай қалдықтарын қалпына келтіру және мұнаймен ластанған жерлерді тазарту

«Тарихи» мұнай қалдықтарын толық, көдеге жарату және 2024 жылға дейін қоса алғанда мұнаймен ластанған жерлерді тазарту.

Тексеру нәтижелері бойынша бөлінген участке көгалдан-дыруға жатпайды және жаңа участкені анықтау бойынша жұмыстар жүргізіледі. Көгалдандыру үшін қосымша жер участекі анықталғаннан кейін, зауыт оны абаттандыру және көгалдандыру жобасын өзірлейді, сметалық құны, жұмыс көлемі мен жұмыс кестесі анықталады.

«АМӘЗ» ЖШС зауыттың батыс бөлігіндегі санитариялық-қорғау аймағының аумағында ауданы 5 га (көгалдандыру бөлігінде санитариялық-қорғау аймағы негізdemесінің бекітілген жобасына кірмейтін) участкені абаттандыру және көгалдандыру бойынша қосымша жұмыстар жүргізді.

Персоналды экологиялық менеджмент мәселелері бойынша оқыту



Персонал маңызды актив болып табылады, сондықтан ҚМГ компаниялар тобында ӨК, ЕжҚОҚ мәселелерін оқытудағы қажеттілік сұраныска ие болып қала береді. Осыған байланысты персоналды еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, қоршаған ортаны қорғау бағыты бойынша міндетті оқыту, даярлау және біліктілігін арттыру басым болып табылады.

2021 жылдан бастап ҚМГ Корпоративтік орталығының қызметкерлерін қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және өрт-техникалық минимум бойынша міндетті оқыту «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС платформасында жүргізілуде.

2021 жылы ҚМГ компаниялар тобының 61 678 қызметкерін оқытуға 498 714 мың теңге жұмсалды. Оның ішінде ӨК, ЕжҚОҚ саласында мынадай негізгі бизнес-бағыттар: «Өндіру» — 215 745 мың теңге, «Тасымалдау» — 78 409 мың теңге, «Өндеу» — 98 495 мың теңге, «Сервис» — 106 065 мың теңге, ҚМГ корпоративтік орталығы — 0 мың теңге.

ӨК, ЕжҚОҚ мәселелері бойынша оқыту жұмыс істеп тұрған меншікті оқу-курстық комбинаттар / орталықтар базасында «70/20/10» «жұмыс орнында / ішкі/сыртқы» оқу моделі бойынша жүргізіледі. Тәжірибелі қызметкерлер арасында тәлімгерлік және ішкі жаттықтырушылық бойынша бағдарламалар іске асырылады, озық қызметкерлер арасында шеберлік сыйыншылар мен тренингтер, түрлі конкурстар өткізіледі, бұл ішкі

коммуникацияларды жетілдіруге және персоналды өз кәсібінде үздік болуға үмтүлуге ынталандыруға мүмкіндік береді.

«Өзенмұнайгаз» АҚ-да (Жаңаөзен қ.), «ҚазТрансОйл» АҚ-да (Ақтау қ.), «Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС-де (Павлодар қ.) және Oil Services Company ЖШС-де (Ақтау қ.) меншікті оқу-курстық комбинаттары/орталықтары бар.

Қызметкерлерді оқытуға жұмсалған шығыстар

Көрсеткіш	2019	2020	2021
Осыған қызметкерлер саны	116 890	89 715	61 678
Сомасы, мың теңге	1 056 067	578 891	498 714

Негізгі бизнес-бағыттарға бөле отырып, ӨК, ЕжҚОҚ бойынша оқыту

Бизнес-бағыт	Қызметкерлер саны	Сомасы, мың теңге
Өндіру	31 068	215 745
Тасымалдау	2 024	78 409
Өндеу	12 046	98 495
Сервис	16 496	106 065
ҚМГ корпоративтік орталығы	44	-

Энергия үнемдеу және тиімділікті арттыру бағдарламалары

7 ТАЗА ЖӘНЕ ҚЫМБАТ ЕМЕС ЭНЕРГИЯ



13 КЛИМАТТЫҢ ВЗГЕРУІМЕН КҮРЕС



ҚМГ компаниялар тобында энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру бағдарламасын жалғастыруда. Компанияның корпоративтік орталығы энергия тұтыну және энергия тиімділігін көрсеткіштері бойынша деректерді жинаиды және талдайды, прогресті қадағалайды және жақсарту үшін мүмкіндіктерді сәйкестендіреді, еткен кезеңмен және саланың үқас компаниюларының көрсеткіштерімен (IOGP) бенчмаркинг жүргізеді.

Компанияның энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы қызметі ISO 50001 «Энергетикалық менеджмент жүйесі» халықаралық стандартының әдіснамасына негізделеді, ол осы қызметте жүйелі басқару бойынша жалпыға танылған үздік халықаралық практика болып табылады.

Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру бағдарламасының көрсеткіштерін орындау

2021 жылы барлығы 166,4 млн ГДж отын-энергетикалық ресурстар (2021 жылға қарағанда 6%-ға артық), оның ішінде электр энергиясы — 13,1 млн ГДж, жылу энергиясы — 4,3 млн ГДж, мотор отыны - 1,4 млн ГДж, қазандық-пеш отыны - 147,7 млн ГДж тұтынылды (бұл ретте табиғи газ энергия ресурстарын жалпы тұтынудың 45%-ын құрайды). Энергия тұтыну көлемі мынадай үш бизнес-бағыт арасында бөлінген: «Мұнай және газ өндіру», «Мұнай және газ тасымалдау» және «Мұнай және газ өндіреу».

2020 жылмен салыстырғанда, энергия ресурстарын тұтынудың үлғаюы пандемияға қатысты жағдайың тұрақтануына орай, 2021 жылы газ тасымалдау көлемдерінің үлғаюына байланысты болып отыр.

2021 жылы ҚМГ компаниялар тобы бойынша меншікті өндірілетін энергия көлемі 547,1 млн кВт электр энергиясын және 4 108 мың Гкал жылу энергиясын құрады.


Инновациялық технологияларды қолдану және ЖЭК пайдалану мұнай-газ саласындағы салыстырмалы түрде жаңа, бірақ соған қарамастан, перспективалы бағыт болып табылады.

Энергия сыйымдылығы

2021 жылы ҚМГ компанияларының тобы бойынша көмірсуттектерді өндіру бағытында орташа энергия тұтыну өндірілген КСШ тоннасына 2,4 ГДж құрады, бұл IOGP көрсеткішінен 58%-ға жоғары деңгейде қалып, 2020 жылы өндірілген көмірсуттектердің тоннасына шаққанда 1,4 ГДж құрады. Мұнай өндіруде энергия ресурстарын үлестік тұтынудың артуы, ең алдымен, жетілген кен орындауда өндірістің сулануының үлғаюына байланысты, өйткені өндірілетін сұйықтықтың үлестік тығыздығы және, тиісінше, өндірудің механикаландырылған әдістері үшін тұтынудың энергия артады.

ҚМГ компаниялары тобының энергия үнемдеу және энергия тиімділігін дамытудың негізгі стратегиялық бағыттары — технологиялық жабдықты жаңғыру, энергия үнемдеу технологияларын енгізу, жылу энергиясын өндіруді және тұтынуды

Отын түрлері бойынша энергия ресурстарын тұтыну, %



- Табиғи газ
- IMГ
- Қазандық-пеш отыны
- Бензинсізденірленген газ
- Электр энергиясы
- Жылу
- Мазут
- Мотор отыны

«QazaqGaz» АҚ-та енгізілген ЖЭК тиімді нәтиже көрсетті, «QazaqGaz» АҚ компаниялар тобы бойынша 2021 жылы жаңартылған көздер бойынша бөлінген генерацияланатын (өндірілетін) энергияның жалпы көлемі мынадай болды:

- Жылу сорғыларымен геотермалдық (жылу) энергия өндіру – 678,54 Гкал құрады. «Интергаз Орталық Азия» АҚ-да жылытуға және ыстық сүмен жабдықтауға арналған «Waterkotte» типті геотермалдық жылу сорғылары жұмыс істеп жатыр.
- ҚТГ бойынша электр энергиясын құн панельдерімен өндіру - 109 068 кВт*сағ құрады.
- «ИОА» АҚ инженерлік-техникалық орталығының аумағын жарықтандыру үшін құн панельдерімен электр энергиясын өндіру - 7776 кВт сағат.
- «Қызылорда» МГҚБ «Теренөзек» АГРС және «Жосалы» АГРС газ құбыры-тармағының тазарту құрылғыларын іске қосу тораптарында орнатылған құн панельдерімен электр энергиясын өндіру – 5092 кВт сағат.
- «Қазақстан-Қытай» МГ желілік бөлігіндегі кран тораптарында орнатылған құн панельдерімен электр энергиясын өндіру - 96200 кВт сағат.
- 2021 жылы аумақтағы көшелерді жарықтандыру үшін, ПҚОП құн панельдерімен электр энергиясын өндіру 47 мың кВт сағатты және автономды көшө шамдарынан (жел-құн генераторы) – 3 мың кВт сағатты құрады.

оңтайландыру, сондай-ақ меншікті, оның ішінде ҚМГ пайдалана отырып, генерациялау көздерін дамыту.

2021 жылы энергия үнемдеу және энергия тиімділігі бойынша 49 іс-шара жүргізілді, отын-энергетикалық ресурстардың жылдық жоспарлы үнемделуі 0,34 млн ГДж, заттай көріністе - 5,3 млн кВт электр энергиясы және 8 107 мың м³ табиғи газды құрады.

Елдегі амбициялар мен күту жағдайларын ескере отырып, ҚМГ 2031 жылға қарай қолданыстағы ЖЭК активтеріндегі үлесті сатып алу (жел және күн электр станцияларының жобалары) немесе қуаты 300 МВт-тан аспайтын жаңа ЖЭК электр станцияларын салу жоспарлануда, бұл 2031 жылға қарай жасыл энергия өндірудің шамамен 945 млн кВт*сағ құрайды.

Климаттың өзгеруі және парниктік газ шығарындылары

13 КЛИМАТТЫҢ
ӨЗГЕРУІМЕН
КУРСЕС



Басқарма

ҚМГ-ның ұзак мерзімді даму стратегиясында климаттық аспектілер бойынша мынадай басым бағыттар белгіленді:

1. парниктік газдардың атмосфераға шығарындыларын басқару;
2. шикі газды тұрақты алау етіп жағуды қысқарту;
3. өндірілген өнім көлеміне шаққанда, шығарындылардың қарқындылығы бойынша көрсеткіштерді жақсарту және энергия тиімділігін арттыру;
4. метанның кемуін азайту;
5. жасыл жобаларды қаржыландыруды ұлғайту.

Климаттың өзгеруіне қарсы күрестің жаһандық тренді бүкіл әлемдегі компаниялардың қызметіне көбірек әсер етеді. ҚМГ елдің тәменкөміртекті дамыту жөніндегі мемлекеттік саясатын қолдау мақсатында, қауіпсіздіктің жоғары стандарттарына және орнықты даму қағидаттарына жауап беретін 2022-2031 жылдарға арналған даму стратегиясын бекітті. ҚМГ-ның даму стратегиясына сәйкес көміртек ізін азайту мақсатында, тәменкөміртекті дамыту Компания дамуының негізгі бағыттарының бір болып табылады.

Климаттық күн тәртібінің стратегиялық маңыздылығын ескере отырып, Компания климаттық амбицияларын, көміртек ізін тәмендету бойынша негізгі тәсілдер мен шараларды белгілейтін Тәменкөміртекті дамытудың 2022-2031 жылдарға арналған бағдарламасын әзірледі. ҚМГ CO₂ тікелей және жанама шығарындыларын 2031 жылға қарай 2019 жылғы 1,6 млн тонна CO₂ деңгейінен 15%-ға тәмендету бойынша мақсатты бағдармен өндірістің көміртекке деген қажеттілігін тәмендетудің саралған тәсілін таңдайды.

Операциялық процестердің энергия тиімділігін арттыруға және ЖЭК жобаларын іске асыруға арналған бағдарламаның негізгі бағытынан басқа, Компания сондай-ақ декарбонизацияның қосымша шараларын іске асыруды жоспарлап отыр. Атап айтқанда, көміртекті ұстau, сактау және көдеге жарату (CCUS) саласындағы, сутегі энергетикасын дамыту, орман-климаттық жобалар.

Тәуекелдер мен мүмкіндіктер

Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі Корпоративтік басқару жүйесінің негізгі құрамдас бөлігі болып табылады және стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге теріс әсер ете алатын ықтимал тәуекел оқиғаларын уақытылы сәйкестендіруге, бағалауға, мониторинг

жүргізуге және азайтуға бағытталған. Осы тәуекелдерді барынша азайту мақсатында, Компания іс-шаралар кешенін жүзеге асырады. Тәуекелдер бойынша есеп Директорлар кеңесіне тоқсан сайын ұсынылады.

Ақпаратты ашу

CDP көміртек есептілігі жөніндегі климаттық бағдарлама аясында ҚМГ 2019 жылдан бастап парниктік газдардың тікелей және жанама шығарындыларының көлемі туралы деректерді, парниктік газдар шығарындыларын басқару мәселелерін, Румыния мен Грузиядағы халықаралық активтерді қоса алғанда, ҚМГ-ның барлық активтері бойынша негізгі тәуекелдер мен мүмкіндіктерін ашады.

2021 жылғы шілдеде 2020 жылдың қорытындылары бойынша ҚМГ-ның Климаттық сауалнамасы жарияланды. Есепке сәйкес, 2020 жылдың нәтижелері бойынша ҚМГ компанияларының тобында көмірқышқыл газының тікелей шығарындыларының көлемі 8,7 млн тоннаны (2019 жылы 9,7 млн тонна) құрады. CO₂ баламасындағы деректер IPCC Fifth Assessment report (метан – 28, азоттың шала тотығы – 256) жаһандық жылыну әлеуетінің коэффициенттері қолданылып ұсынылған.

Парниктік газдың тікелей шығарындылары жөніндегі деректер әрбір ЕТҰ бойынша тіркелген тәуелсіз үйымдардың қорытындыларымен расталған. 2021 жылғы ақпарат CDP есебінде 2022 жылдың 3-ші тоқсанында ашылады. Ақпаратты ашу кезінде ҚМГ дәйектілік және салыстырмалылық қағидатын ұстанады, ақпараттың толық ашылуын арттыру және үшінші деңгейдегі жанама шығарындылар бойынша есептілік аясын кеңейту бойынша жұмысты үздіксіз жүргізеді.

Атмосфералық ауаны қорғау туралы толығырақ ақпарат Тұрақты даму туралы есебінде берілген.

Шикі газды ұтымды пайдалану

12 ЖАУАПТЫ ТҮТІНУ
ЖӘНЕ ӨНДІРІС



13 КЛИМАТТЫҚ
ВЗГЕРУІМЕН
КҮРСЕС



Парниктік газдар шығарындыларын басқару және газды алауда жафуды қысқарту ҚМГ компаниялар тобы үшін басым міндептердің бір болып табылады. Бекітілген экологиялық саясатқа сәйкес, Компания газды тұракты алау етіп жафудың нөлдік деңгейіне жетуге және алаудардан атмосфералық ауаға шығарындыларды қысқартуға ұмтылады. Парниктік газ шығарындыларын азайту жөніндегі біздің маңызды міндептеріміздің бірі шикі газдың пайдалы пайдаланылуы мен кәдеге жаратылуын арттыру, алауды жафуды барынша азайту болып табылады. Шикі газды дамыту және қайта өндіру бағдарламаларының орындалған іс-шараларының арқасында жылу және электр энергиясын өндіру үшін газды өз мұқтаждықтарына пайдалану ұлғайды.

Шикі газды кәдеге жарату 2021 жылы 98%-ды құрады, газды жафу көрсеткіші өндірілген КСС 1 мың тоннасына 2,1 тонна деңгейінде (2020 жылы — 2,2; 2019 жылы - 2,95), бұл 2020 жылғы көрсеткіштен 5%-ға және IOGP орташа салалық көрсеткішінен 74%-ға төмен.

ҚМГ 2015 жылы Дүниежүзілік банктің «2030 жылға қарай ілеспе мұнай газын тұракты жафуды толық кәдеге жарату» бастамасын қолдады. Компания шикі газды жафу көлемін



барынша азайтуға тырысады. Осы бастама шенберінде шикі газды жафу көлемі жөніндегі есептілік жыл сайын Дүниежүзілік банктің ҚР өкілдігіне тапсырылады.

Толығырақ ақпарат Тұракты даму туралы есебінде берілген.

15 ҚҰРЛЫҚТЫҢ
ЭКОЖҮЙЕСІН
САКТАУ



Қалдықтарды кәдеге жарату
ҚМГ-ның өндірістік қызметі процесінде өндіріс және тұтыну қалдықтары пайда болады. ҚМГ компанияларының тобында қалдықтарды басқару жүйесін жетілдіруге бағытталған шаралар кешені әзірленуде және іске асырылуда, түзілген және жинақталған қалдықтардың, оның ішінде мердігер компаниялардың қалдықтарының есебі жүргізілуде, қалдықтарды қалпына келтіргенге

дейін немесе жойғанға дейін оларды қауіпсіз жинақтау жүзеге асырылуда. 2021 жылы түзілген және жинақталған қалдықтарды қалпына келтіруге арналған ҚМГ шығыстары 12,9 млрд. теңгені құрады.

Қалдықтарды қалпына келтіру әдістерін таңдау кезінде қалдықтарды қазіргі заман технологияларына, оның ішінде қоршаған ортаны қайталама ластаусыз технологияларға басымдық берілетінін атап өткен маңызды.

2019 жылғы 6 тамызда Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі мен ҚМГ арасында мұнайы бар тарихи қалдықтарды кәдеге жарату және мұнаймен ластанған жерлерді тазарту бойынша жұмыстарды орындау міндептемесімен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Меморандумның периметріне ММГ, ӨМГ және ҚБМ кірді.

2019 жылдың қыркүйегінен бастап келісімшарттық аумақтарды түгендөу жүргізілді, оның шенберінде қалдықтардың сипаттамалары, қалдықтардағы мұнай өнімдерінің көлемі және олардың көлемі айқындалды. Осы түгендедің негізінде мұнаймен ластанған жерлерді қалпына келтірудің тиісті жобалары әзірленіп, мемлекеттік органдармен келісілді, жобалардың

Шикі газды алау етіп жафу көлемі

Көрсеткіші	2017	2018	2019	2020	2021
Шикі газды алау етіп жафудың жалпы көлемі, млн м ³	315,8	148,9	80,2	57,6	52,5
Шикі газдың пайдалы қызмет деңгейі, %	85	93	97	98	98
Шикі газды жафу қарқыны, өндірілген 1 мың КСШ-ға шаққанда, тонна	11	6	2,95	2,2	2,1

шенберінде мұнаймен ластанған қалдықтарды көдеге жаратудың қауіпсіз және тиімді технологиялары таңдап алынды және ұсынылды, 2024 жылды қоса алғанда, мұнаймен ластанған жерлерді қалпына келтіруді жүргізу кестесі жасалды.

Сонымен бірге, ЕМГ мен ҚТМ меморандум бойынша міндеттемелердің периметріне кірмегеніне қарамастан, мұнда да тарихи ластануарды жою бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Аталған барлық компаниялар құрамында мұнайы бар тарихи қалдықтарды көдеге жарату және мұнаймен ластанған жерлерді тазарту жөніндегі жұмыстарды орындауға мамандандырылған ұйымдармен ұзак мерзімді шарттар жасасты.

2021 жылы ҚМГ ЕТҰ обьектілерінде 540 475 тонна тарихи қалдықтар көдеге жаратылды, оларды орналастыру орындарының участеклері қалпына келтірліді.

ҚТО Өзен-Атырау-Самара магистральдық мұнай құбырының 984-985 км участеклеріндегі тарихи ластанған жерлерді толық қалпына келтірді. ҚМГ тобындағы компаниялар тобы бойынша жалпы ауданы 48 га тарихи мұнаймен ластанған жер рекультивацияланды.

Толық ақпарат Тұракты даму туралы есебінде берілген.

Активтердің шығуы бойынша міндеттемелер

Мұнай-газ активтері

Заңнамаға және нормативтік құқықтық актілерге сәйкес, белгілі бір келісімшарттардың талаптары бойынша ҚМГ негізгі құралдарды демонтаждау және жою және әрбір кен орнындағы жер участеклерін қалпына келтіру бойынша заңды міндеттемелерді атқарады. Атап айтканда, ҚМГ міндеттемелеріне барлық өнім бермейтін ұнғымаларды біртіндеп жабу және құбырларды, ғимараттарды демонтаждау мен келісімшарттық аумақты қалпына

кеңіріу, сондай-ақ пайдаланудан шығару сияқты қызметті түпкілікті тоқтату және өндіріс участекінде қоршаған ортаны ластауға жол бермеу жөніндегі міндеттемелер бойынша шаралар қабылдау жатады.

Компания активтердің шығуы бойынша міндеттемелерді әрбір келісімшарт бойынша жеке есептейді. Міндеттеме сомасы инфляцияның болжамды деңгейіне түзетілген және өтпелі экономикасы бар елдердің мемлекеттік борышы бойынша қазақстандық нарыққа тән тәуекелдерге түзетілген орташа ұзақ мерзімді тәуекелсіз проценттік мөлшерлемелерді пайдалана отырып, дисконтталған міндеттемелерді өтеу үшін талап етілетін бағланған шығындардың әғымдағы құны болып табылады.

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша мұнай-газ активтерін жою бойынша міндеттемелерге Компания резервінің баланстық құны 67 млрд теңгені құрады (2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: 66 млрд теңге) (толығырақ шоғырланырылған қаржы есептілігінің 4-ескертпесінде).

Магистральды мұнай құбырлары және газ құбырлары

2012 жылдың 4 шілдесінде құшіне енген «Магистральдық құбыр туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ҚМГ-ның екі еншілес үйімі – «ҚазТрансОйл» АҚ-ның және «ҚазТрансГаз» АҚ еншілес үйімі болып табылатын «Интергаз Орталық Азия» АҚ-ның пайдалану мерзімі аяқталғаннан кейін магистральды құбырды жою және кейіннен қоршаған ортаны, оның ішінде жерді қалпына келтіру бойынша магистральды құбыр жою қоршаған ортаны, оның ішінде жерді қалпына келтіру бойынша міндеттемеге арналған резерв ҚМГ есептеген демонтаждау және қалпына келтіру жөніндегі жұмыстарды жүргізу құнының негізінде бағаланады. 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ҚМГ компаниялар тобы резервінің

баланстық құны Компанияның құбырларын жою және жерлерді қалпына келтіру бойынша міндеттемесі бойынша 35 млрд теңгені құрады (2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: 114 млрд теңге) (толығырақ шоғырланырылған қаржы есептілігінің 4-ескертпесінде).

Экологиялық оңалту

ҚМГ сондай-ақ экологиялық тазарту жұмыстары мен оңалтуға арналған міндеттемелер бойынша резервертерді қалыптастыру бойынша бағалау жүргізеді және пайымдау шығарады. Қоршаған ортаны қорғауға арналған шығындар болашақ экономикалық пайдасына қарай шығыстарға капиталданырылады немесе оларға жатады.

Компанияның экологиялық оңалтуға арналған резерві ҚМГ компаниялар тобының қолданыстағы қазақстандық жәнеeuropalық нормативтік базалардың талаптарын сақтауы үшін қажетті қүтілетін шығындарды тәуелсіз бағалауға негізделген басшылықтың ең үздік бағалауын білдіреді. 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша экологиялық міндеттемелер бойынша резервтің баланстық құны 63 млрд теңгені құрады (2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша – 65 млрд теңге) (толығырақ шоғырланырылған қаржы есептілігінің 26-ескертпесінде).

Су ресурстарын қорғау

6 ТАЗА СУ ЖӘНЕ ТАЗАЛЫҚ



Су ҚМГ барлық өндірістік процесстерінің ажырамас бөлігі болып табылады. Компания өз қызметінде су тұтыну көлемін қысқартуға, су ресурстарын пайдалану тиімділігін арттыруға, суды қайталап және айналымда пайдалануды өсіруге, ағын сулардың сапасын арттыруға және табиғи су обьектілеріне әсерін барынша азайтуға ұмтылады.

ҚМГ көмірсүткөрді өндірумен, тасымалдаумен және өндеумен айналысатын тігінен интеграцияланған компания болып табылады. Барлық процестер судың едәуір мөлшерін пайдалануды талап етеді. ҚМГ жерусті, жерасты көздерінен, муниципалдық сұмен жабдықтау жүйелерінен және Каспий теңізінен су алады. ҚМГ кәсіпорындарының сарқынды суларының негізгі қабылдағышы (және соңғы пункті) түрлі мамандандырылған қабылдағыштар болып табылады: жинағыш тоғандар, булану алаңдары және сузу алаңдары. Бұл обьектілер сарқынды суларды табиғи тазартуға және қоршаған ортаның ластануына жол бермеуге арналған техникалық құрылыштар болып табылады. Өздерінің жинақтағыштары жоқ, кәсіпорындар тазарту және кәдеге жарату үшін су ағындарын мамандандырылған компанияларға береді. Экологиялық заңнамада белгіленген ағызылатын су сапасының нормативтеріне сарқынды суларды тазартудың механикалық және биологиялық әдістерін пайдалану есебінен қол жеткізіледі. Бірақ жерусті табиғи су қоймаларына ағынды суларды ағызу жүзеге асырылмайды.

«Атырау МӘЗ-і» ЖШС

Қазіргі уақытта TAZALYQ жобасы «АМӘЗ» ЖШС жузеге асыратын негізгі табиғат қорғау іс-шараларының бірі болып табылады. Бұл жоба өндірістік алқаптарын, механикалық және биологиялық тазарту құрылыштарын қайта қалпына келтіруді және соңғына дейін тазарту қондырғысын салуды көздейді.

Механикалық тазарту құрылыштарын қайта құрудың бірінші кезеңі бойынша көптеген нысандар салынды. Жаңа механикалық тазарту құрылыштарының арқасында Жайық өзенінен су алу 10%-ға төмендейді, ал тазартылған зауыт ағындыларының

15%-ы зауытта қайта пайдалануға бағытталады. Қазіргі уақытта мұнай шламын алдын ала тазарту және сузыздандыру блоктарының құрылым-монтаждау жұмыстары жүргізілуде. Екінші кезең аясында орташаландырығыш блоктар мен флотация блогы салынады.

Сонымен қатар, ауданы 860 гектар «Сасық сай» булану алқаптарын қалпына келтіру жұмыстары жүргізілуде. Бұғынгі таңда аландардың қалалық және зауыттық бөліктегі арасында қоршау бөгеттің құрылышы және алаңдарды төрт секторға бөлөтін бөгеттердің құрылышы толық аяқталды.

2021 жылдың маусымында АМӘЗ бен Еуропалық қайта құру және даму банкі 80 млн долларға дейінгі сомаға TAZALYQ жобасын қаржыландыру туралы келісім жасасты. Бұл жобаны іске асыру зауытта ағынды суларды тазарту бойынша заманауи жасыл технологияларды енгізуге мүмкіндік береді.

Маңғыстау облысының Кендірлі демалыс аймағы ауданында су тұщыту қондырғыларын салу

ҚМГ Кендірлі демалыс аймағында магистральды құбыры бар, қуаты тәулігіне 50 мың м³ теңіз суын тұщытуға мүмкіндік беретін зауыт салу жобасын іске асыруда. Жобаның мақсаты - су тапшылығын жою үшін Жанаөзен қаласының тұрғындарын ауыз сумен қамтамасыз ету және «Астрахань-Маңғышлак» магистральды су құбырына жүктемені азайту. Қазіргі уақытта жобаны іске асыру 2021-2024 жылдарға жоспарланып отыр.

«Қаражанбасмұнай» АҚ

Бұғынгі таңда Қаражанбас кен орны «Астрахань-Маңғышлак» су құбырынан су алады. Бұл су көзі жаңа өндірістерді толық іске қосуға

байланысты компанияның суға деген қажеттілігін өтемейді. Бұл мәселені шешу үшін 2019 жылдың қыркүйегінде қабат суын тұщыту зауытын салу ұсынылды.

Қазіргі уақытта зауытта құрылым-монтаждау жұмыстары 72%-ға орындалды. Қойнау су бойынша өндеу қуаты 42,5 мың м³, тұщытылған су өндіру - 17 мың м³, дайындалған су - тәулігіне 25,5 мың м³ құрайды. Зауыттағы су тазартудың бес дәрежесінен өтеді және нәтижесінде ауызсуға жақын болып шығады. Осылайша, кен орны «Астрахань-Маңғышлак» су құбырынан алатын 17 мың м³ суды тұрғындарға босатып береді.

Фимараттың құрылышы және гидравликалық сынақтардан сәтті өткен болат резервуарлардың құрылышы аяқталды.

[ҚМГ іске асырылатын жобалар және су пайдалану туралы барынша толық ақпарат Тұракты даму туралы есебінде көрсетілген.](#)



ҚМГ компаниялар тобының суды және су ресурстарын басқару жөніндеңдеректер 2020 жылдың қорытындылары бойынша Су қауіпсіздігі жөніндегі сауалнама шеңберінде CDP алаңында жарияланды. 2021 жылғы ақпарат 2022 жылғы 3-тоқсанда жарияланатын болады.

Толық ақпаратты ҚМГ-ның ашық көздерде жарияланған есептерінен мына сілтеме бойынша алуға болады:

[2020 жылға арналған су қауіпсіздігі бойынша CDP сауалнамасы](#)





Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау

9 ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ,
ИННОВАЦИЯЛАР ЖӘНЕ
ИНФРАКҮРҮЛІМ



«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және оның ЕТҰ өндірістік қызмет нәтижелеріне, еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы қауіпті өндірістік факторлардың алдын алуға қатысты қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына басымдық белгілейді.

ҚМГ компаниялары тобының еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы саясаты жоғары басшылықтың еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік

мәселелеріне қатысты бейілділігіне негізделген және әрбір қызметкерді қауіпсіздік мәдениетін дамытуға тартуға бағытталған. Компания мен оның ЕТҰ басшылығы жазатайым оқиғалар мен аварияларға, алкоголь, есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен олардың аналогтарын пайдалануға және жол-көлік оқиғаларына байланысты шығындар мен залалдарға қатысты мүлдем төзбеушілік қафидатын ұстанады. Компания ұлттық заңнамалардан басқа, халықаралық және ұлттық стандарттардың талаптарын сақтауға міндеттенеді. Компания әлемдік стандарттар мен озық тәжірибелерге сәйкес өндірістегі қауіпсіздіктің жоғары деңгейін қамтамасыз ету бойынша жұмысты жалғастыратын болады.

2021 жылдың негізгі көрсеткіштері

ҚМГ республиканың ең ірі өнеркәсіптік көсіпорындардың бір ретінде қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге және Компанияның өндірістік объектілері жұмыс істейтін аудандарда тұратын персонал мен халықтың денсаулығын сақтауға көп көңіл бөледі. Біздің қызметкерлер Компания еңбек қызметі үшін қауіпсіз жағдайлар жасайтынын және жұмыс орнында еңбекті қорғауды қамтамасыз ету үшін ең жоғары стандарттарды енгізетінін атап айтады.

2021 жылдың қорытындысы бойынша еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғалардың саны өткен жылмен салыстырғанда

7%-ға төмендеді (2020 жылғы 30 жағдайдан 2021 жылы 28-ге дейін), зардал шеккен қызметкерлердің саны өткен жылғы деңгеймен бірдей.

2021 жылы еңбек қызметіне байланысты өліммен аяқталған бір жазатайым оқиға орын алды, онда үш қызметкеріміз қайтыс болды (Румыниядағы «Петромидия» МӘЗ-дегі өрттің салдарынан).

Жол-көлік оқиғаларының саны 57%-ға өсті (2020 жылғы 14 оқиғадан 2021 жылы 22-ге дейін), өткен жылдағыдай өрт саны – алты.

Өндірістік процестердің қауіпсіздігін басқару

2021 жылдан бастап Компанияда ҚМГ-ның өндірістік объектілеріндегі өндірістік процестердің қауіпсіздігін басқару жүйесі кезең-кезеңімен өнгілуде, ол ірі апatty оқиғалардың (авариялар, инциденттер, өрттер және жазатайым оқиғалар), соның ішінде:

- активтер мен технологиялық жабдықтардың тұтастығын сақтау;
- Қазақстан Республикасының заңнамалық талаптарына, салалық стандарттарға, өндірістік процестердің қауіпсіздігін басқару салындағы үздік әлемдік практикалар мен тәсілдерге (IOGP, OSHA) сәйкес қауіпсіз операциялық қафидаларды, нормалар мен рәсімдерді белгілеу;
- технологиялық тәуекелдерді анықтау және олардың алдын алу және жеңілдету бойынша тиісті шараларды қолдану;
- Компания қызметкерлері мен халықтың өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, қаржылық және құқықтық салдарға, мүлік пен активтерге, бедел мен имиджге байланысты залалдар мен шығындарды болдырмау.

Компания инженерлік және басқару элементтерінің үйлесімі тиімді әрі технологиялық жабдықтың герметикалығын жоғалтына байланысты ірі апatty оқиғалардың алдын алуға және соның салдарынан конструкциялардың құлауы, жарылыстар, өрттер, булдіргіш шығарындылар мен қауіппі

ЕК және ӨК негізгі көрсеткіштері

	Өлшем бірлігі	2019	2020	2021	2021/2020 ауытқу	%
Жазатайым жағдайлар	Жағдай	39	30	28	-2	-7
Жазатайым жағдай кезінде зардал шеккендер	Адам	46	32	32	0	-
Жол-көлік оқиғалары	Оқиға	36	14	22	+8	57
Өрттер	Оқиға	9	6	6	-	-

Жазатайым оқиғалар мен өлімге әкелген жағдайлардың коэффициенті

Көрсеткіш	2019	2020	2021	IOGP ¹
Жұмыс уақытын жоғалтумен жазатайым оқиғалар коэффициенті, 1 млн адам-сағатқа шаққанда	0,34	0,29	0,31	0,20
Өлім жағдайларының коэффициенті, 100 млн адам-сағатқа шаққанда	1,48	0,0	2,93	0,56

заттардың (химиялық заттар, мұнай және мұнай өнімдері) төгілүіне жол бермеуге бағытталғанына сенімді. Бұл инженерлік және басқару элементтері жұмыс орнындағы қауіпсіздікті басқару үшін қажет етілетін талаптардан асып түседі, өйткені олар адамдарға, мүлікке және қоршаған ортаға әсер етеді.

Өндірістік процестердің қауіпсіздігін басқару жүйесінің мониторингін жүргізу және талдау мақсатында, Компанияда тиімділіктің түпкілікті көрсеткіштері қолданылады:

- Бақылауға, нақты тұтастықты тіркеуге, жүйедегі іркілістерді, оқиғалар санын тіркеуге мүмкіндік беретін кешіктірілетін индикаторлар;
- Кедергілердің құрайтын қорғау және бақылау жүйелері мен тетіктерінің жұмысқа қабілеттілігін бағалауды жүргізуге мүмкіндік беретін көрсеткіштерді жүйелі түрде өлшейтін озық индикаторлар.

Көлік қауіпсіздігі

ЖКО статистикасы бойынша Компанияға тәуелді емес оқиғалардың туындау қаупінің факторлары бар екенін атап ету қажет. Осындағы факторлардың бірі - көлік құралдарының үлкен саны, ол бүкіл Компания бойынша 11 мыңдан астам бірлікті құрайды. Екінші фактор - Қазақстан Республикасының барлық

аумағында шашыраңқы орналасқан Компанияның еншілес үйымдарының географиялық орналасуы, сондай-ақ олардың үшінші тараптың кінәсінан ЖКО-ның туындау қауіп жоғары болатын ірі қалалар мен елді мекендерде орналасуы. Мысалы: 2021 жылы орын алған 22 ЖКО-ның 41%-ы үшінші тараптың кінәсінан болған ЖКО-ға жатады.

ЖКО-ның туындау тәуекелін төмендегу мақсатында, Компанияда көлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша келесі шаралар кешені орындалды.

- Көлік құралдарын қауіпсіз пайдалану шенберінде, сондай-ақ Компания қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығын сақтау үшін "Еншілес үйымдардағы ЖКО-ның алдын алу тізбесі жөніндегі іс-шаралар жоспары" бойынша ұсынымдар жолданды.
- Кестеге сәйкес, жүргізушілерге ҚР Жол қозғалысы қағидалары және Компанияның жерусті көлік құралдарын қауіпсіз пайдалану жөніндегі саясаты мен регламентінің өзектендірлген корпоративтік құжаттары бойынша білімі тексеріліп, оқыту курстары өткізілді.
- Көлік қауіпсіздігі деңгейін арттыру мақсатында, 2021 жылдың наурызында Компания мен мердігерлік

¹ 2020 жылға арналған IOGP қолжетімді көрсеткіштері (<https://www.iogp.org/>).

ұйымдарда "Қауіпсіздік белдігі" атты профилактикалық іс-шарасы өткізілді.

- Компания мен еншілес ұйымдардың қызметкерлері арасында әне қауіпсіз жүргізу мәдениетін насиҳаттау және хабардарлықты арттыру мақсатында 2021 жылдың қыркүйегінде "Автокөлік құралдарын қауіпсіз жүргізу" тақырыбына бейнеролик түсіру жүзеге асырылды.
- Құзігі-қыскы кезеңнің басталуына және ЖКО жағдайларының маусымдық үлғауына байланысты жоғары тәуекелге байланысты 2021 жылдың қарашасында "Қыскы кезеңдегі қауіпсіз жол қозғалысы" атты профилактикалық іс-шаралар жүргізілді.
- "Ембімұнайгаз" АҚ-да "Сапарларды басқару" деген пилоттық жоба жүзеге асырылды.

Сонымен бірге, 2022 жылы ОРITO, ROSPA және т.б. халықаралық аккредитациялары бойынша Defensive driving бағдарламасы бойынша Компанияның қызметкерлері (көлік қауіпсіздігі/жол қозғалысы қауіпсіздігі жөніндегі инженерлер) қатарынан жаттықтырушыларды даярлау және оқыту жоспарлануда.

Әрт қауіпсіздігі

2021 жылы ҚМГ компанияларының тобы бойынша алты әрт болды (2020

жылды өрттер саны осында), оның ішінде екі ірі өрт - адам шығынмен (үш адам қаза тапты және біреуі зардап шекті) және елеулі материалдық шығынмен болды.

Өрттердің туындау себептері мен мән-жайларын тексеру қорытындылары бойынша мынадай негізгі жүйелі себептер анықталды:

- жоғары басшылық пен желілік менеджерлердің әлсіз бейілділігі мен көшбасшылығы;
- қауіпсіздік мәдениеті мен басшылар/жаупатты қызметкерлер құзыретінің төмен деңгейі;
- өнеркәсіптік және әрт қауіпсіздігі жөніндегі іс - шаралардың жеткіліксіз қаржыландырылуы;
- сәйкес келмейтін тәуекелді бағалау және кедергілерді бағақару;
- жатақханалар мен вахталық кенттерде әрт болған жағдайда, адамдарды эвакуациялау бойынша оку-жаттығуларды сапасыз өткізу.

Әрт пен жанудың алдын алу және оларды болдырмау үшін Компанияда әрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша тәмендегідей алдын алу шаралары қабылданды:

- Орын алған ірі өрттерден кейін «Компаниядағы өрттердің алдын алу және оларды болдырмау жөніндегі іс-шаралар» деруе орындауға жіберілді. Бұл ретте өндірістік объектілерде, сондай-ақ

вахталық кенттерде өрт-тактикалық оқулар мен оқу-жаттығуларды өткізуге ерекше назар аударылды.

- Еншілес ұйымдар ұсынған есептерді талдау қорытындысы бойынша 2021 жылдың қарашасы мен желтоқсанында Компанияның барлық бизнес-бағыттары бойынша жатақханалар мен вахталық кенттерде өрттердің алдын алу және оларды болдырмау жөніндегі іс-шаралардың орындалуына ішінара тексерулер жүргізілді.
- Әрт қауіпсіздігі талаптарының сақталуын бақылауды күшейту, Компанияның өрттерге жедел ден қою және оларды жоюға әзірлігін арттыру мақсатында қысқа мерзімді, орта мерзімді және ұзак мерзімді, сондай-ақ Компанияның объектілерінде әрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі профилактикалық іс-шараларды қөздейтін 2022-2024 жылдарға арналған кешенді жоспар әзірленді және бекітілді.
- ҚМГ компанияларының тобына кіретін ұйымдардың өрттердің алдын алуға және оларды сөндіруге дайындығын тексеру және бағалауды жүзеге асыру қағидалары Қазақстан Республикасының әрт қауіпсіздігі саласындағы заңнамасының, ҚМГ компанияларының тобындағы ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы



менеджмент жүйесі жөнін-дегі нұсқаулықтың талаптарын, халықаралық стандарттар мен IOGP ұсынымдарын ескере отырып өзектендірілді және қайта бекітілді.

- Әртке қарсы насиҳат және қызметкерлердің хабардарлығын арттыру мақсатында қызметкерлер мен келушілерге арналған әртқауіпсіздігі бойынша жаднама әзірленді, сондай-ақ Компанияның офисінде 2021 жылдың 4 қазаны мен 4 қарашасы аралығында әртқауіпсіздігі айлығы өткізілді.
- Жаңа жылдық мерекелер мен ұзақ демалыс күндері әрттер мен әрттердің туындау тәуекелін төмendetу мақсатында және 2021 жылдың желтоқсандына Компанияның барлық бизнес-бағыттары бойынша өндірістік объектілерде, сондай-ақ вахталық кенттерде әрт және электр қауіпсіздігі талаптарын сақтау бөлігінде қосымша шаралар қабылдау қажеттілігі туралы хат жолданды.

2022 жылға Компанияда өнеркәсіптік және әртқауіпсіздігін арттыруға бағытталған мынадай бастамалар жоспарланған:

- Rompetrol-ға сырттан мамандандырылған компанияны тарта отырып, HAZOP талдау бойынша жаңа тәсілдерді енгізу;
- «Самұрық-Қазына» АҚ қолдауымен Risk Based Inspection (RBI) әдісімен әлеуетті қауіппі объектілер мен жабдықтарды анықтай отырып, тәуекелдерге кешенді бағалау жүргізу;
- Компанияның еншілес үйымдағына қолдау қорсету шенберінде өндірістік процестердің қауіпсіздігін/тосқауылдарды басқару негіздері бойынша анықтамалық құрал әзірлеу;
- Компания Басқармасының төрағасы бекіткен 2022-2024 жылдарға арналған әртқауіпсіздігі саласындағы кешенді жоспардың қысқа мерзімді іс-шараларын іске асыру;

• Мердігерлік үйымдарды басқару процесінің аясында Компанияның объектілеріндегі мемлекеттік емес өртке қарсы қызметтердің өрттің алдын алуға және сөндіруге дайындығын тексеруді және бағалауды жүргізу.

ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы менеджмент жүйесін жетілдіру

Жерусті көлік құралдарын пайдалану және қызмет көрсету кезінде қызметкерлердің өмірі мен денсаулығын сақтау, жол-көлік оқиғаларының алдын алу және олардың зардаптарының ауырлығын азайту үшін «ҚазМұнайГаз» ҮК АҚ жерусті көлік құралдарын қауіпсіз пайдалану саласындағы саясат өзектілendірілді және бекітілді, сондай-ақ ҚМГ компаниялары тобында жерусті көлік құралдарын қауіпсіз пайдалану регламенті өзектілendірілді және бекітілді. Барлық ЕТҰ-да жерусті көлік құралдарын қауіпсіз пайдаланудың ұқсас саясаты мен регламентіне бастамашылық етілді және бекітілді. Сондай-ақ, осы саясат пен регламенттің талаптары электрондық пошта және (немесе) нұсқаулық арқылы түсіндіріліп, барлық қызметкерлердің назарына жеткізілді.

«ҚазМұнайГаз» ҮК АҚ компанияларының тобында ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы мердігерлік үйымдармен өзара іс-қымыл жөнін-дегі корпоративтік стандарт әзірленді және бекітілді.

«ҚазМұнайГаз» ҮК АҚ-ның өңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы саясаты әзірленді және бекітілді.

«ҚазМұнайГаз» ҮК АҚ әкімшілік ғимараттарындағы әртқауіпсіздігі шаралары туралы жұмыс нұсқаулығы әзірленді.

«ҚазМұнайГаз» ҮК АҚ компаниялар тобының мердігерлік үйымдарында ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласында бағалау, талдауды жүргізу және тәуекелдерді төмendetу мақсатында тоқсан сайынғы негізде ҚМГ Директорлар кеңесіне мердігерлік үйымдар жол берген бұзушылықтарға, оның ішінде ӨҚ, Ежқоқ саласында оларға ұсынылған айыппұл санкцияларына қатысты есеп жасақталады.

ЕҚОҚ саласындағы әрттің шыққаны және елеулі инциденттер туралы жедел хабарлама «ҚазМұнайГаз»

Жобаның мақсаты үздік халықаралық тәжірибе, заманауи цифрлық шешімдер және процестерді автоматтандыру негізінде қауіпсіз жүргізу мәдениетін құру арқылы көлік қауіпсіздігін арттыру болып табылады. Жоба барлық жерусті көлік операцияларына қатысты жол жүру қауіпсіздігін басқаруға қойылатын талаптарды біріздендіруге, негізгі метрикаларға орталықтандырылған бақылауды үйымдастыруға және талдамалық есептер мен корпоративтік көрсеткіштерді енгізу арқылы автокөлікті тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

ЕМГ объектілерінде осы жобаның бірінші кезеңін іске асыру аяқталды – автокөлік құралдарына арналған мониторингтің бірыңғай жүйесі енгізілді. 2022 жылдың 1-ші тоқсандына жоспарланған екінші кезең «маршруттан ауытқуды бақылау» бөлігінде функционалдың кеңеюін және мердігерлік компаниялардың автокөлік құралдарына мониторинг жүргізудің бірыңғай жүйесіне қосылуды қамтиды.

2022 жылы көлік қауіпсіздігінің жай-куйін жақсартуға, ЖКО-ны қысқартуға, ақылды жоспарлау мен есепке алуға, сондай-ақ көлік құралдары мен ЖЖМ тиімділігін бақылауға және мақсатты пайдалануға бағытталған «Сапарларды басқару» жобасын тарату жоспарлануда.



ҰК АҚ Директорлар кеңесіне жолданады.

Тергеу аяқталғаннан кейін, тікелей және түпкілікті себептерін, материалдық залалдың мөлшерін көрсете отырып, тергеу актісін, оқыс оқиғаға жол берген қызметкерлерге тәртіптік жаза қолдану туралы бұйрықтардың, сондай-ақ тергеу қорытындылары бойынша енгізілген өзгерістер және осындай оқиғалардың қайталануына жол бермеу туралы құжаттарды қоса алғанда, тиісті материалдар ҚМГ Директорлар кеңесіне жіберіледі.

Өндірістік санитария және еңбек гигиенасы


Қазақстан Республикасы заңнамасының және қызметкерлердің денсаулығын сақтау, өндірістік санитария және еңбек гигиенасы саласындағы халықаралық стандарттардың талаптарына сәйкес, Компанияда денсаулық сақтау және еңбек гигиенасы мәселелерін басқару жүзеге асырылады. Өндірістік процеске қарамастан, ҚМГ өз қызметкерлерінің денсаулығын сақтау және оларды сауықтыру бойынша белсенді саясат жүргізеді.

2020 жылмен салыстырғанда, ЕТҰ қызметкерлерінің арасында жарақаттанумен байланысты емес өлім-жітім саны жетіге немесе 87,5%-ға артты. Негізінен, үлкен көрсеткіштік қызметкерлердің жүрек-қан тамырлары аурулары мен коронавирустық инфекциядан асқынулардың болуына байланысты өсті.

2021 жылдың желтоқсанында ҚМГ Корпоративтік орталықтың қызметкерлері үшін жүрек-өкпе реанимациясын көрсету бойынша оқыту үйімдестірылды. 15 қызметкер «AIMED» халықаралық қәсіби дамыту орталығы ЖШС-ның «Жүрек-өкпе реанимациясының базалық курсынан» өтті.

Жол картасы аясында қызметкерлердің денсаулығын басқару тиімділігін арттыру үшін ҚМГ компанияларының тобында 2021 жылдың маусымында жұмыс тобы құрылды, оған екі медициналық сарапшы тартылды. Жол картасын жүзеге асыру үшін ҚМГ компаниялар тобының қызметкерлері «Қазгермұнайгаз»; «Ембімұнайгаз»; «ҚазТрансОйл»; «АМӘЗ»; «Қазакойл Ақтөбе»; «ҚазАктүрікмұнай» сияқты еншілес мекемелерге барып медициналық қызмет көрсету мәселелері бойынша талдау жүргізді. «Қызметкерлердің денсаулығын басқару» бағдарламасын әзірлеу бойынша жұмыс жүргізілді. Үлкен қызметкерлердің 2022-2031 жылдарға арналған стратегиясына кірді. Атальмыш құжат аясында үш

Жарақат алушынан байланысты емес өлім жағдайларының саны



негізгі бағыт іске асырылады: пандемиямен және оның салдарымен күрес; қасіптік аурулардың алдын алу; қызметкерлердің салауатты өмір салты туралы хабардар болуын және уәждемесін арттыру. Қазіргі уақытта Бағдарлама ҚМГ компаниялар тобының мүдделі департаменттерімен келісу сатысында.

Бекітілген жоспарға сәйкес 2021 жылы төмендегідей іс-шаралар өткізілді:

1. ЕТҰ-да денсаулық сақтау және еңбек гигиенасы бағыты бойынша жауапты қызметкерлер тағайындалды;
2. қызметкерлердің денсаулық жағдайын ауысым алдындағы бақылауға және оларды жұмыстырындаға жіберуге қатысты шаралар күштейтілді;
3. қызмет көрсететін медициналық үйім жағдайында созытмалы жүрек-қан тамырлары аурулары бар қызметкерлерді динамикалық бақылаудың сақталуын қадағалау қамтамасыз етіледі;
4. медициналық пункттердің қызметкерлері ауысым алдындағы медициналық тексеру жүргізу үшін барлық қажетті жабдықтармен жарақтандырылған;
5. тәуекел аймағындағы қызметкерлердің жас тобын айқындау үшін еңбек жағдайларын бағалау және тәуекелдерді бағалау жүргізіледі, қызметкерлердің денсаулығына әсер ететін қауіпті және зиянды өндірістік факторларды



төмендегу бойынша шаралар қабылданады;

- аурудың өршүі кезеңіндегі емдеу іс-шараларын, сондай-ақ олардың алдын алу жөніндегі емдеу шараларын қамтитын жүрек-кан тамырлары ауруларының бастапқы профилактикасын жүргізу жөніндегі шаралар қүшеттілді.

ҚМГ-ның негізгі құш-жігері ауыр жұмыстарда және еңбек жағдайлары зиянды және қауіпті жұмыстарда істейтін қызметкерлерге міндетті алдын ала (жұмысқа орналасу кезінде) және мерзімді медициналық тексерулер (зерттеулер) жүргізуді қоса алғанда, шарттық міндеттемелердің шенберінде мамандандырылған үйымдар көрсететін медициналық қызметтердің сапасын арттыруға бағытталған.

ҚМГ компаниялар тобында кәсіптік ауру жағдайлары тіркелген жок,

COVID-19 коронавирустық инфекциясының таралуына жол бермеу бойынша орындалған жұмыс және қабылданып жатқан шаралар туралы ақпарат

COVID-19 (бұдан әрі – КВИ) коронавирустық инфекция пандемиясы басталғалы, ҚМГ компанияларының тобында КВИ-мен күресуде пайдалы тәжірибе жинақталған. Бұл ретте, пандемияның бүкіл кезеңінде өндірістік процестерді тоқтатуға жол берілген жок.

Пандемия басталғаннан бері 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша компаниялар тобының қызметкерлері арасында КВИ жүқтірудың 5972 жағдайы (зертханалық растаусыз ковидті пневмония жағдайларын қоса алғанда) және КВИ мен пневмониядан қайтыс болған 119 жағдай (2020 жылы - 96 / 2021 жылы - 23) тіркелді.



КВИ ауруының алдын алу және оның таралуын барынша азайту, сондай-ақ өндірістік процестерге тиетін әсерді азайту мақсатында, компаниялардың тобы бойынша эпидемияға қарсы іс-қимыл бойынша барлық қажетті үйымдастыру іс-шаралары жүргізіледі және тиісті кешенді шаралар қабылданады, оның ішінде:

- ҚМГ-ның корпоративтік орталығы деңгейінде дағдарыс жағдайларын басқару жөніндегі командамен және ҚМГ еншілес үйымдарындағы жедел штабтардың ахуалға тұрақты мониторингті және бақылауды жүргізеді және КВИ анықтау кезінде іс-қимыл алгоритмдерін іске қоса отырып, КВИ таратпау жөнінде қажетті басқарушылық шешімдер қабылданады, сондай-ақ қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету және бизнес-процестерді қалпына келтіру жоспарлары әзірленді;
 - қайта вахталау алдында мердігерлермен бірге барлық ауысымдық персоналдың КВИ-ге зертханалық тексеру жүргізіледі және ЕТҰ
- қызметкерлерін жаппай тестілеу бойынша жұмыс жолға қойылды, қызметкерлердің аурудың қауіптілігін түсіне отырып және эпидемиологиялық сақтау шараларын сақтай отырып, пандемияға деген көзқарас қалыптастырылды;
- бұкараптасып іс-шараларды өткізуге шектеулер жалғасуда;
 - персоналды қорғау және дезинфекциялық өндөу үшін қажетті көлемде жеке қорғаныс құралдарымен және дезинфекциялық құралдармен қамтамасыз ету жүзеге асырылады;
 - ауырғандар құдікті немесе анықталған кездегі іс-әрекеттер бойынша іс-шаралар енгізілді, барлық қызметкерлерге КВИ симптомдарының алғашқы белгілері немесе оң тест нәтижелері, сондай-ақ тест нәтижелерін жасыру немесе бұрмалай және карантиндік режимдерді бұзы үшін жауапкершілік туралы дерек хабарлау туралы ескертілді;
 - КВИ-дің алдын алу және эпидемияға қарсы шараларды сақтау үшін қызметкерлер арасында



алдын алу шаралары (антисептиктірді қолдану, маскаларды пайдалану, әлеуметтік қашықтықты сақтау және температураны өлшеу), санитариялық-гигиеналық және дезинфекциялық жұмыстарды жүргізу бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстары тұрақты негізде жүзеге асырылады;

- Қызметкерлер арасында ошактық аурулар туындаған жағдайда өндірісте жұмылдырылған персонал санын азайтып немесе резервтік бригадаларды жұмысқа енгізе отырып, карантиндік режим енгізіледі, сондай-ақ бұл мүмкін болған жерде, персонал қашықтықтан форматка ауыстырылады.

Жалпы, ҚМГ компанияларының тобы бойынша эпидемияға қарсы іс-қымыл жәніндегі белгіленген регламенттерге сәйкес профилактикалық іс-шаралар кешенін және қүшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді жүргізу жалғасуда.

Вакциналау жәніндегі мемлекеттік науқаның бағталуымен қызметкерлерді вакциналауды ұйымдастыру және ынталандыру жәніндегі іс-шаралар жоспары енгізілді, оған сәйкес ұжымдық иммунитетті қалыптастыру және компаниялар тобының өндірістік объектілерінің тұрақты үздіксіз қызметтің қамтамасыз ету үшін вакциналаудың маңыздылығын түсіндіру бойынша белсенді ақпараттық жұмыс жүргізілуде.

ҚМГ компаниялар тобының қызметкерлері вакцинаны тұрғылықты жері бойынша емханалардан және жеке медициналық мекемелерден алады. Бұл үшін ҚМГ кәсіпорындағына барлық қажетті жағдайлар жасалған: вакцинация пункттері орталық оғистерде, кен орындарындағы мамандандырылған пункттерде және медициналық орталықтарда ұйымдастырылған.

Көбіне қызметкерлер вакцинация науқаның жүргізуге он көзқараспен қарайды және оған белсенді қатысада. Екі компоненттің әрқайсысын

алған кезде барлық қызметкерлерге ақылы демалыс күндері беріледі.

Бұл ретте, санитарлық дәрігерлердің қолданыстағы қаулыларына сәйкес вакцинаның екі компонентін алған қызметкерлер ПТР-тесттен өтпей кен орындарына көдергісіз жіберіледі.

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ҚМГ компаниялар тобында 50 мың қызметкер (жалпы санының 76%) вакциналанды, оның ішінде 48 мың (73%) вакциналаудың толық курсын алды.

Сондай-ақ ЕТҰ-да, ҚМГ әкімшілік ғимаратындағы сияқты қызметкерлердің жұмысқа кіру «Ashyq» қосымшасы арқылы жүзеге асырылады. Корпоративтік орталықта ҚБЖ жүйесінің (өткізу жүйесі) «Ashyq» ақпараттық жүйесімен интеграциясы сәтті іске асырылды («қызыл» немесе «сары» мәртебесі бар адамдарға кіру рұқсаты ҚБЖ жүйесімен автоматты түрде бұғатталады, мәртебесі «жасыл» немесе «көк» болып өзгерген кезде кіруге рұқсат беріледі).



Персоналды дамыту

Әлеуметтік жауапкершілік

ҚМГ корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік кодексі Компанияның Даму стратегиясына сәйкес өзірленді, оның мақсаты еңбек ұжымдарында әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету, қызметкерлерге әлеуметтік қолдау шаралары, көрсету, қызметтің жүргізетін өнірлерді дамытуға үлес қосу, әлеуметтік серіктестікі және адами капиталды дамыту болып табылады.

Жұмыс берушілер мен еңбек ұжымдары арасындағы жұмыс істеп тұрған ішкі коммуникациялар жүйелері, жергілікті атқарушы органдармен, кәсіподактармен өзара іс-қимыл жасау және еңбек ұжымдарымен тен құқықты ұжымдық келіс-сөздер Компанияның әлеуметтік жауапкершілігінің негізгі міндеттерін орындауды қамтамасыз етеді.

Компания Қазақстан Республикасында қолданылатын заңнамалық және нормативтік

құқықтық талаптарды, сондай-ақ мұнай компанияларының қызметтің реттейтін халықаралық зандар мен шарттарды сақтайды, экономикаға, қоршаған ортаға және қоғамға тигизетін әсері үшін, ұзақ мерзімді кезенде ұзақ мерзімді құнның өсуі және орнықты дамуы үшін акционерлер, жұртшылық пен инвесторлар алдындағы өзінің жауапкершілігін сезінеді. Компанияның барлық қызметкерлері қауіпсіз және салauатты еңбек жағдайларына, олардың Компанияға қосқан үлесін мойындауға және тиісті бағалауға, олардың кәсіби дағдыларын дамытуға жәрдемдесуге, олардың жұмысының саласы мен тиімділігін ашық және конструктивті талқылауға құқылы. Компания үлттық, национальный, діни белгілері, жасы, жынысы, саяси наимдары немесе басқа белгілері бойынша кемсітүге жол бермейді. ҚМГ меритократия, әділдік және обьективтілік қағидаттарын ұстанады, әрбір қызметкерге жаңа жетістіктер үшін онтайлы жағдай жасайды және

әркімнің Компанияның қызметтіне қосқан үлесін әділ бағалайды, қызметкерлердің барлық денгейлерде түсіністік, қызығушылық және қолдау мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді.

«ҚазМұнайГаз» ҮК АҚ-ның 2022-2031 жылдарға арналған даму стратегиясына сәйкес, ҚМГ-де ҚМГ тобы қызметкерлерінің деңсаулығын сақтау және өмір сүру сапасын арттыру мақсатында ҚМГ тобы персоналдың деңсаулығын басқару жөніндегі бағдарлама жасалады, оның негізгі үш басымдықты бағыттан тұрады:

- кәсіби аурулардың алдын алу;
- қызметкерлердің салуатты өмір салтына ынталыс және ақпарат алуын арттыру;
- пандемияға қарсы және оның салдарымен құрес.

«Кәсіптік аурулардың алдын алу» бағыттарының бірін іске асыру шенберінде ҚМГ компаниялары

тобының қызметкерлерінің сырқаты туралы мәліметтерді толық есепке алу мақсатында. ҚМГ-ның №3 және №4 Еңбекті қорғаудың акпараттық жүйесінің есептік нысандарын оңтайландыру және жаңа тармақтарды, соның ішінде «Көсіптік улану мен аурулар» деген жаңа бағытын енгізу жоспарлануда. Қазіргі уақытта бұл тармакпен аталған акпараттық жүйенің әзірлеушілері жұмыс істеп жатыр.

2021 жылы ҚМГ-ның орнықты даму саласындағы қызметіn Sustainalytics рейтингтік агенттігі халықаралық деңгейде бағалады. 2021 жылғы рейтингтің әлеуметтік құрамадас бөлігі 72 балға (2020 жылы 70 балл) бағаланды. ҚМГ сала бойынша әлемдегі 251 компанияның ішінде 16-шы позициясын иеленеді. Бұл Компанияның әлеуметтік жауапкершілік саласындағы айтартлықтай жоғары көрсеткіштерін көрсетеді.

Әлеуметтік тұрақтылық

ҚМГ қызметкерлердің өкілдерімен конструктивті диалог жүргізу арқылы кәсіпорындарда әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етуге үмтүлады және түрлі наразылық акцияларының болмауына үмтүлады. Бірыңғай әлеуметтік саясатқа сәйкес іске асырылатын іс-шараларды қоса алғанда, әлеуметтік тұрақтылықты қолдау мақсатында тұрақты негізде кешенді жұмыс жүргізіледі. Оның ішінде ETY-дағы әлеуметтік тұрақтылық деңгейін арттыру жөнін-дегі жоспарлы іс-шаралар, әлеуметтік тұрақтылық индексін зерттеу, ішкі коммуникацияларды белсенді түрде пайдалану, мердігерлік үйымдармен жұмыс және т. б.

Кәсіпорындарда әлеуметтік тұрақтылықты қолдау мақсатында «ҚазМұнайГаз» ҰҚ АҚ-ның еншілес және тәуелді үйымдарында әлеуметтік тұрақтылық деңгейін арттыру бойынша 2020-2021 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары іске асырылуда.

Аталған жоспарды әзірлеу кезінде "Самұрық-Қазына" АҚ әлеуметтік өзара іс-кимыл және коммуникациялар орталығы ҚМГ-ның барлық ірі ETY-ларында жүргізетін Samruk Research Services¹ зерттеулерінің нәтижелері қолданылады.

Компаниядағы Samruk Research Services интегралдық көрсеткіші 2021 жылы 79%-ды құрады.

Қатысу индексі барлық дерлік ETY-да 83%-ды құрады, қолайлар немесе тұрақты жағдай байқалады. Бұл көрсеткіш зерттеулер жүргізу тарихындағы ұқсас мәндермен салыстырғанда ең жоғары көрсеткіштердің бірі болып табылады.

Әлеуметтік әл-ауқат индексі тұрақты болып табылады (61%). Әлеуметтік әл-ауқат индексі сыртқы экономикалық жағдайларға, табыс деңгейіне және қаржылық сауаттылықта байланысты екендігін атап өткен жөн. Әлеуметтік тыныштық индексі ұжымның әлеуметтік шиеленісінің деңгейін, наразылық әлеуетін бағалауды және наразылық акцияларға гипотетикалық дайындықтың себептерін көрсетеді. Бұл көрсеткіш 80%-ды құрады және бүгінгі таңда мәндердің рангтық шкаласына сәйкес «тұрақты» деп бағаланады.

Кәсіпорындарда әлеуметтік тұрақтылықты қолдау үшін барлық өткізілген іс-шараларға қарамастан, 2021 жылдың сырт мердігерлік үйымдардың қызметкерлері тарапынан наразылықтың 40 фактісі тіркелді. Олардың қызметкерлері тарапынан болған наразылық оқиғаларының себебі 2021 жылғы қантардағы Еңбек кодексіндегі штаттық қызметкерлердің жалақыларын тенестіру және аутстаффинг бөлігіндегі өзгерістерге байланысты ҚМГ-ның ETY мен басқа да мұнайсервис үйымдары қызметкерлерінің жалақыларындағы елеулі айырмашылық болып табылды.

Мердігерлік үйымдардың талаптарын қарau кезінде ҚМГ жанжалды реттеу жолдарын (көлемдерді бөлу, тарифті ұлғайту, жұмыс берушінің ішкі ресурстарын пайдалану және т.б.) сарапал таңдады.

Нәтижесінде, қақтығыс мәселе-лерінің басым бөлігі іс жүзінде өз жұмыскерлеріне дұрыс жалақы төле-меген жұмыс берушілердің ішкі резервтерінің есебінен шешілді.

Алайда, қол жеткізілген он нәтиже-лерді тұрақтандыру үшін ҚМГ мерді-герлік үйымдар үшін жұмыс көлемін ұлғайту бойынша шешімдер қабылдады және бұл 2022 жылға арналған өндірістік бағдарламаларда ескеріледі.

ҚМГ біздің қызметкерлер мен мерді-герлер арасындағы жалақы айырмашылығын қысқарту бойынша шаралар қабылдады, тапсырыс берушілерге ұқсас сыйлықақы беру жүйесі мен кепілдендірілген әлеуметтік пакет енгізді. Нәтижесінде, мердігерлік үйымдар қызметкерлерінің жалақысы орта есеппен 30-35%-ға артты. Осы мақсатта 90 мердігерлік үйыммен 156 қосымша келісім жасалды, бұл шамамен 35 млрд теңге мөлшерінде қосымша шығындарды талап етті.

Бірақ бұл шаралар мердігерлік үйымдар қызметкерлерінің сұраныстарын толық қанағаттандырмады. 2022 жылдың басында мерді-герлік үйымдардың қызметкерлері арасында ереуілдердің екінші толқыны басталды, бұл қантар оқиғаларының аясында шиеленісе түсті. Баға белгілеудің нарықтық төтігіне көшуге байланысты, 2022 жылғы 1 қантарда болған сұйытылған газ бағасының өсуі ереуілдердің себебі болды. Сондай-ақ, ағымдағы жылдың ақланында Жаңаөзенде «Фәзенмұнайгаз» АҚ қызметкерлерінің бір бөлігі өз жұмысын тоқтатты. Жұмыскерлердің негізгі талабы - жалақыны кем дегенде 40%-ға көтеру.

¹ Samruk Research Services — қызметкерлердің көніл-куйін, олардың әлеуметтік тыныштығын және наразылық көніл-куйінің деңгейін анықтауға мүмкіндік беретін әлеуметтік зерттеу. Сонымен қатар, нақты кәсіпорындар бойынша индекс қызметкерлерді толғандыратын проблемалық мәселе-лерді анықтауға мүмкіндік береді.

ҚМГ басшылығы ӘМГ кәсіподак комитеттерінің көшбасшыла-рымен келіссөздер және еңбек ұжымдарымен кездесулер өткізді. Келіссөздер қорытындысы бойынша жағдайды тұрақтандыру, кәсіпорын-дардың үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету, сондай-ақ еңбек дауларының одан әрі ушығуына жол бермеу мақсатында 2021 жылмен салыстырғанда жалақыны 30%-ға көбейту туралы шешім қабылданды.

Қызыметкерлер саны

ҚМГ компанияларының тобы қызыметін жүзеге асыратын өнірлерде 47 мыңнан астам адамды жұмыспен қамтып отыр. 2021 жылдың соңына қарай ҚМГ компанияларының тобы бойынша қызыметкерлердің нақты саны 47 437 адам болды, оның ішінде штаттық қызыметкерлер — 44 650 адам, аутстаффинг — 2 787 адам. Қорсетілген қызыметкерлердің санында 2021 жылғы 9 қарашада негізгі акционер «Самұрық-Қазына» АҚ-ға берілуіне байланысты 11 242 адам жұмыс істейтін «ҚазТрансГаз» АҚ («QazaqGaz» ҰК АҚ) қызыметкерлері есепке алынбағанын атап өткен жөн.

Компания қызыметінің бағыты ауыр, қауіпті және зиянды еңбек жағдайларымен байланысты екенін ескере отырып, ерлердің үлесі 82%, әйелдердің үлесі - 18%-ды құрайды.

Персоналдың жалпы санындағы өндірістік персоналдың үлесі 92%, әкімшілік-басқару персоналының үлесі 8%-ды құрайды.

Жас санаты бойынша қызыметкерлердің негізгі үлесі 31-ден 50 жасқа дейінгі топта ұсынылған — 59%, бұл ретте ерлердің үлесі 81%, әйелдердің үлесі 19%-ды құрайды.

50 жастан асқан қызыметкерлер саны персоналдың жалпы санының

Қызыметкерлер саны

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2019	2020	2021
ҚМГ компаниялары тобындағы нақты қызыметкерлер саны	Адам	61 587	60 173	47 437

Санаттар бойынша қызыметкерлер санын бөлу

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2019	2020	2021
Ерлер	%	82	81	82
Әйелдер	%	18	19	18
Өндірістік персонал	%	91	92	92
Әкімшілік-басқару персоналы	%	9	8	8
31 жастан 50 жасқа дейінгі қызыметкерлер, оның ішінде:	%	58	60	59
• ерлер	%	80	80	81
• әйелдер	%	20	20	19
50 жастан асқан қызыметкерлер, оның ішінде:	%	27	28	29
• ерлер	%	82	82	81
• әйелдер	%	18	18	19
30 жасқа дейінгі қызыметкерлер, оның ішінде:	%	14	12	12
• ерлер	%	85	83	86
• әйелдер	%	15	17	14
Ашылған жұмыс орындары	бірлік	385	961	945
Орташа тізімдік санынан	%	0,6	1,6	2,1
Еңбек қатынастары тоқтатылғандар	адам	4 512	3 513	2 757
Барлық деңгейдегі басшылық құрам, оның ішінде:	%	11	11	11
• ерлер	%	83,5	82	82
• әйелдер	%	16,5	18	18
ҚМГ компаниялары тобы бойынша тұрақтамау коэффициенті	%	7	6	6

29%-ды құрайды, бұл ретте ерлердің үлесі — 81%, әйелдердің үлесі - 19%.

30 жасқа дейінгі жастардың үлесі персоналдың жалпы санының 12%-ды құрайды, бұл ретте ерлердің үлесі — 86%, әйелдердің үлесі - 14%.

2021 жылы құрылған жұмыс орындарының саны 945 бірлікті немесе орташа тізімдік санының 2,1%-ды құрайды. Есепті кезеңде еңбек қатынастары тоқтатылған қызыметкерлер саны 2 757 адамды құрады.

Барлық деңгейдегі басшылық құрамына кіретін қызыметкерлердің үлесі - қызыметкерлердің жалпы санының 11%, оның ішінде әйелдер — 18% (2020 жылы — 18%), ерлер — 82% (2020 жылы — 82%).

ҚМГ компанияларының тобы бойынша 2021 жылы тұрақтамау коэффициенті 6%-ды (2020 жылы - 6%) құрады.

Қызметін жүзеге асыратын өнірлерді дамыту

ҚМГ қызметін жүзеге асыратын өнірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосуда. Компания жергілікті басқару органдарымен белсенді өзара іс-қымыл жасайды және негізгі мұдделі тараптармен тұрақты диалогты колдайды, жас білікті мамандарды дамытуда және даярлауда белсенді жұмыс жүргізеді, ҚМГ компаниялар тобының қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсетеді, оффтейк-шарттарға қол қою арқылы отандық өндірушілерді колдауға үмтүлады. ҚМГ кәспіорындары жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар және кешенді даму жоспары шенберінде әлеуметтік маңызы бар объектілерді, спорт кешендерінің құрылышын, өнірдің әлеуметтік-экономикалық дамуын және т. б. қаржыландыруды жүзеге асырады.

ҚМГ еншілес ұйымдарының жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарында өндірістік қатысу

өнірлерін дамытуға және халықтың мұқтаж топтaryны әлеуметтік көмек көрсетуге айтарлықтай акша қаражатын бөлу көзделген, сондай-ақ облыстардың әкімдіктерімен жасалған келісімдер мен меморандумдар негізінде ҚМГ ЕТҰ қаражатты жергілікті қоғамдастықтардың қажеттіліктерін негізге ала отырып, қаражатты бөлөтін жергілікті атқарушы органдарға аударады. Сонымен қатар, ҚМГ Жаңаөзен қаласын дамытудың кешенді жоспарына сәйкес, өз міндеттемелерін уақытылы орындаиды. 2021 жылы ҚМГ тобы бойынша осы мақсаттарға 5 млрд теңgedен астам қаражат бөлінді.

Кешенді даму жоспарының аясында «Өзенмұнайгаз» АҚ Жаңаөзен қаласы әкімдігінің «Өзенинвест» МҚК коммуналдық шаруашылық обьектілерін үстап-күту қызметін кеңейту (350 жұмыс орнына дейін) бойынша шаралар қабылдау, Жаңаөзен қаласының жастары катарынан жұмысқа орналасқан азаматтар үшін Ақтау қаласының жатақханаларында тұрғаны үшін жалдау ақысын қаржыландыру, Жаңаөзен қаласы тұрғындарының әлеуметтік осал топтарын

көшіру үшін, кейіннен коммуналдық тұрғын үй қорына бере отырып, Ақтау қаласында тұрғын үй сатып алу, Жаңаөзен қаласында әмбебап спорт кешендерін жобалауды ескергенде, осы кешендерді салуға арналған шығыстарды қаржыландыру сияқты іс-шараларды жалпы сомасы 3 млрд теңге мөлшерінде қаржыландырды.

«Өзенмұнайгаз» АҚ Жаңаөзен қаласы мен Қарақия ауданының әлеуметтік инфрақұрылымын дамытуға 900 млн теңге бөлді.

«Ембімұнайгаз» АҚ «Тасшағыл» ауылында 300 орындық мәдениет үйінің құрылышына 200 млн теңге көлемінде; «Махамбет» ауылында 160 орындық спорт кешенінің құрылышына 132 млн теңgedен астам; «Асан» ауылында медициналық пункттің құрылышына 83 млн теңgedен астам қаражат бөлді.

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Маңғыстау облысының әкімдігімен қол қойылған келісімнің шенберінде өнірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына және оның инфрақұрылымын дамытуға 300 млн теңге сомасында көмек



көрсетті. Сонымен қатар, өнірдегі жеке қосалқы шаруашылықтар мен шаруа кожалықтарынан семіртілген майды сатып алу жолымен өнір түрғындарын қолжетімді төмен нарықтық бағамен етпен қамта- масыз ету мақсатында, сондай-ақ қуаңшылықта байланысты облы- стың ауыл шаруашылығына көмек көрсету мақсатында малға азық дайындау үшін көлік шығындарын өтеуге «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ 100 тонна көлемінде дизель отынын бөлу арқылы шамамен 60 млн теңге бөлді.

«Қазгермұнай» БҚ ЖШС Қызылорда облысының әлеуметтік-эконо- микалық дамуына және оның инфрақұрылымына шамамен 145 млн теңге көлемінде қаржы бөлді.

«Қаражанбасмұнай» АҚ Маңғыстау облысының әкімдігімен қол қойылған келісімнің негізінде облыстың әлеу- меттік-экономикалық дамуына және оның инфрақұрылымына 230 млн теңге аударды.

Ақтөбе облысының әлеумет- тік-экономикалық дамуына және оның инфрақұрылымына «Қазактурікмұнай» ЖШС 45 млн теңге, «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС 100 млн теңге бөлді.

Демеушілік және қайырымдылық

Компанияның қайырымдылық және демеушілік қызметін «Самұрық- Қазына» АҚ компаниялар тобының қайырымдылық қызметінің бірінчі операторы болып табылатын «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қоры жүзеге асырады.

Samruk-Kazyna Trust қайырымдылық қызметі адамдарға, әлеуметтік және медициналық сектордағы қоғамда- стықтарға көмек көрсетуге, медиа және мәдени қоғамдастықты дамытуға, адам әлеуетін дамытуға, еңбек қатынастарын, ұлтаралық қатына- старды нығайтуға, қоғамның орнықты дамуына инвестиция салуға, өнірлік бизнес-бастамаларды қолдауға бағытталған.



COVID-19 пандемиясына байланысты іс-шаралар

ҚМГ COVID-19 короновирустық инфекция пандемиясы басталғаннан бері компаниялар тобы бойынша КВИ ауруының алдын алу және тара- луына жол бермеу үшін көптеген алгоритмдер мен іс-шараларды енгізді. COVID-19-бен күресуде жинақталған тәжірибе 2021 жылы өндірістік процестердің тоқтап қалуына жол бермеді.

2021 жылы ҚМГ компаниялар тобы бойынша эпидемияға қарсы іс-қимыл бойынша белгіленген регламенттерге сәйкес профилакти- калық іс-шаралар кешені жүргізілуде.

ҚМГ компанияларының тобы вак- цинация бойынша мемлекеттік науқанды қолдады. Ұжымдық имму- нитетті қалыптастыруға және ҚМГ компаниялар тобының өндірістік объектілері қызметінің үздіксіздігін қамтамасыз етуге бағытталған қызметкерлер арасында вакцина- лауды ынталандыру бойынша іс-шаралар үйімдастырылды.

Компаниялар тобы бойынша 2021 жылдың соңында 50 мың қызметкер вакцина алды, бұл жалпы санының 76%-ын құрайды. Екі компонентті қамтитын толық вакцинация

курсын алғандардың саны 48 мың, қызметкер, бұл 73%-ды құрайды.

Студенттермен және мамандармен жұмыс

Өсіп келе жатқан жаһандану және өнеркәсіптер үздіксіз өзгерістер аясында түлектерге қойылатын біліктілік талаптар тұрақты негізде кеңеюде. ҚМГ компанияларының тобы бойынша жаңа жас буын мамандарын даярлауға және білім алушылардың кәсіби қасиеттерін ашу практикасына бағдарланған тәсілдемені дамыту және танымал ету мақсатында оқу орындарымен өзара іс-қимыл бойынша белсенді жұмыс жүргізілуде. Даулды оқыту бағдарла- масы іске асырылада - кәсіпорындар мен оқу орындарының тығыз өзара іс-қимылы негізінде білікті қызмет- керлерді даярлау: оқушылар жұмыс орнында мамандық алуша. 2018 жылдан бастап 2021 жылға дейінгі кезеңде бағдарламаға оқу орында- рының 244 студенті қатысты, олардың 98-i - ҚМГ өндірістік кәсіпорында- рында, атап айтқанда, «Ембімұнайгаз» АҚ-ға, «Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС-не және «Атырау мұнай өндіріс зауыты» ЖШС-не жұмысқа орналастырылды.

Қазіргі уақытта іске асырылып жатқан Қазақстан Республикасының

мұнай-химия өнеркәсібін дамыту бағдарламасын және Атырау облысында ауқымды екі мұнай-газ химиясы зауытын іске қосуды назарға ала отырып, «Сафи Әтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университеті» КЕАК (бұдан әрі - Университет) базасында мұнай-химия бойынша заманауи білім беру кластерін құру жөніндегі іс-шараларды белсенді түрде іске асырылуда.

«Атырау МӘЗ-і» ЖШС басшылығымен
Университеттің бұрынғы «Химия
және химиялық технология» кафе-
драсының, материалдық-техни-
калық базасы толық жаңғыртылды,
оның ішінде дәрістік аудиториялар
мен химиялық зертханалар толық
жаңартылды, олар жиһазбен және
жабдықтармен жабдықталды, қолдау
бөлмелері жайластырылды және
жараптандырылды. Университеттің
базасында Мұнай-химия инжене-
риясы және экология институты
ашылды, сондай-ақ студенттердің
мұнай, газ және оларды өндөу
өнімдерін зерттеу процестерінде
аспаптық физикалық-химиялық
талдау әдістерін колдануда практи-
калық дағдыларды игеру үшін зама-
науи жабдықтармен жабдықталған 12
жана зертхана орналасты.

2017 жылы «Самұрық-Қазына»
қорының бастамасы бойынша кәсіби

ой-өрісі кең жаңа буын басқарушыларын қалыптастыру және дамыту мақсатында «Жас Өркен» және жас мамандарды Қор тобын цифрландыру жобаларына тарту үшін құрылған «Цифрлық жаз» бағдарламасы іске қосылды.

Бағдарламалардың басты артықшылығы - компанияның тәжірибелі қызметкерлері катарынан тәлімгерлердің басшылығымен жедел даму. «Жас Өркен» бағдарламасына қатысу кезінде жас мамандар бүкіл Қазақстан бойынша Қордың төрт кесіпорнында ротациядан өтеді.

Бағдарламаларды іске асыру
кезеңінде ҚМГ компаниялары
тобында «Жас Әркен» бағдарламасы
бойынша ротациядан 61 жас маман
өтті, олардың 15-і жұмысқа орнала-
стырылды, «Цифрлық жаз» бағдар-
ламасы бойынша 18 жас маман,
оның ішінде жұмыс істеп жүрген
студенттер, бағдарламаның үш түлегі
жұмысқа орналастырылды.

Ішкі коммуникацияның бірыңғай жүйесі

ҚМГ компанияларының тобында қолданылатын ішкі коммуникацияның бірыңғай жүйесінің регламенті жұмыс берушілер мен қызметкерлер арасында көрініс беру мүмкін.

Құру мен қолдау және ҚМГ компаниялар тобының еңбек ұжымдарында әлеуметтік-психологиялық ахуалды жақсарту мақсатында қырылды.


Компаниялар тобында ішкі коммуникацияның бірыңғай жүйесінің үлгілік регламенті енгізілді, оның мақсаты - ЕТҰ-да жұмыс берушілер мен қызметкерлер арасында тікелей коммуникацияның тиімді тетіктерін құру және қолдау, қызметкерлерді ЕТҰ-дағы қызметтің мақсаттары мен міндеттері туралы уақытылы хабардар ету, үйымдағы ағымдағы жағдайды қызметкерлere жеткізу, ЕТҰ-ның еңбек ұқымдарындағы әлеуметтік-психологиялық ахуал өлшемдерін қадағалау болып табылады.

Ішкі коммуникацияның негізгі түрлері:

- бірінші басшының еңбек ұжымымен жоспарлы есептік кездесуі (жылына екі рет өткізіледі);
 - жедел шешім қабылдауды талап ететін мәселелерді талқылау мақсатында кәсіпорын басшылығының кәсіподактармен, еңбек ұжымымен жоспардан тыс кездесулері;
 - корпоративтік ақпараттық, сайт, газет;
 - бейне хабарландыруға арналған монитор; қызметкерлердің ұсыныстарына арналған жәшік;
 - ұжымды шоғырландыру: кәсіби конкурстар, спорттық іс-шаралар, корпоративтік мерекелер және т. б.

Осы регламентте әрбір қызметкердің сұрақтармен жүгіну және уақытылы жауап алу мүмкіндігі қарастырылған.

Пандемия кезеңінде барлық коммуникациялық жүйелер: қызметкерлерді қабылдау, бірінші басшының блогы, акпараттық стендтер, қызметкерлердің ұсыныстары мен өтініштеріне арналған жәшіктер жұмысын жалғастыруды.



Қызметкерлерді әлеуметтік қолдау

ҚМГ компанияларының тобында ҚМГ ЕТҰ-ның қызметкерлеріне көрсетілетін әлеуметтік қолдау түрлері мен нормаларын біріктіретін ҚМГ-ның кәсіпорындары үшін Ұжымдық шарттың үлгілік нысаны қабылданды.

ҚМГ компанияларының тобынша барлық ұжымдық шарттарға сәйкес, әлеуметтік қолдау 35 түр бойынша көрсетіледі. Есепті кезеңде ұжымдық шарттар нормаларының барлық талаптары, кәсіпорындардың қаржы-экономикалық жағдайына қарамастан, ҚМГ-ның барлық кәсіпорындарында толық көлемде сакталды және қолданылады. Әлеуметтік төлемдер көлемі, алдыңғы кезеңдермен салыстырғанда, айтарлықтай өскенін атап ету қажет.

2021 жылы ҚМГ компаниялар тобының қызметкерлерін әлеуметтік қолдауға жұмысалған шығындар, кәсіпорындардың жұмысы істемейтін зейнеткерлеріне көрсетілетін әлеуметтік көмекті қоса алғанда, шамамен 22 млрд теңгені құрады.

Өз қызметкерлерін әлеуметтік қамтамасыз етумен қатар Компания



2022 жылдың 1 қантарынан бастап мердігерлік үйімдардың қызметкерлеріне бала тууына байланысты, 1 қыркүйекте қызметкерлердің балаларына, мүгедек балаларға, Наурыз бен 8 наурызға және т. б. берілетін төлемдерді қамтитын ең тәменгі әлеуметтік пакетті енгізу туралы шешім қабылдады.

ЕТҰ-ның мердігерлік үйімдармен өзара іс-қимылы

Пандемия кезеңінде мердігерлік үйімдардың тоқтап қалуынан туындаған ықтимал жағымсыз салдарды сезіне отырып, ҚМГ қызметкерлердің жұмыспен қамтылуын сақтау үшін жұмыс көлемін бөлу арқылы мердігерлік үйімдарды барынша қолдау, Компания мұдделері мен

ҚМГ компаниялар тобының қызметкерлеріне көрсетілетін әлеуметтік қолдаудың бөлінісі

Көрсеткіш	%
Қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелерін медициналық сақтандыру	22
Бала тууга / жүктілікке және босануға / бала күтімі бойынша демалысқа / мектепке дейінгі балалар мекемелеріне акы төлеуге / қызметкерлердің балаларын оқытуға / 1 қыркүйекке орай, мектеп керекжарактарын сатып алуға байланысты материалдық көмек	16
Көпбалалы және аз қамтылған отбасыларға / аса мұқтаж қызметкерлерге / мүгедектерге, жұбайы (зайыбы), бала кезінен мүгедек балалары (1-ши, 2-ші және 3-ші топ) бар қызметкерлерге / қызметкердің / отбасы мүшелерінің қайтыс болуына байланысты / жерлеуді үйімдастыруға / жалпы еңбекке қабілеттілігінен айрылуына, мүгедектік алуына байланысты материалдық көмек	14
Зейнеткерлерге материалдық көмек	10
Емделу/ ерікті медициналық сақтандыру бағдарламасында белгіленген лимиттен асып түскен жағдайда операция шығындары / интернационалист-жауынгерлерге (ауғандықтарға) / Чернобыль апатын жоюға қатысушыларға медициналық емделуге / операцияға акы төлеуге материалдық көмек / женілдікті шарттардың негізінде еңбекке уақытша қабілетсіздігі бойынша жәрдемақы	9
Қызметкерлердің демалуы / тұрғын үй жағдайларын жақсарту	9
Әлеуметтік қолдаудың өзге де түрлері	20

әлеуметтік-экономикалық жағдай арасындағы балансты қолдау бойынша шаралар қабылдады.

Мердігерлік үйымдар қызметкерлерінің жалақысын арттыру үшін ҚМГ ЕТҰ-ға мердігерлік үйымдар қызметкерлерінің айлық тарифтік мөлшерлемелері/лауазымдық айлықақылары ҚМГ ЕТҰ кәсіптерінің үкес атауларының айлық тарифтік мөлшерлемелерінің/лауазымдық айлықақыларының 70%-дан төмен болмауы үшін шарттар жасасу кезеңінде мердігерлерге қойылатын талаптарды белгілеуді ұсынады. Осы мақсаттар үшін ҚМГ тобы 2021 жылы 3,8 млрд. теңге, ал 2022 жылы 10,1 млрд. теңгеге дейін қаржат бөлді.

Сонымен қатар, қызметін ҚМГ обьектілерінде жузеге асыратын мердігерлік үйымдарда тұрақтылықты сақтау үшін ЕТҰ-ның мердігерлік үйымдармен өзара іс-кимылдың кезіндегі қызмет жөніндегі үлтілік регламент енгізіледі. Құжаттың негізгі мақсаты - мердігерлік үйымдардың қызметкерлері үшін еңбек қатынастары саласында белгіленген кепілдіктерді сақтау жолымен мердігерлік

үйымдар қызметкерлерінің әлеуметтік-еңбек құқықтарын қамтамасыз ету болып табылады.

Регламент жеке персоналы бар мердігерлік үйымдармен шарттар жасасу және олардың орындалуына мониторинг жүргізу кезінде ЕТҰ-ның орындау үшін міндетті және ЕТҰ-ның мердігерлік үйымдармен жасалатын шарттарының құрамдас бөлігі болады.

Жалпы корпоративтік іс-шаралар

ҚМГ компаниялары тобында жыл сайын түрлі іс-шаралар өткізіледі. Салуатты өмір салтын насиҳаттау және қасіби шеберлікті арттыру мақсатында Спартакиада және "Үздік маман" сияқты іс-шаралар өткізіледі.

Сондай-ақ ҚМГ компанияларының тобы бойынша Жастар кенестері құрылды, олардың мұшелеірі түрлі мәдени-бұқаралық іс-шараларға, шеберлік сыйнаптарына және т. б. қатысады.

Алайда, COVID-19 пандемиясы кезінде ешқандай бұқаралық шаралар өткізілген жок,



Әлеуметтік саясат басымдықтары

**Оқыту және біліктілікті арттыру
бағдарламалары**

**«Цифрлық трансформацияны
басқару» тақырыбы бойынша
оқыту**

Инновациялық технологияларды өндіріске енгізу ҚМГ-ның басым міндеттерінің бірі болып табылады. Бүгінгі таңда ҚМГ тобының өндірістік кәсіпорындарының базасында өндірістік циклге цифрлық трансформацияны енгізудің бірыңғай тәсілі қалыптастырылды және ол белсенді түрде іске асырылуда.

Топ-менеджменттің цифрлық трансформациясы тақырыбын жан-жақты зерделеу мақсатында ҚМГ «СКОЛКОВО» Мәскеу базару мектебімен бірлесіп, «СИБУР» ЖАҚ, «Северсталь» ЖАҚ, «Газпром» ЖАҚ, сияқты ірі ресейлік өндірістік компанияларды цифрландыру бағытының басшылары қатарынан спикерлерді тарта отырып, «Цифрлық трансформацияны басқару» атты оқу бағдарламасын іске асырды.

Оқыту корытындылары бойынша бағдарламаның келесі мақсаттарына қол жеткізілді:

- Цифрлық трансформация тақырыбын жете түсіну (қажеттілік пен күндылықты түсіну);
- Цифрландыруға байланысты сала алдында тұрған негізгі сын-теге-уріндерді, мүмкіндіктер мен қауіптерді талдау;
- Озық бенчмарк-компаниялардың практикасын және цифрлық трансформацияның өзекті құралдарын зерделеу.

Қауіпсіздік техникасы бойынша міндетті оқыту

2021 жылдан бастап қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және өрт-техникалық минимум бойынша міндетті оқытуды ҚМГ Корпоративтік орталығының қызметкерлері «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС-ның платформасында өткізеді.



ISO бойынша оқыту

Белгілі болғандай, ҚМГде ISO халықаралық стандарттарына сәйкес төрт менеджмент жүйесі жұмыс істейді: сапа менеджменті жүйесі (ISO 9001); экологиялық менеджмент жүйесі (ISO 14001); Денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету менеджменті жүйесі (ISO 45001) және ақпараттық қауіпсіздік менеджменті жүйесі (ISO 27001).

Көрсетілген менеджмент жүйелері сертификаттаудан өтті, осылайша ҚМГ өзінің мүдделі тараптарына көрсетілтін қызметтердің сапасы, қоршаған ортаны қорғау, денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігі, сондай-ақ ақпараттық қауіпсіздік мәселелері басқарылатын жағдайларда, үйімнің бақылауында болатыны туралы мәлімдейді.

ҚМГ-ның әрбір құрылымдық бөлімшесінде менеджмент жүйелерін жұмыс күйінде ұстау үшін, сондай-ақ интеграцияланған басқару жүйесі мен ақпараттық қауіпсіздік менеджментінің жүйесі мәселелері бойынша жауапты қызметкерлер белгіленді. Барлығы 46 қызметкер катысты.

«Комплаенс-бақылау жүйесін үйімдастыру және комплаенс тәуекелдерді басқару».

Комплаенс тәуекелдерді барынша азайту, сондай-ақ Компания мен оның қызметкерлерінің комплаенс саласындағы заңнамалық және этикалық нормаларды сақтауының сапасын жүйелі түрде бақылау жөніндең іс-шаралар жоспарын орындау шеңберінде корпоративтік орталықтың барлық қызметкерлері үшін «Комплаенс-бақылау жүйесін үйімдастыру және комплаенс тәуекелдерді басқару» тақырыбына оқыту үйімдастырылды.

Оқыту бағдарламасы мынадай негізгі тақырыптарды қамтыды: комплаенс бақылау жүйесіне және сыйбайлас жемқорлыққа қары іс-қимыл саласындағы заңнамаға қысқаша кіріспе (Қазақстан Республикасының Заңы, UKBA, FCPA, Sapin II); мүдделер қақтығысы (декларациялау, реттеу); мемлекеттік органдармен және саяси маңызды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасау; іскерлік беделін жоғалту тәуекелі; комплаенс тәуекелдер және бизнес-процестердегі бақылау (сатып алу, HR, M&A, маркетинг және т.б.); Компаниядағы жедел желі және басқалары.

Өнім берушілермен өзара іс-қимыл

Сатып алу жүйесінің тиімділігі

Орнықты даму қағидаттарына сәйкес келуге ұмтыла отырып, тиімді сатып алу қызметін қамтамасыз ету стратегиялық және операциялық мақсаттарға қол жеткізуге ықпал ететін ҚМГ

қызметінің ажырамас бөлігі болып табылады.

ҚМГ компаниялары тобының сатып алу қызметінің негізгі қағидаттары заңнамалық және ішкі талаптарды сақтау, сатып алушың ашықтығы, адаптациялық және контрагенттер үшін тең мүмкіндіктер үсіну

болып табылады. Сонымен қатар ҚМГ қолданыстағы өндірістерді жаңыртуға және жаңа өндірістерді құруға жәрдемдесу бағдарламасын іске асыру шеңберінде отандық өндірушілерді қолдау үшін сатып алу қызметінде бірқатар бастамаларды жүзеге асырады.

ҚМГ компанияларында сатып алу қызметін басқару үш құжат негізінде жүзеге асырылады:



1. Қордың Директорлар кенесінің 2019 жылғы 3 шілдедегі №161 шешімімен бекітілген «Самұрық-Қазына» АҚ-ның және дауыс беретін акцияларының (қатысу улестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен «Самұрық-Қазына» АҚ-фа тікелей немесе жанама түрде тиесілі үйымдардың сатып алушың ашықтығымен тәсілдерін, сатып алу қызметін басқарудың жалпы тәртібін, сатып алу қызметін басқару саласындағы Қордың және Сатып алу жөніндеңі қор операторының құзыретін, сатып алу қызметінің процестеріне қойылатын негізгі талаптарды, сатып алушың қолданылатын тәсілдерін айқындауды, бір көзден сатып алушы, бәсекелі көліссөздер мен холдингішілік коопeração жүргізу арқылы тендерді қолдану үшін негіздерді белгілейді.

2. Қор Басқармасының 2019 жылғы 9 қыркүйектегі №31/19 шешімімен бекітілген «Самұрық-Қазына» АҚ-ның және дауыс беретін акцияларының (қатысу улестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен «Самұрық-Қазына» АҚ-фа тікелей немесе жанама түрде тиесілі үйымдардың сатып алу қызметін басқару стандарты. Бұл құжат сатып алу санаттарын басқару, сатып алушы жоспарлау, жеткізу шарттары мен тауарлық-материалдық құндылықтардың қорларын басқару бойынша сатып алу қызметінің процестерін нақтылайды¹.

3. Қордың бірінші деңгейдегі еншілес үйымдары және Қордың бірінші деңгейдегі еншілес үйымдарына елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде тиесілі үйымдар үшін Тәртіптің 4-бабының 4-тармағына сәйкес өзірленген және бекітілген «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және дауыс беретін акцияларының (қатысу улестерінің) елу және одан да көп проценті меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен "ҚазМұнайГаз" ҰК АҚ-фа тікелей немесе жанама түрде тиесілі үйымдардың сатып алу қызметін басқару қафидалары (ҚМГ Басқармасының 2020 жылғы 26 наурыздағы №11 шешімі). Бұл құжат мүдделі тұлғалардың жауапкершілік аймағын айқындағынып, сатып алу қызметін нақтылауға, экономикалық өсерді және кросс-функционалдық өзара іс-қимылды барынша арттыру мүддесінде сатып алу жөніндеңі іс-шараларды аралас процестермен интеграциялауға, сондай-ақ бизнес-процестерді жүргізу үшін мерзімдерді айқындауға бағытталған.



¹ Нактылауға мерзімдер, құжаттаманың мазмұнына және жүргізілетін рәсімдерге қойылатын талаптар сиякты мәселелер жатады.

2020 жылғы 1 қаңтардан бастап «Ұлттық әл-ауқат коры туралы» 2012 жылғы 1 ақпандары №550-IV Қазақстан Республикасы Заңының 19-бабының 2-тармағына сәйкес «Самұрық-Қазына» АҚ әзірлеген және сатып аудың тиімділігін арттыру және ашықтығын қамтамасыз ету үшін бірқатар бастамаларды іске асыруға бағытталған сатып аудың жаңа моделі енгізілді.

ҚМГ компаниялары тобының сатып алу ресімдеріндегі ең озық халықаралық стандарттар мен технологиялар негізінде ашықтық пен тиімділік деңгейін қамтамасыз ету және арттыру үшін барлық мүдделі тұлғаларға сатып алу туралы ақпаратқа кедергісіз қол жеткізуі (жекелеген жағдайларды, бірінші кезекте, мемлекеттік құпиямен байланысты жағдайларды қоспағанда), сатып аудың барлық қатысушылары үшін мүмкіндіктердің тендігін қамтамасыз ететін «Электрондық сатып аудың ақпараттық жүйесі» (бұдан әрі - ЭСАЖ) порталы қолданылады.

ЭСАЖ сатып алу циклінің барлық ресімдерін автоматтандыруға және стандарттауға (жоспарлау

процесінен бастап шарттарды басқаруға дейін), міндеттерді орындау кезінде уақытты қысқартуға және адам факторының әсер ету дәрежесін әлсіретуге мүмкіндік береді. Электрондық сатып алу нарыққа қол жеткізуіді женелдетеді және осылайша тиімділікті арттыруға, бәсекелестіктің өсуіне және әкімшілік жүктеме мен операциялық шығыстардың төмендеуіне ықпал етеді.

Сауда-саттыққа қатысуға шақыру және шарттар жасасу талаптары туралы ақпаратты қоса алғанда, сатып алу ресімдері мен сатып алуға арналған келісімшарттарға қатысты сатып алу туралы ақпаратты жария таратудан басқа, ЭСАЖ іріктеу критерийлері мен сауда-саттықты өткізу қағидаларын және оларды жариялауды қоса алғанда, бәсекелі сатып алуға қатысу үшін талаптарды алдын ала белгілеуге мүмкіндік береді. Бұл ретте, ЭСАЖ нормативтік құжаттарда белгіленген қағидалар мен ресімдер сақталмаған жағдайда, сатып алу нәтижелеріне шағым жасауды қоса алғанда, тиімді ішкі бақылау жүйесін қамтамасыз етеді.

Сатып аудың жалпы көлемі
2021 жылы сатып аудың жалпы көлемі, ҚҚС-ты есептемегендеге, 1 082 226 млн теңгені қурады.

ҚМГ сатып алу қызметінің маңызды аспекттлерінің бірі - бір көзден сатып ауды қысқарту және бәсекелі сатып алу үлесін арттыру болып табылады. Осыған байланысты, ҚМГ және еншілес және тәуелді қоғамдардың (ЕТҰ) басшы қызметкерлерінің жауапкершілігі, оның ішінде басшылар ҚТК картасында мақсатты индикаторды белгілеу арқылы көзделген.

Бәсекелестік сатып алу ашық тендер, баға ұсыныстарын сұрату және бәсекелестік келіссөздер арқылы жузеге асырылады. 2021 жылдың қорытындылары бойынша ҚМГ компанияларының тобы бойынша жылдық сатып алу жоспарының жасалған шарттары бойынша бәсекелі сатып алу сомасы 447 млрд теңгені қурады. Сонымен қатар, соңғы үш жылда бәсекелі сатып алу үлесі 42%-ды құрады, бұл ҚМГ-ның адаптациялестікті және орнықты даму мақсатын қамтамасыз етуге үмтілісін күәландырады.

Сатып аудың жалпы көлемі

Жыл	Тауарлар		Жұмыстар мен қызметтер		Жиыны	
	Жалпы сомасы (млрд теңге)	Жергілікті қамту үлесі, %	Жалпы сомасы (млрд теңге)	Жергілікті қамту үлесі, %	Жалпы сомасы (млрд теңге)	Жергілікті қамту үлесі, %
2019	473	63	1 659	83	2 132	81
2020	472	71	1 354	86	1 826	82
2021	273	57	943	85	1 216	78

Бәсекелестік сатып алу¹

Жыл	Тауарлар		Жұмыстар мен қызметтер		Жиыны	
	Сомасы	Үлесі, %	Сомасы	Үлесі, %	Сомасы	Үлесі, %
2018	137	7	375	19	511	26
2019	169	12	326	23	495	36
2020	168	15	252	23	420	38
2021	162	15	285	27	447	42

¹ Бәсекелестік сатып алуға ашық тендер, баға ұсыныстарын сұрату және бәсекелестік сатып алу жатады.

Бәсекелестік нарыкты дамыту үмтілісінә қарамастан, холдингішілік кооперация шеңберінде және (немесе) бір көзден сатып алу жүзеге асырылатын бәсекелесемес сатып алу үлесі айтарлықтай басым.

Есепті кезеңде жеткізілген тауарлардың, орындалған жұмыстардың және көрсетілген қызметтердің жалпы сомасы (жылдық және ұзак мерзімді сатып алуды ескергенде) 1 216 млрд теңгені құрады, оның 78%-ы жергілікті қамту үлесіне тиесілі.

2020 жылмен салыстырғанда тауарларды сатып алуша жергілікті қамту үлесінің 14%-ға төмендеуі 2021 жылдың басында ҚМГ құрылымынан «ҚазТрансГаз» АҚ-ның (газ сатып алу) шығуына байланысты болды.

Әлеуетті өнім берушілерді алдын ала біліктілік іріктеу

Сатып алу қызметі саласындағы халықаралық практика әлеуетті өнім берушілерді алдын ала біліктілік іріктеуді жүргізу тетігінің кеңінен дамуын көрсетеді. Қазақстандық және халықаралық практиканың талаптары мен стандарттарын ескере отырып, сатып алу қызметін үнемі жетілдіру ҚМГ үшін басым міндеттердің бірі болып табылады.

Алдын ала біліктілік іріктеу (АБІ) — әлеуетті өнім берушілерді стандартқа сәйкес айқындалған біліктілік талаптарына сәйкес келу түрғысынан бағалау процесі, ол сауалнама жүргізу және аудит арқылы жүзеге асырылады.


Мыналар АБІ негізгі мақсаттары болып табылады:

- өнім берушілерді белгіленген біліктілік критерийлері бойынша бағалаудың қаралайым, ашық және тиімді процесін үйімдастыру;
- нақты жергілікті өндірушілерді қолдау;
- сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің (ТЖК) сапасын арттыру;
- әткізу мерзімдерін қыскарту және сатып алу рәсімдерін оңайлату.

Бүгінгі таңда ҚМГ-ның еншілес және төуелді үйімдары 15 (он бес) санат бойынша ашық тендер тәсілімен тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді АБІ рәсімінен әткен әлеуетті өнім берушілер арасында сатып алуша жүргізеді.

АБІ рәсімі²

ҚазМұнайГаз



² Әлеуетті өнім берушілерден ақпарат жинау жүргізгендеген кейін және барлық әлеуетті өнім берушілер АБІ рәсімінің кезеңдерінен әткеннен кейін АБІ-нің қалыптастырылған тізбесі.



Санаттық сатып алу

Сатып алу санаттарын басқару басым санаттарға енгізілген тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу қызметіне және пайдалануға байланысты шығындарды азайтудың кешенді тәсілін өзірлеу процесі болып табылады.

Санаттау сатып алу нысанасының және (немесе) әлеуетті өнім берушілердің бірыңғай нарығының жалпы белгілері бойынша тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу санатына біркітіру арқылы жузеге асырылады. Санаттар тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің бір және бірнеше

атауын қамтуы мүмкін. Басымдықтар ретінде шығындар деңгейі жоғары, сынни, үнемдеу және басқару әлеуеті бар санаттар анықталады.

Санаттық басқару санаттық сатып алу стратегиясын өзірлеу және бекіту арқылы егжей-тегжейлі талдау арқылы үнемдеу әлеуетін арттыруға мүмкіндік береді. Бұл стратегия ұзак мерзімді немесе қысқа мерзімді перспективада пайданы барынша көбейтуге негізделген тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алушың оңтайлы тәсілін анықтайды. Санаттық сатып алу стратегияларында мақсаттар мен міндеттер, ішкі және сыртқы ортаны талдау, сатып

алу санаттарын басқару тәсілдері, жеткізушілерді дамытуға қойылатын талаптар, пайданы есептеу және іске асыру жоспары болуы тиіс.

Санаттық басқару стратегиялық жоспарлауды қолдану, сатып алынатын тауарлар мен қызметтерді егжей-тегжейлі талдау және меншіктің жалпы құнын есептеу арқылы, сондай-ақ бизнестің әртүрлі құрылымдық бөлімшелерімен кросс-функционалды өзара іс-әрекет жасау арқылы тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу және пайдалану шығындарын едәуір төмөндөтеді. Жеткізуіндің бұл әдісі тиімді, өйткені

2017-2021 жылдардағы санаттық сатып алу көлемі мен пайдасы

Көрсеткіші	2017	2018	2019	2020	2021
Санаттық сатып алу көлемі, млн теңге	231,88	13 948,38	41 531,68	49 716,04	117 436,49
Сатып алушы санаттық басқарудың пайдасы, млн теңге	85,07	1 565,01	4 101,81	7 011,23	6 494,76 (жоспар)

ол сенімді өндірушілермен және жеткізушілермен жұмыс жасай отырып, сапаны, сондай-ақ анық бағаны қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Сатып алу санаттарын басқару мыналарды қамтиды:

- сатып алынатын тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді санаттау және сатып алушың басым санаттарын айқындау;
- басым санаттар бойынша сатып алу категориялық стратегияларын өзірлеу (өзектендіру) және бекіту;
- санаттық сатып алу стратегияларын іске асыру;
- санаттық сатып алу стратегияларын іске асыру мониторингі;
- жеткізушілерді дамыту.

2021 жылы санаттық сатып алу көлемі 117 436,49 млн теңгені құрады. Осы әдісті қолдану кезінде 6 494,76 млн теңге сомасында басым санаттарға енгізілген тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу кезінде экономикалық тиімділікке қол жеткізу жоспарлануда.

Тұрақты сатып аруды ұстану

ҚМГ-ның орнықты даму саласындағы қағидаттары заңдылық пен ашықтық шарттардың талаптарын сактау, сатылмайтындық пен сыйбайлар жемқорлықтың кез келген көріністеріне тәзбеушілік негізінде контрагенттермен өзара іс-қимылды жүзеге асыруда, сондай-ақ үздік баға, сапа және шарттар, контрагенттің іскерлік беделі сияқты факторлардың негізінде контрагенттерді іріктеуде көрініс тапты.

Бұл ретте, ҚМГ өз кезегінде контрагенттерге қолданыстағы заңнаманың талаптарын сактау, қызметкерлерге әділ қарым-қатынас жасау, балалар еңбегін пайдаланбау, қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету, қоршаған ортаны қорғау және этикалық мінез-құлықтың өзге де қағидаттарын ұстану бойынша қарсы міндеттемелер белгілейді.

Бұл талаптар ҚМГ-ның контрагенттермен Қазақстан Республикасы азаматтарының еңбек құқықтарын сактау және қолайлы еңбек жағдайларын жасау, балалардың құқықтарын қорғау және экологиялық қауіпсіздікті сактау мақсатында жасалатын шарттарының талаптарына енгізілген. Компанияның пікір бойынша, бұл шаралар ҚМГ-мен ынтымақтасатын компаниялардың заңсыз қызмет ету жағдайларының санын азайтуға көмектеседі.

ҚМГ тауарларды сатып аруды жүзеге асыру кезінде әлеуетті өнім берушілерге сапа менеджменті жүйесіне сәйкестік сертификаттарын беру туралы талаптарды да белгілейді.

Импортты алмастыру

Мұнай-газ саласында мемлекеттің мүдделерін білдіретін Компания бола тұра, ҚМГ оффтейк-шарттар жасасу арқылы жұмыс істеп тұрған өндірістерді жаңғыруға және жаңа өндірістерді құруға жәрдемдесудің мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде импортты алмастыру бойынша белсенді жұмыс жүргізеді. Бағдарламаның негізгі

мақсаты жаңа өндірістерге бастамашы болған жеке кәсіпкерлерді қолдау, сондай-ақ «Самұрық-Қазына» АҚ компанияларында сұранысқа ие өнімдерді шығару мақсатында технологиялық қайта жарактандыру болып табылады.

Оффтейк-шарттардың тетігі жобаны іске асыру нәтижесінде өндірісі жолға қойылатын тауарларды сатып алу мен жеткізуі кейінге қалдыру шартымен импортты алмастыру жобаларының іске асырылуын көздейді.

2021 жылдың қорытындылары бойынша ҚМГ-ның еншілес үйымдары отандық өндірушілермен жалпы сомасы 882 млн. теңгеге 49 оффтейк-шарт жасасты.

2020 жылмен салыстырғанда импорттық тауарлар үлесінің 7%-ға үлғаюы 2021 жылдың басында ҚМГ құрылымынан «ҚазТрансГаз» АҚ-ның (газ сатып алу) шығуымен байланысты болды.

Сатып аудағы импорттық тауарлар

Жыл	2018	2019	2020	2021
Сомасы, млрд теңге	173	104	94	73
Қазақстанда шығарылған СТ-КZ сертификатынсыз жеткізілген тауарлардың үлесі ¹ , %	21	22	20	27

¹ Қазақстанда шығарылған сертификатсыз жеткізілген тауарлардың үлесі есепті кезеңде жеткізілген иморттық тауарлардың үлесі болып табылады

ESG ашылымдар жинағы

Бөлім	Есептілік элементі	Ақпарат және дереккөзге сілтеме
Корпоративтік басқару		
Климаттың өзгеруіне байланысты тәуекелдер мен мүмкіндіктер мәселелері бойынша Компанияның корпоративтік басқару саласындағы ақпаратты ашу (КТжМ)	Директорлар кеңесі жүзеге асыратын КРиВ бақылаудың сипаттамасы Басшылықтың КТжМ бағалау және басқару процесіндегі рөлінің сипаттамасы	<p>Қауіпсіздік, еңбек және қоршаған ортаны қорғау және тұрақты даму комитеті Директорлар кеңесіне тәмендегі мәселелер бойынша ұсынымдар әзірлеу және ұсыну арқылы көмек көрсету мақсатында іс-әрекет етеді:</p> <ul style="list-style-type: none"> • қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету; • ҚМГ стратегиялық жоспарлау мен әлеуметтік-экономикалық дамуна тұрақты даму қағидаттарын енгізу; • жасалған жер койнауын пайдалануға арналған көлісімшарттар аясында ҚМГ әлеуметтік міндеттемелері мен бағдарламалары; • ҚМГ экологиялық тиімділігінің мониторингі. <p>Толығырақ "Қауіпсіздік, еңбекті, қоршаған ортаны қорғау және тұрақты даму жөніндегі комитеті" бөлімінен қаранды.</p>
Стратегия		
Корпоративтік басқару саласындағы ақпаратты ашу (КТжМ)	Директорлар кеңесі жүзеге асыратын КРиВ бақылаудың сипаттамасы	<p>CDP Көміртекті есептілік жөніндегі Климаттық бағдарламасы аясында ҚМГ 2019 жылдан бастап парниктік газдардың тікелей және жанана шығарындыларының көлемі туралы деректерді, парниктік газдар шығарындыларын басқару мәселелерін, Румыния мен Грузиядағы халықаралық активтерді қоса алғанда, ҚМГ-ның барлық активтері бойынша негізгі тәуекелдер мен мүмкіндіктерді ашады.</p> <p>2021 жылғы шілдеде 2020 жылдың корытындылары бойынша ҚМГ-ның климаттық сауалнамасы жарияланды. Есепке сәйкес, 2020 жылдың нәтижелері бойынша ҚМГ компанияларының тобында CO2 тікелей шығарындыларының көлемі 8,7 млн тоннана (2019 жылы 9,7 млн тонна) құрады. CO2 баламасындағы деректер IPCC Fifth Assessment Report жаһандық жылын әлеуетінің коэффициенттері (метан – 28, азот оксиді – 256) колданылып ұсынылған.</p> <p>Парниктік газдардың тікелей шығарындылары жөніндегі деректер әрбір ЕТУ бойынша тіркелген тәуелсіз үйімдардың корытындыларымен расталған. 2021 жылғы ақпарат CDP есебінде 2022 жылдың 3-ши тоқсанында ашылатын болады. Ақпаратты ашу кезінде ҚМГ дәйектілік және салыстырмалылық қағидатын ұстанады, ақпараттың толық ашылуын арттыру және үшінші деңгейдегі жанама шығарындылар бойынша есептілік аясын көнегейті бойынша жұмысты үздіксіз жүргізеді.</p>
КТжМ Компанияның қызметіне, стратегиясына және қаржылық жоспарлауына тигізетін іс жүзіндегі және ықтимал әсері туралы ақпаратты осы ақпарат маңызды болатын жағдайларда ашу	Компания қысқа, орташа және ұзақ мерзімді перспективада анықтаған КТжМ сипаттамасы	<p>Компания көміртек ізін төмendetудің ағымдағы мүмкіндіктерін (энергия тиімділігін арттыру және ресурс үнемдеу), сондай-ақ декарбонизациялау үшін қызметтің қосымша бағыттарын (ЖЭК, CO2 ұстau, пайдалану және сақтау, орман көміртегі жобалары, сүтегі өндірісі) қамтитын 2022-2031 жылдарға арналған Төменкөміртекті дамыту бағдарламасын әзірлеdi.</p> <p>Есепте әлемдік экономиканың дамуна байланысты әртүрлі сценарийлер сипатталған:</p> <ul style="list-style-type: none"> • 2050 жылға қарай таза нөлдік шығарындылар сценарийі (NZE) – бұл 2050 жылға қарай CO2 шығарындыларының нөлдік деңгейнен жету үшін IEA нормативтік сценарийі, ал дамыған елдер, баскаларға қаранды, шығарындылардың нөлдік деңгейнен ертерек жетеді. Сондай-ақ бұл сценарий БҮҰ-ның энергетика саласындағы Тұрақты дамуының негізгі мақсаттарына (ПДМ) сәйкес келеді. • Жарияланған саясаттардың сценарийі (STEPS) тек үкіметтер қабылданған немесе жарияланған нақты саясатты ескереді. Сценарий бойынша, егер CO2 жылдық шығарындылары ағымдағы траекторияны сактап калса, бул 2100 жылға қарай температуралың шамамен 2,7°C көтерілуіне әкеледі (50%-дық ықтималдықпен). • Жарияланған міндеттемелер сценарийінде (APS) шығарындылардың нөлдік деңгейі бойынша барлық жарияланған үлттық міндеттемелер қазіргі уақытта белгілі бір саясатпен бекітілгеніне қарамастан, толық және уақытлы орындалады деп болжанды. Сценарий бойынша, егер CO2 жылдық шығарындылары ағымдағы траекторияны сактап калса, бул 2100 жылға қарай температуралың шамамен 2,1°C көтерілуіне әкеледі (50% ықтималдықпен). • Тұрақты даму сценарийі (SDS) Париж көлісімімен белгіленген нәтижелерге «2°C деңгейінен төмен» жолды білдіреді. Толығырақ «Жаһандық үрдістер және олардың ҚМГ стратегиясының іске асрылуына әсері» бөлімінен қаранды.

Бөлім	Есептілік элементі	Ақпарат және дереккөзге сілтеме
Тәуекелдерді басқару		
Компания климаттық тәуекелдерді (КТ) анықтайтын және бағалайтын және басқаратын процестердің сипаттамасы	Компанияда бар климаттық тәуекелдерді анықтау және бағалау процестерінің сипаттамасы	<p>Компания өз қызметінде климаттың өзгеруіне байланысты тәуекелдерге тап болады, олар мыналарды қамтиды;</p> <ul style="list-style-type: none"> нарықтық тәуекелдер - сұраныс пен тұтынуышылық калаудың өзгеруіне байланысты тәуекелдер; саяси-құқықтық және реттеушілік тәуекелдер - жаһандық экономиканың тәмен көміртекті даму жолына көшуіне және парниктік газдар шығарындыларын реттеуді қүшешуітін шараларға байланысты тәуекелдер; беделдік тәуекелдер - мұдделет атараптынан Компанияның тәмен көміртекті экономикаға көшүге катысуы немесе мұндай катысадан бас тартуы мәселелерін кабылдаудына байланысты тәуекелдер; технологиялық тәуекелдер - тәмен көміртекті технологиялардың дамуы мен тиімділігінің артуына байланысты жаһандық экономиканың тәмен көміртекті дамыту жолына көшүін жеделдегуе байланысты тәуекелдер; физикалық тәуекелдер - жабдықтың сенімділігі мен адам денсаулығына әсер етеге алатын (табиги атаптар мен мәнгі аяздың таралу қаупін коса алғанда) Компания қызметтің жүзеге асыратын өнірлердегі ауа-райы-климаттық жағдайлардың және табиғи ортаның басқа да сипаттамаларының өзгеруіне байланысты тәуекелдер. <p>Толығырақ «Негізгі тәуекелдер» бөлімінен қараныз.</p>
	Климаттық тәуекелдерді анықтау мен бағалау және басқару процестері компанияның тәуекелдерді басқарудың жалпы жүйесіне қалай интеграцияланғанын сипаттау	2021 жылғы ақпарат CDP есебінде 2022 жылдың 3-ші тоқсанында ашылатын болады.
Көрсеткіштер мен нысаналы мақсаттар		
Берілген ақпарат маңызды болған кезде тиісті КТЖМ бағалау және оларды басқару кезінде колданылатын көрсеткіштер мен мақсатты мәндер туралы ақпаратты ашу	Компания стратегиясы мен тәуекелдерді басқару процесіне сәйкес тиісті КТЖМ бағалау кезінде қолданытын көрсеткіштер туралы ақпаратты ашу	2021 жылғы ақпарат CDP есебінде 2022 жылдың 3-ші тоқсанында ашылатын болады.
	1, 2 Қамту саласындағы парниктік газдар шығарындылары және 3 Қамту саласы және олармен байланысты тәуекелдер туралы ақпаратты ашу	
	Компания КТЖМ басқару үшін колданытын мақсаттардың, сондай-ақ мақсатты көрсеткіштермен салыстырғанда, нәтижелердің сипаттамасы	«БҰҰ Жаһандық шартының қағидаттарын және Тұракты дамудың 17 жаһандық мақсатын ұстану» бөлімін қараныз.

KOPPIERT KOMMUNAL





ҚМГ КОРПОРАТИВТІК
БАСҚАРУ РЕЙТИНГІ
2021 ЖЫЛЫ
"ВВВ" ДЕҢГЕЙІНЕ
ЖОҒАРЫЛАДЫ
(2018 ЖЫЛҒЫ "ВВ"
ДЕҢГЕЙІНЕН)



КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

ҚМГ корпоративтік басқару жүйесі ҚМГ қызметін басқару мен бақылауды қамта-
масыз ететін процестердің жиынтығын, сондай-ақ акционерлер («Самұрық-Қазына»
АҚ және «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» РММ), Директорлар кеңесі,
Басқарма және мүдделі тараптар арасындағы өзара қарым-қатынастар жүйесін
білдіреді.

ҚМГ органдарының құзыреттерінің аражігі нақты ажыратылған және ҚМГ
Жарғысында бекітілген.

ҚМГ корпоративтік басқару құрылымы

Акционерлердің жалпы жиналысы «ҚазМұнайГаз» ҰҚ АҚ

Директорлар кеңесі

Уолтон К.Д., Директорлар кеңесінің тәрафасы	● ● ◆ ○
Холланд Ф.М.	◆ ◆ ○
Миллер Т.Г.	● ○ ◆
Карабалин У.С.	○
Ауганов Г.К.	●
Жанадил Е.Б	●
Айдарбаев А.С., Басқарма тәрафасы	

◆ Комитет тәрафасы
○ Комитет мүшесі

Корпоративтік хатшы

Комплаенс қызметі

Омбудсмен

Ішкі аудит қызметі

- Тағайындау және сыйақылар жөніндегі комитет
- Стратегия және қоржынды басқару жөніндегі комитет
- Аудит жөніндегі комитет
- Еңбек қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортанды қорғау және орнықты даму комитеті

Басқарма

Айдарбаев А.С.,
Басқарма тәрафасы

Есқазиев Қ.О.,
Басқарма тәрафасының
барлау және өндіру
жөніндегі орынбасары

Қарабаев Д.С., CFA,
Басқарма тәрафасының
экономика және қаржы
жөніндегі орынбасары

Тиесов Д.С.,
Басқарма тәрафасының
мұнай өндеу және
мұнай-химия жөніндегі
орынбасары

Берлібаев Д.Ә.,
Басқарма тәрафасының мұнай
тасымалдау, халықаралық жобалар
және "Сарыарқа" газ құбырын салу
жөніндегі орынбасары

Абдулғафаров Д.Е.,
Басқарма тәрафасының стратегия,
инвестициялар және бизнесі
дамыту жөніндегі орынбасары

Сәулебай М.О.,
Басқарма тәрафасының орынбасары

Компанияның корпоративтік басқару органдарының жүйесі төменде гілерді қамтиды:

- жоғары орган – Акционерлердің жалпы жиналысы;
- басқару органы – Акционерлердің жалпы жиналысына есеп беретін Директорлар кеңесі;
- атқарушы орган – Директорлар кеңесіне есеп беретін Басқарма;
- ішкі аудит қызметі – Директорлар кеңесіне тікелей бағынатын және есеп беретін, «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қордың тобына кіретін ҚМГ компаниялар тобының компаниялар мен өзге де ұйымдарының қаржы-шаруашылық қызметіне бақылау, ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару саласындағы бағалауды жүзеге асыратын орталықтандырылған орган корпоративтік басқару саласындағы құжаттарды орындау және ҚМГ мен ҚМГ компаниялар тобының қызметін жетілдіру мақсатында консультация беру;
- Өз функцияларын тұрақты және тәуелсіз негізде орындастырып, Компанияның Директорлар

кеңесінің және (немесе) атқарушы органының мүшесі болып табылмайтын, ҚМГ Директорлар кеңесі тағайындастын және ҚМГ Директорлар кеңесіне есеп беретін, өз құзыретінің шегінде ҚМГ корпоративтік басқару жүйесінде іске асыру және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыратын Корпоративтік хатшы;

- Директорлар кеңесіне есеп беретін комплаенс қызметі, оның қызметі сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қымыл және ҚМГ компаниялары тобының ішкі корпоративтік мәдениетін қалыптастыру мәселелері бойынша міндетті реттеушілік талаптар мен үздік халықаралық практиканың сақтауын қамтамасыз етуге, қызметкерлер арасында ашықтықты, адалдықты қамтамасыз етуге, сондай-ақ үздік халықаралық стандарттарға, ішкі саясаттарға және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бизнес жүргізу үшін жағдайлар жасауға бағытталған;
- Омбудсмен - ҚМГ Директорлар кеңесі тағайындастын тұлға, оның рөлі оған жүгінген ҚМГ

қызметкерлеріне консультация беру және еңбек дауарын, қақтығыстарды, әлеуметтік-еңбек сипатындағы проблемалық мәселелерді шешуде, сондай-ақ ҚМГ қызметкерлерінің іскерлік этика қағидаттарын сақтауда жәрдем көрсету болып табылады.

ҚМГ корпоративтік басқару жүйесі акционерлердің және негізгі мүдделі тарараптардың; мемлекеттің, стратегиялық серіктестер мен контрагенттердің (жеткізушилер мен сатып алушылар), инвесторлардың, ҚМГ қызметкерлерінің, муниципалитеттердің, жергілікті қоғамдастықтардың, және Компания қызметін жүзеге асыратын өнірлер тұрғындарының құқықтары мен заңдық мүдделерін құрметтеуге негізделеді.

Компанияның корпоративтік басқару жүйесі корпоративтік басқарудың қазақстандық және халықаралық практикасының талаптары мен стандарттарын ескере отырып, үнемі жетілдіріліп отырады.

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН ДАМЫТУ

Даму стратегиясын қалыптастыратын және іске асыратын, оның ішінде өндірістік процестерді басқарудың дивизионалдық құрылымы арқылы ЕТҰ-ны операциялық қызметке тарту арқылы Корпоративтік орталық, ретінде Компания корпоративтік басқару саласындағы үздік практикаларға сәйкес келуге үмтүлады және корпоративтік басқарудың жоғары стандарттарына сәйкестігі мен айқындылығы - бұл әлеуетті инвесторлардың, контрагенттердің және өзге де стейкхолдерлердің сенімін нығайтуға, Компания ресурстарын тиімсіз пайдалану тәуекелдерін төмендетуге, оның құнының өсуіне және әл-ауқатының артуына ықпал ететін инвестициялық тартымдылық

пен қызметтің экономикалық тиімділігін арттырудың аса маңызды факторлары екенін түсінеді.

Компанияның Директорлар кеңесі ҚМГ-дегі корпоративтік басқару практикасының тиімділігін бақылайды, ал Ккорпоративтік хатшы оны үздіксіз жетілдіруді үйлестіреді.

«Самұрық-Қазына» АҚ Баскармасының 2015 жылғы 27 мамырдағы шешімімен бекітілген ҚМГ корпоративтік басқару кодексі (бұдан ері - Корпоративтік басқару кодексі, Кодекс) ҚМГ корпоративтік басқару практикасын құру және жақсарту негізделетін басты құжат болып табылады. Кодекс

Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қазақстанда және әлемде дамып келе жатқан корпоративтік басқару практикасын ескере отырып, «Самұрық-Қазына» АҚ ішкі құжаттарына, «Самұрық-Қазына» АҚ Трансформация бағдарламасына сәйкес әзірленді.

Кодекте Компаниядағы корпоративтік басқару жүйесі негізделетін, «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының корпоративтік басқару қағидаттарымен бірдей қағидаттар бекітілген. Директорлар кеңесі және Аудит жөніндегі комитет Кодекс ережелерінің ҚМГ-ға енгізілуіне бақылауды жүзеге асырады.

Кодекстің талаптарына сәйкес, корпоративтік хатшы Кодексті Comply or explain («сақта немесе түсіндір») тәсілін қолдана отырып, Компанияның оның қағидаттараты мен ережелерін сактауы тұрғысынан жыл сайын талдайды. Қазіргі уақытта Кодекс талаптарының басым бөлігі жыл сайын сақталуда. Оның жекелеген ережелерін ішінша сактамау жағдайлары сактамау себептерін түсіндіре отырып, Кодексті сактау туралы есепте көрсетілген. ҚМГ-ның 2021 жылы Кодекстің қағидаттараты мен ережелерін сактауы туралы есеппен Жылдық есепке қосымшада танысуға болады.

Бірнеше жылдар бойы ҚМГ Корпоративтік хатшысының қызметі дәйекті және жүйелі негізде ҚМГ-ның корпоративтік басқару практикасын жетілдіру жөніндегі қызметін үйлестіруді жүзеге асырады. Корпоративтік басқару саласындағы максаттарды қою және жақсартулар прогресін қадағалау үшін Компанияда 2016 жылдан бастап дауыс беретін акцияларының кем дегенде 50%-ы тікелей немесе жанама түрде «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тиесілі занды тұлғаларда Корпоративтік басқарудың диагностикасын жүргізу әдістемесін (бұдан әрі - Әдістеме) қолданылады.

Бұл әдістеме тәуелсіз таралтың Компанияны корпоративтік басқару диагностикасының (аудитінің) нәтижелері бойынша рейтинг берудің көздөйді. Мұндай диагностика тұрақты негізде жүзеге асырылады.

Диагностиканың қорытындылары бойынша аталған әдістеменің негізінде ҚМГ Корпоративтік хатшысының қызметі корпоративтік басқаруды жетілдіру бойынша жоспар жасайды, оны орындау нәтижелері тұрақты негізде Директорлар кеңесінің және Компанияның Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетінің назарына жеткізіледі.

Тәуелсіз консультант 2021 жылы жүргізген корпоративтік басқарудың кезекті тәуелсіз диагностикасының нәтижелері бойынша

– PricewaterhouseCoopers компаниясы әдістеменің негізінде ҚМГ-ге «BVB» деңгейінде корпоративтік басқару рейтингін берді, бұл Компания қол жеткізген прогресті көрсетті (2018 жылы жүргізлген алдыңғы диагностика нәтижелері бойынша Компанияға «B» рейтингі берілді) және ҚМГ корпоративтік басқару жүйесінің барлық елеулі аспектілерде белгіленген критерийлердің көпшілігіне сәйкес көлөтіндігін және бұл ретте, жүйенің тиімді жұмыс істейтініне жеткілікті растау бар екендігін білдіреді.

2022 жылы Компания консультанттың 2021 жылы жүргізлген корпоративтік басқарудың тәуелсіз диагностикасының нәтижелері бойынша ұсынған және корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі жоспарға енгізілген ұсынымдарын ескере отырып, ҚМГ корпоративтік басқару жүйесін одан әрі жетілдіруге бағытталған іс-шараларды: айқындық; акционерлердің құқықтары; тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және аудит; Директорлар кеңесі мен атқарушы орган қызметінің тиімділігі; орнықты даму сияқты салалар бойынша жоспарлы іске асыруға арнайды. Қалыптасқан практикаға сәйкес, ҚМГ-ның корпоративтік хатшысы корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі жоспардың орындалуына тұрақты мониторингті жүзеге асыратын болады және осы жоспардың орындалуы туралы есептерді Аудит жөніндегі комитет және Директорлар

кеңесі ҚМГ менеджментіне көрі байланыс берсе отырып қарайтын болады.


Корпоративтік басқаруды жетілдіру мақсатында «Самұрық-Қазына» АҚ, мен ҚМГ-ның 2031 жылға дейінгі даму стратегияларында «Корпоративтік басқару рейтингі» ҚТК-ның батыл мәндеріне қол жеткізу дің негізгі кезеңдері белгіленді. Бұл ҚМГ-ның негізгі акционері, Директорлар кеңесі, Компанияның Аудит және менеджмент комитеті тарапынан корпоративтік басқаруға аса назар аударылатындығын көрсетеді.

Тұтастай алғанда Компаниядағы корпоративтік басқаруды жетілдіру үздіксіз циклдік процесс болып табылады, оның негізгі кезеңі тәуелсіз тараптан рейтинг пен жақсарту бойынша тиісті ұсынымдар алу болып табылады.

Корпоративтік басқару жүйесін дамыту

Корпоративтік басқарудың диагностикасын жүргізу және корпоративтік басқару рейтингін алу, жетілдіру бойынша ұсынымдар қалыптастыру

Корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі жоспарды әзірлеу, бекіту және іске асыру



Корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі жоспарды іске асыру мониторингі, Директорлар кеңесі мен Аудит жөніндегі комитетке арналған есептер

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

Директорлар кеңесі ҚМГ-ның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады. Директорлар кеңесінің шешімдері заңнамада және ҚМГ Жарғысында белгіленген тәртіппен қабылданады. Заңнамада және ҚМГ Жарғысында белгіленген шешімдерді қабылдау үшін қажетті кворумға және Компанияның Директорлар кеңесі мүшелерінің көпшілік дауысына қарамастан, Компания анағұрлым маңызды мәселелер бойынша шешімдердің іштей отырыстарда қабылдануына, шешімдерді қабылдауға Директорлар кеңесінің барлық мүшелерінің қатысуына ұмтылады және шешімдерді дайындау мен келісі үшін олар Директорлар кеңесінің барлық мүшелерінің пікірін ескере отырып, қабылданатындаи барлық ықтимал күш-жігерді жұмысайды.

Директорлар кеңесі, өзгелерден басқа, ҚМГ қызметінің басым бағыттарын белгілейді және ҚМГ даму стратегиясын бекітеді, әлеуетті сатып алу мәселелері және қаржылық сипаттағы басқа да елеулі мәселелер (оның ішінде ҚМГ облигациялары мен туынды бағалы қағаздарын шығару шарттары туралы), сомасы бойынша елеулі мәмілелер және жасалуына мүдделілік бар мәмілелер жасасу, жер қойнауын пайдалану құқығын алу, беру (қайта табыстау) мәселелері бойынша шешімдерді қарайды және қабылдайды, жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар бойынша жобаларды бірлесіп іске асыру үшін стратегиялық әріптестермен бірлескен қызмет туралы, ҚМГ мен ҚМГ еншілес үйімдарының қатысуымен инвестициялық жобаларды келісі туралы шарттар (келісімдер) жасауды жүзеге асырады, Компанияның корпоративтік басқару практикасының тиімділігін бақылауды жүзеге асырады.

Компанияның Директорлар кеңесінің қызметі Компанияның Жарғысымен, корпоративтік басқару

кодексімен және Директорлар кеңесі туралы ережемен реттеледі және ұтымдылық пен тиімділік қағидаттарына сүйене отырып, жыл сайын әзірленетін жұмыс жоспарына және отырыстар өткізу кестесіне сәйкес жүзеге асырылады. Қажет болған жағдайда, Директорлар кеңесі жұмыс жоспарына енгізілмеген мәселелерді қарай алады.

Директорлар кеңесінің тәрағасы және оның рөлі

Директорлар кеңесінің тәрағасы Директорлар кеңесіне жалпы басшылық жасауға жауп береді, Директорлар кеңесінің негізгі функцияларын толық және тиімді іске асыруды және Директорлар кеңесінің мүшелері, ірі акционерлер мен Басқарма арасында конструктивті диалог құруды қамтамасыз етеді. Директорлар кеңесінің тәрағасы тәуелсіз директор болып табылады.

Тәуелсіз директорлар және олардың рөлі

Директорлар кеңесінің жұмысында тәуелсіз директорлардың орны маңызды болып табылады. Олардың саны Директорлар кеңесінің комитеттерінде көп және сол комитеттердің тәрағалары болады. Тәуелсіз директорлар тәуелсіздіктің барлық заңнамалық шарттарына, сондай-ақ «Самұрық-Қазына» АҚ компанияларында Директорлар кеңесінің құрамын жасақтау ережелеріне және Кодекске сәйкес келеді.

Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес тәуелсіз және объективті шешімдер қабылдау үшін жеткілікті кәсібиілігі мен дербестігі бар, жекелеген акционерлердің, атқарушы органның және өзге де мүдделі тараптардың ықпалынан еркін адам тәуелсіз директор деп танылады. Тәуелсіз директорлар мүдделер қактығысы бола алатын мәселелерді (каржы және қаржы емес есептілігін дайындау, жасалуына мүдделілік

бар мәмілелер жасасу, атқарушы органның құрамына кандидаттар ұсыну, атқарушы органның мүшелеріне сыйақы белгілеу) талқылауға белсенді қатысуы тиіс. Тәуелсіз директор тәуелсіздік мәртебесінің жоғалу ықтималдығын қадағалауға және осындаи жағдайлар болғанда Директорлар кеңесінің тәрағасын алдын ала хабардар етуи тиіс. Директорлар кеңесі мүшесінің тәуелсіздігіне әсер ететін мән-жайлар болған жағдайда, Директорлар кеңесінің тәрағасы тиісті шешім қабылдау үшін осы ақпаратты дереу акционерлердің назарына жеткізеді.

Ұздық халықаралық тәжірибелі ұстана отырып, Компания өзінің тәуелсіз директорларын жоғары стандарттарға сәйкестендіруге тырысады және директордың тәуелсіздігін нашарлататын немесе нашарлағандай болып көрінетін жағдайлардың жоқ, екендейін мәлімдейді.

Директорлар кеңесіндегі сабактастықты жоспарлау, лауазымға енгізу және біліктілікті арттыру

Компания Директорлар кеңесі мүшелерінің сабактастығын қамтамасыз ету саясаты мен сабактастық жоспарын әзірлеп, бекітті. 2021 жылы ҚМГ-де жүргізілген корпоративтік басқару диагностикасының шенберінде «ПрайсуптерхайсКуперс» ЖШС тәуелсіз консультантты ҚМГ Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттіктерінің сабактастығы мен мерзімдері туралы мәселелер бойынша бірқатар ұсынымдар берді, оларды 2022 жылы іске асыру жоспарланып отыр. Консультант ұсынған ҚМГ-ның корпоративтік басқаруын жетілдіру жөніндегі жоспарда мынадай ұсынымдар атап өтілді:

- акционерлердің өкілдері мен тәуелсіз директорларды Компанияның Директорлар кеңесіне ұзақ уақыт сақтау мақсатында Акционермен тәсілді

талқылау мүмкіндігін қарастыру. Әкілдердің өкілеттіктер мерзімін Компанияның таңдалған Стратегиясының кезеңіне сәйкес келтіру туралы мәселені зерделеу қажет, бұл егер Компания халықаралық листингті жоспарласа, Компанияның инвестициялық қоғамдастықтағы корпоративтік жадының сабактастығын және беделін сақтауды ескере отырып, Компанияның артықшылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді; • кандидаттар тізбесін, олардың құзыреттерін, мүдделілік ықтималдығын, артықшылықты сыйақыны және қазіргі директорлардың өкілеттіктер мерзіміне және талап етілетін дағдылар матрицасына негізделетін ықтимал өкілеттіктер мерзімін қоса алғанда, Директорлар кеңесі үшін ресми сабактастық жоспарын өзірлеу мүмкіндігін қарастыру.

ҚМГде Директорлар кеңесі 2017 жылы бекіткен ҚМГ Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелері үшін лауазымға енгізу бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) қолданылады. Директорлар кеңесінің 2020 жылғы маусымдағы шешімімен Бағдарлама Компанияның функционалдық блоктарының басшыларымен кездесулер, сондай-ақ Директорлар кеңесі комитеттерінің тәрағала-рымен кездесулер өткізу қажеттілігі туралы тармақпен толықтырылды. Корпоративтік хатшы Бағдарламаның

орындалуына, яғни Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелерінің онда көзделген барлық іс-шаралардың іс жүзінде өтуіне мониторинг жүргізеді. Бағдарлама шеңберінде құжаттарды өзектендіру бойынша тұрақты жұмыс жүргізілуде. 2021 жыл ішінде Бағдарламаға сәйкес лауазымға енгізу рәсімінен ҚМГ Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелері Б.О. Ақшолақов пен М.Ә. Тәжіғалиев өтті.

2021 жылғы сәуірде ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшелерін оқытудың 2021 жылға арналған жоспары бекітілді. Бұл ретте Директорлар кеңесінің мүшелері өз біліктілігін үздіксіз жетілдіріп отырады және өткен тренингтер туралы мәліметтерді ұсынады. Ол жөнінде ғақпарат Компанияның веб-сайтында орналастырылады.

Өкілеттіктер мерзімі

Директорлар кеңесінің өкілеттіктер мерзімі үш жылды құрайды. Директорлар кеңесінің мүшелері Директорлар кеңесінің құрамын сапалы жаңарту қажеттілігін ескере отырып, ерекше қараша кезінде қата-рынан алты жылдан астам мерзімге қайта сайлануы мүмкін. Ерекше жағдайларда тоғыз жылдан астам мерзімге сайлауға жол беріледі (бұл жағдайда тәуелсіз директорлар үшін Компания барлық мүдделі тараптарға ашатын осындағы қажеттіліктің егжей-тегжейлі және сенімді негізде-месі дайындалатын болады).

Бұл ретте, 2021 жылы ҚМГде жүргізілген корпоративтік басқарудың тәуелсіз диагностикасының нәтижелері бойынша Компания акционерлердің өкілдері мен тәуелсіз директорларды Компанияның Директорлар кеңесінде анағұрлым ұзақ сақтау мақсатында Акционермен тәсілді талқылау мүмкіндігін қараша туралы ұсыным алды. Сондай-ақ, өкілдердің өкілеттіктер мерзімін Компанияның таңдалған Стратегиясының кезеңіне сәйкес келтіру мәсесін зерделеу қажеттілігі туралы ұсыныс берілді. Тәуелсіз консультанттың пікірі бойынша, көрсетілген артықшылықтар: ұзақтығы бес-алты жылға созылатын жекелеген директорлардың өкілеттіктер мерзімі және олардың әртүрлі жылдардағы ротациясы Компанияның қызметі және оның корпоративтік басқару процесстері туралы білімнің сабактастығын қамтамасыз етеді. Директорлар кеңесінде ұзақ уақыт болу орында-латын жұмыстың сапасын арттыруға және Компанияның стратегиясын іске асрыу жолында табысты ілгерілеу үшін жауапкершілікті арттыруға ықпал етеді.



Директорлар кеңесінің құрамы

Компания Директорлар кеңесінің құрамындағы тәуелсіз директорлар саны бойынша Кодекстің талаптарына сай келеді, оған сәйкес тәуелсіз

директорлар саны Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының 50%-ын құрайды.

"Самұрық-Қазына" АҚ
Басқармасының 2020 жылғы 17 тамыздағы шешімімен (№30/20 хаттама)

үш тәуелсіз директорды қоса алғанда, жеті адамнан тұратын Директорлар кеңесінің жаңа құрамы сыйланды. Директорлар кеңесінің төрағасы тәуелсіз директор болып табылады.

ҚМГ Директорлар кеңесінің құрамы 2021 жылғы 1 қаңтардан 2022 жылғы 6 сәуірге дейін

	2021 г.	По 6 апреля 2022 г.	Срок полномочий истек
Тәуелсіз директорлар			
• Уолтон К.Д.	Үшінші тоқсан	Үшінші тоқсан	
• Холланд Ф.М.	Бірінші тоқсан	Бірінші тоқсан	
• Миллер Т.Г.	Бірінші тоқсан	Бірінші тоқсан	
«Самұрық-Қазына» АҚ өкілдері			
• Қарабалин Ұ.С.	3-ші мерзімі	3-ші мерзімі	
• Ауганов Г.К.	—	Бірінші тоқсан	
• Жанаділ Е.Б	—	Бірінші тоқсан	
◦ Сәтқалиев А.М.	Бірінші тоқсан		Наурыз 2021
◦ Манкеев М.Н.	Бірінші тоқсан		Ақпан 2022
◦ Тажигалиев М.У.	Бірінші тоқсан		Ақпан 2022
Атқарушы директор (Басқарма төрағасы)			
• Айдарбаев А.С.	Бірінші тоқсан	Бірінші тоқсан	

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Директорлар кеңесінің құрамы

	ДК мүшелігіне кірген жылы
Тәуелсіз директорлар	Уолтон К.Д., төраға
	Холланд Ф.М.
	Миллер Т.Г.
«Самұрық-Қазына» АҚ өкілдері	Қарабалин Ұ.С.
	Манкеев М.Н.
	Ақшолақов Б.О.
Атқарушы директор (Басқарма төрағасы)	Айдарбаев А.С.
	2014
	2020
	2020
	2016
	2021
	2021
	2018

2021 жылдың есебін бекіту кезіндегі (2022 жылғы 6 сәуір) Директорлар кеңесінің құрамы

	ДК мүшелігіне кірген жылы
Тәуелсіз директорлар	Уолтон К.Д., төраға
	Холланд Ф.М.
	Миллер Т.Г.
«Самұрық-Қазына» АҚ өкілдері	Қарабалин Ұ.С.
	Жанаділ Е.Б.
	Ауганов Г.К.
Атқарушы директор (Басқарма төрағасы)	Айдарбаев А.С.
	2014
	2020
	2020
	2016
	2022
	2022
	2018

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны— 7, оның ішінде:

тәуелсіз
директорлар



«Самұрық-Қазына» АҚ өкілдері



атқарушы директор (Басқарма төрағасы)



Жасы бойынша Директорлар кеңесінің құрылымы мынадай:

- 30 жастан 50 жасқа дейін - екі адам;
- 50 жастан 60 жасқа дейін - бір адам;
- 60 жастан 75 жасқа дейін - төрт адам.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ ОРТАША ЖАСЫ

56 жас

2019 жылы Директорлар кеңесінің құрамы тоғыз адамнан тұрды және олардың өкілеттіктерінің мерзімі 2020 жылдың 28 маусымында аяқталды. «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің жаңа құрамын 2020 жылдың 17 тамызында жеті адам санында белгіледі. «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының шешімімен 2021 жылдың 26 сәуірінде Директорлар кеңесі мүшелері А.М. Сатқалиев пен Э. Эспинаның өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды, олардың орнына осы шешіммен «Самұрық-Қазына» АҚ өкілдері Б.О. Ақшолақов пен М.Ә. Тәжіғалиев сайланды. Бұл ретте М.Ә. Тәжіғалиевтің өкілеттіктері «Самұрық-Қазына» АҚ-ның 2021 жылғы 30 желтоқсандағы шешімімен мерзімінен бұрын тоқтатылды, оның орнына М.Н. Манкеев сайланды. «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2022 жылғы 18 акпандадағы №12/22 шешімімен М.Н. Манкеев пен Б.О. Ақшолақовтың өкілеттіктері тоқтатылды, олардың

орнына осы шешіммен «Самұрық-Қазына» АҚ өкілдері Е.Б. Жанәділ мен Ф.Қ. Ауғанов сайланды.

Сондай-ақ ҚМГ Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 18 мамырдағы шешімімен (№7/2021 хаттама) Директорлар кеңесінің Тағайындау және сыйакылар; Стратегия және портфельді басқару жөніндегі комитеттерінің жаңа құрамдары¹ сайланды.

Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидаттарды ұсыну және іріктеу тәртібі ҚМГ-ның Жарғысында және өзге де нормативтік құжаттарда белгіленеді, Акционерлердің жалпы жиналышы Директорлар кеңесінің төрағасымен және Тағайындау және сыйакылар жөніндегі комитеттің төрағасымен бірлесіп жүзеге асырады және кандидатураларды іздеу мен жалдауды жүзеге асыру кезінде ашықтық, әділдік және кәсібиlíк қағидаларымен негізделген.

Директорлар кеңесінің мүшелері акционерлердің және өзге де тұлғалардың, өкілдері ретінде сайлауға ұсынылған адамдардан сайланады, Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидаттар лауазымдық функцияларды орындау және Компанияның ұзақ мерзімді құны мен орнықты дамуын қамтамасыз ету үшін қажетті білімге, дағдыларға және тәжірибелеге ие болуы тиіс, сондай-ақ мінсіз іскерлік беделге ие болуы тиіс.

Директорлар кеңесінің төрағасын Акционерлердің жалпы жиналышы сайлайды.

Тәуелсіз директорлар «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2016 жылғы 26 күркүйектегі шешімімен (№ 35/16 хаттама) бекітілген «Самұрық-Қазына» АҚ компанияларының директорлар кеңесінің құрамдарын қалыптастыру жөніндегі қағидаларға сәйкес іріктеледі.

Құзыреттер бойынша Директорлар кеңесінің құрылымы

Директорлар кеңесінің мүшесі

Уолтон К.Д. Көлік, мұнай-газ саласы, стратегия, қаржы, корпоративтік басқару, IPO тәжірибесі

Айдарбаев А.С. Мұнай-газ саласы

Холланд Ф.М. Мұнай-газ саласы, жобаларды бағалау, денсаулық сақтау және қауіпсіздік

Миллер Т.Г. Мұнай-газ саласы, тәуекел-менеджмент, денсаулық сақтау және қауіпсіздік

Қарабалин Ұ.С. Мұнай-газ саласы, стратегия

Ауғанов F.Қ.² Мұнай-газ саласы, экономика, адам ресурстарын басқару

Жанәділ Е.Б. Қаржы, экономика, инвестициялар

**Директорлар кеңесінің
әртүрлі бағыттар
бойынша құрылымы
кәсіби білім мен дағдылар
түрғысынан құрамның
тәңdestіrlгенімен
сипатталады.**

¹ 2022 жылғы 2 акпандада Директорлар кеңесінің аудит; Тағайындау мен сыйакылар; стратегия және портфельді басқару жөніндегі комитеттердің жаңа құрамдары сайланады.

² Ф.Ауғанов пен Е.Жанәділ «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2022 жылғы 18 акпандадағы № 12/22 шешімімен ҚМГ Директорлар кеңесінің құрамына енді.



Уолтон Кристофер Джон
Директорлар кенесінің төрағасы,
тәуелсіз директор



Айдарбаев Алик Серікұлы
Басқарма төрағасы, атқарушы директор



Қарабалин Ұзақбай Сүлейменұлы
«Самұрық-Қазына» АҚ өкілі



Холланд Филип Малcolm
Тәуелсіз директор



Миллер Тимоти Глен
Тәуелсіз директор



Ауғанов Фибрат Қайратұлы
«Самұрық-Қазына» АҚ өкілі



Жанәділ Ернар Бейсенұлы
«Самұрық-Қазына» АҚ өкілі



Уолтон Кристофер Джон
КМГ Директорлар кеңесінің төрағасы,
тәуелсіз директор
КМГ Директорлар кеңесінің құрамына
2014 жылдан бастап кіреді.

Туған күні: 1957 жылғы 19 маусым.

Білімі:

- Батыс Австралия университеті, өнер бакалавры (саясаттану);
- Батыс Австралия университеті, Іскерлік әкімшіліктендері магистрі (MBA), қаржы;
- Корольдік авиациялық қоғамның құрметті мүшесі;
- Директорлар институтының құрметті мүшесі.

Жұмыс тәжірибесі:

Кристофер Уолтон Компанияның Директорлар кеңесінің төрағасы болып табылады, сонымен қатар ол Ұлыбританияның Сұнгур қайытарды жеткізу агенттігінің аудит төрағасы және Корольдік Әскери-теніз флоты үшін стратегиялық кеме жасау кеңесінің атқарушы емес мүшесі (ағыл.The Royal Navy's National Shipbuilding Strategy Client Board) лауазымдарын қоса атқарады. Сондай-ақ ол Лондондағы Қайырымдылық қорының Еркін азаматтар гильдиясының қамқоршысы болып табылады.

Бұрын Asia Resource Minerals PLC ("Азия минералдық ресурстары") көмір өндіруші компаниясы, Goldenport Shipmanagement Ltd кеме операторлық холдингі және Lothian муниципалды автобус компаниясы сияқты компанияларда басқарма төрағасы лауазымын атқарған. Сонымен бірге, Rockhopper Exploration Plc мұнай өндіру компаниясының аға тәуелсіз директоры және аудит жөніндегі комитетінің төрағасы, "Қазақстан Темір Жолы" АҚ-тағы аудит жөніндегі комитетінің

төрағасы және Ұлыбританияның Мәдениет, бұкараптұлар құралдары және спорт департаментінің Аудит және тәуекелдер жөніндегі комитетінің атқарушы емес мүшесі лауазымдарын атқарды. 2002 жылдан бастап 2005 жылға дейін Англия Банкінің (ағыл. SE England & Anglia) өнірлік экономикалық консультативтік кеңесінің мүшесі болды.

EasyJet PLC қаржы директоры лауазымын атқарды, онда компанияның IPO-сын табысты баскарды. Австралияның ірі авиакомпанияларында жоғары қаржылық және коммерциялық қызметтерде жұмыс істеді: Qantas, Air New Zealand, Australia Post және Australian Airlines. Австралия қарулы құштерінің резервінде қызмет етті.

Директорлар институтының және Корольдік авиациялық қоғамның құрметті мүшесі болып табылады.

Қоса атқаратын қызметі:

The Guild of Freemen of the City of London - директор (қайырымдылық баскармасы);
Guild of Freemen of the City of London's Charity - қамқоршы;
Submarine Delivery Agency (a government department) — атқарушы емес директоры;
National Shipbuilding Strategy Client Board - тәуелсіз мүшесі.

КМГ-ның немесе оның еншілес және (немесе) тәуелді үйымдарының акцияларына (тікелей немесе жанама түрде) иелік етпейді. КМГ, еншілес және (немесе) тәуелді үйымдардың акцияларымен мәмілелер жасасқан жоқ,



Айдарбаев Алик Серікұлы
Директорлар кеңесінің мүшесі КМГ,
КМГ Басқармасының төрағасы
КМГ Директорлар кеңесінің құрамына
2018 жылдан бастап кіреді.

Туған күні: 1963 жылғы 19 мамыр.

Білімі:

- В. И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институты, мамандығы - "Мұнай және газ кен орындарын игерудің технологиясы және кешенді механизациясы".

Жұмыс тәжірибесі:

1985 жылдан бастап 1995 жылға дейін "Жетібаймұнай" МГБ-те оператор-технолог, одан кейін "Маңғышлақмұнай" бірлестігінің "Жетібаймұнай" МГБ қабат қысымын сақтау цехы бастығының орынбасары, қабат қысымын сақтау участкесінің бастығы, Мұнай және газ өндіру цехының бастығы, "Оңтүстікказ-мұнайгаз" МАҚ бас директорының орынбасары және бірінші вице-президенті болып жұмыс істеді.

Әр жылдары "Торғай-Петролеум" АҚ бас директоры, "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ бас директоры, КМГ Барлау және өндіру жөніндегі басқарушы директоры, "ҚазМұнайГаз" Барлау Өндіру" АҚ бас директоры, Манғыстау облысының әкімі, Қазақстан Республикасының

Инвестициялар және даму бірінші вице-министрі, "Самұрық-Қазына" АҚ Басқарма төрағасының орынбасары қызметтерін атқарған.

КМГ-ның немесе оның еншілес және (немесе) тәуелді үйымдарының акцияларына (тікелей немесе жанама түрде) иелік етпейді. КМГ, еншілес және (немесе) тәуелді үйымдардың акцияларымен мәмілелер жасасқан жоқ,



Қарабалин Ұзақбай Сүлейменұлы
ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшесі,
«Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерінің өкілі
ҚМГ Директорлар кеңесінің құрамына
2016 жылдан бастап кіреді.

Туған күні: 1947 жылғы 14 қыркүйек.

Білімі:

- И.М. Губкин атындағы Мәскеу мұнай-химия және газ өнеркәсібі институты, мамандығы - "тау-кен инженері";
- И.М. Губкин атындағы Мәскеу мұнай-химия және газ өнеркәсібі институтының аспирантурасы;
- техника ғылымдарының кандидаты;
- техника ғылымдарының докторы;
- Қазақстан Республикасының Ұлттық инженерлік академиясының академигі.

Жұмыс тәжірибесі

Әр жылдары "Қазмұнайгазбарлау" басқармасының Оңтүстік Ембі мұнай-газ барлау экспедициясында, Қазақ ғылыми-зерттеу геологиялық-барлау мұнай институтында, "Каспий маңы геология" аумақтық басқармасында, В.И.Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтында Гурьев филиалында. Қазақстан Республикасы Президенті Аппаратының және Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің өнеркәсіп бөлімінде жұмыс істеді.

Әр жылдары Қазақстан Республикасы Энергетика және отын ресурстары министрлігінің Мұнай және газ басқармасының бастыры, Қазақстан Республикасы Энергетика және отын ресурстары министрлік орынбасары, Қазақстан Республикасы Мұнай және өнеркәсібі министрлік орынбасары, "Қазақойл" ұлттық мұнай-газ компаниясы" ЖАҚ бірінші

вице-президенті және президенттінің міндеттін атқарушы, "ҚазТрансГаз" ЖАҚ президенті, Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар вице-министрі, "ҚазМұнайГаз" ҮК АҚ президенті, "Маңыстаумұнайгаз" АҚ бас директоры, "Қазақстан мұнай және газ институты" АҚ бас директоры, Қазақстан Республикасының Мұнай және газ министрі, Қазақстан Республикасы Энергетика министрлік бірінші орынбасары қызметтерін аткарды.

"Қазтрансойл" ЖАҚ, "Мұнай және газ тасымалдау" ҮК ЖАҚ, "ҚазМұнайГаз" ҮК ЖАҚ және "ҚазМұнайГаз" "Барлау Өндіру" АҚ директорлар кеңестерінің тәрағасы, KAZENERGY қауымдастырылған тәрағасы, Қазақстан Республикасы Президенттің жаңындағы Ұлттық инвесторлар кеңесінің мүшесі, KAZENERGY қауымдастырылған тәрағасының орынбасары, «Атырау Мұнай және газ университеті» Директорлар кеңесінің тәрағасы, "ҚМГИ" АҚ директорлар кеңесінің мүшесі (тәуелсіз директор) қызметтерін аткарған.

«ҚазТрансОйл» АҚ-ның 9 655 жай акцияларын иемденеді.



Холланд Филип Малкольм
Директорлар кеңесінің мүшесі ҚМГ,
тәуелсіз директор

ҚМГ Директорлар кеңесінің құрамына
2020 жылдан бастап кіреді.

Туған күні: 1954 жылғы 25 желтоқсан.

Білімі:

- Лидс университеті (Ұлыбритания), азаматтық құрылыш саласындағы ғылым бакалавры,
- Крэнфилд технологиялық институты (Ұлыбритания), "инженерия/құрылыш" басқару" мамандығы бойынша ғылым магистри.

Жұмыс тәжірибесі

1976 жылы Лидс университетін бітіріп, 1980 жылы Ұлыбритания мен Сауд Арабиясында жұмыс істегеннен кейін, Әлемнің түрлі елдеріндегі ірі мұнай-газ жобаларын басқара отырып, Bechtel Corporation-та қосылды. 2004 жылы Shell компаниясында Shell Global Solutions жобалар жөніндегі вице-президент лауазымында жұмыс істей бастады. 2009 жылы Shell жанадан құрылған жобалар және технологиялық бизнес жөніндегі

бөлімшесінде даунстриим жобалары жөніндегі атқарушы вице-президент болды. 2010 жылы Қазақстандағы екінші сатыдағы Қашаган жобасының директоры болып тағайындалды. Одан әрі «Әл-Қараана» Shell\QP мұнай-химия жобасында жұмысын жалғастырды. 2013 жылдан бастап жобаларды басқару бойынша тәуелсіз кеңесші болып жұмыс істеді.

Velocys PLC компаниясы директорлар кеңесінің тәрағасы, сондай-ақ EnQuest PLC компаниясының атқарушы емес директоры және қауіпсіздік, климат және тәуекелдер жөніндегі комитеттің тәрағасы болып табылады.

ҚМГ-ның немесе оның еншілес және (немесе) тәуелді үйімдарының акцияларына (тікелей немесе жанама турде) иелік етпейді. ҚМГ, еншілес және (немесе) тәуелді үйімдардың акцияларымен мәмілелер жасасқан жок.



Миллер Тимоти Глен
Директорлар кеңесінің мүшесі ҚМГ,
тәуелсіз директор

2020 жылдан бастап ҚМГ Директорлар
кеңесінің құрамына кіреді.

Туған күні: 1959 жылғы 13 қараша.

Білімі:

- Техас технологиялық университеті (Лаббок, Техас, АҚШ), машина жасау саласындағы ғылым бакалавры.

Жұмыс тәжірибесі:

2000 жылдан бастап Saudi Arabian Texaco, Inc. Президентінің көмекшісі болып жұмыс істеді (Бейтарап аймак — Кувейт), Texaco Exploration and Production. 2003 жылдан бастап 2010 жылға дейін Chevron корпорациясының бөлімшелерінде түрлі лауазымдарды атқарды: басқару жөніндегі демеуші (Сан-Рамон, Калифорния, АҚШ), Бразилия бойынша елдік менеджер (Рио-де-Жанейро, Бразилия), Шығыс Калимантан бағыты бойынша аға вице-президент (Баликпапан, Индонезия).
2010 жылы «Тенізшеврой» ЖШС (Атырау, Қазақстан) бас директоры болып тағайындалды және осы лауазымда бес жыл бойы жұмыс істеді. 2015 жылдан бастап Chevron корпорациясына «Еуразия» бизнес-бөлімшесінің басқаруши директоры (Алматы, Қазақстан) лауазымына оралды. 2018 жылы Chevron компаниясындағы жұмысын аяқтағаннан кейін, Chevron корпорациясының «Еуразия» бизнес-бөлімшесі бойынша операциялық компания президентінің кеңесшісі болды (Фриско, Техас, АҚШ).

2019 жылғы мамырдан бастап қазіргі уақытқа дейін — Integrated Global Services атқарушы директоры (Қазақстан Республикасы) және жаһандық операциялар жөніндегі аға кеңесшісі (Ричмонд, Вирджиния, АҚШ).

Әзге де қызметтері/лауазымдары:

- 2010-2018 жылдары Қазақстандағы Американдық сауда палатасының директорлар кеңесінің құрамына кірді;
- 2019 жылдан бастап ValTechnologies, Inc. (Хьюстон, Техас, АҚШ) —, 2020 жылдан бері PSI-Cloogh бірлескен кәсіпорны (Алматы, Қазақстан) Директорлар кеңесінің құрамына кіреді;
- әр жылдары шақырылған дәріскер болды: KAZENERGY шеңберінде мұнай-газ саласындағы мансап бойынша мастер-клас, Назарбаев Университетінің Жогары бизнес мектебі, Халық шаруашылығы университеті, Техас А&М университетінің Mays School of Business, Қазақстан-Британ техникалық университеті.

ҚМГ-ның немесе оның еншілес және (немесе) тәуелді үйымдарының акцияларына (тікелей немесе жанама түрде) иелік етпейді. ҚМГ, еншілес және (немесе) тәуелді үйымдардың акцияларымен мәмілелер жасасқан жоқ.



Ауғанов Фибрат Қайратұлы
ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшесі,
«Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерінің өкілі

ҚМГ Директорлар кеңесінің құрамына
2022 жылдың ақпанынан кіреді.

Туған күні: 1988 жылғы 6 маусым.

Білімі:

- Т.Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университеті, «Қаржы және есеп» факультеті, мамандығы «қаржы»;
- М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, мамандығы «мұнай-газ ісі»;
- Гуманитарлық-техникалық академия, мамандығы «экономика және бизнес магистрі».

Жұмыс тәжірибесі:

- «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ «Инженерлік орталық» филиалының енбекті жоспарлау және нормалау бөлімінің инженери;
- «ҚазМұнайГаз» АҚ еңбекақы төлеу және нормалау департаментінің жетекші маманы;
- «Самұрық-Қазына» Корпоративтік университеттің жекеменшік жетекші маманы;
- «Қазгермұнай» БҚ» ЖШС адам ресурстарын басқару департаментінің енбекті нормалау жөніндегі жетекші инженері;
- «Ембімұнайгаз» АҚ персоналды басқару және еңбекақы төлеу департаменті директорының орынбасары;
- «Қаражанбасмұнай» АҚ персоналды басқару және еңбекақы төлеу департаментінің директоры;
- «Самұрық-Қазына» АҚ адам ресурстарын басқару департаментінің директоры;

- «Самұрық-Қазына» АҚ қофаммен байланыс және өзгерістерді басқару жөніндегі басқаруши директоры.

Қоса атқаратын қызметі және ДК мүшелігі:

«Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті» коммерциялық емес акционерлік қофамының Директорлар кеңесінің мүшесі;

ҚМГ-ның немесе оның еншілес және (немесе) тәуелді үйымдарының акцияларына (тікелей немесе жанама түрде) иелік етпейді. ҚМГ, еншілес және (немесе) тәуелді үйымдардың акцияларымен мәмілелер жасасқан жоқ.



Жанәділ Ернар Бейсенұлы
КМГ Директорлар кеңесінің мүшесі,
«Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерінің өкілі
КМГ Директорлар кеңесінің құрамына
2022 жылдың акпандын кіреді.
Туған күні: 1984 жылғы 15 желтоқсан.

Білімі:

- Іскерлік Әкімшілендіру Бакалавры, Бухгалтерлік Есеп және Қаржы, Қазақстандық менеджмент, Экономика және болжамдау институты (ҚМЭБИ), Қазақстан;
- Магистр, Қаржы, Манчестер Бизнес Мектебі, Манчестер Университеті, Ұлыбритания;
- Executive MBA-Global, Лондон Бизнес Мектебі мен Колумбия бизнес мектебінің бірлескен бағдарламасы, Ұлыбритания және АҚШ.

Жұмыс тәжірибелі:

- Phillip Morris Kazakhstan, «ЭлитСтрой» ЖШС, PricewaterhouseCoopers халықаралық аудиторлық фирмасында жұмыс істеген.
- «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ АҚ-да Ішкі аудит қызметін басқарды, Қаржылық бақылаушы лауазымын атқарды.
- Экономика және қаржы жөніндегі басқаруши директор / тән басқаруши директор - Басқарма мүшесі, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ АҚ (11.2016-04.2021)
- Инвестициялар, жекешелендіру және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі басқаруши директор - Басқарма мүшесі, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ АҚ (04.2021-01.2022).

- Даму және жекешелендіру жөніндегі басқаруши директор (01.2022 - қазіргі уақытқа дейін).

Қоса атқаратын қызметі и членство в СД:

- «Тау-Кен Самұрық» ҰТҚ АҚ, Директорлар кеңесінің төрағасы (26.04.2021 бастап);
- «Казатомөнеркәсіп» ҰАҚ АҚ, Директорлар кеңесінің мүшесі (22.06.2021 бастап).

Мемлекеттік наградалары, құрметті атақтары:

Президенттік жастар кадр резервінің мүшесі, 2019 жылғы желтоқсан. Халықаралық кәсіби сертификаттары:


- СМА сертификаты, Халықаралық басқаруши бухгалтерлер институты, АҚШ;
- IPMA сертификаты, Халықаралық жобаларды басқару қауымдастыры, Швейцария;
- ACCA сертификаты, Артықшылықты бухгалтерлер қауымдастыры, Ұлыбритания;
- Аудиторлық лицензия, Қазақстан аудиторлар палатасы, Қазақстан.

КМГ-ның немесе оның еншілес және (немесе) тәуелді үйымдарының акцияларына (тікелей немесе жанама түрде) иелік етпейді. КМГ, еншілес және (немесе) тәуелді үйымдардың акцияларымен мәмілелер жасасқан жоқ.

Директорлар кеңесінің 2021 жылдағы жұмысы


Директорлар кеңесінің 2021 жылдағы жұмысы

19
ОТЫРЫС




Тағайындау және сыйақылар жөніндегі комитет (ТЖСК)

7
ОТЫРЫС




Стратегия және портфельді басқару жөніндегі комитет (СПБК)

5
ОТЫРЫС




Аудит жөніндегі комитет (АК)

21
ОТЫРЫС




Кауіпсіздік, еңбекті, коршаған ортандыру және орнықты даму комитеті (КЕҚОҚДК)

5
ОТЫРЫС




Қарастырылды


328
МӘСЕЛЕ




67
МӘСЕЛЕ




85
МӘСЕЛЕ



133
МӘСЕЛЕ



52
МӘСЕЛЕ



2021 жылы Директорлар кеңесі ҚМГ-ның даму стратегиясын өзектендіру, каржы тұрақтылығын қамтамасыз ету, инвестициялық жобаларды басқару және тұрақты

даму проблематикасы, корпоративтік басқаруды жетілдіру, ішкі аудит және тәуекелдерді басқару мәселелері, менеджмент қызметінің негізгі көрсеткіштерін өзірлеу,

цифрлық трансформация мәселе-лері, сондай-ақ қызметкерлердің қауіпсіздігі мен әл-ауқаты мәселе-леріне ерекше назар аударды.

2021 жылы Директорлар кеңесі қараған мәселелер, санаттар бойынша

Есептер	Стратегиялық мәселелер	Корпоративтік басқару мәселелері	Мәмілелер жасасу мәселелері
<ul style="list-style-type: none"> • ҚМГ Басқармасы төрағасының ҚМГ қызметіндегі негізгі өзгерістер туралы есебі • ҚМГ еңбекті және қоршаған ортаның орталық жөніндегі ақпарат • COVID-19 туралы ақпарат • ҚМГ қаржы-шарашылық қызметінің алдын ала нәтижелері жөніндегі есеп • ҚМГ компаниялар тобының инвестициялық жобаларын іске асыру мәртебесі ақпарат • ҚМГ Директорлар кеңесі комитеттері төрағаларының есептері • ҚМГ-ның IPO-ға шығуға дайындық мәселесі бойынша ағымдағы мәртебесі туралы ақпарат • Жедел желіге келіп түскен өтініштер туралы есеп • Жасалуына мүдделелік бар, олар бойынша шешімдерді ҚМГ Басқармасы кабылдаған жасалған мәмілелер туралы есеп • Тоқсан сайынғы тәуекелдер туралы есеп беру • ҚМГ Директорлар кеңесінің шешімдерін/тапсырмаларын орындау туралы есеп 	<ul style="list-style-type: none"> • ҚМГ-ның 2022-2031 жылдарға арналған даму стратегиясын бекіту; • ҚМГ-ның 2022-2026 жылдарға арналған түзетілген шоғырландырылған даму жоспарын бекіту • ҚМГ-ның төменкеміртекті дамытудың 2022-2031 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту • ҚМГ-ның корпоративтік ҚТК және олардың мақсатты мәндерін бекіту; • ҚМГ орталық аппаратының құрылымын бекіту; • Инвестициялық жобаларды іске асыру мәселелері • Басшы қызметкерлерінің мотивациялық ҚТК карталарын және олардың мақсатты мәндерін бекіту • ҚМГ-ның мұнай сатып алу, мұнай өнімдерін сатып алу-сату туралы шарттар жасасуы 	<ul style="list-style-type: none"> • 2020 жылдың қорытындысы бойынша «ҚазМұнайГаз» ҰҚ АҚ Директорлар кеңесі қызметінің өзін-өзі бағалау нәтижелері • Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің жұмыс жоспарын, Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің отырыстарын еткізу кестесін бекіту. • Директорлар кеңесі комитеттерінің құрамына өзгерістер енгізу • ҚМГ-де корпоративтік басқаруды жетілдіру бойынша 2019-2020 жылдарға арналған ежей-тегжейлі жоспар іс-шараларының орындалу барысы туралы қорытынды есепті бекіту • Акционерлердің «ҚазМұнайГаз» ҰҚ АҚ-ның және оның лауазымды тұлғаларының 2020 жылғы іс-әрекеттеріне өтініштерін және оларды қару қорытындыларын қару тәртібі • ҚМГ-ның 2020 жылғы жылдық есебін бекіту; • ҚМГ-ның 2020 жылғы орнықты даму туралы есебін бекіту туралы 	<ul style="list-style-type: none"> • Жасалуында мүдделелік бар мәмілелер жасасу • Ірі мәмілелер жасасу
Еншілес және тәуелді үйімдардың мәселелері	Ішкі нормативтік күжаттарды бекіту	Тағайындаулар және сыйакы	Директорлар кеңесі бөлімшелерінің мәселелері
	<ul style="list-style-type: none"> • ЕТҰ байқау кеңестерінің басшыларын, мүшелерін сайлау, олардың өкілеттіктерін тоқтату • ЕТҰ Жарғыларына өзгерістер енгізу • ЕТҰ-ның корпоративтік ҚТК келісу • ЕТҰ-дағы қатысу улестерін сатып алу, иеліктен шығару 	<ul style="list-style-type: none"> • ҚМГ қызметкерлерінің штат санын бекіту • Өз өкілеттіктерін мерзімінен бўрын тоқтату және ҚМГ Басқармасының мүшелерін сайлау, Басқарма мүшелеріне лауазымдық айлыққаляр мөлшерін, еңбекақы төлеу, сыйлықақы беру және әлеуметтік қолдау шарттарын айқындау • Кадрлық саясатты іске асыру барысы туралы есеп 	<ul style="list-style-type: none"> • Корпоративтік хатшы қызметінің, комплаенс қызметінің, ішкі аудит қызметінің, омбудсменнің есептері • Қызметінің, ішкі аудит қызметінің, омбудсменнің жұмыс жоспарларын бекіту • Корпоративтік хатшы қызметінің, ішкі аудит қызметінің, Комплаенс қызметінің, омбудсменнің кадр мәселелері

2021 жылғы стратегиялық сессиялар

2021 жылы Директорлар кеңесінің стратегия бойынша екі отырысы өткізілді.

2021 жылдың 28 мамырында кесте бойынша жоспарланған отырыс өткізілді, оның шеңберінде ҚМГ-ның 2022-2031 жылдарға арналған даму стратегиясының тұжырымдамалары және теменкеміртекті дамыту бағдарламасын өзірлеу тәсілдері келісілді. Директорлар кеңесінің осы отырысы шеңберінде ҚМГ корының тапсырмасы бойынша ҚМГ қаржы стратегиясының жобасы, сондай-ақ бірқатар жобаларды әлеуметтік жобалар ретінде белгілеу қажеттілігі туралы мәселе өзірленгені айтылды. Сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелері ҚМГ-ның мұнай-газ компаниясы ретіндегі бейінін сактауды қолдады, дегенмен, экология мәселелері назардан тыс қалмайды.

2021 жылғы 3 қарашада ҚМГ Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 28 мамырдағы стратегия бойынша өзірлеген түсіндірмелері мен ұсынымдарын ескере отырып, ҚМГ-ның 2022-2031 жылдарға арналған даму стратегиясын қарая және бекіту мақсатында, ҚМГ

Директорлар кеңесінің стратегия бойынша екінші отырысы өткізілді (№8/2021 хаттама). Директорлар кеңесінің тәрағасы құттықтау сезінде айтартылған өзгерістер болатынын атап өтті: ҚМГ IPO-ға шығутиіс, энергетикалық ауысуға және климаттың өзгеруіне байланысты мәселелерге шоғырлануға байланысты өзгерістер болады. Отрыс барысында ҚМГ-ның 2022-2031 жылдарға арналған стратегиясы және ҚМГ-ның 2021-2031 жылдарға арналған Тәменкеміртекті дамыту бағдарламасы егжей-тегжейлі талқыланды.

Директорлар кеңесінің тұрақты даму мәселелері бойынша отырысы

2021 жылдың 7 маусымында ҚМГ Директорлар кеңесінің тұрақты даму мәселелері жөніндегі жыл сайынғы отырысы өтті, оның барысында мынадай өзекті мәселелер талқыланды.

- 2020 жылғы ҚМГ-ның тұрақты даму туралы есебі туралы,
- Тұрақты дамудың басым мақсаттарын ҚМГ-де енгізу,
- Тәменкеміртекті дамыту бағдарламасы.

Компанияның негізгі мәселелерінің іске асырылуын бақылау

ҚМГ-ның стратегиялық бастамаларын бақылауды жүзеге асыру және уақытылы түзету шараларын қабылдау мақсатында Директорлар кеңесі ҚМГ Басқармасы тәрағасының қызметтің негізгі өзгерістері бойынша есебін, еңбекті және коршаған ортаны қорғау жөніндегі ақпаратты, қаржы-шаруашылық қызметтің алдын ала нәтижелері бойынша есепті, COVID-19 жөніндегі есепті, жасалуына мүдделілік бар, Басқарма шешім қабылдаған жасалған мәмілелер туралы есепті, Даму стратегиясын орындау мәртебесіне шолуды, ҚТК және инвестициялық жобаларды тұрақты түрде тыңдайды, ҚМГ-ның шоғырландырылған даму жоспарын іске асыру туралы есеп, тәуекелдер жөніндегі есеп, Директорлар кеңесі комитеттері тәрағаларының есептері, Директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуы туралы есеп, сондай-ақ, Директорлар кеңесіне есеп беретін қызметтердің жұмысы туралы есептер.

Директорлар кеңесінің Стратегия және портфельді басқару жөніндегі комитетті әрбір отырыста ірі мұнай-газ жобаларын (Қашаған, Қараышғанақ, Теніз кен орындарында) іске асыру, трансформация, жекешелендіру туралы есептерді қарайды және талқылады.

Директорлар кеңесі мүшелерінің 2021 жылы Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің отырыстарына қатысы¹

Директорлар кеңесінің мүшесі		2021 жылғы болған отырыстар				
Директорлар кеңесі	Аудит жөніндегі комитет	Тағайындау және сыйықылар жөніндегі комитет	Стратегия және портфельді басқару жөніндегі комитет	Қауіпсіздік, еңбекті, коршаған ортаны қорғау және орнықты даму комитеті		
Уолтон Кристофер Джон	19/19	21/21	7/7	5/5	5/5	
Қарабалин Ұзакбай Сулейменұлы	18/19	-	-	5/5	5/5	
Сәтқалиев Алмасадам Майданұлы ²	5/5	-	-	-	-	
Эспина Энтони	5/5	-	2/2	2/2	-	
Айдарбаев Алик Серікұлы	19/19	-	-	-	-	
Холланд Филип Малкольм	19/19	21/21	7/7	5/5	-	
Миллер Тимоти Глен	19/19	21/21	-	5/5	5/5	
Ақшолаков Болат Оралұлы ³	14/14	-	-	3/3	-	
Тәжіғалиев Мұхтар Әтепқалиұлы	14/14	-	5/5	-	-	

¹ Ескерту: бірінші цифр Директорлар кеңесінің мүшесі қатысқан отырыстардың санын, екіншісі — Директорлар кеңесінің мүшесі қатысуға мүмкіндігі болған отырыстардың жалпы санын көрсетеді.

² А. Сатқалиев пен Эспина Энтони ҚМГ Директорлары кеңесінің мүшелері ретінде өз өкілдіктерін 2021 жылғы 26 сәуірде тоқтатты.

³ Б. Ақшолаков пен М. Тәжіғалиев ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшелері ретінде 2021 жылғы 26 ақпанда сайланды.

Директорлар кеңесінің қызметін бағалау

Кодекске сәйкес, Директорлар кеңесі, Директорлар кеңесінің комитеттері мен мүшелері Директорлар Кеңесі бекіткен құрылымдалған процестің шеңберінде жыл сайынғы негізде бағалануы тиіс. Бұл процесс "Самұрық-Қазына" АҚ, әдіснамасына сәйкес келуі тиіс. Бұл ретте, бағалау үш жылда кем дегендегі бір рет тәуелсіз кәсіби үйім тартыла отырып жүргізіледі.

2021 жылы ҚМГ-ні қоса алғанда, "Самұрық-Қазына" АҚ-ның 11 портфельдік компаниясында "ПрайсуотерхаусКуперс" ЖШС командасы 2020 жылдың 1 қаңтары мен 2021 жылдың 31 мамыры аралығындағы кезеңде корпоративтік басқарудың тәуелсіз диагностикасын жүргізді. Қорсетілген диагностика шеңберінде келесі бес бағыт бойынша қызмет бағаланды: Директорлар кеңесі және аткарушы органның тиімділігі; тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және аудит; орнықты даму; акционерлердің құқықтары; ашықтық. Осылай байланысты, 2021 жылы Директорлар кеңесінің қызметіне дербес тәуелсіз бағалау жүргізілген жоқ.

Бұл ретте, 2021 жылы Кодектің талаптарына сәйкес, Директорлар кеңесі мүшелерінің өзін-өзі бағалауы 2020 жылдың қорытындылары бойынша саулама жүргізу жолымен жүргізілді. Өзін-өзі бағалауға арналған сауламаны Тағайындау және сыйақылар жөніндегі комитет пен Директорлар кеңесінің төрағалары бірлесіп өзірледі. Саулама екі бөлімнен тұрды — "Құрам және процестер", "Мінезд-құлық және іс-әрекеттер" - және 30 сұрақ. Өзін-өзі

бағалау нәтижелері Тағайындау және сыйақылар жөніндегі комитетте алдын ала қаралды, оның барысында Директорлар кеңесінің төрағасына Тағайындау және сыйақылар жөніндегі комитеттің төрағасымен бірлесіп, Директорлар кеңесінің отырысы шеңберінде, 2020 жылдың қорытындылары бойынша Директорлар кеңесінің қызметін өзін-өзі бағалау нәтижелерін талқылау кезінде мынадай аспектілерді талқылау бойынша ұсыным әзірленді:

1. ҚМГ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеттің төрағасын тағайындау;
2. барлық аспектілерде әртурлілік;
3. Директорлар кеңесі мүшелерінің сабактастық жоспары және оларды сайлау процесі;
4. ҚМГ-ның стратегиясы;
5. көсіптік дамыту және оқыту.

2020 жылдың қорытындылары бойынша ҚМГ Директорлар кеңесінің қызметін өзін-өзі бағалау нәтижелері бойынша есеп (бұдан әрі - Есеп) Директорлар кеңесінің жабық отырысында ұсынылды және талқыланды, оған Директорлар кеңесінің мүшелері мен Корпоративтік хатшығана қатысты. Есепті талқылау шеңберінде Директорлар кеңесі мүшелерінің өзін-өзі бағалау нәтижелерін талдау көрсетілді және төрт балдан (ең жоғары бес балдан) (бұдан әрі - жетілдіруге арналған салалар) төмен бағаланған дағдылар мен құзыреттер көрсеткіштері қаралды. Осылай байланысты, жетілдіруге арналған салаларға қатысты Директорлар кеңесінің қызмет жетілдіру мақсатында ҚМГ Директорлар кеңесінің қызметін жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) әзірленді, сондай-ақ

алдыңғы Жоспардың орындалу мәртебесі қаралды.

2021 жылғы қарашада Тағайындау және сыйақылар жөніндегі комитеттің отырысында 2021 жылдың қорытындылары бойынша ҚМГ Директорлар кеңесінің қызметін бағалауға қатысты мәселе қаралды, оның шеңберінде Директорлар кеңесінің төрағасы ҚМГ-дегі корпоративтік басқарудың тәуелсіз диагностикасы жүргізілгенін, ол сондай-ақ Компанияның Директорлар кеңесінің қызметін бағалауды қамтинын айтты, алайда 2021 жылдың қорытындылары бойынша өзін-өзі бағалауды жүргізуді ұсынды. Жыл сайынғы негізде өзін-өзі бағалауды жүргізудің мақсаты Директорлар кеңесі мүшелерінің сауламаларды толтыру қорытындылары бойынша динамиканы анықтау болып табылады. ҚМГ Директорлар кеңесі назар аударуды қажет ететін жағдайларды анықтау және бұрын алынған нәтижелермен салыстыру мақсатында 2021 жылдың қызмет қорытындысы бойынша өзін-өзі бақылау жүргізу туралы шешім қабылады.

2022 жылдың 1-ші тоқсанында Директорлар кеңесін, Директорлар кеңесінің комитеттерін, Директорлар кеңесінің мүшелерін және Корпоративтік хатшыны 2021 жылдың қорытындысыры бойынша өзін-өзі бағалау тәсілімен бағалау процесін аяқтау жоспарлануда. Осылай байланысты Директорлар кеңесі оның қызметінде нені жақсартуға болатынын әлі де талқылайды.

Корпоративтік хатшы

Корпоративтік хатшының негізгі міндеті ҚМГ мен акционер, акционерлер мен Директорлар кеңесі, ішкі аудит қызметі, Комплаенс қызметі, Омбудсмен, Басқарма және ҚМГ-ның өзге де органдары арасындағы жүйелі коммуникацияларды қолдауды қамта- масыз ету болып табылады.

Корпоративтік хатшының міндеттері Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің қызметін толық қамта- масыз етуді, акционерлер тарарапынан корпоративтік шешімдердің уақы- тылы және сапалы қабылдануына жәрдемдесуді, Директорлар кеңесінің мүшелері үшін олардың қызметінің және Кодекс ережелерін қолда- нудың барлық мәселелері бойынша

кеңесші рөлін орындауды, сондай-ак Кодекстің іске асырылуына монито- ринг жүргізуі қамтиды. Корпоративтік хатшы ҚМГ-дегі корпоративтік басқару практикасын жетілдіру процесіне жауап береді. Корпоративтік хатшы өз міндеттерін тәуелсіз негізде жүзеге асыратын және Директорлар кеңесіне есеп беретін Компанияның қызмет- кері болып табылады.



Шәріпов Дамир Валерьевич

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы
Тұған күні: 1980 жылғы 22 қантар.

Білімі:

- Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті, Халықаралық қатынастар факультеті, мамандығы - халықаралық құқық";
- Ресей Федерациясы Президентінің жаңындағы Ресей халық шаруашылығы және мемлекеттік қызмет академиясы, "Іскерлік әкімшіліктендері шебері" бағдарламасы (MBA), мамандығы - "менеджмент";
- сертификатталған корпоративтік хатшы; корпоративтік хатшыларға арналған корпоративтік басқару саласындағы сертификатталған тренер; "Самұрық- Қазына" корпоративтік университетінің жекеменшік университеттінің тренері.

Жұмыс тәжірибесі

2001 жылдан бастап 2007 жылға дейін Атырау облысындағы Теніз кен орнында әртүрлілауазымдарда; 2007 жылдан бастап 2012 жылға дейін — "Қазақстанның Даму банкі" АҚ; 2012 жылдан бастап 2014 жылға дейін — ҚМГ және ҚТГ-да жұмыс істеді.

2015 жылдың 5 қантарынан бастап ҚМГ Корпоративтік хатшысы болып табылады.

2019 жылдың 1 ақпанынан бастап "Атамекен" Қазақстан Республикасы ұлттық кәсіпкерлер палатасының Тералқасы жаңындағы Корпоративтік басқару жөніндегі ұлттық кеңестің корпоративтік хатшылар комитетінің құрамына сайланды.

Директорлар кеңесінің жаңындағы комитеттер

Директорлар кеңесінің мүшелері Комитеттердің жұмысына қатыса отырып, өзара байланысты функцияларды, мәселелер мен бағыттарды егжей-тегжейлі қаруға және талдауға шоғырланады. Комитеттердің отырыстары шақырылған сарапшылардың, бизнес-көшбасшылардың және өзге де мүдделі тұлғалардың қатысуымен өтеді, Комитеттер тиісті шешім қабылдау үшін Директорлар кеңесіне ұсынымдар енгізеді. Директорлар кеңесінің комитеттері атқарушы емес директорлардан тұрады, олардың көпшілігі - тәуелсіз директорлар, сондай-ақ тәуелсіз директорлар да тәрағалары болып табылады.

Директорлар кеңесі комитеттерінің функциялары мен міндеттері

Комитет	Міндеттер
Стратегия және портфельді басқару комитеті	<p>Комитет Директорлар кеңесіне тәмендегі мәселелер бойынша ұсынымдар әзірлеу және ұсыну арқылы көмек көрсету мақсатында іс-әрекет өтеді:</p> <ul style="list-style-type: none"> Даму стратегиясы және инвестициялық саясат, оның ішінде қызметтің басым бағыттары; ҚМГ-ның инвестициялық тартымдылығын арттыру; ҚМГ-ның қаржы-шаруашылық қызметтің лайықты турде жоспарлауды қамтамасыз ету; ҚМГ-ның трансформациясына мониторинг жүргізу
Тағайындау және сыйақы комитеті	<p>Комитет Директорлар кеңесіне тәмендегі мәселелер бойынша ұсынымдар әзірлеу және ұсыну арқылы көмек көрсету мақсатында іс-әрекет өтеді:</p> <ul style="list-style-type: none"> Директорлар кеңесі мен Басқарманың сабактастығын жоспарлау; Директорлар кеңесінің, Басқарманың, Корпоративтік хатшының және өзге де қызметкерлердің қызметтің тұрақты және объективті турде бағалауды қамтамасыз ету; тиімді кадр саясатын, еңбекақы және сыйақы төлеу жүйесін, лауазымды тұлғалар мен қызметкерлердің көсіби дамуын қамтамасыз ету
Аудит жөніндегі комитет	<p>Комитет Директорлар кеңесіне тәмендегі мәселелер бойынша ұсынымдар әзірлеу және ұсыну арқылы көмек көрсету мақсатында іс-әрекет өтеді:</p> <ul style="list-style-type: none"> каржы-шаруашылық қызметті бақылаудың тиімді жүйесін орнату; ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелерінің сенімділігі мен тиімділігін, сондай-ақ корпоративтік басқару саласындағы құжаттардың орындалуын бақылау; сиртқы және ішкі аудиттің процесін бақылау; Компанияның жылдық және тоқсандық қаржы есептілігін тексеру; комплаенстың сакталуын бақылау
Қауіпсіздік, еңбекті, қоршаған ортаны қорғау және тұрақты даму комитеті	<p>Комитет Директорлар кеңесіне тәмендегі мәселелер бойынша ұсынымдар әзірлеу және ұсыну арқылы көмек көрсету мақсатында іс-әрекет өтеді:</p> <ul style="list-style-type: none"> қауіпсіздікті қамтамасыз ету, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау; ҚМГ-ның стратегиялық жоспарлауды мен ҚМГ әлеуметтік-экономикалық дамуына орнықты даму қафидаттарын енгізу; жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған көлісімшарттар шенберінде ҚМГ-ның әлеуметтік міндеттемелері мен бағдарламалары; ҚМГ-ның экологиялық тиімділігіне мониторинг жүргізу.

ТАҒАЙЫНДАУ ЖӘНЕ СЫЙАҚЫЛАР ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

Тағайындау және сыйақылар жөніндегі комитет төрағасының үндеуі



**2021 ЖЫЛЫ
ТАҒАЙЫНДАУ
ЖӘНЕ СЫЙАҚЫЛАР
ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТТІҢ**

**7 отырысы
өткізілді және онда**

**67
мәселе қаралды**

2021 жылды Комитеттің қызметі тиімді кадр саясатын, сабактастықты жоспарлауды, еңбекақы және сыйақы төлеу жүйесін, әлеуметтік қолдауды қамтамасыз етуге және Компанияны бірыңғай корпоративтік мәдениетке келтіруге бағытталды. Комитет ҚМГ компаниялар тобының негізгі позицияларына сабактастық жоспарын қалыптастыру бойынша "МАНСАП" жобасын іске асыру мәртебесі жөніндегі мәселелерді тұрақты негізде қарады. Сонымен қатар, ҚМГ Директорлар кенесі мүшесінің сабактастығын қамтамасыз ету саясаты және ҚМГ Директорлар кенесінің сабактастық жоспары әзірленіп, бекітілді.

ҚМГ-ның 2022-2031 жылдарға арналған жаңа стратегиясын талқылау аясында ҚМГ қызметтің құрылымы өзгеретіні және қызметі жаңартылатын энергия көздерін дамытуға көбірек назар аударатыны түсінікті болды, бұл, өз кезеңінде, Компанияның құрылымына ғана емес, сондай-ақ, корпоративтік мәдениетке де өзгерістер енгізу қажеттілігін талап етеді. Осыған байланысты, өз міндеттерін тиімді орындалап қана қоймай, сыртқы сын-кательлерге карсы тиімді шаралар қабылдай алатын қызметкерлер пулын қалыптастыруға назар аудару керек. Мақсаты - ресурстық күйден адами капиталға көшу болып табылады.

Сонымен бірге, есепті кезеңде Комитет әлеуметтік мәселелерді талқылау кезінде, оның ішінде құрылымды қайта ұйымдастыру, еңбекақы және сыйақы төлеу, сондай-ақ Компанияның беделдік тәуекелдерін барынша азайту кезінде Компанияның менеджментімен белсенді өзара іс-кимыл жасады. ҚМГ-ның кадр саясатын іске асыру туралы есеп беру барысында өнірлерде әлеуметтік шиеленістің туындауы және оларды шешу нұсқалары туралы мәселелер қозғалды. Сондай-ақ, Комитет адами ресурстарды басқару блогының қызмет бағыттарын, атап айтқанда, персоналды тиімді басқару жүйесін, қызметкерлер санын басқару бағдарламасын, мердігерлік ұйымдармен өзара іс-кимыл және сабактастық жоспарын талқылауға қатысты.

Комитет өз қызметтінде Комитет назарының негізгі бағыты сақтаратын Компаниядағы әлеуметтік тұрақтылықты қолдау мақсатында дәйекті және салмақты шешімдерді қабылдау қафидатын ұстанады.

Холланд Филип Малcolm

Тағайындау және сыйақылар жөніндегі комитеттің төрағасы, төуелсіз директор

Тағайындау және сыйақылар жөніндегі комитеттің құрамына (2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша) кіретіндер:

1. Холланд Филип Малcolm - 2020 жылдың қыркүйегінен бастап Комитет төрағасы;
2. Уолтон Кристофер Джон - 2017 жылдың тамызынан бастап Комитет мүшесі;
3. Тәжіғалиев Мұхтар Өтепқалиұлы - 2021 жылдың мамырынан бастап Комитет мүшесі.

Кадр мәселелері Компанияның тиімді жұмыс істеуінің маңызды бөлігі болып табылады. Тағайындау және сыйақылар жөніндегі комитет Директорлар кеңесінің құзыретіне кіретін Компания қызметкерлерін тиісті тағайындау мен сыйақылары,

сондай-ақ оларды даярлау мен біліктілігін арттыру бойынша ұсынымдарды Директорлар кеңесіне береді. Тағайындау үшін негізгі қағидаттар - кандидат құзыреттерінің лауазымның тиісті міндеттерін орындау үшін қажетті жоғары

талаптарға сәйкес келуі, кандидаттың дағдыларының сәйкестігі және Компанияның өз бағытындағы стратегиялық мақсаттарын жүзеге асыру мүмкіндігі.

Комитет 2021 жылы қараған қызметтің негізгі бағыттары бойынша мәселелер

Сабактастықты жоспарлау

- «А» пулының негізгі позицияларына ҚМГ компаниялар тобы мирасқорларының пулына/кадр резервіне алынған қызметкерлердің тізімін бекіту туралы;
- ҚМГ Директорлар кеңесі мүшелерінің сабактастығын қамтамасыз ету саясаты және ҚМГ Директорлар кеңесінің сабактастық жоспары туралы;
- ҚМГ Басқармасы мүшесінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату және ҚМГ Басқармасының сандық құрамын белгілеу туралы;
- Тұрақты негізде мирасқорлардың тәлімгерлермен жұмыс схемасын құруды ескере отырып, ҚМГ компаниялары тобының "А" пулының негізгі позицияларына мирасқорлар пулына/кадр резервіне алынған қызметкерлерді дамытудың жеке жоспарларын қалыптастыру мәселеі бойынша мәртебе;
- ҚМГ компаниялар тобының негізгі позицияларына сабактастық жоспарын қалыптастыру бойынша «МАНСАП» жобасын іске асруды жай-күйі;
- «ҚазМұнайТеніз» ТМК ЖШС бас директорын сайлау (тағайындау) туралы;
- «Қазақтеңізкөлікфлот» ҰТКҚЖ ЖШС бас директорын (Басқарма тәрағасын) тағайындау туралы;
- ҚМГ компаниялар тобының «А» пулының негізгі позицияларына мирасқорларды дамытудың жеке жоспарларын және мирасқорларды дамыту бағдарламасы – «Қөшбасшылық білім беру бағдарламасын» бекіту туралы;
- «ҚМГ Инжинииринг» ЖШС Байқау кеңесінің мүшелері мен тәрағасын сайлау туралы

Қызметті тұрақты және тиімді бағалауды қамтамасыз ету

- 2020 жылдың қорытындылары бойынша ҚМГ Директорлар кеңесінің қызметтің өзін-өзі бағалау нәтижелері туралы;
- 2021 жылдың қорытындылары бойынша ҚМГ Директорлар кеңесінің қызметті бағалауға қатысты;
- ҚМГ омбудсменінің 2021 жылға арналған мотивациялық ҚТК картасын және олардың мақсатты мәндерін бекіту туралы;
- ҚМГ комплаенс қызметі басшысының 2021 жылға арналған мотивациялық ҚТК карталарын және олардың мақсатты мәндерін бекіту туралы;
- ҚМГ корпоративтік хатшысының 2021 жылға арналған мотивациялық ҚТК картасын және олардың мақсатты мәндерін бекіту туралы;
- ҚМГ корпоративтік хатшысы қызметтінің тиімділігін бағалау үшін ҚМГ Директорлар кеңесі мүшелерінің арасында жүргізілетін сауалнаманы бекіту туралы;
- ҚМГ басшы қызметкерлерінің 2020 жылға арналған корпоративтік ҚТК және ҚТК карталарының қорытынды нәтижелілігін бекіту туралы;
- ҚМГ корпоративтік хатшысының 2022 жылға арналған мотивациялық ҚТК картасын және олардың мақсатты мәндерін бекіту туралы;
- ҚМГ корпоративтік ҚТК және ҚМГ басшы қызметкерлерінің 2022 жылға арналған мотивациялық ҚТК карталарын және олардың мақсатты мәндерін бекіту туралы;
- "ҚМГ Инжинииринг" ЖШС корпоративтік ҚТК/ "ҚМГ Инжинииринг" ЖШС бас директорының (Басқарма тәрағасының) 2020 жылға арналған мотивациялық қызметтің түпкілікті көрсеткіштерінің қорытынды нәтижелілігін бекіту туралы.

Тиімді кадр саясатын, еңбек-сақы төлеу және сыйақы жүйесін қамтамасыз ету

- ҚМГ корпоративтік хатшысы туралы;
- адам ресурстарын басқару аудитінің нәтижелері туралы ақпарат;
- ҚМГ корпоративтік хатшысы қызметті қызметкерлерінің штаттық көстесін және лауазымдық айлықақыларының схемасын бекіту туралы;
- ҚМГ омбудсменінің өкілеттіктерінің мерзімінен бұрын тоқтату туралы, ҚМГ омбудсменіне өкілеттіктер мерзімін, лауазымдық айлықақы мөлшерін, сыйақы және әлеуметтік қолдау шарттарын белгілеу және айқындау туралы;
- ҚМГ компаниялары тобының үйімдарын бірыңғай корпоративтік мәдениетке келтіруге қатысты;
- жаңа редакцияда ҚМГ Басқармасы тәрағасының лауазымына қойылатын біліктілік талаптар және ҚМГ Басқармасы тәрағасының лауазымына кандидатурасы туралы;
- ҚМГ Басқармасы тәрағасының лауазымдық айлықақысының мөлшерін және еңбекақы төлеу, сыйақы беру және әлеуметтік қолдау шарттарын белгіле туралы;
- «ҚМГ кадр саясатын іске асруды барысы туралы» есеп.

Комитет мүшелерінің 2021 жылғы отырыстарға қатысуы

Комитет отырысының нөмірі мен күні	Ұзақтығы	Холланд Ф.М.	Уолтон К.Д.	Эспина Э.	Тәжіғалиев М.Ә.
1/2021 09.02	14:02–15:06	64 минут	+	+	+
2/2021 06.04	13:56–15:23	79 минут	+	+	+
3/2021 08.06	14:10–15:59	169 минут	+	+	
4/2021 07.09	13:59–15:15	64 минут	+	+	
5/2021 27.09	16:00–16:30	30 минут	+	+	Кұрамнан шығарылды
6/2021 02.11	14:02–15:53	111 минут	+	+	
7/2021 07.12	14:00–15:00	60 минут	+	+	
Катысу үлесі, %		100%	100%	100%	100%

СТРАТЕГИЯ ЖӘНЕ ПОРТФЕЛЬДІ БАСҚАРУ КОМИТЕТИ

Стратегия және портфельді басқару комитеті
төрағасының үндеуі



**2021 ЖЫЛЫ СТРАТЕГИЯ
ЖӘНЕ ПОРТФЕЛЬДІ
БАСҚАРУ КОМИТЕТИНІҢ**

5 отырысы
өткізіліп, онда
85
мәселе қаралды.

2021 жылы Комитеттің қызметі, басқалармен қатар, ҚМГ-ның Даму стратегиясын өзектендіруге, сондай-ақ Еуропалық одақта көміртек салығын енгізуден, оның ішінде ҚМГ-ның өнімін өткізуіндің оңтайлы арналарын іздеу есебінен ҚМГ үшін тәуекелдерді барынша азайту жолдары туралы мәселені талқылауга бағытталды. Комитет инвестициялық қызмет және ҚМГ активтерінің портфелін басқару, оның ішінде жаңартылатын энергия көздері саласындағы мәселелерді белсенді түрде қарады.

Комитетте мұнай-газ химиясы жобалары бойынша мәселелер, сондай-ақ «ҚазТрансГаз» АҚ-ны «Самұрық-Қазына» АҚ-ға беру мәртебесі және ҚМГ-ның IPO-ға шығуына дайындық қарсаңында осы мәміленің ҚМГ-ға тигізетін әсері бірнеше рет талқыланды. Жоспарланып отырган ҚМГ IPO-ны ескере отырып, Комитет бірқатар жобаны әлеуметтік деп белгілеу (оның ішінде магистральдық су құбырын қайта жаңарту және тұщыландыру зауытын салу, сондай-ақ Жаңаөзен қаласында газ зауытын салу), сондай-ақ осындай жобаларды қаржыландыру көздері туралы мәселені мәселесін бірнеше рет көтерді.

Сонымен қатар, Комитет трансформация және цифрландыру департаментінің есептерін егжей-тегжейлі талқылау және "Самұрық-Қазына" АҚ-мен өзара іс-қымыл жасау арқылы ҚМГ-де Цифрлық трансформация бағдарламасына мониторинг жүргізу, сондай-ақ "Самұрық-Қазына" АҚ бастамашылық еткен ҚМГ Жарғысына Директорлар кеңесінің трансформация мәселелері

бойынша құзырет аясын кеңейту жөніндегі ұсыныстарды қолдау бойынша жұмыс жүргізді.

Бұдан басқа, Комитеттің әрбір отырысының шеңберінде Қашаған, Қараышғанақ, Теніз ірі кен орындары бойынша есептік ақпарат, сондай-ақ Жекешелендіру бағдарламасы мен дивестициялар бойынша есептер тындалды. Комитеттің соңғы отырысы аясында мұнай-химия кәсіпорындарын (зауыттарын) салу және пайдалануға енгізу жөніндегі жобаларды іске асыру мәртебесі бойынша ақпаратты тұрақты негізде тындау туралы шешімді қабылданды.

ҚМГ үшін кредиттік рейтингтердің маңыздылығына және ҚМГ-ның рейтингтерді арттыруға/қолайлы деңгейде ұстап қалуға бағытталған қызметтіне қатысты нақты көзқарасты қалыптастыру қажеттілігіне байланысты, Комитет шеңберінде ҚМГ-ның кредиттік рейтингіне шолу тындалды және талқыланды.

ҚМГ - ұлттық мұнай-газ компаниясы және тиісінше, ол Қазақстан Республикасының және «Самұрық-Қазына» АҚ стратегиясына сәйкес келуі тиіс, осыған байланысты Комитет өз қызметінде ҚМГ-ның даму стратегиясын іске асыруға бағытталған дәйекті және салмақты шешімдер қабылдау қағидатын ұсталады.

Холланд Филип Малcolm

Стратегия және портфельді басқару комитетінің төрағасы
тәуелсіз директор

Стратегия және портфельді басқару жөніндегі комитеттің құрамына (2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша) мұналар кіреді:

- Холланд Филип Малкольм - 2020 жылдың қыркүйегінен бастап Комитет төрағасы;
- Уолтон Кристофер Джон - 2017 жылдың тамызынан бастап Комитет мүшесі;
- Қарабалин Ұзақбай Сүлейменұлы - 2017 жылдың тамызынан бастап Комитет мүшесі;
- Миллер Тимоти Глен - 2020 жылдың қыркүйегінен бастап Комитет мүшесі;
- Ақшолаков Болат Оралұлы - 2021 жылдың мамырынан бастап Комитет мүшесі.

Комитет 2021 жылы қараған қызметтің негізгі бағыттары бойынша мәселелер

Даму стратегиясы, оның ішінде қызметтің басым бағыттары	<ul style="list-style-type: none"> ҚМГ-ның 2028 жылға дейінгі даму стратегиясын іске асыру жөніндегі 2020 жылғы есебі туралы ҚМГ-ның 2028 жылға дейінгі даму стратегиясын іске асыру жөніндегі 2021 жылдың бірінші жартышылдығындағы есебі туралы ҚМГ-да жобаларды басқару (PMS) және инвестиацияларды портфельдік басқару жүйесін енгізу 2022 жылда Еуропалық одақ елдеріне импортқа көміртек салыбын енгізудің ҚМГ қызметіне тигізетін әсер және соның ішінде ҚМГ өнімін өткізуін оңтаялық каналдарын іздестіру есебінен ҚМГ үшін ықтимал теріс салдардың алдын алу және тәуекелдердің азайту жолдары туралы ҚМГ қорларын ұлғайтып жөніндегі іс-шаралар бойынша мәртебе-есеп (оның ішінде геологиялық-барлау жобалары) ҚМГ, "Самұрық-Қазына" АҚ және «СИБУР» ЖАҚ арасында жасалуына мүдделілік бар мәмілені жасасу туралы – жоба бойынша ынтымақтастықтың негізгі шарттары – «Атырау облысында бірінші интеграцияланған газ-химия кешенінің құрылышы» (бірінші фаза полипропилен өндірісі, екінші фаза поліэтилен өндірісі)
Инвестициялық тартымдылықты арттыру	<ul style="list-style-type: none"> Каспий теңізінің қазақстандық секторында орналасқан Әл-Фараби участекесінде Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі мен ҚМГ арасында көмірсүттерді барлауға және өндіруге арналған көлісімшарт жасасу және "Әл-Фараби" инвестициялық жобасын көлісу туралы ҚМГ компаниялар тобының 2020 жылғы инвестициялық жобаларын іске асыру мәртебесі туралы ақпарат «ҚазМұнайГаз-Инжениринг» ЖШС жарғылық капиталындағы KMG International N. V. қатысуының 100% үлесін іске асыру туралы «ЛУКОЙЛ» ЖАҚ пайдасына «Әл-Фараби Оперейтинг» ЖШС жарғылық капиталындағы ҚМГ қатысуын 49,99%-ын иеліктен шығару туралы, ҚМГ-ның жасалуына мүдделілік бар мәмілелерді жасасу туралы толық іске асырылуы «Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС құны тиісті кезеңде макроэкономикалық көрсеткіштердің болжамымен айқындалған бағам бойынша тенгемен 110 млн АҚШ долларына баламалы шектен асатын инвестиациялар жынтыбын тенгемен жүзеге асыруды қөздейтін «Бейнеу-Бозой-Шымкент» газ құбырын салу» инвестициялық жобасын («Арал», «Қорқыт-Ата», «Түркістан» және «ПА» компрессорлық станцияларын «Интергаз Орталық Азия» АҚ-дан сатып алуға байланысты) іске асыру құны мен мерзімдерін түзетуді келісу туралы
Каржы-шаруашылық қызметті лайықты түрде жоспарлауды қамтамасыз ету	<ul style="list-style-type: none"> ҚМГ-ның жасалуына мүдделілік бар мәміле – «Каспий Құбыр Консорциумы-Қ» АҚ, ҚМГ және «Каспий Құбыр Консорциумы-Қ» АҚ, басқа акционерлері арасында мерзімдерді тоқтата тұру туралы келісім жасасуы туралы ҚМГ компанияларының тобы бойынша жекешелендіру және дивестициялар бағдарламасын орындау мәртебесі «ҚазТрансГаз» АҚ-ны «Самұрық-Қазына» АҚ пайдасына беру мәртебесі ҚМГ-ның кредиттік рейтингіне шолу ҚМГ-ның стратегиялық серіктестерін айқындау қафидаларын бекіту ҚМГ-ның «Бутадиен» ЖШС жарғылық капиталындағы «Біріккен химиялық компания» ЖШС қатысуын үлесінің 24,9%-тін сатып алуы туралы ҚМГ-ның жасалуына мүдделілік бар мәміле ҚМГ мен «Қаражанбасмұнай» АҚ арасында мұнай өнімдерін сатып алу-сату шартын жасасуы туралы
ҚМГ трансформациясының мониторингі	<ul style="list-style-type: none"> ҚМГ және «Самұрық-Қазына» АҚ цифрлық трансформация бағдарламасының ағымдағы мәртебесі

Комитет мүшелерінің 2021 жылғы отырыстарға қатысуы

Комитет отырысының нөмірі мен күні	Ұзақтығы	Холланд Ф.М.	Уолтон К.Д.	Миллер Т.Г.	Эспина Э.	Қарабалин Ұ.С.	Ақшолаков Б.О.
1/2021	10.02	14:53–16:50	123 минут	+	+	+	+
2/2021	07.04	15:00–18:09	189 минут	+	+	+	+
3/2021	09.06	14:57–18:15	198 минут	+	+	+	
4/2021	08.09	15:58–17:59	121 минут	+	+	+	
5/2021	03.11	15:25–16:36	71 минут	+	+	+	
Катысу үлесі, %				100%	100%	100%	100%

АУДИТ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

Аудит жөніндегі комитет тәрағасының үндеуі



**2021 ЖЫЛЫ АУДИТ
ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТТІҢ**

21 отырысы
отырысы өткізілді және
онда
133
мәселе қаралды.

2021 жылды Аудит жөніндегі комитет негізгі функционалдық бағыттар бойынша ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесінің және Компания қызметінің тиімділігіне мониторингті, сондай-ақ басшылықтың есептілігі мен негізгі шешімдерін қарауды және қажет болған жағдайда, қарсылықтар жіберуді жүзеге асыруды жалғастырды. Комитеттің қызметі Кодексте, Аудит жөніндегі комитет туралы ережеде және ҚМГ Директорлар кеңесінің шешімдерінде жазылған Аудит жөніндегі комитеттің үміттері мен функционалдық міндеттерінің тізбесіне сәйкес келді.

Бухгалтерлік есеп саласындағы маңызды мәселелер мен шешімдерді көрсететін басшылық пен сыртқы аудитордың есептері тоқсан сайынғы негізде қаралды. Бұл акпарат ҚМГ-ның қаржы есептілігінің дұрыстық, теңгерімділік және анықтық дәрежесі туралы пәндік пікірталас жүргізуге көмектеседі.

2021 жылды ҚМГ есептілігін, оның ішінде жылдық есебін, қаржы есептілігін дайындау және бекіту жұмыстарыайтарлықтай жеделдетілді.

Сондай-ақ 2021 жылды Комитет ішкі бақылауды және корпоративтік басқаруды жетілдіру бойынша жұмысты жалғастырды - 2021 жылды жүргізілген корпоративтік басқарудың тәуелсіз диагностикасының қорытындылары бойынша ҚМГ-ның корпоративтік басқару рейтингі 2018 жылғы «ВВ»-ден 2021 жылды «ВВВ» дейін өсті. ҚМГ-ның корпоративтік басқару рейтингінің ағымдағы деңгейі Компанияның корпоративтік басқару жүйесі барлық елеулі аспектілерде белгіленген критерийлердің көпшілігіне сәйкес келетіндігін және бұл ретте, жүйенің тиімді жұмыс істейтіндігінің жеткілікті раставасы бар екенін білдіреді. Тәуелсіз консультанттың бағалауы бойынша рейтингтің бұл деңгейі Компанияның IPO-ға шығуы үшін онтайлы болып табылады.

Комитет Компания қызметінің транспаренттілігі мен тиімділігін арттыру бойынша жұмысты жалғастыратын болады.

**Уолтон
Кристофер Джон**

Аудит жөніндегі комитеттің тәрағасы, тәуелсіз директор

Аудит жөніндегі комитеттің құрамына (2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша) мыналар кіреді:

- Уолтон Кристофер Джон - 2020 жылдың қыркүйегінен бастап Комитет тәрағасы;
- Миллер Тимоти Глен - 2020 жылдың қыркүйегінен бастап Комитет мүшесі;
- Холланд Филип Малкольм - 2020 жылдың қыркүйегінен бастап Комитет мүшесі.

Аудит жөніндегі комитет 2021 жылғы қаралған негізгі мәселелер

Ішкі аудит	<ul style="list-style-type: none"> Ішкі аудит қызметтің 2020 жылғы жұмыс корытындылары бойынша жұмысы туралы Жылдық есепті қарастауда Ішкі аудит қызметтің жұмысы туралы тоқсандық есептерді қарастауда алдын ала бекіту Ішкі аудит қызметтерлерінің 2020 жылдың 1-ші жартыжылдығындағы мотивациялық негізгі көрсеткіштерінің корытынды нәтижелілігінің іс жүзіндегі мәндерін бекіту туралы Ішкі аудит қызметтің 2020 жылға арналған бюджеттің орындалуы туралы есепті бекіту туралы Ішкі аудит қызметтерлерінің 2020 жылғы сыйықы мәлшерін бекіту туралы 2022 жылға арналған жылдық аудиторлық жоспарды қарастауда алдын ала бекіту Ішкі аудит қызметтің 2022 жылға арналған бюджеттің қарастауда алдын ала макұлдау Ішкі аудит қызметтің 2022 жылға арналған бюджеттің қарастауда алдын ала макұлдау
Есеп және сыртқы аудит	<ul style="list-style-type: none"> Сыртқы аудиторлармен 2020 жылғы аудит нәтижелерін қарастауда алдын ала бекіту Сыртқы аудиторлармен аралық аудиттердің нәтижелерін қарастауда алдын ала бекіту Сыртқы аудиторлармен КМГ көрсететін (көрсетуді жоспарлап отырган) бағыттардағы 1-ші жартыжылдығындағы мотивациялық негізгі көрсеткіштердің тізімін талқылауда алдын ала бекіту КМГ-ның аралық қаржы есептерін қарастауда алдын ала бекіту Сыртқы аудитордың 2020 жылғы үсіншіліктерін орындалуы туралы акпарат беру КМГ-ның 2020 жылғы шоғырландырылған қаржы есептілігін және КМГ-ның 2020 жылғы таза кірісін бөлу тәртібін алдын ала макұлдау КМГ сыртқы аудиторының өткен жылға аудиторлық емес қызметтерін туралы акпарат беру КМГ-ның 2020 жылға арналған жеке қаржы есептілігін алдын ала макұлдау КМГ компаниялардың тобынан сыртқы аудиторы көрсететін аудиторлық емес қызметтерді мақұлдау КМГ сыртқы аудиторының қарастауда алдын ала бекіту Аудиторлық үйімдардың қызметтерін тарту саласындағы КМГ саясатының жобасын қарастауда алдын ала бекіту ХКЕС-16 және ХКЕС-ке басқа да өзгерістердің қарастауда алдын ала бекіту ХКЕС-16 және ХКЕС-ке басқа да өзгерістердің қарастауда алдын ала бекіту
Сыртқы бақылауда және тәуекелдерді басқару	<ul style="list-style-type: none"> КМГ мен оның еншілес үйімдарында ішкі бақылауда жүйесін (ІБЖ) және қызметтің үздіксіздігін басқару жүйесін (КУБЖ) енгізу бойынша мәртебесі КМГ қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз етудің кешенді жоспарын тестилеу нәтижелері жөніндегі есеп және КМГ қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз етудің кешенді жоспарын жетілдіру жөніндегі жол картасы туралы КМГ-ның 2021 жылғы 1, 2 және 3-тоқсандағы тәуекелдердің жөніндегі есебі туралы
Корпоративтік басқару	<ul style="list-style-type: none"> КМГ-да корпоративтік басқаруды жетілдіруде бойынша 2019-2020 жылдарға арналған егей-тегжейлі жоспар іс-шараларында орындалу барысы туралы есепті бекіту туралы КМГ корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерінің сақталуы туралы 2020 жылғы есепті келісу туралы КМГ-ның 2020 жылғы жылдық есебін алдын ала макұлдау туралы Акционерлердің КМГ мен оның лауазымды тұлғаларының 2020 жылғы іс-әрекеттеріне етініштері және оларды қарастауда алдын ала бекіту КМГ корпоративтік сайтының жағдайын бағалауда нәтижелері туралы
Комплаенс мәселелері	<ul style="list-style-type: none"> Комплаенс қызметтің 2020 жылғы қызметі туралы есеп Жедел желіге келіп түскен етініштер туралы есептер Комплаенс қызметтің басшысы жұмысының 2021 жылға арналған негізгі көрсеткіштерін бекіту туралы Комплаенс қызметтің басшысы жұмысының 2022 жылға арналған негізгі көрсеткіштерін бекіту туралы
Жергілікті билік (оның ішінде салық) органдарының, сыртқы және ішкі аудиторлар мен КМГ басшылығының заңнаманың сақталуы туралы есептерін зерделеу	<ul style="list-style-type: none"> Республикалық бюджеттің орындалуын бақылауда жөніндегі есеп комитеттің жүргізген КМГ мен оның жекелеген ведомствоның бағыныштағы үйімдарының активтерін басқару тимділігінің мемлекеттік аудитінің корытындылары туралы

Комитет мүшелерінің 2021 жылғы отырыстарға қатысы

Комитет отырысының нөмірі мен күні	Ұзақтығы	Уолтон К.Д.	Холланд Ф.М.	Миллер Т.Г.
1/2021 09.02	16:00–18:45	165 минут	+	+
2/2021 04.03	15:00–16:00	60 минут	+	+
3/2021 25.03	16:00–17:00	60 минут	+	+
4/2021 06.04	14:00–17:30	210 минут	+	+
5/2021 16.04	21:30–22:30	60 минут	+	+
6/2021 28.04	21:00–21:30	30 минут	+	+
7/2021 30.04	17:00–17:30	30 минут	+	+
8/2021 18.05	17:00–17:30	30 минут	+	+
9/2021 27.05	20:00–20:30	30 минут	+	+
10/2021 08.06	16:00–18:30	150 минут	+	+
11/2021 23.06	17:00–17:30	30 минут	+	+
12/2021 07.07	18:00–18:20	20 минут	+	+
13/2021 29.07	17:00–17:30	30 минут	+	+
14/2021 09.08	17:00–17:30	30 минут	+	+
15/2021 12.08	15:00–15:30	30 минут	+	+
16/2021 07.09	16:00–18:30	150 минут	+	+
17/2021 17.09	17:00–19:00	120 минут	+	+
18/2021 02.11	16:00–18:30	150 минут	+	+
19/2021 19.11	17:00–18:00	60 минут	+	+
20/2021 03.12	17:00–18:00	60 минут	+	+
21/2021 24.12	17:00–18:00	60 минут	+	+
Катысу үлесі, %			100%	100%
			100%	100%

ҚАУІПСІЗДІК, ЕҢБЕКТІ, ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ТҮРАҚТЫ ДАМУ КОМИТЕТІ

Қауіпсіздік, еңбекті, қоршаған ортандықтар және тұрақты даму комитеті төрағасының үндеуі



**2021 ЖЫЛЫ ҚАУІПСІЗДІК,
ЕҢБЕКТІ, ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ
ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ОРНЫҚТЫ
ДАМУ КОМИТЕТИНІҢ**

**5
Отырысы
Әткізілді және онда**

**52
Мәселе қаралды**

2021 жыл ҚМГ компанияларының тобы бойынша табиғатты қорғау қызметіне назар аударуды арттыру, қоршаған ортаға тиетін әсерді төмендету, сондай-ақ жаңа экологиялық талаптар мен жаһандық үрдістерге сәйкес болу үшін шаралар қабылдау мақсатында Экология жылы болып жарияланды. Компания атмосфералық ауаға ластауыш заттар шығарындыларын қыскартуға қол жеткізді - 2017 жылмен салыстырғанда, шығарындылар 20%-ға төмендегін байқалады. Қалдықтарды, оның ішінде тарихи қалдықтарды кәдеге жарату және ластаңған жерлерді қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар белсенді түрде орындалуда. Sustainalytics тәуелсіз рейтингтік агенттігінің бағалауы бойынша ҚМГ-ның ESG рейтингі 2020 жылғы 69 балдан 2021 жылы 72 балға дейін көтерілді. 2021 жылы ESG рейтинг тәуекелінің деңгейі 28,4 балға дейін жақсарды, 2020 жылы бұл көрсеткіш 34,7 балды болды. Көрсетілген нәтижелер Компанияға тәуекелдің орташа деңгейінің диапазонына көшуге мүмкіндік берді, енді ҚМГ әлемдегі мұнай-газ саласы бойынша 251 компанияның ішінде 16-шы орынды алып отыр. Компания Қазақстан Республикасының мұнай-газ компаниялары арасында экологиялық ақпараттың ашықтығы бойынша рейтингте бірінші орынға ие болды. ҚМГ бесінші жыл

қатарынан осы рейтингті басқарып келеді. Есепті кезеңде Компанияға CDP бағдарламасының шенберінде ақпаратты ашу қорытындылары бойынша 2020 жылы су қауіпсіздігі бойынша «B»-«денгейінде рейтинг берілді, бұл 2019 жылғы «C» деңгейіндеғі рейтингпен салыстырғанда, тиісті көрсеткіштің жақсарғанын көрсетеді. ҚМГ мен Комитет қызметтің декарбонизациялаудың жаһандық трендін көріп отыр. Компания өзіне 2031 жылға дейін парниктік газдардың тікелей және жанама шығарындыларын 15%-ға төмендегіті бойынша мақсат қойды. Аталған көрсеткіштер ҚМГ-ның даму стратегиясына және ҚМГ-ның 2022-2031 жылдар кезеңіне арналған төменкөміртекті дамыт бағдарламасына енгізілген. Өткінішке қарай, есепті кезеңде ҚМГ компанияларының тобында қайғылы оқиғалар да орын алды, оның ішінде «Петромидия» мұнай өндеу зауытында болған жарылыс пен «ҚазМұнайТеніз» ЖШС-ның Боранкөл кен орнында болған өрт өліммен аяқталды. Компания мен Комитет бұл фактілерге ерекше назар аударды және түзету шаралары оқиғаның негізгі себептері толығымен жойылғанға дейін жүзеге асырылады. ҚМГ компаниялары тобының еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы саясаты жоғары басшылықтың еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік мәселелерін ұстануына негізделген

Қауіпсіздік, еңбекті, қоршаған ортаны қорғау және орнықты даму комитетінің құрамына (2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша) мыналар кіреді:

1. Миллер Тимоти Глен - 2020 жылдың қыркүйегінен бастап Комитет тәрағасы;
2. Уолтон Кристофер Джон - 2018 жылдың желтоқсанынан бастап Комитет мүшесі;
3. Қарағалин Ұзакбай Сүлейменұлы - 2019 жылдың мамырынан бастап Комитет мүшесі.

және әрбір қызметкерді қауіпсіздік мәдениетін дамытуға тартуға бағытталған. Компания мен оның ЕТҰ басшылығы жазатайым оқиғалар мен аварияларға, алкогольді, есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен олардың аналогтарын пайдалануға және жол-көлік оқиғаларына байланысты шығындар мен залалдарға қатысты нәлдік төзімділік қафидатын ұстанады.

Комитет ЕҚ, ӘҚ және ҚОҚ (deep dive questions) бойынша негізгі мәселелерді отырыстарда егжей-тегжейлі карау практикасын енгізdi. 2021 жылы Комитет қалдықтарды басқару туралы және Тарихи қалдықтарды көдеге жарату жөніндегі меморандумды орындау туралы, Денсаулық сақтау және еңбек гигиенасы жөніндегі басқару жүйесі туралы, Қазақстан Республикасының жаңа Экологиялық кодексінің талаптары туралы, ҚМГ мердігерлік үйымдарын басқару және атмосфералық ауаға шығарындыларды басқару туралы бес мәселені қарады.

Сондай-ақ, Комитет ҚМГ-дегі COVID-19 бойынша жағдай мен ҚМГ компанияларының тобында COVID-19 коронавирустық инфекциясының таралуын болдырмау бойынша қабылданып жатқан

шаралар туралы есептерді тұрақты түрде тыңдады.

Комитет жетекшілік ететін қызметтің бағыттары бойынша Компанияның 2021 жылғы жетістіктері мен басты бастамалары:

2021 жылдың 10 қыркүйегінде ҚМГ бас директорларының еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы жыл сайынғы «Қауіпсіз тұрақты даму жолында» атты VI форумы өтті. Іс-шараға ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшелері мен басшылығы, ЕТҰ-ның бас директорлары, «Самұрық-Қазына» АҚ, мемлекеттік органдардың және ҚМГ-ның бірқатар шетелдік серіктестерінің өкілдері қатысты. Форумның мақсаты - ҚМГ компанияларының тобындағы өндірістік қауіпсіздіктің, еңбекті және қоршаған ортаны қорғаудың ағымдағы жағдайын бағалау, қызметкерлердің өмірін қорғау және денсаулығын сақтау саласында тәжірибе алысу.

- ҚМГ негізгі мақсаты жазатайым оқиғалардың санын қыскарту болып табылатын «Vision Zero» нәлдік жаракаттанудың халықаралық тұжырымдамасына қосылады.

- ҚМГ қызметкерлерін тегін медициналық тексеру мен вакциналау тұрақты негізде жүргізіледі.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы басым жобалар ретінде тарихи ластануды жою және қоршаған ортаға шығарындыларды азайту, сондай-ақ «Жасыл кеңсе» қафидатарын енгізу және экологиялық мәдениет пен хабардарлық арттыру сияқты жобаларды атауға болады.

Комитет өз қызметінде қауіпсіз орнықты даму жолында дәйекті және салмақты шешімдер қабылдау қафидатын ұстанады.

Миллер Тимоти Глен

Қауіпсіздік, еңбекті, қоршаған ортаны қорғау және орнықты даму комитетінің тәрағасы, тәуелсіз директор

2021 жылды Қауіпсіздік, еңбекті, қоршаған ортаны қорғау және тұрақты даму жөніндегі комитет қараған негізгі мәселелер

Еңбекті, қоршаған ортаны қорғау және өндірістік қауіпсіздік	<ul style="list-style-type: none"> Еңбекті қорғау, өндірістік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша есептер қалдықтарды басқару туралы және тарихи қалдықтарды көдеге жарату жөніндегі меморандумды орындау туралы денсаулық сақтау және еңбек гигиенасын басқару жүйесі туралы Қазақстан Республикасының жаңа Экологиялық кодексінің талаптары туралы ҚМГ мердігерлік үйымдарын басқару туралы атмосфералық ауаға шығарындыларды басқару туралы COVID-19 бойынша ҚМГ-дегі жағдай туралы есептер «Петромидия» мұнай өндеге зауытындағы инцидент жағдайы туралы Батуми мұнай терминалының дизельдік отын мән керосинде қабылдау және ауыстырып тиесінде станциясындағы өртті тексеру нәтижелері туралы «KEGOC» АҚ сыртқы жеткізуші тарапынан электр энергиясының ажыратылуына байланысты ҚМГ ЕТҰ жұмысындағы іркілістер туралы ҚМГ компанияларының тобында көзделіп отырған қызметтің қоршаған ортаға тигізетін әсеріне бағалау жүргізу жөніндегі корпоративтік стандартты бекіту туралы жаңа редакциядағы ҚМГ-ның Экологиялық саясатын бекіту және ҚМГ Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 20 актандары шешімімен (№2/2020 хаттама) бекітілген ҚМГ Экологиялық саясатының күші жойылды деп тану туралы
Тұрақты даму және ESG-рейтингі	<ul style="list-style-type: none"> ҚМГ-ның ESG-рейтингі туралы ҚМГ мен оның бизнес-бірліктерінде орнықты даму жүйесін енгізу және орнықты даму қафидаттарын негізгі бизнес-процестерге енгізу туралы ҚМГ компанияларының тобы бойынша қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді перспективада жаксартуды талап ететін көрсеткіштер бойынша ESG рейтингінің деңгейін одан әрі арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспары туралы ҚМГ-ның тұрақты даму максаттарына қол жеткізуге қосқан үлесі туралы ҚМГ-ның ішкі қызметтің реттейтін құжаттардың тізбесін толықтыру және ҚМГ-ның 2022-2031 жылдар кезеңіне арналған тәменин көміртекті дамыту бағдарламасын бекіту туралы 2022 жылға арналған тұрақты дамуды енгізумен байланысты басшы қызметкерлер жұмысының негізгі мотивациялық көрсеткіштерінің карталарын бекіту туралы
Әлеуметтік жауапкершілік	<ul style="list-style-type: none"> ҚМГ компанияларының тобында жүргізілетін әлеуметтік саясат және ҚМГ-ның кәсіпорындарында әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету туралы

Комитет мүшелерінің 2021 жылдағы отырыстарға қатысуы

Комитет отырысының нөмірі мен күні	Ұзақтығы	Миллер Т.Г.	Үолтон К.Д.	Қарабалин Ұ.С.
1/2021 08.02	17:10–18:36 86 минут	+	+	+
2/2021 05.04	17:00–19:00 120 минут	+	+	+
3/2021 07.06	17:10–18:55 105 минут	+	+	+
4/2021 06.09	17:00–18:40 100 минут	+	+	+
5/2021 01.11	16:52–19:00 128 минут	+	+	+
Катысу үлесі, %		100%	100%	100%

БАСҚАРМАНЫҢ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Басқарманың қызметі Қазақстан Республикасының «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Заңында, ҚМГ Жарғысында және Басқарма туралы ережеде белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында регламентtelgen. Басқарма Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен және ҚМГ Жарғысымен Компанияның басқа да органдары мен лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған Компания қызметінің кез келген мәселе-лери бойынша шешімдер қабылдауға құқылы. ҚМГ Басқармасын Акционерлердің жалпы жиналысы тағайындағы (сайлайтын) Басқарманың төрағасы басқарады. Өз кезегінде, Басқарманың қалған мүшелерін тағайындау ҚМГ Директорлар кеңесінің құзыретіне кіреді.

Мыналар Басқарма құзыретінің аса маңызды мәселелері болып табылады:

- ҚМГ Даму стратегиясы мен Даму жоспарын іске асыру;
- бизнес-жоспарды орындауды және инвестициялық жобаларды іске асыруды қоса алғанда, Компанияның ағымдағы қаржы-шаруашылық қызметін жүзеге асыру;
- ҚМГ мен ЕТҰ-ның орнықты дамуы бойынша іс-шараларды іске асыру;
- мүдделер қақтығысы мен корпоративтік қақтығыстарды реттеуге қатысу және олардың мониторингін жүргізу;
- осы Жарғымен Компания Директорлар кеңесінің айрықша

құзыретіне жатқызылған мәселе-лелерді қоспағанда, ҚМГ ЕТҰ қызметінің мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

- ҚМГ міндеттемелерін ұлғайту және материалдық шегіне сәйкес мүлікті сатып алу немесе иеліктен шығару.

ҚМГ Басқармасын Директорлар кеңесі Басқарма төрағасының ұсыныстары

негізінде қалыптастырады. 2021ж.31.12 жағдай бойынша Басқарманың құрамына ҚМГ-ның негізгі жеті басшысы кірді. Басқарманың отырыстары іштей және сырттай нысанда өтеді және қажеттілігіне қарай шақырылады.

2021 жыл ішінде Басқарма ҚМГ-ның жасалуына мүдделілік бар мәмілелер бойынша 41 шешім қабылдады¹.

2021 ЖЫЛЫ

47 ОТЫРЫС ӘТКІЗІЛДІ,

Жиналыстардың саны, бірлік

'21	47
'20	55
'19	54


2021 ЖЫЛ ІШІНДЕ ҚАБЫЛДАНҒАН БАСҚАРМАНЫҢ НАҚТЫ ШЕШІМДЕРІНІҢ ЖАЛПЫ САНЫНАН

167 МӘСЕЛЕ БЕЛГІЛЕНГЕН ТӘРТІППЕН ҚМГ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚАРАУЫНА ШЫҒАРЫЛДЫ.

611 ШЕШІМ ҚАРАЛЫП, ҚАБЫЛДАНДЫ

Қаралған мәселелер саны, бірлік

'21	611
'20	650
'19	660



- ҚМГ ішкі қызметі²
- ЕТҰ-дағы ҚЖЖ-ның айрықша құзыреті
- Мүдделілік бар мәмілелер
- Материалдық шектен жоғары инвестициялық жобалар
- Қордың Инвестициялық комитетінің қарауына шығарылатын мәселелер
- Ішкі қызмет туралы есеп³

¹ ҚМГ Жарғысына сәйкес Директорлар кеңесі мен Басқарма қарайтын мәселелердің ара-жігі бойынша материалдылық шегі бар.

² ҚМГ-ның ішкі қызметі бойынша негізгі мәселелер ҚМГ катысу улестерін сатып алуға және иеліктен шығаруға. Еурооблигациялар шығарылымының (шығарылымда-рының) шарттарына өзгерістер енгізуге, ҚМГ көлісімшарттары мен көлісімдерін жасасуға, "ҚазМұнайГаз" ҰҚ АҚ-ның 2022-2031 жылдарға арналған даму стратегиясын, "ҚазМұнайГаз" ҰҚ АҚ-ның 2022-2031 жылдар кезеңіне арналған теменкөміртекті дамыту бағдарламасын бекітуге және т. б. қатысты болды.

³ Басқарма қабылдаған тәуекелдер бойынша; мүдделілік бар мәмілелер туралы; 2028 жылға дейінгі дамыту стратегиясын іске асыру; тұракты даму және т. б. бойынша есептер.

2021 жылы Басқарма шешімдерімен төмендегі құжаттар бекітілді:

- Еншілес және тәуелді үйымдарға қатысты «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ дивидендтік саясаты;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның 2028 жылға дейінгі қаржы стратегиясы;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ пен оның еншілес және тәуелді үйымдарының жобаларын басқару жөніндегі басшылық;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның ішкі бақылау жүйесі бойынша 2021 және 2022 жылдарға арналған жұмыстардың күнтізбелік жоспар-кестесі;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның 2022-2026 жылдарға арналған даму жоспары (жеке);
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасының 2022 жылға арналған жұмыс жоспары;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ 2022 жылға арналған бюджеті;
- бес ереже;
- 24 қафіда және т. б.

Бұдан басқа, 27 шешіммен ҚМГ-ның жекелеген ішкі құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар бекітілді.

Басқарма акционерлердің (қатысуышылардың) жалпы жиналыстарында дауыс беруге арналған ұстанымды айқындау үшін мынадай шешімдер қабылдады:

акционер/сенімгерлік басқару құрылтайшысы ретінде 26 шешім

ҚМГ ЕТҰ-ның жалғыз акционері/барлық дауыс беретін акцияларын иеленетін тұлға ретінде 24 шешім



Қатысуышы/жарғылық капиталдағы қатысу үлестерінің сенімгерлік басқарушысы ретінде 111 шешім

ҚМГ ЕТҰ-ның барлық қатысу үлестерін иеленетін жалғыз қатысуышы/құрылтайши/тұлға ретінде 200 шешім



Басқарма құрамы

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша
Басқарманың құрамы.

Айдарбаев А.С.	Басқарма тәрағасы
Қарабаев Д.С.	Басқарма тәрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары
Тиесов Д.С.	Басқарма тәрағасының мұнай өндеу және мұнай-химия жөніндегі орынбасары
Берлібаев Д.Ә.	Басқарма тәрағасының мұнай тасымалдау, халықаралық жобалар және "Сарыарқа" газ құбырын салу жөніндегі орынбасары
Абдулғафаров Д.Е.	Басқарма тәрағасының стратегия, инвестициялар және бизнесті дамыту жөніндегі орынбасары
Сәулебай М.О.	Басқарма тәрағасының орынбасары
Марабаев Ж.Н.¹	Басқарма тәрағасының барлау және өндіру жөніндегі орынбасары

Жылдық есепті бекіту кезіндегі
(2022 жылғы 6 сәуір) Басқарманың құрамы

Айдарбаев А.С.	Басқарма тәрағасы
Есқазиев Қ.О.²	Басқарма тәрағасының барлау және өндіру жөніндегі орынбасары
Қарабаев Д.С.	Басқарма тәрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары
Тиесов Д.С.	Басқарма тәрағасының мұнай өндеу және мұнай-химия жөніндегі орынбасары
Берлібаев Д.Ә.	Басқарма тәрағасының мұнай тасымалдау, халықаралық жобалар және "Сарыарқа" газ құбырын салу жөніндегі орынбасары
Абдулғафаров Д.Е.	Басқарма тәрағасының стратегия, инвестициялар және бизнесті дамыту жөніндегі орынбасары
Сәулебай М.О.	Басқарма тәрағасының орынбасары

¹ Ж.Н. Марабаевтың өкілдіктері КМГ Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 2 актандагы №1/2022 хаттамасына сәйкес шешімімен тоқтатылды.

² Қ.О. Есқазиев Басқарма құрамына КМГ Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 6 сәуірдегі шешімімен енді.



Айдарбаев Алик Серікұлы
Басқарма төрағасы



**Есқазиев
Құрманғазы Орынғазыұлы**
Басқарма төрағасының барлау және
өндіру жөніндегі орынбасары



**Қарабаев
Дәурен Сапаралыұлы**
Басқарма төрағасының экономика және
қаржы жөніндегі орынбасары



**Тиесов
Данияр Сүйіншілікұлы**
Басқарма төрағасының мұнай
өндеу және мұнай-химия жөніндегі
орынбасары



**Берлібаев
Данияр Әміrbайұлы**
Басқарма төрағасының мұнай
тасымалдау, халықаралық жобалар және
"Сарыарқа" газ құбырын салу жөніндегі
орынбасары



**Абдулғафаров
Дастан Елемесұлы**
Басқарма төрағасының стратегия,
инвестициялар және бизнесі дамыту
жөніндегі орынбасары



**Сәулебай
Мәлік Оралұлы**
Басқарма төрағасының орынбасары



Айдарбаев Алик Серикович
КМГ Басқармасының төрағасы

Басқарма құрамына 2018 жылдан бастап кіреді (ақпарат «Директорлар кеңесінің құрамы» қоғамда берілген).



**Есқазиев Құрманғазы
Орынбасары**

Басқарма төрағасының барлау және өндіру жөніндегі орынбасары

Басқарма құрамына 2022 жылдың сөүірінен кіреді.

Туған күні: 1965 жылғы 11 мамыр

Білімі:

- В.И.Ленин атындағы Қазақ политехникалық институты, мамандығы «геолог-тә-кен инженер»;

- Томск политехникалық университетті, біліктілік дәрежесі «геология-минералогия ғылымдарының кандидаты»

Мараллаторы мен құрметті атақтары:

Әл-Фараби атындағы ғылым мен техника саласындағы КР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, И.М.Губкин атындағы Ресей мұнай және газ мемлекеттік университеттінің «Мұнай мен газды іздеу-барлау» кафедрасының профессоры, Ресей табиғи ғылымдар академиясының ақадемигі. «Құрмет» орденімен, «ҚР Жер қойнауының Үздік барлаушысы» және «Мұнай-газ саласының еңбек сінірген қызыметтері» белгілерімен мараллаторталып, «Атырау облысының құрметті азаматы» атағы берілді.

Еңбек жолы

Еңбек жолын 1985ж. «Эмбанефть бірлестігінде Балықшы барлау бұрғылау басқармасының оператор-коллекторы болып бастап, «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры лауазымына дейін өндірістің барлық сатыларынан өтті.

2006-2008 жылдар аралығында «ҚазМұнайГаз» БӘ АҚ геология және игеру департаменті директорының орынбасары, кейіннен департамент директоры болып жұмыс істеді.

2008-2015жж. - «ҚазМұнайГаз» ҰҚ АҚ, мұнай және газ өндіру жөніндегі атқарушы директор, геология, геофизика және резервуарлар жөніндегі басқарушы директор, бас геолог, «ҚазМұнайГаз» ҰҚ АҚ Басқарма төрағасының геология және келешек жобалар жөніндегі орынбасары, операциялық емес активтер бойынша басқарушы директор (Теніз, Қашаған, Қарағызыланак), геология жөніндегі басқарушы директор қызыметтерін атқарды.

2015ж. қыркүйегінен 2018ж. дейін - «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры (Басқарма төрағасы), «ҚазМұнайГаз» БӘ АҚ Бас директоры (Басқарма төрағасы).

2018-2020жж. - «ҚазМұнайГаз» ҰҚ АҚ Басқарма төрағасының барлау, өндіру және мұнайсервис жөніндегі орынбасары, «ҚазМұнайГаз» ҰҚ АҚ Басқарма төрағасының геология және барлау жөніндегі орынбасары болып қызмет атқарды.

2020ж. бастап 2022ж. ақпанына дейін - «ҚазМұнайГаз» БӘ АҚ Бас директоры (Басқарма төрағасы).

2022 жылдың ақпанынан - «ҚазМұнайГаз» ҰҚ АҚ Басқарма төрағасының барлау және өндіру жөніндегі орынбасары.

КМГ-ның немесе оның еншілес және (немесе) тәуелді үйымдарының акцияларына (тіке-лей немесе жанаматурде) иелік етпейді. КМГ, еншілес және (немесе) тәуелді үйымдардың акцияларымен мәмілелер жасасқан жок,

Білімі:

- Қазақ мемлекеттік басқару академиясы, мамандығы – «халықаралық экономикалық қатынастар»
- Texas A&M университеті, қаржы саласындағы ғылымдар магистрі
- CFA халықаралық кәсіби сертификатының иегері.

Жұмыс тәжірибесі

Еңбек қызметін 2001 жылды «АБН АМРО Қазақстан банкі» АҚ-да кредиттік талдаушы болып бастады. 2003 жылды банкте кредиттік басқарма бастығы болып тағайындалды.

2004 жылдан бастап «Қазақстанның Халық банкі» АҚ-та басқарушы директор болды. 2007 жылдан бастап 2016 жылдың маусымына дейін «Қазақстанның Халық банкі» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары болды. 2016 жылғы

қыркүйекке дейін McKinsey & Company Inc. компаниясында жобаның тәлімгері болды. 2017 жылдан бастап, Лондондық қор биржасында листингтелген «ҚазМұнайГаз» БӘ АҚ Директорлар кеңесі төрағасы болып табылады.

КМГ-ның немесе оның еншілес және (немесе) тәуелді үйымдарының акцияларына (тіке-лей немесе жанаматурде) иелік етпейді. КМГ, еншілес және (немесе) тәуелді үйымдардың акцияларымен мәмілелер жасасқан жок,



Қарабаев Даурен Сапаралыұлы
Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары

Басқарманиң құрамына 2016 жылдан бастап кіреді.

Туған күні: 1978 жылғы 11 маусым



Тиесов Данияр Сүйіншілікұлы
Басқарма төрағасының мұнай өндеу және маркетингі жөніндегі орынбасары

Басқарманың құрамына 2016 жылдан бастап кіреді.

Туған күні: 1970 жылғы 6 желтоқсан

Білімі

- Атырау мұнай және институты, инженер-технолог
- Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті, заңгер

Жұмыс тәжірибесі

Еңбек қызметін 1994 жылы «Манас» МП менеджері, одан кейін «Бата» ЖШС-да менеджер және «Абыз» ЖШС-да аткарушы директор болды. Эртурлі жылдарда «АМӘЗ» ЖШС бірінші вице-президентінің көмекшісі, Директорлар кеңесінің хатшысы, «ҚазАқайл» ҰМК ЖАҚ-та бас менеджер, «АМӘЗ» ЖШС қайта жаңарту жобаларын басқару тобының бас менеджерінің орынбасары, АМӘЗ жобаны басқару департаментінің ағымдағы қызметті бақылау секторын менгеруші, ағымдағы қызметті корпоративтік басқару және мониторингі секторының бас маманы, мұнай, газ және мұнай-химия өндеу департаменті директорының орынбасары, ал одан кейін «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мұнай-химияны дамыту департаменті директорының орынбасары, «АМӘЗ» ЖШС күрделі құрылыш басқармасының бастығы, Салынатын

басқарма менеджері, мұнай өндеу және маркетингі жөніндегі орынбасары, мұнай өндеу және маркетингі жөніндегі басқарушы директоры, Басқарма төрағасының мұнай өндеу және маркетингі жөніндегі орынбасары, «ҚазМұнайГаз – Өндеу және маркетинг» АҚ бас директоры, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ аға вице-президенті, мұнай тасымалдау, өндеу және маркетингі жөніндегі аткарушы вице-президенті болып жұмыс істеді.

ҚМГ-ның немесе оның еншілес және (немесе) тәуелді үйымдарының акцияларына (тікелей немесе жанаматурде) иелік етпейді. ҚМГ, еншілес және (немесе) тәуелді үйымдардың акцияларымен мәмілелер жасасқан жоқ.



Берлібаев Данияр Әміrbайұлы
Басқарма төрағасының мұнай тасымалдау, халықаралық жобалар және «Сарыарқа» газ құбырын салу жөніндегі орынбасары

Басқарманың құрамына 2019 жылдан бастап кіреді.

Туған күні: 1968 жылғы 21 желтоқсан

Білімі:

- Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық мемлекеттік университеті, заңгер.

Жұмыс тәжірибесі

Еңбек жолын 1991-1994 жж. ҚазКСР ғылым академиясында кіші ғылым қызметкері болып бастады, одан кейін «Барикон» кәсіпорынның заң бөлімінің заң консультанты, одан кейін бастығы болып жұмыс істеді. Эр жылдарда Шетелдік инвестициялар жөніндегі ұлттық агенттікін жобаларды бағалау басқармасының бас маманы, Қазақстан Республикасының Экономика министрлігінің жаңындағы Шетелдік инвестициялар жөніндегі ұлттық агенттігінің шетелдік инвестициялар басқармасы бастығының орынбасары, заң департаментінің құқықтық саралтама басқармасының бастығы, ал одан кейін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік экспорттық-импорттық банкінің («Эксимбанк») заң департаменті директорының орынбасары болып жұмыс істеді.

1997 жылдан бастап осы уақытқа дейін ҚМГ компанияларының тобында жұмыс істеп жатыр. «ҚазТрансОйл» НКТН» ЖАҚ инвестициялық жобалар департаментінің бастығы, корпоративтік каржыландыру департаментінің бастығы, қаржы жөніндегі аткарушы директоры, экономика және қаржы жөніндегі кеңесшісі болып жұмыс істеді. Эртурлі жылдарда «ҚазТрансГаз» ЖАҚ вице-президентінін, бас директорының экономика және қаржы жөніндегі

орынбасары, бірінші вице-президенті, «Интергаз Орталық Азия» АҚ бас директорының орынбасары, «Мұнай және газ тасымалдау» ҰК ЖАҚ бас директорының бірінші орынбасары, «ҚазТрансГаз» АҚ бас директорының бірінші орынбасары, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ корпоративтік басқару жөніндегі басқарушы директоры, «ҚазТрансГаз» АҚ бас директорының корпоративтік даму жөніндегі орынбасары, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ қаржы және экономика жөніндегі басқарушы директоры, «Қазтенізкөлікфлоты» ҰТКК ЖАҚ бас директоры болып жұмыс істеді. 2005-2007 жылдары «ҚазТрансГаз» АҚ бас директорының бірінші орынбасары, «Интергаз Орталық Азия» АҚ бас директоры болды.

Эр жылдарда «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тасымалдау және өндеу жөніндегі вице-президент, «ҚазМұнайГаз – өндеу және маркетинг» АҚ газ жобалары жөніндегі басқарушы директоры, бас директоры, «ҚазТрансГаз» АҚ бас директоры, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ газ жобалары жөніндегі басқарушы директоры, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасы төрағасының бірінші орынбасары, Басқарма төрағасының Корпоративтік орталық жөніндегі орынбасары болып жұмыс істейді.

ҚМГ-ның немесе оның еншілес және (немесе) тәуелді үйымдарының акцияларына (тікелей немесе жанаматурде) иелік етпейді. ҚМГ, еншілес және (немесе) тәуелді үйымдардың акцияларымен мәмілелер жасасқан жоқ.



Абдулғафаров Дастан Елемесұлы
Басқарма төрағасының стратегия,
инвестициялар және бизнесті дамыту
жөніндегі орынбасары

Басқарманың құрамына 2020 жылғы ақпаннын бастап кіреді.

Туған күні: 1974 жылғы 16 желтоқсан

Білімі:

- О.А. Жаутықов атындағы республикалық физикалық-математикалық мектеп;
- Қазақстандық құқық және халықаралық катынастар институты, мамандығы – «халықаралық құқық», заңгер;
- Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінің дипломатиялық академиясы, мамандығы – «халықаралық экономика және құқық»;
- ENI Корпоративтік университеті, Милан қ., мұнай бизнесі магистрі;
- Мәскеулік Сколково басқару мектебі, мамандығы – «қаржы және инвестициялар», Executive MBA.

Жұмыс тәжірибесі

ҚМГ компанияларының тобындағы жұмыс тәжірибесі 18 жылдан астам, оның ішінде, 14 жыл – басшы лауазымдарда.

Әр жылдарда халықаралық келісімшарттар департаментінің заңгері,

жаңа жобаларды дамыту департаментінің бас менеджері, жаңа жобаларды дамыту департаментінің директоры, жаңа теніз жобаларын дамыту департаменті директорының орынбасары, одан кейін директоры, «ҚазМұнайГаз» ҮК АҚ пен «ҚазМұнайТеніз» ТМК» АҚ-та жобаларды басқару тобының жетекшісі, бас директордың кеңесшісі, бизнесті дамыту жөніндегі басқарушы директор, «ҚазМұнайГаз» БӘ АҚ бас директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары, «ҚазМұнайГаз» ҮК АҚ барлау және өндіру бизнесін сүйемелдеу жөніндегі басқарушы директоры, аппарат басшысы – дамыту жөніндегі басқарушы директоры болып жұмыс істеді.

ҚМГ-ның немесе оның еншілес және (немесе) тәуелді үйымдарының акцияларына (тікелей немесе жанаматурде) иелік етпейді. ҚМГ, еншілес және (немесе) тәуелді үйымдардың акцияларымен мәмілелер жасасқан жоқ.



Сәулебай Мәлік Оралұлы
Басқарма төрағасының орынбасары.

Басқарманың құрамына 2020 жылдан бастап кіреді.

Туған күні: 1975 жылғы 7 мамыр.

Білімі:

- О.А. Жаутықов атындағы республикалық физикалық-математикалық мектебі;
- Қазақ мемлекеттік басқару академиясы, мамандығы «экономист»;
- Қазақ еңбек және әлеуметтік катынастар академиясы, мамандығы «заңгер»;
- И.М. Губкин атындағы Ресейлік мемлекеттік мұнай және газ университеті, Іскерлік әкімшіліктендіру магистрі (үздік).

Жұмыс тәжірибесі

Жалпы жұмыс тәжірибесі 26 жыл.

Еңбек жолын 1995 жылы бастады, 2000 жылға дейін банк саласында: «Қазпочтабанк» департаментінің жетекші экономисті, директорының орынбасары, «Альфа банк»-те аға бухгалтер-бақылаушы, «Транс Азия Сауда банкі» ААҚ-да басқармасының бастығы болып жұмыс істеді.

2000-2005 жылдары прокуратура органдарында: Астана қ. Алматы ауданы прокуратурасының бөлім прокуроры, Қазақстан Республикасының Бас прокурор орынбасарының көмекшісі, Астана қ. прокуратурасының, Орталық өнерлік көлік прокуратурасының басқарма бастығы болып жұмыс істеді. «Прокуратура үздігі» омырауға тағатын белгісі, 2005 жылғы біліктілік емтиханын сөтті тапсырып, судьялар резервіне кірді.

2005 жылдан бастап 2006 жылға дейін «Қазақстанның Ипотека компаниясы» АҚ, басқармасы төрағасының орынбасары,

ҚР Қаржы министрлігінің Дарменсіз борышкерлермен жұмыс комитетінде басқарма бастығы болды.

2006 жылы «ҚазТрансГаз» АҚ активтерді басқару департаментінің директоры болып тағайындалды. 2007-2009 жылдары «ҚазТрансОйл-Сервис» АҚ бас директоры, 2009 жылдан бастап 2011 жылға дейін «ҚазМұнайГаз-Өндеу Маркетинг» АҚ-та (бас директордың кеңесшісі, құқықтық қамтамасыз ету жөніндегі басқарушы директор), 2011 жылдан бастап 2016 жылға дейін «ҚазМұнайГаз» БӘ АҚ-та (құқықтық қамтамасыз ету жөніндегі басқарушы директор – Басқарма мүшесі), 2016 жылдан бастап 2018 жылға дейін «Қаражанбасмұнай» АҚ-та (сыртқы және корпоративтік байланыс жөніндегі вице-президент), 2018 жылдан бастап 2019 жылға дейін «Самұрық-Энерго» АҚ-та (тәуекелдер және құқықтық мәселелер жөніндегі басқарушы директор – Басқарма мүшесі) болып жұмыс істеді. 2019 жылғы мамырдан бастап 2021 жылдың желтоқсан айына дейін – «ҚазМұнайГаз» ҮК АҚ құқықтық қамтамасыз ету жөніндегі басқарушы директоры қызметін аткарды, 2020 жылғы акпаңда «ҚазМұнайГаз» ҮК АҚ Басқармасының құрамына сайланды. 2021 жылдың желтоқсан айынан бастап Басқарма төрағасының орынбасары, болып сайланды.

ҚМГ-ның немесе оның еншілес және (немесе) тәуелді үйымдарының акцияларына (тікелей немесе жанаматурде) иелік етпейді. ҚМГ, еншілес және (немесе) тәуелді үйымдардың акцияларымен мәмілелер жасасқан жоқ.

Сыйлықақы туралы есеп

Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақысы

«Самұрық-Қазына» АҚ, Басқармасының 2016 жылғы 26 қыркүйектегі шешімімен, өзгелден басқа, директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы белгілеу тәртібі көзделген «Самұрық-Қазына» АҚ, компанияларының директорлар кеңесінің құрамдарын қалыптастыру жөніндегі қафидалар бекітілді. Сыйақы мөлшерін белгілеу кезінде Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттері, Компания қызметінің ауқымы, ұзақ мерзімді мақсаттар мен міндеттер назарға алынады. Сыйақыны тәуелсіз директор төлеайді. Ұйымдардың директорлар кеңесінің құрамындағы «Самұрық-Қазына» АҚ өкілдеріне сыйақы «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының шешімі негізінде белгленеді.

Басқарма мүшелерінің сыйақысы

ҚМГ Директорлар кеңесі «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2017 жылғы 14 желтоқсандағы шешімімен бекітілген «Самұрық-Қазына» АҚ, компаниялар тобының Адам ресурстарын басқару жөніндегі корпоративтік стандартына сәйкес ҚМГ Басқармасының мүшелері қызметінің тиімділігін бағалау тәртібі мен сыйақы саясатын айқындауды.

Директорлар кеңесі мүшелерінің 2019-2021 жылдар кезеңіндегі жиынтық сыйақысы

Көрсеткіш	2019	2020	2021
Директорлар кеңесі мүшелеріне АҚШ долларымен төленген жиынтық сыйақысы	1 418 097	819 020	381 944
Директорлар кеңесі мүшелеріне тенгемен төленген жиынтық сыйақысы	18 559 956	15 799 427	18 200 000

Есепті кезеңдегі (жылдағы) жұмыс қорытындылары бойынша сыйақы Басқарма мүшелеріне өлшетін, өзара байланысты, қысынды құрылған және тенденстірліген мотивациялық ҚТК карталарында көрсетілген стратегиялық және басым мақсаттарға кол жеткізуге ынталандыру мақсатында қызмет тиімділігін бағалау нәтижелері бойынша төленеді.

Мотивациялық ҚТК картасы корпоративтік және функционалдық ҚТК-дан тұрады.

Сыйақының тиімді және анық жүйесін қалыптастыруға байланысты мәселелерді алдын ала қараша үшін, Директорлар кеңесінің Тағайындау және сыйақылар жөніндегі комитеті құрылды.

2021 жылдың қорытындылары бойынша, ҚМГ Басқармасының мүшелері сыйақысының жиынтық мөлшері 227 908 251,96 теңгені

құрады, бұл Басқарма мүшелеріне (басшы қызметкерлерге) еңбекақы төлеу қафидаларына және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 10 қыркүйектегі шешімімен бекітілген «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Ішкі аудит, Корпоративтік хатшы, комплаенс және Омбудсмен қызметтерінің қызметкерлеріне еңбекақы төлеу қафидаларына сәйкес Басқарма мүшелеріне 2021 жылы Басқарманың құрамында болған кезеңде ҚМГ төлеген салықтар мен зейнетакы аударымдары ескерілген ақшалай нысандары жалақылардың және көтермеледің барлық түрлерінің жиынтық мөлшерін қамтиды.

ЖАУАПКЕРШІЛІК ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕ

Директорлар кеңесі және Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі Жылдық есеп пен есептілікті дайындау және келісі үшін өздерінің жауапкершілігін түсінетінін мәлімдейді және Жылдық есеп пен есептілікті тұтастай алғанда, әділ, теңдестірілген және түсінікті деп есептейді, сондай-ақ акционерлерге Компанияның жағдайын, қызмет нәтижелерін, бизнес-моделін және стратегиясын бағалау үшін қажетті ақпаратты қамтиды.

Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі өзінде бар ақпаратты негізге ала отырып, мыналарды растайды:

- ХҚЕС-ке сәйкес дайындалған қаржы есептілігі Компанияның активтері, міндеттемелері, қаржылық жағдайы, қаржы-шаруашылық қызметтің нәтижелері, Компанияның еншілес кәсіпорындарымен біріктірілген балансы туралы шынайы және сенімді көрініс береді;
- Басқарманың есебі Компания мен оның еншілес кәсіпорындарының қаржы-шаруашылық қызметтің дамуы және көрсеткіштері мен қаржылық жай-күйі туралы сенімді деректерді, сондай-ақ олар тап болатын аса маңызды тәуекелдер мен белгісіздіктерді сипаттауды қамтиды.

Директорлар кеңесі Кодекске сәйкес директорлардың тәуелсіздік фактісін белгіледі және Уолтон Кристофер Джон, Холланд Филип Малкольм және Миллер Тимоти Глен мінез-құлқы бойынша және шешім қабылдауда тәуелсіз деп есептейді. Директорлар кеңесі осы директорлардың тәуелсіз шешімдеріне айтарлықтай әсер ететін немесе әсер ете алатын қандай да бір болмасын қатынастардың немесе мән-жайлардың жоқ екенін анықтады.



КОРПОРАТИВТІК БАҚЫЛАУ

Корпоративтік қақтығыстар туындаған жағдайда катысушылар Компания мен мұдделі тараптардың мұдделерін тиімді коргауды қамтамасыз ету мақсатында, оларды келісіздер арқылы шешу жолдарын іздейді.

Корпоративтік жанжалдардың алдын алу және реттеу жөніндегі жұмыстың тиімділігі, ең алдымен, осындаи жанжалдарды барынша толық және жедел анықтауды және Компанияның барлық органдарының іс-қимылдарын нақты үйлестіруді көздейді.

Корпоративтік қақтығыстарды Корпоративтік хатшының көмегімен Директорлар кеңесінің тәрағасы қарайды. Егер корпоративтік қақтығыска Директорлар кеңесінің тәрағасы тартылса, мұндай жағдайларды Тағайындау және сыйакы комитетті қарайды.

Ішкі аудит

Ішкі аудитті ҚМГ Ішкі аудит қызметі (IAK) жүзеге асырады.

IAK ҚМГ Директорлар кеңесіне бағынады және есеп береді және оған ҚМГ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетті жетекшілік етеді. IAK өз қызметін жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, ҚМГ Жарысын, ҚМГ органдарының шешімдерін, IAK жұмысын регламенттейтін ішкі құжаттарды, ҚМГ Ішкі аудит қызметі туралы ережені және ҚМГ ішкі аудиттің ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты басшылықта алады.

IAK-ның негізгі мақсаты Директорлар кеңесіне тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару процестерін жетілдіруге жүйелі тәсілді енгізу арқылы ҚМГ мен оның ЕТҰ-ларын тиімді басқаруды қамтамасыз етуге арналған тәуелсіз және объективті ақпарат беру болып табылады.

Ішкі аудиттің жылдық жоспары ҚМГ-ның негізгі тәуекелдерін, аудит процесінің барлық кезендерін және басшылықтың сұратымдарын ескере отырып әзірленеді және Аудит жөніндегі комитеттің, Директорлар кеңесінің және ҚМГ басшылығының арнайы сұратымдары негізінде түзетіледі.

Қызметтің жылдық аудиторлық жоспарға сәйкес жузеге асыра отырып, IAK мынадай міндеттерді орындаиды:

- қолданылатын ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару рәсімдерінің сенімділігі мен тиімділігін бағалау;
- ҚМГ мен ЕТҰ-дағы бухгалтерлік есеп жүйесінің дұрыстығын, толықтығын, объективтілігін бағалау және оның негізінде қаржы есептілігін жасау;
- ҚМГ мен ЕТҰ ресурстарын пайдаланудың ұтымдылығын және активтердің сақталуын қамтамасыз етудің қолданылатын әдістерін бағалау;
- Қазақстан Республикасы заңнамасы талаптарының, корпоративтік нормалар мен операциялық, инвестициялық және қаржылық қызмет қафидаларының сақталуын бақылау.

IAK аудиттердің қорытындысы бойынша Компанияның қызметтің жетілдіруге бағытталған ұсынымдар береді, ұсынымдарды орындау жөніндегі шаралардың әзірленуі мен іске асырылуына мониторингті және бақылауды жүйелі негізде қамтамасыз етеді.

Аудит жөніндегі комитеттің отырыстарында ішкі аудиттің мынадай мәселелері қаралады:

- IAK жылдық есебі;
- IAK токсандық есептері, оның ішінде жүргізілген аудиттердің нәтижелері бойынша елеулі тұжырымдар, сондай-ақ ішкі аудиторлар ұсынымдарының орындалуына мониторинг жүргізу;
- жылдық аудиторлық жоспар және оған толықтырулар;

- IAK, мен басшының ҚТК картасының нақты мәндері;
- IAK стратегиялық жоспары;
- IAK бюджеті;
- IAK кадр мәселелері.

Аудит жөніндегі комитет IAK қызметтің нәтижелеріне мониторинг жүргізіп кана коймай, кәсібілікті дамытуға және оның қызметкерлерінің кадрлық әлеуетін ашуға назар аударады. Осы мәселелер IAK есептеріне енгізіледі және Аудит жөніндегі комитет оларды тоқсан сайынғы негізде қарайды.

IAK қызметкерлерінің кәсібілігі ҚМГ-ның ішкі аудит функциясы тиімділігінің кепілі болып табылады, сондықтан оқыту және біліктілікті арттыру процесінің маңызы жоғары.

Ішкі аудит жүргізу процесінің тиімділігін бағалау

IAK жұмысының сапасын қамтамасыз ету және арттыру бағдарламасының талаптарына сәйкес, әрбір аудиторлық тапсырмадан кейін, аудиттегі тарап IAK жұмысын бағалау отырып, сауалнаманы толтырады. Осы бағалаулардың нәтижелері шоғырландырылады және IAK-ның тоқсандық және жылдық есептеріне енгізіледі, оны ҚМГ-ның Аудит жөніндегі комитетті мен Директорлар кеңесі қарайды және макұлдайды.

Халықаралық ішкі аудиттің кәсіптік стандарттарына сәйкес, бес жылда бір рет IAK аудит қызметіне тәуелсіз сыртқы бағалау жүргізіледі. IAK қызметтің Халықаралық ішкі аудиттің кәсіби стандарттарына, үздік халықаралық тәжірибелерге, ҚМГ ішкі аудит қызметі туралы ережеге, ҚМГ іскерлік этика кодексіне және ішкі аудит функцияларын реттейтін басқада қолданылатын сыртқы және ішкі нормативтік актілерге сәйкес келу мәніне 2020 жылы жүргізілген тәуелсіз сыртқы бағалау нәтижелері бойынша, IAK-ның стандарттар талаптарына сәйкестігі 100%-ды құрады.

Осылайша, ҚМГ ішкі аудит қызметінің жұмысы Халықаралық ішкі аудиттің көсіби стандарттарының талаптарына толық сәйкес келеді деп танылды.

Комплаенс қызметі

ҚМГ бизнесті жүргізуегі ұқыптылық, адалдық және ашықтық қафидаттарын ұстанады және біздің әріптеріміз бен серіктестеріміздің оларды сақтауына ерекше назар аударады. Компанияда Іскерлік этика кодексі, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат, Құпия акпараттандыру саясаты, Мұдделер қақтығысын реттеу саласындағы саясат, Контрагенттердің сенімділігін тексеру саясаты және Инсайдерлік акпаратқа қол жеткізу құқықтарының аражігін ажырату және инсайдерлердің акпаратты заңсız пайдалану мүмкіндігін болдырмау үшін ішкі бақылау қафидалары бекітілді. Ишкі құжаттарды әзірлеуден басқа, ҚМГ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың жаңа директивалары мен нормативтік актілерін сақтау бойынша уақытылы шараларды енгізеді және жүргізеді. 2021 жылы мәдениетті арттыру және комплаенс-рәсімдер трендтерін түсіну ҚМГ қызметіндегі маңызды бағыттардың бірі болып табылды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі саясатқа және сыйлықтарды алуға тыйым салу, өзгертілген заңнамаға сәйкес жақын туыстарының бірлескен жұмысы, жедел желі операторын ауыстыру бөлігінде құпия акпарат беру саясатына түзетулер енгізілді. Сонымен қатар, ҚМГ компаниялар тобы контрагенттерінің сенімділігін тексеру жөніндегі саясат бекітілді. Осыған үкіс аса саясат Компанияның 35 ЕТҰ-да бекітілді.

Корпоративтік басқарудың үздік әлемдік тәжірибесін негізге ала отырып, Компания тұрақты негізде қолданыстағы корпоративтік стандарттарды жақсартуға ұмтылады.

Қызметкерлерге Компанияның сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптары, реттеуші ортадағы өзгерістер туралы ("Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңына түзетулер) және Компанияда жедел желінің жұмыс істеуі туралы еске салуды қамтитын акпараттық таратуды жүзеге асыру арқылы корпоративтік коммуникацияны қүшетуге ерекше назар аударылды. Осылайша, жедел желіге келіп түсken өтініштер саны 76 хабарламаны құрап, 2020 жылғы көрсеткіштермен салыстырғанда, 1,5 есе азайды (118 өтініш). Бұл көрсеткіштің төмендеу жедел желі операаторының ауысуына, кейір еншілес үйімдардың ҚМГ құрамынан шығуына байланысты болды. Жедел желі арналары арқылы келіп түсетін релевантты өтініштерді қарастыру және тергеу жүргізу нәтижелері бойынша түзету іс-шаралары, сондай-ақ қажет болған жағдайда еңбек шартын бұзуды қоса алғанда, тәртіптік жаза қолданылады. Компания тұрақты негізде Жедел желінің мүмкіндіктерін пайдалануға қызметкерлер мен өзге тұлғалардың тартылуына ықпал ететін жедел алдын алу шараларын жүргізеді.

ЕТҰ-мен жүргізілетін жұмысқа қатысты, Компания жергілікті жерлерде функцияларды енгізіп және көсіпо-рынның ерекшелігін ескере отырып, комплаенс-бағдарламалар қалыптастыра отырып, көсіпорындар процестерін корпоративтік мәдениетке біріктіреді. Осылайша, 14 көсіпорында (ҚМГ, Әзенмұнайгаз, Ембімұнайгаз, Павлодар мұнай-химия зауыты, Атырау мұнай өндеу зауыты, ҚазТрансОйл, ҚазАктеңізкөлікфлоты, ҚМГ-Инжениринг, ӘзенМұнайСервис, Oil Service Company, KLPE, KPI, ҚазАйрол Ақтөбе, ҚМГ-Құмкөл) комплаенс тәуекелдеріне бағалау жүргізілді. Тәуекелдерді талдау және бағалау корытындылары бойынша тәуекелдерді барынша азайту бойынша іс-шаралар қалыптастырылды. Сонымен бірге, бухгалтерлік операцияларды тестілеу; туыстық байланыстарды талдау; "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы"

Қазақстан Республикасы Заңының және комплаенс саласындағы саясаттың орындалуына мониторинг жүргізілді.

Жергілікті жерлерде комплаенс қызметтерін енгізу бойынша ауқымды жұмыс жүргізілді, көсіпо-рындардың ерекшелігін ескере отырып комплаенс-бағдарламалар қалыптастырылды, сондай-ақ ЕТҰ комплаенс-офицерлері үшін "Улкен тәрттік" компанияларының бірі үйімдастырған комплаенс және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл саласында онлайн-тренингтер өткізілді. Қазіргі уақытта ҚМГ компанияларының тобында комплаенс қызметін жүзеге асыратын 41 қызметкер бар. Окыту халықаралық аудиторлық үйімнің форензиқ сарапшыларының қатысуымен жүргізілді және оған контрагенттердің сенімділігін тексеру, мұдделер қақтығысын анықтау және басқару, сұхбат жүргізу, Компания қызметкерлерін тексеру, тергеуді жоспарлау және жүргізу, тергеу нәтижелері туралы есеп дайындау сияқты бағыттар кірді.

Мұдделер қақтығысын басқарудың тиімді жүйесін құру, сондай-ақ, сақталуы жеке мұдделер мен байланыстардың ықпалымен шешімдер қабылдау тәуекелдерін барынша азайтуға мүмкіндік беретін қызметкерлердің мінез-құлқына қойылатын талаптарды айқындау шенберінде, 2020 жылдан бастап Компанияда ҚМГ компаниялар тобынан қарастырылған жағдайда жалпыға бірдей декларациялау жүргізіледі.

Көлеңкелі экономикамен және сыбайлас жемқорлық көріністерімен құресу үшін жеке тұлғалардың кірісі мен мулкін тиімді бақылау жүйесін құру бойынша мемлекеттің мақсатын қолдай отырып, 2021 жылы жалпыға бірдей салықтық декларациялаудың бірінші кезеңі енгізілді.

«Жедел желіні» насыхаттау шенберінде, «Самұрық-Қазына» АҚ-мен бірлесіп, Маңғыстау облысы әкімдігінің өкілдерімен және Ақтау қаласындағы мердігерлік

ұйымдармен кездесулер өткізді. «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, «Каражанбасмұнай» АҚ, «Oil Services Company» ЖШС, «Исатай Оперейтинг» ЖШС әкімшілік-басқару персоналымен комплаенс мәселелері бойынша кездесулер өткізілді.

Комплаенс саласында үздік әлемдік тәжірибелі енгізу мақсатында, ЕТҰ комплаенс офицерлері үшін Тенізшевройл қатысуымен воркшоп сессиясы ұйымдастырылды.

Комплаенс қызметі ҚМГ компаниялар тобы мамандарының кәсіби құзыреттерін дамытуды және комплаенс белгілілігін арттыруды қолдайды. Бұғынгі таңда комплаенс командаларында Association of Certified Fraud Examiners және International Compliance Association беделді бейінді халықаралық сертификаттарына ие мамандар бар және олардың саны үнемі өсіп келеді.

2021 жылы Sustainalytics халықаралық агенттігі Компанияның ESG рейтингін бағалау кезінде пара алу мен сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша жүргізіліп жатқан саясаттың жоғары деңгейін атап өтіп, ҚМГ бағытына комплаенс бойынша ең жоғары баға бергенін атап өтеміз.

Омбудсмен қызметі

Омбудсмен қызметінің негізгі функцияларының бірі: даулар мен қақтығыстардың алдын алу және оларды реттеу; жүйелі сипатқа ие және шешімді талап ететін проблемалық мәселелерді тиісті органдар мен лауазымды тұлғалардың қаруына шығару; даулы жағдайларды тұрақтандыру жөнінде ұсыныстар енгізу арқылы Компанияның барлық қызметкерлерінің әділдігі мен мұдделерінің сақталуын бақылауды қамтамасыз ету болып табылады. ҚМГ іскерлік этика кодексінде ҚМГ қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларының нәсілдік, діни, ұлттық, жыныстық, саяси немесе өзге де тиесілілігі, әлеуметтік шығу тегі, мүліктік және лауазымдық жағдайы, қарым-қатынас тілі және басқа

да мән-жайлар негізінде біреуге қатысты кемсітушілікке жол бермеу, сондай-ақ жекелеген қызметкерлердің көрсетілген белгілер негізінде қандай да бір болмасын артықшылықтар беру туралы қағидаттары нақты жазылған. Өз қызметтің іске асырған кезде ҚМГ Омбудсмен қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасын және ҚМГ ішкі құжаттарын басшылыққа алады.

Тәуекел-менеджмент және ішкі бақылау

1. Корпоративтік тәуекелдердің басқару жүйесінің қағидаттары (КТБЖ)

Компаниядағы тәуекелдердің басқару стратегиялық және операциялық мақсаттарға қол жеткізуге әсер ететін тәуекелдік оқиғалардың туындауының алдын алуға және туындаған кезде олардың әсерін шектеуге мүмкіндік береді. Тәуекелдердің басқару компанияның стратегиялық жоспарлау мен корпоративтік басқару және қаржы орнықтылығының қолдау процесінің ажырамас бөлігі болып табылады.

Компанияның тәуекелдердің басқару саласындағы саясаты мынадай қағидаттарға негізделеді:

қағидаттар	сипаттамасы
әдістемелік базаның бірлігі	бірыңғай әдіснамалық тәсілдер негізінде процестердің іске асыру
үздіксіздік	тұракты негізде жұмыс істеу
кешенділік	қызметтің барлық бағыттарын және қызмет шенберінде туындастын тәуекелдердің барлық түрлерін қамтуды
есеп берушілік	КТБЖ-ның ұйымдық құрылымы Компаниялар тобының барлық деңгейлерінде тәуекелдердің басқару саласында шешімдер қабылдау және бақылау бойынша құзыретті айқындауды
хабардарлық және хабарлау уақытылығы	тәуекелдердің басқару процесі объективті, шынайы және өзекті ақпараттың болуымен сүйемелденеді
ұтымдылық	Компания экономикалық тиімділікі қамтамасыз ете отырып, тәуекелдердің басқару жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруға ресурстарды ұтымды пайдаланады
қисынды сенімділік	Компанияның стратегиялық және операциялық мақсаттарына қол жеткізуге ақылға қонымыдь кепілдіктер беру, бірақ сыртқы және ішкі ортаға тән шектеулерге байланысты абсолютті кепілдік емес
бейімділік	қызметтің барлық қытимал тәуекелдерін сәйкестендіру және тәуекелдердің бақылау мен басқару әдістерін барынша тиімді қолдану үшін үнемі жетілдіру
нақты реттеу	барлық операциялар ішкі нормативті құжаттарда белгілеген оларды жүзеге асыру тәртібіне сәйкес жүргізіледі
басшылықтың белсенді қатысуы	басшылық КТБЖ енгізу және жетілдіру кезінде белсенді түрде қатысады және қолдау көрсетеді

«ҚазМұнайГаз» ҮК АҚ және ЕТҰ-ның тәуекелдердің басқарудың корпоративтік жүйесі жөніндегі саясаты Компанияның сайтынан оқи аласыз.

ҚМГ корпоративтік тәуекелдерді басқару жүйесін (КТБЖ) бизнесті жүргізу мен Компанияны басқа-рудың негізгі процестеріне интеграциялады. КТБЖ Компания құнының өсуі, оның табыстылығы мен тәуекелдері арасындағы оңтайлы балансқа қол жеткізуге бағытталған. КТБЖ барлық маңызды тәуекелдерді уақытылы сәйкестендіруге, бағалауға және мониторингін жүргізуге, сондай-ақ тәуекелдер деңгейін төмендету бойынша уақытылы және барабар шаралар қабылдауға бағытталған корпоративтік басқару жүйесінің негізгі компоненті болып табылады. ҚМГ мен оның ЕТҰ КТБЖ жөніндегі саясатының күші Компания қызметінің барлық түрлеріне қолданылады.

2. Тәуекелдерді басқару процесі

КТБЖ ҚМГ қызметіне байланысты тәуекелдерді басқару үшін дәйекті және нақты құрылым ретінде қызмет етуге арналған. Компанияда

тәуекелдерді басқарудың вертикальды процесі және басқарудың барлық деңгейлерінде тәуекелдерді басқару жүйесінің жұмыс істеуі калыптасқан. Әрбір лауазымды тұлға шешім қабылдау кезінде тәуекелдердің тиісінше қаралуын қамтамасыз етеді. Тәуекелдер тәуекел туындаған кезде пайда болу ықтималдығы мен әсерін ескеретін сапалық және сандық құралдардың көмегімен бағаланады.

КТБЖ-ның жұмысы өзара байланысқан жеті процесті қамтамасыз етеді:

- мақсат қою;
- тәуекелдерді/тәуекел-факторларды сәйкестендіру;
- тәуекелдерді/тәуекел-факторларды бағалау және талдау;
- тәуекелдерді басқару;
- мониторинг және есептілік;
- ақпараттандыру және коммуникация;

• ішкі ортаны құру.

Тәуекелдерді басқару процесінің жоғарыда баяндалған компоненттерін іске асыру "жоғары жақтың" тиісті деңгейде көніл болуы, тәуекелдер туралы, тәуекелдер/тәуекел-факторлар иелерінің жаупкершілігі, тәуекелдерді белсенді басқару және уақытылы есептілік туралы хабардар болу мен хабардар болудың жоғары деңгейін белгілеуге негізделген Компаниялар тобында тәуекел-мәдениетті дамытуға ықпал етеді.

3. Тәуекел-аппетит

Компанияның тәуекел-аппетиті өзінің тәуекелді ұстап қалу деңгейін сипаттайтыды, оның шенберінде Компания койылған стратегиялық және операциялық мақсаттарға қол жеткізе алады, сондай-ақ Компания қабылдауға дайын сыни тәуекелдер/тәуекел факторлары деңгейінің жоғарғы шегін айқындаиды.

Компанияның тәуекел-аппетиті туралы мәлімдемесінен жеке-жеке үзінділер

Қаржы қызметі	Операциялық қызмет	Инвестициялық қызмет
<ul style="list-style-type: none"> Борыштық аспалтарда орнатылған ковенанттарды сақтау. Компанияның кредиттік рейтингтерінің нашарлауына жол бермеу. Өтімді ақша қаражатының жеткілікті көлемін және оң шоғырландырылған еркін ақша ағынын қолдау. ЕТҰ-дан Компанияның пайдасына жоспарланған дивидендтік ағынның төмендеуіне жол бермеу. Салықтық тәуекелдерді барынша азайту және бухгалтерлік және салық есебінде және қаржы есептілігінде шаруашылық операциялардың дұрыс көрсетілмейнән жол бермеу. 	<ul style="list-style-type: none"> Беделге, сондай-ақ өндірістік қауіпсіздікке, енбекті және қоршаған ортана қорғауға байланысты жағымсыз оқиғаларға жол берілмейді. Қатысу өнірлерінде әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету. Санкциялық заңдардың бұзуға әкел соғатын транзакцияларға тыйым салу. Ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдеріне/кибер тәуекелдерге қатысты Компания сервистердің коллежімділігін қамтамасыз етеді, ақпараттық ресурстардың бағдарламалық жасақтаманың, жабдықтың тұтастығын бұзуға және қупия ақпараттың рұқсатсыз ашуға жол бермейді. Сыбайлас жемқорлықтың, алайқытың және іскерлік этиканың бұзылуының кез келген көріністеріне жол берілмейді. Қоршаған ортаниң ластануына байланысты шығындар мен залалдарға қатысты нөлдік төзімділік қағидатын ұстану. Көміртек ізін азайту бойынша мақсатты қөрсеткіштерге қол жеткізуіді қамтамасыз ету. 	<ul style="list-style-type: none"> «Самұрық-Қазына» АҚ инвестициялық саясатының талаптарын сақтау. Инвестициялық жобаларды қаржыландыруды негізінен жеке қаражат есебінен жүзеге асыру, қарыз қаражатын тарту кезінде Компаниялар тобының қаржы орнықтырылғының нашарлауына жол бермеу. Стратегиялық әріптестермен бірлесіп, негізінен көрри-қаржыландыру шарттарында жер қойнауын пайдалану жөніндегі жобаларды іске асыру. Жаңа инвестициялық жобаларды қару олардың меншік иесі үшін пайдалылық индексі көрсеткішінің талап етілетін деңгейінен сәйкестігін ескере отырып, сондай-ақ өнімнің көміртек ізі мен көміртек сыйымдырығының төмендеуіне тигизетін әсерін ескере отырып қамтамасыз етілсін

4. Тәуекелдерді басқару жүйесін дамыту

КТБЖ дамыту және жетілдіру жөніндегі іс-шаралар

Компания КТБЖ-ны үнемі жетілдіреді және тәуекелдерді басқарудың нормативтік-әдістемелік базасын үнемі жетілдіріп отырады. КТБЖ-ны үздіксіз дамыту мен жетілдіруге өз бейілділігін растай отырып, Компания 2021 жылы бірқатар шаралар мен іс-шараларды іске асыруды:

- Компания КТБЖ-ны үнемі жетілдіреді және тәуекелдерді басқарудың нормативтік-әдістемелік базасын үнемі жетілдіріп отырады. КТБЖ-ны үздіксіз дамыту мен жетілдіруге өз бейілділігін растай отырып, Компания 2021 жылы бірқатар шаралар мен іс-шараларды іске асыруды:
- корпоративтік басқарудың тәуелсіз диагностикасы шенберінде "Тәуекелдерді басқару, бақылау және аудит" компоненті бойынша «BVB» рейтингі алынды (анықтама «BVB» – 2018 жылы);

- Компанияның Директорлар кеңесімен нақты сұратымдар бойынша (кибер тәуекелдер, климаттық тәуекелдер, трансшескаралық көміртекті реттеу тәуекелдері және өзге де мәселелер) өзара іс-қимыл қамтамасыз етілді;
- ҚМГ-ның кредиттік тәуекелдерін басқару әдістемесін әзірленді және оны Компанияның Директорлар кеңесі бекітті;
- апта сайынғы есептілік форматы енгізілді және Қорды акпараттандыру мақсатында Компанияның негізгі оқиғалары мен тәуекелдері бойынша деректерді ұсыну қамтамасыз етілді;
- жобалар тиімділігінің негізгі көрсеткіштерін имитациялық моделдеу (стресс-тестілеу) негізінде инвестициялық жобалардың тәуекелдерін бағалау нәтижелерін интерпретациялау кеңейтілді;
- ЕТҰ қызметкерлерінің сұрауы бойынша Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау қызметінің қызметкерлері онлайн-форматта

"Тәуекелдерді басқару жүйесін енгізу" атты оқыту семинары өтті;

- 020-2021 жылдар аралығында Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау қызметінің тәуекел-менеджерлерінің кәсіби біліктілігін тұрақты арттыру қамтамасыз етіледі, халықаралық сертификаттар алынды, атап айтқанда: PRMIA-дан PRM, CFA және PMP, сондай-ақ ISO бойынша 31000:2018.

Тәуекелдерді басқару жүйесін дамыту жөніндегі жоспарлар

- КТБЖ дамыту (КТБЖ саясатын және тәуекелдерді басқару процесін үйімдастырудың үлгілік қағидаларын өзектендіру, нормативтік-әдіснамалық құжаттарды өзектендіру).
- Корпоративтік басқару диагностикасының нәтижелері бойынша ҚТБЖ, ИБЖ және ҚҰБЖ бөлігінде корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру.
- ЕТҰ-да тәуекелдерді басқарудың автоматтандырылған жүйесінің жаңартылған нұсқасын іске қосу

5. КТБЖ қатысуышылары

КТБЖ-ның үйімдік құрылымы:



және енгізу: ҚМГ тәуекел-үйлестірушілері мен ЕТҰ тәуекел-менеджерлері үшін осы жүйенің жаңартылған нұсқасын пайдалану бойынша оқыту жүргізу және техникалық сұйемелдеу.

- Тәуекел мәдениетін дамыту;
- Жобалық басқару, ақпараттық қауіпсіздік, тұрақты даму, комплаенс, стратегия және ҚТК шеңберінде тәуекелдерді басқару бөлігінде кросс-функционалдық өзара іс-қымыл.

КТБЖ қатысуышыларының функциялары мен жауапкершілігі

Директорлар кеңесі (ДК)	<ul style="list-style-type: none"> тиімді КТБЖ және ИБЖ болуына жауап береді; стратегиялық орта м және қысқа мерзімді мақсаттарды, тәуекел-аппетитті, тәзімділік деңгейлерін, тәуекелдер тіркелімдерін, түйінді тәуекел көрсеткіштерін және тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар картасын бекітеді. Тәуекелдер бойынша тоқсан сайның есептерді, тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділік көрсеткіштерін, қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету жоспарларын ұсынады.
Басқарма	<ul style="list-style-type: none"> КТБЖ үйлестіру және тиімді жұмыс істеуіне, Қор мен ДК-ге тәуекелдер бойынша тоқсан сайның есептерді ұакытылы ұсынуға жауапты болады; КТБЖ саясатын іске асыруды және Компания мен ЕТҰ тәуекелдерін басқару саласындағы ішкі құжаттарды жетілдіруді қамтамасыз етеді; тәуекелдер иелерінің, тәуекел-факторлар иелерінің тіркелімдерін және ҚМГ тәуекел-үйлестірушілерін бекітеді; тәуекелдер бойынша тоқсан сайның есептерді қарайды және тиісті шараларды қабылдайды.
Тәуекелдер жөніндегі комитет	<ul style="list-style-type: none"> тәуекел-аппетит, тәуекелдер тіркелімі, тәуекелдер картасы, тәуекелдерді басқару бойынша іс-шаралар жоспары, тәуекелдерге тәзімділіктің түйінді тәуекел көрсеткіштері деңгейлері, ДК-нің бекітіүіне шығару үшін тәуекелдер бойынша тоқсан сайның есептерді келіседі; Компания тәуекелдерін және оларды басқару шараларының тиімділігін, тәуекелдерді басқару жөніндегі әдіснамалық құжаттарды, саясаттарды, рәсімдерді басқару құрылымын дамыту жөніндегі ұсындыстарды, тәуекелдерді басқарудың жаңа тәсілдерін, КТБЖ жетілдіру жөніндегі жұмыс жоспарларын қарастырады.
Ішкі аудит қызметі	<ul style="list-style-type: none"> тәуекелдерді басқару процесінің тиімділігін бағалауды жүзеге асырады, КТБЖ-дағы елеулі кемшиліктер туралы ДК-ны хабардар етеді, тәуекелдерді басқару процесін жетілдіру бойынша ұсынымдар әзірлейді; тәуекел/тәуекел-факторға алдын ала әсер ету іс-шараларының (бакылау рәсімдерінің) тиімділігіне бағалауды жүргізеді және анықталған кемшиліктерді жою жөнінде ұсынымдар дайындаиды; аудиторлық тексеру процесінде сәйкестендірілген, тіркелімге енгізілмеген жаңа тәуекел-факторлар туралы жауапты белімшеге хабарлайды.
Жауапты бөлімше	<ul style="list-style-type: none"> КТБЖ-нің жұмыс істеуін, КТБЖ бойынша әдіснамалық құжаттарды әзірлеуді және өзектендіруді қамтамасыз етеді; КТБЖ-нің жұмыс істеу мәселелері бойынша құрылымдық бөлімшелерге консультациялық қолдау көрсетеді, оқыту іс-шараларын жүргізеді; мәмнәтінді (ішкі және сыртқы жағдайларды) талдайды, Компанияның тәуекелдеріне айтарлықтай әсер ете алған ішкі/сыртқы факторларды бақылайды; тәуекелдер тіркелімдерін қарайды, оған келісімін береді, ҚМГ компанияларды тобы бойынша тәуекелдерді шоғырландыруды және ақпаратты талдауда жүзеге асырады, тәуекелдер тіркелімін, тәуекелдер картасын, Компанияның тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын ұакытылы дайындауға, сондай-ақ Басқарма мен ДК үшін Компанияның тәуекелдері бойынша тоқсан сайның есептілікте дайындауға жауапты болады. тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралардың орындалуын бақылауды, тәуекелдерге тәзімділік деңгейлердің сақтаулына, түйінді тәуекел көрсеткіштеріне ұакытылы мониторингі жүзеге асырады; әз құзыреттің шеңберінде ІАҚ-пен, ҚМГ-ның құрылымдық бөлімшелерімен, сыртқы консультанттармен және басқа да мүдделі тараптармен тәуекелдерді басқару мәселелері бойынша өзара іс-қымыл жасайды; ҚМГ тәуекелдер мен тәуекелдер факторларының иелерімен сұхбат жүргізу процесін үйімдастыруды және Компанияның тәуекелдерін сәйкестендіру және бағалаудың сараптамалық әдістерін қолдану кезінде әдіснамалық қолдауды қамтамасыз етеді
Мақсат иелері	<ul style="list-style-type: none"> белгіленген ҚТК-ға (мақсаттарға) қол жеткізуға әсер етегін сандық/сапалық түрде тәуекелдердің мәндерін және тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын келісу үшін жауапты болады; бекітілген тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарының ұакытылы іске асырылуын бақылауды жүзеге асырады.
Тәуекел/тәуекел-факторларының иелері	<ul style="list-style-type: none"> тәуекелдердің іесі жетекшілік етегін процестерді жүзеге асырумен байланысты тәуекелдерді лайықты түрде басқаруға және бақылауға, тәуекелдердің жай-куйі және тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралардың орындалуы туралы ұакытылы және толық ақпарат беруге жауапты болады; қызметтің үздіксіздігі жоспарларын әзірлейді және енгізеді; тәуекел деңгейін төмөндегуе бағытталған тәуекелдердің жекелеген түрлерін басқару тетіктерін әзірлеуді, тәуекелдердің/тәуекел-факторлардың (корпоративтік стандарттар, регламенттер, тәуекелдердің жекелеген түрлерін басқару жөніндегі саясаттар) іесі жетекшілік етегін процестерді жүзеге асырумен ұштасатын бақылау рәсімдерін қамтамасыз етеді.
ЕТҰ	<ul style="list-style-type: none"> КТБЖ әдіснамалық құжаттарына сәйкес тәуекелдердің сәйкестендіру және бағалау процесін ұакытылы үйімдастыруды қамтамасыз етеді; ЕТҰ процестерін жүзеге асырумен байланысты тәуекелдерді лайықты түрде басқаруға және бақылауға, тәуекелдер бойынша есептілік ұакытылы ұсынуға, сондай-ақ өндірістік/өндірістік емес тәуекелдердің жай-куйі және оларды басқару жөніндегі іс-шаралардың орындалуы туралы толық ақпаратты, іске асырылған тәуекелдік оқиғалар бойынша есептілікте ұсынуға жауапты болады; ЕТҰ қызметтің үздіксіздік жоспарларын әзірлейді және енгізеді.
ҚМГ/ЕТҰ әрбір қызметкери	<ul style="list-style-type: none"> лауазымдық нұсқаулықтарға сәйкес тәуекелдерді басқару саласындағы лауазымдық міндеттердің орындалуына жауапты болады; ҚМГ/ЕТҰ-ның жауапты өлемшесін, өзінің тікелей басшысын әлеуетті шығындарға әкеп соққан немесе әкеп соға алған кез келген жасалған немесе ықтимал қателер, кемшиліктер туралы, әлеуетті және іске асырылған тәуекелдік оқиғалар туралы КТБЖ ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде ұакытылы хабардар етеді; бекітілген оқыту бағдарламасына сәйкес тәуекелдерді басқару саласында оқудан етеді.

6. Ішкі бақылау жүйесі

Ішкі бақылау жүйесі (ІБЖ) КТБЖ-ның ажырамас бөлігі болып табылады. ІБЖ COSO моделін қолданады және өзара байланысты бес компоненттен тұрады: бақылау ортасы, тәуекелдерді бағалау, бақылау ресімдері, ақпарат және коммуникациялар, мониторинг. ІБЖ ҚМГ-ның тәменде көрсетілген үш негізгі саладағы мақсаттарына қол жеткізуде ақылға қонымынды сенімділікті қамтамасыз етуге бағытталған:

- операциялық қызметтің тиімділігін арттыру;
- толық және сенімді қаржы есептілігін дайындау;
- Қазақстан Республикасы заңда-масының және ҚМГ ішкі құжатта-рының талаптарын сактау.

ІБЖ бизнес-процестерді талдауға, ҚМГ қызметтіне тән процестік деңгейдегі тәуекелдерді уақытылы анықтауға және талдауға, сондай-ақ осы тәуекелдерді басқару бойынша бақылау ресімдерін айқындауға және талдауға бағытталған.

ІБЖ ҚМГ-ның негізгі және қосалқы бизнес-процесстеріне интеграцияланады және қабылданған немесе қабылдануы тиіс түзету іс-шараларының ежей-тегжейімен бірге бақылаудың кез келген елеулі кемшіліктері мен әлсіз орындары туралы тиісті басқару деңгейінің басшылығын дереу хабардар етуге арналған ресімдерді қамтиды.

ІБЖ ішкі бақылау жүйесінің саясатына сәйкес үйімдастырылған, онда ІБЖ-нің мақсаттары, жұмыс істеу қағидаттары мен компоненттері және өкілеттіктері мен жауапкершілігі, жұмыс істеу тәртібі, ішкі бақылау құрылымы, нәтижелік өлшемдері мен жазбалар нысандары айқындалған ішкі бақылау жүйесінің регламенті белгіленген.

Жыл сайынғы негізде ҚМГ-да бизнес-процестердің сыныдышы, сыртқы және ішкі аудиторлардың ұсынымдары негізінде ІБЖ бойынша жұмыстардың құнтізбелік жоспар-кестесі бекітіледі. Оnda бизнес-процестерді нысандаудыру/

өзектендіру және бақылау ресімдерінің дизайнның тестілеу (талдау) мерзімдері көрсетіледі. Нысандаудыру бизнес-процестер бойынша тәуекелдер мен бақылаудың қолданыстағы блок-схемалары мен матрицаларын әзірлеуден және өзектендіруден тұрады. Бақылау ресімдерінің дизайнның тестілеу (талдау) негізінде оларды жетілдіру жөнінде ұсынымдар әзірленеді. Ұқсас жұмысты ЕТҰ жүргізеді. ІБЖ бойынша жұмыстардың нәтижелері мерзімді негізде бизнес-процестердің иелеріне, IAK, сыртқы аудиторға, Басқармаға, Директорлар кеңесіне жеткізіледі.

Жыл сайын ҚМГ және ЕТҰ қызметкерлері үшін ІБЖ бөлігінде кездесулер мен оқу бағдарламалары үйімдастырылады, қатысуышылар тренингтерден өтеді, тәжірибемен бөліседі, проблемалар мен оларды шешу жолдарын талқылайды.

2021 жылы ҚМГ-дегі Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау қызметі ішкі бақылауды одан әрі енгізуге және жетілдіруге бағытталған жұмыстар жүргізуді жалғастырыды. 17 бизнес-процесс бойынша ішкі бақылауды нысандаудыру бойынша бизнес-процестердің иелерімен бірлесіп жұмыс жүргізілді. Жақсарту салалары анықталды, бақылау ресімдерін жақсарту бойынша ұсыныстар дайындалды. ЕТҰ-да ІБЖ және ҚҰБЖ жетілу деңгейін өзін-өзі бағалау бойынша сауалнама жүргізілді.

2022 және одан кейінгі жылдары тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау қызметі ІБЖ жетілдіруді жалғастырады. Бақылау ресімдерінің дизайнның нысандаудыру мен тестілеуді (талдауды) жалғастыру, бақылау ресімдері бойынша ұсынымдар беру, корпоративтік деңгейдегі тәуекелдер мен бақылау матрицасын өзектендіру, ҚМГ мен оның ЕТҰ-ның жетілу деңгейіне бағалау жүргізу, оқыту жүргізу және тәуекел-мәдениетін жақсарту жоспарлануда.

7. Қызметтің үздіксіздігін басқару жүйесі

Қызметтің үздіксіздігін басқару жүйесі (ҚҰБЖ) ықтимал қатерлерді/тәуекелдерді сәйкестендіруге және олардың ҚМГ мен оның еншілес және тәуелді үйімдарының қызметтіне тигізетін әсерін бағалауға бағытталған процестер мен ресімдердің жиынтығы болып табылады, ол Компанияның қызметтің қалпына келтіруге және мүдделі таралтardyң мүдделерін, Компанияның іскерлік беделін, брендін және құндылығын қосатын қызметті қорғауды қамтамасыз етуге қабілетті тиімді жауап беру шараларын іске асыру арқылы Компанияның инциденттерге төзімділігін арттыру үшін негіз жасайды.

Компания ҚҰБЖ-нің болу маңыздылығын түсінеді және қызметтің үзіліуіне әкеп соғатын қауіппер мен тәуекелдер мәнмәтінінде қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ететін шаралар мен құралдарды дамыту, жетілдіру үшін қажетті жағдайлар мен ресурстарды айқындаі отырып, қызметтің үздіксіздігін басқарады.

ҚҰБЖ ҚМГ қызметтің үздіксіздігін басқару жүйесінің саясатына және Қызметтің үздіксіздігін басқару процесін үйімдастыру қағидаларына сәйкес үйімдастырылған. Қызметтің үздіксіздігін басқару жүйесінің саясаты қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету салындағы халықаралық стандарттың ұсынымдарын ескере отырып, ҚҰБЖ-ның қолданылу саласын, мақсаттарын, негізгі қағидаттары мен жұмыс істеу моделін айқындаиды. Қызметтің үздіксіздігін басқару процесін үйімдастыру қағидалары ҚҰБЖ-нің қолдану саласын айқында тәртібін, бизнеске тигізетін әсеріне талдау жүргізу тәртібін, Қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету жоспарын әзірлеуді жеке тәртібін, оны тестілеуді жүргізу тәртібін, ҚҰБЖ мониторингі мен жетілдіруді, қызметкерлерді оқыту және олардың хабардарлығын арттыруды белгілейді.

2020 жылы ҚМГ Директорлар кеңесі сыйни бизнес - процестер үшін ҚМГ қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз етудің кешенді жоспарын бекітті, онда ҚМГ-ның қызметтің аса маңызды түрлөрін белгіленген қолайлы деңгейде орындауын жалғастыру мүмкіндігін қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралар көрсетілді.

2021 жылы Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау қызметі ҚМГ-ның еншілес ұйымдарында сыйни бизнес-процестерді айқындау бойынша жұмыс жүргізді, ҚМГ қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз етудің кешенді жоспарын тестілеуден өткізді және жақсарту үшін салаларды анықтады.

2022 және одан кейінгі жылдары Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау қызметі ҚҰБЖ жетілдіруді жалғастырады. Қурделі бизнес-процестерді өзектендіру, қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз етудің кешенді жоспарын пысықтау және жақсарту бойынша жұмыс жүргізілетін болады, ұқсас жұмыс еншілес ұйымдарда жүргізілетін болады.

8. Корпоративтік сақтандыру

ҚМГ компанияларының тобындағы сақтандыру - тәуекелдерді бақылау мен қаржыны басқаруды қамтамасыз етудің маңызды құралы болып табылады. Сақтандыру ҚМГ мен акционерлердің мүлтік мүдделерін өндірістік қызметте, оның ішінде сыртқы факторлардың салдарынан туындастырылуын күтпеген шығындардан қорғайды.

Сақтандырып қорғауды үйімдастырудың бірыңғай корпоративтік стандарттың сақтау мақсатында, сақтандыру функциясы орталықтандырылған. Бұл үздіксіз сақтандыру өтелімін басқарудағы кешенді тәсілдемеге кепілдік береді. Сондай-ақ барлық ҚМГ компаниялар тобы бойынша тәуелсіз тәуекел-инженерлер жүргізетін тәуекел-сюрвейтер шенберінде алмастыру/қалпына келтіру құнын (RCN) тәуелсіз бағалауды және тәуекелдерді бағалауды жүргізу бойынша жұмыс үйлестіріледі.

ҚМГ-ның корпоративтік сақтандыру бағдарламасы сақтандырудың мынадай негізгі түрлөрін қамтиды:

- Компанияның негізгі өндірістік активтерін сақтандыру;

- үшінші тұлғалар алдындағы жауапкершілікті сақтандыру;
- энергетикалық тәуекелдерді сақтандыру.

Қайта сақтандыруға S&P шәкілі бойынша кем дегенде "A-" кредиттік рейтингісі бар қайта сақтандыру компаниялары қабылданады.

Мұнай-газ саласының озық тәжірибелері пайдаланылады, бұл Компания үшін сақтандырудың және сақтандырылатын тәуекелдердің басқарудың ең жоғары шарттарына жетуге ынталандырады.

9. Негізгі тәуекелдер: өткен жылғы кестені жаңарту

ҚМГ өз қызметтің үнемі өзгеріп тұратын ортада жүргізеді. Кейір қауіптер уақыт өте келе дамуы мүмкін және әлеуettі әсер ету мен ықтималдық ішкі және сыртқы факторларға жауап ретінде өзгеру мүмкін. ҚМГ стратегияны іске асыруға әсер ете алатын негізгі тәуекелдер мен белгісіздіктерді басқарады, қадағалайды және олар туралы хабарлайды.

Есепті кезеңде кейір тәуекелдер іске асырылады, бірақ тәуекелдерді митигациялау бойынша қабылданған шаралардың арқасында олардың теріс әсері басқарылып, барынша азайтылды.

▼ Тәуекелдер төмендеуде

Компанияның негізгі тәуекелдері

Тренд (бір жылдағы)	Тәуекел мен ықтимал салдардың сипаттамасы	Тәуекелді азайту және тәуекелді басқару үшін қолданылатын шаралар
 Өндіру көлемінің төмендеу тәуекeli	<p>Негізгі операциялық тәуекел жетілген кен орындарында өндіру көлемінің төмендеуді болып табылады.</p> <p>Негізгі сыртқы тәуекел-факторлар: сыртқы электрмен жабдықтауды берудегі іркілістер, қатал ауа-райы жағдайлары; ОПЕК+ келісімінің аясында мұнай өндіруді қосымша қысқарту бойынша міндеттемелер.</p> <p>Әсері: 2021 жылы Компанияның өндірістік бағдарламасының орындалуына әсер еткен өндіру деңгейінің жоспарланбаған төмендеуі фактілері орын алды. Толығырақ ақпарат "Өндіру" бөлімінде берілген.</p>	<p>Қолданыстағы кен орындарында өндіру деңгейін сақтау мақсатында:</p> <ul style="list-style-type: none"> • ұнғымалардың жөндеуаралық кезеңін ұлғайту жөніндегі іс-шаралар, ұнғымаларды жерасты және қурделі жөндеуді уақытлы орындау, сондай-ақ геологиялық-техникалық іс-шаралар; • ескірген жабдықтарды жаңғыру бағдарламаларын іске асыру; • жетілген кен орындарында өндіруді колдау үшін жаңа технологияларды енгізу; • өндірістік қызметтің түйімділігін арттыру (суландыруды басқару, жерусті инфрақұрылымы бойынша шектеулерді алып тастау, мұнай алу коефициентін ұлғайту, өндіруші активтердегі жете барлау объектілерін пайдалануға беру); • автоматтандыруды енгізу. <p>Энергиямен жабдықтаушы және энергия беруші үйімдардың жүйелерін жаңғыру және жаңарту жөніндегі жобалардың іске асырылуын бақылау күштегітілуде. Энергияға тәуелділікті төмендету және өндірілетін КСШ өзіндік құнын төмендете шенберінде кен орындарында менишікті энергия өндіруші станцияларды іске косу жөніндегі жобалар іске асырылуда.</p> <p>Өндіруші активтерді әртаратандыру бойынша жұмыстар жүргізілуде. Мұнай өндіру көлемі ОПЕК+ келісімінің шарттарына байланысты болатындын ескере отырып, Компания өз тарапынан ОПЕК+ елдерінің мұнай өндіруді ұжымдық қысқарту мәселелері бойынша КР үәкілдегі органдарымен қажетті өзара іс-қимылды жалғастырады.</p>

▲ Тәуекелдер өсуде

◆ Тәуекелдер өзгеріссіз

Тренд (бір жылдағы)	Тәуекел мен ықтимал салдардың сипаттамасы	Тәуекелді азайту және тәуекелді басқару үшін қолданылатын шаралар
	<p>Өндірістік жарапаттану қаупі Кызметкерлердің еңбекті қорғау саласында белгіленген қағидалардың сақталмауы, өндірістік тәртіпті бұзуы қызметкерлердің өміріне қатер тәндіру мен денсаулығына залал келтіру болып табылады.</p> <p>Әсері: Кауіпсіздік техникасы мен еңбекті қорғау қағидаларын бұзу денсаулыққа зиян келтіруге, сондай-ақ өндірістік бұзылуына, қаржылық шығындарға және Компанияның іскерлік беделіне нұқсан келтіруі мүмкін. 2021 жыл ішінде 28 еңбек ету қабілетінен айрылған жазатайым оқиғалар және бір өліммен аяқталған жазатайым оқиға тіркелді.</p>	<p>Өндірістік жазатайым оқиғаларды болдырмау мақсатында Компания төмендерді қамтамасыз ететін үйымдастырушылық-техникалық іс-шараларды жүргізеді:</p> <ul style="list-style-type: none"> жұмыстарды қауіпсіз жүргізу, өндірістік жарапаттану мен кәсіптік ауруларды алдын алу; оқуды және білімді тексеруді уақытылы жүргізу; еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы ішкі бақылау; еңбекті механикаландырудың жаңа технологиялары мен құралдарын енгізу; өндірістік объектілердің өнеркәсіптік қауіпсіздік деңгейін арттыру. <p>"Корғау" картасын пайдалану арқылы Near Miss салдарсыз оқиғалар бойынша есептілік бағдарламасы іске асырылуда.</p> <p>ЕТУ-да Жұмыс қауіпсіздігі бойынша мінез-құлықты байқау бағдарламасын және Жүргізу қауіпсіздігі бойынша мінез-құлықтықты байқау бағдарламасын іске асыру бойынша жұмыс жалғасуда.</p> <p>Компанияда кодекстер, саясаттар, қағидалар мен корпоративтік стандарттар қолданылады:</p> <ul style="list-style-type: none"> Жерусті құралдарын қауіпсіз пайдалану саясаты; Қызметкерлердің "Алтын қағидалар" кодексі; Сауықтырудың корпоративтік бағдарламасы; ҚМГ компанияларының тобында еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және коршаған ортанды қорғау саласындағы мердігерлік үйымдармен өзара іс-қимыл бойынша корпоративтік стандарттар; ҚМГ компанияларының тобында еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және коршаған ортанды қорғау саласындағы құзыреттерді қамтамасыз ету бойынша корпоративтік стандарттар; ҚМГ компанияларының тобындағы Денсаулық сақтау және еңбек гигиенасы бойынша корпоративтік стандарттар; Кауіпшілігі жоғары жұмыстарды жүргізу кезінде еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және коршаған ортанды қорғау саласындағы қауіптер мен тәуекелдердің анықтау қағидалары; Өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті және коршаған ортанды қорғау туралы хабардаудың арттыру бағдарламасы; Жерусті қөлік құралдарын қауіпсіз пайдалану регламенті.
	<p>Өндірістік объектілердегі авариялық жағдайлардың, техногендік апартардың қаупі Компанияның өндірістік қызметті ықтимал қаупіті болып табылады. Авариялық және штапттан тыс жағдайлар, өндірістік объектілердегі техногендік апартар, сондай-ақ үшінші тұлғалардың заңсыз іс-әрекеттері нәтижесінде мұлікке, үшінші тұлғаларға және қоршаған ортада зиян келтіруі қаупі бар.</p> <p>Әсері:</p> <ul style="list-style-type: none"> 2021 жылдың бірінші жартышылдығында "ҚазГАЗ" ЖШС (Жаңаөзен қаласы) аумағында T-101 әуе тоңазытышы өртеді. Алдын ала шығын сомасы – 3,7 млн \$. Сақтандыру жағдайын реттеу барысында төлемнің алдын ала сомасы (металл сыйықтарын сатудан түсken каражат пен франшизаны шегергеннен кейін) – 1,7 млн АҚШ долларын құрайды. 2021 жылдың екінші жартышылдығында "Петромидия" мұнай өндеу зауытында (KMGI) дизель отынын өндеу қондырғысында ерттік шығуна себеп болған оқиға орын алды. Алдын ала шығын сомасы – 45 млн АҚШ доллары. Сақтандыру жағдайын реттеу барысында төлемнің алдын ала сомасы – 38 млн АҚШ доллары. 	<p>Өндірістік тәуекелдерді барынша азайту мақсатында Компания төмендерді жүзеге асырады:</p> <ul style="list-style-type: none"> нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес жабдықтарға техникалық қызмет көрсету мен жөндеуді уақытылы жүргізуі қамтамасыз ету; қайта жаңартуды, жаңғыртуды уақытылы жүргізу; диагностиканы уақытылы жүргізу және әлеуетті-қауіпті факторларды анықтау, сондай-ақ өндірістік объектілердің өнеркәсіптік қауіпсіздігіне сараптама жүргізу; операциялық персоналдың техникалық деңгейі мен біліктілігін арттыру. <p>Компания кезең-кезеңмен қорғаудың, күзетудің және физикалық қауіпсіздіктің қазіргі заманы инженерлік-техникалық құралдарын енгізеді.</p> <p>Сақтандыру жағдайының басталу нәтижесінде мұлікті залалдан (кездесі соқ жойылу, жоғалу немесе буліну тәуекелінен) ерікті түрде сақтандыру шарттары жыл сайын жасалады.</p>

«Корғау» картасын қолдану қауіпті жағдайды, қауіппі іс-әрекетті, қауіппі ахуалды, қауіппі факторды, сондай-ақ жақсы практика мен ұсыныстарды (бастамаларды) анықтауға және олар туралы акпарат беруге бағытталған.

Тренд (бір жылдағы)	Тәуекел мен ықтимал салдардың сипаттамасы	Тәуекелді азайту және тәуекелді басқару үшін қолданылатын шаралар
	<p>Экологияға және климаттың өзгеруіне теріс әсер ету тәуекелдері Компания қоршаған ортаға қолайсыз экологиялық әсер ету тәуекеліне және экологиялық заңнама талаптарын сақтамағаны үшін міндеттемелерді қатаңдау тәуекеліне, сондай-ақ климаттың өзгеруіне байланысты тәуекелдерге бейім.</p> <p>Әсері: Экологиялық тәуекелді іске асыру айыппұлдар, нормативтен тыс төлемдер, қоршаған ортаны қалпына келтіру шығындары, сондай-ақ заңды жауапкершілік және әлеуметтік-экологиялық шиеленісті арттыру түріндегі қаржылық шығындарға әкеп соғуы мүмкін. Толықақтарларды «Тұракты дамуды қамтамасыз ету» бөлімінен қаранды.</p>	<p>Коршаған ортаны қорғау саласында Компания үшін басым бағыттар:</p> <ul style="list-style-type: none"> атмосфералық ауаға шығарындыларды басқару және шикі газды жаһындарын жағуды қысқарту; су ресурстарын басқару; Өндіріс қалдықтарын басқару; жерді қалпына келтіру; энергия тиімділігін арттыру болып табылады. <p>Коршаған ортаға қолайсыз экологиялық әсер ету қаупін азайту үшін Компания мыналарды жүзеге асырады:</p> <ul style="list-style-type: none"> экологиялық көрсеткіштерді жақсарту үшін жобаларды басқаруға және тәуекел-бағытталған тәсілге негізделген маңызды экологиялық аспекттерді алдын ала басқару; ІОГР халықаралық есептілігі шенберінде өндіруші секторда ілеспе мұнай газын (ІМГ) жағудың қарқындылығын тоқсан сайын есептеу және талдау; экологиялық мәселелер бойынша мұдделі тараптармен өзара әрекеттесу; ЕТҰ қалдықтарын көдеге жарату және өңдеу максатында үекілтті органның қол қойылған қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымактастық туралы меморандумы іске асыру; корпоративтік экологиялық бағытты толықанды дамыту, сондай-ақ Компанияның жасыл экономика қағидаттарын ұстануын қамтамасыз ету корпоративтік құжаттарды әзірлеу және енгізу (жаңа Экологиялық кодекстің талаптарын ескере отырып, Компанияның жаңа редакциядағы экологиялық саясаты бекітілді). <p>Компания үекілтті органдармен жаңа Экологиялық кодекске (2021 жылғы 1 шілдеден бастап күшіне енген) заңға тәуелді актілерді әзірлеу, ОҚТ (озық қолжетімді техникалар) салалық анықтамалықтарын әзірлеу жөніндегі жұмыс топтаратына белсенді қатысады, сондай-ақ ОҚТ мен АМЖ (автоматтандырылған мониторинг жүйелерін) енгізу жөніндегі іс-шаралар кешенін іске асырады.</p> <p>2021 жылғы қыркүекте ҚМГ ЕКОК бас директорлар форумы шенберінде Компанияның Директорлар кеңесі мен Басқарманың мүшелері үшін ҚР жаңа Экологиялық кодексінің талаптарын ашу бойынша оку сессиясы өткізілді.</p> <p>Климаттың өзгеруіне байланысты тәуекелді барынша азайту аясында:</p> <ul style="list-style-type: none"> 2020 жылғы ҚМГ компаниялары тобы бойынша қеміртек пен су ізінің есептері жүргізілді және СДР алаңында орналастырылды; 2022-2025 жылдарға арналған қеміртек квоталарының жаңа Ұлттық жоспарының жобасын талқылау жұмыстары жалғасып жатыр
	<p>Геологиялық тәуекел Жаңа барлау жобаларын іске асыру әркашан геологиялық құрылымның белгісіздігімен негізделген геологиялық тәуекелдермен байланысты (көмірсутектер шоғырларының табылмауы, алынатын мұнай (газ) корларының расталмауы немесе төмен бағалануы)</p> <p>Әсері: Компания қызметінде жаңа жобаларды іске асыру және іздестіру бүрғылау кезінде коммерциялық жоспарда өнімді мұнай мен газ корлары табылмау қаупі бар және (немесе) табылған корлар бастапқы жоспарланған деңгейден төмен болады. КСШ корларын бағалау белгісіздіктер мен жорамалдардың елеулі санымен байланысты, олардың өзгеруі КСШ корларын қайта есептей қажеттілігін туындауды мүмкін. Осыған байланысты, Компания тиисті шығыстарды есептеп шығаруға мәжбүр болуы мүмкін, бұл Компанияның қаржылық нәтижелеріне теріс әсер етуі мүмкін.</p>	<p>Компания мыналарды жүзеге асырады:</p> <ul style="list-style-type: none"> жұмыстар ауданы және жақын мандағы үқсас кен орындары бойынша деректер қорын, геологиялық-геофизикалық деректерді жинау, талдау, корыту және толықтыру; көмірсутектерді іздеу мен барлаудың геофизикалық әдістерін жоспарлаудың, деректерді зерттеудің, өңдеу мен интерпретациялаудың тиімді әдістерін қолдану; жогары шешімді 2D- және 3D-сейсмикалық-барлауды жүргізу; халықаралық компаниялармен бірлескен өнірлік зерттеулер (Equionog, ЛУКОЙЛ, British Petroleum), озық технологияларды қолдана отырып және шетелдік компаниялардың (Eni) тәжірибелі тарта отырып, өңдеу жөніндегі пилоттық жобалар; сапалы талдау және геохимиялық және литологиялық талдаудың заманауи әдістемелерін қолдану негізінде аймақ, пен кен орындарының седиментациялық, геологиялық және бассейндік модельдерін күру; жаңа кен орындарын бірлесіп барлау және игеру үшін, оның ішінде геологиялық тәуекелдердің қаржылық, әсерін темендету үшін кәрри-каржыландыру шарттарында стратегиялық әріптестерді тарту. мамандардың көсібі деңгейін арттыру (окыту, шетелдік компаниялармен тәжірибе алмасу).

Тренд (бір жылдағы)	Тәуекел мен ықтимал салдардың сипаттамасы	Тәуекелді азайту және тәуекелді басқару үшін қолданылатын шаралар
	<p>Қызыметтің жүргізетін өнірлеріндегі әлеуметтік жағдай Компанияда жұмыскерлердің заңсыз ереуілдерге шығу тәуекелі бар.</p> <p>Әсері: Компанияның беделіне теріс әсер ету, өндірістік қызыметтің бұзылуына және операциялық шығындардың артуына, сондай-ақ күрделі шығындар мен жобалар кестесіне кері әсер ету. Шикізат тауарларына бағаның өсуі, ел ішіндегі инфляцияның анағұрлым жоғары деңгейі немесе тенденгін одан әрі әлсіреуін еңбекақы мөлшерінің өзгеруіне қатысты келіссөздерге әсер етуі мүмкін.</p> <p>2021 жылғы Компанияның операциялық қызыметтіне тікелей және/немесе жанама кері әсері бар рүқсат етілмеген ереуілдер тіркелді.</p>	<p>Әлеуметтік тәуекелдерді төмендету үшін Компанияда төмендегі іс-шаралар жүзеге асырылады:</p> <ul style="list-style-type: none"> басшылықтың тікелей еңбек ұжымдары және кәсіподактар өкілдерімен есептік кездесулерін қоса алғанда, еңбек ұжымдарында түсіндіру жұмыстары жүргізіледі; ЕТҰ-ның ҚМГ обьектілерінде жұмысын жүргізетін мердігер ұйымдармен өзара іс-кимайл регламенті енгізілді (мердігерлік ұйымдардың қызыметкерлері үшін еңбек катынастары саласында белгіленген кепілдіктерді сақтау мактасында); ішкі коммуникациялардың бірыңғай жүйесі іске асырылды және қолдау тапты, Компанияның барлық кәсіпорындарында басшылықтың ұжымдармен әлеуметтік, тұрмыстық, өндірістік мәселелерді талқылау және шешімдердің нұскаларын бірлесіп әзірлеу үшін міндетті кездесулері өткізіледі; ЕТҰ-да кәсіподак қәшбасшыларын модульдік оқыту бойынша «Кәсіподак белсенділерінің корпоративтік мектебі» жобасы іске қосылды; жас қызыметкерлердің белсенді өмірлік ұстанымын қалыптастыруды, жастарды кәсіпорындардың әлеуметтік және өндірістік өміріне тартуды көздейтін бірыңғай жастар саясатының жүйесі құрылады; 24/7 режимінде «Нысан» жедел желісінде әлеуметтік әлеуметтік бұзушылықтары бойынша тегін конырау қабылданады. әлеуметтердің жүйелі түрде сауалнамалар, талдау және қанағаттанушылық мониторингі жүргізіледі. Әлеуметтік тұрақтылық рейтингін зерттеу нәтижелері бойынша аландатарлық аймақтарды барынша азайту және әлеуметтік тұрақтылық деңгейін арттыру бойынша іс-шаралар жоспарлары әзірленуде. <p>2021 жылғы 4-тоқсанда ҚМГ компаниялары тобы бойынша қызыметкерлердің жалақысын инфляция дәлізінен жоғары қайта қаралуры шешім қабылданды.</p>
	<p>Климаттық тәуекелдер және төмен көміртекті дамыту Компания өз қызыметтінде климаттың өзгеруіне байланысты тәуекелдерге тап болады, олар мұналарды қамтиды;</p> <ul style="list-style-type: none"> сұраныс пен тұтынушылық артықшылықтардың өзгеруіне байланысты нарық тәуекелдері; жаһандық экономиканың төменкөміртекті дамыту жолына қөшуіне және парник газдарының ауаға шығын реттеуді күшітүй бойынша Компания қызысатын елдерде қолданылатын шараларға байланысты саяси-құқықтық және реттеуіштік тәуекелдер; мұдделі тараптар жағынан Компанияның төменкөміртекті экономикаға қөшуіне қатысуы немесе мұндай қатысадан бас тартуы мәселелерін қабылдауына байланысты бедел тәуекелдері; төменкөміртекті технологиялардың дамуы мен тимділігінің артуына байланысты жаһандық экономиканың төменкөміртекті дамыту жолына қөшуін жеделдетуге байланысты технологиялық тәуекелдер; жабдықтың беріктігі мен адамдардың деңсаулығына асер етпе алатын (табиги аттар мен мәңгі аяздың еру қаупін қоса алғанда) Компанияның өнірлердегі ауа-райы-климаттық жағдайлардың және табиги ортаның басқа да сипаттамаларының өзгеруіне байланысты физикалық тәуекелдері. <p>Әсері: Осы тәуекелдер шығындардың өсуі, кірістіліктің төмендеуі және одан әрі даму мүмкіндіктерінің шектелуі түрінде отынның, қазбалы турларын ірі өндіруші және парниктік газдар әмітентті ретінде Компанияның қызыметтіне теріс әсер етуі мүмкін.</p> <p>Жекелеген контрагент-елдерде жаңартылатын көздерден энергия өндірү қөлемдерінің өсуін қутуғе болады, бұл Компания жеткізетін өнімді тұтынудың төмендеуіне әкеп соғуы мүмкін.</p>	<p>Компания көміртек ізін төмендетудің ағымдағы мүмкіндіктерін (энергия тиімділігін арттыру және ресурс үнемдеу), сондай-ақ декарбонизация үшін қызыметтің қосымша барыштарын (ЖЭК, СО2 ұстасу, пайдалану және сақтау, орман көміртек жобалары, сүтегі өндірісі) қамтитын 2022-2031 жылдарға арналған Төменкөміртекті дамыту бағдарламасын әзірледі. Төменкөміртекті дамыту бөлімшесі және Сүтегі энергетикасы жәніндегі қызыреттер орталығы құрылды.</p> <p>Халықаралық компаниялармен (Eni, Total, Air Liquide) бірлескен декарбонизация жобаларын іске асыру бойынша бірқатар меморандум жасалды:</p> <ul style="list-style-type: none"> гибридті электр станциясының құрылышы; жинақтау жүйесі бар жел станциясының құрылышы; сүтегі үткірлігі саласындағы жобалар; «Ембімұнайгаз» ГКДК-да CCUS (көміртек костотығы шығарындыларын ұстасу, сақтау және көдеге жарату технологиясы) пилоттық жобасы үшін жобалық құжаттаманы әзірлеу бойынша саралтамалық қолдау көрсетілді, CCUS бойынша оқыту семинарлары (Shell) өткізілді.

Тренд (бір жылдағы)	Тәуекел мен ықтимал салдардың сипаттамасы	Тәуекелді азайту және тәуекелді басқару үшін қолданылатын шаралар
	<p>Өтімділік және қаржы тұрақтылығының тәуекелдері Өтімділікпен, қаржы орнықтылығымен және кредиттік рейтингтердің төмендеуімен байланысты тәуекелдер Компания үшін түйінді тәуекелдер болып табылады</p> <p>Әсері: Ағымдағы қарыздар мен еурооблигацияларды дереу өтеу қажеттілігі. Компанияның ағымдағы және инвестициялық қызметтің қаржыландыру үшін жеткілікті көлемде қаржат тарта алмау. 2021 жылы Компания өтімділіктің тиісті деңгейін сақтап, қаржы орнықтылығының жеткілікті деңгейін көрсетті.</p>	<p>Осы тәуекелдерді еңсери ушін, борыштық жүктемені басқару және өтімділік тапшылығына жол бермеу жөніндегі іс-шаралармен қатар, Компания операциялық қызметтің тиімділігін арттыруға, қурделі шығындардың нақты басымдығына, қаржылық тәртіпті сақтауға, Компанияның активтері мен жобаларының портфельдерін ұтымды етуге, жобаларды портфельдік басқаруға көшуге шоғырланды. Компания тәуекелдің алдын алу бойынша мынадай шараларды іске асырады:</p> <ul style="list-style-type: none"> • қарыз деңгейін бакылау, қаржы орнықтылығын қолдау үшін, оның өсүіне жол бермеу, қарызы өтеуге бос ақша қаржаттарын бағыттау; • қарыз капиталы мен ішкі қаржыландыру көздері арасындағы онтайлы баланска кол жеткізу; • шығыстарды қысқарту, бюджеттерді бакылау жөніндегі іс-шараларды іске асыру; • ЕТҰ-ның ағымдағы қарыздары мен қаржылай көмегін қайтаруды камтамасыз ету; • капиталдың борыштық нарығына қолжетімділікті сақтау және қарыз алу құнының қымбаттауына жол бермеу үшін, Компанияның кредит төлеу қабілетінің нашарлауына жол бермеу; • мерзімінен бұрын өтеу есебінен борышты азайту.
	<p>Комплаенс-тәуекелдер Сыбайлас жемқорлық сипатындағы, оның ішінде үшінші тұлғалар үшін қаржылайтын мүдделердің алудағы бағытталған қасақана іс-әрекеттер. Сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттерінің кез келген фактілері, қаржылық шығын мөлшеріне қарамастан, Компанияның қызметтіңде мүлдем қолайсыз болып табылады.</p> <p>Әсері: 2021 жылы аталған тәуекелдің іске асу фактілері анықталған жок.</p>	<p>Компания ішкі бакылау жүйесін енгізу және қүшешті, үшінші тұлғалар жөні Компания қызметкерлері тарағынан заңсыз және жосықсыз іс-әрекеттердің алдын алуын бірінші саясатын белгілеу, қызметкерлер тарағынан құқыққа қарама-қайши және жосықсыз іс-әрекеттер жасау фактілері бойынша ішкі тергеулер жүргізу тәртібін белгілеу бойынша дәйекті жұмыс жүргізеді. Компанияда жетекші әлемдік тәжірибелерді ескере отырып, мынадай саясаттар мен стандарттар, сондай-ақ міндеттемелер қабылданыды:</p> <ul style="list-style-type: none"> • ішкі және комплаенс-бакылау жүйелерін жетілдіру және қүшешті; • сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингті жүргізу; • сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, қызметкерлер арасында ықтимал бұзушылықтар мен шаралар туралы алдын алу іс-шараларын және түсіндіру жұмыстарын жүргізу; • шешімдер кабылдау рәсімдерінің есептілігін және ашықтығын қамтамасыз ететін үйімдік-қызықтық тәтіктерді белгілеу; • іскерлік этика нормаларын кабылдау және сақтау; • сыйбайлас жемқорлыққа қарсы тақырып бойынша семинарлар мен тренингтерді ұйымдастыру; • сыйбайлас жемқорлық факторларын анықтауға арналған ішкі құжаттардың жобаларын сараптау; • мүдделер құтқысын болдырмау; • * Аудит жөніндегі комитетке және Директорлар кеңесіне есеп бере отырып, жедел желіге келіп түсken өтініштерді өндеу бойынша
	<p>Мұнай бағасының жоғары құбылмалылығы Компания энергия көздері бағасының құбылмалылық тәуекеліне бейім.</p> <p>Әсері: Мұнай бағасының құбылмалылығы қызмет нәтижелерінің елеулі өзгеруіне әкеп соғуы мүмкін. Компаниялар, кіріс және ақша ағындары. 2021 жылы мұнай бағаларының ауытқуы Компанияның кірісі мен ақша ағыннына теріс әсер еткен жок. Толық акпарат «Макроэкономика» және «Жаһандық трендтер» тарауларында берілген.</p>	<p>Мұнай бағаларының жоғары құбылмалылығы, Brent құнының жоспарлы көрсеткіштерден тәмем түсініне байланысты дағдарыс кезеңдері кайталанған жағдайда, Компания мыналарды қоса алғанда, бірақ олармен ғана шектелмей, қаржы орнықтылығын тұрақтандыру жөнінде шаралар қабылдайтын болады:</p> <ul style="list-style-type: none"> • мемлекетпен жетілген кен орындары бойынша салық ауыртпалығын одан әрі оңтайланғын туралы көлісіздер жүргізу; • дағдарысқа қарсы шараларды уақытылы енгізу және іске асыру; • Компанияның даму жоспарын түзету, шығындарды оңтайланғын тұрақтандыру жөніндегі шығындар мен инвестициялық жобаларға басымдық беру және косымша оңтайланғын; • косымша теріс әсер етеге алатын тәуекелдерді нивелирлеу бойынша арнайы нүктелік шараларды әзірлеу (мысалы кредиторлардан waiver алу; көлемдерді анағұрлым қолайлары нарықтарға қайта бағдарлау). Компания тұрақты негізде бағалар динамикасына, мұнай мен мұнай өнімдеріне сұранысқа мониторинг пен талдауды жүзеге асырады, сондай-ақ мұнай бағаларының айтарлықтай төмендеуінен корғау үшін қаржы құралдарын сатып алу (мысалы, талдау жүргізу және хеджирлеу пайдасы) мүмкіндігін жоққа шығармайды. • Компания үәкілді органдармен ОПЕК+ келісімі, ішкі нарықты тұрақтандыру жөні мұнай өнімдерінің экспортын ынталандыру жөніндегі шараларды іске асыру мәселелері бойынша өзара іс-кимыл жасайды, сондай-ақ өз міндеттемелерін орындау үшін ішкі резервтерге ие.

Тренд (бір жылдағы)	Тәуекел мен ықтимал салдардың сипаттамасы	Тәуекелді азайту және тәуекелді басқару үшін қолданылатын шаралар
▲	<p>Елдік тәуекел және санкциялар қаупі</p> <p>Компания шет мемлекеттерде операцияларды жүзеге асырады. Реципиент елдік экономикалық және саяси жағдайындағы кез келген елеулі теріс өзгерістер Компанияның қызметіне әсер етуі мүмкін. Секторлық санкцияларды қоса алғанда, кейбір елдерге қатысты санкциялар Компанияның қызметін қоғауы және перспективалық бірлескен жобаларға ықпал етуі мүмкін.</p> <p>Әсери: Ресейге қарсы одан әрғы халықаралық санкциялар Компанияның ағымдағы және перспективалық инвестициялық жобаларына, сондай-ақ Компанияның жұмыс істеп тұран кәсіпорындары үшін белгілі бір тауарлар мен қызметтерді жеткізуге әсер етуі мүмкін. Ресейге қарсы санкциялардың қолданыстағы пакетіне сәйкес, Компания 2021 жылы ресейлік контрагенттермен өзара әрекеттесу нәтижесінде операциялық қызметтің уақытын тоқтатылуына немесе шектелуіне тап болған жок.</p>	<p>Компания реципиент-елді талдау (экономикалық, саяси, стратегиялық, әлеуметтік және өзге де жақтан) негізінде елдік лимиттерді белгілеу арқылы елдік тәуекелдер деңгейін шектейді.</p> <p>Компания экономикалық санкциялардың Компанияның қызметіне тигзетін әсерін және ықтимал ден қою шараларын талдады. Ресейлік үйымдармен бірлескен жобалар/жүзеге асырылған транзакциялар қарастырылды, ықтимал операциялық және қаржылық тәуекелдер зерттелді.</p> <p>Компания теріс әсерлер мен салдарды барынша азайту үшін Компанияның перспективалық жобаларына нақты әсер ете алатын санкциялардың ықтимал көнеін ескере отырып, қолданыстағы санкцияларға мониторинг жүргізеді. Тәуекелдерді тәмендету мақсатында, Компания санкциялық режим күштілген жағдайда, жобалардан шығу немесе оларды дербес іске асыру төтіктерін көздейді.</p>
▲	<p>Кибер тәуекелдер</p> <p>Қашықтан жұмыс істеу, қашықтан қосылу жағдайларында және цифрландырудың Компанияның өндірістік және басқару процестеріне тигзетін әсерінің қүшөші жағдайында ҚМГ-да тұтастырын, қолжетімділігі мен құпиялылығын бұзу мақсатында оның ақпараттық-коммуникациялық жүйесінің жария етілу ықтималдығы артады.</p> <p>Әсери: 2021 жылы ақпараттық ресурстардың, компьютерлік жөлілердің ақпараттық, активтерінің тұтастырын, құпиялылығын және қол жетімділігін бұзу анықталған жок, Кибершабуылдар тәуекелдерінен қорғау объектілері ретінде Компания өзіне тиесілі ақпараттың және оның өндеу құралдарынға емес, сонымен қатар мемлекеттік органдар, акционерлер, ісқері серіктестер және жеке деректер субъектілер үсінған ақпаратты да қарастырады.</p>	<p>Компания тәмендегі шараларды жүзеге асырады:</p> <ul style="list-style-type: none"> сыртқы және ішкі қатерлердің автоматтандырылған мониторингін, сондай-ақ ақпараттық-коммуникациялық жүйені қорғауға бағытталған үйымдастырушылық-практикалық іс-шараларды бақылауды қамтамасыз ету үшін ақпараттық қауіпсіздік мамандандырылған ақпараттық-бағдарламалық құралдардың енгізу; жүйенің сыртқы шабуылдарға осалдырының тестілеу, ақпараттық технологиялар инфрақұрылымының қауіпсіздігін талдауды, жөлілік компоненттердің аудиті, операциялық жүйелердің қауіпсіздігін уақытылы бақылауды, бұзушыларды анықтау мен бұғаттауды тұрақты негізде жүргізу; кибершабуылдар жағдайында дағдарыстық жағдайдың әсерін тәмendetuge және оның салдарын барынша азайтуға бағытталған шұғылден қою жоспарларын дайындау; Компанияның ақпараттық қауіпсіздік менеджмент жүйесін қолданыстағы халықаралық стандарттарға сәйкес сактап тұру; Компанияның ақпараттық қауіпсіздік бөлімшелерінде ақпараттық, қауіпсіздік менеджмент жүйесінекауптыларды оқыту; құн сайын ақпараттық жүйелердің қолжетімділігіне және қажетті ақпараттық-есептеу ресурстарының жеткіліктілігіне мониторинг жүргізіледі; акпараттық қауіпсіздік инциденттеріне төрge жүргізу.
▲	<p>Беделдік тәуекелі</p> <p>Компания ісқерлік беделге және инвесторлармен, контрагенттермен, серіктестермен және басқа да мүдделі тарараптармен өзара қарым-қатынасқа әсер ететін бедел тәуекеліне үшірайды.</p> <p>Әсери: 2021 жылы Компания ісқерлік беделін жоғалту тәуекелінің іске асына себеп болатын түрлі факторларға тап болды. Компанияның қаржылық нәтижелеріне теріс әсер анықталған жок. Бұл тәуекелді іске асыру ішкі және сыртқы факторларға, оның ішінде заңнама талаптарының сақталмауына, ҚАҚ-тағы жарияланымдарға, шарттық, міндеттемелердің орындалмауына, дайын енімнің канаттарнаның саласына, Компанияның қаржы орнықтылығы мен қаржылық жағдайы туралы теріс түсініктің қалыптасуына байланысты болуы мүмкін.</p>	<p>Компания қызметінің әртүрлі аспекттерін жариялады-көрсету және мүдделі тарараптардың хабардар болуын арттыру мақсатында, Компания ҚАҚ-тағы жарияланымдарды, брифингтер, баспасөз-конференцияларды үйымдастыруды, басшылықтың сөз сөйлеүін қоса алғанда, осы тәуекелді басқару жөніндегі шаралар кешенин жүргізеді. Компанияның қызметі туралы жарияланымдарға және ҚАҚ пен әлеуметтік жөлілердегі расталмаған ақпаратта (кауесеттерге) мониторинг пен бірден ден қою құн сайын жүргізіледі.</p> <p>2021 жылы ҚМГ компаниялары тобында вакциналау барысын ақпараттық колдуға жөніндегі медиажоспар әзірленіп, іске асырылды. Кәсіпорындарда КВИ-ге қарсы курес бойынша іс-шаралар және инфекцияны таратпау бойынша қабылданған шаралар ҚАҚ-та көнінен жарияланды.</p> <p>Компанияның мүдделі бөлімшелерін тарты атырып, ҚАҚ сауалдарына жауаптар дер кезінде дайындалып, жолданды.</p> <p>Компанияда жедел жөлі жұмыс істейді, сондай-ақ шағымдар мен наразылықтарға олардың себептерін жою мақсатында уақыты жауап беру жұмысы дұрыс үйімдастырылған.</p>

Тренд (бір жылдағы)	Тәуекел мен ықтимал салдардың сипаттамасы	Тәуекелді азайту және тәуекелді басқару үшін қолданылатын шаралар
	<p>Валюталық тәуекел Валюталық тәуекел - валюта бағамдарының ауытуларына байланысты Компанияның қаржылық көрсеткіштерінің қолайсыз өзгеру ықтималдығы</p> <p>Әсері: Қазақстандық тенгеге қатысты шетел валюталарының нығаюы жергілікті валютада деноминалданған операциялық шығындардың анағұрлым жоғары болуына, маржиналдылықтың тәмемдеуіне және Компанияның қаржылық нәтижелері мен көрсеткіштеріне теріс әсер етуге әкелу мүмкін. 2021 жылдың корытындылары бойынша қазақстандық тенге бағамының шетел валюталарына қатысты ауытқуы Компанияның қаржылық нәтижелері мен көрсеткіштеріне елеулі әсер еткен жоқ.</p>	Сонымен бірге, тұсім мен міндеттемелердің валюталық құрылымын ескерсек, Компания өз қызметінде валюталық тәуекелге үшінрайды. Осы тәуекелді басқару стратегиясы табиғи (экономикалық) хеджирлеуді қолдану мүмкіндігін ескеретін кешенді тәсілдің қолданылуын көздейді. Шетел валютасында номиналданған активтер мен міндеттемелердің аракатынасы қамтамасыз етіледі, тұсім валюталық тәуекелдің әсері ескеріліп есептеледі.
	<p>Салық тәуекелі Салық заңнамасының өзгеру және оны екіштүс түсіндіру тәуекелдері, сондай-ақ салықтық ауыртпалықтың ұлғаю мен салық женілдіктерін қолдану құқығынан айрылу тәуекелдері сақталуда</p> <p>Әсері: Қазақстандық салық заңнамасы жиі өзгерістерге ұшырайды және әртүрлі пайымда мүмкіндігін береді. Әдette, салық органдары заңнаманы түсіндіру және салықтық тексерурлердің жүргізу кезінде консервативті тәсілді қолданады. Нәтижесінде, Компания менеджментінің Компанияның операциялары мен қызметіне қолданылатын салық, заңнамасының нормаларын пайымдаудың тиісті салық органдары даулауы мүмкін. Компания қызметін бірнеше юрисдикцияда жүзеге асырады, сондықтан да ол белгісіздік пен субъективтілікке әкеп соға алатын трансфертік бағаның күрделі қафидаларын ұстануы тиіс. 2021 жылы салықтар бойынша шығындардың ұлғаюына әкеп соққан осы тәуекелдің іске асу фактілері тіркелді.</p>	Компания салық заңнамасының өзгерістеріне тұрақты мониторингті жүзеге асырады, олардың Компания қызметіне ықтимал әсер ету дәрежесін бағалайды және болжайды, құқық қолдану практикасының үрдістерін бақылайды, өз қызметіндеғі заңнаманың өзгерістерін ескереді. Компанияның мамандары салық заңнамасының саласындағы заң жобаларын әзірлеу бойынша әртүрлі жұмыс топтарына үнемі қатысады; салықтық тәуекелдердің азайту мақсатында, Компания салықтық әкімшілendіру процестерін жақсартады, салықтық аудиттерді жүргізеді
	<p>Екінші деңгейдегі банктердің проценттік мөлшерлемелерінің және өтімділігінің өзгеру тәуекелі Әлемдік проценттік мөлшерлемелердің өсүі және банк секторының қаржы орнықтылығының әлсіреуі қарызы алу құнына және уақытша бос акша қаражатын орналастыруға теріс әсер ету мүмкін.</p> <p>Әсері: Компания контрагенттерінің дефолттық, оқиғалары олардың шоттарында орналастырылған қаражаттың толық немесе ішінде қайтарылмауына әкеп соғуы мүмкін, бұл Компанияның қаржылық нәтижелеріне теріс әсер етуі және Компанияның міндеттемелерін орындау үшін қосымша қаржы қаражатын тарту қажеттілігіне әкеп соғуы мүмкін. 2021 жылы екінші деңгейдегі банктердің өздерінің қаржылық міндеттемелерін орындаамауы, уақытылық немесе толық орындаамауы тіркелмеген.</p>	Осы тәуекелдерді барынша азайту үшін, Компания қазынашылық портфельдің тапсырылған өлшемдерінде қаржы құралдарына орналастыруды әртаратандыруды және ҚМГ компанияларының тобы бойынша ақша қаражатын орналастырудың тұрақты мониторингті жүзеге асырады. ҚМГ кірісінің негізгі бөлігі АҚШ долларына қалыптасады, ал қарыз алушын негізгі көзі халықаралық кредит нарығы болып табылады. Осы себептер бойынша ҚМГ борыштық портфелинің басым бөлігі АҚШ долларымен номиналданған. Осы кредиттердің бір бөлігіне қызмет көрсету бойынша пайыздық мөлшерлеме банкаралық кредиттер бойынша мөлшерлемелерге негізделген, мөлшерлемелердің ұлғаюы Компанияның қарызына қызмет көрсетудің қымбаттауына әкеп соғуы мүмкін.

Тренд (бір жылдағы)	Тәуекел мен ықтимал салдардың сипаттамасы	Тәуекелді азайту және тәуекелді басқару үшін қолданылатын шаралар
	<p>Инвестициялық (жобалық) тәуекелдер Компания сыртқы және ішкі факторларға байланысты елеулі тәуекелдерге ұшырай алатын көмірсүткөтерді барлау, өндіру, тасымалдау және өндеу саласындағы бірқатар жобаларды іске асырады. Мұндай тәуекелдердің іске асуы жобаларды табысты жүзеге асыруға айтарлықтай әсер етуі мүмкін.</p> <p>Әсері: Инвестициялық жобаларды іске асыру кезінде Компания шығындардың өсу, өндірістік объектілерді пайдалануға ұакытылы бермеу және жобалық елшемдерге қол жеткізуе тәуекелдеріне тап болады.</p>	<p>Қажет болған жағдайда, Компания жобаларды іске асыру жөніндегі жоспарларға ұакытылы өзгерістер енгізе отырып, қызметін жүзеге асыратын еңірлерде жобаларды іске асыру мәртебесіне тұрақты мониторинг жүргізеді. Жобалардың мерзімдеріне, бюджеттіне және сапасына әсер ете алатын тәуекелдер туындаған жағдайда, іс-шаралар мүддел тараптармен келіссөздер жүргізуі, операциялық шығындарды қыскартуды, инвестициялық бағдарламаны оңтайландыруды, инвестициялық портфельден рентабельді емес жобаларды алып тастауды қамтуы мүмкін. Халықаралық компаниялардың стандарттарына (Stage Gate Process) үқас жобалық басқару және инвестициялық шешімдер қабылдау жүйесі енгізілді.</p>
	<p>Қолданылатын заңнаманың өзгеру тәуекелі, сондай-ақ сот талап-арыздары мен төрелік талқылаулаур тәуекелі Жер қойнауын пайдалану саласындағы нормалауды, салықтық, валиталық, кедендейк реттеуді және т.с.с. коса алғанда, қолданылатын заңнамадағы өзгерістер, сондай-ақ Компания тартылған сот және төрелік даулар бойынша соттардың теріс шешімдер кабылдау тәуекелі Компанияның қызметтінің нәтижелеріне әсер етуі мүмкін.</p> <p>Әсері: 2021 жылды 1 млн АҚШ долларынан артық сомаға 6 сот ісі болып, бірде бір төрелік талқылау болған жоқ. Рәсімдер аяқталғанға дейін осы оқиғалардың Компанияның қызметтінің тиғизетін әсерін толық бағалау мүмкін емес.</p>	<p>Компания заңнаманың өзгеруіне тұрақты мониторингті жүзеге асырады, олардың ҚМГ омпаниялары тобы үйімдарының қызметтіне әсер ету дәрежесін бағалайды және болжайды. Компания заңнаманың әртүрлі салаларындағы заң жобаларын өзірлеу және талқылау жөніндегі жұмыс топтарына үнемі қатысады. Компания сот және құқық қолдану практикасының мониторингін тұрақты негізде жүзеге асырады, қызметті жүзеге асыру процесінде туындастырылған құқықтық мәселелер мен дауларды шешу кезінде үздік тәжірибелі белсененді түрде қолданады.</p>
	<p>Терроризм қаупі Компанияның персоналына, мәрдігерлеріне және активтеріне қарсы бағытталған террористік және өзге де зорлық-зомбылық акциялары.</p> <p>Әсері: Компания террористік актілерді және басқа да қылмыстық әсерлерді жасау ықтималдығы бар бірқатар елдерде Компанияның активтерін иеліктен шығарады. 2021 жылды атальған тәуекелдің іске асу фактілері анықталған жоқ.</p>	<p>Компанияда ескерту әсері бар іс-шаралар кешені іске асырылады, соның ішінде:</p> <ul style="list-style-type: none"> • техникалық қауіпсіздік құралдарының, құлактандыру жүйелерінің жай-күйін, эвакуация схемаларының өзектілігін, шығу жолдары мен эвакуация жолдарының ағымдағы жай-күйін тексеру; • төтенше жағдай туындаған кезде обьектілердің терроризмге қарсы қорғалуы және жеке қауіпсіздікі қамтамасызы әсу мәселелері бойынша құзет және сервистік қызмет қызметкерлерін оқыту; • ЕТҰ обьектілерінің физикалық қауіпсіздігі және терроризмге қарсы қорғалуы тұрғысынан тексерулер; • обьектілердің физикалық қауіпсіздігін және терроризмге қарсы қорғалуын қамтамасызы әсу мәселелері бойынша құқық қорғау және арнайы органдармен өзара іс-кимы; • терроризмге қарсы іс-кимыл жөніндегі салалық нұсқаулық мәселелері жөніндегі ведомствоаралық жұмыс тобына қатысу; • обьектілерде штаттан тыс жағдайлар туындаған кезде құзет персоналының, сервистік және техникалық бөлімшелердің іс-кимылдары бойынша оқу-жаттығу сабактарын өткізу; • бейнебақылау жүйелеріне, біркітірілген қауіпсіздік жүйесіне, коллежтімділікі бакылау және басқару жүйесіне қызмет көрсетудің регламенттік жұмыстарына және шлабаумдарға қызмет көрсету бойынша бакылау қамтамасызы әсу; • өткізу және обьектішілік режимді үйімдастыру жөніндегі өзірленген регламенттерді өзекті жағдайда сақтау; • терроризмге қарсы іс-кимыл саласындағы заңнаманың талаптарына сәйкес терроризмге ұшырауы мүмкін нысандарының паспорттау жүргізу; • алдын алу-профилактикалық шаралар шенберінде террористік актілердің жасалу қатері болған жағдайдағы іс-кимылдар, өткізу және обьектішілік режимдер шаралары туралы қызметкерлердің хабардар әсу, терроризмге қарсы тақырыптағы промо-роликтерді көрсету.

Тренд (бір жылдағы)	Тәуекел мен ықтимал салдардың сипаттамасы	Тәуекелді азайту және тәуекелді басқару үшін қолданылатын шаралар
	<p>Пандемия (COVID) қаупі КВИ пандемиясының жаңа толқындарының ершү ықтималдығына, халық арасында вакцина алғандардың саны төмөн болуына¹, сондай-ақ инфекцияның анағұрлым қаупіті және контагиозды штамдарының тараулуына байланысты Компанияның және мердігерлік үйымдардың үжымдарында қызметкерлердің жұмыс орнынан тыс індеп жұқтыруды қоса алғанда, ауру жұқтыру жағдайларының қаупі әлі де бар.</p> <p>Әсері: Толық акпаратты «Өндірістік қауіпсіздік және енбекті қорғау» бөлімінен қараныз.</p>	<p>Жалғасып жатқан пандемия кезеңінде КВИ-дің тараулуы бойынша эпидемиологиялық жағдайды үнемі қадағалап отыру, қауіпсіз жұмыс орындарын қамтамасыз ету және қызметкерлерге қажетті қолдау көрсету өте маңызды, сондыктан да Компания пандемияға байланысты жағымсыз қаупі факторларын азайту үшін барлық мүмкін шараларды қабылдады, атап айтқанда:</p> <ul style="list-style-type: none"> • кәсіпорындарда вакциналау/ревакциналау пункттері, ПТР-тестілеуге арналған фильтр-кабинеттер үйымдастырылған, вакциналарға қолжетімділік және олардың болуы, қамтамасыз етілген; • қызметкерлерді вакциналауға және ревакциналауға материалдық және материалдық емес ынталандыру құралдары қолданылады (мысалы, вакцинаның әрбір компонентін алған кезде және/немесе ревакцинация кезінде екпе алған күні және одан кейінгі күні, немесе басшылықпен келісім бойынша басқа құндері кем дегендеге екі тоłyқ ақы төленетін демалыс күнін ұсыну); • 2021 жылғы 31 желтоқсандаға жағдай бойынша: ҚМГ компаниялар тобынын 49,8 мыңдан астам қызметкері (76%) вакцинаны бірінші компонентпен алды (2,8 мың қызметкер (3%) вакцинаны алуға қарсы көрсетілімдері бар). Оның ішінде вакцинацияның толық курсын (екі компонент) 47,7 мыңдан астам қызметкер (73%) алды;; • үжымдық иммунитетті қалыптастыру үшін қызметкерлермен вакциналаудың маңыздылығы жөнінде қажетті акпараттық-тусіндіру жұмысы жүргізілді, басшылықтың қызметкерлерге егу науқынына катысу жөнінде үндеуі жолданды, вакциналау және вакциналардың қасиеттері туралы постерлер мен бейнеролистер таратылды; • Компания қызметкерлердің вакцинациясын арттыру, оның ішінде қызметкерлер алғысы келетін вакциналарды жеткізу бойынша колда бар мүмкіндіктерді зерттеуді жалғастыруды. Қызметкерлерді вакциналауды жоспарлау және жүзеге асыру кезінде Компания келесі қағидаттарды ұстанады: вакциналаудың еркілігі, жеке тандау, бірлескен күш-жігер, қауіпсіздік және кезектілік; • қызметкерлердің жүріп-тұруы бойынша шектеу шараларын (іссапарлар, конференциялар, оқыту), әлеуметтік қашықтық шараларын енгізу, қызметкерлерді қашықтықтан жұмыс істеу нысанына ауыстыру; • байланыстарды барынша азайту үшін қызметкерлердің тұруына, тамақтануына, тасымалдауына және қайта вахталануына ерекше режим енгізу; • вахтальық жұмыс режимін ұзарту (жұмыс күнінің ұзактығын қысқарта отырып), объектілерді бөлу және оқшаулау. Ауысымдарға, қашықтан қол жеткізуге арналған топтарға бөлу және резерв ретінде ауыстыру мүмкіндігі; • объектілерде және кеңселерде (мердігерлік үйымдарды қоса алғанда) санитариялық-дезинфекциялық, маскалық режимді қатаң сактау, термометрияны жүзеге асыру және жұмыска рұқсат беру кезінде қызметкерлердің симптомдарының болуына сауалнама жүргізу; • жеке қорғау құралдарының (медициналық маскалар, респираторлар, биялайлар), мөлшерлегіштердің, антисептиктер мен дезинфекциялық ерітінділердің, сондай-ақ әмірді сактау және денсаулықтың үшін ең аз қажетті тыныс-тіршіліктер қамтамасыз ету құралдарының, оның ішінде дәрілік заттар мен медициналық бүйімдардың резервтерін жасау. <p>Пандемияның жаңа ершү ықтималдығына дайындық, аурулардың алдын алу және КВИ тарауларының алдын алу мақсатында Компания мынадай іс-шараларды іске асыруды жалғастыруда:</p> <ul style="list-style-type: none"> • КВИ тараулу қаупін төмөндету бойынша бұрын енгізілген алгоритмдерді (алдыңғы толқындардың тәжірибелі ескере отырып түзетілген) сактау және эпидемияға қарсы режимді, күштейтілген санитариялық-дезинфекциялық іс-шараларды колдау; • сынни бизнес-процесстерді анықтау және оларды қалпына келтіру нұсқаларын әзірлеу, сондай-ақ сынни персоналды, жеткізушилерді, материалдар мен жабдықтарды анықтау; сынни бизнес-процесстер қызметтінің үздіксіздігін қамтамасыз ету және АТ-жүйелерін авариялық қалпына келтіру жоспарларын әзірлеу; • дағдарыстық жағдайларды басқару жөніндегі жедел штабтар мен командалың жұмысын жандандыру, мемлекеттік органдармен және медициналық асистенттермен өзара іс-қимыл жасау.

¹ Бұл ретте вакциналанған адамдар да ауру жұқтырып (аса женіл түрде ауырады), вирустың тасымалдаушысы болып табылады.

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ

Мүдделі тараптар тобы	Берілетін ақпарат түрі	Коммуникация әдістері
Акционерлер	Бағалы қағаздарды ұсташылардың мүдделерін қозғайтын Компанияның қызметі, корпоративтік оқиғалар туралы ақпарат	<ul style="list-style-type: none"> Ақпаратқа қолжетімділікті қамтамасыз ету ҚМГ Директорлар кеңесінде акционерлердің мүдделерін білдіру Корпоративтік сайтта жариялау Қазақстандық қор биржасының сайтында жариялау Қаржы есептілігі депозитарийінің интернет-ресурсында ақпаратты ашу
Инвесторлар Толық ақпарат «Инвесторлармен өзара іс-қимыл» белгінде берілген	Инвесторлардың және жалпы инвестициялық коғамдастықтың мүдделерін қозғайтын Компанияның қызметі, корпоративтік оқиғалар туралы ақпарат	<ul style="list-style-type: none"> Ақпаратқа қолжетімділікті қамтамасыз ету Корпоративтік сайтта, оның ішінде «Инвесторлар» бөлімінде жариялау (www.kmg.kz) Қазақстандық қор биржасының сайтында жариялау Инвесторлар үшін және басқа да көпшілік іс-шаралар шенберінде көшпелі тұсаукесерлер (роуд-шоу) үйымдастыру Кездесулер, конференц-коныраулар өткізу Электрондық пошта арқылы сұратымдармен жұмыс істеуді қамтамасыз ету (ir@kmg.kz), телефон консультациялары Баспасөз хабарламаларын орналастыру Қаржы есептілігі депозитарийінің интернет-ресурсында жариялау
Қаржы институттары	Қаржы институттарының мүдделерін, Компанияның қаржы тұрақтылығы мәселелерін қозғайтын қаржылық сипаттағы ақпарат	<ul style="list-style-type: none"> Ақпаратқа қолжетімділікті қамтамасыз ету Корпоративтік сайтта жариялау БАҚ-та жариялау
Бұқаралық ақпарат қуралдары	Қазақстан Республикасының заңнамасына және ҚМГ-ның ішкі құжаттарына сәйкес құпия болып табылатын ақпараттан басқа кез келген ақпарат	<ul style="list-style-type: none"> Баспасөз хабарламаларын, ақпараттық хабарламаларды, мақалаларды Компанияның сайтында және БАҚ-та жариялау Баспасөз хабарламаларын тарату БАҚ сауалдарына жауап беру Баспасөз-конференцияларды, брифингтерді, баспасөз-турларды, форумдарды, ақпараттық сессиялар мен басқа да медиа іс-шараларды өткізу Келіп түскен сауалдармен жұмыс істеу

АКЦИОНЕРЛЕРМЕН ЖӘНЕ ИНВЕСТОРЛАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ

Акционерлік капиталдың құрылымы

Ұстаушының атауы	Жай акциялар, дана	Жай акциялар, улесі %-пен	Артықшылықты акциялар, дана	Акциялардың барлығы, дана	Акциялардың барлығы, улесі %-бен
«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ	551 698 745	90,42	-	551 698 745	90,42
«Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі» РММ	58 420 748	9,58	-	58 420 748	9,58

Есепті кезеңде акционерлердің құрылымында өзгерістер болған жоқ,

Функцияларын заннамага және Компанияның Жарғысына сәйкес Қор Басқармасы орындайтын Акционерлердің жылдық жалпы жиналышында мынадай құжаттар бекітіледі деп күтілуде:

- ҚМГ-ның 2021 жылға арналған жылдық қаржы есептілігі (шоғырланылған және жеке);
- ҚМГ-ның 2021 жылға арналған таза кірісін бөлу тәртібі;
- ҚМГ-ның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшері.

Дивиденд

«Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2021 жылғы 26 тамыздағы шешімімен (№36/21 хаттама) «Самұрық-Қазына» АҚ-ның еншілес үйымдарға қатысты жаңа дивиденттік саясат бекітілді.

Дивиденттік саясаттың мақсаты Қор мен Компания мүдделерінің балансын, дивиденд мөлшерін, оларды төлеу шарттары мен тәртібін белгілеу кезіндегі тәсілдің болжамдышылығы мен ашықтығын қамтамасыз ету болып табылады.

Компанияларға қатысты төленетін дивиденд мөлшері олардың жетілу дәрежесіне және қаржы орнықтылығы көрсеткіштерінің негізінде айқындалатын қаржы-экономикалық жай-күйіне қарай сараланып айқындалады.

Бағалы қағаздар шығарылымы¹, дана

Акция түрі	Жарияланған акция саны	Орналастырылған акция саны	Орналастырылмаған акция саны
Жай	849 559 596	610 119 493	239 440 103

Дивиденд тарихы

Көрсеткіш	2019	2020	2021
Бір акцияға шаққандағы дивиденд, теңге	60,64	133,97	81,95
Барлық төленген дивиденд, млн теңге	36 998	81 738	49 999

Қарыз/ЕВІТДА	(1) < 3,6 (2) > 5,0 (3) < 0,9	50–100 % of FCF
ЕВІТДА/Сыйлықақы	3,6<(1)<4,6 3,0>(2)>5,0 0,9<(3)<1,4	50 % of FCF
Қарыз/Акционерлік капитал	4,6<(1) 3,0>(2) 1,4<(3)	20–50 % of FCF

1. Еркін ақша ағыны (FCF) - ағымдағы қызметті қолдау үшін инвестициялық шығыстарды шеттергеннен кейін бірлескен кәсіпорындардың дивиденттерін қоса алғанда, шоғырланылған операциялық ақша ағыны.

2. Компания Қордың Инвестициялық стратегиялық комитеті мен Қордың Директорлар кеңесі макұлдаған Компания инвестицияларының мөлшеріне төленетін дивиденд мөлшерін азайтуға құқылы.

Дивиденд төлеу туралы шешім қабылданған кезде дивиденд Акционерлердің жалпы жиналышы белгілеген мерзімде төленеді.

«ҚазМұнайГаз» ҮҚ АҚ-ның еншілес үйымдарға қатысты дивиденттік саясаты Компанияның сайтында берілген.

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы акционерлік қоғамының Жарғысы Компанияның сайтында берілген.

¹ 2022 жылғы 1 қантардағы жағдай бойынша

Кредиттік рейтингтер

Халықаралық рейтингтік агенттіктердің кредиттік рейтингтері ҚМГ компаниялары тобының кредиттік қабілеттілігін сенімді және тәуелсіз бағалау болып табылады. Компания инвестициялық деңгейге жақын және одан жоғары ұзақ мерзімді кредиттік рейтингті қамтамасыз ету үшін деңгейлердегі негізгі қаржылық көрсеткіштерді қолдауға идетті. ҚМГ рейтингтік агенттіктерге ҚМГ компаниялары тобының кредит қабілеттілігін жан-жақты және дұрыс бағалау үшін қажетті барлық ақпаратқа қол жеткізуге мүмкіндік береді. ҚМГ Баскармасы мен рейтингтік агенттіктер арасында мерзімді шолу кезде сулері өткізіледі және ҚМГ олармен тұрақты байланысты қолдауды жалғастыруды.

Компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштері мен нарық динамикасынан басқа, ҚМГ кредиттік рейтингтері Қазақстанның тәуелсіз кредиттік рейтингтерімен байланысты. Мәселен, егемен кредиттік рейтингтің өзгеруі қазақстандық эмитенттердің, оның ішінде ҚМГ кредиттік рейтингтеріне әсер етуі мүмкін.

2021 жылы елеулі сыртқы экономикалық тәуекелдерге қарамастан, Fitch және S&P Компанияның бұрын белгіленген рейтингтерін раставды. Қазіргі уақытта ҚМГ Moody's пен Fitch-тен, ал S&P-ден егеменді рейтингтен екі саты төмен инвестициялық деңгейдегі кредиттік рейтингтерге ие.

- 2021 жылғы 28 қаңтарда мұнай мен газды барлау, өндіру және өндеу секторының тәуекелдерін бағалауды қайта қарағаннан кейін S&P рейтингтік агенттігі ҚМГ кредиттік рейтингтерін теріс болжаммен «BB» деңгейінде раставды.
- 2021 жылғы 30 сәуірде S&P халықаралық рейтингтік агенттігі ҚМГ кредиттік рейтингін «BB» деңгейінде «теріс» болжаммен раставды.
- 2021 жылғы 12 тамызда «Moody's» халықаралық рейтингтік агенттігі

ҚМГ кредиттік рейтингтері

Рейтинг агенттігі	Күні	Рейтинг деңгейі	Болжамы
Moody's Investors Service	23.12.2021	Baa2	Тұрақты
S&P Global Ratings	26.11.2021	BB	Теріс
Fitch Ratings	20.09.2021	BBB-	Тұрақты

Қазақстанның кредиттік рейтингтері

Рейтинг агенттігі	Күні	Рейтинг деңгейі	Болжамы
Moody's Investors Service	11.08.2021	Baa2	Тұрақты
S&P Global Ratings	04.03.2022	BBB-	Тұрақты
Fitch Ratings	04.02.2022	BBB	Тұрақты

ҚМГ рейтингтерінің динамикасы

ҚМГ рейтингтерінің динамикасы

Дереккөз: Moody's, S&P, Fitch рейтинг агенттіктері



- Қазақстанның егемен рейтингінің көтерілуіне байланысты ҚМГ кредиттік рейтингін «Baa3»-тен «Ba2»-ге дейін көтерді. Рейтинг бойынша болжам «жағымдыдан» «тұрақты» болып өзгерді.
- 2021 жылғы 26 қарашада S&P рейтингтік агенттігі «ҚазТрансГаз» АҚ «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей берілгеннен кейін ҚМГ рейтингін «BB» деңгейінде раставды, болжам «теріс»;
 - 2021 жылғы 23 желтоқсанда Moody's рейтингтік агенттігі ҚМГ рейтингін Baa2 деңгейінде раставды, болжам «тұрақты».

Облигациялық қарыздар

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ҚМГ-ның АҚШ долла-рымен қайта есептелген шоғырлан-дырылған борышы 8 760 млн АҚШ долларын құрады, оның 6 250 млн АҚШ доллары (71%) облигациялық қарыздарға жатады (аудиттеген деректер).

ҚМГ компаниялар тобы жобала-рының едәүір бөлігі өздерінің таза ақша ағындары есебінен қаржы-ландырылады. Бұл ретте, ҚМГ мен ЕТҰ жекелеген стратегиялық жоба-ларды қаржыландыру үшін немесе

Компанияның қаржы стратегиясын іске асыру шенберінде қаржылық, орнықтылықты қолдау үшін қолайлышарықтық жағдайларда облигаци-ялар нарығына шыға алады.

ҚМГ ішкі және халықаралық капитал нарықтарында өзінің борышты басқарудың икемді және салмақты саясатына сәйкес карыз алуды жүзеге асырады. Компанияның борыштық бағалы қағаздары Қазақстан эмитенттерінің арасын-дағы анағұрлым өтімді құралдардың бірі болып табылады. ҚМГ-ның шетел валютасындағы облигация-лары тарихи түрде инвесторлардың кең ауқымын тартты. Инвесторлар

базасы негізінен АҚШ, Еуропа және Азиядан мындаған институционалдық және бөлшек инвесторлардан тұрады. Еврооблигациялар Лондон қор биржасында, Қазақстан қор биржа-сында және АІХ биржасында айна-лымда болады.

[Толық акпарат «Қаржылық шолу» бөлімінде берілген.](#)

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жалпы сомасы номиналы бойынша 6,25 млрд АҚШ доллары болатын Корпоративтік орталық деңгейінде еврооблигациялардың алты шығарылымы айналымда болды.

ҚМГ-ның айналымдағы еврооблигациялары¹

Валюта	Айналымның басталу күні/өтөу күні	Шығарылым көлемі, млн АҚШ долл.	Айналымдағы облигациялар, млн АҚШ долл.	Купондық мөлшерлеме, жылдық %	ISIN: RegS / 144A
АҚШ долл.	19.04.2017/19.04.2027	1 000	1 000	4,75	X51595713782 / US48667QAN51
АҚШ долл.	19.04.2017/19.04.2047	1 250	1 250	5,75	X51595714087 / US48667QAP00
АҚШ долл.	24.04.2018/24.04.2025	500	500	4,75	X51807299174 / US48667QAR65
АҚШ долл.	24.04.2018/24.04.2030	1 250	1 250	5 375	X51807300105 / US48667QAQ82
АҚШ долл.	24.04.2018/24.04.2048	1 500	1 500	6 375	X51807299331 / US48667QAS49
АҚШ долл.	14.10.2020/14.04.2033	750	750	3,50	X52242422 397 / US48126PAA03

¹ 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Корпоративтік орталық деңгейіндегі басымдықты, қамтамасыз етілмеген қағаздар.

Инвесторлармен өзара іс-қымыл

ҚМГ қаржыландыру көздеріне тұрақты қолжетімділікті қамтамасыз ету және Компанияны қаржыландыру құнын төмендету мақсатында инвестициялық қоғамдастықпен өзара іс-қымылдың тиімді бағдарламасын іске асыруды жалғастыруда. Инвесторлармен өзара іс-қымыл процесіне Директорлар кеңесінің тәрағасы, Басқарма тәрағасы, Басқарманың мүшелері мен ҚМГ-ның стратегиялық, қаржылық және операциялық құрылымдық бөлімшелерінің басшылары, еңбек және коршаған ортаны қорғау департаменті, сондай-ақ инвесторлармен жұмыс басқармасы тартылған.

ҚМГ әр тоқсан сайын инвесторлар үшін Басқарма тәрағасы орынбасарының, Басқарма мүшелерінің және департамент директорларының катысуымен қаржылық және операциялық қызмет нәтижелері бойынша конференц-коңыраулар өткізеді. Бұдан басқа Компания инвесторлармен және рейтингтік агенттіктермен арнайы жеке конференц-коңыраулар үйімдестірді, сондай-ақ тұрақты дамудың жаһандық трендтері мен дамушы елдердегі нарықтық жағдай бойынша онлайн конференцияларға қатысты.

Компания инвестициялық қоғамдастық үшін ақпаратты ашу кезінде уақытылық, толықтық және қолжетімділік қағидаттарын ұсташады. ҚМГ тоқсан сайын тоқсандық нәтижелер бойынша презентацияны, қаржылық нәтижелер бойынша баспасағын, өндірістік нәтижелер бойынша баспасағын, ХҚЕС-ке сәйкес қаржы есептілігін, сондай-ақ деректері бар талдамалық анықтамалықтарды жариялады. 2021 жылы Компания инвесторлар мен талдаушылардың ҚМГ-ның қаржылық және операциялық қызметі туралы сұратымдары бойынша ақпаратты жедел үсіну практикасын жалғастырды.

Тұрақты даму қағидаттарын басшылыққа ала отырып, Компания 2021 жылы ESG бойынша ақпаратты ашудың ашықтығын айтартықтай жақсартты. 2021 жылы ҚМГ 2020 жылға арналған тұрақты даму туралы ауқымды есеп жариялады. 2021 жылы қеміртекті есептілік бойынша Климаттық бағдарламаның CDP алаңында 2020 жылдың қорытындылары бойынша климаттық сауланама және су қауіпсіздігі бойынша сауланама орналастырылды. 2021 жылдың қазанында Sustainalytics ҚМГ рейтингін 69-дан 72 баллға дейін көтерді. ESG тәуекелі рейтингінің деңгейі 34,5-тен 28,4 баллға дейін жақсарды, осылайша ҚМГ жоғары тәуекел диапазонынан тәуекелдің орташа деңгейінің диапазонына өтті,

бұл ҚМГ-ның халықаралық мұнай-газ нарығында елеулі ESG-тәуекелдерін басқарудағы күшті позицияларын көрсетеді.

Материалдар мен жарияланымдар қолжетімді, сондай-ақ инвесторлармен жұмыс жөніндегі басқарма қызметкерлерімен байланысуға арналған байланыс ақпараты Компания сайтының «Инвесторлар» бөлімінде орналасқан.

ҚМГ екіжақты диалогтың тиімділігін одан әрі жақсартудың маңыздылығын түсінеді және кейіннен Директорлар кеңесі деңгейінде каратын Компанияның инвестициялық қоғамдастықтың қабылдауына талдау жүргізеді.

2021 жылы инвесторлармен өзара іс-қымыл құнтізбесі

1-тоқсан

- 2020 жылғы қаржылық және операциялық нәтижелер бойынша конференц-коңырау.
- 2020 жылдың тоқсандық нәтижелері жөніндегі презентация.
- 2020 жылғы қаржылық және операциялық қызмет нәтижелері бойынша баспасағы релиздері.
- 2020 жылға арналған XKEC-ке сәйкес шоғырландырылған қаржы есептілігі

2-тоқсан

- 2021 жылдың 1-тоқсанындағы қаржылық, және операциялық нәтижелер бойынша конференц-коңырау.
- 2021 жылдың 1-тоқсанындағы тоқсандық нәтижелер жөніндегі презентация.
- 2021 жылдың 1-тоқсанындағы қаржылық және операциялық қызмет нәтижелері бойынша баспасағы релиздері.
- 2021 жылғы 31 наурызда аяқталған үш айдың XKEC-ке сәйкес аралық қыскартылған шоғырландырылған қаржы есептілігі (аудиттілмеген).
- 2020 жылға арналған жылдық есепті жариялау.

3-тоқсан

- 2021 жылдың 2-тоқсанындағы қаржылық және операциялық нәтижелер бойынша конференц-коңырау.
- 2021 жылдың 2-тоқсанындағы тоқсандық нәтижелер жөніндегі презентация.
- 2021 жылдың 2-тоқсанындағы қаржылық және операциялық қызмет нәтижелері бойынша баспасағы релиздері.
- 2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін XKEC-ке сәйкес аралық қыскартылған шоғырландырылған қаржы есептілігі (аудиттілмеген).
- 2020 жылғы тұрақты даму туралы есепті жариялау.
- CDP аясында 2020 жылға арналған климаттық сауланаманы және су қауіпсіздігі сауланамасын жариялау.
- 2021 жылғы 8 қыркүйекте ESG бойынша Barclays онлайн конференциясы.
- 2021 жылғы 21-23 қыркүйекте дамушы нарықтардағы кредиттер бойынша JPM онлайн конференциясы.

4-тоқсан

- 2021 жылдың үшінші тоқсанындағы қаржылық және операциялық нәтижелер бойынша конференц-коңырау.
- 2021 жылдың 3-тоқсанындағы тоқсандық нәтижелер жөніндегі презентация.
- 2021 жылдың 3-тоқсанындағы қаржылық және операциялық қызмет нәтижелері бойынша баспасағы релиздері.
- 2020 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз айдағы XKEC-ке сәйкес аралық қыскартылған шоғырландырылған қаржы есептілігі (аудиттілмеген).
- Облигациялар шығару бойынша роуд-шоу, оның шенберінде Басқарма тәрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары мен Директорлар кеңесі тәрағасының қатысуымен қазіргі және өлеуетті инвесторлармен конференц-коңыраулар сериясы өтті


KAPJAKTILYK ECEMET



#



КОМПАНИЯ
ӘЗІНІҢ ҚАРЖЫ
ТҮРАҚТЫЛЫҒЫН
САҚТАЙДЫ ЖӘНЕ
ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ
ПЕРСПЕКТИВАДА
ДАМУЫ ҮШІН
ЖЕТКІЛІКТІ
ЖАҒДАЙДЫ
ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕДІ





«Эрнест энд Янг» ЖШС
Әл-Фараби д-лы, 77/7
«Есентай Тауэр» ғимараты
Алматы қ., 050060
Қазақстан Республикасы
Тел.: +7 727 258 59 60
Факс: +7 727 258 59 61
www.ey.com/kz

ТОО «Эрнест энд Янг»
пр. Аль-Фараби, д. 77/7
здание «Есентай Тауэр»
г. Алматы, 050060
Республика Казахстан
Тел.: +7 727 258 59 60
Факс: +7 727 258 59 61
www.ey.com/kz

Ernst & Young LLP
Al-Farabi ave., 77/7
Esentai Tower
Almaty, 050060
Republic of Kazakhstan
Tel.: +7 727 258 59 60
Fax: +7 727 258 59 61
www.ey.com/kz

Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамның Акционерлеріне, Директорлар кеңесі мен басшылығына

Пікір

Біз «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамның мен оның еншілес үйымдарының (бұдан әрі «Топ») шоғырландырылған қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік, әрі оған 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп, жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп, көрсетілген күнге аяқталған жыл үшін капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп және ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп, сондай-ақ есеп саясатының негізгі ережелеріне қысқаша шолуды қоса алғанда, шоғырландырылған қаржылық есептілікке жасалған ескертпелер жатады.

Біздің пікірімізше, қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржылық есептілік барлық елеулі қатынастарда 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың шоғырландырылған қаржылық жағдайын, сондай-ақ көрсетілген күнге аяқталған жыл ішіндегі ақша қаражатының шоғырландырылған қозғалысы мен шоғырландырылған қаржылық нәтижелерін Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХКЕС) сәйкес дұрыс бейнелейді.

Пікірді білдіру негізі

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (ХАС) сәйкес жүргіздік. Осы стандарттарға сәйкес біздің міндеттеріміз одан әрі біздің есебіміздің «Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі» бөлігінде сипатталған. Біз Бухгалтерлерге арналған халықаралық этика стандарттары жөніндегі кеңес (БХЭСК) қабылдаған Кәсіпқой бухгалтерлер этикасының халықаралық кодексіне (БХЭСК Кодексі) (халықаралық тәуелсіздік стандарттарын қоса алғанда) және біздің шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудитіне Қазақстан Республикасында қолданылатын этикалық талаптарға сәйкес Топқа қатысты біз тәуелсізбіз және біз осы талаптар мен БХЭСК Кодексіне сәйкес басқа да этикалық міндеттерді орындадық. Біз алынған аудиторлық дәлелдер өз пікірімізді білдіру үшін негіздеме ретінде болуы үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылады деп пайымдаймыз.

Аудиттің шешуші мәселелері

Аудиттің шешуші мәселелері - біздің кәсіптік пайымдауымызға сай ағымдағы кезең үшін шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін барынша маңызды болып табылған мәселелер. Бұл мәселелер шоғырландырылған қаржылық есептілік аудитіміздің контекстінде және осы есептілік туралы пікірімізді қалыптастыру кезінде қарастырылған және біз бұл мәселелер жөнінде бөлек пікірімізді білдірмейміз. Төменде көрсетілген әрбір мәселеге қатысты тиісті мәселенің аудитіміздің барысында қалай қарастырылғанының

Біз есебіміздің «Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі» бөлімінде сипатталған міндеттерді, оның ішінде осы мәселелерге де қатысты міндеттерді орындағық. Тиісінше, аудитімізге шоғырландырылған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін бағалауымызға жауап ретінде әзірленген рәсімдерді орындау жатады. Аудиторлық процедураларымыздың, соның ішінде төменде көрсетілген мәселені қарастыру барысында орындалған процедуралардың нәтижелері қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы аудиторлық пікірмізді білдірудің негізі болады.

Аудиттің шешуші мәселесі

Ұзақ мерзімді активтердің құнсыздануы

Біз бұл мәселе, шоғырландырылған қаржылық есептілікке қатысты өндіру, барадау мен бағалау, қайта өндеу активтерін және мұнай мен газды өндіруші және қайта өндеуші бірлескен кәсіпорындар мен қауымдастқан компанияларға салынған инвестицияларды қоса алғанда, ұзақ мерзімді активтер қалдықтарының елеулілігіне, құнсыздану талдауының негізінде жатқан жорамалдар субъективтілігінің жоғары деңгейіне, сондай-ақ басшылық қабылдаған елеулі пайымдаулар мен бағалауларға орай аудитіміз үшін барынша маңызды мәселелердің бірі болып табылады деп есептейміз.

Дисконттау мөлшерлемелерін, мұнай мен мұнай өнімдеріне болжамды бағалар және инфляцияның болжамды мөлшерлемелері мен валюталарды айырбастау бағамдарын қоса алғанда елеулі жорамалдар. Елеулі бағалауға өндіру жоспары, келешек күрделі шығындар және барадау мен өндіруге қолжетімді мұнай және газ қорлары кіреді.

Ұзақ мерзімді активтер мен құнсыздануға орындалған тесттер туралы ақпарат шоғырландырылған қаржылық есептіліктің 4-ескертпесінде келтірілген.

Тиісті шешуші мәселе ретінде аудитіміздің барысында қарастырылды

Біз ұзақ мерзімді активтердің құнсыздану белгілерінің бар-жоғына қатысты басшылықтың бағалауын қарастырдық және онда құнсыздану белгілері анықталды, біз құнсыздану талдауын тестілеу және басшылық дайындаған өтелетін құнды есептеу үшін біздің бағалау мәселелері жөніндегі мамандарымызды тарттық.

Біз басшылық жасаған болжамның негізінде жатқан жорамалдарды сараладық. Біз өтелетін құн есебінде пайдаланылған мұнай мен мұнай өнімдерінің ағасын қолжетімді нарықтық болжамдармен салыстырдық.

Біз дисконттау мөлшерлемелерін және ұзақ мерзімді өсім мөлшерлемелерін нарықтың жалпы көрсеткіштерімен және басқа да қолжетімді мәліметтермен салыстырдық.

Біз құнсыздану модельдерінің математикалық дәлдігін және жорамалдардың өзгеруіне құнсыздану тесті нәтижелерінің сезімталдылығына жасалған талдауды бағаладық.

Біз Топ мұнай мен газ қорларын бағалау үшін, сондай-ақ қолданылуына қарай құнсыздану модельдерін дайындау үшін тартқан сыртқы сарапшылардың құзырлығын, мүмкіндіктері мен объективтілігін бағалау процедурасын орындағық.

Біз шоғырландырылған қаржылық есептілікте құнсыздану тесті туралы ақпараттың ашылып көрсетілгенін сарапалық



Міндеттемелер бойынша белгіленген көрсеткіштерді сақтау

Несие келісімдерінің талаптарына сәйкес Топ қаржылық және қаржылық емес шектеу талаптарын сақтауы және қолдауы тиіс. Сауда, түсім және пайда көлеміне тәуелді болатын көрсеткіштердің, әсіресе еншілес ұйымдарда бұзылу мүмкіндігі бар, әрі оларға мұнай бағасының тұрақсыздығы және жоғары пайдалану шығыстары әсер етеді, сондықтан біз аудит барысында бұл мәселеге ерекше көніл бөлдік.

Көрсеткіштердің бұзылуы қаржыландырудың тапшылығына әкеп соқтыра алады. Несие келісімдері бойынша шектеу талаптарын сақтау аудит үшін барынша маңызды мәселелердің бірі болды, өйткені шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде пайдаланылатын қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалға, сондай-ақ қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте пайыздар есептелеңтін міндеттемелердің жіктелуіне зор ықпалы бар.

Көрсеткіштер бойынша талаптарды сақтау туралы ақпарат шоғырландырылған қаржылық есептіліктің 25-ескертпесінде ашылып көрсетілген.

«ҚазТрансГаз» АҚ-ның шығуы

2021 жылғы қарашада Топ өзінің бас компаниясы «Самұрық-Қазына» АҚ-мен «ҚазТрансГаз» АҚ-дағы үлестің 100%-ын 1 теңге сомадағы номиналды құны бойынша сатып алу-сату шартына («ССШ») қол қойды.

Бұл мәселе транзакцияның күрделілігіне және есептен шығарылатын активтер мен міндеттемелер көлеміне орай аудитіміз үшін барынша маңызды мәселелердің бірі болып табылады.

Тоқтатылған қызмет туралы ақпарат шоғырландырылған қаржылық есептіліктің

Біз несие келісімдерінің талаптарын зерделеп, қаржылық және қаржылық емес шектеу талаптары мен мерзімінен бұрын өтеу талаптарын сарападық. Біз есептеулерде қолданылатын деректерді қаржылық есептілікпен салыстырдық. Біз қаржылық көрсеткіштер бойынша есептеулердің математикалық дәлдігін тексердік.

Біз Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігінде міндеттемелер бойынша белгіленген көрсеткіштердің орындалуына қатысты ашып көрсетулерді сарападық.

Біз бұл мәселенің құрылымын сарападық. Біз осы транзакциямен байланысты ССШ мен басқа да құжаттардың талаптарын зерделеп, мәміленің негізгі талаптарының түсінігіне ие болдық.

Біз 5 ХКЕС-тің критерийлеріне сүйене отырып бұл операцияның есепке алынуын сарападық.

Біз шығудың қолданылған есепке алынуын бағаладық, шығудан болған қаржылық нәтижені қайта есептедік және шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілген тоқтатылған қызметтен болған қаржылық нәтижемен салыстырдық.



Топтың 2021 жылғы Жылдық есебіне қосылған басқа да ақпарат

Басқа да ақпаратқа Топтың 2021 жылғы Жылдық есебінде қамтылған ақпарат жатады, бірақ шоғырландырылған қаржылық есептілік пен сол туралы біздің аудиторлық есебіміз жатпайды. Басқа да ақпарат үшін жауапкершілікті басшылық көтереді. Топтың 2021 жылғы Жылдық есебі, жорамалмен, бізге осы аудиторлық есеп шығарылғаннан кейін ұсынылады.

Шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікіріміз басқа ақпаратқа таралмайды және біз бұл ақпаратқа қатысты қандай да бір нысанда сенімділікті білдіретін тұжырымды ұсынбаймыз.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке аудитті жүргізуімізге орай біздің міндеттіміз жоғарыда аталған басқа ақпаратпен, ол бізге ұсынылған кезде танысу және бұл ретте басқа да ақпарат пен шоғырландырылған қаржылық есептіліктің немесе аудит барысында ие болған біліміміз арасында елеулі сәйкесіздіктердің болуы және басқа да ақпарат өзге елеулі бүрмалануларды қамтымайтындығы мәселесін қарастыру болып табылады.

Басшылықтың және Аудит жөніндегі комитеттің шоғырландырылған қаржылық есептілік үшін жауапкершілігі

Басшылық шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ХҚЕС-ке сәйкес жасалуы және шынайы ұсынылуы үшін әрі басшылық шынайы емес әрекеттердің немесе қатенің салдарынан маңызды бүрмалануы жоқ шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау үшін қажет деп санайтын ішкі бақылау жүйесі үшін жауапкершілік көтереді.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыра алу қабілетін бағалау үшін, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтердің ашылып көрсетілуі үшін және басшылық Топты таратқысы келген, басшылықтың қызметтің тоқтатқысы келген жағдайларды немесе оның мұндай әрекеттерге іс жүзіндегі баламасы болмай қалған жағдайларды қоспағанда, есептіліктің қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалдың негізінде жасалуы үшін жауапкершілік көтереді.

Аудит жөніндегі комитет Топтың қаржылық есептілігінің дайындалу процесін қадағалау үшін жауапкершілік көтереді.

Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз шоғырландырылған қаржылық есептілік бүтіндей адал емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан және біздің пікірімізді қамтитын аудиторлық есепті шығаруда елеулі бүрмалануларды қамтымайды деген ақылға қонымды сенімдікке қол жеткізу болып табылады. Ақылға қонымды сенімділік сенімділіктің жоғары дәрежесін білдіреді, бірақ Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілген аудит елеулі бүрмалану бола қалғанда оны әрдайым анықтайтындығының кепілдігі болып табылады. Бүрмаланулар адаптацияның пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп негізделген күйде пайымдауға болса, елеулі болып есептеледі.

Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілетін аудиттің шеңберінде біз кәсіпқой пайымдауды қолданып, бүкіл аудиттің бойына кәсіптік скептицизмді сақтап қаламыз. Сонымен бірге, біз келесіні орындаімыз:



Building a better working world

- адал емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан болған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтап, бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық процедуralарды жасаймыз; өз пікірімізді білдіру үшін негіздеме ретінде болуы үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылатын аудиторлық дәлелдерді аламыз. Қателердің нәтижесінде елеулі бұрмаланудың анықталмауы тәуекеліне қарағанда, жоғарыдағы адаптация емес әрекеттердің нәтижесінде елеулі бұрмаланудың анықталмай қалу тәуекелі, өйткені адаптация емес әрекеттерге сөз байласу, алдау, қасақана жіберіп қою, ақпараттың дұрыс ұсынылмауы немесе ішкі бақылау жүйесін айнала жасалған амалдар кіруі мүмкін;
 - Топтың ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірді білдіру мақсатында адаптация емес, жағдайларға сәйкес келетін аудиторлық процедуralарды әзірлеу мақсатында, аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесін түсінеміз;
 - қолданылатын есеп саясатының лайықты сипатын және басшылық есептеген бағалау мәндерінің және ақпараттың тиісінше ашылып көрсетілу негізделілігін бағалаймыз;
 - басшылықтың қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалды қолдану заңдылығы туралы тұжырым жасаймыз және түсken аудиторлық дәлелдердің негізінде Топтың өз қызметтің үздіксіз жалғастыру қабілетінде айтартылған күмән туғыза алатын оқиғаларға адаптация емес талаптарға орай елеулі белгісіздіктің бар екендігі туралы тұжырым жасаймыз. Егер де біз елеулі белгісіздіктің болуы туралы тұжырымға келетін болсақ, біз өзіміздің аудиторлық есебімізде шоғырландырылған қаржылық есептілікте ақпараттың тиісінше ашылып көрсетілуіне назар аудартуымыз керек немесе егер ақпараттың осылайша ашылып көрсетілуі лайықты болып табылмаса, пікірімізді түрлендіру керек. Біздің тұжырымдар аудиторлық есебіміз жасалған күнге дейін түсken аудиторлық дәлелдерге негізделген. Дегенмен келешек оқиғалар немесе талаптар Топтың өз қызметтің үздіксіз жалғастыру қабілетінен айырылып қалуына әкеп соқтыра алады;
 - шоғырландырылған қаржылық есептіліктің бүтіндегі ұсынылуын, оның құрылымы мен мазмұнын бағалаймыз, оған қоса ақпаратты ашып көрсету, сондай-ақ шоғырландырылған қаржылық есептіліктің оның негізінде болған операциялар мен оқиғаларды олардың шынайы ұсынылуын қамтамасыз ететіндегі етіп ұсынылатындығын бағалаймыз;
 - шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікірді білдіру үшін ұйымның қаржылық ақпаратына және Топ ішіндегі шаруашылық қызметке қатысты жеткілікті болатын лайықты аудиторлық дәлелдерді аламыз. Біз жалпы басшылық ету, бақылау және Топ аудитінің жүргізілуі үшін жауап береміз. Біз аудиторлық пікіріміз үшін жеке дара жауапты болып табыламыз.

Біз Аудит жөніндегі комитеттің назарына, өзгесінен басқа, аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері туралы, сондай-ақ аудит нәтижелері бойынша елеулі ескертулер туралы, оның ішінде егер біз аудит процесінде ондайларды анықтасақ, ішкі бақылау жүйесінің едәүір кемшіліктері туралы ақпаратты жеткізе отырып, онымен ақпараттық өзара әрекеттесуді жүзеге асырамыз.

Сондай-ақ біз Аудит жөніндегі комитетке тәуелсіздікке қатысты барлық тиісті этикалық талаптарды сактағандығымыз туралы мәлімдеме жасадық және осы тұлғаларды барлық сауда көршім, катынастар мен аудитордың тәсемесіндегі асер етеді деп иғисізделген түрде



Біз Аудит жөніндегі комитеттің назарына жеткізген мәселелерден біз ағымдағы кезең үшін жекелеген қаржылық есептіліктің аудиті үшін барынша маңызды болған және тиісінше, аудиттің шешуші мәселелері болып табылатын мәселелерді айқындаімyz. Біз бұл мәселелерді аудиторлық есебімізде сипаттаймыз, тек бұл мәселелер туралы ақпаратты жария ету заңмен немесе нормативтік актімен тыйым салынған жағдайдан немесе қандай да бір мәселе туралы ақпарат біздің есебімізде хабарланбауы тиіс екендігі туралы тұжырымға келген сирек жағдайлардан басқа, өйткені мұндай ақпаратты хабарлаудың теріс салдары оның хабарлануынан қоғамдық маңызы бар пайдадан асады деп жорамал жасауға болады.

Соның нәтижелері бойынша тәуелсіз аудитордың осы аудиторлық есебі шығарылған, аудиттің жүргізілуіне жауапты Партнер - Кайрат Медетбаев.

„Эрнст энд Янг“ ЖШС



Кайрат Медетбаев
Аудит жөніндегі партнер



Рустамжан Саттаров
«Эрнест энд Янг» ЖШС-тің
Бас директоры

Аудитордың 2017 жылғы 13 ақпандағы
№ МФ-0000414 біліктілік күелігі

Қазақстан Республикасы Қаржы
министрлігі 2005 жылғы 15 шілдеде
берген сериясы МФЮ-2 №0000003
болатын Қазақстан Республикасының
аумағында аудиторлық қызметтеп
айналысуға арналған мемлекеттік
лицензия

050060, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.,
Әл-Фараби даңғылы, 77/7, «Есентай Тауэр» ғимараты

2022 жылғы 25 наурыз

2021 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ ЕСЕБІМЕН ҚОСА

ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін			
Миллион теңгемен	Ескерт.	2021 жылғы	2020 жылғы (қайта есептелген) ¹
Тұсім және басқа да кірістер			
Тұсім	6	5 838 793	3 624 964
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдақсан компаниялардың пайдасын-дағы үлес, нетто	7	768 733	280 815
Қаржылық кіріс	14	84 599	87 987
Бірлескен кәсіпорындардың шығуынан түсken кіrіs		19 835	—
Басқа да операциялық кіріс		30 779	19 020
Тұсім және басқа да кірістер жиыны		6 742 739	4 012 786
Шығыстар мен шығындар			
Сатып алынған мұнайдың, газдың, мұнай өнімдері мен басқа да матери-алдардың өзіндік құны	8	(3 596 491)	(1 901 236)
Өндіріstіk шығыстар	9	(693 031)	(656 178)
Табыс салығынан басқа салықтар	10	(428 639)	(254 322)
Тозу, таусылу және амортизация	33	(322 068)	(317 427)
Тасымалдау және өткізу шығыстары	11	(131 912)	(137 144)
Жалпы және әкімшілік шығыстар	12	(148 478)	(146 625)
Негізгі құралдардың, барлау және бағалау активтерінің, материалдық емес активтер мен сатуға арналған деп жіктелген активтердің құнсыздануы	13	(20 724)	(243 893)
Барлау шығыстары	13	(79 083)	(19 807)
Бірлескен кәсіпорын мен қауымдақсан компанияға инвестициялардың құнсыздануы	19	(64)	(30 654)
Қаржылық шығындар	14	(249 265)	(265 372)
Он/теріс) бағамдық айырма, нетто		17 781	(16 189)

¹ Осы бағанда келтірілген кейбір сомалар 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептіліктеі сомаларға сәйкес келмейді, өйткени жасалған түзетулерді көрсетеді, олар туралы акпарат бескертпеде келтірілген.

31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін			
	(24 510)	(28 094)	
Шығыстар мен шығындар жиыны	(5 676 484)	(4 016 941)	
Табыс салығы есепке алғанға дейінгі пайда/(зиян)	1 066 255	(4 155)	
Табыс салығы бойынша шығыстар	29	(221 393)	(85 276)
Жалғасып отырған қызметтөн болған бір жылғы пайда/ (зиян)		844 862	(89 431)
Тоқтатылған қызмет			
Тоқтатылған қызметтөн салық салынғаннан кейін түсетін пайда	5	352 478	261 328
Бір жылғы таза пайда		1 197 340	171 897
Мыналарға келетін бір жылғы таза пайда/(зиян):			
Бас Компанияның акционерлеріне		1 215 561	273 237
Бақыланбайтын қатысу үлесіне		(18 221)	(101 340)
		1 197 340	171 897
31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін			
Миллион теңгемен	Ескерт.	2021 жылғы	2020 жылғы (қайта есептелгені)!
Басқа да жиынтық кіріс/(зиян)			
Келесі кезеңдерде пайда немесе зиян құрамында қайта жіктелуге жататын басқа да жиынтық кіріс/(зиян)			
Хеджирлеу әсері		10 055	(25)
Шетелдік бөлімшелердің есептілігін қайта есептеуден болған бағамдық айырма		126 673	450 936
Салық әсері		(11 818)	(36 481)
Табыс салығын шегере отырып, келесі кезеңдерде пайданың немесе шығынның құрамына қайта сыйыптауға жататын таза басқа да жиынтық кіріс		124 910	414 430
Келесі кезеңдерде пайда немесе залал құрамында қайта жіктелуге жатпайтын басқа да жиынтық кіріс/(зиян)			
Табыс салығын шегере отырып, Топтың белгіленген төлемдері бар зейнетакы жоспарлары бойынша қайта бағалаудан болған пайда/(зиян)		5 959	(10 592)
Табыс салығын шегере отырып, бірлескен кәсіпорындардың белгіленген төлемдері бар зейнетакы жоспарлары бойынша қайта бағалаудан болған зиян		(169)	(285)
Салық әсері		(48)	108
Табыс салығын шегере отырып, келесі кезеңдерде пайданың немесе шығынның құрамына қайта сыйыптауға жатпайтын таза басқа да жиынтық кіріс/(зиян)		5 742	(10 769)
Табыс салығын шегере отырып, бір жылғы таза басқа да жиынтық кіріс		130 652	403 661
Табыс салығын шегере отырып, бір жылғы жиынтық кірістің жиыны		1 327 992	575 558
Мыналарға келетін бір жылғы жиынтық кіріс/(зиян) жиыны:			
Бас Компанияның акционерлеріне		1 344 408	677 742
Бақыланбайтын қатысу үлесіне		(16 416)	(102 184)
		1 327 992	575 558
Акцияға пайда² – мың теңгемен			
Базалық және бөлінген	24	1 963	0 282
Базалық және бөлінген, жалғасып отырған қызметтөн		1 385	(0 147)
Базалық және бөлінген, тоқтатылған қызметтөн		0 578	0 428

Басқарма тәрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары

Д.С. Қарабаев

Бас бухгалтер

А.С. Есбергенова

² 2021 жылғы 31 желтоқсандағы және 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жай акциялардың саны 610.119.493 дана болды.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

Миллион теңгемен	31 желтоқсанға		
	Ескерт.	2021 жылғы	2020 жылғы
Активтер			
Ұзақ мерзімді активтер			
Негізгі құралдар	15	3 405 980	4 369 745
Пайдалану құқығы нысанындағы активтер		40 551	53 661
Барлау және бағалау бойынша активтер	16	43 541	158 385
Инвестициялық жылжымайтын мүлік		19 711	22 826
Материалдық емес активтер	17	182 222	168 481
Ұзақ мерзімді банк салымдары	18	56 058	56 528
Бірлескен көсіпорындар мен қауымдастан компанияларға инвестициялар	19	6 550 384	6 471 021
Мерзімі ұзартылған салық бойынша активтер	29	34 035	58 590
Әтелеге жататын ҚҚС		11 972	94 481
Ұзақ мерзімді активтер үшін аванстар		40 845	23 343
Байланысты тараптарға берілген қарыздар мен дебиторлық берешек	22	142 394	684 610
Басқа да ұзақ мерзімді қаржы активтері		13 248	11 651
Басқа да ұзақ мерзімді қаржылық емес активтер		4 784	3 542
		10 545 725	12 176 864
Қысқа мерзімді активтер			
Тауар-материалдық қорлар	20	259 497	228 065
Әтелеге жататын ҚҚС		24 845	106 695
Табыс салығы бойынша алдын ала төлем	29	24 900	70 301
Сауда дебиторлық берешек	21	418 255	422 821
Қысқа мерзімді банк салымдары	18	510 513	282 472
Байланысты тараптарға берілген қарыздар мен дебиторлық берешек	22	485 765	27 795
Басқа да қысқа мерзімді қаржы активтері	21	329 503	57 071
Басқа да қысқа мерзімді қаржылық емес активтер	21	76 614	88 821
Ақша қаражаты мен оның баламалары	23	975 849	1 145 864
		3 105 741	2 429 905
Сатуға арналған деп жіктелген активтер	15	795	46 518
		3 106 536	2 476 423
Активтердің жиыны		13 652 261	14 653 287

Миллион теңгемен	31 желтоқсанға		
	Ескерт.	2021 жылғы	2020 жылғы
Капитал және міндеттемелер			
Капитал			
Жарғылық капитал	24	916 541	916 541
Қосымша төленген капитал	24	1 142	8 981
Басқа да капитал		10 113	58
Есептілік валютасын қайта есептеу резерві		2 260 533	2 146 035
Бөлінбеген пайда		5 059 634	5 636 705
Бас Компанияның акционерлеріне жататын		8 247 963	8 708 320

Миллион теңгемен		31 желтоқсанға	
	Ескерт.	2021 жылғы	2020 жылғы
Бақыланбайтын қатысу үлесі	24	(89 282)	(71 641)
Капитал жиыны		8 158 681	8 636 679
Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Қарыздар	25	3 261 347	3 716 892
Резервтер	26	222 936	303 154
Мерзімі ұзартылған салық бойынша міндеттемелер	29	545 763	555 894
Жалдау бойынша міндеттемелер		36 106	45 499
Басқа да ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер		15 915	32 963
Басқа да ұзақ мерзімді қаржылық емес міндеттемелер		39 229	28 831
		4 121 296	4 683 233
Қысқа мерзімді міндеттемелер			
Қарыздар	25	484 980	361 556
Резервтер	26	22 309	63 235
Төленуге жататын табыс салығы	29	6 882	8 967
Сауда кредиторлық берешек	27	519 201	536 922
Төленуге жататын басқа да салықтар	28	126 424	130 263
Жалдау бойынша міндеттемелер		8 988	16 971
Басқа да қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер	27	69 231	86 440
Басқа да қысқа мерзімді қаржылық емес міндеттемелер	27	134 269	129 021
		1 372 284	1 333 375
Міндеттемелер жиыны		5 493 580	6 016 608
Капитал мен міндеттемелер жиыны		13 652 261	14 653 287
Бір акцияның ¹ баланстық құны, мың теңгемен	24	13 074	13 880

Басқарма тәрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары

Д.С. Қарабаев

Бас бухгалтер

A.C. Есбергенова

АҚША ҚАРАЖАТАНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

Миллион теңгемен		31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін	
	Ескерт.	2021 жылғы	2020 жылғы (қайта есептелген) ¹
Операциялық қызметтөн болған ақша ағындары			
Жалғасып отырған қызметтөн болған табыс салығын есепке алғанға дейінгі пайда/(зиян)		1 066 255	(4 155)
Тоқтатылған қызметтөн болған табыс салығын есепке алғанға дейінгі пайда		407 993	282 355
Табыс салығы есепке алынғанға дейінгі пайда		1 474 248	278 200
Тұзетулер			
Тозу, таусылу және амортизация	33	322 068	317 427
Тоқтатылған қызметтөн болған тозу, таусылу және амортизация	5	63 502	42 856
Негізгі құралдардың, барлау және бағалау активтерінің, материалдық емес активтер мен сатуға арналған деп жіктелген активтердің құнсыздануы	13	20 724	243 694

Миллион теңгемен	31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін		
	Ескерт.	2021 жылғы	2020 жылғы (қайта есептелген)¹
Барлау шығыстары	13	79 083	19 807
Бірлескен кәсіпорын мен қауымдастыран компанияяға инвестициялардың құнсыздануы	19	64	30 654
Мұнай өнімдері бойынша туынды құралдардан іске асырылмаған зиян		—	626
Мұнай өнімдері бойынша туынды құралдардан іске асырылған зиян/ (кірістер)		14 954	(22 946)
Қаржылық кіріс	14	(84 599)	(87 987)
Тоқтатылған қызметтөн түскен қаржылық кіріс		(19 750)	(21 766)
Қаржылық шығындар	14	249 265	265 372
Тоқтатылған қызметтөн болған қаржылық шығындар		36 330	32 179
Бірлескен кәсіпорындардың шығынан түскен кіріс		(19 835)	—
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдастыран компаниялардың табысын- дағы үлес, нетто	7	(768 733)	(280 815)
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдастыран компаниялардың тоқта- тылған қызмет пайдасындағы үлес, нетто		(275 100)	(230 380)
Резервтердегі өзгеріс		(140 318)	(43 174)
(Он)/теріс бағамдық айырма, нетто		(6 565)	45 388
Өтпейтін тауар-материалдық қорларға резервті есептеу		4 091	357
Негізгі құралдардың, материалдық емес активтердің, инвестициялық жылжымайтын мүліктің және сатуға арналған деп жіктелген активтердің есептен шығарылуынан болған (кіріс)/зиян, нетто		(2 259)	6 508
Өтелуге жататын ҚҚС-тың құнсыздануын (қалпына келтіру) / есептеу		(5 144)	6 435
Қаржылық кепілдіктерде өзгерістер		3 527	6 288
Есепке алынбаған ҚҚС		2 599	4 528
Сауда дебиторлық берешек пен басқа да қаржы активтері бойынша күтілетін несиелік зиян резерві		3 453	4 225
Басқа да түзетулер		427	(267)
Айналым капиталын түзетуге дейінгі операциялық пайда		952 032	617 209
Өтеуге ҚҚС-тағы өзгерістер		73 253	(3 993)
Тауар-материалдық қорлардағы өзгерістер		(90 603)	82 337
Сауда дебиторлық берешектегі және басқа да қысқа мерзімді активтер- дегі өзгерістер		(124 957)	121 837
Сауда және басқа да кредиторлық берешектегі және сатып алушылар- мен жасалған шарттар бойынша міндеттемелердегі өзгерістер		227 645	(305 380)
Төленуге жататын басқа да салықтардағы өзгерістер		(52 580)	34 066
Операциялық қызметтөн түскен ақша ағындары		984 790	546 076
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдастыран компаниялардан алынған дивидендтер	19	415 359	134 772
Туынды қаржы құралдары бойынша төлемдер, нетто		—	(142)
Табыс салығын төлеу		(111 373)	(87 984)
Алынған пайыздар		39 496	90 798
Төленген пайыздар		(249 775)	(236 987)
Операциялық қызметтөн түскен таза ақша ағындары		1 078 497	446 533

¹ Осы бағанда келтірілген кейбір сомалар 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептіліктері сомаларға сәйкес кел- мейді, өйткені жасалған түзетулерді көрсетеді, олар туралы акпарат бескертпеде келтірілген

Миллион теңгемен	31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін		
	Ескерт.	2021 жылғы	2020 жылғы (қайта есептелгені) ¹
Инвестициялық қызметтөн ақша ағындары			
Банк салымдарын орналастыру		(819 226)	(581 666)
Банк салымдарын қайтару		585 614	685 773
Негізгі құралдарды, материалдық емес активтерді және барлау мен бағалау бойынша активтерді сатып алу		(409 660)	(396 406)
Негізгі құралдарды, барлау мен бағалау активтерін және сатуға арналған деп жіктелген активтерді сатудан болған түсімдер		71 084	50 738
Есептен шығарылған ақша қаражатын шегергенде, еншілес үйымдардың шығуынан ақша қаражатының түсүі		(375 910)	8 710
Иелік ету үлесін өзгертпестен бірлескен кәсіпорындардың капиталағы қосымша салымдар		(1 926)	(6 586)
Бірлескен кәсіпорындардың шығуынан ақша қаражатының түсүі		17 169	5 966
Байланысты тараптарға берілген қарыздар	30	(73 274)	(57 485)
Байланысты тараптарға берілген қарыздарды өтеуден түскен түсімдер	30	24 438	72 721
Борыштық бағалы қағаздарды сатып алу		(14 741)	(928)
Борыштық бағалы қағаздарды сатудан түскен түсім		10 528	636
Бірлескен кәсіпорынның акционерінен алынатын вексель бойынша түсімдер		—	11 512
Басқалары		(2 790)	1 404
Инвестициялық қызметке пайдаланылған таза ақша ағындары		(988 694)	(205 611)
Қаржылық қызметтөн түскен ақша ағындары			
Қарыздардың түсүі	25	451 096	676 979
Қарыздарды өтеу	25	(339 552)	(807 355)
Қарыздарды өтеу үшін ақша қаражатын резервтеу ²		(292 258)	—
Самурық-Қазына мен КР Ұлттық Банкіне төленген дивидендтер	24	(49 999)	(81 738)
Бақыланбайтын үлес акционерлеріне төленген дивидендтер	24	(5 756)	(4 553)
Самурық-Қазынаның пайдасына бөлу	24	(534)	(7 987)
Еншілес үйымның өз акцияларын сатып алуы		—	(212)
Қаржылық кепілдік бойынша өтеу		—	(1 383)
Жалдаудың негізгі борышы бойынша міндеттемелерді өтеу		(45 530)	(18 978)
Қаржылық қызметте пайдаланылған таза ақша ағындары		(282 533)	(245 227)
Айырбас бағамдарындағы өзгерістердің ақша қаражаты мен оның баламаларына ықпалы		22 851	85 341
Күтілетін несиелік зиян резервіндегі өзгеріс		(136)	376
Ақша қаражаты мен оның баламаларындағы таза өзгеріс		(170 015)	81 412
Жыл басындағы ақша қаражаты мен оның баламалары		1 145 864	1 064 452
Жыл сонындағы ақша қаражаты мен оның баламалары		975 849	1 145 864

Басқарма тәрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары

Д.С. Қарабаев

Бас бухгалтер

А.С. Есбергенова

² 2021 жылғы маусым және қараша айларында Топ, есептелген сыйакыны коса алғанда, The Export-Import Bank of China-дан алынған қарыздарды өтеу үшін 292.258 миллион теңге жалпы сомадағы ақша қаражатын резервтеді. Қарыздар 2021 жылғы шілдеде 32.799 миллион теңге сомасында (25-ескертпеле) және 2022 жылғы қантарда 259.459 миллион теңге сомасында (21 және 25 ескертпеле) өтеді. Қарыздардың өтелуі ақшалай емес операциялар ретінде көрсетілді.

КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

Милион теңгемен

	Жарғылық капитал	Қосымша төленген капитал	Басқа да капитал
2019 жылғы 31 желтоқсанға	916 541	40 794	83
Бір жылғы таза пайда/(зиян)	—	—	—
Басқа да жиынтық кіріс/(зиян)	—	—	(25)
Жиынтық кіріс/(зиян) жиыны	—	—	(25)
Дивидендтер (24-ескертпе)	—	—	—
Самұрық-Қазынаның пайдасына бөлу (24-ескертпе)	—	—	—
Самұрық-Қазынамен операциялар (24-ескертпе)	—	—	—
Сенімгерлік басқару шарты қолданылуының тоқтатылуына орай Үкіметтөн алынған мұнай құбырларын беру (24-ескертпе)	—	(17 323)	—
Компания өтеуге орай Самұрық-Қазынадан алған қарыздың номиналды және әділ құны арасындағы айырманы аудару (24-ескертпе)	—	(10 971)	—
Әділ құнның Самұрық-Қазынға өтеуге орай салған қарыздың номиналды құндынан асып түсін аудару (24-ескертпе)	—	(3 519)	—
Еншілес үйымның бақыланбайтын қатысу үлесін сатуға арналған пут опционы бойынша резерв	—	—	—
Еншілес үйимның өз акцияларын сатып алуы	—	—	—
2020 жылғы 31 желтоқсанға	916 541	8 981	58

Милион теңгемен

	Жарғылық капитал	Қосымша төленген капитал	Басқа да капитал
2020 жылғы 31 желтоқсанға	916 541	8 981	58
Бір жылғы таза пайда/(зиян)	—	—	—
Басқа да жиынтық кіріс	—	—	10 055
Жиынтық кіріс/(зиян) жиыны	—	—	10 055
Дивидендтер (24-ескертпе)	—	—	—
Самұрық-Қазынаның пайдасына бөлу (24-ескертпе)	—	—	—
Самұрық-Қазынамен операциялар (24-ескертпе)	—	—	—
«ҚазТрансГаз» АҚ-ын Самұрық-Қазынаға беру (5-ескертпе)	—	(7 839)	—
Еншілес компанияның капиталына жарна	—	—	—
2021 жылғы 31 желтоқсанға	916 541	1142	10 113

Есептілік валютасын қайта есептеу резерві	Бас компанияның акционерлеріне келеді		Бақылан-байтын қатысу үлесі	Жиыны
	Бөлінбекен пайда	Жиыны		
1 731 747	5 469 236	8 158 401	38 255	8 196 656
—	273 237	273 237	(101 340)	171 897
414 288	(9 758)	404 505	(844)	403 661
414 288	263 479	677 742	(102 184)	575 558
—	(81 738)	(81 738)	(4 856)	(86 594)
—	(7 763)	(7 763)	—	(7 763)
—	(11 617)	(11 617)	—	(11 617)
—	1 205	(16 118)	—	(16 118)
—	10 971	—	—	—
—	3 519	—	—	—
—	(10 750)	(10 750)	(2 481)	(13 231)
—	163	163	(375)	(212)
2 146 035	5 636 705	8 708 320	(71 641)	8 636 679

Есептілік валютасын қайта есептеу резерві	Бас компанияның акционерлеріне келеді		Бақылан-байтын қатысу үлесі	Жиыны
	Бөлінбекен пайда	Жиыны		
2 146 035	5 636 705	8 708 320	(71 641)	8 636 679
—	1 215 561	1 215 561	(18 221)	1 197 340
114 498	4 294	128 847	1 805	130 652
114 498	1 219 855	1 344 408	(16 416)	1 327 992
—	(49 999)	(49 999)	(6 192)	(56 191)
—	(85)	(85)	—	(85)
—	(5 222)	(5 222)	—	(5 222)
—	(1 741 620)	(1 749 459)	—	(1 749 459)
—	—	—	4 967	4 967
2 260 533	5 059 634	8 247 963	(89 282)	8 158 681

Басқарма тәрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары

Д.С. Қарабаев

Бас бухгалтер

А.С. Есбергенова

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

«ҚазМұнайГаз» үлттық компаниясы АҚ (бұдан әрі – «Компания», «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ) немесе «Бас компания») 2002 жылғы 27 ақпандан Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 20 ақпандады № 811 Жарлығының және Қазақстан Республикасы Үкіметінің (бұдан әрі – «Үкімет») 2002 жылғы 25 ақпандады № 248 қаулысының негізінде жабық акционерлік қоғам ретінде құрылған Қазақстан Республикасының (бұдан әрі – «ҚР») мұнай-газ кәсіпорны болып табылады. Компания «Қазақойл» үлттық мұнай-газ компаниясы мен «Мұнай және газ көлігі» үлттық компаниясы жабық акционерлік қоғамдардың біргінде құрылды. Біргудің нәтижесінде бұл компаниялардың барлық активтері мен міндеттемелері, оның ішінде олардың барлық кәсіпорындарға қатысу үlestерін қоса алғанда, Компанияға берілді. 2004 жылдың наурызында ҚР-дың заңнамасына сәйкес Компания акционерлік қоғам болып қайта тіркелді.

2006 жылғы 8 маусымнан бастап Компанияның жалғыз акционері «Самұрық» Мемлекеттік активтері басқару бойынша қазақстандық холдинг акционерлік қоғамы болып табылды, әрі ол 2008 жылдың қазанында «Қазына» Тұрақты Даму Қоры» акционерлік қоғамымен біргілік, осылайша «Самұрық-Қазына» Ұлттық Әл-ауқат Қоры» акционерлік қоғамын (бұдан әрі – «Самұрық-Қазына») құрды. Үкімет Самұрық-Қазынаның жалғыз акционері болып табылады. 2015 жылғы 7 тамызда ҚР Ұлттық Банкі Самұрық-Қазынадан Компания үлесінің 9,58%-ын және бір акциясын сатып алды.

2021 жылғы 31 желтоқсанға Компанияның 60 операциялық компанияда (2020 жылғы 31 желтоқсанға: 61) қатысу үлесі болды (бірлесіп «Топ»).

Компанияның тіркелген кеңсежайы мына мекенжайда орналасқан: ҚР, Нұр-Сұлтан қаласы, Дінмұхамед Қонаев көшесі, 8.

Топ қызметінің негізгі бағыттарына өзгесінен басқа мыналар кіреді:

- мұнай-газ саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты өзірлеуге және іске асыруға қатысу;
- келісімшарттарға үlestік қатысу арқылы жер қойнауын пайдалану келісімшарттарында мемлекеттік мүдделерді білдіру; және
- қемірсүтектерді барлау, өзірлеу, өндіру, мұнай операцияларын жүргізу қызметтері, қайта өндіру, мұнай химия, тасы-малдау және өткізу, мұнай құбырлары мен газ құбырларын және мұнай-газ өндіру инфрақұрылымын жобалау, салу, пайдалану мәселелері бойынша корпоративтік басқару және мониторинг жасау.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке Компанияның және ол бақылайтын еншілес ұйымдардың қаржылық есептілігі кіреді (3-ескертпе).

Топтың осы шоғырландырылған қаржылық есептілігін Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары мен Бас бухгалтер 2022 жылғы 4 наурызда шығаруға бекітті.

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік, есеп саясатында және осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ескертпелерінде ашылып көрсетілген операцияларды қоспағанда, бастапқы құн бойынша бағалау қағидатына сәйкес өзірленді. Осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі барлық мәндер, арнайы аталған жағдайларды қоспағанда, миллиондарға дейін дөңгелектенген.

Сәйкестілік туралы мәлімдеме

Топтың бұл шоғырландырылған қаржылық есептілігі Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі Кенес («ХҚЕС жөніндегі Кенес») бекіткен редакцияда Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына («ХҚЕС») сәйкес әзірленді.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті ХҚЕС-ке сәйкес дайындау белгілі бір маңызды есептік бағалауды қолдануды талап етеді, сондай-ақ басшылықтан Топтың есеп саясатын қолдану барысында жол берулер бойынша пікірлер қолдануды талап етеді. Жоғары күрделілік деңгейі мен жол берулерді қолдануды қамтитын қолданылу саласы, сондай-ақ бағалау мен жол берулерді қолдану Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігі үшін елеулі болып табылатын салалар 4-ескертпеде ашылған.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде Топ басшылығы бірқатар белгісіздіктердің орын алуын ескере отырып, оның ішінде COVID-19 пандемиясының ықпалынан, әлемдегі ағымдағы экономикалық ахуалды назарға алды. Шоғырландырылған қаржылық есептілік қызметтің үздіксіздігі қағидатына сәйкес дайындалды.

Шетел валютасын қайта есептеу

Функционалдық валюта және білдіру валютасы

Топтың осы шоғырландырылған қаржылық есептілікке қосылған әрбір кәсіпорнының қаржылық есептілігінің элементтері кәсіпорын өз қызметін жүзеге асыратын негізгі экономикалық орта валютасын пайдалана отырып бағаланады (бұдан әрі – «функционалдық валюта»). Шоғырландырылған қаржылық есептілік Компанияның функционалдық валютасы мен оны білдіру валютасы болып табылатын Қазақстандық теңгемен (бұдан әрі – «теңге») білдірілген.

Операциялар және шоттар сальdosы

Шетелдік валютадағы операциялар операциялар жүзеге асырылған күнгі валюта бағамы пайдаланыла отырып, функционалдық валютага қайта есептеледі. Мұндағы операциялар бойынша есептеулер нәтижесінде туындаған бағамдық айырмашылықтардан және есепті күнгі бағамдар бойынша шетел валютасында берілген монетарлық активтер мен міндеттемелерді қайта есептеуден түсken кірістер мен шығындар жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылады.

Тарихи құнның негізінде шетелдік валютада бағаланатын монетарлық емес баптар бастапқы мәмілелер жасалған күні қолданыста болған бағамдар бойынша қайта есептеледі. Эділ құны бойынша шетелдік валютада бағаланатын монетарлық емес баптар әділ құн белгіленген күні қолданыста болған бағамдар бойынша қайта есептеледі.

Монетарлық баптарды өтеу немесе қайта есептеу кезінде туындағы айырмалар, Топтың шетелдік бөлімшелерге таза инвестицияларын хеджирлеудің бір бөлігі ретінде айқындалған монетарлық баптарды қоспағанда, пайда немесе зиян құрамында танылады. Бұл баптар инвестициялардың пайда немесе зиян құрамынан шығуы сәтіне жинақталған соманы қайта жіктеі отырып таза инвестициялар шығарылғанға дейін басқа жиынтық кірістің құрамында танылады. Бұл монетарлық баптар бойынша бағамдық айырмаларға тән салық төлемдері мен несиeler басқа да жиынтық кірістің құрамында танылады.

Топқа кіретін компаниялар

Функционалдық валютасы ұсыну валютасынан ерекшеленетін Топтың барлық еншілес ұйымдарының, бірлескен кәсіпорындары мен қауымдастырылған компанияларының (олардың бір де бірі гиперинфляциялы экономикалардың валютасында операция жасамайды) кірістер мен зиян және қаржылық позициясы ұсыну валютасына мынадай түрде қайта есептеледі:

- қаржылық жағдай туралы ұсынылған есептердің әрқайсысы бойынша активтер мен міндеттемелер есепті күнге жабу бағамдары бойынша қайта есептеледі;
- жиынтық кіріс туралы есептердің әрқайсысы бойынша кірістер мен шығыстар орташа бағамдар бойынша қайта есептеледі (орташа бағам бағамдардың жиынтық әсерінің операция жүзеге асырылған күнгі бағамға ақылға қонымды жақындауы болып табылмайтын жағдайлардан басқа; бұл жағдайда кірістер мен шығыстар операциялар жүзеге асырылған күнгі бағам бойынша қайта есептеледі); және
- барлық бағамдық айырмалар өзге жиынтық кірісте жеке компонент ретінде танылады.

Валюталарды айырбастау бағамдары

Қазақстан Қор Биржасында («ҚҚБ») белгіленген орташа есептеген валюта айырбастау бағамы Қазақстан Республикасында ресми валюта айырбастау бағамы ретінде қолданылады. ҚҚБ-ның 2021 жылғы 31 желтоқсандағы айырбас бағамы 1 АҚШ доллары үшін 431,80 теңгені құрады. Бұл бағам 2021 жылғы 31 желтоқсанға АҚШ долларында көрсетілген монетарлық активтер мен міндеттемелерді қайта есептеу үшін пайдаланылды (2020 жылғы 31 желтоқсанға: 1 АҚШ доллары үшін 420,91 теңге). ҚҚБ-ның 2022 жылғы 4 наурыздағы айырбас бағамы 1 АҚШ доллары үшін 499,20 теңгені құрады.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТИЛЕРИНЕ ШОЛУ

Есеп саясатындағы және ақпаратты ашып көрсетеу қағидаттарындағы өзгерістер

Жаңа стандарттар, түсіндірмелер және қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде кабылданған есепке алу қағидаттары, 2021 жылдың 1 қаңтада күшіне енген қабылданған жаңа стандарттар мен түсіндірмелерді қоспағанда, 2020 жылғы

31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Топтың жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындау кезінде қолданылған қағидаттарға сәйкес келеді.

Келесі түзетулер 2021 жылы алғаш рет қолданылды:

- «Қаржы құралдары» 9 ХКЕС-ке (IFRS), «Қаржы құралдары: тану және бағалау» 39 ХБЕС-ке (IAS), «Қаржы құралдары: ақпаратты ашып көрсетеу» 7 ХКЕС-ке (IFRS), «Сақтандыру шарттары»
- 4 ХКЕС-ке (IFRS) және «Жалдау» 16 ХКЕС-ке (IFRS) түзетулер. Түзетулер банкаралық ұсыныс мөлшерлемесі (IBOR) баламалы тәуекелсіз пайыздық мөлшерлемеге (RFR) ауыстырылғанда қаржылық есептілікке ықпал ету әсеріне уақытша босансуды береді. Түзетулерге практикалық сипаттағы келесі жеңілдетулер жатады:
- реформамен тікелей талап етілетін шарттың өзгеруі немесе ақша ағындарының өзгеруі нарықтық пайыздық мөлшерлеменің өзгеруіне баламалы болатын құбылмалы пайыздық мөлшерлеменің өзгеруі ретінде қарастырылуы тиіс болатын практикалық сипаттағы жеңілдету;
- хеджирлеу анықтамасына және хеджирлеу ара қатынастарын тоқтатпастан хеджирлеу жөніндегі құжаттамаға IBOR реформасымен талап етілетін өзгерістерді енгізуге жол беріледі;
- RFR құралы тәуекел құрамдасын хеджирлеу құралы ретінде айқындалғанда, ұйымдарға бөлек сәйкестендірілетін талапты орындау қажеттілігінен уақытша босатуды беру.

Бұл түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді.

- «COVID-19: жалдау шарттарына катысты концессиялар» деген атаумен «Жалдау» 16 ХКЕС-ке (IFRS) түзету. Түзету жалға алушыларға COVID-19-бен тікелей байланысты жалдау шарттарының концессияларын шартты түрлендірулер деп есептемеуге мүмкіндік береді. Көрсетілген түзету шоғырландырылған қаржылық есептілікке айтарлықтай ықпалын тигізбеді, өйткені Топтың пандемиядан туындаған жалдау шарттарының елеулі концессиялары болмады.

Күшіне әлі енбеген жаңа және өзгерілген стандарттар мен түсіндірмелер

2017 жылғы мамырда ХКЕС жөніндегі Кеңес «Сақтандыру шарттары» 17 ХКЕС (IFRS) жаңа стандартын шығарды. 17 ХКЕС (IFRS) сақтандыру шарттарын есепке алу жөнінде бірыңғай басшылықты білдіреді, сондай-ақ тиісті ақпараттың ашылып көрсетілуіне қойылатын барлық талаптарды қамтиды. Жаңа стандарт 4 ХКЕС (IFRS) аттас стандартты ауыстырады. 2020 жылғы маусымда, ХКЕС жөніндегі Кеңес 17 ХКЕС-ке (IFRS) түзетуді шығарды, ол оның ендірілуімен болатын белгісіздіктер мен проблемаларды шешеді, бастапқы қолдану күнін 2023 жылғы 1 қаңтардан және одан да кеш басталатын жылдық, кезеңдерге ауыстыруды. Топ көрсетілген стандарт шоғырландырылған қаржылық есептілікке айтарлықтай әсерін тигізеді деп күтпейді.

2020 жылғы қаңтарда ХКЕС жөніндегі Кеңес «Қаржылық міндеттемелерді қыска мерзімді және ұзақ мерзімді ретінде жіктеу» деп атаптатын «Қаржылық есептілікті ұсыну» 1 ХКЕС-ке (IAS) түзетуді шығарды. Қабылданған түзету міндеттемелерді ұзақ мерзімділер немесе қыска мерзімділер ретінде жіктеу критерийлерін нақтылайды. Түзету 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енеді. Мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етіледі. Топ көрсетілген түзету шоғырландырылған қаржылық есептілікке айтарлықтай әсерін тигізеді деп күтпейді, өйткені Топ нақтыланған критерийлерді қолдануда.

2020 жылғы мамырда ХҚЕС жөніндегі Кеңес «Концептуалдық негіздерге сілтемелер» деп аталағын «Бизнестерді біріктіру» 3 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетуді шығарды. Түзету стандарттың талаптарына айтарлықтай өзгерістерді енгізбестен, 2018 жылғы наурызда шығарылған қаржылық есептерді ұсынудың Концептуалдық негіздеріне сілтемелерді ауыстырады. Түзету 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап немесе содан кейін қолданыла бастайды. Мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етіледі. Топ көрсетілген түзету шоғырландырылған қаржылық есептілікке айтарлықтай әсерін тигізеді деп күтпейді.

2020 жылғы мамырда ХҚЕС жөніндегі Кеңес «Негізгі құралдар: мақсатына лайық пайдалануға дейінгі түсімдер» деп аталағын «Негізгі құралдар» 16 ХҚЕС-ке (IAS) түзетуді шығарды. Көрсетілген түзету негізгі құрал объектісінің бастапқы құнынан бұл объектіні оны кейіннен пайдалану орнына жеткізу және оны басшылықтың инетіне сәйкес пайдалану үшін талап етілетін жай-күйге келтіре процесінде жасалған бұйымдарды сатудан түскен қандай да бір түсімдерді есептен шығаруға тығым салады. Осының орнына ұйым мұндай бұйымдарды сатудан түсетін түсімдерді және оларды шығару құнын пайданың немесе зиянның құрамында мойындейді. Түзету 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енеді және ретроспективті түрде қолданылуы тиіс. Топ көрсетілген түзету шоғырландырылған қаржылық есептілікке айтарлықтай әсерін тигізеді деп күтпейді.

2020 жылғы мамырда ХҚЕС жөніндегі Кеңес «Ауыртпалылық түсіретін келісімшарттар: шартты орындау шығындары» деп аталағын «Бағалау міндеттемелері, шартты міндеттемелер мен шартты активтер» 37 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулерді шығарды. Түзетулер ұйым қандай шығындарды шарттың қындық келтіре алатындығын бағалау кезінде ескеруі тиіс екендігін түсіндіреді. Түзетулер 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді. Мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етіледі. Топтың болжамынша түзетулер шоғырландырылған қаржылық есептілікке айтарлықтай әсерін тигізбейді.

2021 жылғы мамырда ХҚЕС жөніндегі Кеңес «Бір операциядан туындағы активтермен және міндеттемелермен байланысты кейінге қалдырылған салық» деп аталағын «Пайда салығы» 12 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер шығарды. Түзетулер бастапқы мойындау кезінде есептен шығарылатын және салық салынатын уақыт айырмаларының тең сомалары туындағы операциялар бойынша кейінге қалдырылған салықты есепке алу тәртібін түсіндіреді. Түзетулер 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді. Мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етіледі. Топтың болжамынша түзетулер шоғырландырылған қаржылық есептілікке айтарлықтай әсерін тигізбейді.

Сонымен бірге, ХҚЕС жөніндегі Кеңестің күшіне әлі енбеген халықаралық стандарттарды жақсарту бойынша жыл сайынғы жобасының шенберінде бірқатар түзетулер шығарылды. Оларға «ХҚЕС-ті алғаш рет қолдану – ХҚЕС-ті алғаш рет қолданатын еншілес ұйым» деп аталағын «ХҚЕС-ті алғаш рет қолдану» 1 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер; қаржылық міндеттемелердің танылуы тоқтаған жағдайда «10% тест» өткізілген кездегі комиссиялық сыйақы» деп аталағын «Қаржы құралдары» 9 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер; «Жалдау бойынша ынталандыратын төлемдер» деп аталағын «Жалдау» 16 ХҚЕС-ке (IFRS) түзету және «Әділ құнды бағалау кезіндегі салық салу» деп аталағын «Ауыл шаруашылығы» 41 ХҚЕС-ке (IAS) түзету жатады. Топ көрсетілген түзетулер шоғырландырылған қаржылық есептілікке айтарлықтай әсерін тигізеді деп күтпейді.

«Қаржылық есептілікті ұсыну» 1 ХҚЕС-ке (IAS) және «Маңыздылық туралы пайымдауларды қалыптастыру» ХҚЕС-ті қолдану бойынша № 2 практикалық ұсынымдарға түзетулер. 1 ХҚЕС-ке (IAS) түзету ұйымдардың есеп саясатының елеулі ережелерін емес, есеп саясаты туралы маңызды ақпаратты ашып көрсетуін талап етеді.

ХҚЕС-ті қолдану бойынша № 2 практикалық ұсынымдарға түзету маңыздылық тұжырымдамасын есеп саясатының ашылып көрсетілуіне қалай қолдануға болатындығы туралы нұсқаулар береді.

Сондай-ақ, ХҚЕС жөніндегі Кеңес «Есеп саясаты, бухгалтерлік бағалаудағы өзгерістер және қателер»

8 ХҚЕС-ке (IAS) түзетуді бөлек шығарды. Түзету ұйымдардың есеп саясатындағы өзгерістерді және бухгалтерлік бағалаудағы өзгерістерді қалай айыратындығын түсіндіреді. Бұл шектеу маңызды болып табылады, өйткені бухгалтерлік бағалаудардағы өзгерістер перспективті түрде және тек келешек операциялар мен басқа да келешек оқиғаларға ғана қолданылады, ол есеп саясатындағы өзгерістер, әдette, өткен операциялар мен басқа да өткен оқиғаларға қатысты ретроспективті түрде қолданылады.

1 ХҚЕС (IAS) пен 8 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер 2023 жылғы 1 қаңтардан немесе содан кейін басталатын жылдық есепті кезеңдер үшін күшіне енеді, мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етілген.

Топ шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген қандай да бір стандарттарды, түсіндірмелерді немесе түзетулерді мерзімінен бұрын қолданған жоқ.

Шоғырландыру негізі

Қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржылық есептілік Компанияның және оның еншілес үйымдарының 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық есептілігін қамтиды. Бақылау, егер Топтың инвестициялардан ауыспалы қайтарымдылықта құқығы бола немесе оның өзгеруіне байланысты тәуекелге ұшыраса және инвестициялар объектісіне қатысты өз өкілеттіктері салдарынан осы қайтарымға ықпал ете алған жағдайда жүзеге асырылады. Атап айтқанда, егер Топтың инвестициялау объектісіне қатысты өкілеттіктері (яғни, инвестициялау объектісінің едәуір қызметін басқаруға ағымдағы мүмкіндікті қамтамасыз ететін қолдағы құқықтар); инвестицияларға өз қатысуынан ауыспалы кірісті алуға ұшырағыштығы немесе құқықтары, сондай-ақ; инвестициялау объектісіне қатысты өз өкілеттіктерін кірістердің көлемінен ықпал ету мақсатында пайдалану мүмкіндігі болған жағдайда, Топ инвестициялау объектісін бақылайды.

Әдетте, дауыс беру құқықтарының көп болуы бақылаудың болуын білдіреді деп болжанады. Мұндай жорамалды растау үшін және Топтың инвестициялау объектісіне қатысты көпшілік дауыс беру құқығынан кемі немесе дәл сондай құқықтары болғанда, Топ, инвестициялау объектісінде дауыс беру құқықтары бар басқа тұлғалармен келісімдерді қоса алғанда, бұл инвестициялау объектісіне қатысты өкілеттіктердің бар-жоғын бағалау кезінде барлық орынды фактілер мен жағдайларды, басқа келісімдермен негізделген құқықтарды; дауыс беру құқықтарын және Топқа тиесілі әлеуетті дауыс беру құқықтарын ескереді.

Егер фактілер мен жағдайлар бақылаудың үш элементі бірінің немесе одан көбісінің өзгеруін растаса, Топ инвестициялар нысанына қатысты бақылаудың болуын қайтадан талдайды. Топ еншілес үйымға бақылауды алған кезде еншілес үйымның шоғырлануы басталады және Топ еншілес үйымға бақылаудан айырылғанда тоқталады. Сатып алынуы немесе есептен шығарылуы жыл ішінде болған еншілес үйымның активтері, міндеттемелері, кірістері мен шығыстары Топ бақылауды алған күннен бастап жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепке қосылады және Топ еншілес үйымға бақылаудан айырылған күнге дейін көрсетіледі.

Еншілес үйымдардың қаржылық есептілігі есеп саясатын бірізді қолданудың негізінде бас компанияның есептілігі сияқты дәл сол есепті кезең үшін әзірленді. Пайда немесе зиян және басқа да жиынтық кірістің әрбір құрамдасы Топтың бас компаниясының Акционерлеріне және тіпті егер бұл бақыланбайтын қатысу үлесінде теріс қалдықтарға әкеліп соқтырған жағдайда да, бақыланбайтын қатысу үлесіне жатады. Қажет болғанда еншілес үйымдардың қаржылық есептілігі олардың есеп саясаттарын Топтың есеп саясатына сәйкес келтіру үшін түзетіледі. Барлық топ ішіндегі қалдықтар, операциялар, топ ішінде операцияларды жүзеге асыру нәтижесінде туындастын өткізілмеген пайда мен зиян шоғырландыру кезінде толығымен алынып тасталды. Бақылаудан айырылмастан инвестициялау нысандарындағы қатысу үлестерінің өзгерісі капиталмен жасалған операция ретінде ескеріледі.

Егер Топ еншілес үйымға бақылаудан айырылып қалса, ол тиисті активтерді (гудвилді қоса), міндеттемелерді, бақыланбайтын қатысу үлестерін және меншікті капиталдың басқа да құрамдастарын тануды тоқтатады және жиынтық кірісті немесе зиянды пайда немесе зиян құрамында мойындаиды. Қалған инвестициялар әділ құны бойынша танылады.

Еншілес үйымдар

2021 және 2020 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша келесі елеулі тікелей еншілес үйымдар осы шоғырландырылған қаржылық есептілікке қосылды:

Маңызды үйымдар	Негізгі қызметі	Тіркеңген елі	Иелік ету үлесі	
			2021 жыл	2020 жыл
«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ	Барлау және өндіру	Қазақстан	99,72 %	99,72 %
«ҚазМұнайТеніз» ЖШС	Барлау және өндіру	Қазақстан	100 %	100 %
«ҚМГ Қараышғанақ» ЖШС	Барлау және өндіру	Қазақстан	100 %	100 %
«ҚазАқтурікмұнай» ЖШС	Барлау және өндіру	Қазақстан	100 %	100 %
«ҚазТрансОйл» АҚ	Мұнайды тасымалдау	Қазақстан	90 %	90 %
«ҚазАқТенізКөлікФлоты» ЖШС	Мұнайды тасымалдау және құрлыс	Қазақстан	100 %	100 %
«ҚазТрансГаз» АҚ (5-ескертпе)	Газды тасымалдау	Қазақстан	—	100 %
Cooperative KazMunayGas PKI U.A.	Мұнай өнімдерін қайта өндеу және өткізу	Нидерландтар	100 %	100 %

Маңызды үйімдар	Негізгі қызметі	Тіркелген елі	Иелік ету үлесі	
			2021 жыл	2020 жыл
«Атырау мұнай өндіреу зауыты» ЖШС	Қайта өндіреу	Қазақстан	99,53 %	99,53 %
«Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС	Қайта өндіреу	Қазақстан	100 %	100 %
KMG International N.V.	Мұнай өнімдерін қайта өндіреу және өткізу	Румыния	100 %	100 %
«KMG Drilling&Services» ЖШС	Бұрғылау қызметтері	Қазақстан	100 %	100 %

Бизнесті біріктіру және гудвил

Бизнесті біріктіру сатып алу әдісін пайдалана отырып есептеледі. Сатып алу құны сатып алу құніндегі әділ құн бойынша бағаланған берілген сыйақы сомасы және сатып алынатын компаниядағы бақыланбайтын қатысу үлесінің құны ретінде бағаланады. Бизнесті біріктіру жөніндегі әрбір мәміле үшін сатып алатын тарарап сатып алынатын компаниядағы бақыланбайтын қатысу үлесі әділ құн бойынша, не сатып алынатын компанияның сәйкестендірілетін таза активтеріндегі теңбе-тен үлес бойынша бағалайды. Сатып алуға байланысты шегілген шығындар әкімшілік шығыстардың құрамына енгізіледі.

Топ бизнесті сатып алғанда, ол сатып алынған қаржы активтері мен қабылданған міндеттемелерді тиісті түрде шарттың талаптарына, экономикалық жағдайға және сатып алу құніндегі тиісті жағдайларға байланысты жіктейді. Бұған компания сатып алатын негізгі шарттарға қосылған туынды құралдарды бөлу жатады.

Сатып алатын тарарап беруге тиіс шартты сыйақы сатып алу құніндегі әділ құн бойынша танылуға тиіс. Қаржы құралы болып табылатын және 9 ХКЕС-тің (IFRS) «Қаржы құралдары» қолданылуға аясына түсетін актив немесе міндеттеме ретінде жіктелетін шартты өтемақы әділ құны бойынша бағаланады, ал әділ құнның өзгеруі

9 ХКЕС-ке (IFRS) сәйкес пайда немесе зиян құрамында танылады. Егер шартты сыйақы 9 ХКЕС-тің (IFRS) қолданылуға аясына түспесе, ол пайда немесе зиян құрамында әділ құны бойынша бағаланады. Меншікті капитал ретінде жіктелуге жататын шартты өтеу кейіннен қайта бағаланады және оның кейіннен өтелуі меншікті капитал құрамында көрсетіледі.

Гудвил бастапқыда берілген сыйақы және танылған бақыланбайтын қатысу үлесі сомасының және сатып алушыға бұрын тиесілі болған үлестердің сатып алынатын таза сәйкестендірілетін активтердің және ол қабылдаған міндеттемелердің сомасынан асып тусуі ретінде айқындалатын бастапқы құны бойынша бағаланады. Егер сатып алынған таза активтердің әділ құны берілген өтемақы сомасынан асатын болса, Топ барлық сатып алынған активтердің және барлық қабылданған міндеттемелердің анықталу дұрыстығын, сондай-ақ сатып алу құніне танылуы тиіс болған сомаларды бағалау кезінде пайдаланылған процедураларды қайталап талдайды. Егер қайталап жасалған талдаудан кейін берілген өтемақы сатып алынған таза активтердің әділ құнның кем болып қалса, табыс пайда немесе зиян құрамында танылады.

Кейіннен гудвил құнсызданудан болған жинақталған шығындар шегеріліп, бастапқы құн бойынша бағаланады. Құнсыздану тестісін өткізу мақсатында бизнесті біріктіру кезінде сатып алынған гудвил сатып алынған құннен бастап Топтың ақша ағындарын жасайтын бөлімшелерінің әрқайсысына бөлінеді, олар болжанып отырғандай компания сатып алатын басқа активтер мен міндеттемелер аталған бөлімшелерге жататынына немесе жатпайтынына тәуелсіз бизнесті біріктіруден пайда табады.

Егер гудвил ақша ағындарын жасайтын бірліктің бір бөлігі болса және осы бірліктің шенберінде қызметтің бір бөлігі шығып кетсе, шығып кететін қызметке қатысты гудвил қызметтің шығуынан пайданы немесе зиянды айқындау кезінде осы қызметтің ағымдағы құнына кіреді. Мұндай жағдайда шығып қалған гудвил шығып қалған қызметтің құны мен ақша ағындарын жасайтын бірліктің қалған бөлігі құнның негізінде бағаланады.

Кезең-кезеңмен болатын бизнесті біріктіру

Сатып алушыға сатып алу күніне бұрын тиесіл болған сатып алынатын компаниядағы қатысу үлесінің әділ құны пайда немесе зиян арқылы сатып алу күніне әділ құны бойынша қайта бағаланады.

Бизнесті кезең-кезеңмен біріктіру кезінде сатып алушы сатып алу күніне төменде көрсетілгендей (а)-ның, (б)-дан артуы ретінде бағаланатын гудвилді мойындарды:

1. жиынтығы: (i) берілген сыйақы, ол әдетте, «Бизнесті біріктіру» 3 ХКЕС-ке (IFRS) сәйкес сатып алу күніне әділ құны бойынша бағаланады; (ii) осы стандартқа сәйкес бағаланған сатып алынатын үйымдағы бақыланбайтын қатысу үлесінің құны; (iii) сатып алу күніне бұрын сатып алушы тарапқа сатып алынатын үйымдағы қатысу үлесін сатып алу күніне әділ құны;
2. сатып алынған активтерді және қабылданған міндеттемелерді сатып алу күніне таза әділ құны.

Жалпы бақылаудағы тараптардан еншілес үйымдарды сатып алу

Еншілес үйымдарды жалпы бақылаудағы тараптардан сатып алынуы үлестерді біріктіру әдісін пайдалана отырып ескеріледі.

Жалпы бақылауға берілетін еншілес үйымның активтері мен міндеттемелері шоғырландырылған қаржылық есептілікте беру күніне беретін үйымның («Бастамашы») ағымдағы құны бойынша ескеріледі. Бастамашы бастапқыда сатып алған кезде объективті түрде ескеретін тиісті гудвил шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетіледі. Бастамашының гудвилін қоса алғанда, таза активтердің жалпы ағымдағы құны мен төленген сыйақы арасындағы айырма капиталды түзету ретінде шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетіледі.

Салыстырмалы деректерді қоса алғанда, шоғырландырылған қаржылық есептілік еншілес үйымды Топ Бастамашы бастапқыда сатып алған күнге сатып алғандығы туралы жорамалға сүйене отырып ұсынылады.

Бірлесіп-бақыланатын операциялар

Бірлескен операция – бұл қызметке бірлескен бақылауға ие болатын тараптың қызметпен байланысты міндеттемелер бойынша активтер мен жауапкершілікке құқықтарының болуын болжайтын бірлескен кәсіпкерлік типі. Топ бірлескен операциялардағы өзінің мұдделеріне қатысты мыналарды: Бірлескен активтердегі өз үлесін қоса алғанда, активтерді; Бірлескен міндеттемелердегі өз үлесін қоса алғанда, міндеттемелерді; Бірлескен операциялардың нәтижесінде өндірілген өнімдегі үлесті сатудан түскен түсімді; Бірлескен операциялардан болған өнімді сатудан түскен түсімнің үлесін; бірлесіп шеккен шығыстардағы үлесті қоса алғанда, Шығыстарды мойындарды.

Қауымдақсан компанияларға және бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар

Қауымдақсан компания – соған қатысты Топтың айтарлықтай ықпалы бар компания. Айтарлықтай ықпал – инвестициялар объектісінің қаржылық және операциялық саясатына қатысты шешімдерді қабылдауға қатысу өкілеттіктері, бірақ мұндағы саясатқа қатысты бақылау немесе бірлескен бақылау жатпайды.

Бірлескен кәсіпорын – бұл бірлескен қызмет түрі, әрі соған сай келісімге қатысты бірлескен бақылауы бар тараптардың бірлескен кәсіпорынның таза активтеріне құқықтары бар. Бірлескен бақылау – бұл шартпен негізделген қызметке бақылауды бірлесіп жүзеге асыру, әрі ол тек маңызды қызметке қатысты шешімдердің қабылдануы бірлескен бақылауды жүзеге асыратын тараптардың бірауызды келісімін қажет еткен жағдайларда ғана орын алады. Бірлескен бақылауды қөздейтін шарт талаптары бойынша Топ бірлескен кәсіпорындарда қатысу үлесінің 50% кеміне иелік ете алады.

Айтарлықтай ықпалдың немесе бірлескен бақылаудың болуын анықтау кезінде ескерілетін факторлар еншілес үйымдарға бақылаудың болуын анықтау кезінде ескерілетін факторларға ұқсас келеді. Топтың қауымдақсан компанияларға және бірлескен кәсіпорындарға инвестициялары үлестік қатысу әдісін пайдалана отырып ескеріледі.

Үлестік қатысу әдісіне сәйкес қауымдақсан компанияға немесе бірлескен кәсіпорынға инвестиция алдымен бастапқы құны бойынша танылады. Сатып алғаннан кейін инвестициялардың баланстық құны бірлескен кәсіпорынның немесе қауымдақсан компанияның таза активтеріндегі өзгерістердегі Топтың үлесі танылуы салдарынан не өседі немесе төмендейді. Бірлескен кәсіпорынға немесе қауымдақсан компанияға жататын гудвил инвестицияның баланстық құндана кіреді және амортизацияланбайды, сондай-ақ құнсыздану мәніне жеке тексеруге ұшырамайды.

Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп бірлескен кәсіпорын немесе қауымдастан компания қызметінің нәтижелеріндегі Топтың үлесін көрсетеді. Мұндай инвестициялау объектілерінің басқа да жиынтық кірісіндегі өзгерістер Топтың басқа да жиынтық кірісінің құрамында ұсынылады. Сонымен бірге, егер бірлескен кәсіпорын немесе қауымдастан компания капиталында тікелей танылған өзгеріс орын алса, Топ осындай өзгерістегі өз үлесін таниды және бұл капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте қолданылса, осы фактіні ашады. Топтың және бірлескен кәсіпорындардың, немесе қауымдастан компаниялардың арасындағы мәмілелер бойынша туындастырын өткізілмеген кірістер мен залал бірлескен кәсіпорындағы немесе қауымдастан компаниядағы қатысу үлесінің мәлшерінде алынып тасталады.

Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдастан компаниялардың пайдасындағы үлес жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте тікелей көрсетіледі және салық салынғаннан кейінгі пайданы немесе зиянды және бірлескен кәсіпорынның, немесе қауымдастан компанияның еншілес компанияларындағы бақыланбайтын қатысу үлесін білдіреді. Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдастан компаниялардың қаржылық есептілігі Топтың қаржылық есептілігі сияқты есепті кезеңде жасалады. Қажет болған жағдайда қаржылық есептілік есеп саясатын Топтың есеп саясатына сәйкес келтіру мақсатында түзетіледі.

Үлестік қатысу әдісін қолданғаннан кейін Топ бірлескен кәсіпорынға немесе қауымдастан компанияға өз инвестициялары бойынша құнсызданды болған қосымша залалды тану қажеттілігін айқындаиды. Топ әрбір есепті қунға бірлескен кәсіпорынға немесе қауымдастан компанияға инвестициялар құнсыздандының объективті дәлелдерінің болуын анықтайды. Мұндай дәлелдер болған жағдайда, Топ құнсызданды сомасын бірлескен кәсіпорынның немесе қауымдастан компанияның өтелетін құны мен олардың баланстық құны арасындағы айырма ретінде есептейді және залалды «Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдастан компанияларға салынған инвестициялардың құнсыздандыу» бабы бойынша жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте мойындаиды.

Бірлескен кәсіпорындағы немесе қауымдастан компаниядағы елеулі ықпалын жоғалтқан жағдайда Топ қалған инвестицияларды әділ құн бойынша бағалайды және мойындаиды. Айтарлықтай ықпалдан немесе бірлескен бақылаудан айырылу сәтіне бірлескен кәсіпорынға немесе қауымдастан компанияға салынған инвестициялардың баланстық құны мен қалған инвестицияның әділ құны және сатудан болған түсімдер арасындағы айырма пайда немесе зиян құрамында танылады.

Активтер мен міндеттемелерді қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді етіп жіктеу

Топтың қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есебінде активтер мен міндеттемелерді олардың қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді етіп жіктелуінің негізінде ұсынады. Актив қысқа мерзімді болып табылады, егер: оны өткізу болжанса немесе ол сатуға және әдetteгі операциялық циклдің шенберінде тұтынуға арналса; ол негізінен сауда мақсатында арналса; оны есепті кезең аяқталғаннан кейін он екі айдың ішінде өткізу болжанса; немесе ол, есепті кезең аяқталғаннан кейін кем дегенде он екі айдың ішінде оны айырбастауға немесе міндеттемелерді өтеу үшін пайдалануға шектеулер болған жағдайларды қоспағанда, акша қаражатын немесе оның баламаларын білдірсе. Барлық басқа активтер ұзақ мерзімді ретінде жіктеледі.

Міндеттеме қысқа мерзімді болып табылады, егер: оны әдetteгі операциялық циклдің шенберінде өтеу болжанса; ол негізінен сауда мақсатында ұсталса; ол есепті кезең аяқталғаннан кейін кем дегенде 12 (он екі) айдың ішінде өтелетін болса; немесе компанияның міндеттеменің өтулу мерзімін есепті кезең аяқталғаннан кейін кем дегенде 12 (он екі) айдың ішінде ұзартуға шартсыз құқығы болмағанда. Топ барлық басқа міндеттемелерді ұзақ мерзімді ретінде жіктеді.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелер ұзақ мерзімді активтер мен міндеттемелер ретінде жіктеледі.

Кен орындарын барлауға, бағалауға және әзірлеуге байланысты шығыстар

Жер қойнауын пайдалану құқықтарын (лицензияларды) иемденгенге дейін болған шығындар

Лицензияларды сатып алғанға дейін болған шығындар, КР Үкіметімен тиісті келісімге қол қойылғаннан кейін болған шығындарды қоспағанда, олар орын алған кезеңдегі шығыстарға жатады. Мұндай жағдайларда болған шығындар барлау және бағалау активтерінің құрамында капиталдандырылады.

Жер қойнауын пайдалану құқықтарын және мүлікті сатып алу шығындары

Жер қойнауын барлау әрі өндіру құқықтары және мүлікті сатып алуға арналған тиісті шығындар барлау әрі бағалау активтерінің құрамында капиталдандырылады және материалдық емес ретінде жіктеледі. Барлау бойынша әрбір объект жыл сайын бұрғылау жұмыстары жоспарланғанын және активтің құнсызданбағанын раставу мәніне қарастырылады. Егер келешек жұмыстар жоспарланбаса, барлауға арналған лицензияларды және мүлікті сатып алуға арналған тиісті шығындардың ағымдағы құны есептен шығарылады. Экономикалық негізделген шығарылатын қорлар («дәлелденген қорлар» немесе «коммерциялық қорлар») анықталған кезде және әзірлеуді ішкі бекіту кезінде барлауға арналған лицензияларды және кен орындардың бөлігінде ескерілетін мүлікті сатып алуға арналған тиісті шығындардың ағымдағы құны, барлау және бағалау бойынша активтермен бірігіп, мұнай-газ мүлкіне немесе мұнай-газ активтеріне ауыстырылады.

Барлаумен және бағалаумен байланысты шығындар

Барлауға арналған занды құқық сатып алынғаннан кейін, сөтсіз пайдаланылатын немесе жиектелетін ұнғымаларды қоса алғанда, геологиялық әрі геофизикалық зерттеу шығындары мен барлау және бағалау ұнғымаларымен тікелей байланысты шығындар ұнғыманы бұрғылау жұмыстары аяқталғанға дейін және нәтижелер бағаланғанға дейін шығындардың сипатына сәйкес барлау және бағалау материалдық емес немесе материалдық активтер ретінде капиталдандырылады. Мұндай шығындарға қызметкерлерге төлемеңдер, пайдаланылған материалдар мен жанар май, бұрғылау мұнарасының құны және мердігерлерге арналған төлемдер кіреді. Егер күтілетін қорлар табылмаса, барлау және бағалау бойынша актив құнсыздануға тестіленеді; егер шығарылатын көмірсутектер табылып, қызметті одан кейінгі бағалауға жататын болса, әрі оған коммерциялық әзірлененү ықтимал болатын басқа ұнғымаларда бұрғылау кіруі мүмкін болса, онда шығындар көмірсутектерді коммерциялық шығаруды бағалауда негізделген/үздіксіз прогрессе қол жеткізілмейінше, актив ретінде ескерілуін жалғастырады.

Осы сияқты барлық шығындар техникалық, коммерциялық және басқарушылық тексеруге, сол сияқты әзірлеуді жалғастыру ниетін немесе табудан пайда алушын қандай да бір басқа тәсілін раставу үшін жылына кем дегенде бір рет құнсыздану мәніне тексеруге жатады.

Көмірсутектердің дәлелденген қорлары анықталғанда және әзірлеу туралы шешім қабылданғанда, барлаумен және бағалаумен байланысты тиісті шығындар, тиісті шығыстар құнсыздану тестісінен кейін және құнсыздану залалы, егер ондай болса, танылағаннан кейін мұнай-газ активтеріне ауыстырылады.

Мұндай ниет болмағанда, және келісімшарттық аумақты Үкіметке қайтарып беру шешімі қабылданғанда және жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарды бұзу ниеті болғанда активтер шығыстарға есептен шығарылады.

Әзірлеу шығындары

Платформалар, мұнай құбырлары және әзірлеу ұнғымаларын бұрғылау сияқты инфрақұрылым объектілерін салу, орнату және аяқтау шығындары мұнай-газ мүлкінің құрамында капиталданады.

Мұнай-газ мүлкі және басқа да негізгі құралдар

Мұнай-газ мүлкі мен басқа да негізгі құралдар жинақталған амортизацияны, тозу мен құнсыздануды шегере отырып, бастапқы құны бойынша ескеріледі.

Активтердің бастапқы құны сатып алу немесе салу бағасынан, ұзак мерзімді құрылыш және әзірлеу жобалары бойынша пайыздар шығындарынан, мойындау критерийлерін сақтау шартымен, активті жұмыс күйіне келтіруге тікелей байланысты шығындардан және қажет болғанда активті жою шығындарының бастапқы бағалауынан тұрады. Сатып алу немесе бағалау бағасы жиынтық төленген құн және активті сатып алу үшін берілген сыйақының кез келген түрінің әділ құны болып табылады.

Мұнай-газ мүлкі өндірістік әдісті пайдалана отырып амортизацияланады, ал материалдық емес активтер дәлелденген әзірленген қорлар бойынша, ал материалдық емес активтер дәлелденген қорлар бойынша амортизацияланады.

Пайдалы қызмет ету мерзімі кен орындары қызметінің қалдық мерзімінен аз болатын кейбір мұнай-газ мүлкі пайдалы қызмет ету мерзімінің ішінде тік желілік әдіспен амортизацияланады.

Мұнай-газ активтері мен жерден басқа негізгі құралдарға, негізінен пайдалы қызмет етудің орта мерзімдерінің ішінде тікжелілік әдіспен амортизацияланатын жер, ғимараттар, машиналар мен жабдықтар, көлік құралдары мен басқалары былайша кіреді:

МӨЗ активтері	4-100 жыл
Құбырлар	2-30 жыл
Фимараттар мен құрылышжайлар	2-100 жыл
Машиналар мен жабдық	2-30 жыл
Көлік құралдары	3-35 жыл
Басқасы	2-20 жыл
Жер	Амортизацияланбайды

Негізгі құралдардың болжамды пайдалы қызмет етуінің мерзімі жыл сайынғы негізде қайта қарастырылып отырады және қажет болғанда мерзімдегі өзгерістер кейінгі кезеңдерде ескеріліп отырады.

Негізгі құралдардың ағымдағы құны ол өтелетін болып табылмайтындығына көрсететін қандай да бір оқиғалар немесе жағдайлардағы өзгерістер болған жағдайларда құнсыздану мәніне қайта қарастырылып отырады.

Көмірсүтектердің коммерциялық көлемдерін өндіруді тоқтатқан және жойылуға арналған өндіру үнғымаларын қоса алғанда, негізгі құралдар нысанының мойындалуын доғару есептен шығарылған кезде немесе егер келешекте мұнданай активті пайдаланудан экономикалық пайданы алу күтілмеген жағдайда болады. Активті тануды доғару нәтижесінде туындастын кірістер немесе шығыстар (активтің шығуынан және ағымдағы құнынан болатын таза тусімдер арасындағы айырмашылық ретінде есептелген) активті тану доғарылған кезең үшін пайдаға және зиянға кіргізіледі.

Материалдық емес активтер

Материалдық емес активтер жинақталған амортизацияны және құнсызданудан болған жинақталған шығындарды шегере отырып, құны бойынша ескеріледі. Материалдық емес активтерге табиғи газды барлауға, әзірлеуге және өндіруге арналған лицензияларды, компьютерлік бағдарламалар мен гудвилді сатып алу шығындары кіреді. Бөлек сатып алынған материалдық емес активтер бастапқыда сатып алу құны бойынша бағаланады. Бастапқы құны – бұл жиынтық төленген сома және активті сатып алу үшін берілген кез келген басқа сыйақының әділ құны.

Гудвилді және жер қойнауын пайдалану құқықтарын қоспағанда, материалдық емес активтер, пайдалы қызмет етуін қутілетін қалған мерзімінің ішінде тік желілік әдіспен амортизацияланады. Активтердің қутілетін пайдалы қызмет ету мерзімі жыл сайынғы негізде қайта қаралады және пайдалы қызмет ету мерзімдерін өзгерту қажет болғанда көлесі кезеңдерде ескеріледі. Компьютерлік бағдарламалық жасақтаманың пайдалы қызмет ету мерзімі 3 жылдан 7 жылға дейін құрайды.

Материалдық емес активтердің ағымдағы құны оқиға немесе жағдаяттардағы өзгерістер активтің ағымдағы құны өтел-мейтіндігін көрсеткен жағдайларда құнсыздануға талданады. Гудвил жыл сайын (31 желтоқсандағы жағдай бойынша), сондай-ақ оқиғалар оның ағымдағы құны құнсыздануы мүмкін екендігін көрсеткен жағдайларда, құнсыздануға тестіленеді.

Гудвилдің құнсыздануы гудвил қарайтын ақша ағынын туыннататын бөлімшелер (немесе ақша ағынын туыннататын бөлімшелер тобы) құнының өтелетін құнын бағалау арқылы анықталады. Егер ақша ағынын туыннататын бөлімшелердің өтелетін құны олардың ағымдағы құнынан аз болса, құнсызданудан болған зиян танылады. Гудвилдің құнсызданудан болған залалды болашақ кезеңдерде қалпына келтіру мүмкін емес.

Қаржылық емес активтердің құнсыздануы

Топ әрбір есепті күнге активтің ықтимал құнсыздану белгілерінің бар-жоғын айқындаиды. Егер осындағы белгілер орын алса немесе егер активті құнсыздануға жыл сайынғы тексеру талап етілсе, Топ активтің өтелетін құнына бағалау жүргізеді. Активтің өтелетін құны – бұл көлесі көлемдердің ен үлкені: сату шығындарын немесе активті пайдалану құндылығын шегере отырып, активтің немесе ақша ағындарын жасайтын бөлімшениң (ААЖБ) әділ құны. Өтелетін құн негізінен басқа активтер немесе активтер тобы жасайтын ағындардан тауелсіз ақша қаражатының ағындарын актив жасаған жағдайдаған жаеке актив үшін анықталады. Егер активтің ағымдағы құны немесе ААЖБ өтелетін сомадан асып кетсе, онда актив құнсызданған ретінде қаралады және оның құны өтелетін сомада дейін кемітіледі. Пайдаланудан болатын құндылықты бағалау кезінде болашақтағы ақша ағындары келтірілген құнға дейін дисконттая мөлшерлемесі

бойынша активке тән ақша мен тәуекелдердің уақытша құнын ағымдағы нарықтық бағасын көрсететін салық салғанға дейін дисконтталады.

Сату шығындарын шегере отырып әділ құнды айқындау кезінде тиісті бағалау үлгісі қолданылады. Бұл есептер бағалау коэффициенттерімен, еншілес үйымдар акцияларының нарығында еркін айналыстағы бағаларды белгілеумен немесе әділ құнның өзге де қол жетімді көрсеткіштерімен расталады. Жалғасып отырған қызметтің құнсыздануынан болған шығындар жиынтық, кіріс туралы шоғырландырылған есепте құнсызданған актив функциясына сәйкес келетін шығынтар санатында көрсетіледі.

Топ құнсыздану сомасын Топтың жеке активтер жатқызылатын әр ААЖБ үшін жеке дайындалатын жан-жақты жоспарлары және болжамды есеп айырысуларын басшылыққа ала отырып айқындаиды. Бұл жоспарлар мен болжамды есеп айырысулар әдette 5 (бес) жылға жасалады. Бұдан да ұзақ кезеңдер үшін бес жылдан кейін келешек болжанатын ақша ағындарына қатысты қолданылатын ұзақ мерзімді өсу қарқындары есептеледі.

Гудвилді қоспағанда, активтер үшін әрбір есепті қунге құнсызданудан болған бұрын танылған залал бұдан былай жоқ немесе қыскарған екендігінің белгілеріне бағаланады. Егер мұндай белгі бар болса, Топ активтің немесе ақша ағындарын тудыратын бөлімшениң өтелетін құнын есептейді. Құнсызданудан болатын бұрын танылған шығындар, егер құнсызданудан болатын шығынды соңғы рет таныткан уақыттан бастап активтің өтелетін құнын айқындау үшін пайдалаңылған жол берілімде өзгеріс орын алған жағдайда ғана калпына келтіріледі. Қалпына келтірілген жағдайда активтің ағымдағы құны активтің өтелетін құнынан, сондай-ақ егер бұрынғы жылдары актив бойынша құнсызданудан болатын шығын танылмаған жағдайда ол бойынша осы актив танылса ағымдағы құннан (амортизацияны шегергенде) аспайды. Мұндай қалпына келтіру жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте мойындалады.

Барлау және бағалау бойынша активтердің құнсыздануы

Барлау және бағалау бойынша активтер құнсыздану мәніне тексеріледі, әрі мұндай активтер әзірлеу бойынша материалдық және материалдық емес активтердің құрамына немесе активтердің құнсыздануына нұсқайтын фактілер мен жағдайлар болғанда аударылады.

Бір немесе одан да көп тәмендегі фактілердің және жағдайлардың болуы Топ барлау әрі бағалау жөніндегі өз активтерін құнсыздану мәніне тексеруге міндетті екендігіне нұсқайды (тізбесі толық болып табылмайды):

- соның ішінде Топ үйымы белгілі бір участкені барлауға құқылы болған кезең өтіп кеткенде немесе таяу арада өтеді және оның ұзартылуы күтілмейді;
- белгілі бір участкеде минералды ресурстарды одан әрі барлауға және бағалауға едәуір шығыстар бюджетке қосылмаған және жоспарланбайды;
- белгілі бір участкеде минералды ресурстарды барлау және бағалау минералды ресурстардың коммерциялық тиімді көлемдерін анықтауға әкеліп соқтырмады және Топ үйымы белгілі бір участкеде мұндай қызметті тоқтату шешімін қабылдады;
- жеткілікті деректер белгілі бір участкені әзірлеу ықтималдылығына қарамастан барлау және бағалау жөніндегі активтің ағымдағы құны нәтижелі әзірлеудің немесе өткізуудің нәтижесінде толық шамада өтелмейтіндігін көрсетеді.

Сату үшін ұсталатын активтер және тоқтатылған қызмет

Сату үшін ұсталатын деп жіктелген ұзақ мерзімді активтер мен шығу топтары сатуға арналған шығындар шегеріліп, ағымдағы құн мен әділ құнның ең азы бойынша бағаланады. Ұзақ мерзімдер активтер және шығу топтары, егер олардың ағымдағы құны өтеуге жататын болса негізінен қолданудың жалғасуы нәтижесінде емес, сату жолымен сату үшін ұсталатын ретінде жіктейді. Бұл шарт егер сату мүмкіндігі жоғары, ал актив немесе шығу тобы өзінің ағымдағы жағдайында жедел сатылуы мүмкін болса, сақталған болып саналады.

Басшылықтың оған қатысты жіктелген құннен бастап бір жыл ішінде аяқталған сату мәмілесі ретінде тану өлшемдеріне сәйкес күтілуге тиіс сатып алушы жасауға бекем ниеті бар.

Есепті кезең үшін, сондай-ақ өткен жылдың салыстырмалы кезеңі үшін жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте тоқтатылған қызметтен болған кірістер мен шығыстар, тіпті егер сатылғаннан кейін Топ еншілес үйымдағы бақыланбайтын қатысу үлесін сақтап қалса да, салық салынғаннан кейін пайда деңгейіне дейін тәмендей отырып жалғасып

отырған қызметтөн кірістер мен шығыстарды бөлек есепке алғынады. Нәтиже беретін пайда немесе зиян (салықтар шегерілгеннен кейін) жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте бөлек ұсынылады.

Сатуға арналған ретінде жіктелгеннен кейін негізгі құралдар мен материалдық емес активтер амортизациялауға жатпайды.

Активтің шығуы бойынша міндеттеме (пайдаланудан шығару)

Пайдаланудан шығаруға арналған резервтер Топтың объектіні немесе негізгі құралды демонтаждау мен көшіру бойынша және обьекті тұрған участкени қалпына келтіру бойынша міндеттемесі болған кезде, сондай-ақ мұндай резервті пайымды бағалауды жүзеге асыру мүмкін болған кезде, дисконтталған ақша ағындарының негізінде толық көлемде танылады. Таңылған сома жергілікті шарттар мен талаптарға сәйкес анықталған бағаланған болашақ шығыстардың ағымдағы құнын билдіреді. Сондай-ақ тиісті негізгі құрал таңылған резервтің мөлшеріне баламалы сомада танылады. Соның салдарынан, бұл актив тиісті амортизациялау әдісі негізінде өндіріске және тасымалдауға капиталдандырылған шығындардың бір бөлігі ретінде амортизацияланады.

Міндеттемелерді өтеу үшін қажетті экономикалық пайда негізінде жататын есепті мерзімдегі немесе ресурстардың қайту сомасындағы өзгерістердің нәтижесі болып табылған пайдаланудан шығару жөніндегі қазіргі резервті бағалаудағы өзгерістер, немесе дисконттау мөлшерлемесіндегі өзгеріс мынадай түрде ескеріледі, соның салдарынан:

1. резервтегі өзгерістер ағымдағы кезеңдегі тиісті активтің құнына қосылады немесе есептен шығарылады;
2. активтің құнынан шығарылған сома оның ағымдағы құнынан аспауы тиіс. Егер резервтегі төмендеу активтің ағымдағы құнынан асып түссе, асып тусу дереу жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылады; және
3. егер түзету актив құнының үлғауына әкеліп соқтырған жағдайда, Топ бұл активтің жаңа ағымдағы құны толығымен өтеле алмайтындығының көрсеткіші болып табылатындығын карастырады. Егер бұл мұндай көрсеткіш болып табылса, Топ активтің өтелеңін бағалау арқылы оны құнсыздануға тестіледі және 36 ХКЕС-ке (IAS) сәйкес құнсыздану бойынша кез келген залалды ескереді.

Қаржы активтері

Бастапқы тану және бағалау

Қаржы активтері алғаш рет таңылғанда кейіннен амортизацияланған құны бойынша, басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша және пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын ретінде жіктеледі. Қаржы активтерінің бастапқыда таңылған кездегі жіктелуі келісімшартта көзделген қаржы активі мен Топ бұл активтерді басқару үшін қолданатын бизнес-модель бойынша ақша ағындарының сипаттамаларына тәуелді болады. Қаржыландырудың едәуір компонентін қамтымайтын немесе соған қатысты Топ іс жүзіндегі сипаттың женілдетілуін қолданған сауда дебиторлық берешекті қоспағанда, Топ қаржы активтерін бастапқыда пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланбайтын қаржы активтері жағдайында мәміле бойынша шығындар сомасына үлғайтылған әділ құны бойынша бағалайды. Қаржыландырудың едәуір компонентін қамтымайтын немесе соған қатысты Топ іс жүзіндегі сипаттың женілдетілуін қолданған сауда дебиторлық берешек

15 ХКЕС-ке (IFRS) сәйкес айқындалған мәміленің бағасы бойынша айқындалады.

Борыштық қаржы активі амортизацияланған құны бойынша немесе басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша жіктелуі және бағалануы үшін ол өтелмеген негізгі сомага «борыштың негізгі сомасы мен пайыздардың (SPPI) есебінен төлемдер фана» білдіретін ақша ағындарының пайда болуына әкеліп соқтыруы тиіс. Мұндай бағалау SPPI-тест деп аталады және әрбір құралдың деңгейінде жасалады. Топ қаржы активтерін басқару үшін пайдаланатын бизнес-модель ақша ағындарын әкелу мақсатында Топ өзінің қаржы активтерін басқаратын тәсілді сипаттайты. Бизнес-модель ақша ағындарының шартта көзделген ақша ағындарын алудың, қаржы активтерін сатудың немесе екеуінің де салдары бола-тындығын айқындаиды. Заңнамамен немесе белгілі бір нарықта (стандартты талаптарда жасалатын сауда-саттық) қабылданған қафидамен белгіленген мерзімде активтерді жеткізуі талап етуші қаржы активтерін сатып алу немесе сату бойынша барлық операциялар ол жасалған күнге, яғни Топ активті сатып алуға немесе сатуға өзіне міндеттеме қабылдаған күнге танылады.

Кейінгі бағалау

Кейіннен бағалау мақсаттары үшін қаржы активтері екі санатқа жіктеледі:

- амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері (борыштық құралдар);
- пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері.

Топтың басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша ескерілетін қаржы активтері болмады.

Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері (борыштық құралдар)

Бұл санат Топ үшін барынша орынды болып табылады. Топ қаржы активтерін амортизацияланған құны бойынша бағалайды, егер келесі талаптардың екеуі де орындалса:

- қаржы активі бизнес-модельдің шеңберінде ұсталады, оның мақсаты қаржы активтерін шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін ұстая болып табылады; және
- қаржы активінің шарттық талаптары көрсетілген күндерге борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне борыштың негізгі сомасы мен пайыздардың есебінен төлемдер ғана болып табылатын ақша ағындарын алушы негіздейді.

Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері кейіннен тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып бағаланады және оларға құнсыздануға қатысты талаптар қолданылады. Пайда немесе зиян активтің мойындалуы тоқтаған, ол түрлендірілген немесе құнсызданған жағдайда пайданың немесе зиянның құрамында танылады. Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтерінің санатына Топ сауда және басқа да дебиторлық берешекті, байланысты тараптарға берілген қарыздар мен банк салымдарын жатқызады.

Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері

Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерінің санатына Топ байланысты тараптарға берген және туынды қаржы құралдарын қамтитын кейір қарыздар жатады. Солар бойынша ақша ағындары борыштың негізгі сомасының және пайыздардың есебінен тек төлемдер болып табылмайтын қаржы активтері пайдаланылатын бизнес-модельге қарамастан пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша жіктеледі және бағаланады. Борыштық құралдарды басқа да жиынтық кіріс арқылы амортизацияланған құны немесе әділ құны бойынша жоғарыда сипатталғандай жіктеуге арналған критерийлерге қарамастан, борыштық құралдар бастапқыда танылған кезінде, егер осы сияқты жіктеу есептегі сәйкесіздікті жойса немесе айтартылғанда азайтса, пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша ескерілетін ретінде жіктелуі мүмкін.

Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептегі әділ құны бойынша ескеріледі, ал олардың әділ құнының таза өзгеруі пайда немесе зиян құрамында жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есептегі танылады.

Тануды тоқтату

Қаржы активі (қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептегі алғыншылық тасталады) мойындалуын тоқтатады, егер:

- активтен ақша ағындарын алу құқығының қолданылу мерзімі аяқталса; не болмаса
- Топ активтен ақша ағымын алу құқығын берсе не болмаса үшінші тарапқа түсетін ақша ағымдарын толық көлемде және «транзиттік» келісім бойынша ешбір елеулі кідірусіз төлеу бойынша өз мойнына міндеттеме алса; және не болмаса (а) Топ активтен болатын барлық тәуекелдер мен пайданы берсе, не болмаса (б) Топ активтен болатын барлық тәуекелдер мен пайданы бермей, оларды сақтамаса, бірақ осы активтің бақылауын берсе.

Егер Топ өзінің активтен ақша ағыншылық туралы шоғырландырылған есептегі алғыншылық тасталады, онда қондай көлемде екендігін бағалайды. Егер Топ активтен болатын барлық тәуекелдер мен табысты іс жүзінде бермесе және өзінде сақтамаса, сондай-ақ активке бақылауды бермесе, Топ берілген активке өзінің қатысуын жалғастыруы дәре-жесінде тануын тоқтатады. Бұл жағдайда Топ тиісті міндеттемені де таниды. Берілген актив пен тиісті міндеттеме Топ сақтаған құқық пен міндеттемелерді көрсететін негізде бағаланады. Берілген актив бойынша көпілдік түрін

қабылдайтын жалғасатын қатысу келесі өлшемдердің: активтің бастапқы баланстық құны немесе төленуін Топ талап етуі мүмкін өтемақының ең көп соманың ең азы бойынша бағаланады.

Қаржы активтерінің құнсыздандыру

Топ пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланбайтын барлық борыштық қаржы активтеріне қатысты күтілетін несиелік зиянның (КНЗ) бағалау резервін мойындайды. КНЗ шартқа сәйкес Топқа тиесілі болатын ақша ағындары мен Топ бұл актив бойынша бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемеге шамамен тең болатын мөлшерлемені пайдалана отырып дисконтталған алуды күтіп отырған барлық ақша ағындарының арасындағы айырма ретінде есептеледі. Күтілетін ақша ағындарына ұсталатын қамтамасыз етуді сатудан немесе шарттық талаптардың ажырамас бөлігі болып табылатын несие сапасын арттырудың басқа тетіктерінен болатын ақша ағындары жатады.

КНЗ екі кезеңде танылады. Бастапқы танылған сәттен бастап несие тәуекелі айтарлықтай ұлғаймаған қаржы құралдары бойынша келесі 12 айдың (12 айлық КНЗ) ішінде мүмкін болатын дефолттардың салдарынан туындауы мүмкін несиелік зиянға қатысты зиянды бағалау резерві құрылады. Солар бойынша бастапқы танылған сәттен бастап қаржы құралдары үшін несиелік тәуекел айтарлықтай ұлғайған дефолттың орын алу мерзімдеріне қарамастан (бүкіл мерзім үшін КНЗ) осы қаржы құралының қалған қолданылу мерзімінің ішінде күтілетін несиелік зиянға қатысты залалға бағалау резерві құрылады.

Сауда және басқа да дебиторлық берешекке қатысты Топ КНЗ-ны есептеу кезінде жеңілдетілген тәсілді қолданады. Тиісінше, Топ несиелік тәуекелдің өзгерістерін қадағаламайды, ал оның орнына әрбір есептің күнге бүкіл мерзім үшін КНЗ тең сомада залалға бағалау резервін мойындайды. Топ қарызы алушылар мен жалпы экономикалық талаптарға тән болатын болжамды факторларды ескере отырып түзетілген несиелік зиянның пайда болуының өткен тәжірибесіне сүйене отырып бағалау резервтерінің матрицасын пайдаланды.

Егер шартта көзделген төлемдердің мерзімі 90 күнге өтіп кетсе, Топ қаржы активі бойынша дефолт болды деп есептейді. Дегенмен, белгілі бір жағдайларда Топ, егер ішкі немесе сыртқы ақпарат Топ ұстап қалатын несие сапасын арттыру тетіктерін ескермesten, Топтың шартта көзделген қалған төлемдердің барлық сомасын алатындығына нұсқаса, қаржы активі бойынша дефолт болды деген корытындыға келе алады. Егер Топтың шартта көзделген ақша ағындарының өтелуіне қатысты негізделген үміттері болмаса, қаржы активі есептен шығарылады.

Тауар-материалдық қорлар

Тауар-материалдық қорлар өзіндік құн және ҚҚҚЕ әдісі бойынша өткізудің таза құны екі өлшемнің ең азы бойынша ескеріледі. Оның құнына қорларды тиісті жерге жеткізумен және оларды ағымдағы қүйге келтірумен байланысты әдetteгі қызмет барысында болған барлық шығындар жатады. Шикі мұнайдың және мұнай өнімдерінің құны, орташа өндіріс көлемінің негізінде тозу, таусылу және амортизация шығыстарының және үстеме шығыстардың тиісті бөлігін қоса алғанда, оларды өндірудің өзіндік құны болып табылады. Мұнай мен мұнай өнімдерін өткізудің таза құны, мұндай өткізумен байланысты шығыстарды шегерे отырып, өткізудің болжамды бағасына негізделеді.

Қосылған құн салығы (ҚҚС)

Салық органдары нетто негізде сату мен сатып алу бойынша ҚҚС өтеуді жүргізуге мүмкіндік береді. Өтелуге жататын ҚҚС, ішкі нарықтағы сатулар бойынша ҚҚС-ты шегерे отырып, ішкі нарықтағы сатып алулар бойынша ҚҚС-ты білдіреді. Экспортқа сатудың нөлдік мөлшерлемесі бар.

Ақша қаражаты мен оның баламалары

Ақша қаражаты мен оның баламаларына банк пен кассадағы ақша қаражаты, сондай-ақ бастапқы өтеге мерзімі үш айдан аспайтын қысқа мерзімді депозиттер жатады.

Қаржылық міндеттемелер

Бастапқы тану және бағалау

Қаржылық міндеттемелер бастапқы тану кезінде пайда немесе зиян, несиeler, қарыздар мен берешек немесе туынды құралдар арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын қаржылық міндеттемелер ретінде жіктеледі.

Қаржылық міндеттемелер бастапқыда несиeler мен қарыздар болған жағдайда тікелей солармен байланысты мәміле бойынша шығындарға көбейтілген әділ құны бойынша мойындалады.

Топтың қаржылық міндеттемелеріне сауда және басқа да кредиторлық берешек, несиeler мен қарыз алулар, сондай-ақ туынды қаржы құралдары кіреді.

Кейінгі бағалау

Қаржылық міндеттемелерді одан кейінгі бағалау олардың жіктелуіне былайша тәуелді болады:

Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын қаржылық міндеттемелер

Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын қаржылық міндеттемелерге саудаға арналған қаржылық міндеттемелер мен пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын ретінде бастапқыда мойындау кезінді айқындалған қаржылық міндеттемелер кіреді.

Егер олар таяу арада сату мақсатында сатып алғынған болса, қаржылық міндеттемелер саудалауға арналған деп жіктелді. Бұл санатқа Топ шарт бойынша бір жақ болып табылатын, олар 9 XKEC-те (IFRS) айқындалғандай хеджирлеу операциясында хеджирлеу құралдары ретінде айқындалмаған туынды қаржы құралдары жатады. Бөлінген ендірілген туынды құралдар тиімді хеджирлеу құралдары ретінде айқындалған жағдайларды қоспағанда, саудаға арналған деп жіктеледі.

Саудаға арналған міндеттемелер бойынша кірістер мен шығыстар пайда мен зиянда танылады.

Топтың пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын ретінде бастапқыда мойындалған кезде ол айқындаған қаржы міндеттемелері жоқ.

Сауда және басқа да кредиторлық берешек

Сауда кредиторлық берешек бастапқыда әділ құны бойынша көрсетіледі және кейіннен тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып амортизацияланған құн бойынша бағаланады.

Несиeler мен қарыздар

Бастапқыда танылғаннан кейін пайыздық несиeler мен қарыздар тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып амортизацияланған құн бойынша бағаланады. Мұндай қаржылық міндеттемелер бойынша кірістер мен шығыстар, оларды тануды тоқтатқанда, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалану арқылы амортизацияның есептелуіне қарай жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылады.

Амортизацияланған құн сатып алу кезінде дисконттар немесе сыйақыларды, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын комиссиялық немесе шығындарды ескере отырып есептеледі. Тиімді пайыздық мөлшерлеме амортизациясы қаржылық шығындар құрамына енгізіледі.

Егер Топ төлемді есепті қүннен кейін кем дегенде 12 айға кейінге қалдыруға сөзсіз құқылы болмаса, қарыздар ағымдағы міндеттемелер ретінде жіктеледі. Жіктелетін активті сатып алуға, оның құрылышына немесе өндірісіне тікелей жататын қарыздар бойынша шығындар осындағы актив құнының бір белгігі ретінде капиталдандырылады. Қарыздар бойынша басқа шығындар пайда болу сәтіне кезең шығыстары ретінде танылады.

Қаржылық кепілдік шарттары

Топ шығарған қаржылық кепілдік шарттары ұстаушы шеккен залалды өтеу үшін төлем жасауды талап ететін шарттарды білдіреді, әйткені аталған борышкер борыштық құралдың талаптарына сәйкес төлемді мерзімінде жасамады. Қаржылық кепілдік шарттары бастапқыда кепілдіктің шығуымен тікелей байланысты мәміле бойынша шығындарды ескере отырып әділ құны бойынша міндеттеме ретінде танылады. Кейіннен міндеттеме келесі себептердің ең үлкені бойынша бағаланады: 9 ХКЕС-ке (IFRS) сәйкес есептеген күтілетін несиелік зиянның бағалау резерві және егер ондай болса, жинақталған амортизацияны шегере отырып танылған сома.

Тануды тоқтату

Қаржылық міндеттеменің танылуы, егер міндеттеме өтелсе, күші жойылса, немесе оның әрекет ету мерзімі аяқталған жағдайда тоқтатылады. Егер қолданыстағы қаржылық міндеттеме дәл сол кредитордың алдында едәуір ерекшеленетін талаптарда басқа міндеттемеге ауыстырылса немесе егер қолданыстағы міндеттеменің талаптары едәуір өзгерілсе, мұндай ауыстыру немесе өзгеріс бастапқы міндеттеменің танылуын тоқтату ретінде және жаңа міндеттемені танудың басталуы ретінде ескеріледі, ал олардың ағымдағы құнындағы айырмасы пайда мен зиянда танылады.

Қаржы құралдарының өзара есепке алынуы

Қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелер өзара есепке алынуы тиіс, ал нетто-сомасы қазіргі сәтте мойындалған сомаларды өзара есепке алуға, сондай-ақ нетто-негізде есеп айырысу ниеғіне не болмаса активтерді өткізуге және осымен бірге міндеттемелерді өтеуге зангерлік құқық болғанда ғана қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте ұсынылуы тиіс.

Қаржы құралдарының әділ құны

Олармен сауда әрбір есепті құні белсенді нарықтарда жүзеге асырылатын қаржы құралдарының әділ құны мәміле бойынша шығындар шегерілместен нарықтық баға белгіленімдері немесе дилерлердің баға белгіленімдері (ұзын позициялар үшін сатып алуға арналған баға белгіленімдері және қысқа позицияларды сатуға арналған баға белгіленімдері) негізге алынып анықталады.

Олармен сауда белсенді нарықта жүзеге асырылмайтын қаржы құралдары үшін әділ құн тиісті бағалау әдістемелерін қолдану жолымен анықталады. Мұндай әдістемелерге таяу арада коммерциялық негізде жасалған мәмілелердің бағаларын пайдалану, сол сияқты құралдардың ағымдағы әділ құнын пайдалану; дисконттадаған ақша ағындарын талдау не болмаса басқа да бағалау модельдері кіруі мүмкін.

Резервтер

Резервтер, егер Топтың өткен оқиғалардың нәтижесінде туындаған ағымдағы міндеттемесі (занды немесе ерікті түрде қабылданған) болса және міндеттемені өтеу үшін экономикалық пайданың кетуі қажет болады, ал мұндай міндеттеменің сомасы сенімді түрде айқындалуы мүмкін екендігінің едәуір ықтималдығы болса, танылады. Егер Топ резервтердің өтемақысын алушы болжаса, мысалы, сақтандыру шарты бойынша, өтеу жекелеген актив ретінде тек өтемақының алынуы күмән көлтірметен жағдайда ғана танылады.

Егер ақшаның уақытша құнының әсері елеулі болса, резервтер келешекте күтілетін ақша ағындарын дисконттау арқылы ақшаның уақытша құнының ағымдағы нарықтық бағасын және бұл қолданылғанда, нақты міндеттемеге тән тәуекелдердің көрсететін салық салынғанға дейінгі ағымдағы мөлшерлеме бойынша айқындалады. Егер дисконттау қолданылса, резервтің ұлғаюы уақыт өтісімен қаржылық шығындар ретінде мойындалады.

Үкіметтің алдындағы міндеттемелер бойынша резервтер

Үкімет Топқа демеушілікпен және қаржыландырумен байланысты түрлі міндеттемелерді жүктейді. Топ басшылығы мұндай міндеттемелер конструктивті болып табылады және Үкіметтің шешімдеріне сәйкес танылуы тиіс деп болжап отыр. Үкімет Топтың түпкі акционері болып табылғандықтан, мұндай міндеттемелерді орындаумен байланысты шығындар «акционерлерге басқа да бөлу» ретінде шоғырландырылған қаржылық есептілікте капитал құрамында танылады.

Жұмыскерлерге төлемдер

Зейнетакы жоспары

Алдын ала айқындалған зейнетакы жарналары бар зейнетакы бағдарламасы бойынша төлемдер олардың төлеңүнене қарай шығыстарға жатады. Зейнетакымен қамсыздандырудың мемлекеттік жүйесі бойынша төлемдер Топтың мұндай жоспар бойынша міндеттемелері алдын ала айқындалған зейнетакы жарналары бар зейнетакы бағдарламасы бойынша туындастын міндеттемелерге тең болғанда, белгіленген жарналары бар зейнетакы жоспарлары ретінде қарастырылады.

Қызметкерлерге ұзақ мерзімді сыйақылар

Топ өз қызметкерлеріне Топ ұйымдары мен өз қызметкерлері арасындағы Ұжымдық шарттарға сәйкес зейнетке шыққанға дейін де және кейін де ұзақ мерзімді сыйақы төлейді. Ұжымдық шарт, атап айтқанда, зейнеткерлікке шыққанда біржолғы жәрдемақы төлеуді, еңбекке жарамсызық, мереитой және қаза болу жағдайында қызметкерлерге материалдық көмек көрсетуді және басқасын көздейді. Жәрдемақы алу құқығы әдette қызметкердің зейнеткерлікке шыққанға дейін жұмысты жалғастырумен байланыстырылады.

Біржолғы жәрдемақыларды төлеу бойынша күтіліп отырған шығыстарды есептеу еңбек қызметі аяқталуы бойынша белгіленген төлемдері бар зейнетакылық жоспарларды есептеу кезінде қолданылатын әдіс бойынша қызметкердің еңбек қызметі ішінде жүзеге асырылады. Жыл ішінде туындаған актуарлық пайда мен зиян басқа жиынтық кірістің құрамында көрсетіледі. Осы мақсат үшін актуарлық пайда мен зиян актуарлық болжамдарға өзгерістердің әсерін де, актуарлық болжамдар мен нақты деректер арасындағы айырмаларға байланысты бұрынғы тәжірибелің әсерін де қамтиды. Басқа өзгерістер ағымдағы қызметтер құнын, бұрынғы қызметтер құнын және кадрлар қысқаруын немесе жасалған есеп айырысуарды қоса алғанда ағымдағы кезеңде танылады.

Зейнетакы міндеттемелерін есепке алғанда қолданылған аса елеулі болжамдар – бұл шегерім мөлшерлемесі мен қайтыс болуды болжай. Дисконт мөлшерлемесі болашақ міндеттемелердің таза келтірілген құнын анықтау үшін қолданылады және әр жылы осында міндеттемелер бойынша дисконт амортизациясы жиынтық кіріс туралы шоғырланырылған есепте қаржылық шығындар ретінде көрсетіледі. Қайтыс болуды болжай сыйақы төлеудің болашақ ағынын болжамдау үшін қолданылады, ол сонаң соң міндеттемелердің таза келтірілген құнын алу үшін шегеріледі.

Біржолғы демалыс жәрдемақылардан басқа, қызметкерлерге сыйақылар қызметкерлерге басқа ұзақ мерзімді сыйақылар ретінде қарастырылады. Осы сыйақылар бойынша күтіліп отырған шығыстарды есептеу қызметкердің еңбек қызметі ішінде белгіленген төлемдері бар зейнетакылық жоспарларды есептеу кезінде қолданылатын әдіспен жүзеге асырылады. Қызметкерлерге арналған басқа да ұзақ мерзімді сыйақылар бойынша актуарлық пайда мен зиян пайда немесе зиян құрамында танылады. Мұндай міндеттемелерді жыл сайынғы негізде тәуелсіз білікті актуарийлер бағалайды.

Тұсімді тану

Топ уәде етілген тауарды немесе қызметті (яғни активті) сатып алушыға бере отырып, атқару бойынша міндеттемені орындаған кезде (немесе қалайша) тұсім мойындалады. Сатып алушы бұл активке бақылауды алғанда (немесе қалай) актив беріледі, бұл әдette келісімшарттың бағасы белгіленген немесе айқындалатын болып табылуы, ал дебиторлық берешекті алу мүмкіндігі негізделген түрде қамтамасыз етілген деген талаппен меншік құқығын беру кезінде орын алады. Атап айтқанда, шикі мұнай мен газды, сондай-ақ мұнай өнімдері мен басқа да тауарларды ішкі нарықта сатудан түскен кірістер, әдette, оларға меншік құқығы өткен кезде танылады. Экспортқа сату үшін меншік құқығы, әдette, КР шекарасында өтеді. Тұсім кез келген сауда женілдіктерінің сомаларын, көлемі үшін женілдіктер мен өтелетін салықтарды ескере отырып, алынған немесе алынуға жататын сыйақының әділ құны бойынша бағаланады.

Қосалқы қызметтерді сату қызметтің бағасы айқындалуы мүмкін және кірістердің алынуына қатысты елеулі белгісіздіктің жоқ екендігі талабымен қызметтердің көрсетілу шамасына қарай танылады.

Пайыздық кіріс пен шығыс

Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын барлық қаржы құралдары бойынша пайыздық кіріс пен пайыздық шығыс тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша көрсетіледі. Тиімді пайыздық мөлшерлеме – осы мөлшерлеме бойынша дисконттау кезінде күтілетін болашақтағы ақшалай төлемдер немесе қаржы құралын пайдаланудың болжамды мерзімі ішіндегі немесе өте қысқа уақыт кезеңі ішіндегі тұсімдер, олар қолданылатын жерде бұл қаржы активінің немесе

қаржылық міндеттеменің таза баланстық құнына дәлме-дәл көлтіріледі. Пайыздық кіріс қаржылық кірістің құрамына қосылады және пайыздық шығыс жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте қаржылық шығыс құрамында көрсетіледі.

Сауда дебиторлық берешек

Дебиторлық берешек Топтың шартсыз болып табылатын өтемақы сомасына құқығын білдіреді (яғни ақы төлеу мерзімінің орын алуы үшін тек уақыт қана қажет).

Шарттық міндеттемелер

Шарттық міндеттеме – Топ сатып алушыдан өтемақыны (немесе өтемақы сомасы күтіледі) алған тауарларды немесе қызметтерді сатып алушыға беру міндеттемесі. Сатып алушы өтемақыны Топ тауарды немесе қызметті сатып алушыға беру сәтіне дейін төлеген жағдайда, Топ шарттық міндеттемені төлемді жүзеге асыру сәтіне немесе төлем төленуге жататын болған сәтте (қайсысының бұрын орын алатындығына қарай) мойындаиды. Топ шарт бойынша өз міндеттемелерін орындағанда шарттық міндеттемелер түсіммен мойындалады.

Шығыстарды тану

Шығыстар пайда болу сәтіне ескеріледі және олар есептеу әдісінің негізінде жатқызылған кезеңде шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетіледі.

Табыс салығы

Бір жылғы табыс салығына ағымдағы табыс салығы, үстеме пайда салығы және мерзімі ұзартылған салық кіреді.

Ағымдағы және алдыңғы кезеңдер үшін ағымдағы табыс салығы бойынша активтер мен міндеттемелер салық органдарына өтеледі немесе төленеді деп болжанатын сома бойынша бағаланады. Осы соманы есептеу үшін қолданылатын салық мөлшерлемелері мен салық заңнамасы, – есепті қунге қабылданған немесе нақты қабылданған мөлшерлемелер мен заңдар. Тікелей капиталда мойындалған баптарға қатысты ағымдағы корпоративтік табыс салығы («КТС» жиынтық кіріс туралы есепте емес, капиталдың құрамында танылады).

Үстеме пайда салығы (бұдан әрі – «ҮПС») табыс салығы ретінде қарастырылады және табыс салығы бойынша шығыстардың бір бөлігін құрады. Қолданыстағы салық заңнамасына сәйкес Топ жер қойнауын пайдалануға арналған әрбір келісімшартқа қатысты ҮПС-ты жер қойнауын пайдалануға арналған әрбір бөлек келісімшарт бойынша жиынтық жылдық кірістің бір жылғы аударымдарға ара қатынасының негізінде құбылмалы мөлшерлемелер бойынша есептейді және төлейді. ҮПС-ты қолдануды қөздөйтін жиынтық жылдық кірістің әрбір салық жылындағы аударымдарға ара қатынасы 1,25:1 құрайды. ҮПС мөлшерлемелері әрбір келісімшартқа қатысты аударымдардың 25% артық жер қойнауын пайдалануға арналған әрбір келісімшартқа қатысты салықтың таза кірістің (КТС пен рұқсат етілген баға белгілеулер есептен шығарылғаннан кейін салық салынатын кіріс) бір бөлігі қолданылады.

Мерзімі ұзартылған салық КТС, сол сияқты ҮПС үшін есептеледі. ҮПС мерзімі ұзартылған салық келісімшарт бойынша төленуге жататын ҮПС-тің күтілетін мөлшерлемесі бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарға жатқызылған активтер үшін уақыт айырмалары бойынша есептеледі.

Мерзімі кейінге қалдырылған салық есепті қунге активтердің салық базасы мен міндеттемелер және олардың қаржылық есептілігі үшін ағымдағы құны арасындағы уақыт айырмасын анықтау арқылы міндеттемелер әдісімен айқындалады.

Мерзімі ұзартылған салық міндеттемелері мына жағдайлардан басқа, барлық салық салынатын уақыт айырмалары бойынша мойындалады:

- мерзімі ұзартылған салықтың міндеттеме гудвилді не болмаса бизнесті біркітіру болып табылмайтын және оның жасау сәтіне бухгалтерлік пайдаға да, сол сияқты салық салынатын пайдаға немесе шығынға әсер етпейтін операция бойынша активті немесе міндеттемені бастапқыда мойындаудың нәтижесінде туындейды; және
- еншілес компанияларға, қауымдақтан компанияларға, сондай-ақ бірлескен кесіпорындарға қатысу үлестерімен инвестицияларға байланысты салық салынатын уақыт айырмаларына қатысты, егер уақыт айырмаларын қалпына көлтіру уақытын бақылау мүмкін болса және уақыт айырмасы таяу болашақта азаймайтындығына елеулі мүмкіндік бар болса.

Мерзімі ұзартылған салық активтері, мына жағдайлардан басқа, соған қарсы есептен шығарылатын уақыт айырмалары, пайдаланылмаған салық женілдіктері мен пайдаланылмаған салық шығындары есепке алынуы мүмкін салынатын

пайда болады деген едәуір ықтималдылық болатын дәрежеде барлық есептен шығарылатын уақыт айырмалары, пайдаланылмаған салық женілдіктері және пайдаланылмаған салық шығындары бойынша танылады:

- есептен шығарылатын уақыт айырмаларына қатысты мерзімі ұзартылған салық активтері бизнесті біріктіру болып табылмайтын және операцияны жасау сәтіне бухгалтерлік пайдаға да, сол сияқты салық салынатын пайдаға немесе шығынға әсер етпейтін мәміле бойынша активті немесе міндеттемені бастапқыда мойындаудың нәтижесінде туындағанда; және
- еншілес үйымдарға, қауымдастқан компанияларға, сондай-ақ бірлескен қызметке қатысу үлесімен инвестицияларға байланысты шегерілетін уақыт айырмаларына қатысты мерзімі ұзартылған салық активтері таяу болашақта уақыт айырмашылықтары пайдаланылуы және соған қарсы уақыт айырмаларын пайдалануға болатында жеткілікті салық салынатын пайда болуы мүмкін екендігі елеулі бар дәреже ғана танылады.

Мерзімі ұзартылған салық активтерінің ағымдағы құны әрбір есепті күнге қайта қаралады және егер кейінгі қалдырылған салық активтерінің барлығын немесе бір бөлігін пайдалануға мүмкіндік беретін жеткілікті салық салынатын табысқа қол жеткізу шамалы деп бағаланатын дәрежеде азаяды. Танылмаған кейінге қалдырылған салық активтері әрбір есепті күнге қайта қаралады және келешек салық салынатын пайда кейінге қалдырылған салық активтерін пайдалануға мүмкіндік беруі елеулі мүмкіндігі пайда болатын дәрежеде танылады. Мерзімі ұзартылған салық активтері мен міндеттемелер есепті күнге қолданысқа енгізілген немесе есепті қүнгі жағдай бойынша қүшіне енген немесе нақты қүшіне енген салық мөлшерлемелерінің (және салық заңнамасының) негізінде міндеттемелер өтеліп, актив өткізілгенде есепті жылда қолданады деп болжанып отырған салық мөлшерлемелері бойынша бағаланады.

Тікелей капиталда мойындалған баптарға қатысты мерзімі ұзартылған салық жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте емес, капиталдың құрамында танылады. Мерзімі ұзартылған салық активтері және мерзімі ұзартылған салық міндеттемелері егер ағымдағы салық активтері ағымдағы салық міндеттемелеріне қарсы есепке алудың заңда бекітілген құқығы бар болса және кейінге қалдырылған салықтар сол бір салық салынатын компанияға және салық органдына жататын болса, бір-біріне қарама-қарсы есепке алынады. Мерзімі ұзартылған салық активтері бойынша активтер салық салынатын уақытша айырмалар мен осындаш шығыстардың коммерциялық сипаттының негізделетіндігі мүмкіндігі бар дәрежеде барлық резервтер мен ауыстырылған салық шығындары бойынша танылады. Басшылықтың елеулі пайымдаулары жоспарланатын деңгей мен кірістілік уақытының негізінде, сондай-ақ салықтық жоспарлау стратегиясының табысты қолданылуының негізінде танылуы мүмкін кейінге қалдырылған салық жөніндегі активтерді бағалау үшін талап етіледі.

Капитал

Бақыланбайтын қатысу үлесі

Бақыланбайтын қатысу үлестері Компанияның акционерлеріне жататын капиталдан бөлек меншікті капиталдың құрамында қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте көрсетілген. Еншілес үйымның шығындары тіпті егер бұл теріс сальдоға әкеп соқтырған жағдайда да Топ акционерлеріне және бақыланбайтын қатысу үлесіне жатады.

Дивидендтер

Дивидендтер міндеттемелер ретінде танылады және есепті қунді қоса алғанға дейін жарияланған жағдайда ғана есепті қүнгі капитал сомасынан шегеріледі. Дивидендтер туралы ақпарат, егер олар есепті қүнге дейін жарияланса, сондай-ақ есепті қүннен кейін, бірақ шығаруға арналған шоғырландырылған қаржылық есептілікті бекіткен қунге дейін жарияланса, есептілікте ашып көрсетіледі.

Акционерлерге бөлү

Топ КР Президентінің Тапсырмасы бойынша Үкіметтің Қаулыларына немесе Самұрық-Қазынаның шешімдеріне немесе ұғындаудың қаржылықтарына сәйкес шеккен шығындар капитал арқылы бөлупер ретінде ескеріледі. Мұндай шығындарға Топтың профильді емес қызметіне (әлеуметтік нысандарды салу және Самұрық-Қазынанаға беруге арналған) байланысты шығындар кіреді.

Есепті қүннен кейінгі оқиғалар

Есепті жыл аяқталғаннан кейін орын алған және қаржылық жағдай туралы есепті дайындау қүніне болған шарттардың дәлелдерін білдіретін оқиғалар (түзетуші оқиғалар) шоғырландырылған қаржылық есептілікті көрсетіледі. Есепті жыл аяқталғанда болған және түзетуші оқиғалар болып табылмайтын оқиғалар, егер олар мәнді болса, шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелерде ашылады.

4. МАҢЫЗДЫ ЕСЕПТІК БАҒАЛАУЛАР МЕН ПАЙЫМДАУЛАР

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындау оның басшылығынан есептілікте көрсетілетін түсімдер, шығыстар сомасына, активтерге және міндеттемелерге, сондай-ақ есепті құнге шартты міндеттемелер туралы ақпаратты ашуға әсер ететін бағалау мәндерін және болжауларды пайымдау мен анықтау енгізуді талап етеді. Алайда осы болжаулар мен бағалау мәндеріне қатысты айқынсыздық келешекте осындай болжаулар мен бағалау қолданылатын активтер мен міндеттемелердің ағымдағы құнын елеулі түзетуді талап етуі мүмкін.

COVID-19 пандемиясының және 2021 жылғы көмірсүтек нарығының әсері

COVID-19 бен әлемдік көмірсүтек нарығының жағымсыз үрдістерінің әсері осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте қызметтің үздіксіздігін бағалау ретінде дайындау уақытында сараланды. Бұл жорамалды бағалау үшін Топ бірнеше стресс тесттердің негізінде өтімділік болжамын жасады.

«Мұнай мен газды барлау және өндіру» сегментінде негізгі құралдардың, материалдық емес активтердің және барлау мен бағалау бойынша активтердің құнсыздану белгілері анықталмады.

«Мұнайды тасымалдау» сегментінде 4.453 миллион теңге мөлшерінде құнсыздану шығыстары танылды. Құнсыздану шығыстары «Қазақтенізкөлікфлоты» ЖШС-тің баржаларына жатады (13-ескертпе). Құнсыздануға тексеру мақсатында АҚГБ деректерінің өтелетін құны пайдалану құндылығы әдісінің негізінде айқындалды.

«Шикі мұнай мен мұнай өнімдерін қайта өндеу және өткізу» сегментінде 8.298 миллион теңге мөлшерінде құнсыздану шығыстары танылды, бұл KMG International N.V. (бұдан әрі – «ҚМГИ») мұнайды қайта өндеу активтерінің ішінәра құнсыздануын білдіреді (13-ескертпе). Құнсыздануға тексеру мақсатында АҚГБ деректерінің өтелетін құны есептен шығару шығыстарын шегере отырып әділ құнына сүйене отырып айқындалған.

Көптеген мұнай және мұнайды қайта өндейтін активтердің өтелетін құннының баланстық құннынан асуы бағалардың өзгеруіне немесе басқа да жорамалдарға сезімтал келеді. Келесі қаржы кезеңдерінің ішінде болған өзгерістер бұл активтердің өтелетін құны олардың ағымдағы баланстық құннынан асып түсіне немесе төмен болып қалуына әкеп соқтыра алады және тиісінше, сол кезеңде құнсызданудың қалпына келу немесе есептелу тәуекелі бар. Шешуші жорамалдарға сезімталдылық Топтың елеулі АҚГБ бойынша 13-ескертпеде ашылып көрсетілген, әрі солар бойынша 2021 жылы құнсыздану танылды.

Құнсыздану тестісін жүргізу кезінде қабылданған жорамалдар

Топтың Brent маркалы мұнайға болжамды бағаларға, теңгенің АҚШ долларына айырбастау бағамы мен инфляцияның көрсеткіштеріне қатысты ұзақ мерзімді жорамалдары қайта қаралды және сыртқы дерек көздерінен алынған болжамдарға және ұзақ мерзімді нарықтық үміттерді болжайтын тәуелсіз зерттеу үйымдарының бағалауларына негізделген. Өндіріс көлемдерінің есептеулері еншілес үйымның дәлелденген өзірленген және әзірленбеген қорларына, сондай-ақ елеулі бірлескен қасіпорындар мен қауымдастырылған компаниялар үшін дәлелденген және ықтимал қорларына негізделген. Өндіру кезеңі жер қойнауын пайдалану келісімшарттарының қолданылу мерзімінде аяқталу күнімен не болмаса Топтың лицензияның қолданылу мерзімін ұзартуға ниеті болғанда, лицензияның қолданылу мерзімін ұзарту кезеңімен айқындалады. Өндірістің бағаланған көлемі Топтың өндірістік жоспарларына негізделген, олар, негізінен, жер қойнауын пайдалану келісімшарттарының қолданылу мерзімін ұзартуға арналған өтінімдерді беру үшін пайдаланылады.

Дисконттау мәлшерлемелері ақша ағындарын жасайтын бөлек бірлік капиталының орташа алынған құнының негізінде есептелді және функционалдық валютаға, өндіріс кезеңіне, тәуекел үшін сыйлыққаға, бета коэффициентке және ақша ағындарын жасайтын тиісті бірліктік меншікті және қарызыға алынған қаражатының ара қатынасына қарай 10,70%-дан бастап 16,30%-ға дейін құбылып отырды.

Ұзақ мерзімді баға жорамалдары Bloomberg consensus, сондай-ақ қысқа мерзімді жорамалдың негізінде қабылданды, әрі солар бойынша бағалар 2021 жылға нақты көрсеткіштерде төменде көрсетілген:

	2022 жыл	2023 жыл	2024 жыл	2025 жыл	2026 жыл
Brent маркалы мұнай (\$/баррель)	73	71,5	73	70	71

Мұнай мен газдың қорлары

Мұнай мен газдың қорларын бағалау тозу, ескіру және амортизация бойынша Топтың есеп айырысуында маңызды фактор болып табылады. Топ Қоғамның мұнай-газ инженерлерінің әдістемесіне сәйкес өзінің мұнай мен газ қорларын бағалайды. Мұнай-газ инженерлері қоғамының әдістемесі бойынша қорларды бағалау кезінде Топ ұзақ мерзімді жоспарлы бағаларды пайдаланады. Дәлелденген қорларды бағалау үшін жоспарлы бағаларды пайдалану жыл соңына спот бағаларды пайдалануға тән тұрақсыздықтың ықпалын жояды. Басшылық ұзақ мерзімді жоспарлы бағалар бойынша жорамалдар өндіру қызметінің ұзақ мерзімді сипатына көбірек сәйкес келеді және мұнай мен газдың қорларын бағалау үшін барынша лайықты негізі білдіреді деп есептейді.

Қорлардың барлық бағалаулары кейбір белгісіздік дәрежесін білдіреді. Белгісіздік негізінен мұндай деректерді бағалау және түсіндіру сәтіне қолжетімді болатын геологиялық және инженерлік деректердің көлеміне тәуелді болады.

Салыстырмалы тұрдегі белгісіздік деңгейі қорларды екі негізгі санаттың біріне: дәлелденген немесе дәлелденбеген қорларға жатқызу арқылы қөрсетілуі мүмкін. Дәлелденген қорларды өндіруде дәлелденбеген қорлармен салыстырғанда үлкен айқындылық бар және дәлелденген қорлар оларды өндіру мүмкіндігіне қатысты белгісіздіктің прогрес-сивті өсуін белгілеу үшін өзірленген және әзірленбеген қорларға бөлінуі мүмкін.

Жыл сайын бағалаулар талданып, түзетіліп отырады. Түзетулер қолдағы геологиялық деректерді, өндіру туралы өнер-кәсіптік параметрлерді немесе деректерді бағалау немесе қайта бағалау; жаңа деректердің; немесе бағалар бойынша жорамалдардағы өзгерістердің салдарынан туындаиды. Қорларды бағалау сондай-ақ кері әрекетті арттыру үшін жобалардың қолданылуы, пласт өнімділігіндегі өзгерістердің немесе әзірлеу стратегиясындағы өзгерістердің салдарынан қайта қаралуы мүмкін. Дәлелденген әзірленген қорлар тозуды, таусылуды және амортизацияны есептеу үшін пайдаланылады. Топ бастапқы лицензиялық кезең ішінде өндірілетін болады деп күтілетін ретінде осындағы көлемді ғана дәлелденген қорларға көсты. Бұл ұзарту бойынша рәсім нәтижесіне жатқызылатын айқындылықтың болмауынан пайда болды, өйткені лицензияларды ұзарту ең соңында Үкіметтің қарауы бойынша жүзеге асырылады. Топтың лицензиялық кезеңдерін ұзарту және қорлардың қөрсетілген қорларын тиісінше ұлғайту, әдетте, тозу бойынша неғұрлым төменгі шығыска әкеледі және кірістерге біршама әсер етуі мүмкін. Дәлелденген әзірленген қорлардың кемуі тозуга, таусылуға және амортизацияға арналған ақша аударымдарының ұлғаюына (тұрақты өндіру деңгейінде), кірістің азауына әкеліп соқтырады және сондай-ақ мүліктің ағымдағы құнының тікелей азауына әкеліп соқтыра алады. Салыстырмалы тұрде пайдаланылатын көң орындарының саны болған кезде өткен жылмен салыстырғанда қорларды бағалауға кез келген өзгерістер тозуга, ескірге және амортизацияға аударымдарға біршама әсер етуі мүмкіндігі болады.

Құнсыздану тестісінің жыл сайынғы нәтижелері туралы толық ақпарат 13-ескертпеде ашып көрсетілген.

Мұнай-газ активтерінің, мұнайды қайта өндейтін және басқа активтердің өтімділігі

Топ активтерді немесе ақша қараждатын жасайтын активтер тобын («жасайтын бірлік») оқиға немесе жағдаяттардағы өзгерістер олардың құны өтмелейтіндігін күеландырған жағдайларда индикаторлардың болуын айқындау үшін бағалайды. Егер мұндай индикатор бар болып шықса, өткізу шығыстарын және пайдалану құнын шегере отырып әділ құнсынан барынша жоғары мән ретінде қарастырылатын өтелетін құнның лайықты бағалануы жүргізіледі. Бұл есептемелер мұнайдың ұзак мерзімді бағасы, дисконт мөлшерлемелері, болашақтағы капитал қажеттілігі, тәуекел мен белгісіздікке ұшыраған операциялық қызмет (бұл өндіру және сату көлемдерін қамтиды) сияқты бағалаулар мен жол берулерді пайдалануды қамтиды. Егер активтің немесе активтер тобының баланстық құны олардың өтелетін құнсынан асатын болса, актив немесе активтер тобы құнсызданған болып есептеледі, олардың баланстық құны өтелетін құнға дейін азаяды. Өтелетін құнды бағалау кезінде келешекте күтілетін ақша ағындары активтер тобына тән болатын тәуекелдерге түзетіледі және ақшаның уақытша құннының ағымдағы нарықтық бағалауын және активке тән тәуекелдерді көрсеттін дисконттау мөлшерлемесі бойынша келтірілген құнға дейін дисконтталады. Әділ құн активті және/немесе әкелуші бірлікті нарықтық талаптарда мәлім және мұндай мәмілені жасауға дайын тараулардың арасында сатудан түсіү мүмкін сома ретінде айқындалады және компанияға тән болуы мүмкін және жалпы қолданылмайтын факторлардың әсерін ескермейді.

Гудвилді қоса алғанда, КМГИ АҚГБ

2021 және 2020 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Топ гудвилдің және ҚМГИ бөлімшелерінің құнсыздануына, оның ішінде мұнай өнімдерін өткізу, қайта өндеу және құнсыздану индикаторларының болуына орай басқа активтер бойынша тест өткізді. Құнсыздануды талдау нәтижесінде ҚМГИ бөлімшелерінің өтелетін құны олардың баланстық құнсынан асты (13-ескертпе).

Гудвилді қоса алғанда, ПМХЗ

2021 және 2020 жылдардың 31 желтоқсанына Топтың «Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС-ті (бұдан әрі – «ПМХЗ») сатып алуымен байланысты 88.553 миллион теңге мөлшерінде гудвилі бар (17-ескертпе). 2021 және 2020 жылдардың желтоқсанында Топ қазіргі уақытта қолданылатын толлинг нобайын пайдалана отырып, ПМХЗ гудвиліне жыл сайынғы тестілеуді өткізді. Құнсыздану индикаторларын талдау кезінде Топ шікі мұнайды қайта өндеу көлемдерінің болжамын, мұнайды қайта өндеу тарифтерін, күрделі шығындарды және басқа да факторларды ескерді. ПМХЗ өтелетін құнды дисконттаған ақша ағындарының үлгісін пайдалана отырып есептеді. 2021 жылы 12,06% дисконттау мөлшерлемесі салықтарға дейін капиталдың орташа алынған құннының негізінде есептелді. Ажырамайтын тәуекел жеке бета-факторды қолдану арқылы қосылды. Бета-фактор ортақ колжетімді нарықтық деректердің негізінде бағаланды. 2029 жылға дейінгі болжамды ақша ағындары басшылықтың ықтимал операциялық және күрделі шығындар бойынша ағымдағы бағалауын болжайтын, ПМӘЗ-дың 2022-2026 жылдарға бес жылдық бизнес-жоспарына негізделген. 2021 және 2020 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша пайдалану құндылығының негізінде есептелген ПМХЗ гудвилінің өтелетін құны оның баланстық құнсынан көп болды, тиісінше, құнсыздану танылмады.

Болжамдардағы өзгерістерге сезімталдық

ПМХЗ гудвилінің өтелетін құнын бағалау нәтижелері негізгі жорамалдарды, атап айтқанда, дисконттау мөлшерлемесін өзгертумен, сондай-ақ терминалдық кезеңде жоспарланған EBITDA мәндерін өзгертумен байланысты жол берулерді өзгертуге сезімтал болып табылады. Дисконттау мөлшерлемесінің 13,06%-ға дейін 1,0%-ға артуы және EBITDA жоспарланған мәнінің терминалды кезеңде 1%-ға төмендеуі ПМХЗ жасайтын бірліктің өтелетін құнның оның баланстық құнына дейін азаюына әкеп соқтырмайды.

Басқа да АҚГБ

Топтың шікізат тауарларына бағаларды қайта қарau және басқа да жорамалдар Шікі мұнай мен мұнай өнімдерін қайта өндеу және өткізу АҚГБ басқа сегменттерінде құнсыздану шығыстарының пайда болуына әкеп соқтырмады.

Активтердің шығуы бойынша міндеттемелер

Мұнай-газ активтері

Белгілі бір келісім-шарттардың талаптары бойынша заңнамаға және нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес Топтың негізгі құралдарды демонтаждау және жою және кез келген кен орындарындағы жер участкерлерін қалпына келтіру бойынша занды міндеттемелері болады. Атап айтқанда, Топтың міндеттемелеріне барлық өндірістік емес ұнғымаларды

біртіндеп жабу және құбырларды, ғимараттарды демонтаждау және келісімшарттық аумақты рекультивациялау сияқты қызметті түпкілікті тоқтату, соңдай-ақ әрбір өндірістік учаскеде қоршаған ортаны ластау бойынша пайдаланудан шығару әрекеттері жатады. Лицензияның қолданылу мерзімі Топтың қаруы бойынша ұзартылмайтындықтан, түпкілікті жабу бойынша кен орнындағы міндеттемелерді өтеудің есеп мерзімі әрбір лицензиялық кезең аяқталған күн болып табылады. Ұңғымаларды жоюды қаржыландыру бойынша Топтың міндеттемелерінің және түпкілікті жабу бойынша шығындардың қөлемі тиісті келісім-шарттардың және қолданыстағы заңнаманың талаптарына байланысты.

Міндеттемелер лицензиялық кезең соңында түпкілікті жабу бойынша мұндай шығындарды қаржыландыру бойынша келісім-шарт та, заңнама да белгілі бір міндеттемені түсіндірмеген сол жағдайларда танылмайды. Мұндай шешімді қабылдау кейбір айқындылықтың болмауымен және біршама байымдаулармен түсіндірледі. Басшылықтың мұндай міндеттемелердің болуына немесе болмауына қатысты бағасы Үкіметтің саясаты мен тәжірибелесіндегі немесе жергілікті салалық тәжірибеге өзгерістермен бірге өзгеруі мүмкін.

Топ активтердің істен шығуы бойынша міндеттемелерді әрбір келісім-шарт бойынша бөлек есептейді. Міндеттемелердің сомасы инфляцияның күтілетін деңгейіне түзетілген және қазақстандық нарыққа тән тәуекелдерге түзетілген өтпелі экономикамен елдің мемлекеттік борышы бойынша орташа ұзақ мерзімді тәуекелсіз пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып дисконтталған міндеттемелерді өтеу үшін күтілетін, талап етілетін ретіндегі бағаланған шығындардың ағымдағы құны болып табылады.

Активтердің істен шығуы бойынша міндеттеме әрбір есепті күнге қайта қаралады және «Негізгі құралдардың обьектісін пайдаланудан шығару, олар орналасқан учаскедегі табиғи ресурстарды қалпына келтіру бойынша міндеттемелерге және өзге де осыған үқсас міндеттемелерге өзгерістер» 1 КИМСФО түсіндірмеге сәйкес ең үздік бағаны көрсету үшін түзетіледі.

Активтерді жабуға және есептен шығаруға болашақтағы шығындарды бағалау кезінде мәнді бағалар мен басшылық жасаған пайымдаулар пайдаланылды. Бұл міндеттемелердің көпшілігі алыс болашаққа жатқызылады және заңнама талаптарындағы түсініксіздікten басқа, Топтың бағасына активтерді жою технологиясындағы, шығындардағы және салалық тәжірибедегі өзгерістер әсер етуі мүмкін. Топ ағымдағы жылдың бағасын және ұзақ мерзімді инфляция деңгейінің орташа мәнін пайдалана отырып, ұңғымаларды болашақ жою құнын бағалайды.

Ұзақ мерзімді инфляция және Топ кәсіпорындары бойынша қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп бойынша міндеттемелерді айқындау үшін пайдаланылған дисконттау мөлшерлемелері 2021 жылғы 31 желтоқсанда 2,23%-дан 8,10%-ға дейін және тиісінше 3,80%-дан 10,25%-ға дейінгі аралықта болды (2020 жылғы 31 желтоқсан: 2,00%-дан 7,3%-ға дейін және 3,68%-дан 11,00%-ға дейін). 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың мұнай-газ активтерін жою міндеттемесіне резервтің баланстық құны 67.190 миллион теңгені құрады (2020 жылғы 31 желтоқсанға: 66.177 миллион теңге) (26-ескертпе).

Магистралдық мұнай құбырлары мен газ құбырлары

2012 жылғы 4 шілдеде күшіне енген «Магистралдық құбыр туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, «ҚазТрансОйл» АҚ (бұдан әрі – «ҚТО») пайдалануды аяқтаганнан кейін магистралдық құбырды жою және кейіннен қоршаған ортаны қалпына келтіру, соның ішінде жерді қайта өңдеу бойынша шаралар жүргізу бойынша заңды міндеттемесі бар. Мұнай құбырларын жою және топырак құнарлығын қалпына келтіру бойынша міндеттеменің резерві Топ есептеген демонтаждау және топырак құнарлығын қалпына келтіру жұмыстарының құны негізінде бағаланады. 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша құбырларды жою және топырақтың құнарлылығын қалпына келтіру бойынша міндеттемеге резервтің тенгерімдік құнын 34.547 миллион теңге құрады (2020 жылғы 31 желтоқсанға: 113.558 миллион теңге) (26-ескертпе).

Экологиялық оңалту

Топ бағалау да жасайды және экологиялық тазарту жұмыстары мен оңалтуға міндеттемелер бойынша резервтер қалыптастыру бойынша пайымдау шығарады. Қоршаған ортаны қорғауға шығындар капиталданырылады немесе олардың болашақ экономикалық пайdasына қарай шығыстарға жатқызылады. Өткен қызметте пайда болған қазіргі жағдайға жатқызылатын және болашақ экономикалық пайdasы жоқ шығындар шығыстарға жатқызылады.

Міндеттемелер шығындар туралы ағымдағы акпараттың және топырак құнарлығын қалпына келтіру бойынша күтілетін жоспарлардың негізінде айқындалып, дисконтталған негізде ескеріледі. Топтың экологиялық оңалту резерві Топ қолданыстағы қазақстандық және европалық нормативтік базалардың талаптарын сақтауға қажетті күтілетін шығындарды

тәуелсіз бағалауға негізделген басшылықтың үздік бағасын білдіреді. Топ бұл міндеттемені, 2022 жылдың жылдық бюджетін қосылған шығындар бөлігін қоспағанда, ұзақ мерзімді ретінде жікtedі. Экологиялық оналту жөніндегі резерверге қатысты іс жүзіндегі шығындар заңнамадағы және нормативтік-құқықтық актілердегі өзгерістер салдарынан бағалардан, қоғамдық күтулерден, тазарту технологияларындағы аумактық жағдайлар мен өзгерістерді анықтау мен талдаудан ерекшеленуі мүмкін. Экологиялық оналтудағы міндеттемелер бойынша резервтегі өзгерістер 26-ескертпеде ашылып көрсетілген.

Жұмыскерлерге сыйақылар

Зейнеткерлікке шыққанға дейін және одан кейін қызметкерлерге сыйақылар бойынша ұзақ мерзімді міндеттемелердің құны және келтірілген міндеттемелер құны актуарлық әдіс қолданылып белгіленеді. Актуарлық әдіс келешекте нақты нәтижелерден айырмашылығы болуы мүмкін түрлі болжамдарды қолдануды білдіреді. Актуарлық әдіс шегеру мөлшерлемелері, келешекте жалақының өсімі, өлім-жітім деңгейі және келешекте қызметкерлерге сыйақылар өсімі туралы болжамдарды қамтиды.

Негізгі болжамдарды бағалаудың күрделілігіне және жұмыскерлердің еңбек қызметін аяқтауы бойынша олардың сыйақылары бойынша міндеттемелердің ұзақ мерзімді сипатына орай мұндай міндеттемелер осындағы болжамдардың өзгерістеріне аса сезімтал келеді. Барлық болжамдар әрбір есепті күнге қайта қаралады.

Салық салу

Салық тәуекелдерін бағалау кезінде, басшылық компания даулай алмайтын немесе есептей алмайтын салық заңнамасын сақтамауды мүмкін болатын саласы ретінде қарайды, ол егер қосымша салықтар салық органдарында есептелінетін болса табысты түрде шағымдана алады. Мұндай анықтау мәнді пайымдауларды шығаруды талап етеді және салық заңнамасы мен нормативтік құқықтық актілердегі өзгерістер, жер қойнауын пайдалануға Топтың келісім-шарттарында салық салу талабына түзету, салық талқылауларынан өзі қүтетін шешімдер бойынша күтілетін нәтижелерді және сәйкестікті тексеруге салық органдары жүзеге асыратын нәтиженің негізінде анықтау нәтижесінде өзгеруі мүмкін. Табыс салығынан басқа, басқа да салықтар бойынша резервтер 26-ескертпеде ашылып көрсетілген салықтар бойынша резервтердің құрамына кіреді. Табыс салығынан басқа, басқа да салықтар бойынша шарттың міндеттемелер 32-ескертпеде ашылып көрсетіледі. Табыс салығы бойынша резервтер мен шартты міндеттемелер құрамына кіреді және табыс салығы бойынша міндеттемелер немесе шартты міндеттемелер ретінде ашылып көрсетіледі (29 және 32-ескертпелер).

Негізгі құралдардың пайдалы қызмет ету мерзімі

Топ әрбір қаржы жылышын соңында жылыша кем дегенде бір рет негізгі құралдардың қалған пайдалы қызмет ету мерзімін бағалайды, егер күтін бағалаудан ерекшеленген жағдайда, өзгерістер «Есеп саясаты, есеп бағаларындағы өзгерістер және қателер» 8 ХКЕС-ке (IAS) сәйкес есеп бағалауларындағы өзгерістер ретінде перспективті ескеріледі.

Қаржы құралдарының әділ құны

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте танылған қаржы құралдарының және қаржылық міндеттемелердің әділ құны осы активті нарықтар негізінде анықталмайтын жағдайларда, ол дисконтталған ақша ағындарының моделін коса алғанда, бағалау әдістерін пайдалана отырып, анықтады. Мүмкіндігіне қарай осы модельдер үшін бастапқы деректер ретінде алайда, бұл іс жүзінде жүзеге асыру мүмкін болмаған жағдайларда, бақылаушы нарықтардан түсетін ақпарат пайдаланылады, әділ құнды белгілеу үшін пікірдің белгілі бір үлесі талап етіледі. Пікірлер өтімділік тәуекелі, несиелік тәуекел және өзгермелілік сияқты осындағы бастапқы деректерді есепке алынуын қамтиды. Осы факторларға қатысты болжамдарға өзгерістер шоғырландырылған қаржылық есептілік нысандарында көрсетілген қаржы құралдарының әділ құнына ықпал етуі мүмкін. Егжей-тегжейі 31-ескертпеде ашылған.

5. БАҚЫЛАУДАН АЙЫРЫЛУ

2021 жылғы 11 наурызда Компания мен Самұрық-Қазына «ҚазТрансГаз» АҚ-ның (бұдан әрі – «ҚТГ») жай акцияларының 100% қатысты сенімгерлік басқару шартына қол қойды. 2021 жылғы 9 қарашада Компания Самұрық-Қазынаға ҚТГ акцияларының 100%-ын 1 теңгеге берді және сенімгерлік басқару шартының қолданылуы тоқтатылды.

Мәміле алдында бірқатар заңгерлік және қаржылық талаптар орындалды, оның ішінде мемлекеттік органдар мен ҚМГ кредиторларының көлісімдері алынды. Соңғы талап 2021 жылғы 8 қарашада орындалды. 2021 жылғы 8 қарашадан бастап ҚТГ тоқтатылған қызмет ретінде жіктелді.

Компанияның ҚТГ бірлескен кәсіпорны «Бейнеу-Шымкент Газ құбыры» ЖШС синдикатталған қарызының шеңберінде Компания мен ҚТГ қаржылық кепілдігі бойынша міндеттемесі ҚТГ-ға берілді (27-ескертпе).

2021 жылғы 8 қарашаға дейін ҚТГ қызметіне «Мұнайды өткізу және тасымалдау» операциялық сегментке кірді. ҚТГ берілгеннен кейін «Мұнайды өткізу және тасымалдау» сегменті сегменттер туралы ескертпеде көрсетілмейді.

Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп пен ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп, сондай-ақ алдыңғы жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептілікке тиісті ескертпелер ретроспективті түрде кайта есептелді.

2021 жылғы 8 қарашада аяқталған кезеңдегі және 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы ҚТГ қызметі былайша болды:

Миллион теңгемен	2021 жылғы 8 қарашада аяқталған кезең үшін	2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін
Түсім	708 110	931 073
Бірлескен кәсіпорындар пайдасындағы үлес, нетто	275 100	230 380
Қаржылық кіріс	19 750	21 766
Басқа да операциялық кіріс	18 288	6 075
Түсім жиыны және тоқтатылған қызметтен болған басқа да кірістер	1 021 248	1 189 294
Сатып алынған газдың және басқа да материалдардың өзіндік құны	(158 438)	(375 831)
Өндірістік шығыстар	(66 266)	(84 608)
Табыс салығынан басқа салықтар	(12 645)	(15 237)
Тозу, таусылу және амортизация	(63 502)	(42 856)
Тасымалдау және өткізу шығыстары	(248 832)	(321 042)
Жалпы және әкімшілік шығыстар	(18 420)	(23 583)
Қаржылық шығындар	(36 330)	(32 179)
Теріс бағамдық айырма, нетто	(4 423)	(7 747)
Басқа да шығыстар	(4 399)	(3 856)
Тоқтатылған қызметтен болған табыс салығын есепке алғанға дейінгі пайда	407 993	282 355
Табыс салығы бойынша шығыстар	(55 515)	(21 027)
Тоқтатылған қызметтен кезеңдегі пайда	352 478	261 328

2021 жылғы 8 қарашада аяқталған кезеңдегі және 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы ҚТГ таза ақша ағындары былайша болды:

Миллион теңгемен	2021 жылғы 8 қарашада аяқталған кезең үшін	2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін
Операциялық	184 675	88 737
Инвестициялық	(8 689)	71 562
Қаржылық	(44 270)	(36 183)
Ақша қаражаты мен оның баламаларының таза көбеюі	134 138	132 134

Бақылаудан айырылу күніне ҚТГ-ның таза активтері былайша болды:

Миллион теңгемен	Бақылаудан айырылу күніне таза активтер
Активтер	
Негізгі құралдар	968 467
Бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар	662 208
Байланысты тараپтарға берілген қарыздар	176 019
Өтелуге жататын ҚКС	94 439
Тауар-материалдық қорлар	41 834
Сауда дебиторлық берешек	127 567
Басқа да ұзақ мерзімді активтер	95 088
Басқа да қысқа мерзімді активтер	77 582
Ақша қаржаты мен оның баламалары	380 438
Сатуға арналған деп жіктелген активтер	2 623 642
Міндеттемелер	
Қарыздар	490 813
Резервтер	119 902
Мерзімі ұзартылған салық бойынша міндеттемелер	72 909
Сауда кредиторлық берешек	132 708
Басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелер	25 157
Басқа да қысқа мерзімді міндеттемелер	32 694
Сатуға арналған ретінде жіктелген активтермен тікелей байланысты міндеттемелер	874 183
Шығу тобымен тікелей байланысты таза активтер	1 749 459

